



ТҮЛІҒА

ТУРАЛЫ ТОЛҒАМДАР



Алматы
2011

УДК 342.5
ББК 67.400.6
Т 85

Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Т 85 **Тұлға туралы толғамдар.** – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы»,
2011. – 440 бет.

ISBN 9965-893-67-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы еліміздің басты орталық басылымдарында жарық көрген таңдаулы мақалалар мен сұхбаттар енгізіліп отыр. Оқырман бұл мақалалардан Елбасымыздың сарабдал саясаткер, ұлт көшбасшысы ретіндегі қайраткерлік қарымы мен азаматтық келбеті, еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық жетістіктері жөнінде мол мағлұмат ала алады.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдар мен жазушы-публицистердің қаламынынан шыққан бұл мақалалар тартымды оқылады әрі танымдық, тағлымдық деректерге бай.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 342.5
ББК 67.400.6

ISBN 9965-893-67-5

© «Қазақ энциклопедиясы», 2011

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Қадірлі оқырман!

Биыл Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойын атап өтуде. Жеке адамның өмірі үшін елеулі болғанымен, мемлекет тарихы үшін қысқа мерзім саналатын осы уақыт ішінде еліміз шын мәнінде ғасырға бергісіз даму кезеңін артқа тастады деп айта аламыз. Мұнымыз қызбалықпен айтылған қызыл сөз бола қоймас. Себебі, Кеңес Одағының іргетасы өткен ғасырдың 80-жылдарының орта тұсында шайқала бастағанымен, Қазақстан өз тәуелсіздігін өзге одақтас республикалардың соңын ала, 1991 жылдың аяғына қарай ғана жариялай алды.

Өмірдің өзі көрсеткеніндей, сол кездегі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалда тәуелсіздікті жариялаудың өзі қаншалықты оңайға түспесе, оның іргетасын бекемдеу одан да күрделі мәселе болып шықты. Бұл, әсіресе, біздің Қазақстан үшін жеңіл болмады.

Неге?

Негесі сол: Қазақстанның ұлттық құрамы Орталық Азия республикаларының қай-қайсысынан да өзгеше әрі әлдеқайда күрделі еді. Оның үстіне, Кеңес Одағы кезінде Қазақстан экономикасы негізінен шикізат өндіруге бағдарланған болатын. Қолда бар кәсіпорындарымыздың шығаратын өнімі мен шикізаттарымызды өткізудің тағдырының өзі де КСРО-ның еуропалық бөлігіндегі дәстүрлі индустриалды өңірлер саналатын Ресей, Украина және Беларусь сияқты республикаларға мықтап матаулы еді. Қазақстан орталықтан бөлінетін қаржының есебінен күн көретін дотациялы республика саналды. Кеңес Одағы тарап, сол өндіріс-аралық байланыстар үзілген шақта өнім өндіру де, оны өткізу ісі

де мүлде тоқтап, Мәскеудегі ортақ қазанға тәуелді қазынамыз мүлде қаражатсыз, сондай-ақ мың-мыңдаған адамдарымыз жұмыссыз, бюджеттік сала қызметкерлері мен зейнеткерлеріміз айлар бойы жалақысыз және зейнетақысыз қалды.

Ал жұмыссыз, қаржысыз қалу деген не? Ол – торығушылық, үмітсіздік, адамдардың азғындауы, қылмыстың белең алуы. Тіпті, оның барлық әлеуметтік зардаптарын санамалап шығудың өзі мүмкін емес. Бүгінгі жастарымыздың көбі оның не екенін біле бермес, ал аға буын өкілдері тәуелсіздіктің таңы ата сала сол қиыншылықтардың бәрін де өз бастарынан өткерді десек болады.

Ірі кәсіпорындарда мыңдаған адамдардың қатысуымен өтіп жататын митингілер, әр-әр жерде ұлтаралық қатынастардың ушығуының көрініс беруі, адамдардың ауылдық елді мекендерді тастап, ірі қалаларға жөңкілуі, ақ жаулықты аналардың бала-шағасын асырау қамымен қап арқалап, алыс қалаларға барып, сауда-саттықпен айналысуы, жол торып, кісі аңдыған, өзгенің мүлкі мен ақшасын бопсалап тартып алатын рэкэт дейтін кісәпірлердің мейлінше еркінсуі, халықтың ақшасын жинап қампайып, артынша «жарылып» жататын «қаржы пирамидалары», бір мезгілде барлық аурулардан айықтырамын дейтін әмбебап «емшілердің» ірі қалаларда жүздеген адамдарды жиып алып, сеанстар өткізіп жатуы, құнсызданған топан ақша, жүген-құрықсыз кеткен инфляция – міне, осылардың бәрі де сол жылдардың көзге үйреншікті көріністері еді.

Осындай себептермен біздің көп ұлтты республикамыздағы саяси-экономикалық ахуал кез келген сәтте аса қатерлі арнаға бет бұрып, мейлінше ушығып кетуі әбден мүмкін еді.

Бірақ, Қазақстан халқының бақытына орай, еліміздің билік тұтқасында Кеңес Одағының тұсында республикалық деңгейдегі басшылық қызметтердің талай басқышынан өткен, нақты жағдайды дұрыс талдап-таразылап қана қоймай, қажетті батыл шешімдер қабылдай алатын тәжірибелі де сарабдал саясаткер, халықтың мұң-мұқтажын терең сезінетін талантты тұлға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұрған болып шықты.

Ол осынау бір қиын-қыстау шақтарда билік тұтқасын қолында бекем ұстап, қоғамдағы саяси тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты қамтамасыз ете білді. Елімізді әлемде бірінші болып атом қаруынан бас тартқызып, сынақ жұмыстарының жалғасуына тыйым салды. Осындай тосын шешімдері арқылы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ дүние жүзінде Қазақстанның саяси оң беделін қалыптастыруға күш салды әрі мұның өзі көп ұзамай-ақ оң нәтижесін бере бастады.

Сондай-ақ ол өзі бас болып көп ұлтты Қазақстан халқының көңілінен шығып, мемлекеттің жан-жақты дамуына жол ашқан Конс-

титущияны қабылдатқызды. Нарықтық заңдар жүйесін қалыптастырып, өткен 20 жылдың көлемінде ел экономикасына 130 млрд. доллар инвестиция құйылуына ықпал етті. Соның нәтижесінде жан басына шаққандағы инвестиция көлемі жөнінен Қазақстан бүгінде ТМД мемлекеттері арасында ұдайы көш бастап келеді.

Елбасымыз Қазақстан кемесін ұлтаралық, өңіраралық кикілжіңдерге киліктірмей, алыс-жақын мемлекеттердің бәрімен де өзара тиімді достық қарым-қатынастарды жолға қоя білді. Бейбіт саясатты байыптылықпен жүргізу арқылы ТМД, АӨСШК, ШЫҰ, ЕурАзЭҚ, Кеден Одағы сияқты әлемдегі тыныштықты, оң пиғылдағы адамзатқа тиімді саяси және экономикалық ықпалдастықты нығайтуға бағытталған маңызды халықаралық ұйымдардың өмірге келуінің бастамашысы әрі белсенді мүшесі болды.

Осындай қадамдары арқылы Президент шын мәнінде еліміздің әлемдік деңгейде зор абырой-беделге ие болуын қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде осы жылдарда Қазақстан әлемдегі дәстүрлі діндер жетекшілерінің съездері, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Ислам конференциясы ұйымының саммиттері сияқты маңызды халықаралық ұйымдардың мәртебелі жиындарын, Азия құрлығы елдерінің қысқы олимпиадасын табысты өткізе алған танымал мемлекетке айналып үлгерді.

Еліміз тәуелсіздік жылдарында көрші мемлекеттердің бәрімен де шекара шебін айқындап алуға қол жеткізді. Ұлттық Қарулы күштерімізді қалыптастырып, оны ел тыныштығын қамтамасыз етуге қауқарлы соңғы үлгідегі қару-жарақ түрлерімен қамтамасыз етті. Қиын кезеңнің өзінде елорданы ел аумағының орталық өңіріне көшіріп, бұрын облыс орталығы болып келген кішігірім қаланы қысқа мерзімнің ішінде көрген жанды таңырқатпай қоймайтын жаңа ғасырдың жаңа үлгідегі мегаполисіне айналдырды.

Танымал мемлекет басшылары мен әйгілі саясаткерлердің бәрі де кешегі Кеңес Одағының көп одақтас республикаларының бірі болған Қазақстанды бүгінде жылдам қарқынмен дамып келе жатқан мемлекет, осы өңір елдерінің көшбасшысы, Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырушы алтын көпір ретінде мойындап отыр.

Осы жылдарда халыққа білім беру, денсаулық сақтау, мәдениетіміз бен өнерімізді дамыту, тарихымызды түгендеу мәселелері бойынша қыруар істер тындырылды. Оған мысал ретінде «Боллашақ» және «Мәдени мұра» бағдарламалары бойынша атқарылған жұмыстарды еске алсақ та жеткілікті.

Әрине, осының бәрі де талас тудырмайтын жетістіктер еді әрі ол Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекет басшысы ретінде жүргізіп келе жатқан сарабал саясатының салтанаты болатын.

Сондықтан да осының бәрін ұдайы көзбен көріп, көңіл сарабынан өткізіп отырған зиялы қауым өкілдері – мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, жазушылар мен публицистердің, ғалымдар мен өзге де түрлі сала мамандарының Елбасымызға, оның жүргізіп отырған саясатына байланысты өз ой-пікірлерін мақала түрінде әр-әр кезде газет беттерінде жариялап отыруы табиғи жайт болса керек.

Алайда, газет атаулының артықшылығымен бірге, өзіндік кемшілігі де бар екені белгілі. Елдің бәрі бірдей өз үйінде газет тігіндісін ұстай бермейді. Мерзімдік басылымдар көбіне бірер қолдан өткеннен кейін ысырылып қалып жатады. Сондықтан тәуелсіздік жылдарының шежіресі іспеттес сол мақалаларды оқу оқырмандар үшін қолайлы болсын деген ниетпен жеке жинақ етіп ұсынғанды жөн көрдік.

Халқымыз, әсіресе, жастарымыз осы кітап арқылы еліміздің қандай қиын кезеңдерден өткенін тағы бір есіне түсіріп, тәуелсіздік тұғырының қандай жағдайда және қалай қаланғанын біліп жатса, артық болмас еді дейміз. Елбасымыздың осы жылдардағы тынымсыз әрі нәтижелі еңбегін көрсету арқылы біз әрбір азаматтың, әрбір жеке тұлғаның Отанымызды өсіп-өркендетуге қаншалықты үлес қоса алатынын да аңғартқымыз келді.

Жинақ мақалалары оқырманды рухани тұрғыдан байыта түседі деп сенеміз.

Сөз соңында, өз қорындағы мақалаларын ұсынып, осы кітаптың шығуына септігін тигізген «Егемен Қазақстан» және «Айқын» газеттері редакцияларының ұжымдарына шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Құрастырушылар

ҮЛКЕН ТІЛЕК ҮСТІНДЕМІЗ

**(Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1991 жылғы 1 желтоқсанда
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып сайланғанда
Парламент Мәжілісінің мінберінен сөйленген сөз)**

Ардақты Елбасы!
Құрметті Тәрбасы!
Қадірлі қауым!

Ойдағымыз болды. Ортамыз толды. Төбедегі келді. Төрелескенде де ренжітін ретіміз жоқ. Тек ұзағынан сүйіндіргей. Ақ жолдың алдындамыз. Үлкен тілектің үстіндеміз. Жан-жағымызға бірдей әділ, өткеніміз бен ертеңімізге бірдей сергек бола білсек болғаны. Өйткені, бағзыдағыларымыздың аруағы жебегесін, бүгінгілеріміздің тілегі демегесін жетіп отырмыз бұл күнге.

Біз бен Сіз бүгін тарихымыздың шын жұлдызды сағатын бастан кешіріп отырмыз. Жаңа ғана Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті өзін бір ауыздан осы жоғары лауазымға сайлаған халыққа адалдыққа ант беріп, қызметке кірісті.

Өзінің көсем көшбасшысын, әсіресе, осындай тайғақ, тар кезеңде бүкіл халық боп сайлау – біз үшін жаңалық емес. Алайда сол әлдеқашан ұмыт бола жаздаған үрдісімізге, міне, бүгін, араға екі жарым ғасыр салып, оралып тұрмыз. Көз алдымызда халық көсегесі қайта көгеріп, сонау қайым замандарда қалыптасқан мемлекетіміздің қара орны әділетті түрде қайта жаңғырып отыр.

Европа мен Азияның қақ жүрегіне орналасып, осыдан бір миллион жыл бұрын тіршілік аймағына айналып, әлемдік тарихтың арғы-бергі талай сұңғылалары тамсана баяндаған талай айтулы оқиғалары өткен осынау ұланғайыр өлкенің өткен-кеткенін зиялы адамзат ежелден жақсы біледі.

Ендеше, сол оқиғалардың қақ ортасында жүріп, бастан-аяқ атсалысқан қарақұрым қауымдар әу баста аспаннан түскен жоқ, кейін қайтадан жым-жылас ғарышқа көшіп кеткен жоқ. Олар мен ұрпақтарының тағдыры баяғы сол бір өлкеге, қазір Қазақстан деп аталатын кең жазира кеңістікке біржола кіндігінен байланды. Осы арада ықылым заманнан бүгінгі күнге дейін созылып жатқан нәсілдік даму жолынан өтіп, ұлт болып қалыптасты.

Ендеше, бүгінгідей бүкіл дүние дүр сілкініп, түгел ес жиып жатқан кезеңде біздің де өз халқымыздың азаттық, тәуелсіздік, басқалармен терезесі тең одақтастық пен ықпалдастық жолындағы көпғасырлық күресін еске алмауға еш қақымыз жоқ. Ол әр замандарда әрқилы аталып, әр алуан мемлекеттердің құрамында болды. Осыдан бес ғасыр бұрын қазіргі атауымен ұлттық мемлекет жасақтауға кірісті. Санаулы уақытта төл мекенін түгел иемденіп үлгерді. «Жеті жарғы» деп аталатын бірегей сипатты конституциясын, әскери-демократиялық

үрдістегі мемлекеттік құрылым жүйесін дүниеге әкелді. Өзіндік өмір салты мен шаруашылық дәстүрлеріне негізделген бұл жүйе әсіре орталықтандырылған әсіре өктемдікке мүлдем жол бермейтін еді. Өздерін қоршап жатқан саяси кеңістіктен сыйластыққа құрылған сыйымды қарым-қатынас орнатылды. Өзінің көкейкесті армандарына нұқсан келтірмей, көршілер мүддесін жіті ескере білді. Соның арқасында, шығыс пен күнгейден жасалған басқыншылыққа тойтарыс беріліп, батыстың отаршылдығы осы ғасырдың басына дейін терең бойлап кіре алмай, шекарадағы шет аймақтарымызбен ғана шектеліп келді.

Бірақ, өз мүддесі жолында өзгенің мүддесін құрбандыққа шалуды өз дініне айналдырған басы ашық басқыншылықтың істей алмағанын оның адам сенбестей абзалдық атауымен аталған тарихи мұрагері ойдағыдай орындап тынды. Ізгілік ұрандарын желеулеткен саяси кісәпірлік әлемнің алтыдан бір бөлігін саны көптерімізді талшық айыру үшін жер ақтатып, ел ақтатып сенделткен, саны аздарымызды ежелгі атамекенімізден айырып, не өз жерімізде өзімізді шерменде қылған әмбемізге бірдей мейірімсіз, әмбемізге бірдей жат бауыр жат мекенге айналдырды.

Бұл үшін халықтар мен мәдениеттер емес, өкімет пен идеология кінәлі. Олардың сойылын соғатындар әліге дейін онсыз да берекесі кетіп, шәт-шәлекей шығып жатқан бейшара елімізді құтқарудың орнына тарихтың тонын теріс айналдырып, халықтарды бір-біріне атыстырып-шабыстырып, өзгелердің жері мен тағдырын саудаға салып, лай судан балық аулағандарын қояр емес.

Адамзат қауымдастығын күштілік пен әлсіздік заңы емес, азаттық пен әділдік заңы сауықтырады. Халықтар қайтадан жаңа құдай жасап, жалбарыну немесе өткенге бола өштесу арқылы емес, кешегі қасандық пен тайыздықтан, астамдық пен ашу-өкпеден батыл бас тарту арқылы, барлық жағдайды қоғамдық даму заңдылығына тезірек сәйкестендіру арқылы тауқыметтен құтыла алады. Ізгілікті парасат қазір бәрінен де қымбат.

Сондықтан да 1 желтоқсан күні бүкіл Қазақстан Нұрсұлтан Назарбаевқа – қазіргідей алмағайып заманның өзінде жұртты сендіре алатындай тиянақты көзқарастар таба білген саясатшыға дауыс берді. Тіпті кейінгі тәуліктердегі оқиғалардың өзі Назарбаевтың айтқан сөзінен айнымайтынын, егер үлкен саясатта үлкен пәтуалылық жетпей жатса, мұнда оның ешқандай да кінәсі жоқтығын көрсетті. Иә, оның жұлдызы шырғалаң заманда шырқай көтеріледі. Бағзыдан қордаланған батпан жүкті арқалатып отырмыз. Бүгінгі істі қалай бастайтынынан мемлекетіміздің тек ертеңінің ғана емес, алыс болашағының да қандай болатынын аңғара беруге болады. Оның тек алғашқы тұғырын ғана қалау емес, күллі сәулеті мен сымбатын сындарлы орнықтырып беру Бірінші Президенттің арұжданының ісі болып табылмақшы. Барлық сонарда із кесіп, соныдан жол тартатын біріншілер мен тұңғыштардың тағдыр-талайы әр кезде де осылай болған.

Дағдарыстан мейлінше шалдықпай шығу, оның жолына қолдағы бар экономикалық және моральдық қуаттарды ұқыпты да ұтымды жұмылдыру, орнықтылықты ойсыратпау, ұлттық жасарып-жаңғыруымыз мәселелерін зиялы шешу,

конституциялық құрылыстың мызғымас тиянақтылығын қамтамасыз ету, көр-кейген демократиялық, праволық мемлекет орнатып, қалыптасқан байланыс-тарды сақтай отырып, ықпалдастықтың түрлері мен аясын мейлінше кеңейту арқылы дүниежүзілік қауымдастыққа кірігуімізді тездету – жұртшылықтың Пре-зидент Назарбаевтан бірінші кезекте күтіп отырған мәселелері.

Күллі әлемдік қоғамдық пікірдің айтуынша, бұл басқаның қолынан келмесе де Назарбаевтың қолынан келеді. Оның үстіне, барлық отандастарының бір-дей сеніп, бірдей қолдап отырғанын қосыңыз. Ол кез келген жүкті жеңілдетіп, кез келген қиындықты оңайлатады.

Сондықтан да біз бүгін ортақ тағдырымыздың осындай жауапты кезеңінде көсем көшбасшымызды сәтті тауып алғанымыз үшін бір-бірімізді құттықтап, Президентімізге табыс, өзімізге бақыт тілеуге әбден құқылымыз.

Ақ жол, ағайын!

Іске сәт, азамат!

«Егемен Қазақстан», 1991 жылғы 28 желтоқсан

«НҰРСҰЛТАННЫҢ НҰРЛЫ ЖОЛЫ ДЕГЕНГЕ ЖЕТКІЗГЕЙ»

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сафуан Шаймерденовпен журналист Абзал Бөкеннің сұхбаты

А.Б.: Құрметті Сафуан Шаймерденұлы, Елбасы туралы әңгіме қашан да ел туралы әңгімеге ұласпақ керек. Өйткені хан мен қараша халқы – бір шапанның астары мен тысындай бөле-жара қарауға болмайтын бүтін болмыс. Содан да болар, қазіргідей қиын кезеңде ел тірлігінің тізгіні қолында тұрған Президентіміз Назарбаев жөнінде сөз бола қалса, санамызға ең алдымен бұқара халық жағдайы салмақ салады. Ал халық тұрмысын тілге тиек ете бастасақ, ой сорабы Нұрсұлтан Назарбаевқа соқпай кетпейді. Бірі сүйініп айтса, бірі күйініп айтады. Көпке жағу, әсіресе жаңа нәрсенің басында тұрған кісінің жағуы оңай емес. Осындай ойлы-қырлы пікірлерге қарамастан, көпшілік қауым өзін Елбасымен біртұтас жағдайда сезінетіні байқалады. Бір-бірін көзден таса еткісі келмейтіні аңғарылады. Осының сырын суыртпақтай кетсеңіз.

С.Ш: Мұның сырын бір-екі қайырым сөзге сыйғызу қиын. Сыймайтыны – Президент тұлғасының күрделілігінде. Өмірде халықтан асқан сыншы жоқ. Сол сыншыңыз тұңғыш Президентінің сәтті қадамына сүйініп, сәтсіз қадамына күйініп жатса, оның басшылығымен жүріп жатқан реформаның «мынасын қолдаймын, ал мынасына күмәнім бар» деп пікірін ашық білдіріп жатса, бұл да бір ғанибет нәрсе. Өйткені, бұдан халық пен басшының арасында тығыз байланыстың барын, самарқаулық пен бойкүйездіктің жоғын байқаймыз. Қуанышымызды да, ренішімізді де тек соған қарата айтып жатсақ, арызымызды арнар дәл сондай, одан басқа бір адамның жоқтығын аңғарамыз. Халықтың жанарына бүгін таңда ілініп тұрған биік те сол екенін пайымдаймыз. Ал Нұрсұлтан Әбішұлы болса, мақталуға да, сыналуға да үйренген жан. Дүниежүзілік деңгейдегі дуалы ауыздардан жоғары бағасын алған адамның кейде өз елінде сынға ұшырап жатуы кереғар құбылыс болып көрінуі мүмкін. Әйтсе де, Президентіміз «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайтынын» жақсы біледі. Халыққа өзінің, өзіне халықтың қажет екенін бар болмысымен сезінеді. Президентінің өзіне деген ықыласын түйсінген жұртшылықтың онымен ішкі байланысын үзгісі келмейтіні осы себептен болса керек.

А.Б.: Аса дарынды қазақ ақындарының бірі соғыс жылдарындағы ауыл тұрмысын суреттеген бір өлеңінде сол ауыл басқармасының «ел басқару қиын жұмыс екен» деген сөзін келтіреді. Ал жетпіс жылдан аса социализмді «құрып», коммунизмге «қол созым қалғанда» жалт бұрылып, қоғамдық құрылыс пен экономикалық тұғырды түбірімен өзгертуге мәж-

бүр болған, жетпіс жыл бойы «ортақ мақсат, ортақ қазан» деген желеумен теспей сорылып, тепкілеспей тоналып келген елді басқару, оған тәуелсіздіктің тынысын түсіндіріп, демократияның дәмін сезіндіру тіпті де оңай емес.

Өйткені Президент те, халық та бұдан бұрын айналысып көрмеген шаруалармен шұғылданып жатыр. Біздің қиындығымыздың негізі – нарықтық қатынастың дайындықпен емес, төбеден түскендей тосын келуінде секілді. Президент те ет пен сүйектен жаралған жан. Бірде алғырлық танытса, бірде абдырап қалуы заңды. Алғырлық көрсеткенде алақанымызды соғамыз, абдыраған сәтінде кейбіреуіміз «мен болсам ғой...» деуден де тайынбаймыз. Қымбатшылық қысып, тұрмыстық жағдай төмендеп барады. Содан Елбасына өкпеміз қара қазандай болатыны да бар. Бейнебір ол бізден қолда барын аяп жүрген секілді... Осы төңіректе не дер едіңіз?

С.Ш.: Президент бір сөзінде дәл бүгін таңда ел басқарудан гөрі қызуы бірнеше мың градус болатын мартен пешінің алдында ақ тер, көк тер боп жұмыс істеу әлдеқайда жеңіл деген еді. Егер бейнелеп айтсақ, бүгінгі басшыңыз сол мартеннен шыңдалып шыққан болат қой. Соның өзі әлгіндей деп жатқанда, біздің қайсыбір «темір» ағайындарымыздың сүйегі өзінен әлдеқайда берік жаратылыстың бодауына татимыз деп мәлімдеуін тіпті де ұғына алмаймын.

Жалпы алғанда, тарихтың даму заңдылығы деп түсіндіргенімізбен, бізге көп нәрсенің тосыннан келгені рас. КСРО-ның күйреуі, одақтас республикалардың тәуелсіздік алуы, нарықтың басталуы, демократиялық құқықтық қоғам құру қажеттігі – алыс келешектен күтілсе де, кешелі-бүгін күте қоймаған құбылыстар. Жолбарыстың баласы жеміне алғаш секіргенде жетпей қалып, екінші секіргенде асып кетіп, үшінші ретте ғана дәл қармайды екен. Біздің нарыққа ұмтылысымыз да сондай. «Жүрмеген жердің ой-шұңқыры көп» деген осыдан шығады.

Қазақ – жылқы мінездес халық. Ал жеті күн арқандалған жылқыны сегізінші күні босатып көріңіз, сауырынан бір салсаң да жортып кете алмайды. Қазығынан ұзамай, қарайлай береді. Ендеше, жеті күн емес, жетпіс жыл арқандалған қазаққа не сорым?! Қанша тәуелсіздік алдым дегеніңмен, ол да қазығынан ұзай алмай, айналсоқтап жүр. Бойымызға сіңіп қалған осындай жабылық, жасқаншақ мінезімізден арылу парыз. Бірақ тәуелсіздікті асау тұлпардай жер тарпып, алдына келгенді тістеп, артына келгенді тебу деп, ал демократияны ойыма не келсе, соны істеу деп ұғатындар да бар. Бұл – тегіне тартқан тарпаңның емес, қыстай көтерем болып, аузы көкке тиген соң одырая қарайтын көбеңнің мінезі.

Көпұлтты еліміздің Президенті бізді осындай ұшқары түсінік, ұрыншақ мінезден ұдайы сақтандырып келеді. Ұлтаралық жарасым – біздің ортақ үйіміздің

тыныштығының басты кепілі. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген халық даналығын ұстанатын кез – осы кез дейді ол. Тәуелсіздік дегеніміз – еліміз таныған заңдар шеңберінде тіршілік ету, демократия дегеніміз – сол нормалар негізінде өзің қандай құқыққа ие болсаң, өзіңнен басқаның да сондай құқы бар екенін мойындау дейді ол.

Осыны біріміз ұқсақ та, біріміз ұға алмай жататынымыз қынжылтады. Үш жүз жылға созылған арқандаудан, жетпіс жылғы ноқтадан босай сала қағанағымыз қарық, сағанағымыз сарық болмады дейміз. Құқық тұрғысында тәуелсіздік алғанымызбен, экономика жағынан біреулерге әлі де байлаулы екенімізді, Одақ кезіндегі байланыстардың бірден үзілуі бізді осындай күрделі жағдайға душар еткенін, оны жөндеу бір күннің шаруасы емес екенін ұмыта береміз.

«Сынау оңай, одан шығу жолын көрсету қиын, сындыру оңай, қайта жасау қиын», – дейді Нұрсұлтан. Тақ таласына талпынып жүрген кейбір ағайындарға біздің өз тарапымыздан айтарымыз: Президенттіктен дәмелену оңай, бірақ нағыз президенттік жүкті көтеріп кету қиын. Өйткені, біз нөлден бастап жатырмыз, жарқыным. Нөлден бастап жатқан елдің Президенті күндіз күлкі, түнде ұйқыдан кемшіндік көруі, жарғақ құлағы жастыққа тимеуі керек. Қазіргі Президентіміз солай етіп жүр. Әлем алдындағы абыройының арқасында шығысың мен теріскейіндегі ұланғайыр іргенді бір бекемдеп тастады. Енді біздің жерімізге ешкім көз аларта қоймаса керек. Дүние жүзінің азуын айға білеген төрт мемлекеті Қазақстан территориясы тұтастығының кепілдемесіне қол қойды. Баяғыда Абылай атаңыз да осы іспетті саясат жүргізген... Бұл – мыңның емес, миллионның ішінде біреудің ғана қолынан келер шаруа. «Сол біреуің ол емес, мен едім!» – деуге тәуекелің жете ме?

А.Б.: Сәке, халық қалауымен Нұрекеңнің президенттік өкілеттігін 2000 жылға дейін созу жөнінде референдум өткізілгені белгілі. Осы туралы пікіріңіз?

С.Ш.: Халық бұл жерде көрегендік танытты. Неге? Себебі, Нұрсұлтан Әбішұлы ел басқаруға кеше ғана келген адам емес. Бақандай жиырма жыл! Қазақстан экономикасының, қоғамдық-саяси ахуалының, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының, ұлттық-ұлыстық тіршілігінің күретамыры қалай соғатынын одан артық білетін ешкім жоқ. Әріні былай қойғанда, нарықтық қатынасты қалыптастыру басшылығының да төбе биі – өзі.

Ендеше, одан бір нәрсені сұрауға, талап етуге әбден болады. Ал жаңа адамнан не сұрайсың? Елбасының басталған реформаны бір белеске шығару үшін жанталасып жүргені де содан. Халық алдындағы жауапкершілігін жіті сезінуінен. Бүгінгі қиындықтың салдарын кешегі «көсемге» итере салу әдеті күні кешеге дейін шеру тартып келді емес пе? Анау Ресей, Украина, Беларусьтан Қазақстанның жөні бөлек. Бірінші басшы жиі ауысқан жерде береке болмайды. Аталған елдер басшыларының, егер ісі оңға баспай жатса, бар кінәні, бұрынғы үрдіс бойынша, өзінің алдында болған адамға итере салу мүмкіндігі бар. Ал

Нұрекеңде ондай «мүмкіндік» жоқ. Оған зәру де емес. Ендеше, қашан бір желі жерімізге жеткенше ел тізгінін бір қолдан шығармау керек. Абай жарықтық айтқан ғой: «Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел», – деп.

А.Б.: Әйтсе де, Президенттің екіұдай сезімде қалдыратын тұстары да бар. Жасыратыны жоқ, кейде ол кісіні дара билікке бейімдеу ме, бейілдеу ме деп қалам. Егер менің осы жеке пікірімде аз да болса шындық жатса, ол компартия кезінен қалған әдет деп ойлаймын. Ал кадр іріктеу мәселесіне келер болсақ, негізінен сол бір министрлер, негізінен сол бір әкімдер. Анда-санда бірінің орнын бірі ауыстырып жататыны бар. «Қосылғыштардың, орнын ауыстырғаннан...» дейтін ереже еске түседі. Әрине, бұл Президент төңірегіндегілер мүлде қабілетсіз деген сөз емес. Бірақ нарық кезінде оның шешуші буындарына нағыз маманды тауып қосу – есік-терезесі көптен жабық тұрған үйдің желдеткішін ашып жіберумен бірдей нәрсе ғой.

С.Ш.: Жалпы, қолында билігі, көңілінде шешімі жоқ Елбасыны Елбасы деуге бола ма өзі?

Әрине, жоқ. Ендеше, Президентке билік бастаған реформасын баянды етуі үшін қажет. Әсіресе осындай өтпелі кезеңде қажет. Екіншіден, елді ел басқарған адам ғана басқара алады. Бұл жөнінен Назарбаевқа кінә тағу қиын. Онда құдай берген қасиет те, еңбек берген білім де, өмір берген тәжірибе де жетерлік. Ал кадр мәселесі, шынында да, ел басшысының ойланар мәселесі.

А.Б.: Сіз Нұрсұлтан Назарбаевтың ішкі саясаттағы ілкімділігі мен сыртқы саясаттағы сарабалдығын бабамыз Абылай ханның сара қасиеттерімен салыстырған алғашқы адамдардың бірісіз. Және мұны бүгін емес, бұдан бірнеше жыл бұрын айттыңыз. Кезінде бұл пікірге көбіміз үдірейе қарағанымыз рас. Кейін әлгі пікірді қолдаушылар көбейді. Әрине, тарихи тұлғалардың замана жүктеген міндеттерінің ұқсас екеніне қарамастан, дәлме-дәл салыстыруға болмас. Бірақ Елбасына берген әлгі бағаны неңдей қасиеттеріне сүйеніп айтқан едіңіз?

С.Ш.: Бүкіл қасиетін тізіп бере алмаспын. Қысқаша тұжырсам, ақылға тереңдігі мен білімге кенендігі, ойлау жүйесінің айқындығы мен кеңдігі, оқиғалардың алдын орайтын көрегендігі мен икемді дипломатиясы – осының бәрі жаратылыс ием берген негізбен құнарланып жатуы оны Абылай хан атасының мұрагері секілді деуге тірек болды. Мен сол пікірімнен әлі де айныған жоқпын. Елді қатерлі өткелден өткізсе, сол өткізер деген сенімдемін.

А.Б.: Сіз «Халық кеңесі» газеті арқылы Президентке арнаған сөзіңізде оны қазақ жұртының тәуелсіздігін тар жол, тайғақ кешумен арқалап келе жатқан адамға теңеген едіңіз. Сәтімен табылған теңеу. Аңызда Толағай батыр да кенезесі кеуіп, шөлден тұралаған жеріне, еліне жаңбыр жауғызу үшін үлкен тауды арқалап жетеді емес пе?! Бұл ретте Нұрекең де сол іспеттес алып. Алайда сіздің бейнелеуіңізде еңістегі халқын өрге сүйреуде

оның жалғыз екендігі сезіліп қалатындай. Дербестік деген Толағай – таудан да ауыр жүк. Ондай ауырлықты тек Нұрекең ғана арқалай алатын болар. Әлде тағы басқа біреулерден де үміт етуге бола ма?

С.Ш.: Жұрт не десе, о десін, бүгін таңда оның орнын басатын тұлғаны көріп тұрған жоқпын. Құдайшылығына келсе, мұны өзгелер де мойындар. Бәріміз жабылып Елбасын сыннан өткізіп келдік. Ал референдум деген тәуекел арқылы Елбасы елін сыннан өткізді. Дәлірек айтқанда, елдің Президентіне деген сенімін сыннан өткізген еді. Сол бір тұста баспасөз беттерінде жұрттың Президент жөніндегі жедел пікірі жиі жарияланды ғой. Бәрінің айтқаны – ел тұрмысының ауырлығы, нарық арбасының әрең жылжып келе жатқандығы, осы қиын жол, қысталаң жағдайдан бүгінгі Елбасының ғана алып шыға алатыны. Көпшілігі-ақ оның орнын айырбастай қоятын адамның әзірге жоқ екенін ашық мәлімдеді емес пе!

А.Б.: Рас, қазіргі Президентіміздің бейнесі – Президенттің бейнесі. Басқаша сөзбен айту қиын. Керек жерінде хандай биік, қарадай қарапайым. Европа мен Шығыс Азияның озық қасиеттерін бойына қатар сіңірген, саясатқа жүйрік, ақылға кемел осы адамға қойылар өткір сауал: экономикамыз неге еңбектеп қалды, ол неге аяғынан қаз тұрып кетпейді? Бұл жөнінде өзіңіз қандай ойдасыз?

С.Ш.: Шынында да, қазіргі ел тірлігінің ең ауыр жері экономикада болып отыр. Оның неге ауыр болатынын бүгінде бәріміз де бес саусағымыздай біліп болдық. Алып империяның аяқ астынан күйреуі бізді осындай ордалы қиындықпен бетпе-бет қалдырып кетті. Бұған тек қана Президентті кінәлі деу әбестік болар еді. Нарық үшін күресіп жатқан әріптестері ренжи қоймас, ол көп жағдайда жалғыз. Өлгінде өзіңіз айтқан «еңістегі халқын өрге сүйреуде оның жалғыз екені сезіліп қалатын» жағдайлары жасырын емес. Ендеше, ел тұрмысын жөндеуге ел болып атсалысуымыз керек. Президент қалай істеу жөнінде жол көрсетеді, нұсқау береді. Ел ішіндегі сондай шаруаны өзіміз атқаруымыз керек емес пе? Ал ол бұдан да гөрі кең ауқымдағы шаруалармен айналыссын. Таза қанды арғымақты қойға да, тойға да, таза текті асылды майлыққа да, сулыққа да жөнді-жөнсіз араластыра беру – білгеннің шаруасы емес.

Меніңше, экономикалық реформаны асығыс жүргізуге болмайды. Ол – кем дегенде он-он бес жыл бойы пісетін процесс. Ал біз болсақ, айналасы үш-төрт жылда нарықтың жемісін жегіміз келеді. Алманың өзі бес жылсыз түйін салмайды ғой. Мына Кеген ауданына май айыратын зауыт пен ұн тартатын қондырғы апарып берген іскер азаматты білемін. Сол шағын зауыт құралдарын ел игілігіне жарататын құлықты басшы болса, кәнеки? Жоқ! Өлгі асыл дүниелер ашық аспан астында тот басып, шіруге айналғанына екінші жыл. Егер апарып берген құралдармен егініңді егіп, ұныңды тартып, күрпілдетіп сүт сауып, майыңды айырып ала алмай жатсаң, оған да Назарбаев кінәлі ме?

Әр нәрсенің сәтін салар сағаты болады. Жауқазын гүлінің ерте шыққанымен қалыбынан аса алмайтынын Абай айтқан ғой. Ендеше, экономика реформасын өз даму заңдылығымен жүргізуіміз керек. Көп жағдайда Президентті асықтыратын, асығыс шешім қабылдауға мәжбүр ететін – өзіміз. Өйткені мына жақта қалың халық күңіреніп жатқанда, оның да қыпылдамасқа шарасы жоқ. Әр нәрсе өз мезгілімен. Мәселен, егінге мезгілсіз жауын жауса, не өсіп тұрғаны астық болып жарытпайды, не жаңадан өскені егін боп жетілмейді. Нарық та сол сияқты. Қолдан тездетіп, қолдан жеделдетуге болмас.

Нұрсұлтан Әбішұлы қызметінде жаңа сапалық қасиеттер көріне бастады. Мысалы, қоғамдық тәртіпті қолға алуы, Қазақстан халықтарының тең құқықты жағдайда өсіп-өркендеуіне әсер ететін ұйым құруы – осының айғағы. Ел үміті ертеңде, ертеңнің көп кепілдігі Нұрекеңде болып тұр. Өйткені Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы бар еді ғой. Нұрекеңнің нұрлы жолы дегенге де жеткізгей бізді.

А.Б.: Сәке, айтқаныңыз келсін. Біз де осы тілектеміз.

«Егемен Қазақстан», 1995 жылғы 26 сәуір

Қасым ҚАЙСЕНОВ,
Халық қаһарманы

ЕЛБАСЫ АЛДЫНДАҒЫ АШЫҚ СӨЗ

Көптен бері Елбасы алдына барып, елдегі болып жатқан кейбір келеңсіз жағдайларды айтсам ба деп жүруші едім. Соның сәті 20 тамызда түсті.

Қабылдауды күтіп отырып, айтайын деген ойларымның, оның алдына тар-тар талабымның ұшы қиыры жоқ сияқты еді, бірақ алдына кіріп барған алғашқы сәтте ой аптығым басылып қалғандай күй кештім. Ол кісі орнынан тұрып, өзіме қарай жылы ұшырай қарсы жүріп, қол алысып, есендік сұрасқан соң өзінің оң жағындағы жұмсақ креслоны нұсқап, «отырыңыз» дегендей болғанда барып көңілім орнығып, орнына келгеннен кейін айтар ойымды ақтарып тастардай серпін пайда болды. Ол да болса адамды өзінің сүйкімді, жылы жүзімен баурап алатын қасиетінен бе деп қалдым. Денсаулығымды сұрағаннан кейін:

– Не айтайын деп едіңіз, – деп, алғашқы сәттен де жылы ұшырай түсті.

– Баяғыда, 1988 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің күндері кезінде, ол кезде Сіз Министрлер Советінің төрағасы едіңіз, мені Украинаға ертіп барып едіңіз. Онда мен жазушылар арасында жүргенде Украина политбюросы қабылдауына шақыртып алдыңыз. Барсам, Сіз Украина өкімет басшылары алдында әдеттегідей қағазсыз сөз сөйлеп тұр екенсіз. Залда сол кезде өзіңіз ертіп барған үкімет мүшелері, министрлеріңіз, творчество одақтары басшылары отырған екен. Кім бергені есімде жоқ, алдыма «қазір Сіз сөйлейсіз» деген қағаз қойды. Сізден кейін мінбеге барып сөйлеуге тура келді. Украинада ол ел туралы маған сөз сөйлеу онша қиынға соққан жоқ. Украина қансырап жатқан 1941 жылдан бастап оның қасиетті жері азат етілгенше дейінгі қанды айқастарды баяндап, Украина менің екінші Отаным деген едім. Сонда сөзім Сізге ұнағанын білдіріп, суретке түскеннен кейін, «елге барғанда жолығып сөйлесерміз» деп едіңіз. Онда да қабылдауыңызда болып сөйлескен едік. Содан кейін де Украинада екі-үш рет Ұлы Жеңістің 50 жылдығы кездерінде болғам. Соңғы болғанымда Украина Президенті Леонид Кучма қабылдап, дастархан басында біздің делегацияның басшысы Мамашев Талғат мені Кучмаға таныстырды. Ол қасыма келіп, кеудемдегі Алтын Жұлдызды көріп таңдана қарады. «Біз үш-төрт орден ғана шығардық» деп, уақытында мұндай мемлекеттік жоғары белгі шығармағанына ойлана тұрып, «Ну, Назарбаев» деп таңдану білдірген. Осы жуырда Өзбек Президенті Кәрімовті қабылдап, оның кеудесіне «Алтын Қыран» орденін қададыңыз, оған ол да қызыға қарап, «мұндай орденді біз шығарған жоқ едік, Нұрекең біздерге үлгі көрсетті» дегенін теледидардан естіп, тағы бір қуаныш сезіміне бөленгенбіз. Сіздің жуырда тіл туралы айқын да батыл сөздеріңізге қанаттанып қалғанбыз. Халық Сіздің ішкі, сыртқы татулық саясатыңызды қолдайды.

Дегенмен, елімізде келеңсіз жағдайлар баршылық. Ең алдымен, мені алаңдататын – әр түрлі партиялар, қоғамдар. Олардың ұзын саны алпысқа таяды. Олардың программалары да біріне бірі ұқсас. Барлығының демеу етерлері –

демократия, барлығы да халық қамын жейді. Ал барлығы бір игі мақсатта екен, онда неге топтасып-топтасып, төрт-бес партияға неге бірікпейді? «Қойшы көп болса қой арам өледінің» кері емес пе бұл? Олардың бірікпейтіні, бұлардың көсемсымақтары – мансапқорлар, баққұмарлар, таққұмарлар, «бәлен партияның көсемімін», «бәлен партияның төрағасымын» деу. Сол партия арқылы үлкен лауазымға қол жеткізу. Тіпті кейбіреулері Елбасы болуға қолдарын созады. Дәмелері дәу-ақ! Елбасы болу екінің бірінің қолынан келмейтіндігін білмеу, түсінбеушілік. Демек, бұлар өздерін өздері танып болмағандар.

Әрине, демократиялық мемлекетте бір ғана партиямен шектелу мүмкін емес. Ел ісіне, өкімет басшылығына игі ниетті ықпал ету үшін программалары заманына сай, не заманынан озық партия болу керек. Ондай партияның төбесі көрінбейді. Ал осы партия басшыларының көбі – бұрын үлкен лауазымдағы адамдар. Бірақ сол өздері көтерілген биікте өз кінәларынан тұрақтай алмай етпетінен түскендер, тұра салып өкіметке, ел саясатына қарсы айқай-шу көтеріп, халықты дүрліктіріп жүр. Бұл – парықсыздық! Біздің мемлекетіміз байырғы мұсылман қазақ халқының атын иеленгендіктен, мұсылман мемлекеті болу керек еді, бірақ ішімізде мұсылман емес халық та баршылық қой, сондықтан таза мұсылман мемлекетін құру мүмкін емес. Сонда да мұсылман халқы атағына ие болған мемлекетімізде аз да болса мұсылмандық сипат болу керек шығар. Ал осы мемлекеттік маңызы зор салада діни басшылардың қосқан үлесі қандай? Діни басшылар бұл жөнінде бастарын қатырып жүрген жоқ. Бұл біздің мүфтиімізге де қатысты. Кей жерлерде дінді молдасымақтар ақша табудың жолына айналдырып, өлік бар жерлерді түлкідей торып жүр. Өздері екі-үштен жүреді де қасіретті үй берген Құран Кәрімнің ақшасын жұрт көзінше ұрсысып-таласып бөлісіп алып кетіп жүр. Құран түсіргенде әлгі шала молдалар бір аяттың басы, бір аяттың соңынан күбірлеп құран оқыған болады да, ас соңынан берілер батаға қарауға асығып, екінші өлік шығар жерге тайып тұрады. Міне, шала молла дін бұзар деген осы. Көкшетауда мешітке кірсем, бір құдайға құлшылық етуші 21 теңгеден төлейді деп жазып қойыпты. Мешіттен гөрі кинотеатрға айналдырып жіберіпті. Жүрген жерде осы сорақылықтың барлығы Рәтбек қажының ісі, мұндағылардың барлығы сол дінбасымыздың адамдары десіп, жағаларын ұстайды. Бірде осы Рәтбекпен кездесіп, осы жайында айтқанымда: «бізде бәлен мың мешіт бар» деп кеудесін көтерді. Ол мешіттердің көптігі оның еңбегінің жемісі емес. Ол халықтың дінге – мұсылмандық жолға түсуге адал ниеттерімен, өз күштерімен салған ғимараттар. Бұл халық алдында беделсіз мүфти мемлекетімізге абырой бере қоймас.

Елді мұсылмандыққа бет бұрғызып, инабаттылыққа тәрбиелейтін зор құрал – теледидар. Ал осы көп телеканалдардан таңның атысы, күннің батысы, кейде түн ортасына дейін көрсетілетіндері бейбастақтық. Горбачевтің жариялылығына көп ұшыраған әйелдер тәні болды. Жалаңаш әйелдерді, олардың еркектерді зорлап шешіндіріп, жалаңаштап жатқанын, одан зорғы арсыздықтарын осы мұсылман әйелдер қауымы, зиялы деген әйелдер де көреді. Осылардың бәрі олардың арына, намысына тимей ме? Олар неге жұмған аузын ашпайды? Неге өкімет орнына шағым айтпайды? Неге радио, теледидар арқылы наразылық

білдірмейді. Тіпті, кейбірі өздерін зиялылар қатарына қосып жүреді. Алтыншаш Жағанова, Сайраш Әбішевтардың қолында өздерінің жекеменшігі сияқты иемденіп алған журналдары бар ғой, соған неге жазбайды. Неге жұмған ауыздарын ол туралы ашпайды? Осы екеуі де теледидар бетін бермей көсемсиді де жатады, бірақ мұсылмандыққа жат сорақылықты айтпайды. Мұсылман әйелдеріне өзін көсем етіп жүрген Әмина деген әйел бар. Сырттай мұсылман әйелдеріне тән киінгенімен, ол осы сорақы көрініске қарсылық білдірмейді. Ол да теледидар бетін бермейтін әйелдің бірегейі. Ол да күнде ұйқыға кеткенше көретін сорақылықтарға аузын ашпайды. Қазір жастар далада қалды. Көбі, әсіресе, ауылдан келгендері базарда сауда жасап, жұртты алдап, арақ ішіп, ұрлық жасап, тіпті, кейбіреуі кісі өлтіріп жүр. Қала жастарының басым көпшілігі шетел эмиссарлары ақша табу қамымен ашқан, ондаған түнгі клубтарында арақ ішіп, жалаңаш би билеп, жезөкшелік жасап жүр. Іштей тәуба жасайтының кейбір институттың студенттері әр түрлі адамгершілікке, білімділікке баулитын, кейбір таланттыларының талантын шындайтын үйірмелерде жүргенін көріп, қуанғаннан көзіңе жас аласың!

Еліміздегі мекемелерді бюрократтық жайлап алған сияқты. Сізге кіру оңай, айтайын деген ойыңды айта алатындығымызға көзім жетіп отыр.

Ал басқа министрлер, олардың орынбасарларына кіру, қабылдауларында болу – қиынның қиыны. Оларға кіруді айтып отырған лауазымды адамдар шешпейді, олардың алдында отырған хатшы қыздар шешеді. Олар есіктен кірсең-ақ жауап ала бастайды. «Кімге келдіңіз, нендей мәселе жөнімен келдіңіз» деп, дұрыс жауап ала алмаса, «бүгін ешкімді қабылдамайтынын» кесіп бір-ақ айтады да, салың суға кетіп, кейін қайтасың. Жуырда Қаржы министрлігінің орынбасары Мұқашев дегеніңіз менің атыма хат жазған соң, жығылып-сүрініп қабылдауына бардым. Өзі кабинетінде жалғыз отыр. Алдындағы хатшы қыз кіргізер емес. Бір сағат қабылдамады. Бір кезде хатшы қызды бастығы шақырған кезде соған еріп кабинетіне кірдім. Рұқсатсыз кіргеніме ашуланып, алдына аю кіріп кеткендей болды. Алтайдың қара аюына ұқсас екенім рас, бірақ мен қарт адам бейнесінде кірдім ғой. Амандасу-есендесу қайда? Шенеуніктік этика қайда? Ол орнынан да қозғалмаған соң, өзі жазған хаттың жөнін айтайын деп, оған ұсынып едім, оны оқымастан өзіме қарай тастай салды. Менімен сөз біткендей белгісін түсініп, кабинетінен шығып кеттім. Ал осы басшы елге, халыққа қызмет істеп жарыта ма?

Ел басшылары жаңа астанаға қоныс аударып жатыр. Мұнда, Алматыда мәдени-рухани орталық болғандықтан, Жазушылар одағы осында қалатындай түрі бар. Демек, жеті жүзден астам қалам қайраткерлері кімнің қамқорлығында қалады? Бұл – Сіздің саясатыңызды қолдайтын жауынгер гвардияңыз еді ғой. Міне, осы талант иелері жұртта қалып бара жатқандай күй кешіп отыр. Өйткені, мұнда Алматы облысы, Алматы қаласы әкімдерінен басқа көмек дәмәтер қаржылы мекемелер қалатын емес. Сөз жоқ, облыс әкімі Серік Үмбетов, қала әкімі Виктор Храпунов пен оның бірінші орынбасары Қайрат Бөкеновтер өз жұмыстарын жетік білетін, халық қамын жейтін ірі тұлғалар екенін өзіңізге айтқанмын. Бірақ олардың Жазушылар одағына қамқорлық жасай қоятындай

шамалары, мүмкіндіктері аз ғой. Сонда кімнің алақанына қарап қаламыз? Қа- лада республиканың мәдени қоры қалар. Оның басшысы Талғат Мамашев та жоғарғы үш азамат сияқты жан-жақты білімді, өзі екі тілде бірдей шешен мемлекет қайраткері, ірі тұлғалардың бірі. Міне, осы мекеме мен Жазушылар одағы арасын бір құжатпен жалғастырып кетуіңізді сұраймын. Оның үстіне, жазушылар жылдар бойы жазған талантты еңбектерін шығару мүмкіндігінен айрылды. Қазір кім қалталы, сол кітабын шығарады, солар ақын, солар жа- зушы атанып аласұрып жүр.

Кітап шығару үшін баспалар қағаз тапшылығын тартып отыр. Ал қағаз бол- са орыс тілінде көп тиражбен шығатын, кейбіреулері 70-90 бет болып басы- латын, ешкім оқымайтын газет редакцияларының қолында. Қазақ тілінде аз тиражбен 4-6 бет болып шығатын газеттер кейде қағаз жоқтығынан шықпай да қалатын күндер жиі кездеседі. Міне, осы жөнінде Елбасы, өкімет тарапынан ретке келтіріп, жөнге салатын құжат керек.

Қазақ тілін көркем тілмен айтатын да, тілді дамытатын да, басқаға дарыта- тын да жазушылар, ақындар, қызықты шыққан кітаптар, қазақ тілінде шығатын газеттер, журналдар екенін естен шығармағанымыз абзал!

Елбасы алдында айтылмаған тағы бір ойым, қазір кейбір газеттерде, теле- дидарда өтірік емші, жалған көріпкелдерді мадақтап, солардың алдау-арбауы- на қара халықты иландырып, оларды көпе-көрінеу тонату етек алып барады. Көріпкелдер де көбейіп кетті. Табиғат тамыршысы, тіпті әлі сыры белгісіз жұл- дыздармен күнбе-күн сырласып отыратын жұлдызшылар да бар. Алғашқы ала- сапыранда Кашпировский сияқты теледидар арқылы емдейтіндерге де сен- діріп, халықты тонаттық. Бірақ олардың көбі түбінде әшкереленетін болған соң, алды-артына қарамай, кетіп жоғалды. Ал кейбір ұяттан безгендері әлі газет- терді жағалап, күні бұрын «көріпкелдігін» жазып, елді алдап жүр.

Біз бір кезде қолдан құдай жасап көріп едік қой, ақыры не болғанын да көр- дік. Қолдан құдай жасамай-ақ ғылымға, ауа райын болжайтын ғылыми стан- салардағы мамандар сөздеріне сенген дұрыс шығар.

Әлемді, тіршілікті жаратқан бір Құдайға сыйынып, соған құлшылық етсек те жетеді. Қолдан құдай, қолдан әулие жасау – халыққа қастық!

Елбасыға кірдім, көңілдегі күдік сөзді айттым. Біразына қолма-қол жауап естіп, күдігім сейілді. Кейбіреулерінен кейінірек хабардар ету тапсырылды. Сө- зімнің серкесі естілмей қалса не дер едім? Қалай болғанда да «көңіл кірі айтса кетеді» дегендей, Елбасы алдынан арқаланып шықтым. Президентпен не ту- ралы сөйлескенімді халқым өз аузымнан естісін деп, «Егемен Қазақстаныма» ұсындым. Баршаңызға бақыт тілеймін, әлеумет!

«Егемен Қазақстан», 1997 жылғы 2 қыркүйек

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ

КҮНІҢ БАРДА КҮЛІП ЖҮР

Қолына жүген алып, таңертең жылқыға бара жатқан Төленің айдарынан шырақ жанып барады екен.

– Төле қалың елге тұтқа болғалы тұр, жасын ұзақ қылғай жасаған, – деп, ел жиналып боз қасқа шалыпты...

Алдынан шығып сәлем берген баладан Бөлтірік:

– Атың кім, балам? – деп сұрапты.

– Атым – Жамбыл, – депті бала. Баланың қолын ұзақ ұстап тұрып:

– Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болар, шырғалаңнан сөз келсе, шырқаушының өзі боларсың түбі, – деген екен Бөлтірік шешен...

Қазақта не бір дана сәуегейлер өткен ғой, қалай болжады десеңізші. Есейе келе Төле би қалың қазаққа пана, ал Жамбыл әлемге даңқы жайылған ұлы ақын болды.

Мен болашақ Президентті алғаш рет 1957 жылы көрген ем. Ол кезде Нұрсұлтан – Қаскелеңдегі Абай атындағы қазақ орта мектебінің оныншы класс оқушысы. Жүзі жайнап, екі көзі оттай жанып, жарқ-жұрқ етіп, бәйге атындай тыпыршып отыратын. Ішіне сыймай жүрген бір құдырет бар сияқты болушы еді.

Бесіктегі баланың бек боларын кім білед,

Қарындағы баланың хан боларын кім білед, – дегендей, ол кезде Нұрсұлтанның Президент боларын кім болжады дейсіз. Әруақ қолдап, бақ дарып, таққа мінді. Содан бері көзден таса, көңілден жырақ болған жоқ. Ініміздің жүрген жолын бағып келеміз. Темір қорытты. Домнаның пешіне қайнап-пісті, жарғақ құлағы жастыққа тимей жастайынан жарқырап көзге түсті. Сөйтіп, заты қазақтың әруағын аспанға көтерді, ел-жұртын да өрге жетелеп келеді.

Айтуға ғана жеңіл, әйтпесе, қазақпын деуге тіл байланып, дүние шыр айналып тұрған заманда, алмағайып тар кезеңде бұлқынып шығып, ел тағдырын шешуге бел байлау оңай емес еді, қалың елдің жауапкершілігін көтеру үшін батырлық, үлкен жүрек керек еді.

1991 жылы желтоқсанның бірі күні Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Қуанышымызда шек болған жоқ. Толқыдық, Республика сарайында Елбасын таққа отырғызу рәсімін өткіздік.

Хан тұсында қан шашылмасын деп ақсарбас шалдырдық, боздақтар аман болсын деп бозқасқа шалдырдық; басына мұрақ кигізіп, иығына шапан жаптық; үш жүздің таңбасын салдырып беліне кемер белдік соқтырдық. Ақ киіздің үстінде тұрып халыққа ант берді.

Әлі есімде, артында тұрған ту құлап бара жатты. Түрлі ырымға жүйрікпіз ғой, сол сәт жүрегіміз өкшемізге кеткендей болды. Қалай, қайтіп сезгенін қайдам, Президент туды ұстап қалды. Кейін бірде:

– Құлап бара жатқан туды ұстап қалдыңыз, Нұреке! Қазақтың туы енді жылмайтын шығар, – дедім.

Құдайға шүкір, егемендігіміздің нұрлы келбетіндей, болашақтың айғағындай, елдігіміздің айбарындай азаттық туы содан бері қисайған жоқ, асқақтап желбіреп тұр.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан», – дейді қазақ. Елу жыл түгілі, азаттықтың таңы атып, тәуелсіздіктің көк байрағы желбіреген жеті жылдың ішінде-ақ қоғам жаңарды: бұрын-соңды тәжірибесі, өнегесі болмаған мемлекеттікті қалыптастыру процесі басталды; қаланың келбеті, халықтың ой-санасы, тұрмыс-тіршілігі, әрекеті бүтіндей өзгерді; жаңа қоғам, жаңа заман, жаңа болмыс келді; тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүр жаңғырды; еркіндікті, демократияны сезінген жұрттың тілі шықты; тіліміз шығып тұрғанда сөйлеп, қолымыздан келіп тұрғанда істеп қалайық дедік; берік ішкі-сыртқы саясат қалыптасты; ынтымақ-бірлік орнықты; толып жатқан партия, қозғалыстар өмірге келді; Алматыда адамнан машина көбейді, шүкір, мейрамхана, той көбейді; Қазақстанды әлем таныды, Елбасының жер дүниедегі ықпалы артты.

Несін жасырамыз, қиналыстарымыз да аз болған жоқ; халықтың байлығы лезде сусып кетті; ауыл әбіржіп, қарапайым жұрт қалжырап, зиялылар жаутаңдап, қариялар қаужаңдап, жастардың көбі сандалып, өнеркәсіп салдырап қалды; қатыгездік, маскүнемдік, нашақорлық, парақорлық, жезөкшелік, әр түрлі індет етек алды; қоқысты қопарып, қайыр тілегендер көбейді. Осылай елдің де, ердің де тағдыры сынға түсті.

Өтпелі, ауыспалы кезеңде мұндайдың болатынын сезіп-біліп отырса да жұрт: – Сонда да Елбасы осыншалықтыға жібермеу керек еді ғой, – деп отыр. Айтса айтқандай-ақ.

Енді не істеу керек?

Қатаң тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа, ұрлыққа, маскүнемдік пен нашақорлыққа қарсы пәрменді күрес, жандана бастаған өндіріс ошақтарына жана-шырлық, шалғайдағы елге, оның көрісі мен жасына, ауыл тағдырына араша қажет; кадрларды іріктеу керек; Қазақстан халықтарының рухани тұтастығын, қалыптасқан ынтымағын сақтау керек; көрінгеннің қолжаулығына айналмайтын, елдігімізді, тәуелсіздігімізді қызғыштай қорып, нығайтатын, өркениетті елдің қатарына қосатын салиқалы, салмақты, дана саясат, демократия керек; ертеңіне елдің сенімі керек.

Өйткені біз тағы бір тарихи сынның алдында тұрмыз. Екі ғасырдың тоғысында Қазақстан халқы Президент сайлайды. Қырғынды да, азап-мехнатты да, қуғын-сүргінді де, қорлық-зорлықты да басынан көп кешкен жұртшылық ендігі жерде өліп-талып жеткен тәуелсіздіктің баянды нәтижесін көргісі келеді. Сондықтан да ешкім тізгінін көрінгеннің қолына ұстатқысы келмейді. Алтын құрсақ Ел-Ана толғатып туған ғасырдың тұлғасын замана көпірінен аман өткізетін, елінің жанын ұғатын, жалпыға пана болатын тұлғаға ұстатқысы келеді.

Әркімнің де билікке бар таласы дегендей, Ата Заңымыздың талабына сай келетін Қазақстан Республикасының кез келген азаматы президенттікке үміткер бола алады. Бірақ ол – атой салып аттандап, көз алартып қоқандап, жат жұртқа елін жамандап, жатқа қарап жаутаңдап, яки өсек айтып, елді азғырып жүрген көп байлардың отыратын жері емес, табанын тіреп Отан алдында ант

бере алатын, сөзінде тұратын, елін мұратына жеткізетін, маңдайы кере қарыс, халқының бақытына туған, қалың елдің тірегі, білегі, жүрегі бола алатын, елім-жұртым деп өзегі талған Азаматтың алтын тұғыры.

Олай болса, Қазақстан үмітін тағы да Нұрсұлтан Назарбаевқа артып отырғаны күмәнсіз. Дұрысы да, шыны да солай. Әйтпесе қазақты үш хандыққа бөліп, жіліктеп жүрген Әбілсейітов, бар жақынын, таянышын ақылшысын сырттан, шеттен іздеп, жатқа шағынып жүрген Қажыгелдин, бас қамы үшін бабын күйттеп жүрген қаптаған «президенттер» кімге, қай қазаққа тұтқа бола алады.

Нұрсұлтан Назарбаев 1991 жылы халқына берген уәдесін негізінен орындады: мемлекетіміз қалыптасып нығаюда; нарық, демократияны сезіндік; тәуелсіздігіміз бекілуде; ынтымағымыз ажырап, қабырғамыз сөгілген жоқ; шаңырағымыз шайқалған жоқ. Осының бәрі де – әлем танып-мойындаған ақиқат.

Мемлекетті, қоғамды, Қазақстан халқын, ұлтты тығырықтан алып шығу үшін талантты ұйымдастырушы, көсем қайраткер, көреген басшы, табанды саясаткер, батыр тұлға керек. Бәріміз жақсы білетін Нұрсұлтан Назарбаев – елдің дәл осындай перзенті.

Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ бар деймісің, жаңа көшті бастаған Елбасының қатесі де аз болған жоқ. Мұны да елі жақсы біледі.

Әйтсе де Нұрекеңнің бойында кісіні өзіне тартатын жақсы қасиеттер көп-ақ. Төселген кәнігі саясаткер, нарықтық экономиканың білгірі, ғалым; аңқылдаған ақкөңіл; кекшіл емес, текшіл; жікшіл емес, көпшіл; жұртты сендіре де, иландыра да алатын, өз елім менің – өзегім менің дейтін азамат. Осының бәрін оны президенттікке қайта ұсынған Қазақстанның көп ұлтты халқы тағы да растады. Күйзеліп отырғандардың өздері де ілгергі үмітпен сайлауда өз дауысын Елбасына бергелі отыр.

Бабамның қаны, анамның жасы
Сіңген дала,
Қазақстаным – қара орманым,
Бостандық еді асыл арманың.
Береке-бірлік – қамалдың басы,
Жасай бер, жаса қазағым менің, –

деп ағынан жарылып, асыл арманын жырға қосқан Елбасына елі неге сенбеске?

Сауд Арабиясына барған жылы үш ай бойы ылғал тамбапты. Нұрекең Мұхаммед пайғамбардың Қағбасына кірерде жаңбыр құйып, шыққанда аспан шайдай ашылыпты. Бұған таң қалған король Фейсал:

– Сіз тегін адам емес екенсіз, Алладан не тіледіңіз? – деп сұрапты.

– Қазағымды, елімді аман қыл деп тіледім, – деген екен Нұрекең.

Халқының ізгі арманын көксеуші деп осыны айтатын болу керек. Сондықтан да кей ағайындардың жағаға жармаса беруін жөнсіз, қолда бар алтынның қадірін кетіргісі келетіндігінен деп білемін.

Задында, қазақ – бауырмал халық. Бізді құртатын – жікшілдік пен күншілдік.

Елбасының жеке басын, отбасын, бала-шағасын базбіреулердің былғап жататыны соның салдарынан. Ел аузында елек жоқ, ел не демейді, аузы бар сөйлейді, аяғы бар жүреді деген осы болады. Тегінде біреудің бақытын біреу қызғанбаған, әдептен озбаған жөн.

Уәзірі жақсы – хан жақсы,
Әйелі жақсы – ер жақсы, – дейді халық.

«Манасты Манас қылған Қаныкей» дейді екен қырғыз бауырлар да. Президенттің осыншама дәрежеге жеткеніне келініміз Сараның үлесі жоқ деп кім айтады. Ұлды аялап, қызды мәпелеп өскен елміз, мұны да ұмытпағанымыз дұрыс.

Бізді бөліп, бөлшектейтіндер шашетектен, табыстырушыдан шағыстырушы көбейіп тұрған заманда жүрек пен тілектің бір болғанына не жетсін! Бірімізге біріміз тірек болмағанда, таянышты қайдан іздеуіміз керек. Дос бар, дұшпан бар, елге күлкі, өсекке таң болмағанымыз жақсы.

Опасыз мына дүние
Жетпейді ешкім түбіне, –

деп ақын айтқандай, жат сөз, қас көзден аулақ болып, күніміз барда күліп жүрейік. Ғасырдың өткелінен алып өтетін пырағымыздың да, құтты мекен тұрағымыздың да бір, тұтас болғаны жақсы. Бетегелі белде берекелі ел болсын, етек-жеңіміз, пейіліміз кең болсын, іргелі елдермен керегеміз тең болсын деп тілейік.

Ақылшы азып, аға сөзі әдірә қалды ма деп жүргенде, айта алатұғын аға да, сөзді ұғатұғын ел де бар екеніне қуандық. Қасиетті Жидебайдан Хафиз Матаев ағамыздың дауысы құлағымызға жетті. Елбасына бата беріп, толқып сөйлепті ол кісі.

– Екі құлынымызды бәйгеге қосып, тақымымызды қысып отырғанымызда, екеуі де құдыққа құлады. Бірін Жоғарғы Кеңеске көтердің, біріне үкіметті басқарттың, екеуі де үмітіңді ақтамады. Құдыққа өздері ғана құлаған жоқ, бәрімізді де құлатып отыр. Абай, Шәкәрім, Мұхтар туған жерге келгенің дұрыс болды, шырағым. Бұл өңір келесі ғасырда толғатып, тағы бір тұлғаны туатын шығар, бүгінде сенің алдыңа түсетін ешкім жоқ. Семей өңірі дауысын саған береді. Тарықсаң, шаршап-шалдықсаң, ақылдасам десең, алдымен Түркістанға бар, одан соң осы Жидебайға кел, қалың елің қасында болады, – депті.

Осыны айтқанда ел күңіреніпті. Би құлдың сөзін сөйлеп, бит балаққа шығып тұрғанда, ағамыздың мына сөзі бұлттан шыққан күндей боп жарқ ете қалды. 1991 жылы тұңғыш Президенттің батагөйі, қалың қазақтың ағасы, тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы Шәкір Әбенев еді, Хафиз ағаның да батасын қабыл қылғай, – деп, жақсы ырымға жорыдым.

Қазақстан жұртшылығының алдағы сайлауда өз Нұрсұлтанына дауыс беретіндігінде күмән жоқ. Бұл сайлауда ентігімізді басармыз, ендігі жерде мұның артын Елбасының тереңірек толғанып, кеңірек ойлағаны абзал. Бір кісіге халық аз сенім білдіріп отырған жоқ. Алмақтың да салмағы бар, соңына ерген елдің үмітін ақтайтын да, сол елдің қасиетін сақтайтын да, кем-кетігін жақтайтын да мезгіл жетті. Сенім-нанымның да, төзімнің де шегі болады, тауысып алмаған жөн. Темірдің таты жаман, ағайынның даты жаман, датына қалма дер едім.

«Азия-пресс».

«Егемен Қазақстан», 1998 жылғы 24 желтоқсан

Әбіш КЕКІЛБАЕВ,
Қазақстанның халық жазушысы

ЕЛБАСЫ
(замандас көзімен пайымдалған саяси кескіндеме)

*Әр заманда бір кемел.
Халық мақалы*

*Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең!
Шалкиіз*

Әлімсақтан белгілі гәп

Өтіп жатқан оқиғалар шеруінің өзара байланысы мен мән-маңызына адам, әдетте, араға жылдар салып барып қаныға алмақшы. Оған көбіне-көп қоғамның немесе қоғамға шешуші ықпалы бар жеке тұлғаның өміріндегі межелі кезеңдер түрткі болмақшы. Ондайда бір адамның әлеуметтік тағдыры тұтас бір заманның кескін-келбетін түгел ашып бере алатынына көзіміз әбден жете түспекші. Бірақ, ол қарастырып отырған тарихи кезең мен тарихи тағдырдың алды-артын кеңінен шолып, жан-жақты таразылағанды талап етпекші. Біз де сөз еткелі отырған кейіпкеріміздің келелі тағдырының ең басты өзегін құрайтын процестерді әріден бастап әңгіме қылуға мәжбүрміз.

Уақыттың негізгі өлшемі – бітірілген іс деседі. Ал оның өз тұсындағы өмір сүргендердің өз мүдделері жолындағы рухани ізденістері мен әрекеттерінен өрбитіні аян. Кейде белгілі бір ұрпаққа, әлеуметтік заңдылықтар бойынша да, биологиялық заңдылықтар бойынша да тұтас бір тарихи процестерге белсене араласумен қоса, олардың өрбіп, өрістеуіне тікелей мұрындық болуға тура келеді екен.

Бұл реттен қарағанда, біздің дәуіріміздің ең өзекті өзгерістерін сонау қырқыншы жылдардың алды-артында дүниеге келіп, алпысыншы жылдары кәметке толған буынның өмір жолынан бөле-жара қарау еш мүмкін емес сияқты. Олардың тағдырын көзге елестеткенде, ежелгі гректердің «соғыс – бар нәрсенің атасы», өзіміздің қазақтың «жаман айтпай жақсы жоқ» дейтін қағидалары еріксіз еске түседі. Жиырмасыншы ғасыр бұның екеуінің де тегін айтылмағанына айғақ бола алғандай. Оның бірінші жартысы бастан-аяқ алыс-жұлыста, жер-жаһандық соғыстар мен революциялар үстінде өтті. Екінші жартысында әлгіндей шектен шыға тасқындаған әлеуметтік күш-жігер саябырсып, сабасына түскендей болды. Біз соның арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Аталмыш буын әлеуметтік мінез-құлықтың таптық шайқастардан гөрі саяси салиқалық

арнасына бұрылуына, ол процестің өркен жайып өрістеуіне тек куә болып қана қоймай, белгілі мөлшерде тікелей ықпал да ете алды десек, шындықтан аулақ кетпеспіз.

Бұлай болатын себебі де бар еді. Ғасыр басындағы алақызбалықтан аталары абырой таппады. Содан өршіген дүниежүзілік соғыста әкелері қан төкті. Талайының дүниеге келер-келмесіне, келсе, одан әрі дүниеде болар-болмасына әлденеше рет шындап қауіп төнді. Тура мағынасындағы өсу мен өшудің пышақтың жүзіндей қыл көпірінде тірлік кешуге тура келді. Әлеуметтік әумесерлік атаулыдан көз ашпай жатып жүректері шайлығып үлгерді. Білім алуға, еңбек етуге, өсіп-өнуге, әлеуметтік мерей-мәртебеге жетуге көбірек бейіл болды. Тоталитарлық сананың дағдарысын алғаш рет осы буынның өмірге қадам басуы бастап берді. Өмірдегі келеңсіздіктер мен көзқарастағы қасаңдықтардың көбесін сөгетін көктем лебіндей оң үміттер оятты. Ресми саясатпен келісе қоймайтын диссиденттік пікірлер етек жая бастады. Бұны үлкен саясаттағы мансапқор күштер өз мақсаттарына пайдаланбай қалған жоқ. «Хрущев жылымығы» дейтін құбылыс солай пайда болды. Бірақ, ұзақ дәурендей алмады. Мақсатына жеткен билікші топ қайтадан тоқмейілсіп, қоғам тоқырауға бет түзеді. Алайда, қандай әккі әлеуметтік инженерия да объективті алғышарттары қалыптасып қойған тарихи процестерді біржолата құмға сіңіріп жібере алмайды екен. Іштей екіұдайылық тек әдебиет пен өнерде ғана емес, әлеуметтік өмірдің барлық салалары мен қабаттарында, тіпті билік төңірегінде де мықтап орын теуіп үлгерген болып шықты. Әлденеше рет қолға алынған «жұмсақ реформалар» да содан өрбіпті. Қажет десеңіз, Кремль қабырғаларының арғы жағынан оқтын-оқтын оқыс ойқастап қоятын «саяси ойындар» да тек бақталастыққа ғана емес, өмірге түбегейлі өзгеріс керек екендігіне де иек артыпты.

Бәрі өлсе де, үміт өлмейді деген рас екен

Сөйтіп «елу үштің суық көктемінен» бастап іргесін сыз тарта бастаған социалистік догма сексен екінің суық күзінде әбден мүжіліп бітуге айналғанын мықтап сездіре бастады. Оны қайтадан қалыпқа келтіру әрекеттері апаттық жағдайды одан әрмен асқындырып жіберді. Қытайдағы мәдени революция, сурокоммунизм, венгр оқиғалары, «Прага көктемі», поляк кәсіподағының жеңісі, ауған соғысы, «жұлдызды соғыс», Берлин қабырғасының құлауы – социалистік жүйенің әлемдік бейбіт ықпалдастыққа шыдас бере алмайтынын аңғартты. Оның үстіне, атышулы алпысыншы жылдар ұрпағы енді әлеуметтік тізгіндерге де қол соза бастады. Бұл қоғамдағы өзгеріс аңсаушылықты одан әрмен күшейте түсті.

Бірақ, бұл кездегі ауыздан түспеген «адам кейіптес социализм», «ізгілендірілген социализм» орнату да біраздан кейін шындықтан гөрі қиял дүниесіне қарай ойысты. Кеңестік билік тобы енді халықаралық ықпалдылықтан іштей күдер үзіп, өз мемлекетінің империялық сипатынан айырылып қалмауына көбірек көңіл бөлуге мәжбүр болды. Бұл жолда, керек болса, маркстік қағидаларды да белден басудан тайынбайтындықтарын байқатып үлгерді. Ұлттық-аймақтық

мемлекеттік түзілімнен бас тартып, бірыңғай аймақтық құрылымдарға көшу көбірек ауызға алынды. Ұлттардың өзін өзі билеуі құқына астыртын шабуыл енді ашық сипат ала бастады. Одақтас республикаларды өз-өзінен ұлтсыздандыру саясаты енді мүлдем дәрменсіздендіруге ауысты. Ол үшін жергілікті элиталарды біржолата ауыздықтау қолға алынды. Оған сылтау аз емес-ті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күллі ел бойынша емес, тек ұлт республикаларында ғана ең қатал, мейлінше кең ауқымда қарқын алды. Бірақ, ол көздеген мақсатқа жетуге тым аздық етті. Бұрын да талай рет жүзеге асырылған ұлтшылдықпен жаппай күрес қайтадан қаулай жөнелді. Тапшыл интернационализм алхимиктері күні кешеге дейін өздері мақтанып келген «халықтар достығының лабораториясында» өз қолдарымен қопарылыс туғызып, әлеуметтік дүрбелеңдер аймағына айналдырып, Қазақстанға алдымен бас салды. Мұны көрген өзге республикалар қол қусырып қарап отыра алмады. Сырттан таңылған «ұлтшылдық ойындары» орталық пен аймақтар арасындағы тек этникалық қана емес, аса күрделі саяси-экономикалық алалаушылықтың да бетін ашты. Аймақтық, салалық, тіпті кәсіпорындық сепаратизм тірілді. Жетекші партияның өз ішінде құрылымдық текетірес оянды. Оның бәрін демократиялану жолындағы күрес деп түсіндіруден басқа амал қалмады. Жеке адамға табынушылық тұсындағы «темірдей тәртіп» қайта оянып кете ме деп қорқып отырған қоғам бұл ұранды қуана желеулетіп әкетті. Жоғарыдағылардың көрер көзге дағдарысы төмендегілердің жаппай желпінісін туғызды.

Ойда жоқта оқыс бағытқа бұрылған оқиғалар дүмпуі көп құрамды қоғамның барлық сегменттерін түгел қамти бастады. Азаматтық бостандықпен қоса ұлттық тәуелсіздік мәселесі де өткірлене түсті. «Қазақстанды есеңгірету» операциясы қалғандарды есейту операциясына айналды. Ұлттардың өзін өзі билеуі мен өз дамуын өзі бағыттау құқын жүзеге асырудың жолдары шынымен толғандыратынды шығарды. Көптеген республикаларда халықтық майдандар ашылып, нақты әрекеттерге көшті.

Дүбірлеген дүрлігісті кеңістікте Қазақстан ғана әрі-сәрі, әрпіл-тәрпіл хал кешті. Озбыр метрополия оны әп дегеннен әлгідей дәмеден күдер үздіруге тырысты. Кешегі жақ жаппай мақтау енді даттаумен алмасты. Қазақстан экономикасы басқалардың есебінен күн көріп отырған масыл экономика, қазақ халқы мәдени-әлеуметтік дамуы жағынан артта қалған үлгі ретінде кескінделді. Тіпті, басым көпшілігі өз тілін өзі ұмытып қалған халыққа орталықтан келген көреген басшы ана тілін өзі үйретіп жатқан болып көрсетілді. Өз алдына мемлекет болмақ түгілі, өз арасынан басшы тауып қоя алатын да мүмкіндігі жоқ мүжәлсіз республика жайында қайдағы жоқ қисындар таратылып бақты. Бұл кеңістікті ежелден мекендеп келген «басқа автохтондар» іздеу қуатталды. Зиялы қауым мен халықтық бұқараның арасына сына қағатын, ұлттық элитаның өзара қырқысын оятатын сан қилы айла-шарғылар қарастырылды. Бірақ қазақ халқы мәңгүрттіктен әлдеқашан өтіп кеткендігін тек желтоқсан күндерінде ғана емес, одан кейінгі кезеңде де айқын аңғартты. Елде аса қуатты антиядролық, ана тілін, туған табиғатын қорғау, тарихи зердені қалпына келтіру жолындағы қозғалыстар етек жайды. Орталықтың

таза әлеуметтік қиыншылықтардан туындаған Жаңаөзен оқиғаларын пайдаланып, ұлт араздығын қоздырып, соны сылтау етіп, «қазақ ұлтшылдығымен» күресті одан әрмен пәрмендендіре түспек ниеті іске аспай қалды. Уақыт «қызыл штабтар» сәуегейлігімен есептеспейтінді шығарды. Қазақстандай көп ұлтты қоғамдағы ахуалды орнықты қалыпта ұстаудың қай жаққа да тиімді екендігін түсінетін көзқарастар пайда болды. Ол үшін мұндағы жағдайды жетік білетін етене басшы қажеттілігі кім-кімге де аян еді. Қазақстанды бұдан әрі де «бұрышқа тұрғызып қойған тентек баланың» жағдайында қалдыруға болмайтындығы КСРО Халық депутаттары І құрылтайында ашық сөз етілді.

Құдай оңғарғанда

Таңдауды бұрындағыдай Орталық Комитеттің ұйымдастыру бөлімі емес, уақыттың өзі жасады. Шөп оған дейін республика үкіметін басқарып келген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа түсті. Бұл жұртшылық тарапынан үлкен оптимизм оятты.

Н.Ә.Назарбаев – жоғарыда сөз болған алпысыншы жылдардың түлегі еді. Оны да кеңінен танымал еткен сол буынға тән жаңалыққа алабөтен құштарлық еді. Шамалған ауылындағы шаруажай отбасында туған жасөспірім жігіттің аты мектеп бітірген бойда-ақ күллі республиканың ауызына ілікті. Барша қазақ жастарын индустриялық мамандықтарды игеруге шақырып, жаңадан салынып жатқан Қарағанды металлургия комбинатына аттанғаны сол кездің саяси өміріндегі елеулі оқиға болды. Бұл – аталмыш кезеңдегі ресми саясаттың ата-бабадан басты мұра боп келе жатқан ақ таяқты қолға алып, жаппай қой бағуға шақырған үндеулеріне атымен кереғар бастама еді. Ол кеңес өкіметінің әу бастан ақырына дейін мықтап ұстанған қазақтарды индустрия саласынан мейлінше шетқақпай ұстауға тырысқан іш есебімен де сыйыспайтын еді. Өндірістің мұнай мен құрылыстан басқа қай саласын алсаңыз да, жергілікті ұлт өкілінің саны 5-10 пайыздан аспайтын. Нұрсұлтанның бастамасына жер-жердегі қазақ жастары үн қосты. Университетте оқып жүрген біздің арамыздан да оқуын тастап, Теміртауға аттанғандар болды. Бүйтіп өз кезеңінің қаһарманы атанған жас жігіттің шын мәніндегі бастамашы екендігін немесе идеологиялық штабтар қолдан жасаған насихат қуыршағы екендігін анықтап білуге деген әуестік оянды. Осы жолдарды жазып отырған адамға сол жылдары ол бітірген Қаскелеңдегі Абай атындағы орта мектепте педагогикалық тәжірибеден өтуге тура келді. Ұстаздары да, мектептестері де Нұрсұлтаннан әуелден де үлкен үміт күтеді екен. Бала кезінен ерекше көзге түсіпті. Ештеңеден тайына қоймайтын батыл мінезіне қарамастан ырду-дырдуға онша құмар емес, көбіне-көп оңаша ойнайтын қиялшыл әрі қайсар бала болыпты. Біресе геолог, біресе ұшқыш болуды армандапты. Кітапты көп оқыпты. «Болар бала» екендігін ерте аңғартыпты.

Мектептерінің ол айтқандары рас боп шықты. Өзге «бастамашылдардай» баспасөз бен жиындардың төрін бермейтін «тойшылық» дәурен кешпей, металлург болудың жолына шындап түсті. Өзі қорытқан болаттай қапысыз шыңдалды.

Өз мамандығын жетік білумен қоса әлеуметтік өмірге де белсене араласты. Сырттай оқып, жоғары білім алды. Өнер құды. Спортпен шұғылданды. Немен айналысса да, бәйгенің алдын бермеуге тырысты. Суырылып алға шықпай қоймайтын сүлей мінезін танытты. Көзге түсе білетін, көргендердің көңілінен шыға білетін және бір ұнатқан адамдары жабысып айырылмай қоятын ерекше өтімді, соған қарамастан аса көпшіл жігіт болғандығын, қасындағылардың намысын жыртып, еселерін ешкімге жібертпейтін өжеттігін көре қалғандар мен біле қалғандар әліге дейін ерекше ризашылықпен айтады. Басшылық қызметке де сол көпшіл мінезіне бола еңбектес ортасы көтеріпті.

Өз айтқандары болмаса, азғырғанға көне қоймайтын әлеуметтік қиқарлығы мол жұмысшы орта кезекті бір партия конференциясында жоғарғы жақтың ұсынған адамын партком хатшылығына өткізбей қояды. Одақтық дәрежедегі алып комбинаттың саяси басшылығына өз ортасынан шыққан талантты да талапшыл жас инженерді ұсынады. Өу бастан-ақ көптің қолдауына сүйеніп, шын мәнінде де, төменнен көтерілген жас хатшы батылдығы мен ұйымдастырушылық тегеурінімен бірден көзге түседі. Металлургия саласының өздерін «жарты патша» сезініп қалған не бір әупірім басшылары да кеп ұзамай онымен есептесетінді шығарды. Қалалық, облыстық, республикалық, одақтық саяси басшылық та оның зеректігі мен алғырлығын бағалай бастайды. Алып комбинаттың дер кезінде іске қосылуына, онда нағыз осы замандық технологиялық циклдардың ойдағыдай жүзеге асырылуына тікелей мұрындық болады. Қатардағы жұмысшыдан бастап, одақтық министрлерге дейін, бұрынғы цехтас достарынан бастап, ең жоғарғы партия мен үкімет басшыларына дейін бірге отырып, мәселе талқылап, терезесі тең сөйлесуге жетілген жас хатшыда үлкен саясатқа керек сарапшыл ой, азаматтық уыт, жігер мен ерік, әлеуметтің тілін табуға жетіктік, көп ұлтты ортаны түгел мойындата алатындай мәдени-интеллектуалдық биік өре, көшелі мінез-құлық қалыптасты.

Жұмысшылықтан бастап, цех, зауыт, комбинат, қала, облыс басшылығы мектебінен түгел сүрінбей өткен жігерлі маман көп ұзамай республикалық саясат сахнасынан бір-ақ шықты. Жастайынан «ауылда туған қазақ баласының қолынан анау келеді, мынау келмейді дейтін бөтеннің кемсітіп, өзіміздің өзімізді тұқыртып, айта салатын ұшқары пікірлерге өлердей ыза боп, оны жеке басының өнегесімен теріске шығарып бағуды мұрат қып өскен өткір де өжет азамат жоғары эшелонға іліккен соң да жібектей есіле қалмайды. Оның қарымдылығы, мәселенің байыбына бармай қоймайтын пайымдылығы көпті көрген аққаптал ортаның көзіне бірден шалынады. Бірақ, биліктің жоғары деңгейінде мұндай тым озғын қасиеттерге мақтана қарайтындардан гөрі сақтана қарайтындардың көп болатындығы аян. Оның үстіне, Назарбаевтың саяси шарықтауы кеңестік қоғамның тоз-тозы шыға бастаған қопарылмалы кезеңіне тұспа-тұс келді.

Ол кезде орталық басшылықтың ұйымдастырушы технологтары Қазақстан басшылығын қауқарсыздандыруды мықтап қолға алған еді. Олар қолда бар ұлттық элитаны моральдық тұрғыдан іріте түсудің күрделі жүйесін жасақтап, жүзеге асыруға кіріскен-ді. Оларды әуелі бір-біріне айдап салып, дүрдараздыққа ұрындырды. Сүйтіп, әрқайсысының арттарынан сөз ертті. Сосын озара есеп

айырысуға итермеледі. Сүйтіп ежелден бар «өздерін өздеріне құртқызу» сценарийін іске қосты. Ақыр аяғында істі насырға шаптырып, кездейсоқ жанжалдар мен дүрбелеңдерге ұрындырып, әркім өз басымен өзі қайғы боп кететін жаппай пұшаймандыққа ұшыратты. Оқиғалардың барысы, қазақ қауымын ұзақ уақытқа дейін бір-бірімен қырқыстырып қоюдың айла-шарғысы әуелден-ақ жанжақты ойластырылып, тыңғылықты әзірленгендігін көрсетті. Ол кездегі көзге бірде көрініп, бірде көрінбей жүріп жатқан бұл саяси зымияндыққа, жымысқы шабуылдар мен жүйелі түрде жүргізілген қоқан-лоқыға төтеп беру кім-кімге де оңай емес-тұғын. Біреулер қудалауға шыдай алмай, қаралай жүнжіп кетті. Біреулер қайткенде көңілден шығамын деп, шамадан тыс солақайлыққа ұрынды. Біреулер бәрінен де баз кешті. Тағы да сол балапан басына, тұрымтай тұсына дейтіндей заман кез келді. Тек өте санаулылар ғана ағымдағы саясаттың ауқымымен шектелмей, замана аңғарын алыстан аңдай алды. Болашағы зор бағыттарға орайлас қимылдауға ұмтылды. Сол арқылы әлгіндей әбжіл ұйықтарға батып қалмай, жемісті ізденістер арнасына уақытылы көше білді. Ол мақсаттағы амалдан да, айла-шарғыдан да, ашық күрестен де тайсалмады. Аталмыш кезеңдегі Қазақстан басшылығына бұндай өрелі талапқа бірден бір жауап бере алған адам Нұрсұлтан Назарбаев болды десек, артық айтқан болмаспыз.

Бұған КСРО халық депутаттарының I құрылтайы барысында күллі кеңес қоғамының көзі жете бастады. Қазақстан депутациясының бір кезде Кремльдегілер ат басындай алтын тапқандай қуанып аттандырған ресми басшысы көлеңкеде қалды. Жұртты қайтіп алдап-сулауды жақсы білетін, тіпті айнадан өзін көрсе де, өзіне өзі қаралай қылымсып бітетін әккі мансапқор көзапара асты-үстіне төңкеріліп бара жатқан аламан-асыр замананың тұтқиыл мәселелеріне белсене жауап іздеуде оралымдылық таныта алмай, тосылып қалды. Қазақстанда жүргенде бүкіл бір жаңадан салынған алматылық балалар бақшасында бүлдіршіндердің өз ана тілінде тәлім-тәрбие алғанынан басқа қабырғасына ештеңе батып көрмеген көлденең көк атты кімнің жыртысын жыртып әуре болушы еді!? Аузына құм құйылды. Ақылды да тапқыр қазақ саясатшысы суырылып алға шықты. Әсіресе, сол кездегі ең даулы мәселенің бірі – Тбилиси оқиғаларына байланысты істерді тексеретін парламент комиссиясының қызметін басқаруы қандай зеңгір биіктен де басы айнала қоймайтын, қандай шытырман шырғалаңнан да жол таба алатын сарабдал саясатшылық талантты қапысыз айғақтай алды. Сол-ақ екен депутат Назарбаевтың алдынан одақтық саяси олимпке көтерілер сан тармақ жолдар ойқастап шыға бастады. КСРО Президенті институты бекітілгенде вице-президенттікке алдымен соның кандидатурасы ұсынылды. Кенеуі кете бастаған одақты қалай құтқарып қалудың амалы табылмай, дағдарғанда КСРО үкіметін басқару содан сұралды. Тамыз дүрбелеңдерінен кейінгі одақтың болашағын талқылайтын әйгілі жиында бас баяндаманы жасау басқаға емес, Назарбаевқа сеніп тапсырылды. Сол бір күндері «Россия» мейманханасынан Спасск қақпасына дейін жолдың екі бетіне қызыл жалауша ұстап тұрған пикетшілердің Қазақстан өкілдерін көргенде көздерінде жылт оянып: «Назарбаев, Назарбаев!» деп, шуылдасқаны да, әншейінде

әңгімеге дес бермейтін парламентшілердің мінбедегі Нұрсұлтан Әбішұлының әр сөзін қалт жібермей, сілтідей тынып тыңдағаны да, үзіліс кезінде төралқа залына бас сұққанымда, Форос оқиғасынан кейін құқылданып, құты қашып, сұп-сұр киініп, сұңғақтана түскен Горбачевтың қақ төрге шалжия жайғасқан қазақ басшысының біресе ана құлағына, біресе мына құлағына барып, бірдеңелерді айтып, қызарақтап, құрақ ұшып жүргені де әлі көз алдымда. Сонда ішімнен: «шіркін, аума-төкпе дүние-ай!», – деп тәубама келгем. Сүйтіп, бір кезде өзінен басшы табылмайды делінген республиканың жаңа жетекшісі әлемдегі ең ірі екі державаның біреуінің басына іс түскенде, ауызға алдымен ілігіп, ең білікті сарапшы, ең үйірімді мәмлегер ретінде мойындалды. Бұл ешқандай жоғарыдан жасалған айырықша шарапат, айырықша қолдау арқылы келмеген нағыз мойындау, шынайы бедел еді.

Бір айта кететін жағдай, қазақ басшысы әңгіме болып отырған қиын қыстау күндерде асқан талантымен қоса аса терең интуициясын да анық байқата алды. Өлгіндей жоғары лауазымдардың бәрінен де бас тартты. Тамыз дүрбелеңі тұсында да, Беловежье кездесуі кезінде де ерекше Ұстамдылығымен көзге түсті. Түпкілікті шешім қабылдауға асықпады. Бұл тек өз басын ғана емес, елі мен халқының тағдырын да әр түрлі кездейсоқтықтан аман сақтап қалуға, жағдайдың алды-артын жан-жақты таразылап, қапы соғып қалмайтындай дұрыс таңдау жасауына мүмкіндік берді. Саясат – тіпті де, спорт емес. Көзжұмбайлықты көтермейді.

Назарбаевтың республика басшылығына келуі Қазақстанды әлемдік қоғамдық пікірде ол кездегі одақтық кеңістіктің сан қилы лақапқа толы ең бір экзотикалық аймағы ретінде бейнеленіп келген қитұрқы ахуалдан біржолата арылтты. Өз тұсындағы заманалық процестерге батыл араласып, өзінің беделді сөзін белсене айтуға мүмкіндік алып берді. Жаңа басшы бұған бірден бір тосқауыл болып келген «қазақ ұлтшылдығы» туралы нақақ айыптаудың күшін жоюды үзілді-кесілді түрде талап етті. Бұл – озбыр орталықтың бір кезде өзі жіберген өрескел әділетсіздігін өзіне мойындату еді. Күллі ұлт үшін үлкен моральдық жеңіс еді. Оның үстіне, бұл жаңа бірінші хатшының бұған дейінгі басшылықтардай орталықтың айтқанын екі етпейтін, жүндеуге жақсы жуас түйе болмайтындығын аңғартты. Сол арқылы өзін жоғары жақ тағайындаған жолбике емес, уақыттың өзі шығарып, өзі өмір сүріп отырған үлкен әлеуметтік ортаның өзі қолдап отырған саяси басшы деп санайтындығын ашық көрсетті. Бұл – Нұрсұлтан Назарбаевтың аса қиын тарихи кезеңдегі нағыз халықтық таңдауға жан-тәнімен пейіл болып, ол дәметкен өреден шығуға ашықтан ашық ұмтылған бірінші нар тәуекелі еді.

Сүйтіп, Қазақстанды қақпақылға салу саясатының тамырына балта шабылды. Жаңа басшы аса күрделі саяси ахуал тұсында аса өткір талас тудырған «Тіл туралы заңды» қабылдауға тікелей атсалысты. Әр жылдарғы саяси науқандар тұсында адам танымастай бұрмаланған ұлттық тарихымызға жасалған зиянкестіктің салдарын жүйелі түрде түзетуді жолға қойды. Кадр саясатындағы асыра сілтеу тыйылды. Ұлттық тәуелсіздігіміз жолындағы күрестің тұсауы алына бастады. Желтоқсан оқиғаларына қатысушыларға, орынсыз қудалауға ұшы-

раған басшылар мен зиялы қауым өкілдеріне байланысты әлеуметтік әділетті қалпына келтіру қолға алынды. Шын билікті партия комитеттерінен біртіндеп мемлекеттік басқару институттарына алып берудің күрделі процестерін жүйелі және бейбіт түрде жүзеге асыруға бағыт түзелді. Жоғарғы Кеңес, партия органдарының кезекті сайлаулары тұңғыш рет демократиялық негізде өткізілді. Қазақ басшының келуі этникалық астамшылықты өрбітіп, ұлт араздығын шиеленістіреді деп байбаламдаған сәуегейлік те бекер боп шықты. Жаңа басшы Жоғарғы Кеңеске сайлау округынан дауысқа түсіп, қалың электораттың тікелей қолдауына ие болды. Жаңадан шақырылған Жоғарғы Кеңес оны бір ауыздан республиканың тұңғыш Президенті етіп сайлады.

Бұның бәрі Кеңес Одағының ыдырауы, Коммунистік партияның биліктен кетуі сынды аса шетін оқиғалар тұсында мейлінше көп ұлтты, көп құрамды, мейлінше күрделі республиканың кездейсоқ сілкіністерге бой алдырмай, орнықты өмір сүруіне шешуші ықпал етті. Өйткені, Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірбаяны мен қызмет жолы көп сегментті қазақстандық қоғамның кез келген бөлігі өз адамымыз деп санауына әбден мүмкіндік беретін еді. Ол өз саяси беделінің ең басты арқауы болып табылатын осы қасиетке ешқандай ақау түсірмеуге өте-мөте мұқият қарады. Ол өз отандастарын күннен күнге күшейе түскен қопарылмалы жағдайдың аударма-төңкермелерінен аман алып қалатындай қауіпсіз саяси кеңістік жасақтап үлгеруге ең алдымен күш салды. Ол үшін әлгіндей кеңістік халықаралық құқтың субъектісі бола алатындай саяси мәртебеге қол жеткізуі керек еді. Бұл – Президент Назарбаевтың саяси тағдырындағы ең басты, ең қиын емтихан еді. Бұл мәселедегі дәл оның басындағыдай күрделі жағдай басқа республикалар басшыларының бір де бірінде жоқ еді. Сондықтан да оған бұрын-соңды жан баспаған ғалам қойнауына барып қайтқалы тұрған тұңғыш ғарышкердің жүрек жұтқан ерлігі мен ең соңғы шешуші шайқасты жүзеге асыратын ең тәжірибелі қолбасшыға тән ештеңеден мүлт кетпейтін асқан салқынқандылық пен қырағылық керек еді.

Қазақстан басшысы үшін асқан абайшылдықтың басты талап болуы қай жағынан да орынды еді. Жиырмасыншы ғасырда көз көріп, құлақ естімеген әскери, әлеуметтік, саяси-экономикалық сынақтардың басты алаңы мен басты құрбандығына айналған қазақ жеріндегі басқа жер, қазақ еліндей басқа ел жоқ шығар. Үш ғасыр бойына классикалық отаршылдықтың тырнағында түтілген бұратана жұрт ұлттық қасиеттерінің ең соңғы тамтықтарынан да айырылып, әбден тұлдырланып қалуға айналып еді. Бұны әсіреңкі идеология тоталитаризм тарапынан кеткен әлеуметтік әділетсіздік деп емес, ұлттың өзіне тән әлеуметтік мешеулік деп бағалап, көзге шұқып бақты. Ең өкініштісі – ғасыр басында арасындағы басқа жұрт өкілдері жиырма пайызға жетпейтін біртұтас ұлт санаулы жылдар ішінде өз жерінде өзі, ең болмаса, ел тұрғындарының жартысын құрамайтын азшылыққа айналып шыға келді. Жоспарлы түрде үсті-үстіне көшіріліп әкелген жаңа тұрғындар өздерін бос жатқан құла түзді алғаш игерушілерміз деп сезінді. Оған солай деп құлақтарына құйып баққан идеология кінәлі еді. Байырғы тұрғындардың мүддесін ескермек түгілі естігісі келмейтін тапшыл экспансионизм үстемдік құрды. Мұндай жағдайда тарих алға тосып отырған түпкілікті халыққа бай-

ланысты әлеуметтік әділетті қазіргі тарихи қалыптасып қалған жағдайды ескере отырып қалпына келтіру міндеті – қиынның да қиыны еді. Оны құптамақ түгілі естігісі келмейтін қиқар күштер қай тарапта да жеткілікті болары түсінікті еді. Бірақ, бұл одан әрі кейінге ысырып тастауға көнбейтін аса шетін мәселе еді. Саясатшы Назарбаев дәл мұндай бірінен бірі асқан тосқауылға толы қиын қашықтықты асқан төзімділікпен әрі шеберлікпен еңсере алды. Әуелі Қазақстандағы диаспоралар өкілдерінің әрқайсысының тарихи отандарында бұл мәселенің қалай шешімделіп жатқанын көріп-біліп алуларына мүмкіндік берілді. Бұрынғы одақтас республикалардың көбі өз егемендігін жариялаған соң барып, әлгі мәселе ашық талқыға салынды. Соның арқасында аса қиын жағдайда керекті көпшілік дауыс қамтамасыз етілді. Егемендік туралы мәлімдеме қабылдау кезіндегі саяси таластар бұл мәселеге әлгіндей абайшылдықпен қарамай, ат үсті кірісе салу елдегі қоғамдық татулық пен орнықтылық үшін аса қауіпті көзжұмбайлық болатынын анық көрсетіп берді.

Аталмыш мәселе қаралған тұста біреулер ешқандай егеменді мемлекет емес, бірден ашық азаматтық қоғамды – әлдеқандай бір ұлтсыздық кеңістігін орнатуды талап етті. Біреулер баяғыдан бері көріп келген зорлық-зомбылықтың есесін бір күнде қайтаратындай классикалық ұлттық мемлекетті жариялауды талап етті. Бұның екеуі де – максималистік асығып-үсігушілік еді. Мәселені бұлай үзілді-кесілді қою сол кездегі жағдайда төл мемлекеттілігімізге біртіндеп жетісудің қиын да күрделі жолын бірден қырқатын қатерлі ағаттық болып шығар еді. Назарбаевтың абайшылдығы мен тәсілқойлығы ондай қауіпке ұрынудан уақытылы сақтап қала алды.

Сол жылы тәуекелге бел буғанымыз қандай жақсы болған!

Бұл дер кезінде дұрыс жасалған қадам екендігі араға жыл түспей жатып-ақ түсінікті болды. Атышулы тамыз дүрбелеңдері күндері Мәскеу жариялаған төтенше жағдайдың жетегінде кетпеуімізге бірден бір құқтық тосқауыл – балаң егемендігіміз болды. Президент Назарбаев сол бір қысылтаяң күндері тек соған сүйеніп, аңыс аңдай тұра алар мүмкіндік алды. Ол Кеңестер одағының заңды Президентінің тағдырына алаңдаушылық білдіріп мәлімдеме жасады. Қызыл реакцияның жан-жақтан алқымдаған лықсыма дүмпулеріне ұтымды тойтарыс бере алды. Басына күн түскен орталық басшылық ес жиып үлгермей тұрғанда, Қазақстандағы саясат тізгіні конституциялық мемлекеттік билік орындарына біржолата көшті. Президент енді ешқандай саяси партиялардың қызметіне араласпай, бірыңғай мемлекеттік қызметпен айналысатын болды. Енді оған ешқандай саяси ұйым жарғылық қысым жасай алмайтын болды. Онысыз да өзгер аллалап күн көріп отырған көп құрамды қоғамға қалаған уақытта от жібере алатын «бикфорд пілтесі» уақытында үзілді.

Адам көрмеген шапшаңдықпен өрістеген тарихи процестердің алды-артын бірдей пайымдай алатын көрегендік Нұрсұлтан Назарбаевқа саяси күштердің ара салмағы өз пайдасына шығып тұрған қолайлы сәтті мүлт жібермей, тікелей Президент сайлауын өткізіп, соған дауысқа түсуге бел буғызды. Ол кездегі

дауысқа түсу – сират көпірден тірілей өткендей аса қиын шаруа еді. Айналасы үш жылдың ішінде бір рет сайлау округынан Жоғарғы Кеңеске – депутаттыққа, бір рет партия съезінде – бірінші хатшылыққа, бір рет Парламентте – президенттікке дауысқа түсіп көрген саясатшының төртінші рет – бүкілхалықтық дауысқа түсуге тәуекел етуі сайлау құмарлықтан немесе оған әбден еті үйреніп кеткендіктен емес еді. Алда тұрған бұрын-соңды қолға алынып көрмеген тарихи міндеттерді жүзеге асыруға бел буып кірісу үшін халықтың өз қолынан тапсырған, құқтық жағынан, күнде өзгеріп жатқан өтпелі кезеңнің ешқандай дау-дамайына ұшырамайтындай құзырлы мандаты керек болды.

Көп ұлтты Қазақстан сол бір алмағайып кезеңде өз тағдырын Нұрсұлтан Назарбаевқа өз қолынан сеніп тапсырды. Өйткені, оның бойында көп құрамды қоғамның басшысына тән пікір алуандығымен есептесе білетін сарапшылдық, текетірес күштердің арасында сыңарезулікке ұрынбайтын медиаторлық шеберлік, күрделі шындыққа жүрексінбей қарай алатын сергек реализм, әлеуметтік және этникалық жарастыққа деген адалдық, қасарыспа емес табандылық пен сіреспе емес ұстамдылық бар екендігін тек кәсіби саясатшылар ғана емес, қалың бұқара да біліп үлгерген-ді.

Жұртшылық ол сенімдерінің өте орынды екендігіне көп ұзамай-ақ көздері жете бастады. Президент атышулы тамыз оқиғасы біржолата тарихтың алыс қойнауларына лақтырып тастай жаздаған өзекті мәселелерді бірінші кезекте шешуді қолға ала бастады. Қызметке ресми кірісе сала, Жоғарғы Кеңеске Тәуелсіздік туралы заңның жобасын ұсынды. Өйткені, КСРО-ның ғұмыры санаулы екендігі енді кім-кімге де аян еді. Кеңестік кеңістікке жаппай беймәлімдік пен әрі-сәрілік ахуалы қауіп төндірді. Тарих тереңіне кеткелі тұрған мемлекеттің ең соңғы басшысы Қазақстан тәуелсіздігінің жолына жарылғыш бомба лақтырып үлгерді. Қазақстанның бес облысы тың игеру кезінде Ресейден берілген деп мәлімдеме жасады. Заңгер саясатшы бұл лақаптың құқтық негізі жоқ екендігін жақсы білді. Бірақ, сөйте тұра, тәуелсіздікке бет алған Қазақстанның мойынындағы отаршылдық қыл тұзағын одан сайын шие байлап, оны саяси дербестіктен біржолата күдер үздіріп кетуге тырысып баққан қасарыспа саясатының соңғы түйінін өз қолымен түйе кеткісі келді. Уақыт оздырмай қимылдап қалуға тура келді. Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігі – тарихи шындыққа, орындалған арманға айналды. Оны санаулы апталар ішінде барлық мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар мойындап үлгерді. Ең алдыңғылардың бірі боп тәуелсіз Ресей және оның тұңғыш Президенті Борис Ельцин мойындады. Бұған екі ел арасындағы тарихи қалыптасқан байланыстармен бірге қазақ басшысының тамыз оқиғалары, Беловежье кездесуі күндеріндегі ұстанған байыпты позициясы мен байсалды мінезі аз себепші болған жоқ.

Президент Назарбаев саяси сергектік пен өрелілік үлгісін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құруда да айқын көрсетті. Ойда жоқта орасан қарқын ала бастаған ыдырау процестерін ырықтан шығарып алмауға мейілінше зор үлес қосты. Ашғабат кездесуін өткізуге ат салысып, бұрынғы Одақтың таза этникалық ыңғайластықтағы екі қанатқа қақ жарылып кетуіне жол бермеуде

шешуші қызмет атқарды. Іле-шала Алматы кездесуін ұйымдастырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құруға, оны халықаралық қарым-қатынастардың көпшілік мойындаған қағидаларына көшіруге уақтылы ықпал ете алды.

Ол тәуелсіз мемлекеттердің тарихи энтузиазмы босаң тартпай тұрған кезде тұңғыш Ата Заңымызды, мемлекеттік рәміздерді қабылдап үлгеруге көп жігер жұмсады. Бұл тұста да ұлттар арасына салқындық түспеуіне мықтап көңіл бөлінді. Саяси мәміленің төселген шебері екендігін тағы да дәлелдеп шыға алды. Әрине, мұндай қиын процестердің шын астары мен салдарына қалған жұртшылық әлі қанығып үлгермей жатқанда қабылданған заңдардың іштей бір-бірімен қабыспайтын қайшылықтары мен селкеулері көп болатындығы көп ұзамай-ақ байқала бастады. Алайда, аталмыш кезеңде мемлекеттік тәуелсіздігімізді конституциялық деңгейде заңдастырып, дүниежүзілік деңгейде ресми мойындатып, халықаралық құқтың заңды тұлғасы екендігімізді барлық жағынан дәйектеп үлгермегенде, елімізде қолға алынған реформаларды одан әрі өрістетуді қамтамасыз ете алатындай дербес саяси кеңістікке қол жеткізе алу-алмауымыз неғайбыл екендігі арада көп уақыт өтпей-ақ айқын сезіле бастады.

Қырсыққанда қымыран іриді дегендей

Көршілес кеңістіктерде реформашыл бағыт пен өткенді көксеуші күштердің бетпе-бет шарпысуы аяқ астынан асқындап кетті. Олай болатын жөні де бар еді. Жиырма жылдан бері жүріп жатқан процестерге қалың қауым түгілі саяси элитаның өзі әлі түгел қанығып үлгермеген болып шықты. Көбіне-көп көзделген мақсат пен жеткен нәтижесінің арасы жер мен көктей алшақ түсіп жатты.

Жетпіс жыл бойына бір саяси науқаннан соң бір саяси науқанға ұрынып, ол негізінен бұрынғы орын алған былықтарды әшкерелеумен тындырылып келген тоталитарлық сана жасампаздықтан гөрі жойымпаздыққа көбірек баулынған еді. Оған тас-талқан қылып сойып салар саяси жемтік тауып берсең болғаны, басқаның бәрін ұмытып кететін еді. Кейінгісі алдыңғысының өлекесін кеміріп, ақыр аяғында өзін-өзі жалмап жұтқан тоталитаризммен бірге, ол қалыптастырған әлеуметтік жыртқыштық пен саяси әпербақандықтың да қарасы өше қоймапты. Оның үстіне қайта құруды бастаған күштердің өзі ала-құла еді. Оған негізінен ұзақ жылғы геронтократиялық диктатураның салдарынан бақтары байланып келген номенклатуралық мансапқор күштер түрткі болды. Оларға өз мақсаттарына жету үшін неден де болса тайынбайтындарын көрсеткен ішкі-сыртқы наразы күштер де қосылды. Олардың арасында тоталитаризмнің құлауын шыннан аңсап келген диссидент күштер де, құр әншейін айтаққа шапқылайтын кездейсоқ топтар да бар еді. Тіпті, қайта құрудың өзінің орашалақтықтарынан таяқ жегендер де аз болмады. Бұл кешегі кеңестік социумның бойын кернеп келген әлеуметтік энергияның бірден жасампаздық арнаға түсуін қиындатты. Реформашылдық сара бағыт қалыптаспай тұрып әлеуметтік популизм бел алып кетті. Сондай шөре-шөре қоғам кейде не істеп, не қойғандарын өздері де аңғара алмай жатты. Нені қалай қайта құрудан гөрі, кімді қайтып құртуға көбірек мән берілді. Сүйтіп жүріп, жер-жаһанды бетке

қаратпаймын деп келген алып мемлекеттің кенет аяғы аспаннан келгенін көргенде, іштері удай ашығандар аз болмады. Өткенді көксеушілік көңіл күй солай пайда болды. Олар әлі саяси ұйымдасып, саналы күрес бағытын белгілеуге жетіле қоймаса да, қолға түскен мүмкіндіктерді құр жібермей, күрес салып бақты. Олар жаңа демократиялық қарым-қатынасты өз мақсаттарына пайдаланып қалуға тырысты. Көзқарастық тұрғыдан жүргізілетін партияаралық күрес әлі саралана қоймағандықтан, көпшіліктің көңіл күйінен пайда тауып қалуға ұмтылатын саяси популизм көбіне-көп парламент мінбесіне жүгірді. Мемлекеттік билік бұтақтарының өзара шайқасы осыдан келіп өріс алды. Мұндайда элеуметтік күш-жігер саяси текетірестердің шылауында кетіп, реформаның жолдан қалатыны белгілі.

Өткенді көксеуші күштердің әсіресе тәуелсіз мемлекеттерге тіс қайрауы көбейді. Олар өздері машықтанған үздіксіз шайқас жағдайын көрші кеңістіктерге де қанат жайғызуға тырысып бақты. Әр түрлі сылтау тауып сырттан одақтастар көбейту жолында жанталасты. Қазақстан да ішкі, сыртқы өткеншіл күштердің осындай қыспағына ұшырай бастады. Бұл ахуал Президент Назарбаевтың бұрынғы одақтас елдердің дағдарыстан бірігіп шығу, әлемдік-экономикалық ықпалдастыққа өзара келісілген ортақ іс-қимыл бағдарламасын жасап, бірге кіру, оған дейін тарихи қалыптасып қалған экономикалық қатынастарды нарыққа икемдеп, ортақ рынок ашу, сүйтіп, дағдарыс қиындықтарын бірлесіп жеңілдету жөніндегі бастамаларын аяқсыз қалдырды. Кеңестік кеңістіктегі экономикалық реформа ақылға сыйымды қалыпқа түсудің орнына одан әрмен жүйесіздене түсті. Бұрынғы экономикалық ықпалдастықтың күре тамыры үсті-үстіне қиылумен болды. Ең соңында, бірлескен валюталық аймақтың да есігі тарс жабылды.

«Жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар» дейтін күйге түсуге тура келді. Ұлттық валюта шығару соның бірінші қадамы болды. Нұрсұлтан Назарбаев ең соңғы дипломатиялық мүмкіндіктерге дейін түгел іске қосты. Бірақ одан нәтиже шықпайтынына көзі жеткен соң барып, тәуекелге бел буды. Кеше кеңестік құрылыстың жантәсілімі кезінде қауымның аман қалуы мен халықтардың өз болашақтарын өздері таңдап алуына жағдай жасау жолында әрқилы мәмілелерге бара білген Қазақстан Президенті жас тәуелсіздіктің баяндылығын қамтамасыз ететін демократиялық және нарықтық қатынастарды орнықтыруда мейілінше табандылық таныта алды.

Сол бір тұста оның қаншалықты жан толқынына түскені әлі есте. Премьер мәселемен барған Мәскеу сапарынан бір жола түңіліп қайтты. Президент өзі телефон соққанда да, жүріп бара жатқан пойыздың ең соңғы вагонына жармасқанмен, ештеңе шықпайтыны ашық айтылды. Бір сәт түнеріп отырған Нұрсұлтан Әбішұлы кенет жадырап: «Әй, өздеріне жақсы болса, солай-ақ болсын. Ендеше, бізге де керегі сол!», – деп қолын бір-ақ сілтеді. Ел басындағы серіктерінің бір тобын ертіп, арғы бабалары жатқан Үшқоңырға аттанды. Шамалған өзені бастау алатын сарқырамаға қарап отырып, сол арада өткен сәби күндерін еске алды. Ағайынды екі үй боп жатқан, шуылдасқан қасқырлар қой торыған көне қыстаудың орнына барды. Сол маңайда әлдеқашан тегістеліп кеткен бабалар зираттарының қара орнына тізерлеп отырып тәу еттік. Әр сөзінен,

әр қимылынан шиыршық атқан сезім, алабұртқан көңіл аңғарылып тұрды. Ол өткенді еске алғаннан емес, ертеңді ойлағаннан тұтанып жатқанын қапысыз түсініп отырдық. Бірнеше күннен соң Ташкенге Төле бидің басына тәу етуге ұшып бара жатып, Сара Алпысқызы үшеуіміз дәмге отырғанда ұлттық ақша шығаруға бір жолата бел буғанын айтты. Ордабасына көтеріліп бара жатқан Елбасымыздың көкірегінде қазандай қайнап бара жатқан сан қилы сезімдерді айтпай біліп тұрдық. Күнгеі баурайының көгісін күн шаға бастаған көне биіктің төскейіне қарай басылған қадамдар біздің: «Не де болса, көріп алдық. Алған беттен қайтпаймыз», деген нық сенімімізді сездіріп жатты. Шын мәніндегі дербес дамуға шындап кіріскен шырғалаңды сапарымыздың алғашқы іздері сол бір киелі топырақта әлі сайрап жатыр.

Ұлттық валютаның экономикалық дербестікке жетудің бірден бір кілті екендігі рас. Бірақ, аталмыш кезеңде басқаны қойып, қазақстандықтардың көпшілігіне төбеден жай түскендей әсер етті. Көп құрамды қоғамның едәуір бөлігі психологиялық дискомфортқа ұшырады. Олар экономика мен тұрмыстағы келеңсіздіктердің арғы астарына үңілмей, бар пәлені тәуелсіздік пен теңгенің шығуынан көруге бейім тұрды. Мәселені солай түсіндіруге ынталы күштер іштен де, сырттан да табылды. Оның үстіне сол кезде жаңа парламент сайлауын өткізуге тура келді. Қоғамдағы әлгіндей ахуал жаңа сайланған депутаттық корпусың саяси тұғырнамаларына да тиісті ықпал етті. Ол үкімет пен парламент арақатынасына өз салқынын тигізбей қойған жоқ. Президент Назарбаев өз отандастарының едәуір бөлігін қамтыған әлеуметтік абыржушылықты сейілту үшін және кеңестік кеңістікте ашық бой көрсете бастаған кертартпа пиғылдардың алдын алу үшін Евразиялық одақ құру жөнінде бастама көтерді. Ол жер шарының алтыдан бірін алып жатқан алапат кеңістікті ескірген технология мен күні өткен саяси стандарттардың қорығына айналдырып жібермеуді, әлемдік саяси-экономикалық ықпалдастықтың жаңа бір белді де беделді құрамдас бөлігін әбден сыннан өткен жаңа қағидалар мен қалыптарға лайықтап құруды көздеді. Бірақ, байырғы экономикалық қарым-қатынастарды барлық тараптың мүдделерін мұқият ескеріп, мемлекеттердің саяси егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап қалуларына кепілдік бере отырып, бейбіт түрде осы заманға лайықтап қайта құруға талпынған бұл үміт те үзілді. Кешегі кеңестік кеңістіктегі экономика жаппай құлдырауға ұшырады. Әсіресе, бұрын тоқсан пайыздайы өзге аймақтардағы технологиялық циклдарға жіпсіз байланып келген Қазақстан экономикасы қатты зардап шекті.

Мұндай жағдайда кешегі кеңестік кеңістікте өрістеп жатқан әлеуметтік-экономикалық процестердің жетегінде қала беру аса қауіпті еді. Өйткені, олар әлі кешегі қайта құру процестерінің шылауынан шыға қоймап еді. Қайта құру азаматтық қоғамдық ырықты мейілінше еркінсітіп, мемлекеттік билікті түбегейлі шайып жіберетін сипатта өрістеген-ді. Ол тоталитарлық жүйені тездетіп құлатуға аса қолайлы болып шықты. Ал соның арқасында тәуелсіздікке қол жеткізген қоғамдар бұдан әрі де сол сценарийдің айтқанымен жүре берсе, көп ұзатпай жаңа мемлекеттіліктерін өздері шайып жіберіп, сақал сипап қалулары ғажап емес еді. Басқаны қойғанда іргелі ел Ресейдің өзінде қайта құру кезеңінің

үрдісімен өрістетілген билік тармақтарының шайқасы жаппай текетіретің шектен шыға асқындап, бірін бірі зеңбіректен атқылауға дейін апарғаны белгілі. Мұндай әлеуметтік шамырығу жас тәуелсіздіктің тезірек нығайып, жас демократияның жеделдете кемелденуіне жеткізбейтіні түсінікті. Ол, әсіресе, қоғамдық қатынастарды заман талабына сәйкес жаңғырту мен экономиканы нарықтық қатынастарға көшіруді қиындатты. Реформаға өрши түскен әлеуметтік ашударды топанына тұншығып қалу қаупі төнді. Экономикада мемлекеттік үйлестірудің басымдығын жақтайтындар жаңа меншік қатынасына көшуді кешеуілдетіп бақты. Шаруашылық жүргізу бетімен кетті. Халық игілігін қаралай тонауға жол берілді. Өндіріс тоқтап, өнім тиылды. Экономикалық салалар бір-бірінің алдында белшеден қарызға батты. Әлеуметтік сала иесіз қалды. Мемлекет пен азаматтық қоғамды араздастырғысы келетіндердің құдайлары берді. Процесс одан әрмен ушығып кетпес үшін мемлекеттік билік жауапкершілікті өз қолына алып, саяси ерік көрсетуге мәжбүр болды. Оған тек бүкіл халық боп сенім көрсетілген Президент қана құқылы еді. Қазақстанда Президенттік билікке көшу жүзеге асырылды.

Шешінген судан тайынбас дейтін кезең келді

Референдум жолымен бүкілхалықтық сенімнің жаңа мандатына ие болған Президент жаңа Ата заңның қағидаларына сәйкес, саяси, әлеуметтік, экономикалық реформаны жеделдетуге қажетті құқтық базаны тез арада қамтамасыз етіп үлгерді. Бұл елдегі экономикалық дағдарыстың саяси-әлеуметтік дағдарысқа ұласып кетпеуіне мүмкіндік туғызды. Реформаға жүйелілік және тиісті қарқын бітті. Елбасы енді тереңдей бастаған реформаларға қолайлы әлеуметтік ауа-райын жасақтауға күш салды. Ол үшін осындай өзгерістер жасаған өзге мемлекеттердің тәжірибесін, әлемдік саясат пен экономиканың даму барысын жан-жақты зерттеп, тәуелсіз сарапшылардың көмегі мен кеңесіне сүйеніп, ресурстық мүмкіндіктерімізді, тарихи дәстүрлеріміз бен руханияттық болмысымыздың ерекшеліктерін, геосаяси жағдайымызды мұқият ескере отырып, қоғамымыздың реформашылдық күш-қуатына талдау жасалды. Соның арқасында «Қазақстан-2030» Стратегиясы жарық көріп, ұлттық реформамыздың ағымдағы, таяу жылдардағы және ұзақ мерзімдегі міндеттері сындарлы жүйеге келтірілді. Бұл реформа жүргізудегі бұрынғы қара-дүрсіндіктен, әрі-сәріліктен, оңшыл-солшыл ауытқымалық пен кейде босқа лағушылықтан арылуымызға шешуші ықпал етті. Ал бізде ондай тұзы жеңіл реформашылдықтың тигізген зардаптары аз емес еді. Алғашқы жылдардың эйфориясы халықтық игілікті үлестіруде жүйесіздік пен шашпалыққа, шетелдік инвестицияларды келешегі жоқ, кейде тіпті нарық табиғатымен сыйыспайтын жобалар мен кездейсоқ кәсіпкерлікке ысырап қылуға, нарық бәрін өзі түзейді дейтін желбуаз тоқмейілушілікке ұрындырғаны мәлім. Мұндай бейқамдық пен әсіре либерализмнің тасасына тығылған экономикалық меркантилизм мен снобизм жұртшылықты кәсіпкерлікке баулитын, орта және шағын бизнесті өркендетуге өріс туғызатын, сол арқылы демократия мен реформаның жұлын, омыртқасын түзетін орта

топты қалыптастыратын мүмкіндіктерді зая қып жіберді. Халыққа жұмыс, бюджетке табыс, қоғамға орнықтылық беретін өндіруші бизнестің орнына алыпсатарлық бизнес асқындап кетті.

Жаңа Стратегия мұндай әупірім реформашылдықтың жолын қырқып, реформаға түсініктілік, ырғақтылық және мөлдірлік бітіруді көздеді. Оның кезеңдік міндеттерінің қандай екенін халық алдын ала біліп, оның қалай жүзеге асып жатқанын қадағалап отыруға жағдай туды. Реформаны жүзеге асыратын үкіметтің қызметіне Президент, Парламент, жұртшылық тарапынан қадағалау мен бағалаудың бірыңғай қағидалары түзіліп, іске қосыла бастады.

Елбасының қоғамда жүргізіліп жатқан реформаға стратегиялық айқындық, тактикалық оңтайлылық бітіру жолындағы бүкіл бастамалары мен нақты әрекеттері өз нәтижесін бере бастады. Реформа тек үкімет мүшелеріне ғана аян, қалған жұртқа атымен жұмбақ тылсым құпиялық ахуалынан арылып, ақылға қонымды, адамдарға ұғымды сипатқа көше бастады. Бұл халықаралық экономикалық ықпалдастықтың да ынтасын арттырды. Елге келетін инвестицияның қарқыны да, көлемі де ұлғайды. Ол әуелі салға ұшыраған өндіріс орындарының қайта жандануын қамтамасыз етуге жұмсалды. Соның арқасында өсе бастаған бюджеттік түсімдер ең шетін әлеуметтік қиындықтарды біртіндеп жеңілдетуге бағышталды. Соның бәрін Президент өзінің тікелей қадағалауына алды. Ең әуелі зейнетақыны, сосын жалақыны уақтылы төлеу, бұл мәселедегі қордаланып қалған қарыздарды қайтару жүзеге асырылды. Жоқ-жітіктік көріп отырған отбасыларға шағын қарыз беру жүйесі жасақталды. Енді жұмыссыздықты жою қолға алынып отыр. Президент бастамасымен кейбір салалардағы еңбекақының көбейтілуі төлемдік-қайтарымдық жүйенің тынысын кеңейтіп, бюджеттік түсімдер мен салықтардың жиналуына оптимистік қарқын бітірді. Қазақстанның 1998 жылдың жазы мен күзіндегі әлемдік ауқымдағы қаржы дағдарысына шарпылмай қала алуында да Елбасының оқиғаның алдын алып, жан-жақты жасаған саяси-экономикалық әрекеттерінің ықпалы зор болды. Бүгін таңда бізде қазақстандық реформа эволюциялық ырғақтылыққа түсіп келеді деп айтуға тағы негіз бар. Күннен күнге айқын аңғарыла бастаған экономикалық тыңаю қоғамның қордаланып қалған саяси-әлеуметтік мәселелерін шешудегі жүйелілік пен қарқындылықты арттыра түседі деген үміт оятады.

Президент Назарбаевтың жүргізіп отырған көпвекторлы сыртқы саясаты да аса күрделі геосаяси кеңістікте отырған біздің мемлекетіміздің реформа жолымен алға басуына қолайлы жағдай туғызуды көздейді. Қазақстан шектес мемлекеттермен тату-тәтті көршілестікті сақтауға, алыс ықпалдастармен екі жаққа бірдей тиімді қарым-қатынас орнатуға, беделді халықаралық ұйымдармен жемісті әрекеттестікті жүзеге асыруға қажетті құқтық негіздердің бәрін де жасап үлгерді. Орталық Азия мемлекеттері одағы, кедендік одақ, «Шанхай бестігі, ТМД, Түрік тілдес мемлекеттер одағы, Каспий маңы елдері ауқымындағы аймақтық ықпалдастықты нығайтудағы Президент Назарбаевтың белсенді әрекеттері елімізден тысқары жерлерге де кеңінен белгілі. Оның аса ірі ядролық елдер тарапынан Қазақстан Тәуелсіздігінің қауіпсіздігіне кепілдік алуы да уақтылы істелген қайырлы қадам болды. Азиядағы өзара сенім мен бейбіт қарым-

қатынастарды нығайтуға бағышталған бастамасында да ілгері жылжушылық бар. АҚШ, Батыс және Шығыс Еуропа елдері, Азия, Африка елдерімен күннен күнге қанат жайып келе жатқан көп салалы қарым-қатынас Қазақстанның беделі мен ықпалын арттыра түсуде.

Президент Назарбаевтың сыртқы саясатында анық көрінген процестердің даму барысын алыстан болжап, алдын ала білуі, шетін мәселелердің ушығып кетпей тұрып, тиімді бағыттарға бұруға тырысушылығы ішкі саясатының да басты қағидалары болып табылады.

Елімізде көппартиялылықтың тууына, бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік монополияның жойылуына, сөз бостандығы мен діндердің бейбіт қатар өмір сүруіне, әйелдер, жастар қозғалысының өрістеуіне өзі бастамашылық көрсетті.

Ол ұлтаралық жарастықты одан әрі жетілдіре түсу мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясын құрғаны өзін өзі ақтаған бастама болды. Бұл қоғамдық институт ел тағдырының ең шешуші сәттерінде оң бастамаларымен көзге түсіп, орнықтылық ахуалды одан әрі нығайтуға үлесін қосып келеді. Беделді халықаралық ұйымдардың жоғары бағасына ие болды. Елбасының аймақтар дамуындағы алшақтықтарды азайтып, олардың бір-біріне қарасуын күйттеуді көздеген шаралары да тиімділігін ұғындыра білді. Тәуелсіздік алуымызға байланысты ішкі байланысымыз бен сыртқы ықпалдастығымызды одан әрі ықтималдандыра түсу мақсатында ел орталығының жаңа жерге көшірілгені де кешіктірілмей қабылданған кемел шешім болды. Күннен күнге құлпыра түскен Астана келбеті – мемлекетіміздің қуаты мен жасампаздығының жарқын айғағындай. Сарыарқа төсінен бой көтерген осынау самала қаланың әр зәулім үйі, әр сәулетті көшесі, әр саялы бау-бағы – тұңғыш қазақ Президентінің талғамы мен талапшылдығын, саяси еркі мен азаматтық жігерін таныта алар тарихи куәлік. Президент Назарбаев мемлекеттік билікті жетілдіру мен жаңартуда да көршілес кеңістіктерге қарағанда оза қимылдап келеді. Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлықпен күрес, ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс, парламенттік жүйе, аймақтық билік жүйелерін үйлестірудің құқтық жүйесін жасауда да Қазақстан өз көршілеріне шәкірт боп қалмай, көп жағдайда өнеге көрсете алды.

Қазақстан Президенті реформа үстіндегі «қоғамның көңіл күйін уақытша қиындықтардың жетегінде жібермей, әлеуметтік оптимизм мен жасампаздық арнасына бағыттауда жақсы бастамалар көтеріп, оң тәжірибе жинақтай білді. Ол жұртшылықтың болып жатқан өзгерістердің тарихи төркіндерін, заңдылығын, келешегін жетік біліп, жете түсінгеніне көп көңіл бөледі. Оның бастамасымен өткізілген тоталитаризм құрбандарын еске алу, ұлттық, тарих, ұрпақтар сабақтастығы, мәдениетті қолдау жылдары, шын мәніндегі, қалың бұқаралық энтузиазм туғызды. Біз орнатып жатқан қоғамның демократиялық сипатын, гуманистік мұраттарын тереңдеп түсінуге өз ықпалын тигізді. Тәуелсіздік арқасында кең өріс алған рухани жаңаруымызды бәсеңдетіп алмауға, оған байланысты келелі мәселелерді кезең-кезеңімен жүйелі шешуге басым маңыз беріліп келеді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың ішкі, сыртқы саясаттағы бастамалары жұртшылық көңілінен шығып келеді. Бұл, бірақ, бізде бәрі ойдағыдай, бәрі қатып тұр деген сөз емес. Әсіресе, халықтың ауқатты тобы мен кедей тобы арасындағы алшақтықтың ұлғаюы, демографиялық және рухани-әлеуметтік ресурстарымыздың қайнар көзі болып отырған қазақ ауылының экологиялық апатты және экономикалық мешеу аймақтарда қалуы, соның салдарынан ішкі рынок жасайтын моральдық ресурстардың жетіспеуі жанға батады. Ауылды тек ақша құю жолымен тыңайтуға тырысу ұлттық дамуымыздың стратегиялық мақсатына жауап бере алмайды. Алыс жайылымды мал шаруашылығымен күнкөріс айыруға мәжбүр етіліп келген қазақ шаруасын шөл және шөлейіт аймақтардан құнарлы гектарларға шығармай, жер өңдеуге икемдемей, еңбекке жарамды балаларын өндіріске, бизнеске, тұрмыстық қызметке баулымай, халқымыздың сыртта жүрген үштен бір бөлігін елге оралтпай, сенімді ішкі рынок та түзе алмаймыз, нарық пен демократияға икемделген ұлттық дамуды да қамтамасыз ете алмаймыз. Онсыз тәуелсіздіктің де келешегіне жарқын жол аша алмаймыз. Елбасының бастамасымен дер кезінде қолға алынған жұмыссыздықпен күрес ең алдымен еңбекке жарамды жастарымызды жұмыспен қамтып, нарыққа баулумен, сол арқылы демографиялық қиындықтарымызды да жеңілейтумен орайлас шешілуі керек. Әйтпесе, экономикалық, келешегі жоқ салалар мен мамандықтар бойынша уақытша тауып берілген жұмыс орыны, азғантай мал-мүлік азаматтарымыздың да, мемлекетіміздің де жұмыссыздықпен табыссыздықтан, төлем айналымының мүшкілденуінен, бюджет тапшылығынан біржолата құтқара алмайды. Бірінші кезекте еңбек ресурстарымызды түгелдей іске қосып, табиғи ресурстарымызды ұқыпты игеруге жетілсек қана әлеуметтің көңілін табамыз. «Әркім өз талабынан, өз бағынан көрсін», – дейтін енжар әлеуметтік саясат қалыптасу үстіндегі нарықтың адымын аштырмай, аяқтан шалмаса, алға сүйремейтінін түсінетіндей кез болды. Үкіметіміздің де ағымдағы экономикалық дау-дамайлардың жетегінде кете бермей, ұлт пен қоғамның көзге көрініп тұрған әлгіндей өзекті мәселелеріне басты назар аударатын уақыты жетті. Көп ретте монополистік құштарлықтарды тойтарып, шағын және орта бизнесті дамытып, шынайы бәсекені өрістетпейінше жұмыс орнын жасауға да, сапалы өнім шығаруға да, бағаны арзандатуға да, сол арқылы тұрмыс деңгейін жоғарылатуға да жетіспейтіндігіміз белгілі. Ол, бірақ, біреудікіне біреу көз алартып, біреудікіні біреу тартып алып жүзеге аспайды, заңды жетілдіріп, құқтық сындарлылыққа ұмтылу арқылы мүмкін болмақшы. Халықты табысы зор еңбекпен қамтамасыз етіп, жағдайын түзеп, басын көбейтер, кешеуілдеп қалған жерлерін жеделдетіп жетістірер сындарлы өнеркәсіптік, аграрлық-демографиялық, әлеуметтік-руханияттық бағдарламалар түзіп, іске асыра бастасақ, қоғамдық ахуал да сауыға түспекші.

Қазір Президент қатты маңыз беріп отырған бұл мәселелердің шешімін табу үшін де талай өткелектен өтіп көруге тура келді. Әрқайсысын жеке-жеке қолға алған күннің өзінде қай елдерге де оңай тие қоймаған үш реформаны: тәуелсіз мемлекет құру, әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастарды демократияландыру, экономиканы заманға лайықтап қайта жаңғыртуды қатар жүзеге асырып

жатқан қоғамда олқылық та, келеңсіздік те, тіпті қателік те жеткілікті болатыны түсінікті. Соны пайдаланып аяқтан шалып бағатындар да аз емес. Оның үстіне алыс-жақын саяси-экономикалық кеңістіктердегі процестердің динамизмі мен бұлтарыстары енді-енді қаз тұрып келе жатқан жас тәуелсіздіктің аяқ алысымен үнемі сәйкесе бермейді. Сондықтан да, үлкен еңбекпен келіп, қиын жүзеге асып жатқан ішкі процестерді қарқынынан айырып алмау немесе кері бағытқа бұрғызып жібермеу кей кезде тек бір саясатшы үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін келешектің тағдырын шешетін шетін мәселеге айналады. Ондай кезде, Питирим Сорокин айтқандай, тарих халық пен қоғам үшін қызмет ете алатын үкіметтің кез келген қылығын түсіне алатынын, тек бойкүйездігі мен дәрменсіздігін ғана кешіре алмайтынын кім-кім де амалсыз есіне алатын болса керек. Мәселенің байыбына барғысы келген сарапшы Нұрсұлтан Назарбаевтың дәл осындай себептерден жасаған кейбір қадамдарын Қазақстан сынды демографиялық, геосаяси айырмашылықтарымен өте-мөте көзге ұрып тұрған өзгеше елдің мемлекеттік тәуелсіздік алуы мен оны қорғап қалуында да қалғандарға ұқсай бермейтіндей ерекшеліктері мол екендігімен түсіндіре алар еді. Ондай байыптылық реформа жолымен біртіндеп алға басып келе жатқан Қазақстан қоғамының керексіз даудамайдың төңірегінде айналсоқтап қалмай, кезекті демократиялық қадамдар жасауына оң ықпалын тигізер еді.

Түптеп келгенде, демократия тағдыры үшін демократиялық процедураларды сақтай білудің маңыздылығын ешкім жоққа шығармайды. Ал, бірақ демократиялық процедураларды енді қалыптасып келе жатқан демократиялық үрдіс пен оны қамтамасыз ететін экономикалық қатынастарға қарсы пайдалануға жол бермеудің одан да маңызды екендігін тарих талай рет дәлелдегенді. Біздер үшін ондай қауіп атымен жоқ деу үшін «сақтансаң сақтармын» дейтін тәңірдің өзінен де асқан оптимист болу керек шығар. Кешегі тоталитаризмнің радиациялық зардабынан әлі айығып болмаған біздің кеңістікте демократияға қауіпті тек жоғарыдан күту де анау айтқан саяси көрегендік болмаса керек. Кейде демократияны одан әрі тереңдетуге бағытталған оң қадамдардың өзі сындарлы қолдау табудың орнына керексіз қиқушылдыққа жем болып кете жаздайды. Ал тәуелсіздікті тірсегінен шалғысы келетін күштер төменнен де, іштен де, сырттан да, оңнан да, солдан да жетерлік.

Өйткені, біздің бұл жолғы тәуелсіздікке жету жолымыз бұрынғы ұлт-азаттық қозғалыстарының ешбіріне ұқсамайды. Кеңестік қоғамдағы сексенінші жылдардан бастап өрістеген процестердің түп басында тұрғандардың ойында бұндай мақсат болмағанын, қайта олар тәуелсіздікке атымен кереғар бағыт ұстанғандарын жоғарыда айттық. Сондықтан оқиғаның бұндай бұлтарысы ескішіл күштер түгілі реформашыл күштердің өзіне де күтпеген жағдай болды. Олар жаңа қоғам орнату үшін бұрынғы қоғамдық қатынастарды жік-жігімен қақырату керек екенін білді. Бірақ, отаршылдық негізде құрылған алып империяны қақыратар кез келген әрекет, ең алдымен, оның ең басты және ең осал жігі – этникалық әр алуандық тініне барып тиетінін жеткілікті пайымдай алмаған сыңайлы. Олар осынша бейқам болғанда қоғамдағы ұлттар азаттығын кексеушілер олардан да асқан бейқам еді. Кездейсоқта тап болған мүмкіндікті

қайткенде іс қылып шығудың жай-жапсары түгілі, ойда жоқ бақыттың бағасын терең ұғынып үлгермегендіктен өрбіп жатқан оғаш пікірлер мен оғаш қылықтардың әлі күнге ұшырасатындығы да сондықтан. Әуелден мақсаттары мен бағыттары жете пайымдалмаған реформа аяқ асты лап берген сел тасқындай ырық бермей кете жаздады. Бұл әлеуметтік топанның лайсаңы әлі арнасына түсіп, мөлдірей тұнып болған жоқ. Сондықтан да әлеуметтік топтардың арасында құбылмалық пен ұйытқымалық көп. Кешегі одақтастар бүгін кеп бірбіріне тас атып, кешегі бақталастар бүгін кеп ауыз жаласып жатады. Оған таңданудың да, апшудың да жөні жоқ. Бұл бүгін-ертең тоқтамайды. Қашан қоғам түпкілікті жіктеліп, әр топ өз мүддесін жетік біліп, соған орай өз одақтасын жете танып, қайта үйірлесіп болғанша, қоғамдық қатынастарға саралық пен жүйелілік біте қоймайды. Керексіз жанжалдар мен саяси саудаласу содан өрбиді. Өзінің ұстанатын бағыты, қолданатын әдісі, стратегиялық мақсаты мен тактикалық тәсілі, іс-қимыл бағдарламасы әмбеге аян, соған сәйкес өз әлеуметтік одақтастарын анықтаған салиқалы саяси партиялар түзіліп үлгермегендіктен, оппозициялық күрес те бірден өркениетті сипат алып кете алмайды. Ал ол биліктің де өркениетті дағдыларға көшуін баяулатады. Мемлекет пен азаматтық қоғам арасында міндетті түрде болуға тиіс өзара бақылау мен өзара ықпалдастықты жүйесіздендіреді. Құқтық ықпал жасаудың орнына қарабайыр қоқанлоқы көбейеді. Өркениетті саяси күрес емес, өзара алауыздықтар қоздайды. Сондықтан да, демократиямыздың әлі күнге балаңдығына билік орындарының да, қоғамдық ұйымдарымыздың да қабырғасы бірдей қайысуы керек.

Мұндай ауыспалы заман жағдайында төтен тәуелсіздік алған жас мемлекеттің тұңғыш басшылары түгілі әуелден әлеуметтік одақтастары мен үзеңгілестерін тарихтың өзі саралап берген ұлт-азаттық қозғалыстардың көсемдеріне түскен жүктің ерекше ауыр болатынын тарих әлденеше рет көрсетіп берген. Жас тәуелсіздікті кешегі кіріптарлық пен жаңа кіріптарлықтың көзге көрініп тұрған да, көрінбей тұрған да кедергілері мен тосқауылдарына соқтырмай аман алып өтіп, ұлттық дамудың ұланғайыр даңғылына шығарып беру тек солардың саяси көрегендігі мен азаматтық жігеріне байланысты болған. Сондықтан да олар үшін тәуелсіздік тағдыры өз тағдырына айналған. Өлгіндей майданның ең қиын шайқастарында көзге түсіп, халықтың ерекше сеніміне ие болған. Тарихтың не бір тауқыметті өткелектерінен өте жүріп, тек өзі үшін ғана емес, қоғамы үшін де аса құнды бай тәжірибе жинаған. Өз еліне ғана емес, әлемдік саяси сахнада да кеңінен танымал болған. Орасан зор беделге солай ие болған. Ал бұл – тек бір адамның емес, бүкіл бір халықтың бағын ашатын моральдық капитал болып саналады. Сондықтан оған әлгіндей бедел иесі де, ол басқарып отырған қоғам да аса нәзік, аса жауапты қарағандары шарт болып табылған. Өйткені, саяси капитал да барша капитал сияқты. Тек орнымен, ұқыпты пайдалана білген жағдайда ғана қайырымен бұйырады. Өйтпесе, бостан босқа банкротқа ұшырап жатқан капитал аз ба?! Өкінішке орай, бұл – талай жайсаң мен талай қауымның аузын күйдіріп, әлемдік саяси тәжірибені күйзеліске ұшыратып келе жатқан құбылыс. Тәуелсіздік көсемдерінің бәр-бәрі Кемал Ататүріктей, Джавахарлал Нерудей бастан аяқ жасампаз бағыт ұстай

алмаған. Кейбіреуі жүре-бара тоқмейілсуге ұшырап, не әлі жетпейтіндерге соқтығып геосаяси жанжалдарға, не ел ішінде тыныштық бермей, қандықол қатыгездікке, не келешегі жоқ кертартпа үрдіске ұрынған. Ондай тәуелсіздіктер не шайылып кеткен, не өркениет дамуына ілесе алмай, біреулері көшке жолатпайтын қотыр тайлақтың, біреулері көш соңындағы жауыр тайлақтың халын кешіп келеді. Латын Америкасындағы каудилизм, Азиядағы жанды бетке қаратпайтын жертәңірімсіну, кешегі кеңестік көзжұмбақ көсемшілдік талай тарихи тағдырдың түбіне жетті.

Құдайға шүкір, бұндай ақиқатты саясат пен саясаткер өмірін жіті зерделеп, терең түсінетін, әлем тарихына жетік, өзі де талай қызғылықты еңбектер жазған Нұрсұлтан Әбішұлы ешкімнің ежіктеуінсіз-ақ жақсы біледі. Алыс-жақындағы өз көлеңкесіне өзі ғашық болып жүргендер мен өз халқына өзі кісімси беретіндер оған күлкілі көрінеді. Оның бұл мәселедегі көзқарасы әмбеге аян. Ол туралы талай рет тайға таңба басқандай шегелеп айтқан. Авторитаризмді Қазақстан үшін тек тығырыққа апарып тірейтін жол деп санайды. Өткен күздегі халыққа жолдауында: «Қазақстан әлемдік тенденцияларға қарсы тұра алмақ емес. Ашық қоғамды демократиясыз құруға болмайды. Бұл сапарда кідірістер де кездесер, алайда, қандай саяси қажеттілік талап етсе де, Қазақстанда кері шегінуге жол жоқ. Монархтардың, бас хатшылардың немесе президенттердің белден баса беретін кезі келмекке кетті» («Егемен Қазақстан», 15 желтоқсан, 1999 жыл) делінген. Бұдан артық қандай анықтық керек. Ол мәңгілік билікті емес, бәріміз сияқты еліміздің тәуелсіздігін ешқашан ешкім солқылдата алмайтын, билік басына кім келсе де, халқымыздың тарихи таңдауы мен демократия, реформа процестерінің бағыт алған арнасынан ешқайда бұрылмайтынына нық сенімді болатын күніміздің тезірек орнағанын тілейді. Ал, бұл, ең алдымен, тұтастай алғандағы қоғамдық санамыздың есейіп, ер жетуіне байланысты мәселе. Тек Елбасына ғана емес, әрқайсымызға тікелей байланысты мәселе.

Ел келешегін ойлау – бәрімізге парыз

Тек саяси талғампаз қоғам ғана өз тағдырын кездейсоқтықтардан аман сақтап қала алады. Қазақстан қоғамы да осы жылдар ішінде сондай талапқа шындап жауап бере алатын салиқалы қоғам екендігін танытты. Жоғарыда айтылғандай, тарихтың ең шешуші, ең бұралаң сәттерінде өз тағдырларына жол бастайтындай сенімді серке таңдау керек болғанда алып ұшпалықтың емес, ақылға сыйымдылықтың арнасынан табыла білді. Тек кейінгі он жыл ішінде Нұрсұлтан Назарбаевқа ел басшысы ретінде әлденеше рет ел талқысынан өтуге тура келді. Бәрінде де халықтың даусыз сеніміне ие болды. Бәрінде де халық оған мынау не әрі емес, не бері емес, әрі-сәрі кезеңде басталған істі орта жолда тастап кетпейді деп сенді. Кешегіні қимайтындар істің бұлай болып шығуына Назарбаевтың еш қатысы жоқ екенін біледі. Қайта, болары болып, бояуы сіңіп қойған кезде билікке келсе де, орнықтылықты сақтап, нығайта білгеніне риза болады. Ал жаңалықты ашық қолдайтындар

Назарбаевтың реформаның мән-мазмұнын терең зерделеп, жан-тәнімен кіріскеніне сүйсінеді. Ең қиын сәттерде ең қиын жауапкершілікті өз мойнына ала білгенін жоғары бағалайды. Оның жүріп жатқан реформаның тактикалық мәселелерін пайымдауда прагматиктік ұтқырлық, стратегиялық мақсаттарын пайымдауда реалистік ұшқырлық танытып жүргеніне көңілдері толады. Ол ұсынған көп векторлы сыртқы саясат пен еуразиялық пайымдама қазақ мемлекетінің басқаларға сүйкімділігін арттырып, өзімізге бүгінгі және ертеңгі дүниеде уақыт талабына қалай ұтымды жауап берудің жолын меңзейді.

Өз дәстүрлерімізбен тұйықталсақ, өзгелермен тіл табыса алмаймыз. Өзгелердің ыңғайында кете берсек, өзіндік тарихи құндылық пен саяси ықпалға ие бола алмаймыз. Сондықтан да сырт көзге ғана бір-біріне кереғар екі бағыт, екі тәжірибенің бір-бірімен тоғысар және біз үшін пайдалы болар қырын таба білуіміз – біздің ұлттық дағдарысқа ұшырамай, ілгері баса беруіміздің сенімді кепілі болмақ. Оның үстіне, біз батыстың да, шығыстың да мәдени жетістіктеріне ортақтасып, өз үлесімізді қосуда белгілі дәрежеде оң тәжірибе де жинақтап үлгердік. Енді соны таптық тар ауқымдылықтан шығарып, ұлттық дамуымызды тездететіндей ұтымдылықпен жалғастырып, жетілдіруіміз қажет болып отыр. Ендігі жерде біз құралпы халықтар дәстүршіл өркөкіректікпен емес, талғампаз жаңашылдықпен ғана тездетіп қатарға қосылып, көздеген мақсатына жете алады. Геосаяси экспансионизмді атымен мансұқтап, халқымыздың алдында тұрған әлеуметтік-руханияттық мәселелерді тыңғылықты зерделеуді көздеген бұл ізденістер алыстың да, жақынның да көңілінде бізге, біздің елімізге деген ерекше жылылық оятады. Біз өз тәуелсіздігіміздің ғұмыры ұзақ болсын десек, өз ішімізде де, өзгелермен екі арада да алауыздық пен ала көздікке жол бермеуіміз керек. Назарбаевтың осындай саяси пайымы қай сайлаудың кезінде де оған деген жаппай жақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

Президент Назарбаев та бұның қадірін біліп, жақсы бағамдап келеді. Ел сенімін ақтау жолында ештеңеден аянып көрген емес. Ең қиын сәттерде тек халыққа ғана жүгінді. Тек халықты ғана бас сарапшы деп таныды. Қандай кезде де замана алға тосып отырған тәуелсіздік, демократия, реформа тағдырын билік жолындағы күрестің оңай шалына салар құрбандығына айналдырып көрмепті. Қамшының тініндей жарыса жүріп отырар үш реформаның үшеуінің де тізгінін бірдей бекем ұстап келеді. Әсіресе, біз сияқты ұзақ жылғы отаршылдықтан күдері бір жола үзіліп қала жаздаған халық үшін тәуелсіздіктен асқан мұрат болмайтынын бір сәт те естен шығарып көрген емес. Оған жұрт дауыс берсе, экономикамыздың ойдағыдай дамып кеткендігі үшін (оған әлі көп уақыт керек) немесе қолданған саяси технологиясының сонылығы үшін (бұл жағынан басқалар да есесін жіберіп жатқан жоқ) емес, әлгі айтылған ең басты үш мұратымыз тәуелсіздікке, демократияға, реформаға алаламай қарап, бәріне бірдей адалдық көрсетіп келе жатқаны үшін дауыс беріп келеді. Саяси тұрлаулылығы мен табандылығы үшін қолдау көрсетіп келеді. Бүгінгідей қиын жағдайда тек сондай саясатшыға сенім арту – біздің қоғамымыздың әлеуметтік салиқалылығы мен рухани саламаттылығының айғағы.

Ал бірақ бүгінде жылдан-жылға қатары өсіп келе жатқан саясатшылар санында осы жағдайды мықтап ұғынып, осы қағиданы мықтап тұтынып жүргендер көп пе? Қабілеттілердің де, білімділердің не дарындылардың да, азулылардың да аз емес екені рас. Бірақ, бүгін таңда ел қатарлы ел болып кетуіміздің бірден бір кепілі – тәуелсіздік, демократия, реформа бағытына бірдей жетік, бірдей адал, табанды мінез таныта алып жүргеніміз соншалық жеткілікті деуге ауыз бармайды. Тәуелсіздікке жан-тәнімізбен адалымыз демократия мен нарықтың жай-жапсарына шорқақтық танытып жүрміз. Нарыққа жетігіміз тәуелсіздіктің жай-жапсарына атүсті қараймыз. Ал демократияға келсек... Билік жолындағы күресте айла да, әдіс те, әрекет те талғамай, жағдайды неғұрлым қиындатсақ, соғұрлым мақсатымызға тезірек жетеміз деген саяси көкайылдық ешқашан демократияға әкелген емес. Әпербақандық күрес әдісі тек әпербақандық үстемдікке ғана жеткізген. Басқа түгілі беделді саясатшыларымыз деп жүргендеріміздің өзі осы арасына жеткілікті мән беріп жатпайтын сыңайлы. Мұндай жағдайда, билік басына кім келсе де, елдігіміз бен тәуелсіздігіміздің ұпайы түгел болатынына қайтіп сенімді бола алмақпыз?! Олай болса, бір ісімізге болмаса, бір ісімізге жетік азаматтарымыздың бірінің кемісін бірі толтырып, бірінің жетістігін бірі үйреніп, өздерінің де, елдің де басын шашыратпай, бірге жүре алғандары – елдігімізге сіңірген ең үлкен еңбектері бола алар еді. Әйтпесе, баяғыдан бері басқалардың айтағымен түбімізге жете жаздаған кесір мен кесепатты енді өзіміз балалатқанымыз, қай жағынан алып қарағанда да, жөн болмас еді. Әрине, қай ісіміздегі балаңдықтарымызға да түсіністікпен қарай алғанымыз сияқты демократиямыздың да «балалық шалықтарына» үлкен төзімділік таныта алғанымыз абзал. Ауыспалы кезеңде болмай қоймайтын әлеуметтік жіктеліс пен мүдде алуандығын міндетті түрде баррикаданың екі бетіне шығаруға, сондай-ақ мұндайда кездеспей қалмайтын пікір кереғарлығының арасына шекаралық ала баған орната қоюға асықпағанымыз лазым. Қайта бірлескен ізденістер мен бірлескен іс-қимылдарға көпір қалдыра білгеніміз дұрыс. Ол үшін қажетті жағдайда елдік жолында кішілік көрсете алар кісілікке бәр-бәріміз де оң пейіл таныта алмағымыз шарт. Әйткені, жоғарыда сөз болған әлеуметтік келеңсіздіктерімізді қай-қайсымыз да мықтап ойланып, мықтап толғанып, тиісті қорытынды шығара алсақ қана азайта аламыз. Ешқандай саяси саудаласуға ұрынбай, жағдайды бұдан гөрі де қайтып жақсартпа аламыз деген қолдағы ынтымақтастық пен ықпалдастыққа адал пейілімен жұмыла алғандар жұртшылық тарапынан қолдау таба алатынын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Олай болса, онсыз да бір қолын екі ете алмай жатқан жас тәуелсіздікті, балаң демократияны, қиын реформаны бітпейтін де қоймайтын саяси өркөкіректік шайқасына шарпылдырмай, елге, жұртқа жанымыз аштынын іспен дәлелдейік. Ауыз бірлікпен дәлелдейік. Әділетті дау-дамайдан емес, елдіктің ортақ мүдделері жолындағы ортақ ыждаһат пен ортақ жауапкершіліктен іздесек, ешқайсымыз да ұтылмас едік. Құдайға шүкір, ондай мәрттікті бағалап, ондай мәртті қадірлей алатын ел бар.

Ендеше, мың өліп, мың тірілген халқымыздың тарихи тағдырының ең бір тар жол, тайғақ кешу, тауқыметті тұсында, тіпті біржолата құрып кету қаупі төнгенде, құдай сақтап аман қалып, көгеріп-көркеюге мүмкіндік алатын ең соңғы

майданға жұмылған тұста, жүрегiнiң түгi, табанының бүрi, көңiлiнiң Нұры бар көшбасшы тап болғанына тәубе дегенiмiз жөн. Бұны iште де, сыртта да дұрыс түсiнетiндер көп. Президент Назарбаев талай iргелi мемлекеттердiң ең жоғарғы ордендерiмен марапатталды. Ресейдiң ең алғаш бiрiншi Петрдi марапаттаған ең ежелгi, ең жоғары «Киелi әулие Андрей Первозванный орденiн» иелене алған аса санаулы адамдардың бiрi. Толқымалы тоқсаныншы жылдары халықаралық деңгейде жыл адамы деп танылды. Ғасырлар тоғысында өз елiмiздiң танымал азаматтарынан құрылған беделдi қазылар алқасы оған ұлтымыздың маңдай алды перзенттерiмен бiрге «Ғасыр саңлағы» құрметтi атағын бердi. «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйiнерге жарар ол», – деген осы.

Расына келсек, қазақ қазақ болғалы күллi әлем түгел мойындап, түгел таныған тәуелсiз де дербес мемлекетке ие болып отырғаны да, соған лайық бүкiл әлем түгел танып, түгел мойындаған, ХХ ғасырдың ең сүлей саясатшыларының қай-қайсысымен де терезесi тең тұра алатын өз басшысын төл перзенттерiнiң арасынан өзi тауып, өзi танып, өзi таңдап алып, ерiнi тұщып, мерейi өсiп отырғаны да тек осы бiздiң тұсымызда ғана. Тәңiр жақсылығымен жалғастырғай дейтiндей шапағатты шағымыз бұл... Өтпелi уақыттың өткiншi қиыншылықтары мен өкiнiштi ағаттықтарына бола басымызға қонып тұрған тарих пен тағдыр сыйын тәрк етердей тәйтiктiкке мойын ұсынбайтын халқымыз, жоралы жұртымыз әлi де талай маңдайына ұстар марқасқалар туар. Мамыра күндер кешер... Бiрақ, талай ғасыр бойы бiз дегенде безерлiгi ұстап, бедiрейiп алып, емiренбей келген тағдыр мен тарихтың тар құрсағын кеңiтiп, тас емшегiн жiбiтiп, тәуелсiздiк әперген бұл жылдар мен бұл кезеңнiң орны тiптен бөлек.

Сондықтан да бiз осынау кезеңнiң оқиғаларына өз көзiмiзбен куә болып, ыстық-суығын бiрге көрiп келе жатқан замандас ретiнде асқаралы алпысын ел сенiмi биiгiнде қарсы алғалы отырған айтулы қайраткерiмiз жайындағы ой-толғамдарымыздың бiр үзiгiн ортаға салғанды парыз санадық. Онда тұңғыш Елбасымыздың сан қырлы таланты мен сан салалы қызметiнiң тек бiр қыры мен бiр саласына ғана – Тәуелсiздiк алуымыз бен оны сақтап қалуымызға сiңiрiп келе жатқан ересен еңбегiне ғана тоқталып отырмыз.

Соның өзi-ақ соры ашылса, ендi ашыла ма деп отырған қазақ халқының керек кезде туған кемел Азаматының бiздiң замандастарымыз бен келешек ұрпақтарымыз үшiн орны мен айрықша қадiрiн айқындап бере алғандай.

«Егемен Қазақстан», 2000 жылғы 28 маусым

Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ

ПРЕЗИДЕНТ

Қазіргі заманда Елбасыдан ақыл сұрау мен ақыл айту аса қиын бола қоймас, одан да біз одан нені күттік, ол нені істей алды, нені істей алмады – соны ақылға салған орынды шығар.

Біз одан не күттік, ол әлі бәрін істеп үлгере алған жоқ. Қателеспесе екен деп тіледік, бірақ қателесті. Шуладық, сынадық, айтқымыз келгеннің барлығын айттық, жаздық. Сәл ес жиып, жан-жағымызға қарадық. Сонда ғана ұға бастадық: оның қателіктері 300 жылға жуық өз елін өзі билеп көрмеген ұрпақтың тәжірибесіздігінен, тәуелсіз елді басқарудың тосындығынан туындапты.

Алайда мың мәрте тәуба: ел ішіндегі арқаулар мен үзіктердің бірі босап, бірі үзіліп қалуына жедел шара жасай алмағанымен, елдің өзекті-өзекті мәселелерінде, халықтың тұтастығы мен татулығын сақтауда, тарихи Отанымызды әлемдік саяси ортаға таныстыруда, сыйласуға, санасуға жарайтын ізгі ниетті ел екенімізді ірі мен кішіге жалықпай ұғындыруда ол қателеспеді. Соның арқасында біз әуелгі кезде не болса соған байбалам сап, бір-бірімізді байыпқа бармай бас салсақ, қазір бірте-бірте айтысымыз да, пікірталасымыз да байбаламнан гәрі дәйектілік пен деректілікке зейін қойып келе жатқан, бірақ әлі де бәрін үйреніп, бәрін игеріп келе жатқан, демократиялық мемлекет құру жолында татулық пен орнықтылықты бұлжымас басшылыққа алған ел болып отырмыз.

Бізге, шын мәнінде, ішкі айтыс та, сыртқы тартыс та – екеуі де үрейлі. Оның түпкі нәтижесін тарихымыздан білеміз. Күлтегін ескерткішінің үлкен жазуында мынандай ғажап ескертпе бар:

Бектерінің,
халқының ымырасыздығынан,
Табғаш халқының
Алдауына сенгендігінен,
Арбауына көнгендігінен,
Інілі-ағалының дауласқандығынан,
Бекті халқының жауласқандығынан,
Түркі халқы елдігін жойды.
Қағандығынан айырылды.
Табғаш халқына бек
ұлдары құл болды.
Пәк қыздары күң болды.

(Мырзатай Жолдасбековтің аудармасы)

Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев осындай зардапты қателіктерді болдырмау үшін «қателіктерді» соның құрбандығына саналы түрде шалатын болу керек. Онысы шын мәніндегі қателік пе еді, әлде тактика ма еді, оны келешек өмір өзі көрсетеді.

Айтқаны болатын, дегені жүретін, басқалар санасатын, қандастары сыйласатын елдердің қатарына тез қосыла кеткіміз келетіні рас. Ондай дүние оңай орнай қоя ма бірақ?

Әкеміз, ағамыз құрған халықтың
Аты, даңқы өшпесін деп,
Түркі халқы үшін
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым, –

деген ғой Күлтегін жазуы.

Сөйтіп, күндіз күлкісін, түнде ұйқысын бөліп ел басқарды ма Назарбаев? Кімге болса да еңбегінің зейнетін көру – бақыт. Пенде ретінде Назарбаев та күні ертең:

Бағым болғандықтан,
Сәті түскендіктен,
Өлімші халықты тірілттім.
Жалаңаш халықты тонды,
Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым.
Төрт тарапты, халықты
Бәрін бейбіт қылдым,
Тату қылдым,
Бәрі маған бағынды, –

дегісі келетін болар-ау! Ондай жарқын үміті болмаса, «Қазақстан-2030» бағдарламасын белгілер ме еді?

Рас, Назарбаевтың кей шаралары қанатты құс та, тұяқты аң да – бәрі жапа тармағай іше беретін жайдақ суға еш ұқсамайды; астарын, түпкі мәнін, қай себептің негізгі, қай себептің әншейін алдарқату екенін ө дегенде аңғара алмай қаласың. Әркім әрқалай бағалап, шуласып қалатынымыз да содан. Біз көреген боп талай сынадық, дәлелдедік, бірақ түбінде ол көреген болып шығып жүр. Мәселен, Семейді Шығыс Қазақстанға, Көкшетауды Солтүстік Қазақстанға, Торғайды Қостанайға, Талдықорғанды Алматы облысына қосып кеп жіберді. Ал кеп Президентті жан-жақтан найзаладық. Байланысты бұзды, басқару икемділігін әлсіретті. Аз ғана шенеуніктердің жалақысын үнемдеймін деп, одан әлдеқайда қымбат, қалыптасқан басшылық жүйесін қиратты деп сөктік. Ол да қаржы үнемдеу үшін өстім дегендей ыңғай танытты. Уақыт өте келе, басымызға тепкен қан бой-бойға тарай келе қарасақ, Президент әріден ойлап, өзіміздің ішіміздегі іріткілер мен сыртымыздағы сөз жүгірткіштеріміздің аузына саяси құм құю үшін сөйткен екен: қазір сол біріккен облыстардың бәрінде де қазақ халқының үлес пайызы бұрынғыдан әлдеқайда жоғары. Соны күнілгері көре білгеніне қайтіп ренжисің? Неге ренжисің?

Саясат деген, әрине, ақиқаттың өзі емес. Алайда ақиқатты қару ететін әдіс. Қауіптің алдын алу, ол мүмкін болмаған жағдайда, ушықтыратын сылтау-себептердің көзін жою да ақылды қулықтың әрекеті. Бір кезде Орал жақтан ұшқындаған қақтығыс-соқтығыстығы есепке алынғандықтан болар, Президент

еліміздің әкімшілік-басқару жүйесіне Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан деген атаулар енгізді.

Бәрін айт та, бірін айт демекші, ол астананы Алматыдан көшірем дегенге қандай дүрліктік. Біреулеріміз: «Өзі де туып-өскен өлкеден астананы алыстытып әкеткені несі?» – деп ренжісек, енді біреулеріміз: «Оңтүстіктің қазақтарын енді орталыққа әкелгелі жатыр», – деп күстаналадық. Екі өкпенің де әншейін аласа ұғымнан шыққан шыж-быж екеніне енді-енді ғана көзіміз жете бастады: Алматыдай жақсы астананы халқының келешегі үшін қиып кетуге де болады екен; қазағы аз жерге қазағы көп жерден ел көшіруі де елдігінді нығайтады екен. Ұсақтықтан туатын ұсақ-түйек реніштердің шығатынын біле тұрып, жалпыхалықтық мүдде үшін бәріне тәуекел деп бел буу – ол енді мақтап айтсаң да, жағымпазданып айтсаң да, бәрібір – ерлік. Ерлікті ерлік дей алмаудың өзі қиянат. Тіпті, Ақмоланың Астана атанған бүгінгі күнін айтпай-ақ қояйын, алғаш астананың тұсаукесеріне барғанымда-ақ «Қазақтар біраз көбейіп, ел де, жер де өзіміздікі екенін ұғып, еңсеміз көтеріліп қалды», – дегенді өз құлағыммен естіп, «Е, құдай бере көр!» – деп қайтқанмын. Сөйтіп, «е, құдай» дегенге көзіміз жеткенше Президентті ағаш атқа олай да мінгізіп, бұлай да мінгізіп жіберетініміз бар-ау.

Жақында «Жас Алаш» газеті Тұрсынбай Жандәулеттің «Бәрінен қымбаты – азаттық» атты жаны ышқынып жазған мақаласын басыпты. Газет-жорнал, телерадио материалдарына қатысты ойын білдіріп: «Мемлекетті басқарып жүргендердің бәрі жебір, арамтамақ, оңбағандар болып көрсетіліп, қара халық зәбірленуші ретінде бейнеленеді. Сөйтіп, қалың бұқараның құқын қорғап, шырпыр болып жүргендер журналистер мен оппозиция ғана болып шығады» – депті. Шынында, жаны бар сөз. Кемшілікті сынау, келеңсіздіктердің бетін ашу, зиянды әрекеттердің бет-пердесін сыпырып көрсету – бәрі де халық үшін қажет нәрсе. Бірақ соларды ашқан боп, сынаған боп отырып, халық пен оның басқарушылары арасына от тастап, сенімсіздік пен күдік тудыру үшін, осының бәрі солардың қолымен әдейі істеліп отыр деуге солардың қалай ұяты баратынына қайранмын. Біліп тұрып бүлік салатын осындайлар шығар қайта еліміздің даму қарқынын тежеп, ынтымақ күшімізді ыдыратып жүрген?

«СолДат» газетінің мына бір түкірігіне шашалған ызақорлығына қараңызшы: «Қазақстан бір бұғаудан босанғанымен, екінші бұғауға тап болды. Ол – біліксіз биліктің бұғауы. Өз мүддесі үшін өз елін, халқын құл еткен режимнің бұғауы... Қазір қазына-қаржымыз тып-типыл. Сөйте тұра тағы да тәуелсізбіз деп кеуде қағамыз. Бір адамның билігін сақтап қалу үшін барша халықты тәуелсіздіктің алдамшы дәмімен алдарқату қажет емес шығар... Тәуелсіздіктің тәтті дәмін аз ғана топ көрді... Баяғы кеңес дәуірінде қол жеткізген игіліктердің бәрі әдірәм қалды», дейді Сейсен Әмірбекұлы деген шолушы (№11. 2000 ж.) Ашумен айтқаны ма, ақылмен айтқаны ма, қайдам, «Алмас семсердей жарқылдаған Кенесарыны», өр мінезді Махамбеттердің рухын сағынады, «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты» деген Міржақыпты, «ел үшін жанын садақа (солай депті – **Б.Н.**) еткен Мағжандарды» жоқтапты. Сонда сөзінің астары қазіргі қоғам құрылысына қарсы шығуды уағыздайды. Тіпті, астарлы емес, ашық қарсылық жасауға тура үндеу. Өйткені, сөзінің соңында мынадай қайрау бар: «Ал бүгінгі

зиялыларымыз солардың деңгейінен табылып отыр ма? Ыңыршағы шығып, тірліктің доңғалағы кері кеткен тұста тобырға бас болып, соңынан ертер қайсысы бар? Садаға кетсін».

С.Әмірбекұлы Кенесары мен Махамбеттің өз мемлекетіне қарсы «алмас семсердей жарқылдап», «өре түрегелетін өр мінез» көрсетпегенін, отаршылдық бұғауға қарсы ұлт азаттық көтерілісін басқарғанын; Міржақып пен Мағжанның неге «оян, қазақ» деп, неге «Не көрсем де Алаш үшін көргенім, маған атақ – ұлтым үшін өлгенім» деп айтқанын түсінбейтін адам деп те айта алмаймын. Түсіне тұрып, өзі айтпақшы, «білімсіз тобырды алдап, арбап» қана отыр. Әйтпесе, «не көрсем де... ұлтым үшін өлгенім», – деп Мағжан ойын апашық айтып тұрған жоқ па? Ұлты үшін өлуге бар адамның сөзін ұлтына қарсы қолданудан өткен сорақылық бола ма?

Президентті жамандаудың сиқына қараңыз: соның билігін сақтап қалу үшін ғана тәуелсіздік деген алдамшы нәрсемен барлық халықты алдап жүр екеміз.

Заң бойынша, өйтіп мемлекетке қарсы күреске шақырғаны үшін, жаңағы мақаласына бола С.Әмірбекұлы жауапқа тартылып, ондай үндеу таратқаны үшін, «СолДат» газеті жабылуы тиіс. Бірақ наурызда жарияланған мақалаға әлі күнге дейін қарсы әрекет болған жоқ. Неге? Өкімет адамдары оқымады ма? Оқыса да мән бермеді ме? Әлде: «Ондай сөзге біздің халық сене қоймайды», – деген сенім бар ма? Қалай болғанда да, қылышынан қан тамған, ой еркіндігі мен сөз еркіндігін тыйып тастайтын мемлекетке жатпайтындығымыз осыдан ақ айқын көрініп тұр. Жауапқа тарта қалса, «Мінеки, бізде сөз бостандығы жоқ, баспасөзді өстіп қудалайды», – деп байбалам салатындарында сөз жоқ. Бірақ халықты басшылыққа қарсы шығуға ашық үндеген ондай-ондай пікірлерді ескерусіз қалдыра беру де қауіпті. Ескермеген арудың асқынғаны жаман.

Кеңес дәуірін көксеу деген – кеше ғана зорға құтылған орталықты көксеу. Нағыз тәтті сөзбен алдап, іс жүзінде ұлттық санаңды да, тарихың мен қазіргі болмысыңды да – бәрін қорлау сол саясатта болатын. Оны біле тұрып, жұртқа басқаша бет көрсету – екіжүзділік. Ал оның тура мағынасы – сатқындық. «Тәуелсіздіктің алдамшы дәмі» дегені не? Ұйғыр халқында бір мақал бар: әкең дедің, – үндемедім, шешең дедің, – үндемедім, қатының дегенде, күйіп кеттім дейді. Сол айтпақшы, тәуелсіздік дейтін ата-бабамыздың аруағымен тең тұрған қасиетті сөздің кімнің де болсын өйтіп оңды-солды қолжаулық қыла бергеніне ерте ме, кеш пе халықтың өзі-ақ оңдырмайтын тойтарыс берер деп ойлаймын.

Қалай дегенмен, біз шынында, «СолДат» айтпақшы, «бір адамның мәртебесіне қызмет еткен режимі» бар мемлекетпіз бе? Бұл ащы шындықты бадырайтып бетке айту ма әлде қиыншылықтан қынжылып тұрған халыққа «сенің солай болуыңның бар себебі – сол» деп, өз басшысына қарсы алдарқатып айдап салу ма? Әрине, айдап салу. Бірде Президенттің: «Қазақ деген ел болмаса, оның Президенті де болмайтынын мен білмейді дейсіздер ме?» – дегенін өз құлағыммен естігенім бар. Менің бір байғаным: Президент саясат аясында, жұрт бұған қалай қарар екен дегендей, кейде бір пікірлерді айтып қалғанымен, жеме-жемге келгенде, өз халқының мүддесін үнемі басты назарында ұстап

отырады. Халық мүддесі үшін кейде ол, тіпті, халыққа ұнайтын адамдардың қызметі мен жағдайын да құрбандыққа шалып жібереді. Мәселен, мен өз басым Шерхан Мұртазаға қатысты солай ойлаймын.

Шәкеңді Назарбаевтың сыйлайтыны сонау комсомолдық өмірден басталса керек. Ысылған, сыналған, іскер ағаны Назарбаев өзі қолқалағандай болып «Социалистік Қазақстан» газетінің басшылығына апарды. Ресми өмірдің ғана шежіресі болып келе жатқан газет аз уақыттың ішінде-ақ жалпыхалықтық мәнге ие болып шыға келді. Бәріміз таң қалдық, сүйсіндік. Сөйтіп жүргенде, Шәкең республикалық теле-радио комитеттің басшылығына тағайындалды. Оны біреу қызғанды, біреу түсінбеді, енді біреулер әлдеқандай астар іздеді. Ал менің ойымша, теле-радио сияқты мемлекеттік маңызы зор ақпарат құралының басында Шәкең секілді тәжірибелі, ұлт пен ұлттық тіл мүддесін әріден ойлайтын адамның отыруы Президентке аса қажет болды. Өкінішке орай, Шәкеңнің ол қызметі Президентке ойламаған жерден тиімсіз болып шықты: ел зиялыларының ара жігі ашылып бара жатты. Шәкеңе қарсы шығушылар, оны қайтсек құлатамыз деген мақсатпен, шектен шығып кеткендерін де байқамай қалды. Өзге түгіл қазақтың ең бір марқасқасы деп жүрген Олжас та теле-радио кешке дейін домбыра тартқыза бергенше, нарықтық экономиканы халыққа түсіндірмей ме деп кінәлады. Ел бірлігін зиялы қауым өз қара басының дауына бола бұзып бара жатқан соң, олардың арасындағы асқынған бақталастыққа су бүрку үшін, Президент Шәкеңнің қызметін құрбандыққа әдейі шалды деп ойлаймын. Бірақ Шәкеңнің өзін шалған жоқ.

Қилы заманда, қысталаң уақытта елдің қаймағы саналатын зиялылардың ауыз-бірліксіз екендігіне Президент қынжылмайды деп қалай ойларсыз? Содан да болар, белгілі емес адамдарды қызмет аренасына шығара бастады. Жауапты қызметтерге жаппай жастар жоғарылатылды. Осы тұста, өзі де мойындағандай, Президенттің кадр таңдаудағы қателіктері көрініс берді. Алайда жаңадан мемлекет құрып жатқан кезде ондай қателіктердің орын алуы түсінікті де болса керек. «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» дегенді атам қазақ жайдан-жай айта салмаған болар.

«Қыруар қиямет кештік. Қатені де көп жібердік. Көп қатемізді өзіміз түзедік», – дейді ол «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында (104-бет). Қателік жіберу – құдайдан басқаның бәріне тән, ал өз қателігін түзей білу, түсіну – кез келгеннің қолынан келе бермейтін биіктік. Сондай биіктікке Нұрекең бір емес, бірнеше мәрте көтеріле білді. Ол – Қазақстанның жас мемлекетімен қатарлас өсіп, сонымен бірге бұғанасы қатып келе жатқан, үнемі елімен бірге биікке шығып бара жатқан, басқару мен бас болудың даналығын тірнектеп үйреніп, ерінбей-жалықпай бойына сіңіріп келе жатқан Президент.

Кейде оның мүмкін емес жағдайды мүмкін етпегендігін де қателігі санаймыз. Өйткені, бәрін содан көреміз, бәрі үшін соны сынаймыз. Бір ойдан, әйтпегенде қайтеміз? «Анау кінәлі» деп біреуді көрсетпесек, көңіліміздің көншімейтіні рас қой.

Назарбаев Қазақстанның тұңғыш Президенті болып 1990 жылы 24 сәуірде сайланды. Кеңес өкіметі әлі құламай тұрған кезде, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі сайлады. Ол саяси жағынан да да быт-шыты шыға бастаған-ды. Оған тосқауыл болу ешкімнің қолынан келмеді. Бұрынғы одақтас республикалар бірінен кейін

бірі өзінің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация жариялай бастады. Біз: «Назарбаев қайда қарап отыр? Неге декларация жарияламайды?» деп сөктік. Ол әліптің аяғын бағып асықпады. Ақырында 1990 жылдың 25 қазанында біз де егемендігіміз туралы декларация қабылдадық.

1991 жылы Мәскеуде әйгілі «тамыз бүлігі» бұрқ ете түсті. Бұлқынбай, жұлқынбай, біз тағы әліптің аяғын күткен әдіс қолдандық. Соның нәтижесінде, сыртта ешкімге ұрынбадық, іште өзара бүлінбедік. Сол жылдың күзінде бірінен кейін бірі бұрынғы одақтас республикалар өзінің тәуелсіздігін жариялап жатты. Біздің Президент тағы әліптің аяғын бағып, тіпті тәуелсіздік дегенге немқұрайды қарайтындай қалып танытты. Біз тағы ойбайға бастық: жан-жағымыздағы елдің не істеп жатқанын неге көрмейміз, солардың істегенін неге істемейміз? Асыққандар озып кетіп, біз қалып қоятындай шыдамсыздандық. Президенттің асықпайтын, саспайтын сабырлылығы бір жағынан, зиялы қауымның еркін ел болуға ынтыққан төзімсіз мінезі екінші жағынан бір-бірімен ұшырасып, халықтың саяси белсенділігіне кәдімгідей өршу туғызды. Бір-ақ түрлі ойлап, бір-ақ нұсқаумен қызмет жасауға дағдыланған ел еркін сөйлеудің, батыл пікір айтудың алғашқы дәміне масая бастағандай да еді.

1991 жылдың 1 желтоқсанында Назарбаев жалпыхалықтық сайлау нәтижесінде Президент болып сайланды. Содан кейін сол жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңға қол қойылды. 1999 жылдың қаңтарында тұңғыш баламалы президенттік сайлаудың нәтижесінде Назарбаев тағы да халық қолдауына ие болды.

Демократиялық тұрғыдан салыстыра қарасақ, 1990 жылғы сайлаудан гөрі 1991 жылғы, 1991 жылғыдан 1999 жылғы сайлаудың көш ілгері ұйымдастырылғаны байқалады. Демократиялық тәртіпті бірте-бірте бойға сіңіріп келе жатқанымызды сайлау жүйесін үнемі жетілдіріп отырған осындай бағытымыз да аңғартады. Бірақ жалпымемлекеттік нағыз әділ сайлауға қол жеткізу үшін, әрбір сайлау жүйесін басқарушы мен сайлаушы әділ болатын заманды күтуіміз қажет. Соған бет алып бара жатқанымызды көргісі келмейтіндер ғана көре алмайтын шығар, сірә.

Меңінше, Назарбаевтың басшы ретіндегі айрықша бір өзгешелігі – халықаралық, ұлтаралық мәселелердің шиелінісін асығыстыққа салмай, арандататын пікірлердің ығы мен ырқына жығылмай, әліптің аяғын баға сабырмен, уақыттың талабымен үйлестіре, жан-жақты мүдделердің тоқайласу нүктесін таба біліп шешуінде. Ол өзінің жетсем-ау деген саяси және ұлттық биік мақсаттарын әрдайым есінен шығармағанымен, соған жету үшін жақсы ұранды жамылып, жақсы атақ алуға қызықпайды, қолдан келетін нақты мүмкіндіктерді ғана түгел пайдаланып, эволюциялық жолмен тұрақты жылжи бергенді жөн көреді. Өйткені, өзі айтпақшы, «саясаттың негізгі мақсаты – адам, қоғам, ел қамы екеніне» ол көбімізден бұрын көз жеткізген адам. Адамның, қоғамның, елдің обалына қалмауды ар-ұятымен сезінген адам ғана сөйтсе керек.

Халықаралық мәселелерді шешу барысында АҚШ, Ресей, Қытай сияқты ірі, қай жағынан да күшті елдер біздің Президентке әр түрлі қысым жасап, сес көрсетпейді дегенге өз басым сене алмаймын. Соның бәріне көре-біле төзіп, өз

елінің пайдасына икемдеп ақылмен мәселе шешу Президенттен зор білімділік пен парасаттылықты, мәдениеттілік пен мінезділікті қажет ететіні сөзсіз. ТМД елдерінің құрылуында, шекара және кеден мәселелерінің шешілуінде, Еуразия одағын ұйымдастыруда біздің Президент үнемі бастаушы боп жүргендігін ұмыта қойғанымыз жоқ. Әлем үшін Қазақстан бейтаныс өлке еді, қазір, құдайға шүкір, әлемдік саясаттың аузына жиі ілігетін елге айналдық. 1994 жылы АҚШ, Ресей, Ұлыбритания тарапынан Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік берген Будапешт меморандумына қол қойылды. Кейін мұндай кепілдік Франция мен ҚХР-дан да алынды. Жүзден аса мемлекет таныған, БҰҰ-ның және оның құрылымдарының толық құқылы мүшесі болған, өз ақшасы бар, аумағы жағынан әлемдегі тоғызыншы мемлекетпіз. Әрине, болып-тола қойған жоқпыз, бірақ барлық жағынан да болып-толуға талпынып келе жатқан елміз. Президент Америкаға да аузын ашып таңданбай, Францияға да бас изеп көне кетпей, дамудың тек қазақстандық қана жолын іздестіріп, үнемі соны табумен келеді. Ал ондай жол басқа жолдардың ешбірін де жоққа шығармайды, қайта бәрінен де бірдеме алады.

Президент жүзеге асырған ең жауапты жұмыс – жекешелендіру. Жеке меншігі жоқ, жеке меншігімен жанын бағып, өзін-өзі асырап отырмаған адам ешқашан өзінің сөз, пікір тәуелсіздігін, экономикалық тәуелсіздігін жүзеге асыра алмайды. Өзін-өзі баға алмайтын адам бәрібір басқаға тәуелді болады. Сонан соң өзін кім асырап отырса, соның сөзін сөйлейді. Адамдардың теңдігіне, бір-біріне бағынышты еместігіне тек жекешелендіру арқылы ғана қол жеткізуге болатындықтан, демократиялық жолға түскен Қазақстан да бұл істен тысқары қала алмайтын еді. Бұл өзі, шынын айтқанда, нағыз саяси-экономикалық өзгерістердің түп негізі болып саналатын нәрсе. Санамызға, тірлігімізге еніп жатқан бүкіл бүгінгі өзгеріс осы жекешелендіруден басталды. Бұл маңызды жұмыс та қателіксіз жүзеге асты деу артық болар. Дүние-мүлікке ие болып қалу үшін заңды ары бұрғандар да, бері бұрғандар да болды. Әуелі жұрттың баспанасы, содан соң үй маңындағы жер учаскесі жекешелендірілді. Соның нәтижесінде, бұрын совхозда істейтіндер 7 жүздік, колхоздағылар 25 жүздік жерге ие болды. «Ауылда жұмыс жоқ дегенді мен түсінбеймін», – деген Президенттің таңданасы да осындай жері бар жұрттың жерді пайдаланбай немесе пайдалана алмай отырғандығына қатысты болу керек. Меншігінде жер бар жұрт қалайша қайыр тілейтін күйге түспек деген сұрақ бәрімізді де ойландырады.

Мекемелер, өндіріс және өнеркәсіп орындары жекешеленгенде де халықтық мүдде мен жеке бастың мүдделері талай-талай айқасқа түскені бәріміздің есімізде. Ол реніштің ең басты себебі, меніңше, мынада: ежелден 30-40 бөлмеге иелік етіп келе жатқан мекемелер жекелегеннен кейін ең болмаса соның бір бөлмесіне де ие бола алмай қалды, өзі отырған үйге өзі жал төлейтін боп шықты. Соның салдарынан көбі тарап кетті, кейбірі өлермендік халге жетті. «Керек болса, тегін беріңдер!» – деп жатқан Президентті біреу тыңдаса, біреу тыңдамады. Оппозиция мен басқа да реніштілердің: «Президент төңірегі нашар, заңды, жарлықты орындаушы орындар адал емес», – деген пікірлері осындай-осындайдан барып туындаса керек. Расында, оның төңірегінде, төменгі сатыдағы орындаушылар арасында елім үшін деп еңіреп тұрмағандар баршылық қой.

Мен мысалға өз басымнан өткенді айтайын. 1993 жылы өзімше уақыт талабына ілескім келіп, «Горный гигант» совхозының «Восток» бөлімшесінен әйеліме үй сатып әперіп, сол шаруашылыққа жұмысшы етіп қабылдатып, 1,5 га алма бақты жалға алдырдым да, енді соның негізінде бұрынғы үй иесінің учаскесін әйелімнің меншігіне айналдырып, шаруа қожалығын құруға әрекет жасадым. Совхоз директоры да, ауылдық кеңестің төрағасы да ары созып, бері созып, әрі жүгіртіп, бері жүгіртіп әбден шаршатты. Содан соң 1997 жылы облыс әкімі С.Үмбетовтің алдына барып қана мәселені оңынан шештім. Соның өзінде ауылдық кеңес картасын қате сызып беріпті. «Түзетіп бер», – десем, «Қайтадан ақша төлеңіз», – дейді. Оның қателігі үшін де мен ақша төлейді екем. Сонымен, не керек, мен құжатымды жасап біткенше алма бақтың да шаруасы бітті: жабайы тоғайға айналып кетті.

Облыс әкіміне, аудан әкіміне кіре алатындай мүмкіндігім бар менің өзім 3-4 жылымды сарп еткен мәселеге ауылдағы қолы қысқа шаруалар қанша жыл әуреге түсті екен дегенді еріксіз ойлаймын. Әкімдердің, директорлардың сондай қылығына ашынған жұрт, сөз жоқ, сондайларды басшы қып қойған Президентке ренжиді.

Өзіңді өзің асыраудың қаладағы бір жолы – шағын кәсіпкерлікпен айналысу, ал оның қазақ үшін қолдан келетіндеуі – дүкен ашу. Президенттің бұл саланы дамыту қажет деп қаншама баяндама жасап, қаншама жарлық шығарғанын санап тауысу да қазір аз шаруа емес. Соған қарамастан бұл салаға атүсті қараушылық, істің нағыз мәнін түсінбеушілік әлі күнге дейін орын алып келеді. Өсірудің орнына үнін өшіру әдісі әдейі қолданылатын сияқты.

Тағы өзім білетін бір мысал. Бірінші қабаттан үй сатып алып, оны дүкен жасадым. Аудандық салық инспекциясы есептеді де, айына патентке 49 762 теңге төлейтендігім жайында құжат жасап берді, дөңгелектегенде, 50 мың. Сенерімді де, сенбесімді де білмедім. «Неге мұншама көп?» – дедім. «Сіздің сауда жасайтын нүктеңіз 43,90 шаршы метр, қазір патент мөлшері сол көлемге байланысты белгіленеді», – деді. «Сонда салық қанша сауда жасағаным емес, қанша шаршы метр жерді сауда орнына айналдырғаным салына ма?» – дедім. «Заң солай», – деді. «Бұл дүкенім емес айына 50 мың теңге салыққа, 20-30 мың теңге сатушылардың жалақысына, 5 мың коммуналдық қызметке төлеуге, солардың сыртында ең құрғанда 30 мың теңге өзіме пайда табуға жараса, онда бұл дүкен емес, нағыз қазына болды ғой, шырағым» – дедім де шығып кеттім. Бірақ мен шығып кеткенмен, қалада қаншама дүкен қызмет жасап тұр. Соның бәрі айына 105-115 мың таза табыс түсіріп тұр дегенге өз басым сенбеймін. Сөз жоқ, басқа амалын тауып жан бағып тұр. Өйткені, соншама қатар-қатар дүкеннің бір-бірінен айырмасы жоқ тауарларын үздіксіз сатып ала беретін халық қайда? Оның ондай ақшасы қайда?

Біз осыған да Президентті кінәлап жатамыз ғой. Дәл осындай тәртіп барын оған кім баяндайды? Мұндай-мұндайды да Президентсіз шеше алмайтындығымыз, әрине, шаршатады. Ол білсе, білуге үлгерсе, мұндай сорақылықтың болмайтындығында дау жоқ. Бірақ ол мұндайдың бәріне өзім үлгерем десе, онда ештемеге де үлгермеуі мүмкін ғой. Ерте ме, кеш пе бұл келеңсіз жағдай жойылады. Тез арада жойыла қоймады деп қана қынжыламыз.

Тағы мысал. Сыбайластыққа қарсы күресу туралы Президент жарлығы шықты. Дәл сол жарлық шыққан күні-ақ күрес басталды. Ол күрестің көп жағдайда көзбояушы, сыбайластығы жоқ жерден сыбайластық тапқан күрес болғанын көп жұрт біледі. Бірін мен де білем. Мектепте бірге оқыған досым туған ауданымдағы салық инспекциясының бастығы болатын. Аудандық қауіпсіздік комитетінің екі қызметкері соны «пәре алып жатқан жерінен» ұстады. Дереву республикалық телехабардан бергізіп, сыбайластыққа, парақорлыққа қарсы белсенді күресіп жатқандықтарын дәлелдеп бақты. Ал іс шын мәнінде қалай болды дейсіз ғой? Досым салық жүйесінің тәртібі туралы шыққан кітапты бір әйелге сатып беруге тапсырады. Қызмет бабындағы өштік пен кектестікті басшылыққа алған аудандық қауіпсіздік комитетінің басшысы әлгі әйелді үгіттеп, екі қызметкеріне арнайы тапсырма беріп, сатылған кітаптың ақшасын әкеліп беріп тұрған заматта соны пәре алды деген жала қылып, досымды дереу қамауға алды. Өздері әдейі құрған торды өздерінің сыбайластық пен парақорлыққа қарсы күресі етіп көрсетті. Шындық іздеп кімге бармадық, кімнен көмек сұрамадық. Қанша дегенмен қиянаттың қиянат екенін ажырата білетін адамдар бар ғой, досым ақырында толық ақталып шықты. Бірақ оның қызметіне сол әрекетті ұйымдастырғандардың өз адамы отырды, олардың о бастағы мақсаты да сол болатын. Ал досым жұмыссыз қалды. Айналып келгенде. Жоқ қылмысты қолдан жасаған қауіпсіздік комитетінің екі қызметкері жеті жылға сотталып кетті. Біреудің бұйрығын орындаған байғұстар екі ортада өздері орға түсті. Өстіп жеке бастың кегін, өз нәпсісін күйттеген жандар әділдікті аттап қана қоймай, халықтың әділдікке деген сеніміне де ақау түсіреді. Заңды білетін ондайлар өз кінәсі үшін өзгені қалай құрбан қылып жіберудің де заңдары мен жолдарын жақсы біледі. Сөйтіп, нағыз сыбайластар өтірік сыбайластықты әшкерелеп, талай тағдырды талқан етеді. Адамдардың моральдық-мәдени дәрежесінің төмендігінен туындап жатқан осындай жағдайлар үшін де Президентті кінәлаймыз. Сондай-сондайларды неге ондай қызметке қояды деп сөгеміз.

Осындайлардың бар екенін Президент, сірә, бізден жақсы білер. Өйткені оның мәлімет жинау мүмкіндігі біздікінен әлдеқайда мол. Біледі, ол да қынжылады деп ойлаймын. Өйткені, соның бәрін қолын бір сермегенде-ақ сылып тастайтын сиқыр күштің жоқтығын, оған ұзақ уақыт, ұзақ жылғы табанды күрес қажеттігін ол білмейді дегенге кім сенеді?

Алайда ананың орнына мынаны, мынаның орнына ананы қойса, бәрі дұрыс болар еді дейтіндей солардан артық істейтін адамдарымыз да асып-төгіліп жатқан жоқ қой. Сондықтан Президенттің де барымен базар болып отырғанын түсіну қиын емес.

Президенттің өзі де, тағайындаған басшылары да әділ сынағаннан өз абыройынан айрылмайды. Сын жинақыландырады, жауапкершілігін арттырады. Алайда жалаға, бұрмалауға негізделген сынаулар мен мінеулер елдің ұйтқысын бұзуға ғана бағытталады. Оның пайдасынан зияны басым.

Басқару жүйесін нығайтпайынша, мемлекеттің де нығаймайтынын біле тұра, оппозиция Президенттің өз билігін күшейтіп келе жатқанын үздіксіз сынайды. Кешегі тоталитарлық басқарумен барабар, демократиялық жолға әлі түскен жоқ дегісі келеді. Сөйте тұрып, өтірігі мен жаласын еркін айтып, еркін жазып

отырғаны-ақ сол өз сөзінің жалған екендігін әшкерелеп отырғанына мән бермейді. Басқару жүйесін жетілдірмесе, нығайтпаса, «Ойбай, мынау басқара алмай отыр, ештеңеге ие бола алмай қалды», – деп тағы байбалам салары өз алдына.

Оппозициямен жұмыс істеуде де тәжірибесіздікті бастан кештік. Мәселен, Хасен Қожахмет 1991 жылы Назарбаевпен қатар президенттік сайлауға түспекші болды. Әрине, халық оны сайламайтын еді. Өйткені, ол ел басқару тәжірибесі мүлдем жоқ, саяси-экономикалық жағдайды халықаралық бірлікте қарауға бұрын-соңды мүмкіндігі болып көрмеген жігіт-тін. Оның басы ашық бір қасиеті – өз халқын сүйетіндігі, сол үшін күйіп-жанатындығы. Амал не, құжаттары шынымен дұрыс болмады ма, әйтеуір, сол сайлауға ол жіберілмей қалды. Егер жіберілгенде, демократиялық жолмен баламалы сайлауды біз сол 1991 жылы-ақ өткізген болар едік. Жас мемлекетіміз үшін оның өзі жақсы бастама ретінде бағаланар еді.

Президентті «отырса опақ, тұрса сопақ» дейтін оппозицияның мүддесі, меніңше, халық үшін өте қауіпті. Одақ қирап, Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған тұста, біздің мемлекет өзгелерге қарағанда Ресеймен жақсы қатынасын үзе қойған жоқ. Ежелгі экономикалық байланыстарды сақтап қалуға тырысқан біздей бірде-бір ТМД мемлекеті болған жоқ. Сол кезде Назарбаевқа орысшыл деген кінә айтылды. Орыстай алып көршімен тек тату байланыста болғанда ғана қазақтың бағы ашылатынын ол сол кезде-ақ өз санасына сіңіріп қойған екен. Тәуелсіздік деген ешкімді менсінбей мұрынды көкке көтеріп жүру емес, ірімен де, ұсақпен де тіл табысу екенін Назарбаев, құдайға шүкір, дер кезінде ұғынған Президент. Оппозиция кейде маған оның кінәсін сынағаннан бұрын жетістігін көре алмайтын іштарлығы, қызғанышы басым сияқты сезіледі. Өйткені...

Уақыт өткен сайын ел ішіне ірілі-ұсақты өзгерістер ене бастады. Біздегі орыстар мен немістер өз тарихи отанына кетті, сырттағы қазақтар өз атамекеніне орала бастады. Енді оппозиция орыстардың ол кетуін Назарбаевтың құдалауынан, қысым көрсетуінен деп дәлелдей бастады. Олай еместігін біле тұра қасақана жала жапты. Олардың айтуынша, Моңғолиядан келген қазақтар Моңғол мемлекетінің қысым жасауынан. Қытай мен Ираннан оралғандар да сол мемлекеттердің қысымынан қашпайды екен де, тек орыстар ғана Назарбаевтың қысым жасауынан кетеді екен. Ресейге барып, содан қайта оралып жатқан орыстар «Назарбаевтың қысымын» сағынғаннан оралып жатқан болып шығады сонда. Оппозиция осыншалық жосықсыз жаланы неге жабады? Өйткені, оның түп мәні – елдің қамын ойлауда, демократияны гүлдендіруде емес, бақталастық пен тақталастықта. Сол өтіріктерінің негізінде Қазақстан мен Ресейді қырғи қабақ етіп қоюдан да, соғыс жағдайына итермелеуден де олар тайынайын деп отырған жоқ, қайта сондай жағдайға жеткізіміз дегенді ишаралап қорқытқылары келеді.

Баққа, таққа таласам деп жүріп, өз елінің ақыр түбіне жеткен Әмірсананы мен ылғи мысалға тартам. Әмірсаңа ақылды да, батыр да, өз елін, өз қалмақ

халқын сүйген патриот та адам болған шығар, бірақ өз мемлекетін, өз халқын сақтап қалуға жұмсалмаған ақыл мен батырлықтың, ессіз елсүйгіштіктің кімге қажеттігі бар? Моңғол халқы оны ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі, халық батыры санап, әлі де ардақтайтын көрінеді. Бірақ бақталастарын мұқатам деп жүріп өз елінің түбіне жеткен батырдың қылығы біздер үшін тәлім-тәрбие болуға тиіс. Таққа таласқан Әмірсана өз бақталасын жеңу үшін Қытай мемлекетінен әскери көмек сұрайды. Себеп таба алмай отырған Қытайға бұл бір көктен сұрағаны жерден табылғандай жағдай болады. Қаптаған әскердің алдыңғы шебін Әмірсананың өзіне басқартып қойып тұрып жоңғарлықтарды қырады.

Олардың ойын кеш түсінген Әмірсана енді Қытайға қарсы өзі соғыс салады. Бірақ, амалы не, бәрі кеш болды. Жоңғар мемлекеті өстіп жер бетінен жойылады. Өкінгенмен, опыққанмен орнына келмейтін осындай қателіктерден біздің оппозиция да ой түйгені орынды болар еді. Амал не, «СолДат» газеті Вашингтон мен Мәскеу Қазақстан Президентінің саяси қателерін жіті қадағалап отыр дегенді айтып, өз елін сырт елдің бағындыра, қорқыта саясат ұстағанына қуаныш танытады, тіпті сүйсінеді. Өз еліндегі ішкі ахуалды солардың қысымымен өзгерткілері келеді. Елінің еркіндігін тежейтін әрекеттен де тайынбау деген – сол (№11, 2000 ж.).

«Ғасырлар тоғысында» Президент былай дейді: «бұрынғы халықаралық аядағы идеологиялық, таптық, одақтастық жанжалдар негізінен адамдар мен елдерге қойылатын: «Сен кімнің жағындасың?» дейтін сауалдан туындайтын. Ал бүгінде атымен басқа сауал қойылады. Ол сауал азаматқа да, саясатшыға да, ұлтқа да, мемлекетке де қойылады. Ол: «Сен өзің кімсің?» деген сауал» (258-бет).

Сол: «Сен өзің кімсің?» деген сауалға біздің әрбір азаматымыз, ұлтымыз бен мемлекетіміз қандай жауап беруі керек? Ол үшін ежелгі, кешегі, бүгінгі тарихты терең білу – бірінші қажеттілік. Сондықтан да Президент бір жылды тарих жылы, тағы бірін ұрпақтар сабақтастығы, биылғыны мәдениетті қолдау жылы деп жариялаған болу керек. «Біз осындай ежелден өзіндік тарихы мен мәдениеті бар елміз», деп ауыз толтырып айтуға қақылы елміз. Тек соны біліп, талдап, дәлелдеп айтуымыз керек.

Тарих – Президент Назарбаевқа да, оппозицияның қай-қайсысына да, біздің бәрімізге де ұстаз. Тарихшыларға түрткі болсын дегендей, өткен жылы Президент «Тарих толқынында» атты кітап та шығарды. Ол жазғаны тарих емес, тарихты арқау ете отырып халықпен сырласуды. Ежелден келе жатқан ел екенімізді, көне тарихта ата-бабамыздың айта қаларлықтай ізі қалған халық екенімізді еске сала отырып, бүгінгі заманда да тарихқа із қалдыратындай мемлекет құруға шақырады. Шынында, сақ-ғұн-үйсін-түрік-қыпшақ-қазақ аталатын тарихи тізбекке көңіл жүгіртсек, біздің ататегіміз қай жағынан да ешкімнен кем емес. Кем емес ұрпақ кем еместігін іспен дәлелдеуге тиіс деген үндеу, қайрау да, ата жолымен адаспай жол табамыз деген сенім де сол кітапта баршылық.

Өкінішке орай, тарихты біз әлі де саясаттың, жақсылау мен жамандаудың құралы етіп қор қылып келеміз. Ол, сөз жоқ, кешегі кеңестік саясаттың әлі

үзілмей келе жатқан кесепаты. Одан арылмайынша, тарихи шындықты табам деу – далбаса, ал тарих шындығымен ғана күшті. Былтыр мен биылдың арасында әйгілі тарихшы екі ағамның мақалалары маған бір сыр ашты. «Егемен Қазақстанға» әуелі бірі Абылайдың хан болған кезі 1730-жылдардың басы емес, кейінірек, құжаттар соны дәлелдейді деген пікір жазды. Ол пікір басқа ағамның пікіріне қайшы келген екен, әлгі ағам қарсы мақала жазып, алдыңғы ағамның пікірін «батырлардың батыры», «әлемдік деңгейдегі алып тұлғаны кемсіту» деп бағалады. Аруағымен ойнайтын адам емес ол деп, қай-қайдағы ашу-ызаға да орын берді, кейіді. Ал енді соны оқыған өзгелер ондай ашу-ызадан қандай үлгі алады? Ондай әдіспен қайтіп тарихтың көсегесін көгертеміз? Аңыз тарихтан анық тарихты маман ағаларымыз ажырата алмай жатса, басқамызға не жорық? Кез келген тарихи тұлғаға қатысты пікірден тек әлдекімді немесе ру мен тайпаны қорлау мен мадақтауды ғана көретін болсақ, онда тарих туралы ауыз ашудың өзі мүмкін емес қой. Өйткені, кез келген тарихи тұлға белгілі бір тайпадан, рудан шығатыны кімге құпия? Ру да, тайпа да, жеке адам да тек тұтас халықтың бөлшегі деп қаралуы керек емес пе?

Зиялы, бәрін біледі, мәдениетті деген қауымның арасындағы бақталастық пен шенталастықты, кекшілдік пен рушыл намысқойлықты Президент өз қызметінде үнемі есепке алып отыруға мәжбүр. Олар ызақорлықпен жақ-жаққа бөлініп жатқанда, елсүйгіштіктен гөрі елжіктегіш істердің өршіп кететінін біліп, соған қынжылатын да шығар, содан үрейленетін де болар. Қалайда, әйтеуір, ол қылығымыз оны қуанта қоймайды. Өйткені, ол жағдай жау жағадан алғанда, бөрі етекпен тартқанмен бірдей. Президенттің ақылын да, мүмкіндігін де шашырататын осындай кемшіліктеріміз ұлтымыздың өсуін сөзсіз тежейді. Елдегі жағдайды түзеуді біз Президенттен күтеміз, ел бірлігін ыдырататын қылыққа бармауды ол да бізден күтетін болар.

Алты-жеті жыл бұрын зиялы қауымға: «Жоғарғы қызметте қай жақтан қанша адам жүргенін санатып қойдыңдар маған», деп ренжігені есімде. Ондай санақшылардың ол кезде де, қазір де бар екені рас. Бұл, сөз жоқ, түбінде жойылатын, бірақ, ұзақ уақыт пен сан түрлі шаралар қолдануды қажет ететін, адамдардың жеке бастық мәдениетінің дамуына қарай шешілетін мәселе.

Оның бір шешімі, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының айтуынша, Әз Жәнібек ханның жарлығымен жүзеге асқан дәстүр – ру ішінде жеті атаға толмай қыз алыспау дәстүрінен де табылатын тәрізді. Оның түбі «қарға тамырлы қазақ» екенімізді дәлелдейді. Мәнісі, меніңше, былай: өз руынан қыз алмайтын жігіт міндетті түрде өзге рудың қызына үйленеді. Содан барып өзі үшін қайын жұрттың, ал ұрпағы үшін нағашы жұрттың жаңа негізі қаланады. Оның сыртында құда-құдағилар мен құдаша-балдыздардың, жиен-жекжаттардың, жезделер мен жеңгейлердің, бажалар мен бөлелердің сыйластығы қалыптасады. Осы араласу дами келе жалпықазақтық татулықты орнатысады деп ойлаймын. Қазақтың бір руына қарсы екінші руының ешқашан соғыс аспаған сыры да осы араластықтан болса керек.

Кеңес заманының 30-40-жылдарында басшы қызметкерлерді басқа аймақтан алып келу дәстүрі біраз өріс алған-ды. Солардың ауысып келген ортаға

бауыр басып, ағайын боп кеткен мысалы бірсыпыра. Осы дәстүрді де біздің Президент ескере бастаған сияқты.

«Жақсыда жаттық жоқ» дегенді атам қазақ бекер айтқан ба?

Қазір де бұл әрекет біреуге ұнап, біреуге ұнамағанмен, рушылдық негізде жақ-жақ, жік-жік болудың түбіріне біржола балта шабудың бағытын осы бастан белгілеген жөн. 1986 жылы республикалық орталық мұражайдағы «Үйсін еркегінің мүсіні» дегеннен рушылдық көргендер болған. Қазір қазақ әлемін құраған ежелгі одақтықтардың арасында Үйсін мемлекеті де болғанын айтқысы келмейтін ақылмандар да пайда бола бастады. Осының өзі ежелгі тарихқа бару жолдарын осы бастан айқындауды қажет ететін көріністер. Тарихи шындыққа жету үшін жақсы көру, жек көру сезімі емес, неге бұлай, неге олай деген сұрақтарға әділ жауап іздеу ғана басшылыққа алынуы тиіс. «Сен өзің кімсің?» деген сұраққа сонда ғана біздің ұрпақ шынайы жауап беретін болады.

«Ораза, намаз – тоқтықта» деген сөз бар. Ауданның да, облыстың да әкімдерін сайлайтын кезең, меніңше, сондай бір «тоқтық» заманның тұсында ғана жүзеге асуға тиіс. Дәл қазіргі сайлау бір аймақтарда жік-жік пен жақ-жақты көбейтуге ғана себеп болса, кейбір аймақтарда ұлттық, тілдік мүдделер мүлде жүзеге аспайтындай жағдай тудырып жіберуі мүмкін. Оның солай болатынын 90-жылдардың басында өз көзімізбен көрдік те ғой. Оппозицияның мұндай талабы демократияшыл болғансып, халық болашағының тамырына балта шабумен барабар. Көрегендік танытып, ондай болашағы зардапты әрекетке Президент батыл тойтарыс беріп отыр. «Меніңше, кеңестен кейінгі мемлекеттердің балаң тарихы сайлау демократияның ең маңызды белгілерінің бірі болғанымен, бірден-бір белгісі емес екендігіне көзді мықтап жеткізе түскендей», – дейді ол аталмыш кітабында (147-бет).

Қазақ тілін қайтсек нағыз мемлекеттік тіл етеміз деп шырылдап жүрген жанашыр көп. Кейде олар да Елбасын кінәлайды. Өзі бастап қазақшадан басқа тілде сөйлемей қойса, соған риза сияқты. Сонда ғана көп тілді республика амалсыз бір тілде сайрай жөнелетін секілді. Бәлкім, сөйтсе сөйтетін де шығар. Бірақ ондай Президент, ондай Президенті бар мемлекет қайтіп демократиялық ел болады? Өз тілінде өзі сөйлей алмай отырған адамдарды отарлық жүйеде аяуға болар, ал тәуелсіз елде оларды тек, жұқалап айтқанда, тәрбиелеу керек. Қызмет үшін, билік пен бедел үшін, тағы басқа түрлі-түрлі игілік үшін кез келген шет тілді әп-сәтте меңгеріп аламыз да, ал өз тілімізді үйрене алмай жүргенімізді біресе заңнан, біресе бастықтардан көреміз. Көп тілді елді бір мүдделі ел ету – Президенттің басты міндеті. Ал оған тілдік мүддені бүкіл елдік мүддеден биікке қой деуге қақымыз бар ма? Тілдік, елдік қақтығыстар туып кетпесін ойлап, ол ылғи да әдеттегідей әліптің аяғын бағып отырса, біздер – ғалым, жазушы, тағы басқа зиялы қауым – ауық-ауық шыдамсыздық танытып, неге тездетпейсің деп сөгеміз. «Қой, мемлекеттік ұйтқыны бұзып алмайық!» – деген сақтық бізде үнемі бола бермейді. Ал Президент мүддені де, нақты жағдайды да есептейді.

Мәселен, латын қарпіне көшуді алайық. Бізден басқа түрік елдерінің ол жөнінде біраз іс бітіргені рас. Кезінде араб қарпінен латынға көшкенде де олар

бізден бұрын ұмтылған. Біздің мемлекеттің ұлттық құрамы, соған сәйкес тілдік құрамы бірде-бір басқа түрік мемлекетінің жағдайымен ұқсас келмейді. Демек, шешімнің де сәйкес келмеуі заңды емес пе? Екінші жағынан, түрік бауырлардан бөлек шешім табу да өкпе-наз тудыруы әбден мүмкін. Соның бәрін сан рет таразылаған адам асығыстыққа қалай барады?

Елімізде тұратын қазақтың 40 пайызы өз тілін еркін білмейді деген мәлімет бар. Әлі де сол шамалас ұл-қызымыз орыс мектебінде оқып жатыр. Орыс тілі өмірімізде әлі қажет, қажет бола береді де. Сондықтан балаларымызды кириллицаға да, латынға да еріксіз қатар үйрететін боламыз. Сонда, өзі, не ұтамыз, неден ұтыламыз? Бәрі латынға көшіп жатыр, біз де көшейік деген жалпылама ниет емес пе мұнымыз? Әлде орыс қарпін латынға өзгерту дәстүрлі орысшылдықтан құтқара ма? Жоқ әлде араға жік салып кете ме? Не себепті орыс қарпі жат та, латын қарпі туыс? Қай қаріппен жазсаң да, қазақтың сөзі қазақтікі емес пе? Қазіргі әліпбиімізде жүрген қ, ғ, ө, ү, і, ә, ң, һ, ұ қаріптері біздің төл қарпіміз саналмай ма? Бір мемлекет ішінде орыс және латын әліпбиін қатар оқытқанның мәселесі көп пе, әлде бір ғана қаріппен оқытқанның мәселесі көп пе? Латын қарпі компьютермен жұмыс істеуге икемді деседі, олай болса, ол қаріпті ұлттық жазуына қолданбайтын қытайлар, жапондар, үнділер, арабтар, орыстар не күн көріп отыр екен? Біз де солар қатарлы күн көріп кете алмаймыз ба? Осының бәрін ойламай, салмақтамай, қалайша асығыстық жасауға болады? Онсыз да күрделі білім алу жүйесін одан бетер қиындата түсу кімге пайдалы? Елдің арғы-бергі тарихы баяндалған дәстүрлі жазуын өзгерту, әдетте, отарлаушы елдің негізгі әрі басты әдісіне жатады: болашақ ұрпақты ата дәстүрінен алыстатудың бірден-бір тиімді жолы сол саналады. Сондай жолға өз еркімізбен барудың соншалық қажеттілігін өз басым шынын айтқанда, түсінбеймін. Бәлкім, Президент те сондай күмәнмен асықпай жүр ме деген күдігім бар. Айқын дәлелді, пайдалы екендігі күдік тудырмайтын іске жата ма бұл мәселе? Жылдар бойы орыс қарпінде жасалған ана тіліміздің ережелері мен қалыптасқан қағидалары, дәстүрлері қиналмай-ақ лақтыра салатын бірдеме болғаны ма? Осының бәрін ойластырғаны үшін де, әліптің аяғын бағып, сабыр еткені үшін де Елбасына ренжуге бола ма? Әуелі солай істедудің тиімді екенін тәптіштеп дәлелдеп бере алайық, сонан соң сөгейік.

Тіл туралы талай заң қабылдадық. Ол заңдардың қай-қайсысы да жаман емес. Және бәріне ортақ бір шындық: қай заңды қабылдарда да Президенттің ана тілімізге мән беруі үнемі айрықшаланып тұрды.

Тіл заңын тек асықпай, күнделікті көңіл бөлумен ғана баянды етуге болатынын өмірдің өзі дәлелдеп те үлгерді, меніңше.

Жақында Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойына бір топ ақын-жазушы пойызбен бардық. Астанаға жақындағаннан-ақ оңымыз бен солымыздан біресе шоқ орман, біресе жал орман жарысты да отырды. Астана мен Көкшетаудың екі арасындағы табиғи сұлулық жүрегіңді кеудеңнен суырып алардай таңдандырады: қарағай мен қайыңның қалың тоғайы, алақандай да қара жерді көрсетпейтін ұшы-қиырсыз көгал осы жерді аманат қып кеткен ата-бабанды еріксіз есіңе түсіреді; неден айырылғаныңды, неден әлі айырылып қалуың мүмкін екенін көзіңе нақты елестетеді.

Қызылжар қаласынан Сәбит ауылы 200 шақырым жер екен, бүкіл жол бойы, барлық алқапта шоқ-шоқ, жал-жал ақ қайың сыңсып тұр; біресе оңыңнан, біресе солыңнан бірде көлшік, бірде кішкентай дөңгелек көл, бірде шалқыған көл алма-кезек көрінеді де отырады. Жұмақтың төріндей мұндай туған жеріміздің бар екенін біріміз білсек, біріміз білмейміз. Сол жұмақ жердегі ел-жұрттың 17-20 пайызы ғана қазақша сөйлейді. Ол жер де, сөз жоқ, өз тілін сағынған жер. Жүз жыл бұрын осы өлкеде қазақтың нағыз халық жазушысы Сәбит туғанын, одан арғы жүз жылда оның әке-шешесі, одан арыда ата-бабасы туғанын еске салу, ата-бабаның тілін атамекенге оралту Президенттің де, бәріміздің де перзенттік парызымыз екенін сол тойдан тағы да ұғып қайттық. Тойдың да тереңге меңзейтін тағлымы бар екен.

Елдің іргесін бекіту – Елбасының ең үлкен міндеті. Дәл осы міндет жөнінен өз басым оған титтей де кінәрат таға алмаймын. Біздің көзіміз бүгін жетіп жатқан дүниені ол 5-6 жыл бұрын болжапты. Астананы Ақмолаға көшіру арқылы шешілуі қиын ең күрделі түйінді ол тап басып шешіпті: ана тілін сағынған өлке сусындап сөйлей бастапты. Қазаққа өз өлкесін өстіп қана қайта қайтаруға болатын бірден-бір дұрыс жолды ол даналықпен тапқан екен, сол үшін оған шын жүректен рахмет!

«Ұлттық идеология жоқ, оның бағдарламасы жоқ», – дегенді оппозиция да, басқамыз да жиі айтамыз. Сірә, ел қамын ойлайтынымызды білдіре түсу үшін айтамыз. Әйтпесе, «Қазақстан-2030» бағдарламасы, әр салада қабылданған, оның ішінде тіл, мәдениет, білім туралы заңдар ұлттық, мемлекеттік нығайымызды көздеп жасалмағанда, не үшін жасалған? Ендеше ұлттық идеология – сол, соны бұлжытпай орындау – ұлттық идеологияға қызмет ету. Еліміздегі заңдарды жүзеге асыру – алдымен қазақтардың міндеті. Өйткені, ол заңдардың орындалуы Қазақстанды нығайтады, ал қазақ мемлекеті нығайса, алдымен қазақ халқы нығаяды. Ұлттық идеологияның негізгі міндеті де сол – ұлтты саяси-мәдени әрі экономикалық жағынан жан-жақты дамыту.

Қазақстанның тұңғыш Президенті 60-қа толып отыр. Соның бастауымен жаңашыл жолға түскен елміз. Ол өзі былай дейді: «...жаңашылдықсыз біз тарихи дамудың кешеуілдік кезеңінен ешқашан шыға алмаймыз. Сондықтан жаңашылдық керек, бірақ біздің жағдайымызға бейімделген жаңашылдық керек» («Ғасырлар тоғысында». 119-бет). «Меніңше, жаңашылдықтың ең даусыз түрі тиімділік қағидасына негізделуі қажет сияқты», – дейді тағы да (121-бет). «Демократия жарлықпен орнатылмайды. Оны бастан кешіру арқылы жүзеге асырылады... Берлин қабырғасын сындыру оңай болғанмен, адамдар санасындағы қабырғаны қирата салу қиын екен», – дейді (143-бет). Соңғы сөзді оқығанда, ақырын күрсінгенін де естігендей болам.

«Адамдар санасын жақсартқанша аман жүрші!» – деп тілеймін.

Қазір, құдайға шүкір деп айтайын, қазыналы Қазақстанның ең қымбат қазынасының бірі – Президент Назарбаев. «Мен өз халқымды сүйемін», деген ол. Сол сүйіспеншілігі ғұмыр бойғы серігі болса екен!

ОЛЖА САЛҒАН ОН ЖЫЛ

Ғасырға бергісіз жыл бар. Күллі ғасырдың арман-тілегін аспандатқан, абыроймен жүзеге асырған он жыл бар. Мұның алғашқысы – бірнеше ғасыр бабаларымыз бен әкелеріміздің аңсаған арманы орындалған 1991 жыл болса, ал соңғысы ұлт-азаттық қозғалысының асау арнасы тәуелсіздіктің тұғырына табан тіреп, тыныс тапқан ХХ ғасырдың соңғы он жылы.

Көз қарықтырар, көңіл қанықтырар табыстардың тізбегіне көз жүгірту үшін «бүгін кім болдық, бұрын кім едік?» деген көкейкесті сауал төңірегінде ой толғағанымыз жөн.

Кезінде Кеңестер Одағында қайта құру және жариялылық реформалары Қазақстан тәрізді республикаларға тәуелсіздік алып беруді көздемегенін, мұның өзі жанарынан болашаққа деген сенім жоғала бастаған, аяқ-қолынан жан кете, құр сұлдері қалбаңдап, әлемдік қауымдастық шаңына көміле ілескен алып, тоталитарлық империяны меңдеген ауыр кеселдерінен сауықтыру әрекеті болғанын бүгінде мойындайтын уақыт жетті. Алайда, дәл осы қайта құру мен жариялылықтың коммунистік ойлау жүйесінде сіресіп қатып қалған ұлттық сананы жібітуге және оятуға қызмет жасағанын да бүгінде ешкім теріске шығара алмас. Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігіне және мемлекеттік тәуелсіздігіне барар жолдағы үлкен белес – 1920-50-жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, қазақ халқының ХХ ғасыр бастауында ұлттық санасының жаңа сапалық биікке көтерілуіне алтын көпір болған Ш.Құдайбердиевтің, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың және басқа да асыл перзенттер мұрасының 1988 жылы туған халқына қайтып оралуы еді.

Алайда, бұл көзқарас айтарлықтай баяу қарқын алғанын да айтпасқа болмайды. Алаш қозғалысының танымал көсемдері Ө.Бөкейханов пен М.Шоқайды ұлы қайраткерлер ретінде қабылдауға жартылай мәңгірттенген қоғамымыз асыға қойған жоқ. Алғашқысын тану оның 1994 жылы жарық көрген алғашқы шығармалар жинағынан соң басталса, соңғысы шын мәнінде қазақ зиялыларының күшімен 1999 жылы екі томдық шығармалар жинағы жарық көрген соң ғана елімізде құрметке бөлене бастады.

Тәуелсіздікке деген ұмтылысты «Невада-Семей», «Азат» тәрізді бейресми қоғамдық қозғалыстардың өмірге келуі және белсенді әрекеттері күшейте түскенін де ұмытуға болмайды. Мұның өзі кеңестік империяның отарлау саясатының ауыр зардаптарын айқын ұғу, олардан құтылуға құлшыну сезімдерін азаматтарымыздың бастан кешуіне біршама ықпал етті.

Қоғамды меңдеп кеткен кеселдің бірі өзінің ана тілін менсінбей, басқа тілде сөйлейтін ұрпақтың өмірімізде үйреншікті көрініске айналуы болса, 1989 жылы 22 қыркүйекте дүниеге келген Тілдер туралы заң қазақ және орыс тілдерін бірдей мемлекеттік тіл ретінде жариялап, ұлтымыздың санасында төңкеріс жасады.

Қазақстан Коммунистік партиясының осы тұста өзінің қызметін тоқтатуы да саяси ойлау жүйесінде біржақты, таптаурын пиғылдардан арылып, консервативтік түсініктерден еркін, жан-жақты тұжырымдар түйіндей білуге азаматтарды бағыттады. Таптаурын идеологияға тапталған құлдық сана енді басын көтеріп, еңсесін тіктеп, айналадағы әлемге еркін қарай бастады.

1990 жылы республикада Президент қызметі белгіленді, Жоғарғы Кеңестің сессиясында жабық дауыспен Н.Ә.Назарбаев республиканың тұңғыш Президенті болып сайланды. Әлі Одақтың құрсауы ашылмағандықтан, республика өміріндегі осы бір айтулы саяси оқиға қоғамда үлкен үрдіс қана емес, қайшылықты пікірлер де туғызды. Осыған байланысты Н.Ә.Назарбаевтың өзі осы оқиғадан бір жылдан соң жарық көрген «Әділеттің ақ жолы» деген кітабында былай деген еді: «Республикаларда президенттік қызметтің белгіленуі орталықтан кері тебу ағымының күшеюіне байланысты, мұның өзі мемлекетіміздегі орталық өкімет билігін әлсіретеді-міс деген пікірлермен тіпті де келіспеймін. Біріншіден, республикалардағы қалыпты өкімет билігі орнамайынша, бүкіл мемлекет шеңберінде тәртіпті нығайту туралы сөз етуге де болмайды. Екіншіден, мен КСРО-ны жаңарту және одан әрі дамыту диалектикасын тек былай түсінемін: республикалар күшті болса – орталық та күшті...».

Иә, бұл тұста әңгіме Қазақстанды кеңестік империя құрамынан бөліп әкету туралы емес, одақтық шеңбердің аясында республиканың мүмкіндіктерін пайдалануға қол жеткізу туралы болды. Сондықтан да республикада президенттік қызметтің белгіленуін тәуелсіздік бастауы ретінде емес, қазақ мемлекеттігін қайта реформалау ретінде қарастырған жөн деп ойлаймыз. Осыған ұқсас саяси ахуал Алашорда автономиясын құруда да қалыптасқанын еске түсірелік. Үш кандидаттың ішінен жасырын дауыс беру арқылы Алашорда төрағасы болып сайланған Ә.Н.Бөкейханов алғаш Ресей Федерациясы құрамында қазақ елінің федеративтік автономиялық құрылымына қол жеткізуді көздеген болса, кейіннен башқұрттармен және сібірліктермен біріккен автономиялық мемлекеттік құрылым жасауға тырысқан еді. 1917 жылы да, 1990 жылы да Қазақстанның алып империя құрамынан бөлініп, тәуелсіз, дербес мемлекеттігін қамтамасыз ету мүмкіндіктері шектеулі болды.

Алайда 1990 жылы саяси ахуал шұғыл өзгере бастады. Алғаш тоталитарлық империяның басты ордасы – Ресей Федерациясының өзі, онан соң көп кешікпей екінші үлкен славян мемлекеті Украина өздерінің егемендіктерін жариялады. Одақты реформалауды көздеген Одақтық шарттың жобасы жасалып жатты.

Осындай жағдайда Қазақстанның 1990 жылы 25 қазанда республиканың егемендігі туралы Декларацияны қабылдауы тәуелсіздіктің заңдық, құқықтық алғышарты болды деп батыл айта аламыз. Өйткені, 17 баптан тұратын Декларацияда Қазақстанның егеменді республикалар одағына ерікті түрде бірігетіні ғана атап көрсетіліп қоймай, сонымен бірге оның одақтан еркін шығу құқығын да өзінде сақтайтыны атап көрсетілді. Бұл баяғы кеңестік тоталитарлық жүйе Конституцияларындағыдай жәй ғана айтыла салған, жүзеге асырылу мүмкіншілігі шектеулі қағида емес еді. Осының нақты дәлелі Декларацияда тұңғыш

рет Қазақ КСР ұлттық мемлекеттілігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданылатыны атап көрсетілді.

1991 жылы 19 тамызда Мәскеудегі билік басындағылардың Президентке қарсы іс-қимылға көшіп, төтенше жағдайға байланысты мемлекеттік комитет дегенді ұйымдастыру және осылайша мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің сәтсіздікке ұшырауы онсыз да шаңырағы шайқалып тұрған тоталитарлық империяны іштен іріте түсуге жол ашты. 20 тамызда қол қойылады деп күтіп отырған Одақты реформалау туралы Новоогарев келісімі қағаз жүзінде қалды. Компартия тарап кетті. 7 қыркүйекте Қазақстан компартиясы да өзін-өзі таратып, социалистік партияға жол берді. Мұның өзі Қазақстан Президентінің еркін қимылға көшуіне мүмкіндіктер ашты. Президент 1991 жылы 28 тамызда Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойып, ұлы Абайдың туған өлкесін азапты қасірет құшағынан құтқарды. 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Президентін сайлайтын жалпыхалықтық сайлау өткізілді. Оның барысында Президент болып сайланған Н.Ә.Назарбаев 10 желтоқсанда міндетін атқаруға жаңа белсенділікпен кірісті. Бұл республиканың өзінің тұңғыш Президентін сайлауы еді. Дәл осы күні республиканың аты Қазақстан Республикасы болып өзгертілді. Ақыры ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған күн де туды, арада 6 күннен кейін, 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды және еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігі ашық түрде жарияланды. 7 тарау 18 баптан тұратын бұл заңның 1-бабындағы мынандай жолдар ұзақ жылдар бойы республика тәуелсіздігін аңсаған жандардың көңіліне қуаныш нұрын құйып, болашаққа деген сәулелі үмітті оятты: Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп жүргізеді. Қазақстан Республикасы территориясында тек өз заңдары және ол таныған құқық нормалары қолданылады.

Айта кеткен жөн, 1991 жылдың желтоқсаны дүбірлі оқиғаларға толы болды және олар кеңестік тоталитарлық империя территориясының саяси келбетін түбірінен өзгертіп жіберді. Алғаш Беловеж орманында кездескен Ресейдің, Белоруссияның және Украинаның басшылары 1922 жылғы КСРО-ны құру туралы келісімді теріске шығаратын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру туралы шартқа қол қойды.

Осылайша кезінде бір ғана адам (В.Ленин) жоғарыдан қол қойып, күшпен ұйымдастырылған империяны енді үш-ақ қайраткер қол қойып таратып жіберді. Сондықтан да көп кешікпей-ақ, арада төрт күннен кейін Ашхабадқа жиналған Орта Азия республикалары мен Қазақстан басшылары жоғарыдағы көңілге қонымды шешімді мақұлдап шықты. Арада тағы да бір аптадан соң бұрынғы кеңестік империяның 11 республикасы Алматыда бас қосып, ТМД-ны құру туралы хаттамаға қол қойды.

1992 жылы 2 наурызда Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына толық құқылы, дүниежүзілік қауымдастық мойындаған мүше ретінде қабылдануы еліміздің еңсесін көтеруіне үлкен ықпал етті.

Осындай жағдайда Қазақстанның ішкі саяси ахуалы да жаңа талпыныстарымен ерекшеленді. Ұлттық жарасымдылық және саяси тұрақтылық үшін күрес алғашқы орынға шықты. Славяндық сипаттағы қозғалыстар мен ұлттық сана үрдісінен бой көтерген қазақтардың қозғалыстарының өзара қарсы тұру пиғылдары көрініс берді. Елбасының осы тұста үлкен қайраткерлік, белсенділік, тіптен қажет жағдайларда ерекше белсенділік танытқанын айтпасқа болмас. Орыс казактарының Қазақстанда өздерінің мерейтойларын атап өту әрекетіне күйінген Елбасы кезінде мәскеулік газет тілшісіне берген сұхбатында: «1382 жылы Мәскеуді басып алып күйретіп жіберген бабамыз Алтын Орда ханы Тоқтамыстың осы тарихи датасын атап өтсек қалай болар еді?» – деп өткір сауал тастағаны бар.

Мемлекеттің қалқаны – Қарулы Күштерді жаңа талапқа сай қайта құру ісі Егемендік Декларациясы жарияланғаннан тура бір жылдан соң нақты қолға алынды. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президенті Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетін құрды. Бұл көп кешікпей-ақ республиканың тәуелсіздік алуына байланысты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне айналды. 1992 жылғы 7 мамырдан бастап Елбасы Қарулы Күштерді Республиканың өзіне бағындырды. Алайда Қазақстан әлі де Ресеймен біріккен әскери концепцияны және әскери доктринаны жүзеге асырып отырғанын айта кеткен жөн. Бұл аймақтық мақсат ортақтығынан ғана туындап отырған жоқ, кеңестік кезеңдегі әскери, материалдық-техникалық орталықтандыру саясаты қиындықтарынан әлі де арылмаудан орын алып отыр.

1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясының қабылдануы ел өмірінде жаңа кезеңді бастап берді. Мұнда мемлекет ретінде сипатталып, республика «өзін-өзі билейтін қазақ ұлты мемлекеттігінің түрі» деп көрсетілді.

Енді Қазақстанның президенттік республика жолына түскені айқын байқалды. Барлық басты билік Президенттің қолына шоғырланды. Ол қажет кезде референдум өткізуге, Парламентті таратып жіберуге, кезектен тыс сайлау өткізуге толық құқылы саяси тұлғаға айналды.

1995 жылы 30 тамызда қабылданған жаңа және бүгінгі күні де әрекет жасап тұрған Конституция халқымыздың Қазақ Хандығы тұсындағы ортақ саяси тұлғаға бағынған авторитарлық-аристократиялық мемлекеттік құрылысын күрделі түрде жетілдірген, харизматикалық саяси лидер – Президенттің рөлін биіктеткен, шығыстық және батыстық тәжірибелерді өзара ұштастырған президенттік басқаруға алып келді. Президент енді өзін сайлаған халыққа ғана бағынатын, Парламентке тәуелсіз мемлекеттік дара тұлғаға айналды. Мұның өзі президенттік билікті оппозициялық күштердің негізсіз айыптауына жол ашты. Дегенмен, соңғы жылдар тәжірибесі мынаны көрсетті: тоталитарлық қоғамнан демократиялық қоғамға өту өтпелі кезеңде авторитарлық билікті күшейту арқылы ғана жүзеге аса алады.

Конституция қабылдардан төрт ай бұрын Қазақстан халықтары Ассамблеясының өмірге келуі, ал 29 сәуірде Президент өкілдігін 2000 жылға дейін созуды мақұлдаған референдумның өткізілуі және оларға қатысушылардың президенттік билік төңірегіне топтаса түсулері жаңа Конституция қағидаларының қоғамды қанағаттандыратынын дәлелдей түсті.

Осы кезеңнен бастап республика нарықтық қатынастарға батыл қадамдар жасады. Көп укладты экономика қалыптаса бастады. Ұлттық валюта – теңгенің айналымға шығуы Қазақстанның экономикалық дербестігін қамтамасыз етуші негіздердің бірі болды. Республикада дербес кредит-қаржы жүйесі, Ұлттық банк құрылды. Қазақстан Республикасының валюта және Алмас, дербес Алтын қорларын жасау тәрізді маңызды шаралар да осы кезеңдерде жүзеге асырылды.

Халық шаруашылығында қолға алынған жекешелендіру ісі көптеген кемшіліктеріне және қиыншылықтарына қарамастан, елді нарықтық қатынасқа бағыттаушы рөл атқарды. Экономикада мемлекеттік секторға монополияны жою қолға алынды. Кейбір олқылықтарына қарамастан, ауыл шаруашылығын реформалау, өнеркәсіптің шикізаттық бағытын жою, инфрақұрылымды одан әрі жетілдіре түсу шаралары жүзеге асырылды. Жаңа экономикалық жүйені қалыптастыру жолында қиындықтар мен қайшылықтар аз болған жоқ. Олардың бәрін өз тірлігімізде анық сезіндік. Алайда, адамдардың қоғамдық меншікке бейімделген сана-сезімдерінің жеке меншікті қабылдауға дайын болмауы, ылғи да мемлекет қолдауына жалтақтау әдеті, жеке меншікті шаруашылықты ұйымдастыру тәжірибелерінің жеткіліксіздігі, мемлекеттік органдардың жеке меншік секторына жеткілікті дәрежеде моральдық және материалдық қолдаулар көрсете алмауы бұл маңызды шараларға үлкен кедергілер жасады.

Қазақстанның басқа елдермен саяси және экономикалық байланыстарды өркендете түсуі республика тәуелсіздігін нығайтуда үлкен рөл атқарды.

Ресей, ТМД басшыларымен көптеген келісімдер 1996 жылдан Қазақстан экономикасының дағдарыстан біртіндеп шыға бастауына ықпал етті.

Қазақстанның ядролық қарусыз аймаққа айналу жолындағы шаралары да әлемдік қауымдастықта үлкен қолдауға ие болды. Кеңестік империя Семей полигонында 45 жыл бойы 459 ядролық, оның ішінде 113 атмосфералық жарылыс өткізген еді. Тәуелсіз Қазақстан бұл бағыттан шұғыл бас тартты. Ол 1993 жылы ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісім-шартқа қосылды. Осы жылдың 19 ақпанына қарай Қазақстаннан стратегиялық бомбалаушы техникалар шығарылды.

Қазақстанның болашақ қауіпсіздігін қамтамасыз етуде 1994 жылдың 2 желтоқсанында СЕПС-тің Будапештегі кездесуінде Ресей, АҚШ және Ұлыбритания мемлекеттері республикамыздың егемендігін, территориялық тұтастығы мен шекарасының мызғымастығын өздерінің құрметтейтіндігін мақұлдап, кепілдік берген меморандумға қол қойды.

Айта кеткен жөн, жоғарыдағыдай кепілдікті 1995 жылдың ақпанында Қазақстан Қытай үкіметінен де алды. 1996 жылы сәуірде Шанхайда бұрынғы кеңесқытай шекаралары бойынша Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан мемлекеттері басшылары қол қойған келісім дүниеге келді. Бұл бойынша шекаралардың екі жағындағы жүз километрлік аймақта қарулы күштерді қысқарту көзделді.

Қазақстан 1998 жылы Ресеймен мәңгілік достық және одақтастық туралы Декларацияға қол қойып, біз үшін маңызды Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің табанын бөлісу туралы келісімге келді.

Басқа елдермен келісімдерге бара отырып, республика басшылығы елдің қорғаныс қабілетін арттыру ісін назардан тыс қалдырған емес. 1998 жылы 26 маусымда Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңның қабылдануы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылдың 10 ақпанында өзінің арнайы Жарлығымен Қазақстан Республикасының әскери доктринасын бекітуі осының айқын көрінісі.

Халықаралық саясатта аса ықпалды АҚШ тәрізді мемлекеттің Қазақстанмен әскери және экономикалық байланысты орнатуға мүдделілігі назар аудартады. 1999 жылы Қазақстан экономикасына шет мемлекеттер салған инвестицияның 32,4 пайызының АҚШ-тың үлесіне тиюі екі ел байланысының нығайып келе жатқанын дәлелдей түседі.

Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен белсенді қатынас жасауда. 1999 жылы қараша айында өткен ЕҚЫҰ-ның Ыстамбұл Кеңесінде ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге және экстремизмге қарсы ұжымдық негізде күресу жөнінде келісілді.

Қазақстан бүгінде Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік, Азиялық, Еуропалық және Ислам даму банктері тәрізді беделді мекемелермен тығыз байланыс орнатты. Осының нақты дәлелі 2000 жылы сәуірде «Еуразия-2000» экономикалық саммитінің Алматыда өтуі дер едік.

Өтпелі кезеңде авторитарлық жүйенің кейбір ауыртпалықтарынан әлі де арыла қоймаған республика дегенмен де дүниежүзілік өркениет қолдаған демократиялық, құқықтық қоғам құруға аршынды қадам жасап келеді. Бүгінде елде 14 саяси партия мен 30-ға тарта саяси-қоғамдық қозғалыс пен бірлестіктің әрекет етуі, Президентті, Парламент Сенаты, Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау науқандары осының нақты дәлелдері бола алады.

Қазақстан халқы үшін аса маңызды міндеттерді жүзеге асырудың XX ғасырдың соңғы он жылдығында орындалғанына назар аударсақ, аталған тарихи кезеңнің үлкен жүгінің ауыр салмағын айқын сезер едік.

«Егемен Қазақстан», 2001 жылғы 21 шілде

Сергей ТЕРЕЩЕНКО

ЕГЕМЕНДІКТИҢ ЕЛЕҢ-АЛАҢЫ: ҚИЫННАН ДА ҚИЫН КҮНДЕР

Алғашқы жылдары бәрі де оңай көрінетін. Жасыратын несі бар, егемендігімізді жарияласақ болды, сыртқы саясатта күллі әлем есігін алдымыздан айқара ашып салады, ал ішкі саясатта, ел экономикасы мен әлеуметтік салаларда реформалық өзгерістерді тез-ақ еңсеріп кетеміз деп ойлайтынбыз.

Міне, біз он жыл бойында бұлай болмайтынына және болмағанына көзіміз жетіп отыр: бәрі де өздігінен бола салмайды, жеңіл ештеңе жоқ екен. Мен, тіптен, сол 90-жылдардың басында – егемендіктің елең-алаңында Қазақстан Үкіметінің басқа да ТМД елдері сияқты ойға келмейтіндей ауыр жағдайды өткергенін жақсы білемін. Соған қарамастан, тәуелсіздіктің не екенін әлі де анық сезінбей жатқан кездің өзінде біз өзімізді әлем алдында таныта білдік. Оған мысал ретінде Қазақстанның сыртқы саяси қызметтегі дәстүрі де, тәжірибесі де жұтаң жағдайда аса қатерлі ядролық қарудың тағдырын шешкен халықаралық дәрежедегі шартқа отыру жөнінде өміршең шешім жасағанын атап айтар едім. Өсіресе, ел қауіпсіздігі мәселесінде бұрын-соңды қозғалмаған, солай бола қалғанның өзінде шешімі табылмаған ауыр мұраның мәнісін ертерек болжап біліп, ешбір қателеспей, ара-жігін айқындап алу үшін жұмсалған күш-жігерді де, дипломатиялық алғырлықты да дәл қазір сөзбен кестелеп жеткізу қиын. Ал, енді толғағы жетіп ие болған тәуелсіздігіне, егемендігіне нұқсан келтірмей, алыс-жақын мемлекеттермен экономикалық жағынан ықпалдастық байланысты нығайта түсу жолында Қазақстан бұрынғы «одақтас» көрші елдерге үлгі бола білді.

Бұл ойымды мен Үкімет басшысы болып тұрғанымда да ашық мәлімдеп айтсам, қазір де саяси өмірден қол үзбей, жұрт қатарлы жүргенімде, бұл пікірімді толық сеніммен дұрыс санаймын.

* * *

Әлі есімде, 1993 жылы Мәскеуде Нұрсұлтан Назарбаев пен Борис Ельциннің бастамасы бойынша бес мемлекет – Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Өзбекстан басшылары кездесті. Бұған дейін Қазақстан Президенті ТМД елдерінің экономикаларын интеграциялау жөнінде бірлесе күш жұмсау үшін бастамашыл қадамдар жасап, шынайы достық және ірі саяси қайраткерлік көрсеткен еді. Бірақ басқосуға келген кейбір мемлекет басшылары келешекке оқшауланушылық пен дағдарыстан өз бетімен шығуға ұмтылушылыққа бой ұра бастаған-ды. Солай бола қалса, қанеки. Ол жақсы болар еді, дейміз. Бәрінен де бұрын әбден бас қатырып, иландырып, егжей-тегжейлі пысықталған шешім мен уағдаластықтар біржақты әрекеттер арқылы жиі-жиі бұзыла беретін болды.

Сол Мәскеу кездесуінің қорытындысында Нұрсұлтан Назарбаевтың «ТМД беріктігі сыннан өтуде» деген бағасы көпке ой саларлық жағдайды меңзегенін

және бүгін де өз мәнінде екенін бірде-бір саясатшы жоққа шығара алмайды. Қайсыбір мемлекет басшылары ТМД шеңберінде экономикалық мәселелер қозғала қалса, егемендігіне нұқсан келтіретіндей сыңай танытқанын көріп тұрып, қатты таңғалатынбыз. Қазақстан Президенті «Мемлекеттердің тәуелсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру жөнінде ешқандай да сөз болып отырған жоқ. Ал, экономикалық мәселелерде сол Батыс Еуропаның өзі де бірігуге ұмтылып жатыр. Ал, біз болсақ барымыздың өзін қиратып жатырмыз», деп ТМД шеңберінде экономикалық ықпалдасудың әлсіздігіне қынжылыс білдірген еді.

Ескі құрсаудан шығу үшін ескі дүниені күйретіп, жаңа қоғамды бірден орната салуға тырысушылық әр елде де байқалған-ды. Мемлекеттік құрылысты бұрынғыша сақтап, саяси-экономикалық жаңашыл үрдіске көшуді бір мезгілде жүргізу қаупі де жоқ емес еді. Өтпелі кезеңнің күрделілігі мен әлеуметтік қайшылықтардың өткірлігі саяси және экономикалық реформаны жеделдетуге мәжбүр ететіні ап-анық сезіле бастады. Қазақстан өз реформасын өзі үйлестіруге мүмкіндік алғанда ол стратегиялық тұрғыда жан-жақты пайымдалып, тыңғылықты кесіп-пішілген еді. Алайда, егемендіктің елең-алаңында сыртқы ықпал, көрші елдерге, әсіресе, Ресейге тәуелділік әлі күшті болатын. Мәселен, 1990 жылы Орталық еркін баға режимін енгізуді көздеп, баға ырықсыздандырылған кезде ол болжағаннан 4 есе асып, баға лезде 10-12 есеге дейін өсіп кетті. Мұндай жағдайда басталған өзгерістерге күмән өте-мөте күшейіп кетуі неге апарып соқтыратынын білеміз. Сондықтан Елбасының таңдаған жолы – әрі тәуекелділік, әрі өткеннің қатесін қайталамау жолы еді.

Басқа елдерді дендеген дағдарыстар (саяси және экономикалық ыңғайда) бізді де айналып өте қойған жоқ. Саяси демекші, митингілік айқай-шу үдеп, түрлі көзқарас тайталасқа түсіп, Үкімет те жол айрығында мазасыз күй кешіп, қызмет еткен алабөтен шақта, өз басым шынымды айтсам, Парламентке де, саяси қозғалыстар өкілдеріне де ұнап қалу үшін тырысқаным жоқ. Халық тағдырын – өз тағдыры деп, беймәлім, түнек те тұңғыық нарықтық қарым-қатынасты қоғам игілігіне орай қалыптастырып, экономикалық және саяси реформаны батыл жүргізген, конституциялық орнықтылық ахуалын сақтап қалуды тұтастай өз жауапкершілігіне алған Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сенімі мен үмітіне қылаудай кір түсірмеу, премьер-министрлік өкілеттігімді барынша адал және аянбай атқару мен үшін ең басты міндет болатын.

Бұл міндетті қалай орындап шықтым, оған уақыт төреші. Менің бұл аса жоғары лауазымға келуім... 1991 жылғы 14 қазан күні Нұрекең мені өзіне шақырып алды.

– Сергей Александрович, ертең Жоғарғы Кеңестің сессиясы. Мен сені Премьер-министрлік қызметке ұсынамын, – деді.

Әрине, шоршып түстім. Қазақстан тарихында қазақтан басқа бірде-бір ұлт өкілі Премьер болмаған.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, біріншіден, ұлтым – орыс. Екіншіден – Премьер-министр шаруашылықты жете білуі керек. Үшіншіден – қазақ тілін жақсы меңгермей тағы болмайды. Ал, мен...

– Қазақ тілін аса жақсы білмеймін деп жасқаншақтама. Сенің тілдік қорың жетеді. Республика Үкіметінде де, Жоғарғы Кеңесінде де қызмет еттің, тәжірибең бар. Білімің тағы жетеді. Енді не керек?..

Бұл бір күрделі кезең еді ғой. Одақтың да іштей ыдырап, кетеуі кете бастаған-ды. Соған қарап-ақ, біздің өмір сүріп отырған қоғамдағы қордалана түскен қиындықтар едәуір сескендіретіндей еді. Белді бекем буып кірісіп кету алдында Нұрсұлтан Әбішұлының тап қасынан табыла қалсақ та, тап сенімінен шыға алам ба деген сұрақтың да салмағы зілдей ауыр екенін сезгенмін. Дегенмен де, Нұрекеңнің батыл ойлары мені жігерлендіріп жіберді. Жоғарғы Кеңес депутаттарының қызу талқысынан да өттім.

Президент таңдауының түпкі себебін өзімнің бүкіл дерлік билік баспалдақтарынан өткен өмірлік тәжірибем мен жауапкершілікті терең түйсіну тағылымнан іздедім... Бұған дейін, қырық жасымда республика Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, Жоғарғы Кеңес төрағасының бірінші орынбасары, аз уақыт вице-президент қызметтерін де атқарып үлгеріппін. Шымкент облысын да басқардым.

Үкімет басқару сипаты жағынан мүлдем бөлек жауапкершілік, тұтас ел үмітін ақтап шығудың өте үлкен талабы қатты мазалайтын жағын айтсам да жетер. Әлі Қазақстан Одақтан біржолата ат құйрығын кесісіп кете қоймаған. Өнеркәсіп орындарының 93 пайызы одақтық билікке бағынды, министрліктің бәрі Мәскеудің бұйрықтары мен өкімдеріне сүйеніп жұмыс істейді. Министрлік аппаратындағылар дербес ештеңе шеше алмайтын.

Бұл жағдайда тәуелсіздік жолына түскен бұрынғы кейбір одақтас республика басшылары экономикалық байланысты үзбей қарым-қатынас жасауға иек артты. Соның негізінде 18 қазанда Экономикалық ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Оған Украина, Молдова, Грузия және Әзірбайжан қатысқан жоқ. Балтық жағалауындағы республикалар әу бастан іргесін бөлектеген.

Егемен мемлекеттер арасындағы экономикалық қатынастардың бастапқы қалыптасу қадамы өзінен-өзі, әрине, бірден қалыптасып кете алмайтын. Ақпарат құралдарында сол күндері шарттың бұрынғыларынан бір артықшылығы: Кеңес өкіметі жылдарында тұңғыш рет саяси көзқарастар кейінге шегеріліп, экономикалық мүдде алға шыққаны әділ жазылды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев жас тәуелсіз елдер басшыларын экономикалық дағдарыстан тек бірлесіп қана шығуға болатындығын, ондай мүмкіндік әлі де қолда бар кезде пайдаланып қалуды талай мәрте ұсынып, Алматыда осындай мақсатпен бірнеше басқосулар өткіздік. Бірақ, саяси көзқарастар алақызбалыққа қарай ойысып кететін еді. Қол қойған құжаттар қағаз күйінде қалып, реформа мен жаңашылдықтың не ана түрі, не мына түрі ойымызды басып тұратын.

Бұл сол кездің шындығы еді. Масқара болғанда, кір жуғыш ұнтақ үшін күн-ұзақ сарғая сауда дүкенінде ішектей шұбатылған кезекте тұру дегеннің не екенін қазір есіме түсірсем, қатты қайран қаламын. Алдын-ала келісімсіз бағаны өзгерту жөнінде біржақты шешімдер, ұлттық қосарлас ақша енгізу, сөзбұйдаға салынатын уәделер белең алып, бюджет тапшылығы, зейнетақы мен

балалардың жәрдемақысын төлеудің зардаптары тым ауырлап бара жатты. Кәсіпорындар жұмысы іркіліске ұшырады. Шаруашылық байланыстарды сақтап қалу қиындай берді. Популистік идеологияның «жекелеген көсемдерінің» ара-тұра «бәрі құрып, қиратылды» дегендей аттан салып, бұқараның ашу-ызасына «нәр» бермекші болғаны да бар. Өз басым қанша жерден қиналып, мейлі тарығып жүрсе де туған мемлекетінің тәуелсіздігін тағдыр талқысына салып, мансұқ еткісі келетін қарапайым қазақстандықты кездестірген жоқпын. Жеке өкпе-реніші, пендешілігі болса, болған шығар, ал азаттыққа еш аярлық жасамаған отандастарыма алғысымыз шексіз.

Сол жылдары экономикалық қиындықтар Үкімет мүшелерін де шаршата бастады. Ұйықтамаған күндеріміз де көп болды. Мемлекетіміздің құрылымдық сипатында алғашқыда президенттік билік компартия және кеңестер билігімен қатар өмір сүруі де екіұдай ахуал орнықтырып, басқару жүйесін біржолата өзгерту талабы өткірлене берді. Бұл да көп ойланып, көп толғанып, әйтсе де көп ұзатпай шешуді сұранып тұрған мәселе еді. Өйткені Парламенттегі пікірталас шектен шығып кететіні соншалықты, Үкіметті біржақты жазғыруды әдетке айналдырып жіберді. Оған өкпелеудің қажеті де болмай қалатын. Сөз бен ой бөсекесіне мінбердің өзі жел беретін алып-ұшпа уақытқа сын болған Парламент қой ол. Адуынды Парламентте Үкіметті көп жағдайда Елбасы қорғап, алып шығатын еді.

Үкімет тек ағымдағы мәселелермен айналысып кетті де, стратегиялық мақсаттар ұмыт қалды дегендей пікірлер де айтылып жататын. Бұл – түсінбестіктің бір қыры ғана. Шынтуайтында, нақты жағдайды айналып өту сол кездегі қысылтаяң уақыт өлшемімен қарасақ, аса қателік болар еді.

Үкімет үшін халықтың егемен ел болу үмітін сөндірмеу, қайта оята түсу ең басты мақсат болатын. Қателіктер де, кемшіліктер де, түсінбестіктер де орын алатынын қалайша жоққа шығара қоялық.

Айтқандай, Үкіметке басшы болғаныма екі жарым ай уақыт өткенде Жоғарғы Кеңестің сессиясында «Республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы» үкімет баяндамасын жасадым.

«Біз қиын жағдайда өмір сүріп отырмыз, – деп ашық айтқан едім халық депутаттары алдында. – Қазақстанның толық мемлекеттігін тарихи қысқа мерзім ішінде қалыптастыру – бүкіл халыққа үлкен сын. Сондықтан бүгінгі қалыптасқан күрделі жағдайда ешкім де, тіпті Үкімет те жуық арада бәрі жақсарады деп айта алмайды. Жұмыссыздықтың көбеймейтініне, халықтың тұрмыс дәрежесінің төмендеуі тоқталмайтынына кепілдік жоқ.

Біз бәріне де көзімізді аша қарап, жағдайдың қалай болатынын алдын-ала білуіміз керек. Талқандап, қиратуымыз, жағдайды ушықтыруымыз, өзімізді өзіміз жерлеп, өзімізді өзіміз сынауымыз жетер. Қазір жаңаның өркендерін, Президенттің Қазақстанды дүниежүзілік қоғамдастыққа қосу жөніндегі күш-жігерін қолдау қай кездегіден де маңызды. Бұл орайда басты адамгершілік міндетіміз – адамдарға оптимизмін, үмітін қайтарып, тым әлсіздер мен дәрменсіздерді қолдап, олардың өз күштеріне деген сенімдерін нығайту керек...»

Соған қарамастан Үкіметке шүйліккен Жоғарғы Кеңес депутаттары әрқайсысы жергілікті аймақ үшін бірдеңе жырып қалуға тырысатын. Олардың көпшілігі сессия «сахнасынан» әрі асып кете алмай, мемлекет мүддесі тұрғысынан сөз қозғау қажеттігін ескере бермеді.

Жоғарғы Кеңес жаңа Конституция жасауға кіріскен кезде, әсіресе, экономикалық реформаға қатысты заңдарды қабылдау тұсында қызу пікірталастың ортасына айналды. Қызу айтыстар шықты. Бірнеше сағат бойы табандап тұрып депутаттар сұрағына жауап беруге тура келді.

Осы ойымды түйіндесем, енді бәрін ерте бастан білген адамдай болғым келмейді, бірақ өте күрделі кезеңде өте ауыр сын көп болды және ол кейде әділетсіз болса не дерсің? Бәріне де шыдадық. Шахтинск қаласында ереуілдеп жатқан шахтерлерге, ақша құнсыздана бастағанда талап қоюға әуестенген әр түрлі әлеуметтік топ өкілдеріне күдік-күмәнді сейілтіп, қайшылықтардың орын алу себебін күн сайын, сағат сайын түсіндірумен әлек болғанымыз әлі есімде.

Осы күрделі кезеңде Қазақстан Президенті жаңа экономикалық саясат жасаудың батыл шараларын өз қолына алды. Батыс пен Шығыс елдерінің тәжірибесін үйрене отырып, өз тірлігімізді өзіміз ғана түзейтін тура, бірақ күрделі жолды тапты.

Қазақстан Үкіметіне жүктелген ең негізгі міндет өтпелі кезеңнің өліара шағында атқарылуға тиісті мәселелер еді. Ол экономикалық реформаның бастапқы шарттарын қалыптастыру және егемен елдің өзіне тән ерекшеліктеріне қарай атрибуттарын түгел тиянақтап беру еді.

Бізді ең қатты мазалаған сұрақ Ресейдің рубль аймағында болу мәселесі десем еш қателеспеймін. Бірден бәрін болжай білу қиын. Ресей үкіметінің жас «экономист-білгірлері» Қазақстан жағын күмәнді-күдікті диалогтармен орындамайтын талап қойып, ығыстырғысы келді. Бұдан кейін, барған сайын күрделене түскен жағдайдың қайда апарып тірейтіні белгілі болып қалғанды. Тақырға отырып қалмас үшін қатты ойланатындай қиын күндерде Нұрсұлтан Назарбаев ерте ме, кеш пе өз бетіңмен қарекет етуге көшуге тура келетінін түсініп, жаңа экономикалық саяси ахуал жасай бастады. Жоғарғы экономикалық кеңеске реформаны жақтайтын, республика экономикасын жақсы білетін Дәулет Сембаевқа жетекшілік етуді жүктеді.

Қазақстан экономикасының реформаторы Н.Назарбаевқа американдық экономист Ч.Бэнг, ресейлік Г.Явлинский, мысырлық заңгер, доктор Хасан кеңесші болуға келісім берді. Елбасының тапсырмасымен Ресей үкіметінің төрағасы В.Черномырдинмен қаншама рет оңаша кездесу өткізіп, қалыптасқан жағдай туралы әңгіме жүргіздік. Оның нәтижесі кейде мүлдем басқаша болып жатты. Жүйке жұқартатын сөздерді де естідік. Бірақ, ешкімге есе жібермей, өз мүмкіндігімізге сәйкес мүддемізді де қорғай алдық. Ұлан-ғайыр өзгерістің теориялық әзірлігі мен өмірде нақты іс-әрекетпен ұштасуы үшін қаншама тер төгілді, оған тарих әлі де өз бағасын береді.

Ал мен басқарған Үкімет экономикалық қайта құрулар мен реформалардың сын көтермейтіндей ауыр жүргізілуін бастан кешірді. Инфляция шектен асып,

ақша тез құнсызданып кетті. Егер атқарушы билік реформаны жүргізе алмады деген пікірге келсек, Үкімет экономикалық саладағы реформаның құқықтық негізін жасауға асыққанымен, Жоғарғы Кеңес асықпады. Саясаттанушылық асықшынып кетті. Мұндай жағдайда қалыпты жұмыс істеуді сөз етудің өзі қиын. Экономикалық реформаны көп депутаттар түсінбеді немесе жеке билік тұрғысынан кедергі келтіргеніне де баға бере алмады. Жалақы жетпей жатты... Парламентте «Үкімет бізді қайда апара жатыр?», «Ұстанған бағыты дұрыс емес» деп кінә тақты.

Бәлкім, біздің Кабинет мүмкіндігі де таусыла бастаған болуы керек. Бәлкім, Үкімет мүшелерінің ауызбірлігі жетпеді деген де рас шығар. Жүндей түтіліп, орынды-орынсыз сынала бергеннен гөрі, өз еркімізбен қызметтен кетуді де ойладық. Осы ойымызбен арнайы мәлімдеме жасап, өз еркімізбен 1994 жылы қазан айында отставкаға кеттік. Бұл ешқандай алабөтен оқиға емес, өркениет пен демократия үрдісінде қалыпты жағдай болуы керек еді. Өкінгенім жоқ. Өйткені бұл өте дұрыс шешім болды. Мемлекеттік қызметтің этикасы осылай қалыптаспайынша, кадр саясатына да салқынын тигізетін тұстары азая қоймайды. Мен Премьер-министрлікке бекітілген кезімде бізде 36 министрлік бар болатын. Бұл – кеңестік жүйеден қалған мұра. Уақыт өте келе далиған аппаратты да ықшамдап үлгердік. Сөйтіп біз отставкаға кету туралы мәлімдеме жасаған кезімізде 22 министр қалған еді.

Менімен бірге Үкіметте Сағадат Нұрмағамбетов, Асығат Жабағин, Олег Сосковец, Қадыр Бәйкенов, Сыздық Әбішев, Ғалым Байназаров, Еркешбай Дербісов сияқты білікті азаматтар болды. Бәрі де ел тәуелсіздігін тұғырлы ету жолында күш-жігерін аз жұмсаған жоқ. Бетке ұстар қайраткерлердің адамгершілік қадыр-қасиетін де, ортақ іске деген жауапкершілігін де құрметпен атап айтамын. Ақиқат үшін және бір нәрсені айтқым келеді. Мен Әкежан Қажыгелдинді бір кісідей білемін. Ол Үкіметте менің бірінші орынбасарым болып қызмет етті. Семей аймағынан көзге түсіп үлгерген бұл адам идеясы көп, үнемі ізденіс үстінде жүретіндей болатын. Бірақ, ө дегеннен-ақ, қолына билік тізгіні тигеннен кейін мемлекеттік меншікке ауыз салды. Барлық кәсіпорынды жекешелендірсек, бәрін де жарылқаймыз деген көзқарасы түпкі ойында тереңдеп жатқан-ды. Кезінде теңгенің өтімі қатты төмендеп бара жатқанда мен теңгеге жасанды тежеу салудың қажеті жоқ деп қарсы болғанымда, ол қасымда отырып үндемей қалатын. Қалай болғанда да теңгені еркіне жіберу керек еді. Ол мемлекетіміздің мүддесіне ықпалды қызмет етер еді. Өйткенмен, әлеуметтік жағдай қиындағанына байланысты олай бола қойған жоқ. Мен Ә.Қажыгелдинді жұмыс істемеді деуден аулақпын. Алайда, оның билікке соншама беріліп кеткені ақырында оның жеке басының қамы мен құлқынқұмарлығын әшкерелеген сияқты. Жасырын өткізген тендерлерге де қатысы болды-ау деймін, онысы көп нәрсеге кесірін тигізді. Кеше ғана Үкімет басқарған адамның қызметінен кеткеннен кейін Америкаға барып «Қазақстанда демократия аяққа тапталған. Қазақстанға қаржы бермеңдер» деп байбалам салу әрекеті қазақтың «Атың шықпаса, жер өрте» деген мақалын еске салады. Түсінбей-ақ қойдым мұны дейді бәзбіреулер. Не түсінбейтіні бар, саяси қателігін кімнен көрерін білмей жүр ғой.

Мен туралы да жұрттың бәрі бірдей ойлайды демеймін. Солай болуы табиғи нәрсе. Жұмыс істеген кісі қателеспей тұрмайды. Біз де қателестік. Оны мойындауға тиіспіз. Бірақ, соншалықты кінәлімін демеймін. Тоқсаныншы жылдардың басында нарық экономикасы бізді беймәлім сұрақтармен тығырыққа тірегенін несіне жасырамыз. Көп мәселеде тас жұтып, тәуекел етуге тура келді. Үкімет кепілдігімен несиені де көп бердік. Егер несиені алушылар негізінен мемлекеттік кәсіпорындар болса қалай етуіміз керек? Алынған несиелерге көз тоқтатып қарайтындай қандай құрылыстар салынды десе, оның қатарына заман талабына сай «Анкара», «Рахат» сияқты зәулім мейманханаларды қосар едім. Тіптен теміржол бекеттерінде вагондардың жетіспеуінен жолаушылардың қандай мазасыз күйге түскенін ұмыта қойған жоқ шығармыз. Жаңа вагондарды да сатып алдық. Ауыл шаруашылығына қажетті техникаларды да жаңарттық. Орта және шағын бизнесте көзге түскен «жаңа қазақтар» да, қалталы кәсіпкерлер де өздеріне мемлекеттің қолдау көрсеткенін ұмытпаған болар. Бізге дәулетті де іскер адамдар керек. Және өз халқына қызмет етуі тиіс екенін естен шығармауы аса қажет.

Берілген несиенің біразы қайтарылды. Ал енді қайтармағандары болса, оған кейінірек жүргізілген жекешелендірудің де ықпалы тиді. Қызмет бабымен несиені алуға қол жеткізген бірқатар азаматтардың ар-ожданына жүктейтін жағдай да орын алғанын айтқанымыз жөн. Ал мемлекет кепілдігімен шетелдерден алынған несиені байланысты айтарым: әрине, қарызды жағдайымызбен санап отырып алуымыз керек еді. Кейбір жағдайда сол несиені алудың да қажеті жоқ болатын. Бірақ оның көлемі көп емес те сияқты.

«Терещенко үкіметі» қызметіне қаржы бақылау органдары, Жоғарғы Кеңестің Бақылау палатасы, республикалық басқа да құқық қорғау органдары талай мәрте тексеру жүргізді. Келешекте тағы да тексерер. Бірақ, аққа қара күйе жұқпайтын қағидадан ешкім де аттап кете алған жоқ. Бір оқиға еріксіз есім түсіп, күлкімді келтіріп отыр. Оны да жасырмайын. Парламент Мәжілісінің бір депутаты, көпке танымал азамат сессия залынан «Терещенко Израильге қашып кетті» деп өркөкіректікпен айқай салғанда мен Сайрамда «Интеграция» қорының жұмысымен іссапарда жүрген едім. Аң-таң болдым. Іле-шала Парламент басшылығына телефон шалдым. Олар да аң-таң болып қалды. Кейін әлгі кісі мен туралы биік мінберден сүйсіне жылы сөз айтқанда, «бұл өмірде не болмайды» дейтін кәдімгі әркім-ақ осындай жағдайда айтатын бір ой келді. Мектепте бірге оқыған достарым да «Сергей Александрович, сен Үкіметте жүргеніңде ананы бүйтпедің, мынаны сүйтпедің» деп сынап жатады. Оларды да түсінемін. Мені жақсы білетін, жиі әңгімелесіп тұратын адамдар қандай лауазымды қызмет атқарсам да өз болмысыммен жүретінімді, ешкімнің алажібін аттамайтынымды анық айтады.

* * *

Қазір де Үкімет төрағасы қызметін атқарған жылдарымды ақырын-ақырын ойлап қоямын. Өткен уақытқа көз жіберіп қараймын. Өкінішім жоқ, керісінше,

Қазақстан тәуелсіздігінің бастауында Елбасының сеніміне ие болып, қызмет атқарғанымды мақтан тұтамын.

Елбасы кейінірек бірқатар лауазымды қызметтерді де ұсынды. Одан да өзім тартындым. Атқара алмаймын дегенім жоқ. Әркім уақыттың еншісіндегі бұйырған нәрсені, пешенесіне жазылған тағдырды да аңғаруы қажет. Оны айтасыз, Өзбекстан Президенті мен Үкімет басшысы қызметінен кеткеннен кейін өзіне Премьер-министр болуға шақырғаны бар. Күтпеген жерден қолқа салғанда ол кісіге «Мен тек бір ғана адамға – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың командасында ғана қызмет етемін» деп мүдірмей жауап бергенімде ол қатты ойланyp қалды... Біздің әрқайсымызға патриотизм орнықтылығы ауадай қажет. «Отан» саяси партиясы билік саяси партиясы болуы үшін саяси тұжырымдама жасаған кезімізде біз қазақстандық патриотизмді және отансүйерлік қағиданы жоғары қойдық. Бір арманым бар: Қазақстанның демократиялық жолмен (Қазақстанда авторитаризм белең алып барады деген бейбастық сөздерді тыю үшін де авторитаризмнің керек екенін жоққа шығармаймын) өсіп-өркендейтініне сенемін. Қазір ауыл, селода ауыл шаруашылығы өндірісін ірі капиталистік елдердің тәжірибесімен қалыптастырып, Алматы, Шымкент, Астана және Тараз сияқты тұрғындар көп шоғырланған қалаларды ет, сүтпен молынан қамтамасыз ететін фермерлердің аяғынан тік тұрып кетуі үшін жұмыс жасап жүрген жайымыз бар. Мәселен, Алматы қаласын егісі мен ірі қара малы бар 5-6 фермердің өзі-ақ қажетті азық-түлік тауарымен қамтамасыз етуге толық мүмкіндігі бар. Бұл үшін оларды қалыптастыру керек. Әсіресе, шөл және шөлейт аймақтағы ауылдарға айрықша қамқорлық қажет екенін сезінбей тұра алмайсың. Туған Отанымыздың қай қиыр шеті болсын, назардан тыс қалмауы тиіс. Бұған біздің қазір ойымыз да, дәулетіміз де жетеді.

...Жолым түсіп, баршаға белгілі қайраткер азамат Сағат Түгелбаевтың Атыраудағы жекеменшік мұнай кешенінде болдым. Аңызға далада қара алтын өндіріп жатқан мұнайшылардың үйлесімін тапқан ырғақты жұмысына қарап тұрып: «Қазақстан экономикасын заман талабына сай осындай азаматтар көтере алады» деген тастүйін ойға келдім. Және бұл бірінші рет емес... Және бірлі-жарым оқиға емес. Елестетіп көріңізші, жекеменшік қазақ мұнай компаниясының болуын осыдан 10 жыл бұрын көз алдымызға келтіре алар ма едік, жоқ па?

Қазақстан аса қысқа мерзімде өз тәуелсіздігінің жолын дұрыс таңдай алғанын дәлелдейтін мың мысал бар. Біздің бұл жетістігіміз 90-жылдардың қиын күндерінен басталған болатын. Еңсесі биік ел болудың мақсат-мұраты «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасымен жалғасын табатынына шүбәсіз сенемін.

«Егемен Қазақстан» 2001 жылғы 21 шілде

Махмұт ҚАСЫМБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Президенті Кеңесінің бастығы

ЕЛБАСЫ

Сағыныш

Ұмытпасам, 2001 жылғы қарашаның орта тұсы-ау деймін, Нұрсұлтан Әбіш-ұлы өзіне шақырып алып, қолыма бірнеше шумақ өлең жазылған бір парақ қағазды ұсынды. Басына «Үшқоңыр» деп жазылыпты. Әр-әр жері түзетіліп, қолмен жазылған өлеңді жаңа әннің мәтіні-ау деп шамаладым.

– Махмұт, Алтынбек Қоразбаевқа жіберткізе қойшы, – деді ол.

Белгілі сазгер әрі әнші Алтынбек Қоразбаев ол кезде Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының директоры болып істейтін. Нұрсұлтан Әбішұлының онымен алдын ала келісімі бары-жоғын білмедім. Бәлкім, бір жерде кездесіп, өзінің туған жері туралы бір өлең немесе ән әуені толғандырып жүргенін айтқан болар, шамасы.

Бөлмеме келген соң, өлеңді оқып шықтым. Ол мынадай шумақтардан тұрады екен.

Әжемнің дөңгеленген оймағындай,
Үшқоңыр Алатаудың қойнауында.
Өзені гүр-гүр тасып, гүлі еркелеп,
Самалы сергітеді ой бағымды.

Қайырмасы:

Үшқоңырым, туған жерім,
Бәйшешек гүл жұлған жерім.

Бұл жерде тарихи сырдың сыбыры бар,
Бабалар тұлпарының дүбірі бар.
Бұл жерде Жамбыл – Жәкем ән шырқаған,
Құлақта күмбірлеген ұлы үні бар.

Үшқоңыр, қоңыр желің майдай екен,
Би-болыс шүйгініңді жайлау еткен.
Ақындар өрнегіңді өлең етіп,
Батырлар биігіңді байрақ еткен.

Шыңдары төбе бидің қалпағындай,
Жазира жасыл кілем алқабындай.

Жусаны бұрқыраған топырағың
Әжемнің шекер қосқан талқанындай.

Көрінеді сонаудан анық маған,
Нар тауда қырандары қалықтаған.
Тереңінен тарихтың сыр шертеді,
Қариядай көп көрген алып далам.

Қайырмасы:

Қыраны қалқып көгінде,
Балығы тулап өзенде,
Ынтымақ-ырыс жарасқан,
Үшқоңыр – менің жерімде.

Бұған халыққа кеңінен танылған әсем сазды әндері бар композитор Алтынбек Қоразбаевтың қандай әуен шығарарын мен ол кезде, әрине, білген жоқпын. Шығармашылық деген өте күрделі процесс қой. Кім біледі, бәлкім, жақсы ән туа да қоймас. Терең үңіле қараған жан осы бір өлең шумақтарының кейбір кедір-бұдыр тұстарын да аңғарар. Бірақ, меніңше, бұл арада мәселе онда емес еді. Мәселе Нұрсұлтан Әбішұлының жүрегінің нәзіктігінде, өзімен өзі қалған сәттерде қолына қалам алып, жан дүниесін тебіrentкен ойды шама-шарқынша қағазға түсіріп отыратындығында болса керек. Бүгінде Елбасының толғанысынан туған өлеңге Бекболат Тілеухан шығарған, терең сазды иірімдерге құрылған, кең тынысты «Елім менің» әні халыққа кең тарап, әйгілі болып кетті. Сол арқылы жұртшылық Нұрсұлтан Әбішұлын еліміздегі ең жоғары лауазымды тұлға деп қана емес, нәзік жүрек, ақынжанды азамат ретінде де тереңірек тани түскені анық.

Қолдан келсе, өлең жазған – жақсы қасиет. Ақын болмасаң да, өзіңнің ішкі сезіміңді жыр жолдарына айналдырып, өлең жазу адамды көркем ойлауға машықтандырса керек. Оның үстіне, жоғарыда айтқанымыздай, өлең жазған жанның жүрегі нәзік келетіні рас. Ал жүрегі нәзік жаннан ешқашан жамандық шықпайтыны екібастан белгілі. Саяси көзқарасы үшін түрмеде отырған ақындар тарихта молынан ұшырасады. Бірақ ұрлық жасап, әйтпесе кісі ақысын жеп абақтыға түскен ақынды өз басым естімеппін. Сірә, естімеспіз де. Жүрек қылын шертетін шумақтарды өмірге келтіретін құдіретті ақындардың кісі ақысын жеп, қиянат жасауға қолы бара қоюы екіталай.

«Үшқоңырдың» мәтінін оқығанда менің назарымды аударғаны Нұрсұлтан Әбішұлының өзінің кіндік қаны тамған туған жерге, жастық шағына деген сағынышы еді. Маған мынау өлең жолдары сондай сағыныштан туғандай әсер қалдырды.

Өлеңді оқып шыққан соң, кабинет терезесінен сыртқа көз тастап, біраз тұрғаным есімде. Уақыт қарашаның ортасына ойысса да, Арқаға қыс әлі түсе

қоймаған кез еді. Қыркүйектің аяғында ма екен, әлде қазанның басында ма жауған алғашқы қалың қар лезде еріп кеткен. Ол мұнша тез ериді деп күтпегенбіз. Керісінше, көкейімізде: «Апыр-ай, күз ортасында жауған осы қар көктемнің жүзі ауғанша қалып қоймас па екен» деген қобалжу сезімі қылаң берген. Бірақ онымыз бекер болып шықты. Артынша күн қайта жылып, күз аяғы ұзарып сала берді.

Астанадағы қауырт жұмыспен зымырап өтіп жатқан күндер, жаңбырлы, лайсаң күз Нұрсұлтан Әбішұлының есіне анда-санда бала кезінен асыр салып өскен өзінің Үшқоңырын түсіретін шығар. Сондайда өзі бас болып, білек түріп көркейтіп жатқан әсем Астанамызда жүрсе де, кей сәттерде жүрегінде туған ауылына деген сағыныш сезімі сыздап қоя беруі де мүмкін-ау деп ойлаймын. Сондай сәттердің бірінде қолына қалам алып, жан толқуын осылайша ақ қағазға түсірді ме екен.

Әрине, Нұрсұлтан Әбішұлы қызмет бабымен Алматыға жиі барып тұрады. Қолы қалт еткен шақтарында, бірауық табиғат аясына шығып, демалатын кездері де жоқ емес шығар. Бірақ балалық балғын шағының куәсі болған Үшқоңырына бүгінде қалағанынша жолы түсе берер деймісің. Ал анда-санда барып бір аунап-қунап қайтқанға тау ұлының мейірі қана да қоймас. Туған жер деген шіркін де туған анаң сияқты емес пе. Ана мейірімін қанша көрсең де, жанында қанша жүрсең де, соның мейір-шапағатына қуанушы ма едің... Көре берсем екен, көз алдымда мәңгілік жүре берсе екен демейсің бе. Оның үстіне, Үшқоңырдың өзі де сағындырмас жер ме, шіркін!..

Туған жерге деген сағыныш – ерекше сағыныш. Туған жерді сағыну адамның еркінен тыс қасиет. Әрі-беріден кейін қазақ үшін өмірге келген жерінді сағынбаудың өзі күнә да шығар деп ойлаймын. Елбасымыздың перзенттік тебіренісінен, туған жерді сағынуынан өмірге келген қарапайым жыр жолдары мені осындай ойларға жетелеп еді.

... Кейінірек кабинеттегі радионы қоса қалып едім, диктор «Үшқоңыр» әні орындалатынын хабарлағаны. Таныс сөзге елең ете қалдым. Бірақ, диктор орындалатын әннің кімдікі екенін, өлеңін кім жазғанын айтып жатпады. Ән Алтынбек Қоразбаевтың шәкірті – талантты әнші Мейрамбек Бесбаев жетекшілік ететін «Мұзарт» тобының орындауында берілді.

Ән орындала бастағанда-ақ таныс жолдар құлағыма құйыла кетті. Композитор ұсынылған ән жолдарына баяу айтылатын, созылмалы, сазды әуен тудырыпты.

Оның мәтінін жазған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екенін тыңдармандар бүгінге дейін біле бермеуі де мүмкін. Бәлкім, онда тұрған ештеңе де жоқ шығар. Ең бастысы – Үшқоңыр сияқты жер жәннатына бауырында өскен бір перзентінің өлең арнап, әдемі әуеннің өмірге келуі емес пе...

Атамекен аңсатпай қоймайды

Кеңес одағының кенеттен тарауы оның құрамындағы ондаған жылдар бойы жоспарлы экономиканың көзге көрінер-көрінбес байланыстары арқылы бір-бірімен матасып кеткен одақтас республикалардың халқына тек тәуелсіздік

қуанышын сыйлап қана қойған жоқ. Ол сонымен бірге күтілмеген қиындықтарды да ала келгені мәлім. Қайта құру кезеңінің ең ауыр сәттерінің өзінде де Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қайсыбір өзге республикалармен салыстырғанда, біршама тәуір болғанымен, бұл қиын өткелден өту біздің еліміз үшін оңайға түспеді. Жоспарлы экономиканың орнын іскер жандардың жолы болатын нарықтық қатынастар алмастырды. Кәсіпорындар арасындағы бұрынғы байланыстар бұзылды. Оның есесіне бұрын арнаулы әдебиеттерден оқығанымыз болмаса, көбіміз көзімізбен көріп, жанымызбен сезінбеген инфляция деген құдірет шарықтап шыға келді. Бертінгі ұрпақ не екенін көз алдына елестете алмайтын жұмыссыздық деген пәле де өз тақсыретін ала жетті. Алғашқы жылдары жұмысы барлардың өзі де атқарған ісі мен шығарған өнімі үшін тиесілі еңбекақысын айлар бойы ала алмаған жағдайлар аз болған жоқ.

Бірақ осылардың бәрінен де жұртшылықты ерекше толғандырғаны – миграциялық процестердің зор қарқын алуы еді. КСРО тарап, еркіндіктің қақпасы ашылған соң, бұрын Қазақстанға түрлі себептермен кездейсоқ тап болған ұлттардың өкілдері енді өздерінің атамекендеріне қайтуға асықты. Ол кезде халқымыздың тең жартысына жуығын өзге ұлттың өкілдері құрайтын Қазақстан үшін бұл процестің өзіндік күрделі тұстары да аз емес-тұғын.

Көші-қон мәселесі жаппай сипат алып, бақылаудан шығып кетпеуінің үлкен әлеуметтік-саяси мәні бар еді. Әрі мұның бәрін қоғамда саяси тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайтуға бағытталған құқықтық негіз жасау арқылы ғана шешуге болатын. Өйткені, демократиялық бағыт ұстанып отырған мемлекет өзінің тарихи Отанына қайтқысы келетін азаматтарды күшпен ұстап тұра алмасы белгілі. Осыны жақсы түсінетін Президентіміз бұл мәселеге алғашқы күндерден бастап-ақ ерекше маңыз берді.

Ешкім қысым жасамағанына қарамастан, балаларының келешегін ойлап әрі өздерінің атамекеніне оралу мақсатында 1991–2001 жылдар аралығында Қазақстаннан алыс-жақын шет елдерге 2670461 адам қоныс аударып үлгерді. Сонымен бірге осы мерзім ішінде шет елдерден Қазақстанға 664997 адам көшіп келгені де рас. Демек, он жылда кері сальдо 2 млн. астам адамды құрады. Әсіресе 477 мың адам көшіп кеткен 1994 жылы бұл процесс біздің республикамыз үшін ерекше үрейлі сипат алғаны есімізде.

Алғашқы кезде Қазақстаннан сыртқа көш түзеген миграциялық топтың негізгі легі Ресейге беттегені белгілі. Кейіннен бұл процесс біршама бәсеңсіді. Тіпті, қайтып келгісі келетіндер де табылды. Оралып жатқандар да бар. Өйткені, бәрі бірдей барған жеріне сіңісіп кете алмады. Оның себептері көп еді. Соның бастысының бірі – қазақстандық орыс азаматтары ділінің ресейліктердегіден шамалы өзгешелігінде де болса керек. Қалай дегенмен де, ұзақ жылдар бойы көп ұлтты Қазақстанда тұрып келген орыс ағайындарымызға осындағы өзге ұлттар өкілдерінің мінез-құлқы мен салт-дәстүрі ауыспай-жұғыспай тұрмайды ғой.

Кім және қай ұлттың өкілі болсаң да есейген шағыңда қопарыла көшіп, әсіресе басқа елге барып, сіңісіп кету оңай емес екенін түсінеміз. Сондықтан солардың бірсыпырасы аттың басын кері бұрып, Қазақстанға қайтқысы келеді. Елбасының атына осындай хаттар әр-әр кезде түсіп тұрады. Олар қайта-

дан Қазақстанның азаматтығын сұрап, туып-өскен жеріне қайтып оралуға көмектесуді өтінеді. Сондай хаттардың бірі Нұрсұлтан Әбішұлына 2002 жылдың мамырында түсіп еді. Оны жазғандар – Ресейдің Саратов облысындағы Маркс ауданының Бобровка селосында тұратын ерлі-зайыпты зейнеткерлер Любовь және Игорь Савинскийлер екен. 2001 жылғы маусымға дейін Алматы облысының Текелі қаласында тұрыпты. Жазуларына қарағанда, көшкенге дейін өздерінің үй-жайы, бау-бақшасы, шағын шаруашылығы болған. Қазақтармен көрші болып, тату-тәтті тұрған. Оларды ешкім ренжітіп, қысым көрсетпеген.

Бірақ осыған дейін үш жыл Ресейде тұрып келген мүгедек балаларын емдетудің қамымен, соның отбасының жағдайын ойлап, қоныс аударуға мәжбүр болыпты. Енді бүгінде өздерінің сол шешімдеріне қатты өкінетіндіктері байқалады. Кезінде барған жерлерінің көші-қон бөлімі олардың тіркеліп, Ресей азаматтығын алуларына ешқандай кедергі жоқ, Қазақстан мен Ресейдің арасында бұл рәсім оңайлатылған деп түсіндірген. Ал іс жүзінде жергілікті шенеуніктер олардың қазақстандық төлқұжаттарына күмәнмен қарайды. Мөрлер мен мөртабандағы қазақша жазуларды орысшаға аударуды талап етіп, босқындар мәртебесін сұрауға ақыл береді. Савинскийлер өз еріктерімен көшкендерін айтып, мән-жайдың шындығын түсіндірсе, оларды тіркеуге алмай қояды. Ал онсыз бұларға зейнетақы берілмесі белгілі.

«Мұнда біз туралы ешкім ойлайтын емес, ешкім қол ұшын бергісі келмейді», деп жазады олар Нұрсұлтан Әбішұлының атына жолдаған хаттарында. Қазіргі нарық экономикасы жағдайында оларға көмектесудің қиын екендігін түсінетінін айтады. Сонда да болса, өмірлерінің қалған бөлігін әлдеқайда қайырымды, үлкендерді сыйлайтын, ұстамды да қарапайым, иманды жандардың арасында өткізгісі келетінін жеткізіп, мүмкін болса Қазақстанға қайтып оралуға көмектесуін сұрайды. Сол үшін тіпті біреуінің зейнетақысымен күндерін көріп, екіншісін көші-қон шығынына төлеп, есептесуге әзір екендіктерін де білдіреді. Президент мұндайда әдетте мүмкіндігінше көмектесуге тырысады.

Әрине, келген хаттардың бәрі бірдей жоғарыдағыдай жанайқай болмауы да мүмкін. Мәселен, осы жылы сол Ресейден хат жолдаған Е.И.Найденова да өзінің сәлемінде туып-өскен Қазақстанға деген ыстық ықыласын жеткізуге тырысады. Кезінде Жітіқара қаласында оқып, Теміртауда еңбек етіпті. 17 жылдан бері отбасымен Якутияда тұрады екен. Өзінің жазуынша, теміртаулық жерлестерімен әлі күнге дейін хабарласып, хал-жағдайды білісетін байланыс бар. Ресейдің қоғамдық теледидар арнасынан Қазақстан мен оның Президенті туралы хабарды көрген соң осы хатын жазуды ұйғарыпты.

«Қазақстанның дербес мемлекет болғаннан кейін бұрынғы қол жеткендерінен айырылып қалмай, алға қарай нық адымдап келе жатқаны өте қуантады, – деп жазады ол. – Менің бойымдағы жақсы қасиеттердің бәрі туған Қазақстаныммен байланысты. Мен барлық ұлттардың достығын, бір кездері Украинадан жер аударылған ата-анамның қазақтарға деген бойыма сіңірген алғыс сезімін ешқашан ұмытпаймын. Қандай қиын жағдай болса да олар қолда барын бізбен бөлісетін. Мен өз немерелеріме де қазақтарға және Қазақстанға деген сондай сезімді дарытып, оларды өзім туған өлкеге апарғым келеді. Менің

немерелерім өзімді бір бөлшегі санайтын Қазақстанның шексіз ақ селеулі даласын көріп, қазақ халқы да осындай кеңпейіл екенін түсінсе екен деймін».

Ол хатын Елбасыға мықты денсаулық және өзінің Отаны санайтын Қазақстанның бүкіл халқына өркенділік тілеумен аяқтапты. Халқыңның атына, мемлекетіңнің басшысына жылы лебіз білдірген мұндай хаттардың кімді де болса бір марқайтып тастайтыны белгілі.

Иә, Қазақстанда туып-өскен соң, шет елге көшіп кеткендердің бәрі бірдей қазақ топырағының қадір-қасиетін оп-оңай ұмыта алмасы әбден мүмкін. Бәлкім, әсіресе жастар жағы барған жеріне тез бейімделіп-ақ кетер. Ал ересектер мен жасы егде тартқандар үшін бұл оңай емес.

Мәселен, «Казахстанская правда» газеті өзінің 2002 жылғы 4 шілде күнгі нөмірінде Солтүстік Қазақстан облысының алыс бір түкпіріндегі Новогречановка селосының тұрғындары туралы «Село, где нет безработных» деген мақала жариялады. Кеңес одағының кезінде «Новый труд» деп аталған бұл колхоз экономикасы мығым шаруашылық екен. Сол тұғырынан қазір де тая қоймапты. Сондықтан да мұнда аталмыш селоны тастап, қалаларға қоныс аударушылар жоқ көрінеді. Тіпті, бір кездері көшіп кеткендер өз мекендеріне қайтып оралып жатады екен. Солардың бірі – 72 жастағы Цезарь Бенковский Польшаға кетіп, жарты жылдан кейін қайтып оралыпты. Келген күнінің ертеңіне-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшысына барып жұмыс сұраған. Қазір поселкені абаттандырумен айналысып жүрген жайы бар.

– Жерсіз, жұмыссыз өмір өмір емес екен, – дейтін көрінеді қартыңыз. – Туған деревнямнан алыста жүрегім сыр бере бастап еді, ал мұнда қайтадан жасарып, күш-қуатым тасып шыға келдім.

Онымен бірге сол Польшадан Михаил Томусяк та қайтып оралыпты. Оның жасы тіпті егде екен, сондықтан ол қоғамдық кеңесші ретінде жергілікті басшылармен тәжірибе бөлісіп, ақыл айтып тұратын сияқты.

Осындай ынтымақ-бірлігі жарасқан жандардың арқасында 800-ге тарта тұрғыны бар елді мекен бүгінде тап-таза. Көшелеріне асфальт төселген.

Өздерінің диірмені мен наубайханасы жұмыс істейді. Дүкендер мен село базарынан жанға не керектің бәрі табылады. 217 үйдің 115-інің жеке автокөлігі бар. Серіктестікте еңбек ететіндер айына орта есеппен 10 мың теңгеден тапқанмен, негізгі табысты жеке шаруашылықтар береді екен. Өйткені, мұнда 50-ге дейін шошқа, 10-ға дейін ірі қара ұстайтын отбасылар бар. Өрине, көзін тапқанға олардың еті мен сүті – мол несібе. Оның үстіне өткен жылы серіктестік өзінің еңбеккерлеріне 350 тонна астық қалдықтарын жеңілдетілген бағамен сатып, 260 тонна пішенді заттай төлемақы ретінде беріпті.

Өрине, мұндай жерден халық ешқайда да көшпейді. Кетсе де жоғарыда аталған қариялар сияқты, туған жеріне қайтып оралары анық.

Мейлі, қайтып оралмай-ақ қойсын, бірақ өскен еліне сырттай шын жүректен тілектес болып жүргеннің өзі неге тұрады.

«Казахстанская правда» газетінің 2000 жылғы 30 шілдедегі нөмірінде сонау Дағыстанда тұратын Ахмед Чогаков деген кісінің «Не узнать Астану» деген шағын мақаласы жарияланды.

«Білімім жөнінен химик-биолог болсам да ұзақ уақыт бойы құрылысшы болып істедім, – деп жазады автор. – 18 жыл Целиноград-Ақмолада тұрып, «Целиноградэлеватордиірменқұрылысы» тресінің бір бөлімшесінде еңбек еттім. Мичурин атындағы кеңшарда, Мартыновкада тұрғын үйлер, Ново Александровкада амбулатория салуға, Осакаровка мен Сорокавая стансасындағы элеватордың құрылыстарына, т.б. атсалыстым. 1997 жылдың аяғында Дағыстанға – отаныма оралдым.

Міне, 5 жыл өткен соң Астанаға – көптеген туысқандарым мен достарым қалған қаладағы бауырыма қонаққа келдім. «Досыңның үйіне апаратын жолдың алыстығы жоқ» деп жайдан жай айтылмаған ғой, менің әрдайым осында келгім келіп тұратын. Келгеніме өкінбеймін. Астана адам танымастай өзгеріпті. Бүгінгі заманның қаншама әдемі үйлері тұрғызылған десеңізші, көшелер кеңейтіліпті, жаңа саябақтар пайда болыпты, субұрқақтар салыныпты, бәрін санамалап шығу қиын. «Бәйтерек» жаңа алаңында болдым, жаңа көпірмен, әл-Фараби көшесімен жүріп өттім, көбіне жаяу аяңдадым. Төңірек тап-таза, ретті екен, әсіресе орталық. Көргеннің бәрі көзіңе қуаныш ұялатып, жаныңды жадыратады. Менің байқауымша, ең бастысы адамдар әдемі, мейірімді бола бастапты, қабағы қату жандарды ұшыратпайсың. Бір данышпан: «Сұлулықты сезіну – көңіліңді қуантады», деп босқа айтпаған ғой.

Мен шексіз қуаныштымын және Қазақстан астанасының тұрғындарын осы табыстарымен шын жүрегімнен құттықтаймын, туысқан құмық халқының және бүкіл дағыстандықтардың атынан қазақстандықтарға денсаулық, игіліктер мен жаңа жетістіктер тілеймін! Сіздердің өмірлеріңіздегі осы өзгерістердің бәрі – халықаралық аренада үлкен беделге ие болған Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың даналық саясатының жемісі».

Осындай хаттарды оқыған кезімде менің есіме Нұрсұлтан Әбішұлының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халықты сабырлыққа, алаңсыз еңбек етуге шақырып, қызына сөйлейтін сөздері түседі. Міне, оның сол байсалды, жігерлі сөздері бүгінде өміріміздің қай саласында болмасын расқа айналып келеді. Бүгінде мұндай сөзді айтқысы келетін оптимист саясаткерлер көптеп табылар-ау. Бірақ мұны инфляция шарықтап, еңбекақы мен зейнетақы уақтылы төленбей, халық қиналып жатқан кезде айтып, бүгінімізді күні бұрын көре білуі қандай құрметке де лайық емес пе!

Ақ парақтар жеткізген ақ тілектер

Нұрсұлтан Әбішұлының атына құттықтау хаттар көп келеді. Жұртшылық Президентті еліміздің түрлі мемлекеттік мейрамдарымен құттықтап жатады. Жыл сайын туған күні қарсаңында да Президенттің поштасы қалыңдай түседі. Соның бірқатары құттықтау хаттары мен ашық хаттар, әйтпесе жеделхаттар болып шығады. Құттықтаулар көбіне-көп Елбасы қызмет бабымен араласып тұратын саяси қайраткерлерден түседі. Нұрсұлтан Әбішұлының туған күнін ұмытпай ескеріп, жыл сайын, үзбей құттықтау жолдап тұратындар да бар.

Сондай-ақ мәдениет және өнер қайраткерлерінен, әр түрлі деңгейдегі басшы қызметкерлерден келетін құттықтаулар да аз емес. Арасында қарапайым жұртшылық өкілдерінен, еңбек адамдарынан түсетін хаттар да елеулі орын алатынын айта кету керек.

Сол хаттардың арасында, әсіресе, қарапайым жұртшылықтан түсетін хаттардың мазмұны еріксіз назарыңды аударады. Табиғилығы мен шынайылығы баурайды.

Мәселен, сондай құттықтаулардың бірі Нұрсұлтан Әбішұлының кезекті туған күніне байланысты 2002 жылғы шілдеде Астана қаласының тұрғыны, екінші топтағы мүгедек Станислав Григорьевич Ильиных деген азаматтан келіп түскені есімізде.

«Қымбаттым, құрметтім және сүйіктім, Нұрсұлтан Әбішұлы! – деп бастапты ол хатын. – Сізді ыстық ықыласпен, шын көңілмен және ақ жүрегіммен туған күніңізбен құттықтаймын! Сізге зор денсаулық, бақыт, Қазақстанның гүлденуі мен республика халқының өсіп-өркендеуі жолындағы қиын да қастерлі істеріңізге сәттіліктер мен табыстар тілеймін. Қазақстанның қарапайым халқы Сіздің ақылды әрі қайырымды басшылығыңыздың арқасында бірте-бірте бұдан да жақсы әрі бақуат тұратындығына сенеді.

Сіз жақсы әрі ақылды адамсыз! Құдай Сіздің Қазақстанның тұтқасында ұзағырақ болуыңыздың сәтін салсын».

Елбасын шынайы сыйлап, құрмет тұтпаса, көңілі жарым, мүгедек жан мұндай хатты жаза қояр ма еді.

Сондай-ақ көршілес Өзбекстан Республикасынан келген мына бір оралманның хатынан да Нұрсұлтан Әбішұлының атына деген үлкен құрмет сезімін жазбай танимыз. Әсіресе оның атамекеніне оралғандағы қуанышы мен отансүйгіштік сезімі қандай табиғи десеңізші! Хатты жаның толқи отырып оқисың. Сірә, Отанын аңсаған адам ғана осылайша жаза алатын шығар-ау. Мұндай ахуалды өз басынан өткермеген жандар, бәлкім, хат иесінің жан сезімін толық түсіне алмаспыз.

Ол Елбасын туған күнімен құттықтай келе, өз хатын былай деп жалғастырады:

«90-жылдардың басында Өзбекстанға келген сапарларыңыздың бірі есімде. Сол жолы Сізді алғаш рет теледидардан көріп едік. Сонда Сіздің Өзбекстанда тұратын қазақтарға арнап айтқан шын жүректен шыққан, жылы, ақылды сөздеріңіз біздің этностық Отанымызға қайтып оралуымызға себеп болды. Әрине, бұл күрделі қадамға біз бұрынғы өткен бабаларымызды, өз халқының мүдделерін қорғайтын қазақтың тұңғыш Президенті – Сізді құрметтегендіктен бардық. Өзбекстаннан келген менің жерлестерімнің бәрі де Сіз туралы осылай ойлайтындығына сенемін.

Өзбекстаннан кетер кезімізде Бұхара жерінің жасы үлкен ақсақалдарының бірі – біздің аса қадірменді көршіміз Фазлиддин-ака ақ батасын беріп тұрып: «Жолдарың ақ болсын, бақытты болыңдар! Сендер бақытты болуға тиістісіңдер, себебі, Қазақстанды ақылды Президент басқарып отыр. Менің қарт жүрегім оның өз халқының бақыты үшін туылған жан екендігін сезіп тұр, ол

өз халқын сөзсіз бақытты етеді», деп еді. Көпті көрген қарияның сол шын жүректен шыққан сөздері біздің көкейімізде мәңгі қалып қойды. Соны туған күніңіздің қарсаңында сізге жазып жіберуді ұйғардым.

XX ғасырдың соңы егеменді Қазақстанымыздың өмірге келуінің куәсі болу бақытын сыйлағаны үшін тағдырыма ризамын. Отансүйгіштіктің қайнары жерге байланысты деп жатады ғой. Себебі, жер күшті. Үлкен істерді тындыруға ынталандыруға келгенде, адамдар әзірге отансүйгіштіктен өзге ештеңені ойлап таба алған жоқ.

Мен Өзбекстан Республикасының Науаи қаласында туылыппын. Өзімізді тани бастаған алғашқы минуттардан бастап, Өзбекстанда тұратын қазақтар үшін «Отан», «Қазақстан», «атамекен» сөздері өте маңызды болды. Өз Отанымызға деген сағыныш бізді әр минут сайын мазалайтын. Менің достарым – өзбек қыздары кетпеуімізді өтінгені есімде. Себебі, біз олармен өте тату тұрдық. Бірақ мен қандай адамда да Отан деген біреу ғана болады дейтінмін.

Алғаш рет қазақ жеріндеміз! Бұл әр оралманның өміріндегі қандай бақытты минут десеңізші! Отаныма оралған алғашқы күндерден бастап өз тарихымызды, әдебиетімізді, мәдениетімізді байыпты оқуға талпынудамын. Біз басқа мемлекетте тұрғандықтан, Бибі ханымның сұлулығымен ғана салыстыруға болатын өз мәдениетімізден қол үзіп қалып едік қой. Бибі ханымның сұлулығы жөнінде Шығыста мынадай сөз бар: «Сөзбен сипаттасаң ол әдемі болмай қалады, өйткені, бұл қыз барлық сөз атаулыдан әдемі».

Қазір осы мәдениетке қатысым барлығына, оның әдемілігіне таңырқауға мүмкіндігім барлығы үшін бақыттымын. Бірақ ең бастысы, біз – қазақтардың жас ұрпағы – осы мәдениетті сақтауға тиіспіз деп есептеймін. Отанды қорғап, оны қауіпсіздендіру үшін біз күшті, батыл, сауатты болуға тиіспіз. Қазақстанның әрбір азаматы: «Еліміздің байлығын еселеу үшін мен пайдалы не істей алдым?» – деген сұрақты өзіне-өзі қоюы керек.

Біз – қазақтардың жас ұрпағы – Отанымыздың міндетті түрде экономикалық тұрғыдан гүлденген, демократиялық және құқықтық мемлекет болуы үшін күресуіміз керек. Сіз, Нұрсұлтан Әбішұлы, өзіңіздің тарапыңыздан осы мақсатқа жету үшін бәрін де істеудесіз...

Сіз, құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, Президент болып саналатын ұлы елде тұратыным үшін шексіз бақыттымын!

Бұл хатты алғыс ретінде өзіңізге тапсырсам деген арманым бар еді. Бірақ әзірге менің ондай мүмкіндігім жоқ. Сондықтан хатты Сіздің туған күніңіз қарсаңында поштамен жібергенді жөн көрдім. Осындағы жылы сөздер Сіздің қиын қызметіңізге көмегін тигізсе екен деймін. Сеніңіз, олар шын жүрегімнен шығып отыр.

Сізді және Сіздің отбасыңызды құдай қолдасын!

Өзіңізге деген құрметпен – Сәбина Асанбай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тіл-әдебиет факультетінің II курс студенті.

2002 жылғы 3 шілде».

Хатта албырт жастың жан тазалығы бар. Айтарын ірікпей, шын пейілмен жеткізгеніне титтей де күмәнің қалмайды.

Меніңше, өзі билік жасап отырған елдің халқының өкілдерінен осындай хат алатын Президент – бақытты жан! Қалың көпшіліктің көңілін табу қаншалықты қиын десек те, тіпті, оның өзі мүмкін емес екендігін ойласақ та, азаматтардың осындай алғыс сезімдерін естіп, сезіну үшін де өмір сүріп, жан аямай еңбек етуге болады ғой деймін.

Екіншіден, жоғары оқу орнын әлі бітіре қоймаса да, өз Отанын, туған елінің тарихы мен халқының мәдениетін жан-тәнімен сүйетін осындай қаракөз қарындасымыздың арамызда жүргенін ойлағанда, кеуденді қуаныш сезімі кернейді екен.

Оның үстіне, жасыратыны жоқ, маған Сәбинаның өзі туып-өскен Өзбекстанның атына әлдебір теріс пікір білдірмегені де ұнады. Өзің суын ішіп, нанын жеген ел мен жер туралы, өзің бір кезде жақсылығын көрген жан туралы тек жақсы пікір айтып жүру де үлкен тектілік пен зиялылықтың белгісі деп есептеймін. Әсіресе, жастарымыздың бұған ерекше мән беріп өскендері жөн шығар.

Мұндайда осындай жүрегі ақ, пейілі таза Сәбинадай жастарымыздың келешегі де дұрыс қалыптасса екен деп тілейтінің анық. Сәбинаның өзі жазғанындай, күшті, білімді болса, ондай жастардың келешегі солай қалыптасатындығына сенгің келеді.

«Егемен Қазақстан», 2004 жылғы 24 сәуір

Рымғали НҰРҒАЛИ,
академик

ЖҮРЕКТЕГІ ЖҮЗДЕСУЛЕР

(Шойыншымен, Премьермен, Елбасымен кездесудің әсерлері)

Бұл жердегі өлшем бөлек. Газеттер жолмен, баспалар баспа табақпен өлшесе, мұндағы таразы – таңба. Жеке сөздерге дейін қысқартылып берілетін тұс аз емес. Шыққан материалдарға қырағы көз көп. Ананың атасы айтылғанда, біздің атамыз тоқалдан туып па еді деген даудан бастап, ана мақаланың көлемі неге үлкен, мені неге бермегенсіңдер деп дауласа келіп, сөзге тоқтамай, ЦК-ға, тіпті Мәскеуге дейін арызданатындар жыртылып айырылады. Сондықтан энциклопедия бас редакторы материалдарды оқып, реттеуден бір шаршаса, арыздарға жауап беруден екі шаршайды. Бір кірсе, өнбейтін өкпені қуып отырып алатындар мезі қылады. Анда-санда бір келетін сатирик жазушы қайдағы қызық қалжыңдарды айтып ішек-сілеңді қатырады. Бұл жолы да күлкіден езу жидырған жоқ еді. Телефонмен сөйлескенімді естіп отырып, неге екені белгісіз, өзінен-өзі жымыып, кекесінмен күліп, анда-санда мұрнының қызарыңқы ұшын тартып-тартып қалып отырған.

– Ал, сөйлеп болдың ба? Ендеше маған құлақ сал, – деп сатирик жазушы алақанын жайды. Жеңіл шынылы, алтын жақтаулы көзілдірігін бір көтеріп қойды.

– Сен ғұмырыңда үш кісі басқарып көрдің бе?

– Жаман-жақсылы декан болдық қой.

– Одан басқа? Комсомолда, кәсіподақта, райкомда, аткомда, ЦК-да бір күн істеп көрдің бе?

Сатирик жазушының бетіне бажырая қарап күліп жібердім.

– Партстажы екі-үш жыл бейбаққа қайдағы ЦК, қайдағы райком?

– Соны өзім де сезіп отырмын. Телефонмен сөйлесе білмейсің. Сен ауыл баласысың. Шегірткенің өз тілі, бақаның өз тілі, өгіздің өз тілі бар. Жаңа баспасөз комитетінің бас экономисімен сөйлестің ғой. Сөйлестің. Сен сұрап отырған қаржы оның құзырында емес. Бас редактор жайшылықта аңқылдаған адам, ал қызмет бабында ол үшін жоғары жақ не айтты, соған ләббай деп тік тұрады. Қаржыны ол да шешпейді. Тағы жебірей-заммен сөйлестің. Ол үшін қазақ кітабы шықты, шықпады – бәрібір.

– Сонда не істеу керек?

– Кімге шығуды үйрен. Телефонмен сөйлесе біл.

– Сонда?

– Сенің бағанадан бергі телефон шалуларыңнан ұққаным: бұрын орысша басылған Қарағанды қаласы мен облысына арналған энциклопедияны қазақша шығару керек, соған қаржы бөлдіру қажет. Дұрыс түсіндім бе? Менің мына қызыл танауыма бірдеңенің ісі барса, сен бұл әрекетті доғар.

– Неге?

– Күйіп кетесің, інім. Бүгін Қазақстан үшін қан жауып тұр ғой. Сен кешегі Қаратаев пен Қозыбаевтан айлалы емес шығарсың. Партия нені бас дейді, соны бас та тып-тыныш отыр. Босқа күйіп кетесің.

Алтын жиекті, жеңіл шынылы көзілдірікті кісі жүзіндегі кекесінді жасыра алған жоқ.

– Ойбай-ау, Жүсеке-ау, сөздің атасы өлмей ме? Сарыарқаның қазағына орыс тілінде энциклопедия жасап бердік деу ұят емес пе? Елдің бетіне қалай қараймыз?

Сатирик жазушы аздап жібіді. Басқаша рай танытты.

– Белді бекем буған екенсің. Онда осы энциклопедияны оп-оңай шығарудың жолын айтайын.

– Қалай?

– Назарбаевқа барасың.

– Премьер-министрге ме?

– Иә, Кабмин төрағасына.

– Қабылдай ма?

– Неге қабылдамайды? Мына ақ күшік – өкімет телефоны неге бүрісіп босқа тұр, соны жүгірт те жібер. Барады да, төраға көмекшісінің балағынан алады, шәуілдетіп үргізіп қой. Майлы қасықша жылпылдаған, қайыс қара, ұршықша зырылдап тұрған Ни деген көмекшісі бар. Сонымен сөйлес. Бас редакторлығыңнан бұрын қарағандылықпын дегенді қайталап-қайталап айт.

– Жүсеке-ау, мен семейлікпін ғой.

– Түү, баламысың деген. Сол көмекші сенің руыңды, паспортыңды тексере ме? Тіпті тексере қалса, Абыралың не, Қарқаралың не, кеше ғана бір ояз болғанын түсіндіріп бер. Сөзді тыңда. Назарбаев Алматы облысында туып, мектеп бітірді демесең, Қарағандыда тамыр жайып, ат жалын тартып мініп ержеткен, өсіп-өркендеген, шойын қазанда құрыштай қайнап шыққан азамат. Және Алматының жаман әдеттері бойына сіңбеген, өтірік уәде беруді үйренбеген, бірбет таза жігіт. Шенеунік ауруы жоқ. Қарағанды энциклопедиясын қазақша шығарып беру мәселесін қолма-қол шешіп тастамаса, мынаны кесіп берейін, – деп сатирик жазушы қызарыңқы мұрнының ұшын бұрап-бұрап жіберген.

Қазір ғой, жабыла батыр болып, Кеңес өкіметі мен компартияны қарғап-сілеп жүргеніміз. Ол заманда партбилет алу деген үлкен мәртебе болатын, қалтаңда қызыл куәлігің болмаса, тәуір қызмет те жоқ, есепке де алынбайсың. Диссертациясында алашорданы мадақтаған деген себеппен қырықтан асқанша қара тізімде жүріп, жариялылық деген кезеңде кісі қатарына ілініп, Қазақ энциклопедиясының басына қырық бестен аспаған адам іздегенде таңдау маған түсті де, бір-ақ күнде тағдырдың бұйрығымен бас редактор боп шыға келдік. Бес-алты айдан соң желтоқсанның қанды оқиғалары басталып кеткен. Талай адамның сыры ашылды.

Ер ақын «мен өз астанасының бас алаңында қыздардың шашынан сүйреп сабағанды көргенше, окопта неге өліп кетпедім», – деді қасқайып тұрып; «мен

осы күнді отыз жыл күттім ғой», – деді көрі қаламгер естен танып мүләйімсіп; «Біз өз ұлтшылдарымызбен өзіміз-ақ күресе аламыз», – деді тарихшы профессор саяси ұпай жинап; «Қазақ мемлекеттігі он жетінші жылдан басталды», – деді жағымпаз жазушы абыройдан айырылып; «Қазақ балабақшасы Алматыда болмағанда қайда болады?», – деді заңгер академик ешкімнен қаймықпай.

Тұтас ұлтты ұлтшыл деп жариялап, ерлікпен алаңға шыққан боздақтарды көгенге тізіп, абақтыға тығып жатқан сұм заманда ұлттық энциклопедия жасау әрекеттері де оңайға түскен жоқ.

Бұрын төрт-бес жылда бір болатын Жазушылар құрылтайында мәжіліс залын, төменгі қабаттағы асхананы дуылдатып кететініміз болмаса, Үкімет үйінің ішін кеңінен кім аралап көрген. Кейін ғой, жаңа алаңда жаңа ғимарат салынып Бекежан, Сайын, Әбіш, Маралбай, Төлен, Сұлтан секілді әдебиетші, жазушылар Орталық комитет қызметкерлері болғанда, именбей барып, еркін кіріп жүргеніміз.

Үкімет үйінің кіре берістегі биік, жуан бағаналары бірден билік тұғырын тіреп тұрғандай әсер етеді де, ғимараттың ішкі салтанаты сабырлы, салмақты күйге бейімделіп, адам өзін сергек, сақ, қағылез ұстауға тырысады.

Көмекші дәлізден қарсы алды. Сатирик жазушы дәл тауып айтқан екен. Ұршықша үйіріледі. Ол күліп тұр. Мен де күліп тұрмын. Ол неге күледі – білмеймін. Менің есіме сатирик жазушы сөзі түсіп күлдім.

– Осы уақыттың ретін әдейі келтірдім. Нұрсұлтан Әбішұлы бүгін көңілді отыр. Ойдағы нәрсеңізді қысылмай айтыңыз. Үй сұрайсыз ба, мәшине сұрайсыз ба? Мәселені шешіп жіберер, жерлесін ренжітпес, – деп, Ни екі туып бір қалған туысқан кісіше іші-бауырыма кіріп барады. Сатирик жазушы сөзі есіме түсіп іштей қылп ете қалдым.

– Екеуі де емес. Энциклопедия шаруасы...

Көмекші мынаның дені сау ма дегендей раймен бауырсақ танауын бір тыржитып, маған таңырқап қарады да, көп бөгелтпей үлкен есікті лып еткізіп ашып, қабылдауға кіргізіп жіберді.

Телефонмен сөйлесіп жатқанын көріп, тұра қалып едім, премьер қабағымен ымдап, кел, отыр дегендей болды.

– Оның өзі қазір қайда? Үйінде ме, ауруханада ма? Егіндібұлақта ма, Қарағандыда ма? – деген кезде премьердің дауысы қаттырақ шығып кетті. Біраз тындап отырды да:

– Жарайды. Бәрі түсінікті. Мен қазір тапсырма берем. Ол келгенше ауруханада орын дайын болады, – деген кезде өңі қуқыл тартып тұрды.

– Мен Қарағандыда обком хатшысы болған кезімде Қарқаралы, Егіндібұлақ жағына жиі барып тұрдым. Қарқаралы төңірегі орман, қарағай, қайың, көл. Тамаша ғой. Сардаланың төсіне орната салған жұмақ арал секілді. Ал Егіндібұлаққа қарай кең сахараның өзіне тән сұлулық басталады. Қыста қасқыр соғады, күзде арқар атады. Бір жағы Баянауыл, Қызылтау, Желтау, бір жағы

Қоянды жәрмеңкесінің орны, бір жағы – Балқантау, Дастар, Едірей, Мыржық, Дегелең. Қырыққа келмеген кезіміз. Күндіз-түні жұмыс. Қол қалт еткенде, аң қағатынымыз болады. Сол сапарлардың бірінде Егіндібұлақтың хатшысы Шалабай Қуанышев деген кісі Дәулет атты аңшымен таныстырған. Американың кинолары бар емес пе, индеецтер туралы. Дәл сол фильмдердің ішінен шыға келгендей адам. Жасы елуге келіп қалса да, отыздағы жігіттей. Бойы ұзын, артық бір қырым еті жоқ, сіңірлі, мұрны қоңқақ, басы үлкен, қолдары ұзын кісі. Үстінде аң терісінен өзі пішіп, өзі тіккен киімі бар. Талай аңшыны көрдім, бірақ дәл сол Дәулеттей адамды көргем жоқ. Ұшқан құс, жүгірген аң, өскен шөп, селтиген тал – бәрінің тілін біледі. Еңбектей жөнелгенде, тіпті дыбысы білінбейді. Аңшылықтың талай қызығын көрсетіп еді. Артық атқызбайды. Бір құлжа, бір қасқыр, – болды. Сөйткен ер жігіт жаман дерттің тырнағына ілініпті, – деп премьер күрсінді. – Себебі белгілі, – іргедегі тажал. Әуелде АҚШ әрекетіне қарсы жасалған, Хиросимадағы жарылыстан кейінгі Сталиннің ышқынуынан туған полигон болатын. Адамы жоқ мекендер, аралдар, құм-шөлейттер тұрғанда, қалың елдің ортасына сынақ алаңын орнату зор стратегиялық қателік, тарихи қателік деп білемін. Қалың қазақ ортасы, іргеде ормандай орыс отыр, мұхит қытайың да алыс емес. Дәлірек айтса, мұндай ортада полигон ашып, атом бомбасын сынау – халықаралық қателік. Тіпті қылмыс...

Сөзге араласып, 1949 жылғы атом, 1954 жылғы сутегі бомбаларының сыналғанын көзіммен көргенімді, Абыралы ауданының таратылғанын, жарылысқа жақын жерлерде тұратын адамдардың көзден айырылуы, жазылмас бейдауа дерт – раққа, ақ қан ауруларына шалдығуы, асылып өлуі, жындануы сияқты кесапаттарды айтқанымда, премьердің бетінің ұшы қызарғандай болды. Қан қысымы көтерілді ме, осы қайғылы жәйттерді несіне еске алдым деп сөзді доғардым.

Ол тағы жалғастырды.

– Кешегі соғыста жермен-жексен болған Германия қайта көтерілді. Жанып кеткен Хиросима, Нагасаки қалпына келтірілді. Біз жылап отыра береміз бе? Одан не шығады? Әрекетсіз құрай басы көтерілмейді. Амалын тауып, түптің түбінде полигонды жауып, уланған жер-суды, тау-тасты дезактивизация жасап, тазартып, табиғатты қалпына келтіру керек. Ол үшін уақыт керек, ол үшін сабыр керек.

Менің көз алдыма өзгеше бір дүние елестеп кетті: темір қоршаулар алынып тасталған, «Кіруге болмайды!» деген қаһарлы белгілер жоқ; Мыржық, Дегелең, Сұңқар тауларының бауырына, Тайлан, Шөладыр, Балапан жазықтарына ел қонған; шатырлы үйлер бой көтерген; мыңғырып мал жайылып жатыр; қарқ-қарқ күлген үлкендер, немере жетектеген әжелер, маз-мәйрам жастар. Бала күнде асыр салған, биік ши ішінен нар түйелер көрінбейтін Тайланның бойы, бабалар жатқан Ұзынбұлақтың бойы, бүлдірген, қарақаты тұнып тұрған Әулие асудың сайы. Тіпті келген шаруамды ұмытқандай аңырып отырып қалыппын.

Арнайы жазып әкелген хатты ыңғайлай бастағанымды байқап қалған премьер иегін көтеріп:

– Қағазды қоя тұр. Не шаруа? Ауызша айта берсеңші, – дегенде бойым кеңіп сала бергендей болды.

Желтоқсан оқиғаларынан кейін энциклопедия жағдайы қиындап кеткен болатын. Арнаулы мекемелер қызметкерлері әбден зықымызды шығарған. Неше түрлі қитұрқылары бар сұрақтарға ауызша-жазбаша жауап беруден ерқашты болған кезде, Мәскеуден, Одақтық қауіпсіздік комитетінен арнаулы тапсырмамен екі кісі келді. Жастары отызда ма, қырықта ма – белгісіздеу. Киімдері де, түрлері де сұрқай, байқап қарамасаң, бірінен бірін ажырату қиын. Қайсысы Александр Иванович, қайсысы Иван Александрович – оны да шатастырасың. Бір кабинетті босатып бердік. Таңертеңнен кешке дейін қолжазбаларды судыратып қарайды да отырады, орыс па, татар ма, башқұрт па, жебірей ме – белгісіз. Бізге сездірмейді, бірақ қазақша оқитындары, білетіндері айдан анық. Құшақ-құшақ қолжазбаның ішіне кірді де кетті.

– Не іздеді екен сонда? – деп қалды премьер.

– Ұлтшылдық идеяларын іздеген шығар деп ойлаймын.

– Түу!

– Анау қаулының, ұлтшылдық туралы қаулының ішінде ең қатты айыпталған ұйымның бірі энциклопедия ғой.

– Иә, солай. Ол қаулыны Бюрода таныстырып, талқылағанда намыстан күйіп, өртеніп кете жаздадым. Мұқашев бүйірімнен түртіп, білегімнен ұстап, құлағыма сыбырлап, сабырға шақырмағанда, сол жерде бірдеңені бүлдіріп жіберуім ғажап емес еді.

– Рас, жағдайларың қиын. Ішінде Статенин, Асқаровтар туралы мақала басылған деп «Алматы» энциклопедиясының тарап кеткен тиражын жинатып алып құртты ғой.

Он екі томдыққа балта көтеріп, жою керек дегенді өз ағайындарымыз ұсынды. Астапыралла. Осындайды да көрдік. Әрең тоқтаттық. Сонымен...

Тағы да орағытып, алыстан айналдырып, Қарағанды энциклопедиясының қазақшасына қаржы керектігіне ойысқанымда:

– Сонша мипаздамай, осылай тоқетерін айтпайсың ба? – деді де премьер қолма-қол телефонмен сөйлесе бастады. Қаржы министрі болуы керек. Теміртау комбинатының, Қарағанды шахталарының жағдайларын, жоспардың орындалуын, өнімдердің жан-жаққа жөнелтілуін сұрап келіп, оқыстан былай деді:

– Сол теңіздей пайданың бір тамшысы керек болып отыр. Қарағанды энциклопедиясы орысша басылған. Қазақшасын шығаруға бес-он тиын қажет. Қанша сом дейсің бе? Бес-он тиын дедім ғой. Бас редактор барады, сол өзі айтады. Бір аптаның ішінде мәселе шешілетін болсын, – деді де трубканы орнына қойып, маған тісі ақсиып күліп қарап отырды.

– Тағы не шығарғалы жатырсыңдар?

Басылып, дайындалып, жоспарланып жатқан кітаптардың ішінде «Ақмола» энциклопедиясын атаған кезде, премьер тағы сөйлеп кетті:

– Бұл дұрыс екен. Менің ойымша, Қазақстан үшін Ақмоланың орны ерекше. Анау картаға қарашы, далиған, көл-көсір, ұлан-байтақ қазағымның кең да-

ласы. Етек-жеңі мол пішілген ата-бабамның шапаны секілді ғой. Біреу сыйлады дейсің бе, бәрі де білектің күшімен, найзаның ұшымен алынған. Анау бір тұста, Орынбор тарапынан ішке қарай сұғына кіріп кеткені болмаса, жеріміз Алтайдан Атырауға, Отырардан Омбыға дейін керіліп-ақ жатыр емес пе. Жер жаннаты Жетісудағы жұмақ испетті Алматы өттең бір бүйірде, тығырықта жатыр. Маған салса, шіркін, астана болар жер – Қазақстанның кіндік орталығы, батысқа да, шығысқа да, солтүстікке де, оңтүстікке де қашықтығы бірдей, жетпіс жеті жолдың торабында тұрған Ақмола емес пе. Сонда жаңа ұйытқы пайда болып, халық орталыққа қарай ойысар еді-ау, жеріңе, суыңа, байлығыңа ешкімнің аузының суы құрымас еді. Қазанның қақпағы жабылса, сұғанаққа жол жоқ. «Ақмола» энциклопедиясын шығару өте дұрыс. Оған да көмектесем. Қажет болса, тағы кел, – деп премьер әңгімесінің тәмәмдалғанын сездірді.

Премьердің қабылдауында болған сол кездесуден кейін, екі-үш жылдан соң, дүниеде көп өзгеріс болды: қазақтың жаңа мемлекеті Президентінің жарлығымен тажал ұясы – Семей полигоны жабылды; Қазақстан астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілді.

* * *

Адам билік басында, тақта отырған кезінде айналасы, замандасы дәл, анық, әділ баға беруі қиын. Асыра, көтере айтса – жағынғаны, кемсітсе, сынаса – жауласқаны. Қалай болғанда да, қайраткер туралы пікір-тұжырым, кесікбайлам өз кезеңінде айтылмай тұра алмайды.

Қазақстанның тұңғыш Президенті хақында қазірдің өзінде тұтас әдебиет туғаны өтірік емес: өз ішімізде, шетелдерде мерзімді баспасөз қанша сөз айтты – мақтағаны да, даттағаны да жетіп жатыр; қазақ, орыс тілдерінде түп-түгел оған арналған бірнеше кітап шықты. Жолжазба, саралау, зерттеу үлгісіндегі әр мазмұнды, әр деңгейдегі еңбектер. Балалық шағы, Теміртау кезеңі, Қазақстанды реформалау дәуірі, қайраткерлік жалпы сипаты, отбасы, саяси кескіндемесі – осылардың бәрі бар. Мұндай еңбектер деректерге, архив материалдарына, нақты құжаттарға сүйенеді.

Түптің түбінде ел тағдырының бетбұрыс белесінде мемлекеттік биліктің бас тұтқасын ұстаған адамның тарихтағы орнын анықтау үшін оның қағазға түсіп, тасқа басылып, қатталған маңызды іс-қимылдары, жүзеге асқан, тындырып, бітірген, артына қалдырған қоғамдық-саяси мұрасы, басылған еңбектері, сөйлеген сөздері, берген сұхбаттары, мінез-құлқы, қабілет деңгейі, рухани әлемі ғана емес, бір қарағанда елеусіз, кішігірім нәрсе көрінуі мүмкін әрекеттері, қызметтестерімен қарым-қатынасы, айналасына шапағаты, қолма-қол айтқан сөздері, дереу шешкен түйіндері, қысқасы: мың-сан дүние айналымға түспек, бір кірпіш болып қаланбақ, кәдеге жарамақ.

Шынын айтқанда, қызметтес, істес болмаса да, Елбасының мемлекеттегі әрбір адамның өмір-тіршілігіне, тұрмыс-тағдырына әсер-ықпалы тиіп жатады. Ал орайымен болған жүздесулер, сәті түскен кездесулер жөні тіпті басқа. Сондай шақтардың кейбір суреттері ойға оралады.

Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімінің студенттері елуінші жылдардың аяғы, алпысыншы жылдардың басында үшінші курста бір се-

местр оқу тәжірибесін газеттерде өткізетін. Сол ретпен 1962 жылы «Советтік Қарағанды» газетінде жұмыс істеп жүргенбіз.

Кеншілер қаласының Алматыдан көп өзгешелігі бар еді. Қазағы аз. Студенттер, қызметкерлер демесе, өз ағайындарымыз анда-санда бір ұшырайды. Зауыт, фабрикаға барасың – орыс пен неміс. Шахтаға түсесің – орыс пен украин. Көшеде қазақ сөзін мүлде естімейсің. Қарқаралы, Жаңаарқа жағына іссапарға шығып, көңіл көтерілгендей еді. Бір күні Теміртауға жол түсті.

Мұнда Қарағандымен жылап көрісетіндей екен. Бұл жерде де қаптаған өзгелер. Мыңның ішінен бір қазақ көрсең – қуанасың. Осы жолы жас жұмысшы, шойыншымен таныстым. Тығыршықтай. Екі көзі жайнап тұр. Тістері ақсиып күледі. Домна пешін, жұмыс орындарын көрсетті. Түк істемей-ақ аралап шыққанның өзінен шаршап жығылдым. Сол жылғы естіген әңгіме, алған әсерлер негізінде «Шойын мен жұлдыз» деген деректі новелла жаздым. Аты өзгертіліп алынған бас кейіпкер тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті болатынын ол кезде ешбір сәуегей, ешбір балгер айтып бере алмас еді.

Алматы астана болғанда салынған, қабырғасын қамыстан, ағаштан көтерген көпті көрген ескі ғимараттың бір қапталын мекендеп отырған Қазақ энциклопедиясы бір-ақ күнде шуладық та қалдық. Әуелі селдетіп жаңбыр жауған, артынан ми қайнатар ыстық болды. Сол себептерден электр жүйесі тотыққан ба, жоқ әлде, басқа бірдеңе болды ма, әйтеуір тападай тал түсте бірнеше жерден от шығып, ол бет қаратпас өртке айналып, көп дүниені жалмады да кетті. Мұрағат, кітапхана, қолжазба, дайын материалдар күлге айналды. Сөйтіп, 150-дей қызметкері бар үлкен ұжым далада қалдық. Жеке редакцияларды бөліп-бөліп әр мекеменің босағасына кіргіздік. Бұл жағдай айдан-айға созыла бастады. Басқа ғимарат мәселесі жуыр маңда шешілер түрі жоқ. Министрлер Кеңесінің Төрағасына кіруге талпындым. Қабылдады. Сөйтіп, ол кісімен 1962 жылдан кейін екінші рет бетпе-бет жүздестім. Алғашқы әсер-әсер екен. Тығыршықтай. Екі көзі жайнап тұр. Тістері ақсиып күледі.

Тұңғыш жолығысқанымызды ұмытпапты. Тіпті «Ракета» деген кафеден ішілген шайға дейін есінде қалған. Шаруаны қолма-қол шешіп берді. Қазақ энциклопедиясы Үкімет үйінің іргесіндегі министрліктер ғимаратына кіретін болды.

Алпысыншы жылдардың аяғында Мұхаметжан Қаратаев мұрындық болып бастаған Қазақ энциклопедиясын шығару сексенінші жылдардың басында Манаш Қозыбаев редактор кезінде жалғасын тауып, тоқсаныншы жылдардың ортасында енді не істейміз деген сауалдар қойыла бастаған. Мемлекет тарапынан үйіп-төгіп берілетін қаржы азайған. Сол себептен де штат қысқара бастаған, қағаз қымбаттаған. Өндіріс шығындарының құны артқан. Бір сөзбен, бұрынғы дәурен өтіп, тығырық кезең басталды. Оның үстіне энциклопедия деген – оңай жазып, тез шығаратын кітап емес, айлап, жылдап дерек іздейтін, бет емес, сөйлем емес, сөз емес, тіпті әріп, таңба санайтын, нағыз инемен құдық қазатын жұмыс.

Өрісті шалғын таппаса, жабылу қаупі төне бастағанда, жаңа талаптарға жауап беретін тәуелсіз елдің бас кітабын шығару жоспары жасалды. Әуелгі

аты – «Алаш». Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Алты томдық болатын. Есептеп көргенде қыруар қаржы, көп дайындық, есепсіз материал керектігі анықталды. Жобаны дәлелдеп, тиянақтап, көп қағаз жаздық. Әр жерге жібердік, шешілетін түрі жоқ. Жауап біреу-ақ: бүгін мұндай қаржы табылмайды. Ақыры Президентке сұрандым. Қабылдады. Бұл үшінші рет жүзбе-жүз кездесуім. Сол баяғы бірінші әсер. Тығыршықтай. Екі көзі жайнап тұр. Тістері ақсиып күледі.

Мәселе қолма-қол анықталды. Қаржы министріне тапсырма берілді. Қазір бірінші томы оқырман қолында жүрген «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» басылымының тағдыры осылай шешілген болатын.

Кейбіреулердей Президенттің алдына көп сұранып жүрген кісі емеспін. Жұмыстың жайымен жүздескен бірер сәтті қағазға түсірдім. Әрқайсысы бір-бір жан жарқылы, жүректегі жүздесулер болып жадымда қалып қойыпты.

«Егемен Қазақстан», 2005 жылғы 7 желтоқсан

Мүтәллап ҚАНҒОЖИН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын

ЕЛ СЫЙЛАҒАН ЕР

Нұрсұлтан Әбішұлы Қызылжарға келген сайын қарсы алушылардың ортасында ғана емес, мен ол кісімен бірнеше рет жеке әңгімелесіп көрген жанмын. Кейде теледидарға сұхбат алсам, кейде өзімді қинайтын қайсыбір түйткілдер туралы да сұрап қоятын едім. Сол кездерде көргенім мен түйгендерімді айтып бергім келіп отыр.

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдары Қызылжардағы олжаның бірі – түріктің «Окан-холдинг» компаниясы салып берген жоғары технологиялы, сапалы өнім шығаратын «Сұлтан» макарон фабрикасы болды. 1993 жылы келген сапарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен компанияның президенті Бекер Окан мырза оның іргетасының алғашқы кірпішін өз қолдарымен қалаған еді. Сол жолы облыстық теледидарға берген сұхбатында Нұрекең инвестиция дегеннің не екенін «Сұлтан» фабрикасының мысалымен қарапайым халыққа түсіндіріп бергені есімде. Айта кететін жәйт, ол уақытта темір шымылдықтың ішінде өскен біздің халық жұрттың бәрін жау көріп, инвестиция дегенді шетелдің басып кіруі деп ұғатын еді ғой...

Осы сұхбаттың сыртында Елбасының көңілді сәтін пайдаланып, өз көкейімде жүрген бір түйткілдің жәйін де сұрап қалдым. Ол – қытайлардың көптеп келіп жатқанынан іштей қауіптену еді. Президент сауалымды алдымен күле тыңдады да, артынан байсалды жауап беріп, еңбексүйгіш қытай халқы Қазақстан ғана емес, дүние жүзінің барлық жеріне де тарап кеткенін, заңды түрде келіп, заңмен шығып отырса, одан қауіптенудің қажет емес екенін айтқаны есімде. Бірақ сол жерде өз басым Елбасының бұл істі өзі де мұқият білуімен қатар, оның болашағына мән беретінін сезіп қалдым.

Елбасы 1992 жылы біздің облысқа басшы етіп Владимир Гартманды тағайындаған еді. Орыстың шовинистері ойқастай одыраңдап, қазақтың батыл ұлдары батымдай бастаған өңірге үшінші жұрттың өкілі, оның үстіне Гартмандай қайта айналып баспайтын, бірсөзді адамның келгені Президенттің дұрыс шешімдерінің бірі болды. Сол Гартман құрылыс инфрақұрылымы талқандалып кеткен дағдарыс жылдарының өзінде тізелеп отырып, «Сұлтан» макарон фабрикасы мен қаланың қақ ортасына 3 қабатты, әсем сәулетті қазақ гимназиясын салдыртып берген еді. Кейінгі келген әкімдерден де өзіндік із қалды ғой, бірақ, Гартманның шиеленіс шегіне жетіп тұрған кездерде сондай құрылыс салғызған еңбегін солтүстікқазақстандықтар ұмытпайды.

Қызылжарға келген бір сапарында Президентке осы Гартман туралы да айттым. Оны тағайындағаны дұрыс болғанын, ұлтаралық татулықты сақтауда көп еңбек істеп отырғанын білдірдім.

– Солай ма? – деген еді Нұрекең сонда күлімсіреп. Осы сәтті пайдаланып:
– Атқарған істерін бағалап, өзін бір марапаттап жіберсе де жақсы болар еді, – деп қалдым батылданып.

Бұл әңгімені Гартманның өзі де естіп тұрған еді, мен оны қазақша білмейтін шығар деп ойлағанмын. Сөйтсем ол түсінеді екен, артынан маған: «Мені Президенттің алдында қатты ұялттыңыз ғой», деп жатыр. Бірақ ұзамай оған «Парасат» ордені берілген еді. Әрине, бұл істі жалғыз менің айтқанымнан болды деуден аулақпын, дегенмен, Президент оның істеріне жітірек көзбен қараған шығар деп ойлаймын. Мен содан-ақ Елбасының өзіне түскен ақпарға үнемі көңіл аударатынын білдім.

Тағы бірде келген сапарында Президент Қызылжар ауданының бітік өскен егін алқабын көрді. Жан-жағын жіті бағамдап, түсінік берген басшылардың сөзін қалт жібермей тыңдап келеді. Ішінен меймілдеп пісіп тұрған астыққа көңілі өскені де көрініп тұр.

Егінжайдың шетіне шыққанда Президентке арнап шағын дастархан жайылғанын көрдік. Ол алды ашық палатканың ішіне қойылыпты. Осы жерге келгенде өзге жұрт кейін серпіліп, Елбасының жанында В.Гартман екеуміз ғана қалдық. Мен ауыл иесінің дағдысымен әкімнен гөрі батылырақ қимылдап, оны төрге шығардым. Осы жердегі әңгімеміз де ел тыныштығына ойыса берді. Кейбір Ресей журналистерінің бізге келіп, қара аспанды төндіріп кететінін, неше түрлі өсек-аянды көбейтіп, қайтсе де біздің елдің тыныштығына шоқ тастағысы келіп жүргенін айттым. Ал олардың ақпаратына тойтарыс беретін – біздің телерадиокомпания. Бізді Ресейдің көршілес Түмен, Омбы облыстарындағы көптеген аудандары да көреді. Өзіміз туралы шындықты көрсетіп, дұрыс ақпарат таратайық десек, соған мүмкіншілігіміз шектеулі. Қаржы жоқ, эфир уақытына төлей алмаймыз. Құрал-саймандарымыз ескі деп жатырмын. В.Гартман да бұл кісілер әлі үш айлық еңбекақыларын да алған жоқ дегенді қосты. Нұрекең сонда: «Жігіттер, бізге айғай-шусыз, жанжалсыз, тыныштықпен бір он жыл өмір сүру керек, ар жағы жақсы болады», – деген еді. Ал менің емеурінімді аяқсыз тастамай В.Гартманға: «Сіз бұл кісіге 1 млн. теңге беріңіз, ал мен 1 млн. доллар бергізуге тырысармын», – деген еді.

Сол 1 миллионды облыс әкімі айтылған уақытында бергізді, ал Президент уәде еткен ақшаға келсек, бізге 60 миллион теңге (1 млн. доллар) беру туралы Қазақстан Үкіметінің арнайы қаулысы шыққанымен, бірақ, өкінішке қарай, сол ақша бізге жетпей қалды. Бірақ Елбасының айтқан сөзін ұмытпай, берген уәдесінен таймайтынына тағы бір көзім жетіп еді.

Тағы бірде келгенде қызық оқиға болды. Елбасы аралайтын бағдарламасына сәйкес, Қызылжар ауданындағы Налобино шаруашылығына барды. Осында ол кезде қымбат терілі аң да өсірілетін еді. Шаруашылықты өзіне еріп жүрген адамдармен аралап, халықпен сөйлесіп тұрған Елбасына бір орыс әйелі жүгіре басып келіп, құндыз құлақшын ұсынды. «Өзім тігіп едім, Сізге сыйлағаным болсын, алыңызшы» деп жалынады. Жұрт та алыңыз-алыңыз, деп жатыр. Әдейі жасаған сыйлары ма екен деп ойлап, аудан басшысы Мария Батаева мен шаруа-

шылық жетекшісі Петр Демьяненкоға қарап едім, олардың өзі күтпеген жайдан аңырып қалыпты. Президент бәлсінген жоқ, басындағы кепкасын шешіп, құлақшынды киіп алды. Құйып қойғандай дәл, әрі жақсы тігілген сәнді екен, жараса кетті. Елбасы еңкейіп, әлгі әйелдің қолынан сүйіп, алғысын айтты.

Кейбіреулер осындайды жасанды қылық дейді. Жоқ. Халықтың Нұрекеңе деген ризашылығы шексіз екендігі осындайда көрініп қалады. Қандай қысылтаяң шақ болса да оның шын мәніндегі сарабдал саясатының арқасында Қазақстанда бір оқ шыққан жоқ, бір адам өлген жоқ, бір ана жылаған жоқ. Осының өзі-ақ – КСРО-дан тараған біздің еліміз үшін баға жетпес үлкен жетістік. Халық осыны біліп отыр.

ПЕТРОПАВЛ.

«Егемен Қазақстан», 2005 жылғы 19 тамыз

Сәкен ЖҮНІСОВ,
Қазақстанның халық жазушысы

ПРЕЗИДЕНТПЕН БОЛҒАН ЕКІ КҮН

Ішкі құрылысы арнайы бөлмелерге, орындарға лайықталып жасалған алып ұшаққа отырысымен, қолымызға орысша жазылған (асығыстықтың салдары болар, мемлекеттік тілге аударылмаған) «Программы пребывания Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. в Республике Татарстан» деген, сыртында Елтаңба басылған шағын кітапша қолымызға тиді. Кітапша ішінде Татарстан Президенті М.Ш.Шаймиевтің инаугурациясының салтанатты жиынына баратын делегация тобының тізімінде шығармашылық қызметкерлері де бар: Муллашев Камиль (суретші), Шағалимов Шамиль (опера әншісі) және мен (жазушы).

«ТУ-154» қанша ұшқыр ұшақ дегенмен, қазақтың жалпақ жатқан байтақ даласынан өтіп, Қазанға жеткенше бақандай үш сағат кетеді екен. Ал сол үш сағат әшейінде аз көрінгенмен, Президентпен бір ұшақта бірге отыруды есептесеңіз, бұл оңайлықпен үлесіңе тие бермейтін (тіпті, қабылдауында болсаңыз да) мол, ұлан ғайыр уақыт. Ел сайлаған халық қамқоршысы Елбасымен аз да болса тіл қатысып, сұхбаттасып, жердегі сөзіңді аспанда айтып қалсаң, оған не жетсін.

Әңгімеге Президенттің өзі тартты бізді. Жайлы орындық, столы бар шағын бөлмеге бізді шақырып алып, опера және балет театрының артисі Шағалимов Шамильдің қай жерде, қашан оқығанын, қайда жұмыс істегенін тәптіштеп көп сұрақтар қойып, үй-жайы, бала-шағасына дейін қалдырмай, суыртпақтап білген Президенттің ықыласына дән риза болған әнші Абайдың «Айттым сәлем, қаламқасын» айтып, өнерін көрсетті. Бұдан соң суретші Муллашев Камильдің шығармашылық өнерімен танысып, өзімен бірге ала жүрген альбомдары мен слайдқа көшірілген суреттерін зер сала қарап, әннен де, живописьтен де евразиялық шеңберде біраз білімі бар Елбасы бүгінгі мәдени өміріміздегі елеулі жетістіктеріміз бен кемшіліктеріміз жайында біраз сөз етті. Біздің де көкейімізде сайраған: «Бәрі ақшаға байланысты, шығармашылық одақтардың күні күн емес, бюджет үлесінен шығып қалған одақтардың мүшелерінің де халі мүшкіл», – деген, тағы толып жатқан шағымдар тулап тұрғанмен, ұшаққа отыра салып, үш жақтан шуламайық деп, әдеп сақтап отыр ек, бір кезде оның да орайы келіп қалды. Оған менің жұмыс жоспарым себеп болды. Бұрынғы туындыларымды ертеден білетін Елбасы осы жолы да «Ақан сері» романын аузына алды. Менің Абылай хан туралы жаза бастаған романым жайлы жоспарымды естіген Нұрекең Президент әкімшілігінің басшысы Тұрсынов Сағынбекке бұрылып:

– «Ақан сері» романын жазған Сәкен серінің Абылай хан туралы да жақсы роман жазатынына күмәнім жоқ, бірақ соның алдында Абылай хан өмірінен,

тіпті, қазақтың көне дәуірінен бастап киноға неге сценарий жазбайсыз, – деп тарихтан көп мағлұмат айтты, Жетісу өлкесіндегі қазақтар өмірінен мен біле бермейтін қызықты тарихи деректер келтірді.

– Нұреке, ондай фильм түсіру үшін қаншама ақша керек? Осы қаражаттың жоқтығынан кино өнері ғана емес, басқа өнер атаулыға қиындық түсіп тұр ғой, – деп қалдым әңгіменің тұспа-тұсында.

– Табамыз. Ақша табамыз, жазыңыздар, тек жақсылап жазыңыздар. Кеңес өкіметі тұсында Қазақстан көп республикалардың бірі болды да, дүние жүзінде, шет елдердің алдында онша көріне қойған жоқ. Осыншама жерді алып жатқан, жеріне байлығы, халқына тарихы сай елдің атын, географиялық орнын білмейтін елдер де болды. Енді, міне, жеке мемлекет болғалы аз уақыттың ішінде Қазақстан атымыз, қазақ ұлтымыз жер шарына таныла бастады. Енді мәдениетіміз де соған сай болуы керек. Дүниежүзілік экранға шыққан бір фильміміз бар ма? Тым құрыса, «Война и мирдей»... Дүние жүзіне елімізді, тарихымызды танытатындай фильм болсын. Ақша табамыз, аямаймыз. Абайды түсіруге де тапқанбыз, Жамбылға да таптық. Қане, жазыңдар. Жақсы дүниеге ақша табылады...

«Иә, жақсы дүниеге!» Мен Елбасына ештеңе демедім. Өйткені осыдан төрт-бес ай бұрын Абылай туралы кино жазайық деп, ойда жүрген қызықты сюжеттерін де ортаға салып, режиссер Теменов Талғат екеуміз біраз жоспарлағанбыз. Оның орындалуына қаржының қайдан табылатынын екеуміз де білмейміз. Оны түсіреміз деп ұмтылып жүргендердің жағдайы да тура біздікіндей. Сонда да бұл тақырыпқа әр жанрда ұмтылушылар көп. Олардың ішінде Әбіш Кекілбаев, Ақселеу Сейдімбеков, Смағұл Елубаев, Асанәлі Әшімов, Ардақ Әмірқұлов, т.б. бар. Бұлардың қай-қайсысының болсын, әрине, сценарий жазып, фильм қоюға қақылары бар... Мақсат – халық қамын ойласақ, жақсы фильм шығару, жеке бастың қамын ойласақ – конъюнктураны пайдалану. Талантты дүние жасау үшін беделді, лауазымды пайдалану да – өнерге, мәдениетімізге қиянат. Өмірі фильм қоймаған киностудияның сол кездегі директорының бір фильмін неше жерден әсіреқызыл мақтасаң да, классик ақын поэмасының идеясын толық түсінді деу қиын. «Отырардың күйреуі» сияқты жап-жақсы, көп-көрім көркем фильм қойған А.Әмірқұловтың да бюджеттен қыруар ақша бөлінген «Абай» фильмін қоюы – талай жылдар бойы дөңбекшіп, күні-түні ойлап, дайындалып жүрген режиссерлерден көп ақылдаспай-ақ қағып алуы шөміш билігін пайдаланумен бірдей емес пе?!

М.Әуезов «Абылай хан туралы роман жаз, тарихты бәрімізден артық білесің», – дегенде, «Атай көрмеңіз, тарихты білгенмен, жазушы емеспін ғой, қолымнан келмейді», – деп шынын мойындаған Марғұландардың, «Қаракөзді» оқыдым, ол менің пьесамнан артық, бірінші орынды мен емес, ол алуға тиіс», – дейтін Аймауытовтардың адалдығы мен парасаттылығы қайда?

Шығармашылық одақтардың, баспа орындарының құлағын ұстап отырған (бұрынғысы бар, қазіргісі бар, біріншісі бар, екіншісі бар) басшылардың, мынадай қағаздың, қаламақының тапшылығы уақытында, «өлейін де көрейін» деп жүргендері бір пара.

Қағаз азайып, ақшасына қарай кітап алушылардың кемуіне байланысты өтімді «тауарлар» – жақсы туындылар ғана баспа орындарынан екшеліп шыға ма десек, спонсор тауып алған, өмірі, аты-жөні белгісіз адамдардың шығармалары бұрқырап шыға бастады. Оларда құн да, оларға сын да жоқ.

Президент осы мәселелердің ұңғыл-шұңғылына дейін білетін сияқты.

– Өркениетті елдерде капиталистік қуатты мемлекеттердің өзінде шығармалары құнды, өтімді жазушылар, суретшілер, мүсіншілер ғана өз өнерімен күн көріп, бедел алып, өз талантымен байиды да, ал сіздердің жазушылар одағыңызда 600-дей, бір Алматының өзінде 400-дей жазушы бар. Солардың ең таланттыларын екшеп, соларға жағдай тудырмасақ, ешкімге шығармалары керек еместерін жаппай қамтамасыз ету мүмкін емес, – деп, шын қынжылды.

Мен Нұрсұлтан Әбішұлын одан сайын қынжылтпайын деп кейінгі мына тапшылық уақытта Жазушылар одағы «күл болмасаң, бұл бол» деп, әйтеуір қалам тартып, сөйлем құрай білетін аты да, заты да белгісіз адамдарды бет-жүзіне қарамай шетінен тізіп, күпкіге салған отар-отар қойдай тоғытып, одаққа мүше етіп алып жатқандарын айтқам жоқ.

Әйтеуір, қаржы сөз болып, кейбір мәселелердің басы ашылып, өзіміздің бетіміз де сәл-пәл ашылып алған соң, оның үстіне, отырғандардан жасымның үлкендігін, Нұрекеңмен сонау Теміртаудан білетін жақындығымызды да пайдаланып, көкейімді тесіп жүрген ақша төңірегіндегі екі үлкен мәселені Қазанға жеткенше, Қазақстан аспанында айтып қалуға бекіндім: оның бірі – ел-жұрттың сақтық кассада жылай да жылай кеткен ақшасы да, екіншісі – елдің мезгілінде ала алмай жүрген, көзге жас келтірер еңбекақысы. Бұл екеуі де оңай мәселе емес, елдің мезгілсіз тарығуына әкеліп соққан себептердің ең үлкені болса керек. 1991 жылдың аяғына дейін жинақ кассаларына түскен ақшалар, негізінен, адал ақы, маңдай термен келген ақшалар еді. Жасырын саудадан, ұрлық-қарлықтан, парадан, пәле-жаладан түскен ақшалар мүлдем дерлік ол жердің бетін де, шетін де көрмейтін...

Кассадағы жинап-тергендеріне тимей, ел қатарлы машина алып қалсақ па деп жүргендер машина түгілі, ит арбаға да (самокат) зар болып қалмады ма? Жасыратыны жоқ, кәсіпқойлар кредит алып, бір жылдың ішінде байып шыға келсе, өмір бойы ақша жинап, байыған адамдар бір жылда кедей болып шыға келді. Егер кассадағы ақшалар сол айналымға салған құнымен жүре берсе, не иелеріне тұтастай қайтып берілсе, жаңа қоғам – жаңа республикамыз күйзелістен шығып, дүние жүзіндегі бай елдермен терезесі теңелгенше, сол жиналған ақшасын ел үнемдеп, не айналымға салып, әйтеуір, талай жылға талғажау етер еді ғой. Мен Президентке: «Басқаны сұрамайық, әзірше сол ақшаларымызды сол кездегі құнымен қайтарып берсе, жақсы болар еді», – дедім жұқалап. Кассадағы ақша туралы ел аузындағы жүрген әр түрлі жұмсақ та, қатты да әңгімелерді айта алмадым. Бір отырыста бұрын тәп-тәуір қызметтерде еңбек еткен бір ақсақалдардың әңгімелерін де жаңғыртпадым.

– Әлі де, Ресей не істесе, соны көзсіз қайталаймыз. Қолыңдағы ақшанды тартып алу – баяғы бай-құлақтарды кәмпескелеудің тура өзі ғой, – деп күйініп еді бір ақсақал. Екінші ақсақал:

– Жо-жоқ. Бұл одан да жаман. Бұрынғы раскулачиваниеде аздаған әділдік бар-ды... Бұл экспроприацияның нағыз өзі! – деді.

Ал үшінші біреуі оларға қарсы шығып, бәрімізді үміттендірер сөзбен жұбатты:

– Жоқ. Олай емес. Мұның олардан бір үлкен айырмашылығы бар – бұрын Совет өкіметі кезінде кеткен бай-құлақтың ақшасы, малы қайтып келген жоқ. Ал осы жолғы ақшаларың, баяғы облигациялар секілді, біраз жылдардан соң қайтып келеді. Бұл – үкіметтің халықтан алған қарызы ғана. Яғни бұл конфискация да емес, экспроприация да емес, мұның аты – компенсация!

– Ой, иллаһи, әмин, аузыңа май! Әйтеуір, бір қайтарып берсе, аз уақыттағы таршылыққа шыдаймыз да. Тек зым-зия кетпесе...

Мен осы соңғы сөзді ғана айтып едім.

– Жоқ, зым-зия кетпейді, халықтың жинақ кассадағы бұрынғы ақшасын осы бірер жылда қайтарамыз. Биылдан бастап мемлекетіміз қор жинау жағынан кіріске кіреді, – деді Президент. – Қазір түгелдей жария етіп, ертең орындай алмай қалсақ, ел алдында ұят болады. Сондықтан дәл басып айтпай тұра тұралық. Әйтеуір, кімнен бастасақ та, биылдан бастауымыз анық.

Президент үш жылдың ішінде жоспар бойынша кімдерге беретінін айтты. Бірінші, екінші жолды кімдер алатынын мен де құпия сақтадым, әйтеуір, мен қатарлылардың үшінші кезекте тұрғаны анық. Оған да шүкіршілік!

Жақында бірінші құпия ашылды: Премьер-министр Қажыгелдин мырза теледидардан:

– Біз, бүкіл ТМД елдерінің ішінде бірінші болып халық жинағын қайтарып береміз. Алғашқы алатындар – соғыс ардагерлері, – деп қалай есеп айыру мәселесінде адамның басы қататын бір есеп-қисапты айтты. Мақтанышпен айтты. Меніңше, ол есеп-қисапқа аса мақтанудың реті жоқ сияқты. Халықтың басын олай қатырғанша, 1992 жылға дейінгі сақтықтағы ақшаны, сол кездегі ақшаның құнымен (бір сом – бір доллар) есептеп, егер тым қымбатқа түсер көп ақша болса, әзірше жинағында 100 мың теңгесі барға да, 5 мың теңгесі барға да 5 мың не 3 мың доллардың көлемінде қайтарып, қалғанын алдағы он-он бес жылда беруге уәде қылса, құда да, құдағи да тыныш емес пе!

Амалсыздан да, андаусыздан да кеткен ақаулардың орнын толтыру Президенттің үнемі көкейінде, жоспарында жүретініне көзіміз жеткендей. Өттең, төменгі жақтағы орындаушылар Елбасының кең, қомақты ойын құштытып, күрделі істі сұйылтып жіберетіндері-ақ өкінішті.

Қазанға, татар халқының ел-жұртына бұрын да талай келсек те, бұл келістің жөні бөлек екендігі екі жаққа да аян. Біріншіден, дербес, тәуелсіз мемлекеттің Президентімен келдік. Екіншіден, Ресей құрамына кіріп, таяу шетелдік болған елге келіп отырмыз. Үшіншіден, сол елдің Президентінің екінші рет сайлануының салтанатты күніне арнайы шақырылған қонақтармыз.

Мұны республика үкіметінің басшылары ғана емес, бар жұртшылығы бүтіндей жан-тәнімен сезінгендігі көрініп тұрды. Тіл, әдет-ғұрып, салт-сана жақындығы, қалай десек те, ерекше сипатпен ел арасының қарым-қатынасына

көрік беретіні көрініп-ақ тұрды. Соның айғағындай, талай елдерден келіп жатқан делегациядан ерекше қала интеллигенциясы, үкімет басшылары екі Президентпен жеке кездесу жасады.

Кездесудегі бір аңғарғаным – бұрын бір орталыққа бағынып, тізгіні де, шылбыры да ортақ тағдырлас елдің азаматтары өз тізгінін өз қолына алып, өз еркіндігін өзі билеп, өзі игерген қазақ елінің азаматтарына қызыға да, қызғана да қарайтын секілді. Президентке қойған сұрақтарында да: «Кейінгі Евразия мәселесі қайтадан бір орталыққа бағынудың, мойынсұнудың басы емес пе?» – деген күмәнданулары да, оны қаламайтындықтары да сезіліп тұрды. Әрине, мұндай сұрақтарға жауабында Нұрсұлтан Назарбаев «енді бұрынғы басыбайлылық, тәуелділік, мүшкілдікке қайта оралуға жол жоқтығын» айтып, төрт мемлекеттің бір-бірімен тең тұрғыда байланыс жасап, қай-қайсысына болсын пайдалы іспен қарым-қатынас жүргізетінін, өзі бұрыннан ұсынып келген евразиялық идеясының бұл алғашқы жақсы көрінісі екенін дәлелдеп, татар жұртшылығының, жанашыр елдің ойынан да, тілегінен де шықты. Дербестік алған Қазақ елінің басқа елдермен терезесі тең екенін, солай бола бермек болашағын, ешбір мемлекеттен Қазақстанның дәрежесі де, салт-санасы да, тарихы да, рухани, табиғи байлығы да кем еместігін Елбасы үлкен салтанатты той үстінде де, сөз ұстарында да, тіпті, өзінің маңындағыларды баурап та, билеп те алатын әр қимыл-қозғалысымен де, бар мінезімен де дәлелдегендей еді. Мұндай жерлерде біздің де мәртебеміз өсіп, дәрежеміз биіктеп отырды.

Ал Татарстан Республикасының Президенті М.Ш.Шаймиев мырзаның бұл тұғырға екінші рет, халықтың жаппай дауыс беру нәтижесінде бәсекелессіз жалғыз өзінің көтерілуі, ол елде де әр түрлі бағыттағы партиялар болғанмен, халық мүддесі жолында солармен ортақ тіл таба білген Елбасының кемеңгерлігі мен ондай адамның бар екеніне көзі жеткен кезде, халқы да бірауызды болып, бақ пен таққа ретсіз таласпайтын, басқаға талатпайтын, жолы үлкен қалаулы ұлына жол беретін шығыс елінің де дәстүрлі кемеңгерлігін паш еткендей еді. Болашақ Ресей президенттігіне, қолынан келсін, келмесін, ақылы, ойы жетсін-жетпесін, әйтеуір, жанталаса ұмтылып, кезекті сайлауға өз кандидатураларын ұсынып жатқан кейбір «саясатшысымақтар» кейде бағынышты елдерден неге ғана сабақ алмайды-ау?! Әрине, «үлкен ел» қарамағындағы «кіші елден» үлгі алып қайтсін!

Біз ТМД елдерінен келген қонақтармен бірге Президент Шаймиевтің халық алдында ант беріп, екінші рет Елбасы атанған ресми жиынының салтанатты тойға айналғанының куәсі болып, түннің бір уағында Жезқазғанға келіп аялдадық.

Жезқазғандағы есте қалар бір жәйт – құрылысы жиырма жылға созылған Анненск шахтасына түсуіміз: көлемі КамАЗ-дың екі қорабындай лифтіге сыйғанымызша отырып, 270 метр тереңдікке түсіп, аралағанымыз кең метро сияқты рельсті үңгір үгіткіш цех екен. Президенттің аузына қараған жұртта да, қимылсыз қалған алып доңғалақты машиналарда да үн жоқ. Маңайымыз тым-тырыс.

– Бұлар неге тоқтап тұр, авария болды ма? – деп Президент салған жерден сұрақ қойып еді, цех бастығы абыржып қалды:

– Жоқ, авария болған жоқ, әшейін, енді... Сіз келетін болған соң, мазаңызды алмайық деп...

– Мен мұнда қайнаған жұмыстарыңызды көрейін деп, мұқтаждарыңызды білейін деп келдім. Қызған жұмыс адамды қыздырмаса, мазалай ма екен?! Бүкіл жұмысты доғарып қойып, бұлай қарсы алғандарыңыз жарамайды. Қаншама уақыттарыңыз зая кетті, – деп Нұрсұлтан Әбішұлы ескерту жасап, зілсіз күліп еді, цех бастығының ымдай қалуы мұң екен, бар алып доңғалақтар шыркөбелек айналып, зыр қағып, бүкіл үңгір асты зіркілдеп, дүрілдеп-гүрілдеп, ақындар тілімен айтқанда, еңбек күйі төгіліп, өлі шахта табан астында жан бітіп жүре берді.

Біз 500 метрлік тереңдікке түстік. Мұнда да тым-тырыс, тегі, жарыса қатар жүрер лифт болмаған соң, Елбасының ескертуі жетпеген болуы керек. Жезқазған даласында үйір-үйір жүретін киіктерше, Президентке жақындауға жүрексігендей, ошарылып тұрған жұмысшылармен жылы жүзбен амандасып алған соң, Нұрекең: «Қане, мына машинаны кім жүргізеді, көрсетіңдерші», – деп еді, бір томпаңдаған жас, толық қазақ жігіті бұрын-соңды біз көрмеген мойны тым ұзындау, сырма астаулары, науалары бір үйдің бүкіл қара орманын сыйғызып әкетердей, бітім-тұлғасы ертегілерде айтылатын аузынан жалын ататын жеті бас аждаһадай алып машинаның кабинасына өрмелеп шығып отырды да, әлгі мойын, бас науаларын үзіп тастап, ыңырана қозғалып, қап-қара, кең үңгірге артымен қопарыла шегініп кіріп кетті.

– Бұл, – деді Нұрекең маған қарап, тегі, осы арадағылардың ішіндегі білмейтіні жалғыз мен дегені ме екен, шынында солай болуы да керек, – Америкадан алынған техника. Құны – 600 мың доллар (әлде 600 миллион ба, қайта сұрай алмадым). Бұл – арзан, – деді менің таңырқағанымды сезіп. – Біздерде мұндай құрал-жабдықтар болмайтын. Мұны «Самсунг» қоғамымен бірлесіп алып отырмыз. Мұндай-мұндай мәшинелер біздің басқа өндіріс орындарымызға да ауадай қажет. Шығынына қарай пайдасы да шаш-етектен келеді. Аз уақыт таршылыққа шыдау керек. Болашақта бұл халқымыздың өз иелігіндегі байлық көзіне айналмақ. Аз уақыт шыдау керек, – деді, өзінің кей кездерде теледидарда астарлай сөйлейтін сөзін қайталап...

Шахтадан шыққанымызда күтіп тұрған бір топ жұмысшы жамыраса амандасып, Елбасын қоршап алды. Орыстың «быка за рога» дегеніндей, Президент салған жерден оларға: «Қане, жұмысшы ағайындар, жұмыстарың, тұрмыстарың қалай, не жетіспейді, не қажет?!» – деп бұйымтайларын сұрап еді, екі жұмысшы жарыса сөйледі:

– Тұрмысымыз жаман емес.

– Жаман емес, бірақ салық тым көбірек.

– Иә, салық көптеу.

Жұмысшылардың бірі орыс, бірі қазақ. Сөз айтыстарына, алдыңғы жаққа қатар тұрып, екеуінің ғана сөйлеулеріне қарағанда, алдын ала келісілген «шағын сценарий» болуы керек. Ол заңды нәрсе. Себебі, Президент күнде

қолға түсе бермейді. Жылына бір кездескен қолайлы сәтте қысқа түрде бар жұмысшыға ортақ ең көкейкесті мүддені шағынып қалған жөн. Президент тосылған жоқ:

– Еңбекақыларыңыз қанша? – деп күлімсіреді. Айтатын ойын, алдын ала әзірлеп қойған секілді, жымия қарап, сауал қоюында сыр бар екен. Анау екеуі де:

– 35 мыңнан аламыз, – деп тағы да қосарлана жауап беріп еді, Президент таңырқаған жоқ. Еңбекақы жобасын жақсы білетіні көрініп тұр. Жұмысшылардың алды 60 мыңға дейін алады екен.

– Қолдарыңызға қаншасы тиеді?

– 24 мыңы қалады. – Салықты көпсініп, жалақыны азырқанып тұр.

– Сіздердің ауыр еңбектеріңізден мемлекетімізге түсер пайданы есептегенде, бұл жалақы көп те емес, бірақ мына қысылшаң кезеңде, еңбекақы төлеудің тапшылығы кезінде аз да емес. Халқымызға рухани байлық беретін қайсыбір шығармашылық қызметкерлерінің, мұғалімдердің, дәрігерлердің сіздердің бір айлық табыстарыңызды жыл он екі айда зорға табатындары бар. Сіздер сияқты молырақ еңбекақысы бар ағайындардан, материалдық байлықты кредит арқылы қолына берген бизнесмендерден салықты көбірек алмасақ, тұрмысы төмен адамдардың жағдайын қалай жөндейміз, еңбекақысын қалай төлейміз? Сіздерді асырап, сақтап, осы дәрежеге жеткізген ата-аналарыңыз – зейнеткерлердің, соғыс, еңбек ардагерлерінің зейнетақысын қалай уақытылы береміз, қалай көтереміз?! Айта берсек, мемлекеттік бюджет қоры қайдан жиналмақ?

Мұндай жауапты күтпеген екі жұмысшы қысылыңқырап, «бұл сұрақты қайдан қойып едік?» дегендей, сәл ыңғайсыздана берді. Мұны сезген Президент енді әңгіме бетін өзіне аударды:

– Мына менің айлығым – 50 мың. Сіздерден көбірек аламын, оның есесіне салықты да көбірек төлеймін. Менің президенттік еңбекақымнан 20 мыңдайын ұстайды. Көрдіңіздер ме, еңбек табысы көп болған сайын салық та соғұрлым үстемелей түседі. «Сіздерден салық ұстамаймыз. Таза еңбекақыларыңыз 24 мың болады» десе, осы еңбекақыға көнер ме едіңіздер? – деп, жұмысшыларға күле қарап еді, олар сұраққа жауап беру орнына, асыға-аптыға:

– Рақмет!

– Рақмет Сізге! – деп, мән-жайды түсінгендерін білдіріп, шын ықыластарымен Президентке қошемет сөздерін, алғыстарын айтты.

– Осы бірер жылда мемлекет қоры молаймақ. Сонда еңбекақыларыңыз бұдан да ұлғаяды. Әрине, сонда салық мәселесі де орнына келеді. Бюджет – халық қоры!...

Мемлекеттік бюджет демекші, біз бір орталыққа жиналып, бір орталықтан бөлінетін қордан шығып, өз бетімізше қор жинап, өзімізше күн көру дәрежесіне қолымыз жеткенмен, өз үлесімізді қамти алмай, дұрысырақ айтқанда, республика табысына лайық тиетін қаржы үлесін дәл есептеп ала алмай, амалсыздан көп шаруашылық тақыр жерге отырғандай күй кештік. Бір-бірімен

күретамырлары байланысып жатқан тұтас бір тірі организмдей немесе алпыс тамыры иетін бір емшектен нәр алатын тел қозыдай тіршілік еткен елдер, енді өз алдына қас қағымда жеке-жеке бөлініп, «өз қотырын өзі қаситын» болды... Сонымен, бұрынғы бір ортаға құйып жатқан байлығының, яғни бергенінің өтемін ала алмаған Қазақстан қайтадан жаңадан «қазына үйін» ашып, жаңадан қор жинау жолына көшті, әдісін іздеді. Сол әдістің үлкен бір қоғамдық өзгеріске саятын, саяси жағынан да жаңа жүйесі – жаппай жекешелендіруге көшу. Жәй көшу емес, ірі өндіріс орындарын иемденушілер мен шағын кәсіпкерлерге шаруашылықтарын көтеріп, аяқтарынан қаз тұру үшін мемлекет тарапынан кредит беріп, кейін екі, не үш өсімімен, байыған күнде салық арқылы қарызды өндіріп алып, ел қорын молайту. Бірақ бұл әдіс те дер кезінде түбегейлі түрде іске асыңқырамай қалды. Ө дегенде кредит алып, мол ақшаны қамтып қалған кейбір жолы болғыштар мен жолтапқыш жылпостар, дәл кредитін қайтарар кездегі ақша құнының өзгеруіне байланысты, өз-өзінен құнсызданған қарыздарынан оп-оңай «есеп айырысып», бұрын қарызға соғымға алған тірі де ірі жылқының орнына ақша құнының арзандау сылтауымен жансыз ойыншық ат әперіп құтылды. Сөйтіп, мемлекет байлығын тамыр-танысына, жақын-жұрағатына, туысына, бір сөзбен, қуыс-қуысына тыққыштап, кредит деп бөлген қайсыбір есеп-қисап, финанс мекемелерінде отырған «қолы жүйрік» кейбір басшылар қаржы молшылығы орнына арзан ойыншық жинап, халық қорын ойыншыққа айналдырғысы келді.

Кейбір кездері бұл әдістері де өтпеген пысық кәсіпқойлар енді салықтан қашатын жолдарды іздеп, үкіметті алдаудың неше бір құйтырқы жолдарына түсті.

Міне, Президент айтқан салыққа қатысты сұрақ-жауабының сұлбасы осы. «Еңбегіңмен тапқан табысың – өзіңнің байлығың, табысыңа байланысты түсер салық – халық байлығы. Ал халық байлығына түсер заңды да жүйелі салықтан қашу, бас тарту, жасыру – халыққа істеген қиянат қана емес, халық байлығына шабуыл, ұрлықпен пара-пар жасырын қылмыс».

Осы қылмыспен күресу үшін неше бір заң жүзіндегі әрекеттер істелмей жатыр. Социализм кезінде беделі төмендеген салық агенттерінің қазіргі заманда қайтадан бас көтеруі, үлкен қимыл жасайтын әрекетті күшке айналуы – осының бір айғағы. Бірақ құрыққа сырық жалғасып, кәсіпорындардың, мекемелердің басын қатырып, тексеріс-мексерістерімен ығыр ғып, орынды-орынсыз жерде дігірлеп, дікіндей беруге, сол арқылы халық қазынасына түсетін байлықтан үзіп-жұлуға жол жоқ. Ондай «кәсіп» өткен замандағы «асыра сілтеушілікке» апарып соғар еді.

Президент бұл мәселені де ойынан тысқары қалдырған жоқ.

Жезқазғанда өткен аудан, қала активтерінің жиынында осы мәселе төңірегінде сөйлеп тұрып: «Облыстық прокурор бар ма?» – деп, ол басшыны орнынан тұрғызып, өткен бір жылдың ішінде бір кәсіпорынға 64 рет тексеру келіп, қызметкерлерінің жұмыс істеуіне кедергі жасап, миларын ашытқанын айтып, «Сендер өз шаруаларыңды біліңдер, арнайы тексеру орнының сыртынан қосымша тексеру жасап, уақыттарыңды кетірмей, заңды жұмыстарыңды

атқарындар», – деп ескертті. Әрине, бұл – жалғыз Жезқазған прокуратурасына ғана айтылған ескерту емес.

Осы салықтың дұрыс жиналмау салдарынан, таза төленбеу зардабынан бюджетке аузын тосып отырған жұмысшылар, оқытушылар мен дәрігерлер, алыс ауылдағы еңбек адамдары еңбекақыларын айлап ала алмай, қайсыбір жапан түкпірдегілер ақшаны да жөндеп көре алмауы да шындық. Көп кеңшарлар жабылып, еңбекақы орнына берген малдың саны азайып, одан қалғандары ұрланып, ауыл-село еңбеккерлерінің көпшілігінің базары, жарығы, жылуы бар жақын қалаларға көшіп, шарасыздықтың жетегіне түскені де рас.

Осы таршылықты айтқанда, Президент (бұл менің аспанда үлгере алмай, жерде сұраған сауалым):

– Қазақстанда мен көрмеген, менің аяғым баспаған жер аз. Бұрынғы совхоздарда, кейінгі кеңшарларда да болдым. Жасымнан елде өстім. Сол шаруашылықтарда жұмыс істеп, еңбекақы алғандардан әр сылтаумен жұмыс істемейтіндер басым. Үш ай бойы тракторының не комбайнының астынан бір шықпай, не жөндемей, не біржола тастамай, еңбексіз жатып, трактор, комбайн үстінде күні-түні жүріп еңбек ететіндермен бірдей ақша алатындардың талайын көрдік. Ал қазір жекеменшікке көшсе, сол жалқаулар жұмыс істемесе, күнін де көре алмайды. Жұмыс істесін, тырбансын, жанын салсын – жер жетеді. Мал жайсын, егін ексін. Елді енді осылай үйретпесек, жекеменшіктің қадірін, қасиетін көрмей, сезінбей өтеді. «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» демей ме? Еңбек ету керек, – деп шаруашылық жағынан біраз мысалдар келтірді.

Менің ойым айтады: «Рас, қазақ халқы кең жерге үйренген. Оның далалық психологиясы – мыңғырған қос-қос жылқысын бес-алты жылқышы, табын-табын малын екі-үш бақташы, отар-отар қойын бір-екі қойшы бағып, басқасы соның үстінен күн көрген ескі әдеттен арыла алмай, табиғат еріншек етіп жіберген халық қой. Әйтпесе, қазір Торғай, Ақмола, тағы басқа облыстардың біраз жерлерін Ресейден келген достарға, Көкшетауды Өзбекстаннан келген ағайындарға бес-он жылға бергізіп, өздері қарап отырар ма?! Кешегі тың игеру кезінде жер тырмалап, дағарадай үйлер салуға төселіп қалған ел тағы да салғырттыққа басқаны қалай?

Басқа халықтармен салыстырғанда, қазақ халқы жер емшегін тікелей емуге аз үйренген. Егер, мысалға, өзбек, неміс, орыс халқы жерге егін егіп, тікелей жер емшегін емсе, қазақ мал емшегін еміп келген халық. Яғни, өз қолымен «шөп» егіп жемей, мал жеген шөп арқылы жердің нәрін татқан. Ғасырлар бойы ұлан-асыр байтақ жердің кеңдігіне орай шаруашылығын да лайықтап, дәстүрге айналдырған елді біресе коллективті шаруашылыққа икемдеп, енді бірде жеке меншікті шаруашылыққа қайтадан бұрып әкеліп, аз уақытта көндіктіру – шынында қиын процесс. Осы қиындықты мойындап, қазақ жұртының ежелден қалыптасқан шаруа ыңғайымен, «өгіз өлмес, арба сынбас» жағдаймен, «асықпаған арбамен қоянға жетердің» кебімен жүре берсек, бұл еркелігің мен еркіндігіңді баяғы заманда өткен феодалдық тұрғы көтерсе – көтерер, ал замана ағымына қарай, жері тарылып, мемлекеттік қор түсімі кеми бастаған жаңа

қоғамдық үрдістерді үндейтін, дүниежүзілік диалектикалық ырғақты ағынмен қозғалған елдер көтерер ме екен?!

Енді ғана өз қолымыз өз аузымызға жете ме деп, өзімізді өзіміз билейтін еркіндікке, иелікке, жер тұтқасын өзіміз еркін ұстайтын шаққа келер-келместе жан-жағымыздан анталаған өркениетті шетелдіктер бірі көмек, бірі қарыз, бірі инвестиция деп, жеріміздің үстінің де, астының да мол байлығына көз тігіп, қол сала бастағанда, оны «қысылған шақта, тар заманда берген қолұшы» деп пайдалана отырып, өзіміз де құр алақан жайып, құралақан қалмай, қапысыз қармануымыз керек-ау.

Бірақ қалай?

Қазіргі күнде ауыл шаруашылығында жербөліс, жекеменшікке көшу идеясы қанша дұрыс, болашағы күшті дегенімізбен, экономикалық, техникалық базасы күйреген совхоздардың мол жерін алғанмен, яғни не бүгінгі күнге дейін комбайн, тракторы жоқ, ол болса, жанармайы, жағармайы жоқ немесе кешегі ат арба, өгіз шана, қамыт-сайман, соқа, шөп машина дегеннен тұлдыр да алмаған жүдеу бас, жадау шаруашылықты жекеменшікке айналдырғанмен, құр қол отырып, қалай егін егіп, қалай малға азық дайындап күн көрмек? Әрине, етек-жеңі жинақы, мығым кеңшар иелері жерін, малын, машина саймандарын әлі де жекеменшікке бергісі келмей отырғандарын түсіну қиын емес.

Сонда қалай?

– Ауыл шаруашылығындағы мұндай қиыншылықтарды еңбекақының жоқтығынан, жұмыссыздықтан, мал басының саудаға түсіп, ұрланып, көп кемуі салдарынан көріп, болашақта мұның зардабының оңай соқпайтынын түсініп отырмыз, – дейді Президент. – Бірақ мұның екінші бір пайдалы жағы болды: осы қиындықтардан енді әркім өз еңбегімен жұлқынып іс істеуінің арқасында ғана шығатындықтарын да, ешкімнің аспаннан құймақ жаудырмайтынын да халық түсіне бастады. Әрине, біздің мақсатымыз – жаңа реформалық өзгерістерді түсіндіру, ұғындыру жолында жұртты титықтату емес, қайткен күнде жаңа жолмен тіршілік етуге бағыттау. Ендігі жерде осы бір уақытша қиындықтан тұралап қалған кейбір шаруашылықтарды көтеру үшін биыл мемлекет қорынан 16 миллиард теңге арнайы қаржы бөліп отырмыз. Әзірше, бұл да біраз әжетке жарап қалар...

– Бұл – аз қаржы емес. Әрине, 160 миллиард берілсе де көп демес едік. Қазіргі кезде, аяғымыздан жаңа тұра бастаған кезде бұл үлкен көмек, аз қаржы емес, – деп қайталайды Премьер-министрдің орынбасары Жәнібек Кәрібжанов та жақында бір сөйлескенімде...

Халық қамының белгісі – адалдық, әділеттілік! Мемлекет басшылары таршылық кезде ара-тұра жасап отырған қамқорлық қаржысын ел ішіндегі кіші басшылар тиесілі иесіне үлестірмей, орнына жұмсамай, жырмаштап, талан-таражға салмаса екен деген қамқор ой көкейге орала береді.

Қазіргі кезде «таяу шетел» немесе дұрысырағы «іргелес шетел» деп айтыла бастаған Ресей жерінен, Татарстан елінен, Қазан жұртынан қалың түннің бір уағында Қазақстанның барлық облысының дәл ортасында орналасқан, бар

қазақ халқының алтын, күміс, жез, мысының жер қойнына тыққан қоймасындай Жезқазған жеріне, ел-жұртымызға оралған біз беті-қолымызды жуынып-шайынып алған соң, қанша тоқ болсақ та қазақ атамыздың «дәмнен үлкен емеспіз» дейтін салтымен, жаюлы дастарқанға жайғастық. Жүз түрлі дала шөбінің иісі аңқыған жылқы етінен бөлек алдына тартылған жабағының шекесін жасы үлкен деп маған ұсынған Президентіміз дастарқандағы тағамнан байтақ даланың самалын жұтқандай кең тыныстап:

– Қараңдаршы, қанша айтқанмен, қазақ үшін қазақ тамағынан асқан тағам, қазақ дастарқанынан асқан дастарқан бар ма? Тек осы дәм-тұзымыз дәйім өзімізге, тілегі бір қонағымызға бұйырып, іргеміз сөгілмей, ғасырлар бойы алыстағы ғашығымыздай болып, енді ғана қолымызға тиген, иелігімізге алған бостандығымыз – егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді сақтап қалсақ, арман да, мақсат та сол! Ел ішіндегі кем-кетіктің орны толар, жетімсіздік пен жетімдіктен құтылып жетілерміз, жаңа тәй-тәй басып, тәлтіректеген аяғымыз қуат алып, бұғанамыз бекініп алшаң басатын күн алыс емес! Тек сырттан тиер соққыдан сақтанайық, сақ болайық, аман болайық! – деп өз-өзінен толқып, толғанып сөз сөйлейді.

Тағам соңында Нұрсұлтан Әбішұлы:

– Біз қонақ сыйлап, өзім деген елге қоң етін кесіп беретін елміз ғой. Бүгін ғана дәмін татып, суын ішкен татар жұртының қуанышын еліміздің шетінде жалғастырып, достардың сәлемі ретінде ала келген татардың бір әнін жырлайықшы, Сәке, – деп маған қарады.

– Иырлысақ, иырлайық – деп әзілге жығып, мен «Ғалия Бануды» бастадым:

Машинаның тәгәрмәсә нигә сигез булмаған,
Бұл дүнияның хизықларе нигә тигес булмаған!..

Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің таза, үнді даусымен қосылып кетті...

Шіркін, халық ішінен шыққан әншінің үніне, халық атынан сөйлеген жазушының сөзіне, анда-санда болса да, Президенттің құлақ асып, қосылып тұрғанына не жетсін!

«Егемен Қазақстан», 1996 жылғы 4 мамыр

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ,
Қазақстанның халық жазушысы

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ СӨЗ

Бұрын халық сайлауды той көретін. Ол күні ештеңе де шешілмейтін. Бәрі дерлік бір ауыздан бір кандидатқа дауыс беретін де қоятын. Сол күні туған балаларға Сайлаубек, Сайлаугүл деген сияқты аттар қойылумен есте қалатын ол сайлаулар.

Бүгін – басқаша. Сайлауға бару тойға бару емес. Тойға толғанбай-ақ баруға болады. Ал сайлауға ойланбай баруға болмайды. Өйткені, той – зыр етіп өте шығатын өткінші қуаныш. Сайлау болса, санаңда сақталатын құбылыстар жиынтығы. Аш, тоқ, көңілді, көңілсіз, бейбіт өмір сүру, бейберекет ұрысқа ұрынып, бақытсыз боп қалу, тағы басқалар сайлауда ел басқаруға лайықталған кісінің адамгершілігіне, ақылына, біліміне, парасатына, кемеңгерлігіне байланысты. Кемеңгерлік сөзбен өлшенбейді, атқарған істен білінеді. Оның алгебралық формуласы жоқ, адамгершілік әрекеттерімен айқындалады.

Әрине, сайлау барысында ұсынылғандардың біреуі ғана сайланады. Сол біреудің өзі бірегей болуы керек, кемеңгер болуы керек. Сол бірегей кім? Сол кемеңгер кім?

Менің өз ойымда сол бірегей де, сол кемеңгер де қазіргі таңда жалғыз ғана Нұрсұлтан Назарбаев!

Иә, тәуелсіз республикамыздың тұңғыш Президенті Назарбаев. Алуан ұлттар тағдыр тоғыстырып тиелген, Адамзат деп аталатын ұлы мұхитта дұрыс бағытпен келе жатқан «Қазақстан» деген алып кемеңнің қазіргі капитаны Нұрсұлтан.

Әрине, өз болашағын жас та ойлайды, кәрі де толғанады. Жас барлық жақсылық өзіме болса екен дейді. Кәрі бар игілік ұлтқа, ұрпаққа, халыққа болса екен деп тілейді.

Мен жас емеспін. Кешегі Ұлы Отан соғысының сұрапыл шайқастарына қатысқан қарт қаһармандардың бірімін. «Қаһарман» деген сөзді бұл жерде ұялмай айта аламын. Өйткені 1418 күнге созылған сол Ұлы соғыстың 786 күнін мен де алғы шепте өткіздім. Зеңбірегімді жауға кезеп, жаяу әскермен айқастым, танктермен шайқастым, авиация бомбаларының астында қалдым. Жау екі рет зеңбірегімді қиратып, бірнеше жауынгер жолдастарымнан айрылдым. Бір сөзбен айтқанда, 786 рет өліп тірілдім. Кеше, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 60 жылдығы қарсаңында әскери фильмдерді көріп отырып, сол сұрапыл соғыстан қалай тірі қалғанымға таңдандым. Жалғыз мен ғана емес, барлық соғыс ардагерлері сондай күй кешкен болар. Біз, кешегі Ұлы Отан соғысының қазір жер басып жүрген жауынгерлері, ежелгі грек мифологиясында айтылатынындай, қартайған кезде өзін отқа өртеп, күл ішінен жасарып қайта көтеріліп, көк аспанда қанат қағып, қайта самғайтын феникс құсына ұқсадық. Бар айырмашылығымыз мынада: феникс құстары отқа өртеніп шығып, 500 жыл

өмір сүреді екен. Ал майдангер-феникстер 100 жылға жетпей өмірден өтіп жатыр. Табиғат заңы солай.

Иә, жастар өз жағдайын ойлайды: стипендиямыз көбейсе екен, шетелге шығып оқысақ екен, қызметпен қамтамасыз етілсек екен дейді. Дұрыс. Өте орынды тілек. Еліміздің болашағы – жастарға жақсы жағдай жасалуы керек. Ол жақсылықты Президент Назарбаев біртіндеп жасап та келе жатыр. Бұрын «Болашақ» бағдарламасымен шетелге оқуға азын-аулақ бала ғана жіберіліп келсе, биылдан бастап жыл сайын 3000 бала баратын болды. Студенттердің стипендиясы көтерілді. Талантты жастар жұмысқа жайғастырылып жатыр. Басқаларға біртіндеп, жыл сайын жұмыс орны көбейтіліп келеді.

Ал көрілер не ойлайды? Олар ең алдымен, ел аман болса екен дейді. Ұрпақ өсіп, ұлт көбейсе екен дейді. Ол үшін жастарымыздың темекіден тартынуын, арақтан аулақ болуын, наша сормауын, СПИД-тен сақ болуын арман етеді. Қыз кезінде күйеуге шығып, ұл уақытында үйленсе екен дейді. Неке берік, ниет тұзу болуын тілейді. Қазақтарды ұлт санатында сақтап келе жатқан ана тіліміз үстем бола берсе екен деп үміттенеді. Тәуелсіз мемлекетіміз әлем елдері қоғамдастығының көш басында жүрсе деп мінәжат етеді.

Қарт ұрпақтың осы тілеуі қазіргі кезеңде қалай орындалып келеді? Оның орындалуына кім мұрындық болуда?

Өз ойымды айтайын.

Жоғарыда соғыста болдым дедім ғой. Соғыста адам өміріне жасалған санқилы сұмдықтың куәсі болдым. Қираған қала, күйреген ауыл. Өртенген үйлердің орнында сорайып тұрған күйе-күйе қара мұржалар. Сол мұржалардың жанында сақалынан сорасы ағып жылап тұрған шал, шашын жұлып еңіреген ана... Бір селодан фашистер найзаға шаншып, тас құдықты толтырып кеткен сәбилердің сүйегін көрдік... «Менің не жазығым бар еді?» дегендей, жас сәбилердің шақырайып жатқан көкшіл көздері күні бүгінге дейін көкейімде.

Адамға алдымен ас, киім, баспана керек дейміз ғой. Ол рас, әрине. Бірақ, бәрінен бұрын бейбітшілік керек-ау деп ойлайсың. Өйткені жерінде тыныштық, еліңде бейбітшілік болмаса, үстіңдегі торқалы тон, аузыңдағы дәмі тіл үйірген дәмді ас, басыңдағы көп бөлмелі пәтеріңнен не пайда? Іргеңнен ұрыс шығып, жақыннан жанжал туса, құтың қашып, үйің аңырап бос қалмай ма? Жақыныңды жау жайратып жатса, бір түйір дән өңешіңнен өтер ме? Өтпейді, әрине!

Мінеки, осыған орай айтайын дегенім: адамзатты соғыс қасіретінен құтқаруды арман еткен осы заман басшыларының бірегейі біздің Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев болып отыр. Дүние жүзі басқа басшыларының атом қаруын көбейтуге емешесі құрып отырғанда Назарбаев өз Жарлығымен Семей полигонын жаптырды. «Жаптырды» деген сөз айтарға ғана. Ал оның мәні, мазмұны, адамзат үшін қуанышы қаншама десеңізші! Қаншама ғұмырдың сақталуына тигізетін септігін айтсаңызшы!

Қазақстанның қолда бар атом қаруын жоюға өткізуіне кейбіреулер наразы да болды. «Атом бомбасын қоқырайтып қолымызға ұстап отырсақ абыройымыз артып, төбеміз биік болатын еді ғой» деп күңкілdestі.

Абыройды атом емес, ақыл көтереді екен. Мұны республикамыздың тәуелсіздік тарихының жеңімпаз, жемісті жылдары дәлелдеді. Ол жеміс, әрине, бірден пісіп, топ етіп ауызға түскен жоқ. Оған халықтың темірдей төзімінің тегеуріні жеткізді. Біздің бұған көзіміз жетіп отырғаны ғанибет.

Бұл, сайып келгенде, біздің Президентіміздің көрегендігінің жемісі еді.

Мен Президентті осындай озық ойшылдығы, мұқалмас жігері, қайтпас қайсарлығы үшін құрметтеймін.

Біз жыл сайын Президент көрегендігінің куәсі болып келеміз. Ар жағын айтпағанда, 2003 жылы біздің Президент Қазақстанда бүкіл дүние жүзі дін басшыларының құрылтайын өткізді. Бұл оқиға Президентіміздің адамзаттың соғыссыз, тәтті тыныштықта бақытты өмір сүруі жолындағы қаһарман күрескер екенін тағы да танытты. Бүкіл әлемге аян етті. Ал мұндай жаһандық мән-маңызы бар кеңесті бүкіл әлем басшыларының арасынан тек Нұрсұлтан Назарбаев қана ойлап, ұйытқы болып, ұйымдастыра білді.

Дін басыларын татуластыру, оларды өзара мәмілеге келтіру аю мен арыстанды, жолбарыс пен сілеусінді, сол сияқты өзге де азулылар мен тырнақтыларды өзара достастырумен пара-пар еді. Бұған дейін мұндай миссияны ешкім міндетіне ала алмаған. Осындай ұлы қызметті абыроймен атқару Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан келді. Қолынан келді де, тұтанғалы тұрған діндер қақтығысына тоқтау салды. Тарихқа көз жіберсек, XVI ғасырда Францияда католиктер мен гугенот діндарларының арасында 36 жылға созылған сұрапыл соғыс болғаны аян. Ол 36 жыл ішінде теңіз болып қан төгілген. Ал Назарбаев адамзаттың тамшы да қаны төгілмеуін мұрат етті. Кейбір күшті діндердің ислам дініне деген өшпенділігі өршіп тұрған кезде осы съезді өткізу арқылы тұтанғалы тұрған сұрапыл дін соғысына тосқауыл жасады, лап еткелі тұрған өрттің алдын алды. Бұл қасиетті актіні бүкіл прогресшіл адамзат осылай қабылдады. Назарбаевтың осы үлгісімен тек Путин ғана былтыр Ресей дінбасыларының басын қосты. Онда да өз елінің ғана.

Осы оқиғалардың бәрі Президентіміз Назарбаевтың қазіргі дүние жүзі көшбасшыларының арасындағы озық ойлылығын, биік парасаттылығын, күшті беделін көрсетті.

Тек дүние жүзіне ғана емес, Президент татулық, тыныштық идеясын күн сайын өзімізге де тынбастан айтып келеді. Қай облысқа бармасын, қай қалада сөйлемесін республика халқының ауызбірлігінің күшті, ынтымағының берік болуын шегелеп айтып, шегендеп ұқтырып келеді. Президенттің екінші бірі елеулі мән бере бермейтін, көбімізге үйреншікті сөз сияқты болып көрінетін осы ойының жанды жымдастыратын, жүректерді ұғыстыратын, санаға салықалы әсер ететін қуаты мен күшінің арқасында біз бүгінге дейін өз үйімізде бір шынаяқ шайымызды, аяғымызды көсіліп тастап, алаңсыз ұрттап отырмыз. Тіл-аузым тасқа, бұдан былай да солай бола бергей!

Ал мына қымбатты көршілеріміз Қырғызстан мен Өзбекстанда не болды? Анау алыс ағайын украиндар қалай дүрлікті? Экономикалық өрлеу болмағандықтан, әлеуметтік әділдік орнамағандықтан, басшылары жақындарын ғана жарылқап, алыстарды аулақ ұстауды әдетке айналдырғандықтан халықтың ашу-ызасы бұрқ ете қалды... Ал ашу деген – бензин тәріздес пәле.

Әрине, бензиннің пайдасы да бар. Ол жерде мәшинелерді зымыратады, көкте ұшақтарды самғатады. Бұл оның жақсы жағы. Бұл сол «жақсы» бензиніміздің өзіне от тимей тұрғандағы қымбат қасиеті. Ал сол бензинге сәл от тисе, немесе, оттың ұшқыны түссе, ол лап етіп жанады да, өзі жүргізіп жүрген мәшинені де, ұшақты да өртеп, құр қаңқасын ғана қалдырады.

Мемлекетті мәшинеге ұқсатсақ, халық соның алуан түрлі тетіктерін қозғалысқа келтіретін бензин іспеттес. Мүмкін бұл теңеуім лайықты болып шықпай да жатқан шығар. Қарт кісінің аузына керекті теңеу қолма-қол түсе бермейтіні бар. Оған ғафу өтінемін. Ал Украинадағы халық ызасы қан шығарып, қан жоса болып, қызыл түске боялмай, «жұмсақ революция» аталып тоқталғанымен, көршілерде қып-қызыл болып қан ақты ғой. Аналар мен балаларды солдаттар оғы баудай турады ғой.

Ал тағы бір көршімізде көпіршіп қан төгілмегенімен, халық қолымен көтерілген үйлер өртенді. Мекемелер талқандалды. Экономикасының қарны қабысқан мемлекеттің түлкі құрсақ халқы одан сайын ашыға бастады. Енді жаңа басшылары шапқылап, әр елден алақан жайып, көмек сұрап жүр. Өз байлығын өзі өртеп отырған мемлекетке кім көмек көрсетсін?

Сөйтіп, халық ызасының бензиніне от тиген бұл көрші екі елде көп дүние қаусады. Ал құлағанды, қаусағанды қалпына келтіру үшін қаншама күш, қаражат керек десеңші! Қалталы елдер қарыз беруін берер. Бірақ, ол қарыз халықтың мойнына түскен қыл арқан ғой. Қылғынып жүріп халық ол қыл арқаннан мойнын қашан босатпақ? Босата алса десейші!

Қазақстанға Украинаның жаңа президенті Ющенко да келіп қайтты. Ол «айран сұрай келе шелегін жасырған» жоқ. Бұйымтайы орындалып, бүйірі шығып қайтты.

Негізгі айтып келе жатқан ойым тыныштық туралы, адамзат бейбітшілігі жайында, мемлекет қауіпсіздігі хақында ғой. Өзгелер солай бүлініп жатқанда еліміздің тыныштықта өмір сүріп келе жатқанын бағалай білу абзал-ау! Ел тыныштығы үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан Президентімізді бағалай білуіміз абзал-ау. Оған тасадан тас лақтырмай, халықты қайғы-қасіретке ұшыратпай келе жатқанына тәубе етсекші! Тек осы үшін ғана Президентке мың алғыс айтсақшы! Мың алғыс!

Басың аман, малың түгел, бауырың бүтін болып, өз отбасыңда алаңсыз еркін отырып, бір шәугім шайды рахаттана ішкенге не жетсін!

Біздің табысымыз тек тыныштық қана ма? Әрине, ол аз табыс емес! Оның үстіне өндірісіміз өрлеп, өрісіміз кеңейе түскенін неге айтпасқа. Астана қаласының салынуы жатқан бір эпопея емес пе! Алматыда бұрын жүз жылда салынбаған зәулім үйлер көк тіреді, көз сүріндіреді. Маңғыстауда, Ақтөбеде, тағы басқа жерлерде бұрқырап мұнай атқылап жатқанын неге айтпасқа! Сол мұнайды шетке шығарып, халық қазынасын толтыру жолындағы атқарылып жатқан сан салалы күрделі істерді неге ауызға алмасқа! Каспий теңізінің Ақтау жағалауына салынған аса ірі сауда портының өзі не тұрады, немен бағалауға болады. Мен осы портта өзіміздің сыйымдылығы 12 мың тонна тұңғыш танкеріміз «Астанаға» мұнай тиеліп жатқанын көрдім. Екінші өз танкеріміз «Алматы» сырттан көлік жалдамай, мұнайды тегін тасып, мемлекетіміздің қыруар

қаржысын үнемдемек! Бұл портты салуға Президентіміз қаншама жігер жұмсаған (Бірінші Петрдің флот жасақтап, солтүстікке порт орнатқаны еріксіз еске түседі). Осы порттың салыну барысында Нұрекең Ақтауға он рет барған. Ал Маңғыстау мұнайшыларымен жыл сайын жүздесіп, хал-жағдайларын біліп, қажетіне көмектесіп отырған.

Елімен етене Елбасы ғана осылай ететін болар!

Мінеки, менің Назарбаевты жақтайтын негізгі себебім сол, ағайын.

Кейде бір Президенттің терең саясатының түбіне көз жеткізе алмай, оған бұртиып қалатының да болады. Адамбыз ғой. Адам болғандықтан да: «Онысы несі екен Нұрекеңнің?» деп іштей бір күңкілдейтінің бар. Сол «күңкілдің» бір парасы Семей облысының жабылуына байланысты болды. Абай, Әуезов елі еді, қазақ зиялыларының, қазақ мәдениетінің ошағы еді дестік. Семей облысын қалпына келтіріп, қайта құру туралы Нұрекеңе хаттар да жазылды. Сол хаттардың біріне мен де қол қойдым.

Семей облысының Абай туған топырақ екенін Президент білмеді ме?

Білді, әрине.

Бірақ, сол кездегі жағдай қандай еді?

– Қазақстанның солтүстік облыстарын Ресейге қосу керек. Ол – біздің жеріміз! – деп сабалақ сақал Солженицын сұңқылдады.

– Қазақстанның жарты жері Ресейге берілуі тиіс, – деп Горбачев шықты.

Олар осылай деді.

«Адам тіліне аспандағы бұлт айналады» деген емес пе? Сол сұрқия сөздерді естіп, жергілікті біраз ағайындар желпінді. Олар: «Қазақстаннан шығып, Ресейге қосыламыз!» деп күпінді. Белдеріне қылыш байлады. Бастарына қырайытып папаха киіп, білектеріне қамшы ілді.

Ерегес шығып, ел бүлініп кеткелі тұрған мұндай жағдайда ел иесі Президент не істеуі керек еді? Оған қайткенде Қазақстанның бүтіндігін сақтап қалу керек болды. Бас қатып, ес шыққандай болған бұл жағдайда Президент қиыннан ой тауып, қиядан жол салды. Орысы көп, ойбайы күшті болып тұрған Шығыс Қазақстан облысына қазағы қалың Семей облысын қосу туралы Жарлық шығарды. Кейін Өскеменде Пугачев-Казимирчук дегендердің әрекеті бой көрсеткенде барып Президентіміздің бұл шешімінің қандайлық көрегендік екендігіне көзіміз бір-ақ жетті ғой.

Бұл да бір ерекше жігер, байыпты батылдық керек ететін саяси ерлік еді. Ол ерлікті Нұрекең абыроймен жасады. Республика іргесін берік сақтау жөніндегі Президент саясатының жемісі мен жеңісін біз енді айқын біліп отырмыз. Президенттің Семей полигонынан зардап шеккен өңірлер тұрғындарына өтемақы төлеу жөніндегі шешімін де ерекше разылықпен қабыл алды менің жерлестерім. Ол 2006 жылдың бюджетіне еніп те үлгерді. Халыққа керегі артық шенеуніктерді қаптату емес, жалақысын, зейнетақысын, жәрдемақысын мерзімінде алып тұру болса керек. Кезінде аграрлық Семей өңірін өндірісті Шығысқа қосу арқылы жалақы мен зейнетақыны уақытында алуға қол жеткізгенін семейліктер ұмыта қойған жоқ. Сондай-ақ республикада жергілікті ұлт көпшілікке толық мәнінде айналуы үшін мұның барлық өңірлерде солай

болғаны керек. Облыстардың біріктірілуінде де, оралмандар көшін солтүстік облыстарға бұруда да осындай астар бар деп білемін.

Осы игілікті ойды тереңнен толғап, оған тайсалмай табан тіреу үшін Президенттің қаншама ұйқысыз түндер өткізіп, жүйкесіне қанша жүк түсіргенін кім біледі, кім есептеп жатыр. Соның бәрі ұлттың қамы, ұрпақтың ырысы екенін кім бажайлап, кім бағалап жатыр? Бағалай білеміз бе? «Президент бар ғой. Бар мәселені сол ойлап, сол шешуі керек» деп жүре береміз. Бірақ Президент те адам ғой! Тас емес, темір емес, жан, жүрек, жүйкесі бар кәдімгі адам. Ендеше ел мәселесін шешкенде ол ерекше қиналып, қысылады. Жүрегі шаншып, жүйкесі жұқарады. Өйткені өзге жұрт өзі үшін қайғырса, ол халық үшін қайғырады. Адам баласының мойнындағы ең ауыр жүк – ел басқару жүгі. Ол жүкті мойымай атқару ердің ерінің ғана қолынан келеді. Қазіргі замандағы сол еріміз Нұрсұлтан емес пе?! Нұрекең сол ауыр жүкті қабырғасы қайыспай, ентігіп, демікпей атқарып келеді. Халық Президенттің сол қимылына қуанады. Соның амандығын тілейді. «Жортқанда жолы болса екен!» дейді.

Біз Президенттің осы қимылын күн сайын көріп келеміз. Оны біз Президенттің үнемі жинақы қалпынан, кеудесін тік ұстап, аршындай қадамдауынан аңғарамыз. Өзінің жыл сайынғы халыққа арнайтын Жолдауларынан ұғамыз. Шетел шонжарларымен кездескендегі терезесін тең ұстап, қаймықпай қимылдайтын әрекетінен айқындаймыз. Басқа елдер президенттерінің ішінен үнемі топ жарып шығып отыратын жүйріктігінен жобалаймыз. Сырт сапарлардан қайтып, ел аралағандағы екпінді жүрісінен ежелейміз. Халықпен кездескенде күлімдей қол сілтеп, балалардың басынан мейірлене сипап жүруінен байқаймыз. Әр жерге, әр жағдайға байланысты айтатын, бірден жүрекке жететін жігерлі, әрі қысқа, әрі нұсқа сөздерінен танимыз. Президенттің осылай жарқын жүздесуі жұртқа жігер береді. Халықтың қалтқысыз махаббаты Президентті қанаттандырады.

Бұрынғыларын былай қойғанда, Президенттің халықпен биылғы кездесулерін ойға оралтайық. Ол кісі Жамбыл, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қарағанды, Атырау облыстарын аралап, Семей қаласына тоқтап өтті. Өскеменде болды. Осы кездесулердегі халықтың Президентке деген, Президенттің халыққа деген ықылас, махаббаты қандай ғажап болды десеңші! Екі жақ та бір-біріне емірене ілтипат білдірісті. Президент тізіліп тұрған үлкендерге қарай бұрылып, сәлем берді. Балаларды басынан сипады. Ақ жаулықты аналардың алақанын қысты. Президент жүретін кілем жолдың екі жағын кернеп, қазқатар тізіліп тұрған жастар оған ұмсына ұмтылып, алақандарын созды. Президент олардың алғашқыларының қолдарын жеке-жеке қысты. Жүздеген жастың қолын тегіс алып үлгіре алмағасын ол құлашын екі жаққа кең созып, жапырақтай жас алақандарды тегіс өзінің Президент алақанымен сыпыра сипап өтті. Жастардың қуанышты дауыстары аспан астын кернеп тұрды.

Осы қарапайым, кішіпейіл мінезімен Нұрекең жұрттың жүрегін тербеді, халықтың қуанышын теңіздей толқытты.

Алақан сипау деген жай айтыла салатын жеп-жеңіл сөз. Ал алақан сипаудың ар жағында қаншама адамгершілік, кісілік, кішілік жатыр десеңші! Қаншама сергектік, сезімталдық, ширақтық бар! Адамға деген құрмет, қошемет

қандай! Ұлттық салт-дәстүрге деген адалдық, анаға, балаға, дана қарттарға деген құрмет қаншама!

Ұлттық қасиет демекші, Нұрекеңнің жеке де, жұртпен қосылып та әсем әндер шырқайтынын айтсаңшы. Домбыра пернелерінде он саусағы қалай ойнақтайды десеңші! Ол тартқан халық күйлері жан-жүрегіңді толқытады. Ал ақындық шабытын қайда қоясың? «Елім менің», «Үшқоңыр» сияқты және басқа әнге айналған отаншыл, рухшыл өлеңдері елге аян.

Президент бойындағы осы қайрат, жігер, өнерінің бәрі халыққа жарық, жылу, сәуле шашатын, әуезді әсем үндер тарататын ғажайып генераторды еріксіз еске түсіреді. Адам жанының генераторы!

Нұрсұлтан әр облысқа барған сайын халықпен қауыша жүріп, бірер жеке үйлерге де бас сұғып жүрді. Қатардағы қарапайым адамдардың дастарханынан дәм татып, жас балаларын алдына алып отырып, үй иелерімен бірге суретке түсті.

Кей жерлерде Нұрекеңді үйіне дәм татуға шақырушылар өзара таласып та қалады. Президент Маңғыстау облысына барғанда мынадай қызық оқиға болыпты.

Облыстың басшы қызметкерлерімен Президент кездесуі өтеді. Кездесу аяқтала бере бір әйел қол көтеріп сөз алады да, былай дейді:

– Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз Украинада оқыдыңыз, украиндықтарды жақсы көресіз. Украинша ән де шырқап жібереді екенсіз. Ал мен украин қызымын. Үлкен семьям бар. Осы Ақтау қаласының тұрғынымын. Өзім украин қызы болсам да, қазақша ет аса аламын. Сізді семьямның атынан біздің үйге кіріп, ет жеуге шақырамын.

Оған Нұрекең ықыластана күліп, жауап қатады.

– Мен қазақтар мен украиндарды ғана емес, барлық ұлтты жақсы көремін. Ал Сіздің ет аса білетініңіз көңіліме ұнап тұр. Сонда Сіздің үйдің еті қанша уақытта дайын болады?

– Тура төрт сағатта, – дейді әйел қуана елпілдеп.

Сол сәтте залдан тағы бір азамат қол көтереді.

– Ардақты Нұреке, менің атым Сайын Назарбекұлы. Осы елдің азаматымын. Сізді Семейде Абай мен Шәкәрім кесенесін көтерген кезде көріп, сәлем бергенмін. Одан кейін Оңтүстік Қазақстан облысында Домалақ Ана кесенесін көтергенде де сәлем бергенмін. «Мың «сіз-бізден», бір шыж-быж артық» дегендей, мен сізге жүз рет сәлем бергеннен бір рет үйге шақырып, дәм татырғанды артық көріп тұрмын. Сіз украин қыздарының алақанын көп сипадыңыз ғой. Сондықтан бұл кісінің көңілін қалдырғыңыз келмей тұр. Бірақ, бұл ханымның шаруасы ұзаққа созылады екен. Төрт сағат! (Бұл сөзге отырған жұрт ду күлді). Ал біздің ет жарты сағатта әзір болады, Нұреке!

Сайлау жақын қалды. Президент сайлауы.

Осылай деп ол Президентке бас иеді.

Бұл атақты сәулетші әрі ақын Сайын Назарбекұлы болатын. Нұрекең оны бірден танып, бас иеді. Содан соң екі шақырушыға кезек қарап алып, жымия күліп, былай дейді:

– Мен қиын жағдайға қалдым-ау, бауырларым. Қайсыларыңыздың үйіңізге барсам екен? Бәріміздің де қызмет уақытымыз өлшеулі ғой. Президенттің де сағат, минөті санаулы. – Осылай дейді де, ол украин ханымға қарай қайта бұрылады. – Менің Уақыт деген бастығым тамағы тез пісетін үйге барыңыз деп сыбырлап тұр. Егер сізден рұқсат болса, өкпелемесеңіз, мен Сайын мырзаның үйіне кіріп шығайын.

Әйел «амал не?» дегендей, екі алақанын жайып, басын изейді. Президент сөзін қайта жалғайды.

– Қазақта мынадай бір салт бар. Ауылға алыстан келген құрметті қонақ сәлемдесу үшін әр үйге кіріп шығады. Шығарда бір үйге қамшысын, бір үйге белбеуін тастап кетеді екен. Онысы: ертең – осы үйге келіп түстенемін, бүрсігүні бұл үйден қонағасы жеймін деген ишарасы болса керек. Сол сияқты мен «қамшым» сіздің үйде қалды деп есептеп, келер жолы үйіңізге кіріп дәм татайын. Осыған келісесіз бе? – деп қонақжай әйелге қолын ұсынады. Әйел қуанғанынан Президенттің қолынан сүймекші болады.

– Жоқ, – дейді Президент. – Әйел еркектің қолынан сүймейді. Сіздің қолыңызды мен сүйемін.

Осылай деп Президент жұмысшы әйелдің қолына ернін тигізеді.

Президент Сайынның үйінде 40 минөт отырады. Содан кейін дастарқанға бата жасап:

– Қандай тілегің бар? – деп сұрайды Сайыннан.

– Жалғыз ғана тілегім бар, – деп Сайын саусағын шошайтады.

– Қандай? – дейді Президент: «жазып алыңдар» дегендей ишара жасап көмекшілеріне иек қағады.

– Сіз аман болыңыз, Нұреке. Сонда менің де, қазақ халқының да бар тілегі орындалады. Басқа тілегім жоқ!

Бұл әңгімені маған жақында Маңғыстау мұнайшыларымен кездесуге барып қайтқанымда Сайынның өзі айтты.

– Құжыраңа Президент бас сұғып шыққаннан кейінгі қуаныш қандай болады екен? – дедім оған.

– Сұрамаңыз! Жер басып емес, құс болып көкте самғап жүргендей жайда болады екенсің!

Ел басқару – ең үлкен өнер. Ол екiнiң бiрiнiң, егiздiң сыңарының қолынан келе бермейдi. Бойына халықтық көп қасиеттер жинақталған адамның ғана қолынан келедi. Ол шыншыл, көсем, алғыр, айтқыш, ұйымдастырғыш, болжағыш, сезгiш, сергек бола бiлуi керек. Ұшқыр ойы игiлiктi iстермен ұштасып жатуы жөн. Халықты басқару үшiн халықтың бойындағы барлық өнер, бiлiм, парасат көсемнiң көкiрегiнде күмбiрлеп тұруы керек. Көшелi көсем көпiрiп көп сөйлемейдi. Мiндет-мақсатын аз сөзбен айтып, оймен орамдап, тыңғылықты iспен тиянақтайды.

Осы және басқа халықтық қасиеттердiң бәрi қазiргi Президентiмiздiң басында бар. Оны халықпен қабыстырып отырған да осы қасиеттер.

«Алтынды ұстай бiлмеген – жез етедi, жiбектi түте бiлмеген – бөз етедi» демей ме халық мақалы. Мемлекет қойнауындағы ең ғажап қазына халықтар

достығы дейтін болсақ, сол алтынды «жезге айналдырмай» жарқырата ұстап отырған да Нұрекең.

Қазақстанда 100-ден аса ұлт өкілдері тұрады екен. Тағдыр тоғыстырған осы конгломератты оркестр аспаптарының басын қосып, симфония үнін сайратқан дирижердей баппен басқарып келе жатқан да сол кісі. Сондықтан да арамызда ұлт араздығы жоқ. Араздық болмағаннан кейін ұрыс пен керіс жоқ. Бұл да Президент саясатының нақты нәтижесі ғой. Елге ең керегі экономика дейміз. Тіпті елге ең қымбаты тыныштық деуге де болар еді. Шапқыннан, қырғыннан аман халық өз экономикасын өрге бастыра алады. Ол үшін халыққа білімді, білгір басшы керек. Ол үшін халықтың сынынан өткен, мол тәжірибелі, келісті, кемел, кемеңгер көсем керек! Ол, қайталап айтамын, бүгінгі таңда – тек Назарбаев қана. Егер ел басқарудан тәжірибесіз, көсемдік таланты кем біреу президент болып сайланса, халық қандай күйге ұшырайды деп ойлайсың. Ол бәрін де жаңартамын, жақсартамын деп елді де, экономиканы да, кадрды да, халықты да опалаң-топалаңға түсірмей ме деп қауіптенесің. Жаңаның «жаңалығының» зиянын халық тартып, енді ғана ес жиып қалған ел қайта күрсініп жүрмей ме деп қобалжисың.

Мен – қарт кісімін. Менің өз басыма ештеңенің керегі жоқ. Маған керегі – ұлтымның сақталып, ұрпақтарымыздың кенелуі. Солардың өркениет әлемінде өз үлесіне ие болуы. Президент сайлауы қарсаңында қолыма қалам алып, осы сөзді жазып отырған себебім сол.

Бұл сөзді жазып отырғанда мен қазақта көсем болатын Назарбаевтан басқа ұл туған жоқ деп отырғаным жоқ. Әр түрлі талантты, талапты інілерім көп. Ондайлар оппозиция қатарынан да табылар, бәлкім. Оларда Президент болсам деген үміт болғанымен, үрдіс жоқ, үлгі кем. Тәжірибе аз, талғам төмен. Олар әлі Президент болуға пісіп жетілмеген. Олардың болашағын уақыт көрсетеді. Тек қана айтарым: қазақта күншілдік, қызғаныш, көре алмаушылық деген үш дұшпан бар. Ақылды, арлы, азамат інілерім осы үш дұшпанның жетегінде кетпегей, алатайдай тайраңдап, ел бірлігін бүлдірмегей!

Жоғарыда халық өз Президенті Нұрсұлтанға «Жортқанда жолың болсын!» деген тілекті жиі айтады дедім ғой. Президент үнемі жол үстіндегі, жорық қанатындағы адам. Жаугершілік емес, бейбітшілік, береке, бақыт жолында жортуылда жүрген жауынгер. Халық бақытының күрескері. Ол күн сайын, ай сайын, жыл сайын жорықта. Ендігі жыл жорығының бірі алда келе жатқан Президент сайлауы. Сол жорықта да елім деп еңіреп туып, ерен еңбек етіп келе жатқан қазақ халқына қадірлі Нұрекеңнің тағы да жолы болсын деп тілейік, ағайын.

Менің ойым осы, жарандар. Жалпы халық Президентті сырттай біліп, сыйлағанымен, оның көп қымбат қасиеттерін жазушы, журналистердей жақсы біле бермейді. Ендеше біздің білгенімізді басқалар да білсін. Сайлау учаскесінің кабинасына кірген әр сайлаушы азаматтың есінде жүрсін.

Мен жоғары оқу орындарында, мектептерде жиі боламын. Жастарға өмір тәжірибемнен өсиеттер айтамын. Олар толғана тыңдап, артынан алақанда-

рын жайып, менен бата сұрады. Мен бата беремін. Сол батамды сайлау алдындағы осы сөзіме жалғастыра кетуді жөн көремін. Ол батам мынадай:

Қазақстан картасындағы
Жер аман болсын!
Ол жерді мекендеген
Ел аман болсын!
Ол елдің негізін құраушы
Қазақтарды
Өсіріп,
Өркендетіп,
Көбейтіп,
Көркейтіп отырған
Аналар аман болсын!
Аналардан туған
Балалар аман болсын!
Баладан өсіп, ер жетіп,
Ат жалын тартып мінген
Азаматтар аман болсын!
Қазақ халқын
Ұлт санатында сақтап келе жатқан
Ана тіліміз аман болсын!
Елдің экономикасын,
Мәдениетін,
Әдебиетін,
Өнерін
Өрге сүйреп келе жатқан
Зиялылар аман болсын!
Мемлекеттің ішкі, сыртқы
Саясатын сараптап,
Ұрысқа ұрындырмай,
Соғысқа соқтықтырмай,
Халықты бейбіт өркендеу жолымен
Алға бастап келе жатқан
Құрметті Президентіміз
Нұрсұлтан аман болсын! – деймін.

Осы батамды Президент сайлауы алдында әлі де бірнеше рет қайталап айтамын. Одан кейін де. Соңғы сағатыма дейін!

Мен болдым, ағайын.
Ендігі сөз Сіздікі.
Бәріңізге бас иемін.

«Егемен Қазақстан», 2005 жылғы 1 желтоқсан

Ғайрат САПАРҒАЛИЕВ,
академик

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҮЛЕУ ТҒЫРЫ

2005 жылғы 4 желтоқсандағы Президент сайлауында қазіргі Елбасының айқын басымдылықпен жеңіске жетуіне себеп болған мәселелерді тізбелей бастасақ, біздің жаңа тұрпатты мемлекеттілігіміздің қалыптасуы мен орнығуына, еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңаруына қызмет еткен және қызмет етіп отырған қолданыстағы Конституциямыздың да ауызға алынатыны сөзсіз. Олай болса, ел халқы Нұрсұлтан Назарбаевты жақтап дауыс бергенде мемлекеттік басты құжатымыздың қабылдануына мұрындық болғанын, сол бойынша өмір сүріп отырғанымызды да ескерген болар. Өйткені, Ата Заңымыздың 10 жылдығына арналған ғылыми-әдістемелік конференцияда Нұрсұлтан Әбішұлы атап көрсеткеніндей, «Егер біз соңғы он жылда осындайлық өркендеп, осындайлық бағаға ие болсақ, онда біз өзіміз өмір сүріп, дамып отырған бұл Конституцияға алғыс айтуға тиіспіз».

Конституциямыз жайында, оның қоғам өмірінің өлшемдерін белгілеуде атқарған және атқарып келе жатқан рөлі турасында, оның жетістіктері жайында, ақыр аяғында, оппозицияның оған таққан міндеріне дейін ойланған кездерімде, менің есіме, ең алдымен, осы Ата Заңымызды түзу барысында атқарылған қыруар іс, мазасыз күндер мен түндер түседі.

Өміріміздің Негізгі Заңы туралы толғанғанда, Қазақстан Республикасы Президентінің еліміздің Конституциясы мен конституциялық заңнамасын түзу мен дамытудағы ерекше еңбегі жайында лебіз білдіруді өзіме парыз тұттым. Ең алдымен, Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап-ақ Нұрсұлтан Әбішұлының елімізде конституциялық реформа жасаудың ұйытқысы да, ұйымдастырушысы да өзі болғанын айтқан ләзім.

1992 жылдың басында Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаңа Конституцияның жобасын әзірлеу үшін Конституциялық комиссия құру туралы қаулы қабылдады. Жобаны әзірлейтін жұмыс тобы жасақталып, оған басшылық ету маған жүктелді.

Сөйтіп, құрамында Б.Ә.Мұхамеджанов, Т.С.Донақов, Ю.А.Ким және тағы бірнеше белгілі заңгерлер бар жұмыс тобы жобаны әзірлеу жөніндегі жұмысқа кірісіп кеттік. Жұмыстың қиындығы мен күрделілігі бірден сезілді. Социалистік жүйенің дүниетанымы мен пайымы рухында тәрбиеленген, кеңестік заманның салт-санасы санамызға сіңірілген біздің де, кеңес уақытында сайланған Жоғарғы Кеңес депутаттарының да еліміздің социалистік, әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық жүйеден түбірінен өзге жаңа қатынастар жүйесіне көшкелі тұрғанын салған бетте салмақтау мен парықтау деңгейіне көтеріле алмағанымыз жасырын емес. Әлбетте, мұның өзі, Конституциялық комиссия мен оның жұмыс тобының ісінен көрінбей қалған жоқ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өзі басшылық ететін Жоғарғы Кеңестің депутаттарынан жасақталған Конституциялық комиссия кемінде екі аптада бір рет үзбей бас қосып отырды. Жұмыс тобының жетекшісі ретінде Конституциялық комиссияның барлық отырыстарында Конституция жобасын әзірлеу барысы туралы баяндап тұруыма тура келді. Осы орайда Президенттің жобаның әр топшыламасының сырына терең бойлап, Комиссия жұмысына әрі ыждағатты, әрі ілтипатты білгір басшылық жасағанын атап көрсеткен орынды. Әсіресе өтпелі кезеңнің ерекшеліктерін қандай бағытта және қалайша ескеру керектігін сыпайы сабырмен аңдатып отырды.

Конституция жобасының барынша мұқият әрі байыпты талқыланғанын оның тура жиырмаға тарта нұсқасының әзірленгені айғақтаса керек. Нұрсұлтан Әбішұлы жобаның тоталитарлық шексіз орталықтандырылған, өндірістің барлық құралдары мен жарақтарын уысына жұмылдырған мемлекетті либералдық демократиялық қатынастар, жеке кәсіпкерлік кеңінен дамыған еркін нарық қоғамына айналдырудың мақсатына, міндеттері мен қажеттіліктеріне мүмкіндігінше сай болуын мұрат тұтты. Елбасы осындай ой-толғамдарын ұсынып қана қойған жоқ, олардың Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында баянды етілуіне ұмтылды. Президент Жоғарғы Кеңестің екі палаталы болуы, мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуі қағидаттарын жақтады және іске асыруға күш-жігерін жұмсады. Айтары не, Конституциялық комиссия мүшелерінің көпшілігі өтпелі кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін, мемлекеттік биліктің социалистік құрылымынан бас тарту қажеттігін және басқа жәйттерді ақырына дейін аңдай алған жоқ.

Менің ойымша, Нұрсұлтан Әбішұлы өз тұжырымдарының туралығын өмірдің өзі дәлелдейді деген ойда болса керек, депутаттармен бет жыртысуға барған жоқ. Арада жыл өтпей жатып, Қазақстан Республикасының сол кезде қолданыстағы Конституциясы Негізгі Заң ретінде жарамсыз екенін танытты. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы желтоқсанның басында өзін-өзі тарату жөнінде шешім қабылдады. Ал бұдан кейінгі саяси оқиғалардың өрбуі жаңа Конституция керек екенін көз жеткізе дәлелдеді. Сөйтіп, жаңа Конституцияны әзірлеу жөніндегі жұмысқа Н.Ә.Назарбаевтың өзі басшылық жасап, онда Президенттің мұның алдында негізге алынбаған экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, саяси пайымдары баянды етілді.

Бүгін Конституциямыздың мемлекеттілігімізді түпкілікті жаңғырту, Қазақстанның құқықтық және саяси жүйесін сомдау, азаматтық қоғамды қалыптастыру хақында қандай маңызы болғанын және болып келе жатқанын әңгімелеу әбден орынды деген ойдамын.

Бірінші. Ең алдымен, 1995 жылғы Конституция президенттік басқару нысанын баянды етті. Ендігі жерде Президент – мемлекет басшысы, дегенмен ол атқарушы билік жүйесіне басшылық етпейді. Президент арқылы мемлекеттің ел ішіндегі, сондай-ақ халықаралық қатынастардағы өкілдігі тұлғаланады. Сонымен бір мезгілде Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы. Сол себепті де Президентке мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындау құқығы беріліп отыр. Президенттің мемлекеттік биліктің

бір де бір тармағына қатысы болмайды, ол мемлекет органдарының жүйесінде ерекше орын алады. Ендеше Президенттің конституциялық мәртебесі – Президент мемлекеттік биліктің барлық үш тармағынан да биік тұр, сондықтан да олардың өкілеттіктерін иеленіп кетуі ықтимал деген пікір тууы мүмкін бе?

Конституция қолданыста болған 10 жылғы іс-тәжірибеміз мұндай пікірдің шындыққа сәйкес келмейтінін айқын көрсетті. Мұндай оқиғаның орын алмауы үшін дәйекті құқықтық негіз бар, өйткені Конституцияның өзінде де, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңда да Президент өкілеттіктерінің өлшемдері дәл әрі айқын тұжырылған. Бұл өкілеттіктер Республика Конституциясының 44-бабында баяндалады. Елбасының жекелеген өкілеттіктері Негізгі Заңымыздың басқа низамдарында да айқындалып отыр.

Өткен 10 жылдың ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің конституциялық өкілеттіктерін мүлтіксіз сақтап келеді, оның қағидаға қиғаш келген, одан аттап кеткен бір де бір оқиғасы немесе бір де бір сәті болған емес. Ел Конституциясында мемлекеттік билік тармақтары конституциялық өкілеттіктерін бұзған жағдайда тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін қолдану көзделетіні мәлім. Дәл осы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі белгілі бір жағдайларда Президентке қатысты да қолданылады.

Қараңыз: Президент ұлықты мемлекеттік лауазымдар – Премьер-Министрді, Ұлттық банктің төрағасын, Бас прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын Парламенттің келісімімен ғана тағайындай алады. Мәселен, ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар Президенттің жеке өзінің бастамасы негізінде қабылданған шешім бойынша өткізілетін республикалық референдум арқылы ғана емес, сондай-ақ Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысы бойынша енгізілуі де мүмкін. Конституциямыздың 91-бабының 1-тармағына сәйкес Президент бұл мәселені Парламенттің қарауына беруге де хақылы. 1998 жылғы қазанда дәл осылай болды. Онда Президент ҚР Конституциясына 13 өзгерту мен толықтыру енгізу жөнінде бастамашылық жасағаны мәлім.

Бір апта бойы Президенттің бастамашыл баяндамасын ынта қоя талқылаған ҚР Парламентінің депутаттары өздері де қосымша ұсыныстар енгізді. Сайып келгенде, бұл Президенттің Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі бастамасын депутаттардың тұңғыш рет демократиялық тұрғыда біршама шешіліп талқылағаны еді. Талқылау барысында 19 түзету енгізілді. Бұлардың бәрі тегінде Президенттің емес, қайта Парламенттің өкілеттігін кеңейте түскенін айтқан жөн.

Қазақстанның халықаралық қатынастардағы өкілеттілігін Елбасы көпжақты, сондай-ақ екіжақты шарттарға қол қою арқылы білдіреді. Ал Президент қол қойған аса маңызды халықаралық шарттарды республика Парламенті бекітуге тиіс. Тегінде Конституцияда Президент қол қойған халықаралық шарттарды міндетті түрде бекіту көзделмеген. Әлбетте бекітілуге тиісті халықаралық шартқа ел Президенті қол қойғанға дейін ол мұқият пысықталады. Соның

өзінде Парламент бекітердің алдында әрбір шартты егжей-тегжейлі талқылауы керек. Өйткені, Парламенттің осындай маңызды міндетіне үстірт көзқарастың орын алуы да ықтимал.

Депутаттар кей кездерде өз құқықтарының шектеулі екендігіне реніш білдіріп жатады. Әділінде, бекітілуге тиіс шарттардың пайдалылығы мен қажеттігін байыбына барып байсалды зерделеу мен оған дұрыс бағасын берудің өзі тежемелілік құралы емес пе? Өзінің бір сөзінде Президенттің Қазақстанның халықаралық шарттарын тағы да бір ой елегінен өткізу керек деуі осыдан шығып отырған сияқты.

Мен бүгін Президент өз конституциялық өкілеттіктерін асыра пайдаланған немесе бұзған емес және олай болуға тиіс те емес деп ағымнан жарылып айта аламын. Бұлай деуімнің өзіндік сыры бар. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – ұлттық қана емес, әлемдік ауқымдағы саясаткер. Бұған көптеген әлем мемлекеттері басшыларының пікірі айғақ. Президент Н.Ә.Назарбаевтың ғаламат ауқымды мемлекеттік қызметін көз жазбай қадағалаған әрі оны әділ бағалай алатын кез келген адам Н.Ә.Назарбаев Конституцияны, оның идеялары мен қағидаттарын сақтауға, оларды жүзеге асыруға барынша жауапкершілікпен қарайтынын нық сеніммен айтар еді. Сонымен қатар, бұл тұжырымға Н.Ә.Назарбаев Президенттің мәртебесі туралы конституциялық нұсқаларды оның өкілеттіктерін кеңейте түсу мағынасында емес, сол өкілеттіктердің әлеуетін неғұрлым демократиялық тұрғыда пайдалану мағынасында қарастырады деген пікірді қосар еді. Бұл сөзімізге, атап айтқанда, Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар туралы» 2005 жылғы 4 мамырдағы Жарлығы нақты дәлел.

Жарлықтың Парламент Сенаты мен Мәжілісінің, олардың депутаттарының мемлекет үшін мейлінше маңызды мәселелерді шешудегі рөлін күшейте түскенін атап көрсеткен орынды. Айталық, онда әлеуметтік-экономикалық салалар министрлерін олардың кандидатуралары Мәжіліс пен Сенаттың бейіндік комитеттерінде алдын-ала талқыландырылғаннан кейін тағайындау тәжірибесін енгізу ұсынылады. Сондай-ақ еліміздің дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын Президент ендігі жерде олардың кандидатуралары Сенаттың тиісті комитетінде алдына-ала талқыландырылғаннан кейін ғана тағайындайды. Президент сонымен қатар Парламент палаталарының төрағаларына республика Конституциялық Кеңесінің тиісті мүшелерін олардың кандидатуралары тиісінше Мәжіліс пен Сенаттың пленарлық мәжілістерінде талқыландырылғаннан кейін ғана тағайындауды ұсынып отыр.

Екінші. Ел Конституциясында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп жазылған. Конституцияның кемшіліктері жайында морт мәлімдеме жасап жүрген адамдар Қазақстан мемлекетіне сипаттама берген кезде төл Конституциямызда «орнықтырады» сөзінің неге қолданылғанының байыбына барды ма екен?

«Орнықтырады» сөзінің терең тамырлы астары бар, себебі ол мемлекеттіліктің қалыптасу және даму үдерісін бейнелейді. Сайып келгенде, Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру жолында келе жатқанын білдіреді. Шындығында, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы – нақ осындай мемлекет орнатудың құқықтық қуатты құралы, адастырмас бағдары іспетті.

Демократиялық мемлекетте өкілетті органдарды халық, жұрт сайлайды. Қазақстандағы мұндай органдар – екі палаталы Парламент және жергілікті мәслихаттар. Бүгінгі таңда 3-ші шақырылған Парламент жұмыс істеп жатыр, депутаттар легі баламалы әрі ашық негізде сайланған адамдар. Сайлауды осындай заңдық тұрғыда жүргізу дәстүрге айналып отыр. Таяуда өткен Парламенттің Сенатын сайлау да сан түрлі қоғамдық ұйымдар өкілдерінің бақылауымен баламалық негізде өткізілгенін айту керек. 2004 жылғы 14 сәуірде өзгертулер мен толықтырулар енгізілген «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Заңда сенім көрсетілген адамдардың, байқаушылардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің осы конституциялық заң беріп отырған құқықтарын ешкімнің де шектей алмайтыны, сайлау комиссияларының мәжілістеріне кандидаттардың да, сенім көрсетілген адамдардың да, байқаушылардың да, БАҚ өкілдерінің де қатыса алатыны ашық жазылған.

Конституция атқарушы биліктің жекелеген өкілдерінің сайланбалылығын белгілеу мүмкіндігін де көздейді. Президенттің жарлығына сәйкес ауылдық округтердің, аудандардың әкімдерін сайлау жөнінде тәжірибе жүргізіле бастады. Айтқандар айтсын, ал менің ойымша, бұл мәселеде асығыстық жасаудың керегі жоқ. Атқарушы билік басшыларын сайлаған кезде, азаматтардың арасында кей реттерде көптің мүддесіне сай келе бермейтін ішкі есептің, топшылдықтың, жікшілдіктің орын алуы әбден ықтимал. Оның үстіне атқарушы билік органдарының қызметі мен уәзипалық етуінде төменгілердің жоғары тұрған органдарға бағыныштылығы, ал жоғары тұрған органдар шешімдерінің төменгілерге міндеттілігі секілді тағы да сондай өзіндік қағидаттардың басшылыққа алынатыны аян. Атқарушы билік басшыларының сайланбалылығын енгізген кезде мұның бәрін ескермеуге әсте болмайды.

Келесі бір демократиялық жетістігіміз ретінде жұмысы құпиялық сақтауды талап ететін мекемелерден басқа барлық мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын атау керек. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдары «электрондық үкіметті» жасақтаудың мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Бұл бағдарламаның негізіне электрондық үкімет арқылы ақпараттық тұрғыда ілгерішіл Қазақстан мемлекетін орнықтыру идеясы алынып отыр. Сол арқылы, ең алдымен, мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға көрсететін қызметінің сапасын арттыру мен мерзімін қысқарту, мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық қорына көптің қолын жеткізуді қамтамасыз ету, ал келешекте әкімшілік жүйесін жетілдіру арқылы құрамы оңтайлы, жұмысы пәрменді мемлекеттік аппарат жасақтау көзделеді.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен енгізілген тағы да бір демократиялық жаңашылдық өзгеріс турасында айта кеткенді жөн көрдім. Елбасы жергілікті атқарушы билік басшыларына жұрт алдында әлсін әлі есеп беріп отыру міндетін жүктеді. Тегінде бұл тәртіпті заңнамалық тұрғыда міндеттілік ретінде бекітіп, оны әкімдердің қызметіне баға берген кезде барынша ескеру қажет. Өйтпесе, «барымызды салдық, амал не, сол баяғы балпаң қалпымызда қалдық» дейтіннің кебін киеміз.

Әрине, бұл жолда теориялық және практикалық сипаттағы проблемалардың туындамай қалмасы да анық. Мәселен, нақтылы тарихи ахуал турасында демократия проблемаларын кей кездерде дұрыс түсінбеушілік орын алады, соның салдарынан қате пікірлер айтылады. Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының тұжырымдамасында осы орайда «шегі мен шеті жоқ демократия» идеясын мүлде қабылдауға болмайтыны, мұның шынайы демократияға ешқандай қатысы жоқ екені дұрыс атап көрсетілген.

Демократиялық қағидаттар негізінде құрылған мемлекет пен оның органдары құқықтық заңдардың негізінде уәзипалық етуге тиіс. Айталық, 1996 жылы Парламент жасақталғанға дейін республика Президенті 1995 жылы қабылданған Конституциядағы заңнамалық өкілеттіктерді уақытша табыстау туралы заңды басшылыққа алып, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Соттар және судьялардың мәртебесі туралы», «Конституциялық Кеңес туралы», «Республикалық референдум туралы» және басқа конституциялық және кәдімгі заңдық күші бар ондаған жарлықтар шығарды. Бұлардың бәрі де, сайып келгенде, Қазақстан мемлекетінің барлық жоғары органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің құқықтық негізін сомдағаны анық. Бұл заңдардың көпшілігі өтпелі кезеңнің қатаң сынына төтеп беріп, бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді.

Кейіннен олардың кейбіріне Парламент өзгертулер мен толықтырулар енгізді, сондықтан да олар Парламент қабылдаған заңдар болып өзгерді. Дегенмен, бұл заңдардың өзегі мен дәнегін жасаған Президент.

Құқықтық мемлекет құруда республика Президенті, еліміздің Парламенті орасан зор рөл атқарды және атқарып келеді. 1996 жылғы қаңтардан бергі уақытта Парламенттің үш мәрте қайта сайланғаны мәлім. Осы уақыт ішінде нақ сол конституциялық ережелердің нәтижесінде нағыз кәсіби Парламент жасақталды деп нық сеніммен айтуға болады. Бір мың бір жүзден аса заңдар қабылданса, солардың ішінде төлтума заңдар да баршылық.

Көптеген заңдардың жүйе құрайтын маңызы бар екенін әрі құқық жүйесі салаларының негіздерін жасау мен қалыптастыруға бағытталғанын атап көрсету парыз. Егер ел Конституциясы құқық жүйесінің өзегін құраса, ал құқық реформасын жүзеге асыруға бағытталған заңдар мемлекеттік органдар қызметіндегі құқық бастауларын нығайтуға қызмет етеді. Осы орайда Президенттің низамдық жарлықтары мен Үкімет қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының Конституцияға

сәйкес қаулыларының маңызды рөл атқаратынын айтқан орынды. Олардың бәрі де жинала келгенде, жеке салаларға бөлінетін қолданыстағы құқықты құрайды.

Конституцияның негізінде және соған сәйкес өзінің реттеуші ықпалымен нарық қатынастарының дамуын, демократияның бекемдігін, мемлекеттік тәртіптің, құқықтық реттіліктің нығаюын, әлеуметтік, саяси және басқа мәселелердің шешілуін қамтамасыз ететін Қазақстан құқығы құрылды деуімізге толық негіз бар. Осылайша Қазақстан Республикасында құқықтың аса маңызды әрі қажетті салаларын қамтитын өзіндік құқықтық арна тартылып отыр. Бұл бастауында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болған және болып отырған Қазақстан халқының, Қазақстан мемлекетінің ұлы жетістігі десек, асыра айтқандық емес.

Республика Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының тұжырымдамасында 1995 жылғы Конституцияның негізінде жаңа конституциялық құқықтың түзілгені, соған сәйкес біздің мемлекетіміз үшін барынша оңтайлы президенттік басқару нысанының берік орныққаны жайында салиқалы тұжырым жасалған. Сондай-ақ жекеменшік, азаматтық қоғам, еркін кәсіпкерлік қатынастарын реттейтін азаматтық құқықтың одан әрі дамып келе жатқаны, ал қылмыстық құқықта адамның табиғи әрі ажырағысыз құқықтары мен бостандықтарының басымдықтарына негізделген, қорғалуға тиіс әлеуметтік құндылықтардың түбегейлі жаңа тұрпаты айқындалғанын айтқан жөн.

Азаматтық іс жүргізу мен қылмыстық атқарушылық заңнама да едәуір дәрежеде әлемдік қоғамдастықта орныққан қағидаттарға сәйкес өзгерістерге ұшырады. Мұны да он жылға жетер-жетпес уақыт ішінде жүргізілген құқық реформасының игі нәтижесі ретінде бағалаған ләзім.

Құқықтық реформаның қорытындыларын шығара келіп, құқықтық саясатымыздың тұжырымдамасы мемлекетті құқықтық жүйені республика Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нizamдарына сәйкес одан әрі жетілдіре беруге бағдарлайды. Тұжырымдама сонымен қатар Қазақстан Республикасының Конституциясында оның құқықтық нizamдарында ғана емес, сондай-ақ құқықтық идеялары мен қағидаттарында түзілген қажетті құқықтық әлеуетке ие болып отырғанын баяндайды. Конституцияның құқықтық идеялары Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет институттарын орнықтыруға бағытталған заңнамалық, ұйымдастырушылық және басқа шаралар арқылы баянды етілуге тиіс.

Тұжырымдамада әлеуметтік мемлекет турасындағы конституциялық идеяны іске асыруға айрықша маңыз беріледі. Бұл жұмысты, делінген тұжырымдамада, бірінші кезекте мемлекеттік органдар жүзеге асыруға тиіс, олар әрбір адамның білігінің ашылуы мен экономикалық еркіндігі үшін қажетті жағдайлар туғызуға, әлеуметтік өмір аясын жарасымды етуге, қоғамның әлеуметтік әлсіз топтарына көмек көрсетуге міндетті. Сонымен қатар, тұжырымдама асылық қамқоршылдықтан, қоғамның жіктелуінен, түрлі әлеуметтік топтардың тайталасқа түсуі қаупінен де сақтандырады.

Енді мемлекеттің зайырлылық бастауларын дамыту туралы бірер сөз. Құқықтық саясат тұжырымдамасында ел халқы көп ұлтты, көп конфессиялы болып келген жағдайда мемлекеттің зайырлылық сипатын пайымдау мен сақтаудың маңыздылығы атап көрсетіледі. Мен айтар едім, мұндай талаптың мемлекеттік органдар мен қызметшілерге де, сондай-ақ азаматтарға да тікелей қатысы бар. Мемлекеттік қызметші, мейлі ол саяси, мейлі әкімшілік қызметші болсын, кез келген конфессияның діни ұйымының кез келген саладағы, кез келген деңгейдегі мемлекеттік органдардың ұйымдастыру жұмысы мен қызметіне араласпауы керек екенін пайымдауға, түсінуге тиіс.

Бұл проблеманы жай ғана парықтап қою жеткіліксіз. Мемлекеттің зайырлылық сипатын қорғауда мемлекеттік органдардың, қызметшілердің тиісінше белсенділік көрсетуі керек. Олар мемлекеттік органдардың экономикалық, әлеуметтік, мәдени, саяси қадамдарына кедергі келтіруге тырысқан діни ұйымдардың әрекеттеріне қарсы заңға негізделген пәрменді шаралар қолдануға міндетті. Әлбетте мұндай әрекеттердің көпе-көрінеу, ашық түрде білінуі, діни экстремизм мен лаңкестік сипатында болуы, кейде жартылай астыртын, кейде мүлде астыртын жағдайда жүргізілуі мүмкін. Діни экстремизмнің кез келген түрінің қауіпті екені, мемлекет пен қоғамға зор қатер төндіретіні белгілі жәйт.

Қазақстан Республикасы сынды зайырлы мемлекетте қандай да конфессияның болсын діни ұйымдары саяси қызметпен шұғылданбауы, діни араздықты немесе алауыздықты, соның ішінде зорлыққа итермелейтін, күш қолдануға шақыратын араздықты қоздырмауы, азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін қандай да бір діни уағыз жүргізбеуі шарт.

Құқықтық саясат тұжырымдамасында зайырлы мемлекет хақындағы конституциялық идеялар діни ағымдардың мемлекеттік идеологияға ықпал жасауына, экстремистік діни нанымдардың таралуына тосқауыл қоятын заңнамалық актілер мен басқа пәрменді шаралар арқылы бейнеленуі қажет. Осындай құқықтық низамдық актілердің бірі – Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы. Діни экстремизмге қарсы іс-қимылдың басты міндеттерін, қағидаттарын және негізгі бағыттарын айқындайтын заңда мемлекеттік органдардың діни экстремизмнің алдын алу турасындағы құзыреті де айқындалып берілген. Мәселен, діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің және қандай да бір діни ілімді уағыздаумен және таратумен шұғылданатын шетелдіктердің қызметіне зерделеу мен талдау жасайды, өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттық шараларды жүзеге асырады, республиканың діни наным бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңнамасының бұзылуына қатысты мәселелерді қарайды. Осы аталған және басқа заңнамалық актілерді басшылыққа ала отырып, уәкілетті органдар мен құқық қорғау органдары діни экстремизмге қарсы нысаналы жұмыс жүргізеді, сөйтіп, Қазақстан мемлекетінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, оның зайырлы сипатын аша түседі.

Көріп отырғанымыздай, біздің Ата Заңымыз еліміз азаматтарының лайықты өмір сүруіне, оның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына, жеке басының қауіпсіздігіне, сөйтіп елімізде азаматтық қоғамның орнығуына дейінгі мәселелерді жан-жақты негіздейді. Мұның бәрі де сайып келгенде өміріміздің Негізгі Заңы арқауының беріктігін, діңінің шымырлығын, әлеуетінің молдығын айғақтаса керек, кейбір азаматтардың оған қатысты айтып жүрген пікірлерінің ұшқарылығын, турасын айтқанда, негізсіздігін айғақтаса керек.

Конституция туралы айтқанда, оны түзудің бастамашысы болған адамның сіңірген қыруар еңбегі мен жеке басының қажырын, кемел ойы мен кең пайымын, көпті тыңдай да түсіне білетін парасатын, ең бастысы, елі мен халқының мұратын бәрінен жоғары қоятын пайымын біздің елей де ескере біліп, еліміздің жарқын болашағы жолындағы жасампаздық істерге жұмылғанымыз абзал.

Уақыт өтер, замана өзгерер, алайда Қазақстан Республикасы атты мемлекеттің дүниеге келуі мен өсіп-өркендеуінің түп қазығы болған Ата Заңның маңызы кеміп, мазмұны көмескіленбек емес. Өз басым еліміздің түлеуінің тұғыры болған осы Ұлы Құжаттың дүниеге келуінің бастауында тұрған тұлғаның еңбегіне деген халқының құрметі мен ілтипаты күннен күнге ұлғая береді деген ойдамын. Мұны Президент сайлауында сайлауға қатысқан қазақстандықтардың 90 пайыздан астамы Нұрсұлтан Назарбаевты жақтап дауыс беру арқылы айқын көрсетті деп ойлаймын.

«Егемен Қазақстан», 2005 жылғы 9 желтоқсан

Қасымжомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

ФЕНОМЕН

Елбасының үлкен жүректі азамат әрі халқының аманатын арқалаған жаңа мемлекет қайраткері ретінде еліміздің игілігіне сіңірген ерен еңбегі барша-мызға аян. Ал «Отан» саяси партиясының көмегімен «Атамұра» баспасы шығарған «XXI ғасыр: әлем саясаткерлері Н.Ә.Назарбаев туралы» кітабы осы сөзіміздің бір айқын айғағы болып табылады.

Әлемдік саясаткерлер, руханият жетекшілері, зиялылары мен кәсіпкерлерінің жүзден астам өкілдерінің сөздері мен естеліктері жинағы Елбасына айтылған игі тілектер ғана емес, бұл кітап – Қазақстан табыстарының дәлелі, алтын әріптермен жазылған тарихы.

Осынау ұлы істе Нұрсұлтан Назарбаевтың орны дара тұр. Еліміздің өмірлік мүдделерін қорғауда, әлемдік геосаяси ахуалды талдауда және интеграциялық процестердің тиімділігін түсінуде Қазақстан басшысының алысты болжайтын көрегендігі осы кітап беттерінде тиянақты баяндалады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанның болашағы мен өміршеңдігіне күмән білдіргендер аз болған жоқ. Алайда, Елбасы ішкі тұрақтылықты, ұлтаралық татулықты сақтай білді, қазақ халқының ұлттық рухының өрлеуіне жол ашты. Осы негізде нарықтық экономика мен демократиялық қоғам құруға бағытталған реформаларды батыл жүргізіп, Қазақстанның заман талабына сай ілгерілеуіне жол бастады. Нәтижесінде бүгін біз аймақтың ең дамыған мемлекеті ретінде дүниежүзілік аренада лайықты орнымызды алдық.

Әріптесін туған күнімен құттықтаған Ресей Президенті Владимир Путин «Атқарылған істің бәрі көзге көрінбеуі, жеңіл жасалғандай болуы мүмкін. Алайда бәрін басынан бастап, Қазақстанды бүгінгідей даму деңгейіне жеткізудің орасан зор міндетін орындау оңай жұмыс еместігі анық. Ал Назарбаев болса, бұл міндетті тамаша атқаруда», – деп жылы лебіз білдіруінің өзі көп жәйтті аңғартады.

Семей сынақ алаңын жауып, ядролық қарудан бас тарту туралы шешім қабылдауы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру бастамасы, өркениеттер арасындағы диалогқа қосқан үлесі – бәрі де Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің парасатты қайраткер, кемел саясаткер ретінде әлемдік саясат сахнасы төрінен орын алуына себеп болды.

Ұлыбританияның әйгілі «темір» ханымы Маргарет Тэтчердің 1992 жылы жаңылмай айтқан «Қазақстан басшысы – әлемдегі 5-6 үздік саяси қайраткердің бірі» деген сөздерінің ақиқатына кәуеміз.

Менің ойымша, Н.Назарбаев әлем элитасына жаңа заман саясаткерінің бейнесін көрсетіп берді. Шынында да, қазіргі халықаралық саясатта Азия мен Еуропа құрлықтарын қосатын, Шығыс пен Батыс өркениеті мен мәдениетінің ізгі қасиеттерін бойына сіңірген, тоталитаризм мен демократияның қыр-сырын білетін Қазақстан басшысындай тұлғаны табу қиын. Ол дүниетанымдар мен мәдениеттерді, халықтар мен мемлекеттерді жақындастыруға өлшеусіз үлес қосып келеді.

Нұрсұлтан Назарбаев тұлғасы арқылы дүние жүзі Қазақстан жері мен елін танып білуде. Сансыз сапарлар мен мазмұнды кездесулерде Қазақстан басшысы әлем элитасы өкілдеріне еліміз жайында мол мәліметтер беріп, «құрмет сезімдерін оятты». Сондықтан болар, бұл кітаптың танымдық мәні аса зор. Әсіресе, шетел қоғамдық пікірінде кездесетін Қазақстан туралы шындықтан алшақ жатқан ой-толғамдардың түбегейлі өзгергенін де біз осы кітап парақтарынан анық байқаймыз.

Біздің ішкі, сондай-ақ халықаралық аренадағы жетістіктерімізді әлемге танымал саясаткер, заманымыздағы ғаламат мемлекет қайраткері Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке тұлғасымен байланыстырсақ, еш сөкеттігі жоқ.

Сингапурдың аты аңызға айналған реформаторы Ли Куан Ю 90-жылдардың басында Қазақстан басшысын әлемдік саясат айдынында жұлдызы жарқырап келе жатқан саясаткер деп бағалай келіп, мынадай болжам айтқан болатын: «Егер Назарбаев республика басында тұрса, Қазақстанның табысқа жету мүмкіндігі көп болмақ».

Бүгінде өткен жолымызға қарасақ, Мемлекет басшысы тәуелсіздігіміздің елең-алаңында дамуымыздың барлық келбетімен қатар, қазіргі заманғы мемлекеттік құрылыстың жекелеген бөлшектеріне дейін айқын көрген деген тұжырымға бой алдырасың.

Тоталитарлық жүйеде өмір сүріп, нарықтық экономика мен демократиялық қоғам туралы түсінігі шектеулі болған, өткен ғасырдың 90-жылдарының басында көпшілік даму перспективалары жағынан жоққа балаған ел Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен тамаша табыстарға қол жеткізді. Ал Елбасы мемлекет басқаруды қолға алған тұстағы ахуал аса күрделі болатын.

Қазақстан бүгінде Азияда ұлы көршіміз Қытайдан кейінгі ең ырғақты дамып келе жатқан мемлекет болып табылады. Бұл – бүкіл әлем мойындаған ақиқат. Еліміз реформаларды бір кезеңде әрі барлық бағыттар бойынша табысты жүзеге асырып келеді. Мемлекеттілік қалыптастыру мен дамытудың бұл бағыттарына, әдетте, нарықтық экономиканы енгізу, әлеуметтік әділеттілік пен саяси ырықтандыруды қамтамасыз ету жатқызылады. Мұндай ғаламат тәжірибеге бүкіл әлем шәліркеп отыр десек, еш артықтығы жоқ.

Алматыда болып өткен Азия қоғамдастығының халықаралық бизнес-конференциясында сөйлеген сөзінде «Шеврон Тексако» компаниясының вице-президенті Питер Робертсон былай деген еді: «Мен Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанның алдына бәсекелестікке мейлінше қабілетті экономикасы бар әлемдегі 50 елдің қатарына кіру туралы мақсат қойғанына тәнті болдым. Бұл –

дұрыс және еңсеруге болатын мақсат, өйткені Қазақстанға құйылған инвестициялар көлемі ТМД-ның басқа елдері экономикасына салынған инвестициялардан 10 есе асып түседі және қазір Қазақстанға өзінің экономикасын Орталық Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері экономикасымен қатар қойған жарасады».

Демократиялық реформалар қазақстандықтардың менталитетін толықтай өзгертті, саяси плюрализм, жариялылық, көппартиялық біздің қоғамымыздың ажырағысыз бөлігіне айналды.

Еліміздің қол жеткізген табыстарын Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тікелей байланыстырған жөн. Елбасының рөлін әлемдік истеблишменттің мойындағанының дәлелі де осы кітап болып табылады.

Қазақстан басшысының ерекшелігі – ол, меніңше, үйлеспейтін нәрселерді үйлестіруге қол жеткізді. Нұрсұлтан Назарбаевтың феномені дүниенің екі бөлігінің – Еуропа мен Азияның, екі өркениеттің – Шығыс және Батыс өркениетінің, екі саяси жүйенің – тоталитаризм мен демократияның түйіскен жерінде пайда болуында жатыр. Қазақстан Президенті өз саясатында еуропалық реформизмді, прагматизм мен демократиялық процедураларға жақындықты, сондай-ақ қоғамдық негіздермен тығыз ұйысқан азиялық дәстүршілдікті саралай білді.

Үстіміздегі жылдың наурызында Қытайдың «Женьминь жибао» газеті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына биылғы Жолдауына үн қоса келіп, былай деп жазды: «Қазақстан дамудың басқа елдерге үлгі болатындай жаңа моделін құрып, дұрыс жол таңдай білді. Қазақстан басшылығы егемен мемлекет құрылысында Батыстың оң тәжірибелерімен қатар, азиялық мәдениет пен менталитеттің ерекшеліктерін қатар ескеріп отырады».

Бұған қоса, Қазақстан Президенті әлемдік саясат келбетіне жаңа ерекшеліктер: догмалармен және стереотиптермен шектеліп қалмаған ашықтық жаңаша ойлау жүйесін енгізді.

Осы арада Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті Жан Лемьердің сөзін келтіре кеткенді жөн көріп отырмын: «... Президент Назарбаев айырма ерекшелігі әлемдік тәжірибенің жинақталған оң тәжірибелері мен ашықтығын өз елі үшін пайдаланатын бағытынан ауытқымай келеді. Бұл жерде мен саудадағы, саясаттағы, сонымен қатар, жаңа идеяларға ашықтықты айтып отырмын».

Қазақстан Президенті осынысымен де әлемдік саясаткердің жаңа үлгісін жасады, яғни ол өз қызметі арқылы елдер мен халықтар мәдениеті мен менталитетін жақындастыра отырып, өз бойына еуропалық, сондай-ақ, азиялық ерекшеліктерді әдемі үйлестіре білді.

Нұрсұлтан Назарбаевты сонымен бірге ойлау ауқымдылығы мен проблематиканы көрудегі стратегиялық деңгейі ерекшелеп тұрады. Бұл, атап айтқанда, мемлекетіміздің ядролық мәртебесі жөнінде шешім қабылдауда айқын көрінді. Әлемдік қоғамдастық Қазақстанның ядролық мұрадан бас тартып, таратпау жөніндегі жүйеге қосылған шешімін жоғары бағалады. Қазақстанның

үлгісі әлемдік саясаттың айнасына айналып, әлемдегі басқа ядролық мемлекеттер үшін үлгі болды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы – ШЫҰ-ны құрудың бастамашыларының және оны дамытудың белсенді жақтастарының бірі болған Қазақстан басшысының саяси интуициясы мен көрегендігінің тағы бір мысалы.

ШЫҰ Орталық Азия мен Қиыр Шығыс аймағында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде маңызды рөл атқарады. Терроризммен, сепаратизммен және экстремизммен, ұйымдасқан қылмыспен және есірткі бизнесімен күрес мәселелерінде аймақтық деңгейде өзара іс-қимыл тетігі іске қосылып, жетілдірілу үстінде. Мүше елдер шекара ауданында сенім шараларын құру және қарулы күштерді қысқарту туралы шешімдерден бастап сауда-инвестициялық ынтымақтастық сияқты салаларда да ықпалдастықты кеңейте түсті.

Шанхай ынтымақтастық ұйымын бүгінде тек БҰҰ ғана емес, басқа да көптеген халықаралық ұйымдар таныды. Сондай-ақ, ШЫҰ тартылыс орталығына айнала бастады. Бұған Иранның, Үндістан мен Пәкстанның бақылаушы мәртебесін алулары дәлел бола алады. Жақында Астанада аяқталған ШЫҰ саммитінде атап көрсетілгеніндей, қазірде Ұйым адамзаттың тең жартысына жуығын қамтитын мемлекеттер аумағын біріктіріп отыр.

Біздер Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) шақырудың бастамашысы болғанынан хабардармыз.

АӨСШК шақыру туралы идеяны 1992 жылы Азия құрлығында өзінің және ортақ қауіпсіздік тетігін құру қажеттігін өткір сезінген жас тәуелсіз мемлекет ұсынған болатын. Уақыт көрсеткеніндей, форум бүгінгі күн сынақтары күткеннен де асып түсетін қызмет атқара бастады.

АӨСШК-нің 2002 жылдың маусымында өткен саммиті Қазақстан сыртқы саясатындағы еш күмән тудырмайтын табыс болды.

Өткен жылдар ішінде Азия құрлығында бейбітшілік пен сенім орнату идеясынан бастап ұжымдық дипломатия құру тетіктеріне дейін үлкен жұмыс атқарылды. Бүгінде АӨСШК жұмысына 17 ел қатысады. Қатысушы елдер аумағының жалпы көлемі 40 миллион шаршы шақырымды немесе барлық Азия құрлығы аумағының шамамен 90 пайызын құрайды. Оларда 3 миллиард адам, яғни бүкіл Жер шары тұрғындарының жартысы өмір сүреді.

Қорыта айтқанда, әрбір беті ізгі ниет, ақ тілектен тұратын бұл қымбат басылымды оқырман қауым жылы қабылдайды деп сенемін.

«Егемен Қазақстан», 2005 жылғы 9 шілде

ТҰҢҒЫШ

Кемеңгер суреткеріміз, данышпан ойшылымыз Мұхтар Әуезов бөлекше бағалаған, өзгеше ықылас білдірген қарымды қаламгеріміз, Қазақстанның халық жазушысы, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тахауи Ахтан осыдан он екі жыл бұрын былай деген: «Егер біз бүгін абыр-сабырдан аулақ, тыныш ахуалда өмір сүріп отырсақ, ол да ең алдымен Президентіміздің икемді саясатының арқасы. Басқа жұрттарымыз да жақсылықтың қадірін бағалай жатар. Ал бұл үшін біздер, ең алдымен, өз жұртымыз – қазақ халқы өз Президентін, өз азаматын, өз перзентін өзегіне тартып, өзегін үзе құрметтей білуі керек. Жеке басымыздың шамалыда таусыла қоймас мұң-мұқтажымен алаш қамын ойлайтын азаматтың мазасын ала бермейік. Қарттар, әсіресе майдангер ардагерлер ақыл айтуға өте құштармыз. Ақыл беру үшін де ақыл керек қой. Өз басым осы күнге дейін Президенттің жеке қабылдауына сұранған емеспін... Тұңғыш Президент – қай мемлекет үшін де даусыз тарихи тұлға. Оның тағдыры көп жағдайда күллі ел тағдырын шешеді. Оның саясатының тұрақтануына, ықпалының орнығуына жәрдемдесу – барша саналы замандастарының парызы. Ол парыздан суреткерлер де сыртқары тұра алмайды».

Тұлға-тұрпатынан тектілік танылып тұратын, сондай сұңғылалық тұғырынан таймай, биігінен төмендемей өткен жазушы тоқсан үшінші жылы тап осылай толғанған еді. Сол ой-толғауында Тахауи ағамыз ағынан жарылып, жоғарыдағы пікіріне қоса қайсы бір елдер әлем алдындағы беделі біздің Президентімізге ілесе алмайтын басшыларын аспанға көтеріп жатқанда, біз неге сөйтпейміз демейікті де, олай етпеу біздің сабырлы да орнықты азаматымызға ерсі болатынын да ескертеді.

Жасыратыны жоқ, мына біз пақырыңыз қай нәрсеге де, кімнің пікіріне де мүмкіндігінше сын көзімен қарамаққа талпынатындардың сапында сияқтымыз. Кім білсін-ай, кім білсін, әйтеуір, шамамен алғанда, солай есептейтін секілдіміз. Сол тоқсаныншы жылдардың бастапқы тұсында Елбасымыздың екі пікіріне едәуір қарсылау ой білдіргеніміз бартұғын. Біріншісі ол кісінің америкалық ақын-жазушылардың жай-жапсарын мысалға келтіріп, бізде де солай болуы керек дегеніне, екіншісі елімізде орыс тіліне қысым жасалмауы тиістігін теледидардан ескерткеніне байланысты еді. Ал біз сонда америкалық ақын-жазушылармен қазақстандық қаламгерлердің тұрмыс ахуалын салыстыру ертерек екендігін, одан кейінгі пікірімізде Қазақстан жағдайында орыс тілінің бүгін де, болашақта да қысым көруі мүлде мүмкін еместігін, керісінше, қазақ тілінің қолданысы қақпай көріп отырғандығын дәлелдемекке тырысып ек. Алғашқы материалымыз «Абайламай айтқан шығар» деген атпен «Қазақ әдебиетінде», екіншісі «Ананың ақ сүтіндей...» деген тақырыппен «Халық кеңесі» газетінде жарияланған болатын. Шындығы керек, өзге кездері Елбасымыздың сөздерінен де, кітаптарынан да, баяндамаларынан да өз тұрғымыздан «әй, әттеген-ай» дейтіндей жағдайды кездестірген емеспіз. Бірте-бірте біз

Тұңғыш Президентіміздің сөзіне де, ісіне де риза болып, таңданып, тіл-көзден сақтасын дейтіндердің қатарына қосылдық. Елбасымызды ерекше мақтап, марапаттап арнайы мақала жазбадық. Бірақ, мақтанышпен, мерейлене отырып, қаламымызға қанат бітіп, толғанысқа түсіңкірейтін дүниелерімізде, мәселенки, қасиетті Қазақстанға, айналайын Атамекенге, ұлтымыздың ұйытқысындай Оңтүстікке, қазақ халқының талайлы тағдырында теңдессіз орны бар Ордабасыға, түркі әлеміне ортақ Түркістанға, ауыл ажарының айшықтала бастауына байланысты Елбасымыздың ерендігіне, кемелдігіне, тереңдігіне тоқталмай өте алмайтын тұстарымыз болады, әрине.

Ал бұл жолы ТҰҢҒЫШ деген қазақтың қасиетті сөзі күллі дүниенің құлақ күйіндей, әсем бір өннің атындай жүрек тербеп тұрыпты.

Тұңғыш деген сырлы сөз, тұңғыш деген ұлағатты ұғым, тұңғыш деген тебіреністі түсінік біздің қайран да қайран қазағымызда бөлекше. Бірінші, алғашқы, тағысын-тағы деп өзгелер де айта берер, ал айналайын алашымыздың, қайран қазағымыздың қайталанбас қанатты сөзі, тұңғыштайын өлеңдік өрелі өрімі өзгеше ғой.

Қайбір жылы «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасы қабылданды емес пе? Сол Стратегиямызда барыс бейнесі, барыс батылдығы, бірте-бірте барысқа айналатынымыз хақында жан-жақты жазылып, батыл-батыл болжамдар жасалмады ма? Сонда ше, дүние жүзіндегі сәуегейлердің бірталайы селкілдей күлген, бірқатары аңтарыла таңырқаған. Түстік тұсымыздағы мемлекеттің, қашанғы көршіміздің көріпкелдігі жетіп-артылар саясаткерлерінің көпшілігі әскиялай әжуалап, мазақы пиғылмен мысқылдаған. Шекарадағы шайханада отырып, шыдамдылықпен тыңдап баққанбыз. «Кімнің қандай боларын Алла білер, уақыт көрсетер, жігіттер. Жақсы күндерде кездесейік», – деп, орнымыздан тұрып кеткенбіз. Шүкіршілік, «Қазақстан-2030» Стратегиясының қағидаттары бірте-бірте орындалып келеді. Бағдарламаның бес жылдығына орай «дөңгелек үстел» мәжілісін өткізгенімізде ше, әлгі «уах-ха-халаған» жігіттердің бәрі келмеді, әрине. Біреуі ғана қатысып, баяғыларына кешірім өтінгендей, байыпты сөз сөйледі, Қазақстанға қызыға да қызғана қарайтындарын қайта-қайта айта берді. Бұл бағдарламаның Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы кеңістігіндегі терең де кемел тұңғыш стратегия екендігін мойындады, оның нәтижелерін бізден жақсы білетіні ап-анық аңғарылып тұрды ғой сонда.

Тұңғыш рет тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрған Тұңғыш Президентіміздің туған елін төрткүл дүниеге тұңғыш танытқанына өзіміз ғана емес, өзгелердің қайран қалатынын естіп, біліп, көріп жүрміз.

Қазақ халқының тарихында тұңғыш рет Тұңғыш Президентіміз егемен еліміздің еркіндік туын өз қолымен көтерді. Ту көтерді дегеннен шығады, қайбір жылы Республика сарайында Тұңғыш Елбасымыздың қисайып бара жатқан туды кенет байқап қойып, құлатпай ұстап қалғанына куә болғанбыз. Алғашында «аһ» деп барып, ақырында «уһ» дегендердің, сөйтіп: «Иә, Жаратқан Ие, мың да бір шүкіршілік!» – деп күбірлегендердің қатарында, сол залда отырғанбыз.

1993 жылғы мамыражай мамырдың соңында, Ордабасы тауында ұлы жиын өткені жарты әлемге аян. Тұңғыш Президентіміз тұңғыш рет тарихи Ордабасы биігіне көтеріліп бара жатты. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би кеңес құрған, Әбілқайыр, Абылай, тағы басқа да хандар болған биіктұғын ол. Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентіне, жусан исі бұрқырап, ермені енді-енді шашақтанып, адыраспаны жаңа бұр жара бастаған беткеймен толғана, тебірене өрлеп бара жатқан Елбасымызға жүз елу мыңнан астам адам, алуан елдерден, түрлі мемлекеттерден келген Президенттер, Премьерлер, басқа да басшылар, өзге де өкілдер таңырқай қарап қалған сонда. Сондай күндерді, сол бір сәттерді, кереметтей көріністерді ұмытуға бола ма?! Жұртшылықтың жадынан өшіру мүмкін бе?

Сол жылы, 28 мамыр күні сәскенің сәулесі құйылып, көктің нұры төгіліп тұрғанда Тұңғыш Президентіміз Ордабасының ең шырқау тұсындағы Қарауыл-төбенің басына шығып, тұңғыш рет тұңғыш тәуелсіз мемлекетіміздің туын көтеріп, аспанға арай шаша желбіретті. Сол күннен бастап әлгі төбе Түтөбе атанып кете барды. Сол күні Тұңғыш Президентіміз Ордабасы тауында «Береке басы – бірлік» атты тарихи баяндамасын жасады. Сол баяндамада қазақтың біртуар билеріне, батыр қолбасыларына, қасиетті хандарына әділ бағалар берілді, егемен еліміздің, тәуелсіз мемлекетіміздің мақсат-мұраттары айқындала түсті. Тіпті Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылатындығы да тұңғыш рет осы Ордабасыдағы баяндамасында жария етілді.

Осы орайда ойға оралып-ақ жатыр-ау, кейінірек Түркістан шаһарының 1500 жылдығы тойланбады ма? Әзірет Сұлтан күмбезінің қарсы бетінде сан мың адам сапқа тізіліп, Тұңғыш Президентіміз келетін жаққа көз тігеді. Неге екені белгісіз, сол күнгі ауа райы таңертеңгілікте тым тымырсықтанып, аспан түнеріп, тұманытып тұрған. Сәлден соң Ахмет Ясауи кесенесінің сол жағынан Елбасымыз көрінді. Жанында тәуелсіздігімізді тұңғыш таныған Түркияның Президенті бар. Кенет түнерген тұман ыдырап, лездің арасында, деп-демде күн күлімдеп сала берді.

Тұңғыш Президентіміз де күлімдеп келе жатыр екен. Кәдімгі, кей кездегі басылымдарда берілетін жас жұмысшы, Теміртауда жүрген жалынды жігіттік шағындағыдай риясыз күлімсірейді. Айтпақшы, алпысыншы жылдардың алғашқы алыбы Қазақстан Магниткасында да тұңғыш домна пешінің тұңғыш іске қосылуында тұңғыш қазақ шойыншысы болғандардың бірі де бүгінгі Елбасымыз.

Талай-талай тар кезеңдерде, талайлы өткелдерде, қауіп-қатерлі тұстарда: «Тәуекел!» деп тұңғыш қадам жасайтын біздің Тұңғыш Президентіміз екендігін екінің бірі біледі. Мойындайды.

Жиырманшы ғасырымыздың аяққы тұсында жаңа Қазақстанды қаз-қаз тұрғызу, тәуелсіз мемлекетті құру, егемен елдің тізгінін ұстау сынды ұлы парызды Тәңірдің өзі, тарихтың өзі, тағдырдың өзі Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың иығына артты, тұлғасына табыстады, жүрегіне жүктеді.

Тұңғыш Президентіміздің тұғырлы биіктерін бәсейтіп, айрықша феноменін мойындағысы келмейтіндер де баршылық. Алайда, анығын айтсақ, Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке басына небір кемшіліктерді үйіп-төгіп бақсаңыз

да, Елбасының етегінен еңтігіп неше, қитығып қанша тартқыласаңыз да, сайып келгенде, ондай-ондай әрекетіңізден дәнеме шықпай, өзіңізден-өзіңіз пұшайман халге түсуіңіз әбден ықтимал. Бұ пәни жалғанда үлкенді-кішілі пенде атаулының бәрінде де, басшыларда да, қосшыларда да кемшіліктер болмай тұрмайды ғой. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевты өзгелермен – алыстағылармен де, жақындағылармен де салыстыруға болар, бірақ бір өлшеммен қарауға бола қоймас. Қазір мойындалып жүргеніндей, Назарбаев феноменін Еуропа мен Азияның, Шығыс пен Батыс өркениеттерінің түйіскен тұсында, өзгешелеу өрілген өңірінде, тоталитаризм мен демократияның шектескен шегінде, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың ұласқан ұланбелінде, қаншама ғасырлар бойы қан-қасап қырғындарды, жүз жылдық жойқын жойылыстарды бастан кешкен, қаймақ қалқулардан азап шеккен ұлы қазақ даласында заманның тезі, уақыттың өзі туғызбады деп ешкім де айта алмас. Өзгелермен бірдей өлшеммен қарауға болмас деуіміздің мәні мен мәнісі осында. Тұңғыштардың тұңғышына, қаншама қайшылықтарына қарамастан, қашанғы қалыптардың қаптала бермейтіні бұрын да болған, бүгін де бар, келешекте де кездесе берер.

Есіңізде болар, Тұңғыш Президентіміз ядролық қарудан бас тартуда да тұңғыш стратегиялық сұңғылалық танытты. Онда да осқырына қарағандар, қарадай қапа боп, шулай тулағандар аз емес-ті. Бірте-бірте байыз тапты, бара-бара байсал тартты, келе-келе түсінді. Тұңғыш Елбасымыз Семей ядролық сынақ полигонын жауып, бұл орайдағы батылдықтың да тұңғыш үлгісін танытты.

Өзінің тәуелсіз мемлекетін, егемен елін, алмағайып ахуалдағы алашын, көп ұлтты күллі жұртын нарыққа бағыттауда және оның нақты нәтижесіне қол жеткізуде тұңғыш бола білді ол. Реформалар жүргізудегі қазақстандық тәжірибеге ден қоюшы шет елдер, еліміздегі экономикалық жаңғырту және саяси демократияландыру үдерістерін үйренушілер жоқ дей алмайсыз.

Тұңғыш рет бәсекелестікке қабілетті экономикаға ие елу елдің қатарына кіру туралы мақсат қойды.

Инвестиция ең көп салынатын берекелі мемлекеттің санатында тұңғыштардың тізіміне тіркелдік.

«Мәдени мұра» бағдарламасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде тұңғыш қабылданып, іске асырылуда.

Ерекше ескерілетін жағдаяттың бірі, бәлкім, ең негізгісі – Елбасымыздың биылғы Жолдауындағы мемлекеттік тіл туралы айтқан асыл сөзі. Президентіміз Қазақстан халықтарын біріктіретін басты фактор, барлық қазақтардың ана тілі – мемлекеттік тілді дамытуға бар күшті салуға үндеді. Қазақ тілі туралы осынау қасиетті қағида да тұңғыш мәрте мәлім етілді.

Білім берудегі реформалардың тұңғыш қолға алынғаны мәлім.

Тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық жағын тұңғыш реформалаудан табыссыз емеспіз.

Зейнетақы реформасы мен жинақтау жүйесі жөнінен де Қазақстан тұңғыш қарышты қадам жасады.

Банк салаларын сарамжалдаудан азуы алты қарыс Ресейіңіздің Қазақстаннан қалып қойғаны және рас.

Аграрлық реформалаудан алғашқы қатардамыз, ауылдың көшін бағыттаудан алдыңғы саптамыз. Асып кетпесе де артта емес, тасып кетпесе-дағы теңі түзеліп келеді. Тұнжырап төмен қарамай, басын көтере бастаған шаруалар көбейді.

Оралмандар орайында, қаншама елдердегі қандастарымызды қайта оралтуда тұңғыш рет текті тірліктерді қолға алған һәм біздің Тұңғыш Президентіміз емес пе?

Егемен елдің еңсесін тіктеу үшін, ең алдымен еленер, алғашқы кезекте атқарылар іргелі істің бірі әрі бірегейі іргені бекіту – шекараларды шынайы да сенімді қамдастыру еді. Тұңғыш Президентіміз тұңғыш рет іргемізді қымтауға, шекараларды берік бекітуге қол жеткізді. Қолайлы сәттерді қалт жібермей, сергек әрекеттеніп, ширақ қимылдап, Қытай сынды алып мемлекетпен терезе теңестіре тілдесіп, саспай санастырып, жүздеген жылдар бойы жаралы күйде келе жатқан жағдаяттарды жарастырып, бәрін де бекемдей икемдеу тіпті де жеңіл емес-ті. Ресеймен де шекараның сызығын ұзына бойы безбендей белгілеу, заманға сай заңдастыру оңайға соға қойған жоқ. Тұңғыш Елбасымыздың ерекше епсектілігі, елгезектігі, биік беделі, жанкештілігі, біліктілігі, дүлдүл дипломаттығы арқасында ғана Атыраудан Алтайға дейінгі ашық-шашық жатқан іргемізді тұңғыш рет қымтай алдық. Басқасы басқа, біздің Қазақстанның ірге бекітуінің өзіне де өзгешелеу өлшемдер тұрғысынан қараған ләзім.

Сынаптай сырғып өте шыққан сегіз жылда Тұңғыш Елбасымыз Астанадай абат қала салып, бұл жөнінде де тұңғыштығын танытып, күллі әлемді таңырқатты. Ал өз ішімізде ше, кінәрат іздеп күңкілдеп, еріндері дірілдеп, құштарлыққа емес, іштарлыққа буылатындар бар. Басқасы басқа делікші, ал енді Астананың асқақ бейнесіне, ардақ келбетіне қуанбауға бола ма? Тұңғыш Президентіміздің: «Астана – бұл бүкіл қоғамның ереже-тәртібі мен салт-дәстүрі, мінез-құлық құрылымдары қалыптасатын жер», – деген жүрек үніне иланбауға, сенімсіздікпен қарауға бола ма? Өзгені қайдам, мына біз пақырыңыз Астанаға жолымыз түскен сайын жүрегіміз алып-ұшып қуанамыз, әйтеуір.

Тұңғыш Елбасымыздың тұңғыш тірліктері турасында жалғастыра беруге болар. Жақында біздің бір досымыз жаңалық ашты. Созылып жатқан Созақ даласындағы жосылып жатқан жонның үстінде қой бағып қана қоймай, ой бағып жүріпті. Оның анықтауына қарағанда, Нұрсұлтан Назарбаев – бүкіл дүние жүзі президенттерінің арасында жыл сайын ұшақпен ең ұзақ ұшатын Елбасы екен.

Біздің Елбасымыз әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің басын қосқан Тұңғыш Мемлекет басшысы ретінде ақеділ алғысқа бөленді. Маргарэт Тэтчеріңіздің өзі діни негізде адамзаттың қаншама қақтығыстарды, қаншама қасіреттер мен қантөгістерді бастан кешкенін, сан түрлі діни нанымдардың өзара дұрыс түсіністігіне қол жеткізу арқылы адамдар арасындағы бір-біріне сенбеушіліктен арыла аламыз ба деп үміттенетінін айта келіп, Қазақстан Президентінің тұңғыш бастамасын қызу қолдайтынын білдірді.

Тұңғыш Президентіміздің әлем жүзіндегі беделі биік, абырой-атағы жоғары екендігіне дәлелдер мен дәйектер тіпті де аз емес.

Түсі суықтау, сырты салқындау, ешқашан ішін алдырмайтын, көзі күлгенмен, өзі күлмейтін кәдуілгі Владимир Путин ойланбай сөйлемейді, оңай сөз айтпайды. Тотияйындай ойып түседі. Дәлдеп, дәйектеп негіздейді, мәйектеп меңзейді. Бұдан біраз бұрын сол Путин, Ресей Федерациясының Президенті, былай тұжырымдады: «Н.Ә.Назарбаев осы сөздің толық мәнінде – қазақ халқының тарихындағы тұңғыш тәуелсіз мемлекеттің Тұңғыш Президенті. Ол мемлекет құруды әу басынан жүргізді. Және мұндай міндетті ілуде бір адам ғана орындай алады. Бәрі дайын тұрған кезде ол оңай көрінеді. Ал бәрін жаңадан бастап, бүгінгідей даму деңгейіне, Қазақстан бүгін ие болып отырғандай даму әлеуетіне жеткізу оңай емес. Іс жүзінде бұл – орасан зор міндет, ол әркімнің қолынан келе бермейді. Алайда, Н.Ә.Назарбаев бұл міндетті тамаша атқарып шықты. Мен оны, сондай-ақ Қазақстанда тұратын, өзінің Президентіне сенетін және ол елдегі билікті қуатты қолында ұстап тұрады, Қазақстанды осыған дейінгі қарқынмен дамытады және болашақ ұрпақтардың дамуы үшін алғышарттар жасайды деп білетін барлық адамдарды құттықтаймын».

Ал Қытай Халық Республикасының ылғи да жылы жымыып жүретін Төрағасы Ху Цзиньтао біздің Елбасымызды үнемі: «Менің досым», – дейді.

Мойындата білмек – ерендік, мойындай білмеу – керендік.

Сөзіміздің әуелгі тұсындағы Тахаңа, ұлылардың көзіндегі, тектіліктің өзіндей Тахауи Ахтан ағамыздың ой-толғауына қайта назар жығайықшы. «Қолдай білмесек – бізге серт! Қолдайтындай межеден шықпасаңыз – сізге серт!» – депті ол кісі. Елбасымыз, Тұңғыш Президентіміз межеден әлдеқайда биік белестерде емес пе? «Қазақ халқы өз Президентін, өз азаматын, өз перзентін өзегіне тартып, өзегін үзе құрметтей білуі керек» деген екен Тахаң. Әлемдік әйдік тұлғамыз Әуезов биік бағалаған Тахауи ағамыз осылай айтқан.

Біз ше, Тұңғыш Елбасымызды өзегімізді үзе құрметтей білеміз бе? Сіз ше?

Жүрегіңіздің үніне құлақ қойып көріңізші. Терісі тар пендедей тықыр тартып тырыспай, қырыс қабақ танытпай. Қыңырланып қисаймай. Кіділеніп кіржмей. Көсемсіп күңіренбей.

Қазақтан басқаларда бірінші, алғашқы, тағысын-тағы делінетін ТҰҢҒЫШ-ТАЙЫН ұлпа ұғымның, ТҰҢҒЫШ деген тебіреніске толы түсініктің төңірегінде толғанып бір байқаңызшы. Бәле-бәтір іздемей. Бірін бірі батыр деген бабадай. Өзіміздің таулар менен даладай.

Бақастыққа буылмай.

Іштарлыққа жол бермей, құштарлыққа қол беріп.

P.S. Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында, Түркібасы аталатын әулие төбенің түбіндегі, айтулы Арыс өзені мен қасиетті Құлан бұлағының қауышар тұсындағы Азаттық ауылында ғұмыр кешкен, сексеннің сеңгірінен асқан Жұлдыз апа бірер жылдан бері қайта-қайта қатты ауырып қалатын. «Е, айналайындар, ажал айналдырып жүр-ау. Алла

керек етсе, әкете берсін. Армансызбын. Ұл мен қыз көрдік, немере мен шөбере көрдік, азаттық пен тәуелсіздікті көрдік. Тәубе-тәубе, жастар аман болсын!» – дейтін еді сол кісі.

Төсек тартып, қиналып жатқан Жұлдыз апа Елбасы сайлауының ертеңіне басын көтеріп: «Қалай, айналайын Нұрсұлтаным сайланды ма?» – деп сұрапты. «Иә-иә, апа, теледидардан айтып жатыр, керемет болды, құттықтаймыз!» – депті ұлдары мен келіндері. «Рахмет, жұртыма! Алла елдің де, Елбасының да алдарынан жарылқағай. Ризамын бәріңе!» – деген ана қызыл түнікелі үйінің тұп-тура түбінен өтетін Ұлы Жібек жолына терезеден күлімсірей бір қарапты-дағы, ақырғы сапарына аттанып кете барыпты.

«Бүкіл өмірін адал еңбекпен, тынымсыз бейнетпен, шуақты мейірбандығымен өткерген, нәт-ниеті түзу, пейіл-пиғылы таза жан еді ғой жарықтық. Кетерінде де естен шықпастай лебіз қалдырған екен», – десті жұртшылық.

«Егемен Қазақстан», 2005 жылғы 23 желтоқсан

ЕЛОРДА – ЕЛБАСЫ ЕРЛІГІ

Дәуірлер тоғысып, ғасырлар жамырайтын Астанамен сырласу

I

Алыстан, өткен ғасырлардың сүйегі сырқыраған көшінен елес сарын талып жетеді.

Кенжебай, жайлау қайда Бозайғырдай,
Шыға тоқтап жатады мал қайырмай.
Ақмола, Қызылмола арасына
Қонады керей, қыпшақ ірге айырмай.

- Мынау Қарауыл ақынның үні ғой, – деймін мен.
- Иә, – дейді байырғы шаһар күрсінгендей болып.
- Соның өзі ғой.
- Жүруші еді-ау, Есіл-Нұра арасын думан қылып.
- Алыс көш қайтқан құстай сағындырып...
- Өткен-кеткеннің бәрі қымбат, – деп тұнжыраймын мен. – Өйткені, енді қайтып оралмайды.
- Солай, – дейді бағзы шаһар. – Қайырылып келмейтіндіктен өткенді түгендеу қиын ғой, ал тарихыңды танымай, төрт құбылаң теңелмейді.
- Біз оған қайтып оралдық, – деймін мен. – Тарихымызбен қауышу үшін келдік.
- Білемін, – дейді ол.
- Тарих енді тоқ көңіл шығар, – деймін мен. – Дәуірлер сілкінетін ерлік жасалды ғой. Астананың көшіріліп қана қоймай, жаңадан салынып, бой түзеуін – тәуелсіздік жылдарының ұлы ерлігі, Сарыарқа төсінде елорданың орнығуын – Елбасының ерлігі десе де болғандай. Тарих неге тоқ көңіл болмасын!
- Тарих жайлы тарихтың өзі айтсын, – дейді Астана атанған ардақ қала.
- Сүйегі сықырлаған көне көштің алыс сарыны тағы да талып жетті. Жоқ... көш емес, бұл жолы жаңғырыққан кәрі тарих болар сірә. Әлеуетті, әулие үн күндей күркіреді.
- Тарихпен сендер, сендермен мен қауышар сәтті күткелі қашан?!
- Шаһардың көгінде қараша-желтоқсанның қашаған бұлты маңып барады, Арқаның адуын желі дәуірлердің қойнауынан бұлқынады... Ғасырлар ерген, заманалар ояңған сергек жел.
- Көз алдымда жиырма бірінші ғасыр кетіп барады. Оған «көш көлікті болсын» айтқан уақыт мәңгілік тағында қозғалуға ерінеді.
- Әлде тарих, әлде сол сырбаз уақыт күңгір-күңгір тіл қатады.
- «XXI ғасырдың табалдырығында біз өз таңдауымыз – көне Сарыарқаның киелі аспаны астында қоныс тепкен жаңа астанамыз туралы мәлімдейміз. Бұл таңдау астарында еліміздің қазіргі басшылығының айқындамасы ғана тұрған жоқ. Бұл таңдауда Тәукенің көрегендігі мен Абылайдың ұлылығы, есім-

дері аңызға айналған билердің даналығы мен 1986 жылдың желтоқсанында ұлттық қадір-қасиет дегеннің не екенін күллі әлемге паш еткен сол бір жас жүректердің қаһармандығы тоғысып жатыр. Бұл таңдауда өз тағдырының қожасы болу құқығы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар. Осы таңдауға дәйім лайық болайық!»

– Тұлғалар – тарихтың алтын діңгегі, – деді шаһар.

Оған өзінің алып тұғыры жайлы айтқым келді.

– 1997 жылғы 10 желтоқсан болатын, – деді ол алдымды орап. – Халықтың заман тудырған дана ұлы алты алашқа осылай жар салды. Мен өмірге қайта оралдым, исі қазақтың мақтаны, ер ұландарының айбаты, ел мұратының қайрағы болып оралдым.

Бәйтеректің үстінде қыран қалықтап жүр, биікке қонақтамақ па екен?! Қырандар заңғарға әуес қой. Қайдан жетті екен өзі? Шалғайдағы Алтайдан, әлде қияндағы Алатаудан, бәлкім Арқаның қиын тауларынан түлеп ұшқан шығар. Кім біледі, тәңірдей Тәңірқұты дәуірлердің асқарынан шартарапқа көз жүгіртіп тұрып, қияқ қанатты көп қыранының бірін Ұлы даладағы ұлық шаһарға сәлем деп жамыратты ма?!

– ХХІ ғасырда көне халық бағзы даналығын қайта тапты ғой, – деді Бәйтерекі бар қала. – Даналық жайлы айта алсақ игі.

Оның не жайлы тебіренгісі келетінін аңғару қиын емес еді.

– Сенің өзің дәуірді таңғалдырған даналықсың, – дедім.

– Иә, – деді ол. – Мен – дәуірлік даналықтың жемісімін.

Даналар жайлы да толғанғысы келген шығар, Есілден ескен самалға сергіп сала берді.

– Сан ғасырдан соң еңсесін тіктеген елдің мақтаны мен болсам, бағы – ту көтерген тұғырлысы.

Бәйтеректің үстінде қалықтаған қыран Нұраға қарай құйылып барып қайта оралды. Қарашаның желкем күнінде зеңгірленген көкке жұтылып барады. Аспан асты күңгір-күңгір.

– «Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай!»

Сарыарқадағы сайын шаһар шырайлана түсті. Тарихтың қиын да күрделі талабын жүзеге асыра алған тұлға үшін мерейленген шығар. Ал тұлғалы үн қуатты да асқақ.

«Ұлттың беделін қалпына келтірдік. Қазақ баласы жердің негізгі иесі, даладағы ұлы тарихтың мұрагері екенін, осы елдегі жақсыға да, жаманға да жауапкер екенін толық сезінетін болды. Біз ұлттық рухты қастер тұтатын халықтық қалпымызға қайта оралдық!»

Ұлттың рухын құрметтеген елдің астанасы жайлы асқақ сезім аспан астын билеп бара жатқандай.

Астанаға астана сәулеті туралы айтып бергім келді.

II

Астаналық талап тым қатаң еді, Президент Нұрсұлтан Назарбаев құрылыстың бұрынғы, әбден сартап болған әдістерінен бас тартуды, осы заманғы технологияны игеруді, архитектуралық үздік шешімдерді талап етті. Қала ХХІ ғасырдың деңгейінде салынып, онда бой көтеретін әр ғимарат біздерден

кейінгі сан ұрпақтың талғамынан шығуға тиіс болатын. Бір сөзбен айтқанда, Астана әлемдік сынға жауап бере алатын, барлық жағынан мінсіз шаһарға айналуы қажет еді.

Мұндай күрделі міндет дүниежүзілік архитектуралық және құрылыс мәдениетін меңгергенде ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да Астананың бас жоспарын айқындауға әлемге танымал дарынды сәулетшілер жұмылдырылды, Еуропаның үздік құрылыс компаниялары тартылды. Олардың тың идеялары мен өндірістік мүмкіндіктері мемлекеттік байқаулар арқылы сыннан өткізіліп, зор жауапкершілікпен сұрыпталды.

Мәселеге алғашқы сәттен нақ осылай, әлемдік деңгейде қарау Қазақстан астанасын ірі сәулет зертханасына айналдырды, небір ғажап идеялар қазақ топырағында туып, әлемдік архитектура өнерін жаңалықтармен байытып жатты, түрлі елдерде игерілген сәулет стильдері қорытылып зерттелді.

Қаланың архитектуралық келбетін айқындап, сапалық көрсеткіштерін белгілейтін негізгі шығармашылық еңбек – Астананың бас жоспары. Соған орай оны әзірлеуге айрықша көңіл бөлінді. Жоспардың эскиз-идеясы қызу талқыланған екі байқаудан соң бекітілді. Алғашқы байқауда Қазақстан сәулетшілерінің ой-ұсыныстары қаралып, бірқатар ұтымды идеялар іріктеліп алынды, солардың ішінде КСРО халық архитекторы Қалдыбай Монтақаев басқарған шығармашылық топтың жоспары қай жағынан да салмақты еді. Алайда бұл жоспардың қала құрылысының осы заманғы жетістіктеріне қаншалықты сай келетінін анықтай түсу қажет болды. Осы мақсатпен әлемдік архитектура шеберлерінің халықаралық байқауы өткізілді. Оған Еуропа, Азия, Америка, Австралия секілді құрлықтардың дамыған елдерімен бірге Қазақстанның және ТМД республикаларының сәулетшілері қатысты. Беделді халықаралық қазылар алқасы көрнекті архитектор, әлем таныған дарын Кишо Курокава жетекшілік еткен топтың жобалық ұсынысын үздік деп таныды.

Кишо Курокава Астана архитектурасының бүгіні мен болашағын Симбиоз, Метаболизм және Абстракті символизм идеялары негізінде айқындап берді. Бұл жаңа философиялық доктринаның мәні – қала мен қоршаған экожүйенің өзара үйлесімділігінде. Кишо Курокава қаланы табиғатпен барлық жағынан сіңісетін, оған ешқандай залал келтірмейтін, архитектуралық келбеті дара әрі белгілі бір маңызға ие, қазіргі заманғы тұрмысқа барлық жағынан жауап беретін урбаникалық тірі организм ретінде қарастырған. Аталған қағидатты сарапшылар бүгінгі қала құрылысындағы жаңа қадам деп бағалады. Шындығында да, симбиоз қағидаты Астана мен оның жалғыз су көзі – Есіл өзені үшін, қуаң даланың әлсіз экожүйесі үшін ең ұтымды таңдау еді. Тек осындай жолмен, қала және табиғат үйлесімділігін сақтау жолымен экологиялық талаптар әлемдік мәселеге айналған ХХІ ғасырға лайықты шаһар тұрғызуға болатын еді.

Ұтымды идея анықталған соң Кишо Курокаваға Астана бас жоспарының жобасын әзірлеу тапсырылды. Қазақстан жағынан жапон сәулетшілеріне «Ақорда» жобалау фирмасы көмек көрсетеді деп шешілді. Фирмаға республиканың еңбек сіңірген архитекторы С.Рүстембеков жетекшілік етті.

Әрине, Астана сәулетіне қатысты шаралар мұнымен шектелмейтін еді, жоспар қаланың территориялық-жобалық даму жүйесінің тұжырымдарын ғана

айқындайды. Сол тұжырымдарды нақты жүзеге асыру үшін әр орам мен шағын аудандардың жобалары жасалуы керек. Басталып кеткен жұмыстың бас айналдыратын қарқыны қала құрылысын бір орталықтан реттеуді қамтамасыз ететін орасан зор шығармашылық қызметті, архитекторлар мен инженер-техник мамандарының біліктілігі мен оралымдылығын талап етті. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсыруымен аталған міндеттерді шешумен және қала құрылысына араласқан түрлі бағыттағы фирмалардың жұмысын үйлестірумен шұғылданатын «Астанабасжоспар» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны құрылып, 2000 жылғы қазан айында іске кірісті. Кәсіпорынның шығармашылық қызметіне тиісті жағдай жасалды, кең макет, көрме және жобалау залдары бар бес қабатты тамаша ғимарат салынды. Жобалау институты аталған бұл шаңырақ осы заманғы техникалық құралдармен толық жабдықталды. Мұның бәрі жапон архитекторының идеяларын жүзеге асыруға тиісті сәулетшілер мен қаладағы ұйымдастыру-басшылық қызметтерінің жемісті еңбек етуіне игі ықпал жасады.

Жұмыс қарқыны ерекше еді, аз ғана уақыттың ішінде қаланың қаржы жағдайына сәйкестендірілген құрылыс стратегиясы мен бағдарламасы әзір болды.

Сол кезде тыңдырылған ұйымдастыру жұмыстарын қорыта келе үш бағдарламалық кезеңді атап көрсете алар едік.

Бірінші кезең 1998-2001 жылдарды қамтыды. Бұл кезеңнің алға қойған басты мақсаты, көріксіз облыс орталығын әсем елордаға айналдыру болатын. Соған сәйкес ең алдымен бұрыннан бар әкімшілік үйлерін министрліктер мен түрлі мекемелердің сәулетті кеңселеріне айналдыру қолға алынды, ескі қаладағы бос алаңдарға көп қабатты тұрғын жайлар салынып, оларға қызмет бабымен жаңа астанаға ағылған ел қоныстанды. Қала көшелерін көркейту, мәдени-көпшілік орындарын көбейту шаралары атқарылды.

Аталған кезеңнің сапалық көрсеткіші қандай болғандығын Астанаға ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» атағы беріліп, Мәскеуде өткен «Сәулет-2001» халықаралық фестивалінде «Астанабасжоспар» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ұсынған жобаның Халықаралық архитекторлар одағы мен Халықаралық архитекторлар академиясының үлкен алтын дипломымен марапатталғандығынан көре аламыз.

Екінші кезең 2001-2005 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде Есілдің сол жағалауында орын тебуге тиісті Жаңа қаланың орталық ошағын қалыптастырып, республика Үкіметі 2001 жылғы тамыз айында бекіткен, Кишо Курокаваның шығармашылық тобы әзірлеген ескі қаланы қайта салу жоспарын орындау керек еді. Аса ауқымды бұл шаралар зор көлемдегі қаржыны қажет етті. 2002 жылғы қаңтар айында Елбасы «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аймағы ережесін енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Астана құрылысының бұрынғыдан да қарқынды дамуына ерекше ықпал еткен бұл құжат қолайлы инвестициялық ахуал орнықтырып, шетелдер мен отандық компаниялардың қаржысын көптеп тартуға бағытталған болатын.

Осыдан соң Астана құрылысын қаржыландыруға ынта білдіргендердің қатары көбейді, олар алыстан да, жақыннан да табылды. Біз қазіргі күнде мынаны айқын айта аламыз – қалада бой көтерген құрылыстардың бәрі, әлеуметтік

және жалпы қалалық бағыттағыларын қоспағанда, жеке капиталдың есебінен іске қосылды. Соған орай қала бюджетінің басым бөлігі мектептер мен балалар бақшаларын, әлеуметтік құрылыстар мен жолдар тараптарын, магистральді инженерлік жүйелерді салуға жұмсалды.

Қала құрылысына отандық инвесторлардың қосқан үлесі қомақты. «VI GROUP», «ҚУАТ», «Базис-А» компаниялары алғашқы күннен қазірге дейін кең құлашты жұмыс атқарып келеді. Шетелдік фирмаларға тоқталсақ, «HIGH WILL» корей, «Джейлан», «Сембол», «Окан», «Аксель» түрік фирмаларының Астана сәулетіне қосқан үлесі өлшеусіз. Олар қыруар қаржы жұмсай отырып, осы заманғы көрікті де ыңғайлы тұрғын үйлерді, архитектуралық жағынан мінсіз көптеген ресми ғимараттар мен мәдени-көпшілік орындарын жоғары талапқа сай салып шықты, қала сәулетінде өздерінің қайталанбас қолтаңбаларын қалдырды.

Егер қала ең озық деген архитектуралық идеяларды жүзеге асыру кезінде жаңа дәуірдің талаптарына сай әсем ғимараттарды тұрғыза алса, ХХІ ғасырдың талаптарына жауап бере білгені. Ал әлемдік архитектураның озық үлгілеріне барлық сапалық көрсеткіштерімен сәйкес келетін құрылыстарды жобалау аса дарынды сәулет шеберлерінің ғана қолынан келеді. Осыған орай Астана сәулетіне алыс және таяу шетелдердің ең таңдаулы архитекторлары әлі де тартылуда.

Нарық өмірдің барлық саласына кеулеп енген кезеңде шетелдермен, әсіресе дамыған елдермен байланыстың қандай түрін болса да орнату оңай емес. Капиталистік көзқарас бойынша, біздер ойлайтындай, ақша емес, бір кезеңдік пайда да емес, идеялар жақындығы мен түпкі нәтиже қымбат. Өркениетті елдер сәулетшілері Астанамен жан-жақты танысқан соң, қала құрылысының болашағы зор екенін, қазақ ордасына үздік шығармашылық табыстарын әкелу арқылы өздерінің әлемдік беделге ие болатынын білді. Мұны ең алдымен Халықаралық архитекторлар одағының президенті (бүгінде экс-президент) Василис Сгутас пен Халықаралық архитекторлар академиясының президенті Георгий Стоилов түсінді. Солардың тікелей көмегімен Астанадағы бірқатар ғимараттар көрнекті сәулетшілердің жобалары бойынша салынды. Мәселен, есімі дүние жүзіне мәшһүр архитектор Норман Фостер – елордада бой көтерген Бейбітшілік пен келісім сарайының жоба авторы. Сауда және ойын-сауық орталығы да осы сәулетшінің идеясы.

Италияның белгілі архитекторы Манфреди Николеттидің жобасымен 3500 орындық киноконцерт залы салынбақ. Аталған құрылыстар жоба кезінің өзінде әлем архитекторларының қызығушылығын туғызған еді.

Астана жаңа қала ретінде біршама қалыптасып үлгерді. Енді қала дамуының үшінші кезеңі күтіп тұрған-ды. Бұл кезеңде тұрғындар қатарының қауырт өсуі және елдің өскелең экономикасымен бірге нығайған Астананың қаржы мүмкіндіктері негізге алынды. Қазақстанның әл-қуаты күтпеген қарқынмен дамиды деп шетел сарапшылары да, бізбен жұмыс істеген көрнекті архитекторлар да ойлаған жоқ. Кишо Курокава да Астананың бас жоспарын жасаған

кезде құлашын кеңге сілтей алмады. Аталған жоспарда қарастырылған қала құрылысының ауқымы 2010 жылы игеріледі деп есептелсе, ол көлемге 2002 жылдың өзінде қол жеткізілді. Сондықтан бас жоспарға жаңа мүмкіндіктерге сәйкес өзгерістер енгізуге тура келді. Қазақстан Менеджмент, экономика және болжау институтының зерттеу тобы қала тұрғындарының 2030 жылға дейінгі өсу көрсеткішін мұғдарлады. Институт көрсеткіштеріне сүйенсек, 2030 жылы Астана тұрғындарының саны 1 миллион 200 мың адамға жетеді.

Осы мәліметтерді зерделей келе 2005 жылғы қазан айында қаланы одан әрі дамытудың эскиз идеясына байқау жарияланды. Қазылар алқасы архитектор Н.Тоқаев жетекшілік еткен шығармашылық топтың тұжырымдамасын үздік деп тапты. Осы топ жаңа идеялармен байытқан бас жоспарда қала құрылысының К.Курокава жасаған философиялық-теориялық негіздері тереңдетілді. Табиғат симбиозы мәселелері барынша нақты қарастырылды, көлік тасқынын жолайырықтары арқылы жеңілдетіп, қала іші мен төңірегіндегі жерлерді ұтымды пайдаланудың жолдары көрсетілді. Атап айтарлығы сол, жолайырықтары арқылы тұрғын жай аудандарын жоғары технологиялы инновациялық өндіріс төңіректерінен қашықтатудың мүмкіндіктері айқындалып берілді. Ал алғашқы бас жоспарда қала құрылысын ғылымға негізделген өндіріс пен зерттеу кластерлерін, технобақтарды құру арқылы дамытуға көңіл бөлінбеген болатын. Тың ойлармен толықтырылған жоспарда өндірістік және ғылыми ошақтарға арналған жерлер нақты белгіленген.

Осы жерде назар аудара кетейік, сөз болып отырған жоспарда Астананың рухани-мәдени талаптары да жете ескерілген. Мәселен, «Мыңжылдық аллеясы» туралы кең баяндалды. Оның мәні мынада: көне Бозоқ қаласының орнынан Жаңа қалаға қарай тарих даңғылы тартылып, университет қалашығына барып тіреледі. Даңғыл эспланада түрінде тарихи кезеңдерді бейнелейтін көріністерге толы болады. Нақтырақ айтсақ, Қазақстанның өткенінен, бүгінгі мен келешегінен сыр тартып тұрады.

Астана идеялары, сәулет тұжырымдамалары, міне, осындай. Қала қазірдің өзінде ХХІ ғасыр архитектурасының алып алаңына айналған.

III

Бәйтеректің ұшар басына мамық бұлт үйірілгендей. Мамық бұлт ақ сәлдеге ұқсап еді. Бәйтерек сынды кемеңгер Көк тәңіріне мінәжат етіп отырғандай.

Көңілдің көгінде ұлы есімдер жүзіп жүр.... Тәуке, Абылай, Кенесары, Нұрсұлтан.

Ұлық шаһарды ұлылар жайлы сағыныш сазы баурап алды. Тарих тарихты жасағандармен бірге көгереді екен ғой.

Астанаға да, Астананы асқақтатқан тұлғаға да тарих толғатқан болатын. Тарих толғатса, халық тебіренеді ғой.

«Нені де болса, елмен бірге көремін, елмен бірге төземін, елмен бірге жеңемін!» – деген тұлғасы бар халықтың жаңа тарихы жарқын жазылып жатыр.

Болат БОДАУБАЙ

НҰРСҰЛТАН

Табиғаттың да, өміріміздің де көктемі еді...

Алматыдан, университетті бітіруіме қаратпай өзімді қызметке қабылдаған «Лениншіл жас» газетінен тапсырма алып, Теміртау қаласына асығып жеткенмін. Газеттің алдағы сандарының біріне атақ-даңқы сол алпысыншы жылдардың бас кезінде бүкіл Кеңестер Одағына дүрілдеп жайылып кеткен Қазақстан Магниткасында жұмыс істеп, абыройға бөленіп жүрген қазақтың айтулы, таңдаулы жігіттерінің бірі туралы очерк жазып қайтуға тиіс болатынмын. Самарқан көлінің жағасындағы бұрын жай ғана қатардағы қарапайым қалалардың бірі болып бұйығы тіршілік кешіп келген Теміртауда аса ірі, алып металлургия комбинатының құрылысын салу туралы шешім қабылданғаннан кейін ол «Бүкілодақтық комсомолдық екпінді құрылыс» деп жарияланып, оны салысуға бүкіл Кеңестер Одағындағы барлық республикалардан жастар ағылған. Осы тұста Қазақстан комсомолы да қарап қалмай, республикамыздың өңір-өңірлеріндегі ауыл-селоларда орта мектеп бітіріп, сол құрылысқа баруға тілек білдірген қазақтың өрімдей екі мың жас жігіттері мен қыздарына жолдама берген.

Қарағандыдан автобуспен шыққаннан кейін шай қайнатым уақыт өткенде алдыңғы жақтан, алыстан завод мұржаларының будақтаған түтіні көзге шалынған. Сол сәттен бастап менің де дегбірім қалмаған. Тағатсыздана түскенмін.

Автобустан түскен бойда аяқ-қолымды жазып, кеуде кере дем алдым. Өуелі сол жерде тұрған жұмысшы жігіттерден қайда екенін сұрап алып, ешқайда бұрылмастан тұп-тура комбинаттың партия ұйымына тарттым. Қабылдау бөлмесінде бірнеше адам бар екен. Хатшы қызға кім екенімді айтқан соң, азырақ тосуға тура келді. Кезегім келіп, ішке кірдім. Партия ұйымының хатшысы менің журналист екенімді, келген шаруамды білген соң, бетіме күлімдеп қарады да:

– Жолыңыз болатын, аузыңыздың салымы бар жігіт екенсіз. Осында жұмыс істейтін мыңдаған қазақ жастарының ішіндегі шынында да таңдаулысы деп айтуға болатындай озат домнашымыз дәл қазір вахтада тұр. Қасыңызға бір адамды қосып беремін. Мән-жағдайды жақсы біледі. Сол кісі апарып, көрсетіп, таныстырады, – деді.

Расында да жолым болғалы тұр екен. Партком хатшысы шұғыл іздетіп, таптырып, маған Борис Васильевич Яговитов деген аға горновойды қосып берді.

Домна цехының ішіне енген соң қабырға бойлай биікке өрлеген темір баспалдақпен жоғары көтерілдік. Соның басына шыққан соң ғана айналаға анықтап көз тастадым. Үлкен цехтың ішінде, ортада – көмір шайнап, от бүріккен алып домна пеші, ол бейне бір көкірегі шуылдап, екі иінінен ентіге дем алып

тұрғандай көрінді маған. Сол алып пештің алдында басына киіз қалпақ, үстіне отқа оңай жанбайтын арнаулы сұрғылт күрте киіп, қолына шамасы екі-үш метрден кем болмайтын ұзын темір көсеу ұстаған жігіт тұрды. Ол маған бейне бір аңыз-әңгімелердегі алып дүлей күш иелерімен жасқанбай шайқасқа шығуға дайындалған батырлардай болып елестеді.

– Дер кезінде келіппіз. Енді мұқият бақылаңыз, – деп ескертті қасымдағы Яговитов маған. – Қазір шойын ағызу басталады.

Айтқанындай-ақ бар екен. Пештің аузы ашылған бойда балқыған шойын лап етіп, сыртқа атылды. От ұшқындар жарқылдап, цехтың ішін жап-жарық етіп жіберді. Науалардың бойымен бетінде жыбыр-жыбыр ұшқын ойнап, аппақ шойын ағып барады. Бейне бір түнгі аспандағы жұлдыздар сияқты. Сәт сайын лып-лып етіп, ұшқын атып, өшіп-жанып жатыр. Киіз қалпақ киген жігіт жүзі алау жалынмен нұрланып, қолғапты қолымен жүзін көлегейлей түсіп, пештің аузын бақылайды. Егер шойын ағысы сәл ғана бөгесін тауып, толастай бастағандай қалып аңғарылса қолындағы ұзын көсеуімен ұңғып-ұңғып жібергенде жалын қайта жарқылдап, жан-жаққа оттар шашырап, шойынның ағысы қайтадан түзеліп сала береді.

Мен ғана емес, жанымдағы аға горновой Яговитов та жігіттің жіті қимылына асқан ризалықпен сүйсіне қарап тұр екен.

– Осында өзге де горновойлар бар. Әр ұлттың өкілдері. Ішінде көп жыл бойы шойын ағызып келе жатқан тәжірибесі молдары да жеткілікті. Бірақ мына жігіттің шойын ағызғаны маған бәрінен артық ұнайды. Өзіңіз де байқаған шығарсыз, сондай жинақы, шапшаң, әрі ешқандай артық қимылы жоқ. Шойын ағызуды қашан да болмасын белгіленген кестесінен сәл де болса бұрын бітіреді. Сағаттың тіліндей дәл, – деп масайрай сөйледі.

– Иә, оңай жұмыс емес екен. Батылдық та, шыдамдылық та, білектің күші де керек шығар, – дедім мен алған әсерлерімнен айыға алмай.

– Сіз айтқан қасиеттер, әрине, керек, – деді Яговитов. – Бірақ бұл жігіттің өзгелерден артықтығы – тағы айтамын, іс-қимылдарының барлығын ақылға бағындырып, ойланып істейтіні, асқан жинақылығы. Қандай жағдай болса да ешқашан сасып-абдырамайды, көзді ашып-жұмғандай сәттің өзінде-ақ дұрыс шешім қабылдап үлгереді. Уақыт жоғалтпайды, – деді. Ол кісінің қадай айтқан бұл сөздері мені шынында да еріксіз ойлантасты тастады.

Шойын ағызу біткен соң біз темір баспалдақтармен қайтадан төмен түстік. Манадан бері іс-қимылдарын сырттай ғана бақылаған жас жігіттің жанына жақындап келіп, жүзіне көз тастадым. Жұмыс істегеннен, ыстық шойынның лебінен жүзі алаулай жанып, қызарып кетіпті. Тер дегеніңіз пора-пора, тоқтамастан шүмектей ағады. Өзі де кең иықты, келбетті, «қазақтың жасы, міне, осындай» деп қай қауымға да мақтанышпен көрсетуге тұрарлықтай, келісті жігіт екен. Яговитов менің нендей мақсатпен қайдан келгенімді айтып таныстырған соң:

– Болат, – деп өз атымды айтып, қолымды ұсындым. Ол да қолғабын шешіп:

– Нұрсұлтан, – деп, қолымды жайлап қана қысқанында салмағы ауыр көсеуді асықтай ойнатып үйренген қолы темірдей қатты, қуатты болып көрінді маған.

Біз ауасы ыстық, қапырық цех ішінен сыртқа шықтық. Сәуле шашқан көктем күні желсіз, тымық, ауа сондай тамаша, ешқандай қапырық емес, тыныстауға жеңіл, қымыздай сүйкімді, салқын болып сезілді. Цех ішіндегідей дауысты көтере сөйлеудің қажеті жоқ, айтылған сөз анық естіледі. Осы жерде әңгімелесіп тұрған сәтімізде Нұрсұлтан маған өзінің Алматы облысының Қаскелең ауданында қазақ орта мектебін бітірген соң комсомолдық жолдамамен Қазақстан Магниткасына жұмысқа келгенін, одан соң көп кешікпей-ақ іріктелген жүз қазақ жігіті металлург мамандығын меңгеру үшін Украинадағы Днепродзержинск қаласына оқуға жіберілгендігін айтты. Ауылда өніп-өсіп, тәрбие алған қазақ жастарына металлургия заводының іші алғашқы сәттерде адам шошитындай қорқынышты болып көрініп, жағымсыз әсер қалдырғанын да жасырған жоқ.

– Айнала төңіректің бәрі тарсыл-гүрсіл. Жарқ-жұрқ етіп жаңбырдай жауған от ұшқындары. Олар сенің үстіңе ұшып келе жатқандай. Балқыған шойын арықтағы суша ағады. Маңына баруға шошисың. Ауада газ исі аңқиды. Үйренбеген адамға қиын-ақ. Заводқа келген жастарды оның жұмысымен таныстыруға арналған алғашқы экскурсия кезінде тәжірибесіздіктен зиянды газды абайламай көп жұтып қойған бір жігітіміз қалжырап құлап түсіп, бәрімізді ұятқа қалдырғаны да бар. Бірақ біздер расын айтқанда украиндықтар: «ғұмыр бойы мал баққан бұлардан металлург шықпайды», – деп айтпасын деп, намысқа тырысып бақтық, – деді ол.

– Днепродзержинскіден оқу бітіріп келгенімізде домна пеші әлі салынып бітпеген екен. Содан қолымызға күрек алып, құрылыста істей тұруға тура келді. Арнайы жұмыс киіміміз болмағандықтан әркім өзінің әдеттегі қалпымен жұмысқа шыққан. Тәуір киімдерімен жұмыс істеп жүрген біздерді көрген қыздардың сонда: «сәнқойлар!» деп күлгені есімде. – Осылай деп Нұрсұлтан сол сәттерді қайтадан еске алып, рахаттанып, аз ғана жымылып күліп қойды.

Бір ғажап жері ол әңгіме айтқанда жақсыны да, жағымсызды да еш бүкпестен, түгел жайып салады екен. Сенімен көзіңе қарап асықпай сөйлесіп тұрғанда, өзіңнің де арқа-басың жазылып, көптен білетін жақын адамыңмен емін-еркін ақтарыла сырласып тұрғандай әсер аласың. Айтқанының бәріне риясыз сенесің. Адамды бір көргеннен-ақ өзіне тартып тұратын қасиеті барлығы байқалады. Домна цехының жанындағы әңгіме үстінде менің қойған сұрақтарыма жауап бере отырып, ол өзінің осыған дейінгі өмір жолымен қысқаша ғана таныстырып өткен еді. Жұмыстан қол үзбей-ақ кешкі институтта оқып, жоғары білім алып шығуды алдына мақсат етіп қойғанын да жасырмаған.

Қазақстан Магниткасына менің одан кейін де бірнеше рет жолым түсті. Сол сапарларымда республикамыздың экономикасын жаңа белеске көтеріп тастауға тиісті алып комбинатта бұрын-соңды ата-баба салтымызда болып көрмеген «металлург» деген аса қиын мамандықты меңгеріп, өзге жұрт өкілдері «қазақтардың қолынан келмейді» деп айтпасын деп, намысқа тырысып, өздерінің жігерлі, тындырымды, жақсы жұмыстарымен ауызға ілігіп, көзге түсіп жүрген Төлеген Адам-Юсупов, Қабидолла Сарекенов, Талап Сәрсенбаев,

Сағымжан, Сатыбалды сияқты сайдың тасындай, қазақтың өзге жігіттері туралы да жазғанмын. Сонда олардың өзара әңгімелесіп отырған кездерінде, әлдеқандай қиын шаруалар туындап, соның шешімін іздеген сәттерінде бір-біріне: «Бұл жөнінде Нұрсұлтанмен ақылдасайық та, ол не дер екен», – дескен сөздеріне қарап-ақ Нұрсұлтанның сол кездегі Теміртаудағы бүкіл қазақ жігіттерінің, жастарының арасындағы қадыр-қасиетін, беделін аңғара түскендей болатын едім.

«Әділеттің ақ жолы» атты кітабында Яговитов туралы Елбасымыз былай деп жазыпты: «Борис Васильевич Яговитовты ешқашан да ұмытпаймын. Бізді пешке жұмыс істеуге ауыстырғанда ол бригадиріміз, аға горновой еді... Өзінің алған білімі оншалықты көп болып көрінбегенмен (не бары төрт кластық білімі бар, ал сонда мұның бәрі қайдан шығады?) металлургиялық процесті кейбір жоғары білімді инженерлерден артық білетін. Мәселен, ағып келе жатқан құйманың химиялық құрамын бір көргеннен-ақ, жай көзбен, бәрін де таң қалдырарлықтай дәлдікпен анықтайтын. Ол Теміртауға үлкен Магниткадан – Магнитогорск металлургия комбинатынан, әулетімен бірге келген. Жігіттеріміздің бірінің ұнжырғасы түссе, оның ұдайы: ешнәрсе емес, сен әлі металлург боласың! – деп, дем беретіні есімде.»

Ал өзінің домна пешінде істеп жүрген кездерін былай деп еске алыпты: «Мен шойын құюшы болудан бастадым, соңынан төртінші горновой етіп тағайындады. Горновойдың еңбегі деген не? Бұл сол скрап бөлшектегіш ауыр сүңгі және оны күреу үшін керек жалпақ күрек деген сөз. Ал анау ішкі жағында температурасы 2000 градусқа жететін нағыз тозақ жатады. Оның үстіне газ бен шаң. Жігіттерге түсетін салмақ та орасан ауыр болатын. Металл балқыту барысы шағынуға да, демалуға да мүмкіндік бермейді – тек өзіңе сен. Машықтығың жетпейді екен: металл тез қатып қалады да, үсті-үстіне апат болады. Сөйтіп, сынып қалған құралды шығарып алу үшін асбест желбегеймен тікелей жалынға кіріп-шығуға тура келеді. Бір ауысымда жарты шелек тұзды су ішіп, сонша ылғал термен шығып жатады. Жұмыстан соң жарты сағат мұздай суға түсіп, жан шақырасың. Егер жаз болса, сыртқа шыға қалсаң, онда да 35 градус күйіп тұрады. Жігіттер ылғи титықтап шаршап шығады, бұлшық еттері тынығып та үлгірмейді, көбісінің мұрнынан қан кетеді – бәрі бірдей шыныққан жандар емес қой. Бірсыпырасы шыдай алмай кетіп те жатты».

Осыдан қырық үш жылдан астам уақыт бұрын Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевпен алғаш рет осылайша танысқан едім. Одан кейін де қайта кездесіп, әңгімелескен сәттеріміз болды. Бір рет біз Қарағандыдан Мәскеуге дейін бірге ұштық. Ұшақтағы орнымыз қатар болып шықты. Бірнеше сағат бойына асықпай әрнәрселерді айтып, сөйлесіп отырдық. Бұл кезде Теміртаудағы озат жас жұмысшы Нұрсұлтан Назарбаев Бүкілодақтық Ленин Комсомолы Орталық Комитетінің мүшесі болатын. Расын айтқанда мұндай үлкен сенімге, абырой-атаққа екінің бірінің қолы жете бермейтін еді. Нұрсұлтанды ол кезде бүкіл республика жұртшылығы кәдімгідей танып-біліп қалған болатын. Бірақ оның өз бойында осындай жетістіктеріне әлдеқалай масаттану мен дандайсу сезімдерінің ұшқыны да жоқ екенін осы сапарда анық аңғардым. Сол баяғы

ақжарқын, қарапайым қалпынан еш айнымаған. Теміртаудағы жағдай, өзіміз білетін жігіттер, басқа да мәселелер төңірегінде біраз әңгімелескеннен кейін өзінің Мәскеуге комсомолдың бүкілодақтық үлкен форумына қатысуға бара жатқанын айтқан еді.

– Онда барған соң Орталық Комитеттің мүшесі ретінде сіздерге тапсырмалар беріле ме? – деп сұрадым.

– Біраз жұмыстар істетеді, – деді ол күлімдеп. – Осы жолы Мәскеуге Азия, Африканың біраз елдерінен жастар делегациялары келетін көрінеді. Шама-сы солардың бірімен жұмыс істеуді жүктейтін сияқты.

– Ол жұмыстың сипаты қандай болмақ?

– Олар Мәскеуге келгеннен кеткендеріне дейін қастарында бірге боламыз. Біздің еліміз туралы, социализмнің артықшылықтары, біздің елде адамды ұлтқа, нәсілге бөлу жоқ екендігі туралы, тағы басқалар жайында әңгімелесеміз. Тоқ етері, олар елдеріне қайтқанда Кеңестер Одағы туралы жақсы пікірлермен оралуы керек.

Ол жылдарда, жас кезімізде, біздердің бәріміз де капитализм деп аталатын елдерді құбыжық көріп, Кеңестер Одағында туудың, тұрудың, өмір сүрудің өзі бақыт деген сеніммен өскеніміздің несін жасырайық. Жоғарыда аталған «Әділеттің ақ жолы» атты кітабында Елбасымыз бұл жөнінде былай депті: «Айта кетейін, халықаралық қарым-қатынастың алғашқы тәжірибесін (қазіргі түсінігім бойынша, едәуір күмәнді тәжірибені) мен жас кезімде Жастар мен студенттердің Хельсинкиде өткен бүкіл дүниежүзілік фестиваліне совет жастары құрамында барып қайтқан сапарымда алдым. Мәселе мынада еді: біздің делегацияның саяси бағдарламасындағы ең басты мәселе «Социализмнің капитализмнен артықшылығы» деген тақырыптағы пікірсайыс болатын. Бұл пікірсайысқа бізді алдын ала БЛКЖО Орталық комитетінде, Орталық комсомол мектебінде мейлінше мұқият әзірледі. Ондай дайындықтың нәтижесінде біздің санамызға барлық капиталистік елдерде буржуа-езушілер еңбекші халықтың қанын сүліктей соруда, ал батыс елдеріндегі прогресшіл жастар бір ғана басты мақсатты – сол сұмдық зіл батпан бұғауды неғұрлым тезірек лақтырып тастауды ғана көздеп өмір сүруде деген сенім терең сіңіп қалды. Бірақ біз үшін күтпеген жерден айқын болғанындай, біздің ондағы көптеген құрбыларымызды басқа бір мәселе – біздің еліміздің тарапынан туып отырмыс дейтін коммунистік қауіп-қатер, мүмкін болған жердің бәрінде де коммунистік идеяларды білектің күшімен, найзаның ұшымен, автоматтың айбарымен орнатуға әрқашан әзір отырғандығымыз күштірек толғандырады екен. Көріп отырсыздар ғой, екі дүниенің идеологтары мен насихатшылары ө дегенге мә десіп, бір-біріне тіпті де ақысын жібермеген ғой...

Америка студенттерімен кездесуде Бруклин университетінің Карина Лагодо есімді бір қызы менен: «Егер фестивальға келгенің рас болса, сен әлдебір лауазымды коммунистің ұлы шығарсың?» – деп сұрақ астына алғаны есімде. Сенімді құралға жүгінуіме тура келді, күс басқан қос алақанымды көрсеткенімде ол өзінің сүйріктей нәзік, жұмсақ саусақтарымен қолымдағы мүйіздей қатып қалған сарғыш бедерлерді таңдана сипағаны бар.»

Ұшақта қатар отырғанымызда мен ауылда туып, қазақ мектебінде оқып, Абайдың, Жамбылдың өлеңдерін жаттап өскен қарапайым қазақ жігітінің заман талабына ден қойып, бұрын бабаларымыздың түсіне де кірмеген металлург мамандығын меңгеріп, кешкі институтта оқып, сан мыңдаған жастар істейтін Теміртауда суырылып көзге түсіп, Бүкілодақтық комсомол ұйымының Орталық комитетіне мүше болып сайланып, абыройлы биікте жүргеніне шын жүректен сүйсініп, қуанып отырдым.

– Халқымыздың Абай сынды ұлы ақынын әлі күнге өзге жұрттар дұрыс танып біле алған жоқ... Ежелгі тарихымыздың ашылмаған сырлары қаншама!.. Бүгінгі күні ескілік деп саналып жүрген салт-дәстүрлерімізде қаншалықты тәлім-тәрбиелік, адамгершілік мазмұн жатыр... – Ауызекі әңгіме үстінде жап-жас металлург жігіттің аузынан шыққан осындай салиқалы сөздер өзімді әдебиетші, журналист, болашақ жазушы санап жүрген мені еріксіз таңырқатқан еді. Мен оның көңіл көкжиегінің кеңдігіне, халқымыздың тілін, әдебиетін, салт-дәстүрін біліп қана қоймай, оларға қастерлей қарайтынына, келешекте тарихымыздың ашылмай келе жатқан ақтаңдақ беттері қалай да зерттелуге тиіс деген сияқты жүрекжарды жанашыр пікірлеріне еріксіз сүйсініп, тәнті болдым. Шіркін, қазақтың көкірегі сәулелі осындай намысшыл жігіттері көбірек болса ғой деген армандай бір тілек өзінен өзі туындап қылаң бергені есімде.

Уақыт алға зымырай берді. Мен білетін, әрдайым намысқа тырысып, тынбай ізденіп, талаптанып жүретін Нұрсұлтан да өз мамандығы бойынша нағыз шырқау биікке шарықтай көтеріліп, Теміртаудың ғана емес, бүкіл қазақ жастарының мақтанышына айналған-ды. «Асыл кездік қап түбінде жатпайды» дегендей, оның өз қатарынан өресі биік, қабілеті зор екені көпшіліктің де, басшылықтың да назарына ілігуі, қызмет бабымен бірте-бірте жоғарылап, биікке көтерілуі өмірдің заңдылығы болатын. Кейінірек мен оның Теміртау қалалық комсомол комитетінің жетекшісі, қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, ал отыздан асқан кезінде 30 мың адам жұмыс істейтін аса ірі металлургиялық комбинаттың партия ұйымының жетекшісі болып сайланғанын, тағы бірнеше жыл өткенде Қарағанды облыстық партия комитетінің өнеркәсіп жөніндегі хатшысы болып тағайындалғанын естіген кездерімде оның сол жұмыстардың барлығын да беріле істеп, жалындап жанып жүргеніне титтей де күмәнім болмаған. Бұл жылдардың өзі үшін аса қиын емтихан, мейлінше жауапты мектеп болғанын, сол кездерде құрылыстағы, комбинаттағы, Қарағанды шахталарындағы аса ауыр жағдайларда жұмыс істеген, суық жатақханаларда тұратын, тұрмыстық хал-күйлері мейлінше төмен адамдардың жай-күйін сәл де болса қалай жақсартамыз, тұрғын үйлердің, бала бақшалардың, тіпті күнделікті қарапайым тірлікке керек азық-түліктің, киім-кешек пен түрлі бұйымдардың жетіспеушілігінен қалай құтыламыз деп жарғақ құлақтары жастыққа тиеген мазасыз күндер туралы кейінірек ол өз естеліктерінде жазды да.

1980 жылы қырық жастағы Н.Назарбаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің республика өнеркәсібі үшін жауап беретін хатшысы, 1984 жылы Қазақстан Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалды. Дәл осы қызметтерде жүрген жылдарында ол өзінің бойындағы жаңалықты мейлінше

жылдам қабылдай білетін айрықша дарынымен, шебер ұйымдастырушылық қабілетімен, терең ойлы кемел саясаткерлігімен республикамызға ғана емес, бүкіл Одақ көлеміне таныла білді. Ол жылдарда мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде істейтінмін. «Назарбаевты Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметіне ұсынғанымда үлкен үміт артқан едім, ал оның дарын-қабілеті менің күткенімнен де артық болып шықты», деп Димекең орайлы бір сәтінде өзінің Назарбаевтың жұмысына қатты сүйсінетінін, риза екендігін білдіріпті деген сөз кешікпей-ақ қызметкерлер арасына тарап кетті...

Жасы жетпістен әлдеқашан асып қалған Д.А.Қонаевтың енді ұзамай ел басқару қызметінен кететіні айқын еді. Ол кетсе орнына кім болады деген сұрақ жұрттың бәрінің көкейінде болатын. Мұндай орынға ұмтылушылардың қай кезде де аз болмайтыны белгілі ғой. Бірақ бізге солардың бәрінің ішінен қай жағынан алып қарағанда да Назарбаевтың шоқтығы биік болып көрінетін. Көпшіліктің үміті де, тілегі де Нұрекеңнің жолында еді. Сөйтіп жүргенде 1986 жылдың ызғарлы желтоқсаны жетіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйымдастыру пленумы болып, бас-аяғы 18 минуттың ішінде әкімшіл-әміршіл орталықтың, Одақ басшыларының ұйғаруымен бұрын Қазақстанда болмаған, республиканы білмейтін Г.Колбин келіп, республиканың бірінші басшысының орнына жайғасқаны жұртқа мәлім. Мұндай жағдай, Қазақстан сияқты үлкен республикалардың өзіне «ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда» деген астамшылықпен менсінбей қарау көпшіліктің түсінбеушілігін, әсіресе қашан да болмасын өз сезімдерін, көңіл-күйлерін бүгіп қалмай, ашық аңғартатын жастардың наразылығын туғызғаны, олардың «Өктемдік жасау жетеді!», «Қайта құру жүріп жатыр, ал демократия қайда?», «Әр халықтың басшысы өзінен болсын!» деген сияқты бейбіт ұрандармен алаңға жиналғаны, оның арты оларға дөрекі күш қолданылып, қанды қасапқа қалай айналдырылғаны да есімізде. Іле-шала Мәскеуде КОКП Орталық комитетінің «қазақ ұлтшылдығын» қатты айыптаған арнайы қаулысы қабылданып, оның арты ұйымдарды, ұжымдарды «ұлтшылдық ауруына шалдыққандардан» тазартуға, мыңдаған қазақ студенттерін оқудан шығаруға, қазақ кадрларын аяусыз қудалауға ұласты. Кісі күлгерлік, ақыл-есі түзу адамның зығырданын қайнататын жағдайлар да болды. Бір топ озат шопандар ең жоғары наградаларға ие болғанда орысша басылымдардың бетінде «жақында мал шаруашылығы еңбеккерлері наградталды, ішінде бірде-бір басқа ұлттың адамы жоқ, тек байырғы халық өкілдері» деген сияқты байбалам салған материалдар жарияланды. Соларды оқығанда жасырақ шағымда, республикалық шопандар слеті өткен кезде өзіміз қызмет атқаратын «Лениншіл жас» газетіне бір орыс шопаны туралы материал берейік деп іздегенімізде бүкіл облыстардан ешкімді таба алмағанымыз еріксіз есіме түскен еді. Ұлтымыздың талай адал қайраткерлері аяқтан шалынды, талайына жала жабылды. Және бір өкініштісі, осындай айқай-шуларға белсене араласып, үн қосып жүргендердің арасында өзіміздің ұлт өкілдері де аз емес-ті. Солардың ішінде түбінде Колбин кете қалған жағдайда оның орнына отыруды армандап жүрген бірқатар «қайраткерлеріміздің» Мәскеуге жағынған, «қазақ ұлтшылдығын» жерден алып, жерге салған дауыстарының

ащырақ, қаттырақ шыққандығын айтпай кетсек, мұның өзі шындыққа қиянат жасағандық болар еді. Міне, сондай ел басына зобалаң туған қиын уақыттың өзінде де Н.Назарбаев өзінің парасаты мен адамгершілігінің биіктігін көрсетті, сөздерімен, іс-әрекетімен халқының ар-намысына, абырой-беделіне сызат түсірмеді, көпшіліктің зор сеніміне ие болып, сүйіспеншілігі мен сый-құрметіне бөлене түсті. 1989 жылдың мамырында Қазақстаннан Колбин кеткен соң КОКП Орталық комитеті республикаға жаңа басшы тағайындау кезінде қалай дегенмен де 1986 жылғы халық пікірімен санаспай, өздері жіберген қателіктің ащы сабақтарын амалсыздан ойға алса керек, интеллигенция өкілдерінің, депутаттардың, қалың көпшіліктің ой-пікірлерін зерттеуге, жұртшылықтың ықылас-пейілдерін ескеруге мәжбүр болды, соның нәтижесінде және халқымыздың бағына қарай осы жолы республика партия ұйымының бірінші хатшысы болып Н.Назарбаев сайланды. Арада тағы біраз уақыт өткенде Нұрекең бастаған республика партия ұйымының табандылықпен талап етуі арқасында КОКП Орталық комитеті өздерінің тарапынан бұрын-соңды тарихта болып көрмеген шешім шығаруға дейін барып, қазақ халқын ұлтшыл деп айыптаған өздерінің бұрынғы қаулысының күшін жойды. Сөйтіп, тарихи әділеттілік қалпына келтірілді.

«Халқымыздың бағына қарай» деген сөзді бұл жерде мен асқан жауапкершілікпен, он ойланып, жүз толғанып барып айтып отырмын. Расында да, сол кездегі жағдайды еске алайықшы. «Мәңгілік» саналған, мызғымас қамалдай болып көрінген Кеңестер Одағы ыдыраған тұста бұрынғы экономикалық байланыстардың бырт-бырт үзілуі салдарынан шаруашылықтың кенеуі кетіп, өндіріс құлдырап, әр түрлі тауарлар шығару күрт төмендеп, ел өмірі, халық тұрмысы күйзеліске, дағдарысқа ұшыраған тұста одақтас республикалардың біразында әралуан сепаратистік күштердің белең алуымен әр түрлі ұлт өкілдерінің арасына сызат түсіп, араздық өрбіп, қан төгісті оқиғалардың, тіпті қанды-қасап қырғынның да орын алғанын жақсы білеміз. Егер ондай кесапатқа шалына қалғанда тәуелсіз мемлекет пен егеменді ел болуымыздың ауылы алыстап кетер еді. Дәл сондай аса қауіпті, қысылтаяң қиын кезден, қыл көпірден еліміз үлкен сенім артқан тұңғыш Президентіміздің ел-жұртымызды, бүкіл Қазақстан халқын татулыққа, бірлікке шақырған, ертең-ақ еңселі ел болатынымызға көпшілікті сендіре, жұмылдыра білген кемел де кемеңгер басшылығының арқасында аман-есен өткенімізге шүкіршілік етуімізге болады.

Кейде оңашада ойға батамын. Табиғатында, жаратылысында ешкімге жамандық ойламайтын, жаны жайсаң, жүрегі жомарт, кеңпейіл халқымыздың да желеп-жебеуші, қорғаушы тәңірі бар екен-ау, егер Одақ ыдырамай, бұрынғы үрдіспен, дәстүрмен, әміршіл-әкімшіл орталықтың бір ғана ұйыстырушы ұлттан өзге ұлттардың бәрінің тілін де, ділін де ұмыттыруға, жоюға бағытталған ұлыдержавалық саясаты, темірдей тегеурінді қыспағы тағы бір он жыл, жиырма жыл жалғаса түскенде, кім біледі, расында да, тілімізден, ділімізден бір-жолата айырылып қалған болар ма едік. Тәңірдің ондай халге жеткізбегеніне шүкір. Ұлы державаның іргесі шайқалып, шаңырағы ортасына түскен тұста, сыны да, мінезі де қатал кәрі тарих біздің халқымызға өз тізгінін өзі алып жүре

алатын, тәуелсіз, егеменді ел бола ала ма, әлде бола алмай бордай тоза ма деп сынай қарап тұрған сәтте ел-жұртының үміт-тілегін жан жүрегімен сезініп, бар жауапкершілікті ауырсынбай мойнына алып, қиын-қыстау сәттерде ақыл-парасатқа ғана жеңгізіп, өз елінің бағына туған ұл екенін істерімен дәлелдей білген Н.Назарбаевтай кемел басшымыз болғанына, халқымыздың дәл сондай ұл туа білгеніне мың шүкіршілік айтсақ та артық емес-ау.

Сол жылдарда өз басымнан өткерген эпизод еріксіз еске түседі.

Республикалық партия ұйымының бірінші хатшысы болып Н.Ә.Назарбаев бекітілгеннен кейін мен ол кісінің қабылдауына жазылмақ болдым.

– Қабылдайтын уақыты таяп келеді. Жазылғандар көп. Кештеу келдің, – деді Орталық Комитеттің жалпы бөлімінің меңгерушісі Тельман Сауранбеков.

– Рахмет. Онда өкпе жоқ, – деп кетуге ыңғайландым.

– Тоқтай тұр. Жазып қояйын. Бәрібір ол кісі тізімді түгел қарайды, қабылданатындарды өзі шешеді.

Нүрекең мені қабылдады.

– Маған қандай мәселе алып келді? – деп сұрады ол күлімдеп. Кітап саудасы саласының проблемаларын баяндап бердім.

– Жарайды, көмектесеміз, – деді Нүрекең. – Бірақ алдағы таяу уақыттарда көп өзгеріс болады. Жоспар бекіту дегенді мүлде қоятын болармыз. Ал жаңағы өзің айтқан мәселелер бойынша қалалық, облыстық атқару комитеттеріне тапсырма беріледі.

Арада бір-екі күн өтпей жатып, өкінішке қарай, 1991 жылдың тамыз айындағы әйгілі ГКЧП оқиғасы орын алып, Одақ көлемінде дүрбелең басталды. Осындай күрделі жағдайлар туындап, өзімнің Нүрекеңнің алдына барып айтқан мәселем өзіме енді тым кішкентай, оншалықты маңызы жоқтай көрініп, Нүрекеңнің қазір ондайларға назар аударуға уақыты да, мүмкіндігі де болмайтын шығар деген ой келген. Қателесіппін. Іле-шала республиканың Министрлер Кеңесіне шақырылдым. Сондағы жауапты қызметкер маған кітап саудасы саласындағы өзім айтқан мәселелер бойынша облыстардың бәріне телеграмма жіберіліп, тапсырма берілгенін, жұмысты енді алаңдамай істей беруімізге болатынын мәлімдеді. Осы оқиғаның өзінен-ақ Елбасымыздың бойындағы қарапайым адамдарға, олардың талап-тілектеріне әрдайым көңіл қойып, мән беріп қарайтыны, сөзінде тұратыны, өзі айтқан нәрселерді аяқсыз қалдырмайтыны айқын аңғарылған-ды.

Егемендік алған жылдарда кешікпей-ақ Н.Назарбаевтың баяғыда, жас шағымызда, Мәскеуге бірге ұшып бара жатқан кезімізде «Абайды өзге елдер әлі танып білген жоқ», «Тарихымыздың ашылмаған сырлары көп», «Ұзақ уақыт ескілік саналып келген ежелгі салт-дәстүрлерімізде қаншама тәрбиелік мазмұн жатыр» деген сияқты сөздерді жай ғана айта салмағанына, бұл жайлардың оны шындап толғандыратынына және ол өзгелеріміз сияқты ойланып немесе айтып қана қоймай, сол олқылықтардың орнын толтыру үшін қажырлы қайрат көрсетіп, үлкен істердің ұйымдастырушысы бола білетініне тағы да көзім жете түсті. Абайдың 150 жылдық тойы бұрынғыдай Алматы мен Семейде, Қарауыл мен Жидебайда ғана емес, Нүрекеңнің күш салуы арқасында бүкіл адамзат

әулетінің мәдени-рухани тынысын қадағалап, зерделеп отырған аса беделді халықаралық ұйым – ЮНЕСКО-ның арнайы шешім қабылдауымен дүние жүзінің көптеген іргелі елдерінің астаналарында тойланса, сол ұлы тойға ілесе келесі жылдарда Жамбыл Жабаеттың, Мұхтар Әуезовтің тойларының да тағылымды болып дүркіреп өткені, сол тойлардың бәрінде де Елбасымыздың тебірене сөз сөйлегені есімізде. Халқымыздың өткендегі ұмытылмас ерліктерге, шежіреге толы ғажап тарихын барынша мұқият зерттеуге, ұзақ уақыт бойына қағажу көріп, орынсыз түртпекке түскен қазақы, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің саф алтындай жарқырап қайта оралуына, күнделікті өмірімізге кеңінен енуіне де Елбасымыздың, мемлекетіміздің тарапынан қаншалықты көңіл бөлініп, қамқорлық жасалып келе жатқаны бәрімізге аян.

Тәуелсіздігіміз де, тұрмыс-тіршілігіміз де қалт-құлт еткен, «тіліміз, діліміз, ұлттығымыз тез арада қалпына келтірілсін!» деп жастарымыз қызба сезімдерге бой алдырып тұрған тоқсаныншы жылдардың басындағы, Алматыда, мақтадан мата тоқитын комбинаттың үлкен залында жастармен болған бір кездесуде Елбасымыздың жұртшылығымызды дәл сол кезеңдегі Қазақстандағы айрандай ұйыған ұлттар татулығына сызат түсірмей сақтауға шақырып сөйлеген сөзі есімде. Барлық халық өкілдеріне түсінікті болуы үшін өз ойларын орысша айтқан Елбасы енді бір кезекте қазақшаға ауысып: «Жігіттер, жастар, тіл жөнінде және басқа да орнына келтірілуге тиіс жайлар баршылық. Биліктегі біздер де мұны білмей жүрген жоқпыз. Халқымыз үшін қажет болса жанымызды қиюға әзірміз. Бірақ асықпайық. Ақылмен, сабырмен істейік. Бірте-бірте бәрі орнына келеді. Орнына келтіреміз», – деген мазмұндағы сөздері құлағымнан әлі кеткен жоқ. Жастарымыз, халқымыз Нұрекеңнің сөздеріне құлақ қойды.

1994 жылдың қараша айында Президентіміз Н.Назарбаевпен туысқан түрік еліне сапарлас болудың сәті түсті. Мен ол кезде екі мемлекетіміздің ортақ газеті «Заман-Қазақстанның» бас редакторы едім. Осы жолы түркі тілдес алты мемлекеттің басшылары Ыстамбұлда бас қосып (бұлар, әліпби ретімен айтқанда: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Түркия болатын), тілі, салты, дәстүрі ұқсас ағайын мемлекеттердің алдында тұрған ортақ міндеттерді талқылауға, бірлескен ортақ мәлімдеме жариялауға тиіс еді. Атыраудан ұшып шығып, түрік шекарасынан өткен бойда төрт әскери истребительдер біздің Президентіміздің ұшағын тосып алып, қанаттары мен құйрықтарында қызыл, көк оттары өшіп-жанып, ұшағымыздың екі қанатын жанамалай ере ілесіп ұшып отырды. Мұның өзі Түркия мемлекеті басшысының ең сыйлы қонақтарына көрсететін құрметі екен. Анкара мен Ыстамбұлдағы үш күн мерзім ішінде біз Елбасымыздың елден ерен еңбеккерлігінің, өзгерлерден ерек қажымас қайраткерлігінің, ақыл-парасаты айрықша биік сұңғыла саясаткерлігінің куәсі болдық.

Иә, осы жолғы сапар барысында мен өз елінің қамы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей, тынымсыз еңбектеніп келе жатқан Елбасымыздың қажымас қайратына, шаршамайтын еңбекқорлығына, аса биік ақыл-парасатына, сұңғыла саясаткерлігіне таң қалып, тәнті болдым. Осы мерзім ішінде аса жоғары

дәрежедегі қаншама жауапты кездесулер өтті, қаншама маңызды құжаттарға қол қойылды, қаншама маңызды шешімдер қабылданды! Және бір ерекше байқалған жәйт, осы күндердегі парламент мүшелерімен, елдегі беделді саяси партиялар басшыларымен, қалталы, кәсіпкер, іскер топтар өкілдерімен және басқа да жауапты кездесулердің бәрінде де Нұрекең жұрттың ынта-ықыласын өзіне еріксіз баурап, өзге қайраткерлер сияқты қағазға қарамай сөйледі. Сондай кездесулердің бірінде басқа республикадан келген әріптесіміздің: «Басшы жөнінен алғанда Қазақстан бағы бар ел ғой. Бұрын оны көп жылдар бойы Қонаев сынды кемеңгер басқарды. Енді, міне – Назарбаев. Өзгелер сияқты қағазға жалтақтамай-ақ қалай ғажап, терең сөйлейді! Шамасы, бұл кісінің зердесі компьютерден кем емес шығар!» деген сөздерін құлағым шалғанда кеудемді еріксіз мақтаныш кернеп, еліміз де, Елбасымыз да тіл-көзден аман болса екен деп іштей тілеп тұрдым.

Сол сапардан оралған соң жазған, республикалық «Халық кеңесі» газетінің үш санына жарияланған жолжазба очеркімді былай аяқтаппын:

«Ұшағымыз Алматыға бет алған. Салонды аралап келе жатып Нұрекең менің тұсыма бөгелді.

– Болат, екеуіміз баяғыдан дос едік қой, – деді күлімдеп. Мен оның араға түскен ұзақ жылдар есейтіп, шашына – ақ, көзінің қиығына бірер жеңіл әжім сызықтарын қосқанымен жүзінің жылылығы мен жанарының жарқылы баяғыда Теміртауда өзім алғаш көргендегіден көп өзгере қоймаған өңіне қарап, жастықтың желі қайтадан желпіп өткендей, Теміртаудың сол нұрлы күндері бір сәтке қайта оралғандай әсерге бөленіп, толқып кеттім. Мұндайда ауызға жөнді сөз түсе ме. Рахмет! Достығымыздан жазбасын, Нұреке, деген сезім көңілде тұрды. Маған бір кездерде, бойында бұла қайраты тасыған жас шағында жалын шашып от бүріккен домна пешінің аузында вахтада тұрған Нұрекең бүгінгі таңда да елі мен жерінің тұтастығын, келешегін ойлап, республика мүддесін бәрінен биік санап, ер мен нар ғана қайыспай көтерер жауапкершілікті мойнына алып, вахтасын әлі үзбей жалғастырып келе жатқандай көрініп кетті».

Одан кейінгі жылдар да тез зымырады. Бұл уақыт Қазақстан үшін бергені көп, аса жеңісті, жемісті, миуалы жылдар болды. Республикамыздың озық ойлы игі азаматтары негізінен Президентімізге қолдау көрсетіп, астананы Алма-тыдан Ақмолаға көшірдік. Халқымыздың ертеңін, тәуелсіздігіміздің баянды болуын көздеп, республикадағы нақты экономикалық, экологиялық, демографиялық, саяси жағдайларды ақыл таразысынан өткізіп барып Елбасымыз ұсынған бұл идеяға кезінде Қазақстанның өз территориясын тұтас сақтап, егеменді ел болғанын көргісі келмейтіндердің арам пиғылын ішке бүгіп, солтүстік облыстарды Қазақстаннан бөліп-жырып әкетуді армандап жүрген саяси күштердің алдымен өре түрегеліп шулағаны, теріс пікір туғызу үшін қаражат тапшылығын, өтпелі кезеңнің экономикалық қиындықтарын сылтау етіп, Президент пен халықтың арасына іріткі салуға тырысып, әр түрлі әңгімені желдей гулеткені, оларға өз ішіміздегі өздерін «оппозиция» деп атап, байыған үстіне

баю мақсатымен билікке өңмендеп ұмтылып жүрген қайсыбір қалталы азаматтар да қосылып, ереуілдеп қарсы шыққаны есімізде. Сол кезеңдегі аса қиын жағдайдың өзінде де алға қойған мақсатты абыроймен орындап шығуға Елбасымыздың тәуекелі, жұртты бастай білетін ұйымдастырушылық, алғырлық қасиеттері молынан жетті. Астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстырудың қаншалықты дер кезінде жүзеге асырылғанына, орталықтағы және солтүстік облыстардағы байырғы тұрғын халқымыздың саны қайтадан көбейіп, өсіп қана қоймай, Арқа төсінде қазақ даласының өңіріне қадалған інжу-маржандай, көркіне көз тоймайтын, бүгінгі заманға лайық жаңа қаланың бой түзегеніне бәріміз куәміз. Жалғыз бұл ма, Елбасымыз айтқандай, астана құрылысы бүкіл экономикамызға серпін берді. Шаруашылығымызды шығандап алға озып кеткен әлем елдерінің үлгісімен жаңаша құру, халықтың тұрмыс жағдайын жедел қарқынмен жақсартуға айнымайтындай бағыт ұстау, нарықтық реформаларды жүзеге асыру жөнінен Қазақстан Орталық Азия өңірінде ғана емес, бүкіл ТМД елдерінің ішінде де суырылып алға шықты. Мұны бүгін барлық көрші елдеріміз де, бүкіл әлем де мойындап отыр. Елбасымыздың көрегендік кемел басшылығының арқасында аз ғана жылдың ішінде айналадағы алып көршілерімізге мыңдаған шақырымдарға созылатын шекараларымызды ресми түрде мойындатып, бекітіп алдық. Ядролық қарудан бас тарту арқылы бүкіл дүние жүзіне планетаны қырғын апатқа алып баратын жолдан қалай сақтауға болатынының үлгісін көрсеттік әрі өз еліміздің шекарасына, тәуелсіздігіне әлемдегі сол ядролық қуатқа ие алып мемлекеттердің кепілдігін алу арқылы қауіпсіздігімізді нығайта түстік. Ұлыбританияның сыртқы істер министрі Джек Стро мырзаның: «Қазақстан және Н.Назарбаевтың жеке өзі бейбітшілікті нығайтуға елеулі үлес қосты. Қазақстанның өнегесі бойынша бірнеше мемлекет ядролық қарудан өз еріктерімен бас тартты. Менің ойымша, әлем Қазақстанға рахмет айтуы керек» – деген сөзді айтуы еліміздің де, еріміздің де үлгілі ісінің бағасы емес пе! Нұрекеңнің қиыннан жол таба білетін ақылман, алғырлығының арқасында Қазақстанның осылай екі жеп, биге шыққан кездері аз ба! Бүкіләлемдік банктің президенті Джеймс Вулфенсон өткен жылдың аяқ шеніндегі бір сөзінде: «Қазақстанның экономикалық жетістіктері, әсіресе соңғы 10 жылдағы жетістіктері таңғалдырады. Экономика бүкіл әлемде жылына 4-5 пайыз, ал Қазақстанда 9 пайыз өсіп отыр. Қазақстандықтардың масаттануы үшін барлық себептер бар. Мен Қазақстанда әзірленген ілгерілеу бағдарламаларын жоғары бағалаймын», – деді.

Өткен жылғы наурыз айының аяғында қай ұлттың өкілі екендігіне қарамас-тан республикамыздың адал ниетті азаматтарының барлығының ашу-ызасын тудырған қолайсыз бір оқиға болды. Ұлыдержавалық шовинизм сырқатына шалдыққан, Қазақстанды Ресейдің бір облысы болуға тиіс деп санайтын Владимир Жириновский сияқты «қайраткерге» әманда іші бұратын «Эхо Москвы» радиостанциясы Қазақстандағы қазіргі өзін «оппозиционерміз» деп кеуде қағып жүрген, ұлты қазақ төрт азаматымызды эфирден сөз сөйлеуге шақырыпты. Олардың Қазақстандағы қазіргі хал-ахуалды жамандағанына таңырқаған жоқпыз, Елбасы қашан орнынан кетеді деп армандап, билікке өздері ұмтылып

жүрген соң пендешілік не айтқызбайды деп ойлағанбыз. Келесі сәттерде әлгі ұлтымыздың көсемі болудан үміттеніп жүрген серкелеріміз Мәскеу радиосы арқылы бүкіл Ресейге, әлемге жар салып, Қазақстанда қазіргі кезде қазақ ұлтшылдығы белең алған, орыс тіліне, халқына қысым жасалуда, сондықтан олар бізден кетіп жатыр, бұған Президент Назарбаев та кінәлі деген сарындағы әңгімелерді өрбіткенде еріксіз таңырқап, жағамызды ұстадық. Халқымыздың «сенген қойым сен болсаң» деген, Абайдың «қырмызы қызыл жібек бозбалалар, оңғақ бұлдай былғайды бір дым тисе» деген сөздері ойға оралды. Әлемдегі қандай биік мінберге шықса да еш уақытта өз халқына көлеңке түсірмейтін, өз елінің намысын қолдан бермейтін Нұрекеңнің Елбасы ретіндегі шын мәніндегі асқақ бейнесі әрнәрсенің басын шалып сөйлеген оппозиция серкелерімен салыстырғанда асқар таудай биік болып елестеді маған сол сәтте.

Өз басым сонау ертеректе, алдағы ақ таңдарға үмітпен ұмтылған арманшыл жастық шағымызда жалын атқан домна пешінің алдында танысқан Нұрекеңнің өз елі үшін, халқы үшін қажет болса от пен суға түсуден тайсалмайтын, басын баяғыдан-ақ бәйгеге тігіп жүрген, еліміздің еңсесін жықпайтын, алдағы аздаған жылдар ішінде бұрынғы бұйығы, әлемге белгісіз болып келген Қазақстанды өрге сүйреп, алға шығарып, шын мәніндегі Азияның барысына айналдыра алатын қайраткер екеніне қалтқысыз сенемін. Бүкіл ел сенеді. Сол сенімнің келісті көрінісі – кешегі Президент сайлауындағы ғаламат жеңіс! Ол жеңісті де Елбасымыз: «Бұл – бүкіл халықтың жеңісі», – деді. Дамудың нұрлы жолындағы жарқын жеңіске маңдайы жарқырап халқымыздың Нұрсұлтаны – еліміздің нұр сұлтаны алып келді.

Жеңісті жолы жалғаса берсін!

«Егемен Қазақстан», 2006 жылғы 5 қаңтар

Дулат ИСАБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

СЕНИМ САЛТАНАТЫ

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында әлемнің саяси картасы шұғыл түрде қайта жасала бастады. Эс-эс-эс-эр деп аталатын еуразиялық алып держава ыдырап, оның орнына ондаған жаңа мемлекеттер бірінен соң бірі шаңырақ тіктеуге кірісті. Бұрынғы одақтас республикалар мен автономиялар егемендік туын көтерді. Әлемдік картография орталығы жаңа мемлекеттердің аттарын картаға түсіріп үлгере алмай, үлгере қалғанның өзінде оларды нақты қалай атау керек екендерін білмей, біле қалғанның өзінде олардың қай ендіктерде жатқанын жете танымай, бастары дал болды.

Тарихта «егемендік шеруі» деп аталған термин өмірге осылай келді.

Сол «егемендік шеруінің» ішінде көптің бірі боп Қазақстан да картаға түсті.

Бұл не? Арал ма, түбек пе? Қай ендікте, қай бойлықта? «Станмен» аяқталатын бұрыннан белгілі талай мемлекет бар еді. Бұл қай «стан» тағы? Жер көлемі қанша? Онда қандай халық мекендейді?

Белгілі болды. Қытай мен Ресейдің екі ортасында жатқан азиялық мемлекет екен. Алыстағы Америка мен еуропалықтардың санасында қалыптасқандай, оның негізгі халқы «рашн» емес, қазақ деп аталады екен. Өздері түркі тілдес топқа жатады. Ұстанатын діні – ислам. Жер көлемі 3 млн. шаршы километр. Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі осы жердің қойнауында. Энергоресурстарға өте бай. Кеңес өкіметінің ыдырауына 1986 жылы Брежнев атындағы алаңда өткен екі күндік жастар дүмпуі негіз болды деген саяси тұжырымдау да бар. Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Назарбаев. Мамандығы – металлург. Қазақ. Кеңес кезінде де іскерлігімен көзге түскен жігерлі, іскер басшы. Жасы қырық тоғызда. Ағайындас ел емес пе, түріктер Қазақстанның тәуелсіздігін ең бірінші боп мойындап үлгеріпті. Басқа мұсылман елдері де солай қарай ұмтылуда...

Бүкіл батыс әлемі мен Құрама Штаттардың қолдарына осы мағынадағы анықтама тиісімен-ақ Қазақстанға деген қызығушылық төбе көрсете бастады.

Қазақстан үшін жаңа кезең туды. Бұған дейінгі барлық мәселелер бойынша орталықтан келген нұсқауларға сүйеніп жұмыс істейтін кез артта қалды. Бұрынғы одақтас республикалар болса өз шаңырағын сақтап қалу жолында өздерімен өздері әлек боп, өз беттерінше әрекет жасауда. Ресей болса, кімнен бостандық алғаны белгісіз, өз алдарына тәуелсіздігін тойлап, мерекелік эйфория әсерінен шыға алмай жатыр. «Бізсіз қайда баратындарыңды көріп алайық» дегендей байланыс каналдарының бәрін үзіп тастады.

Өз саясатыңды өзің анықта, өз күніңді өзің көр.

Аласапыран заман. Өтпелі кезең. Өліара шақ.

Бәрін басынан бастау керек. Жоқтан бар, тозғаннан бүтін жасау қажет. Тоқтаған зауыттар мен қалжыраған ауылдың еңсесін қайта көтеру керек. Жедел түрде. Ертеңге қалдырмай. Босандық танытсаң бәрінен айырыласың. Алақайлап жариялаған тәуелсіздігің де ғайып болуы ғажап емес. Тәуелсіздік деген не? Оның басты атрибуттары қандай? Бұрынғы тәжірибелердің қайсысын алып, қайсысынан бас тарту керек? Ақылшы кім, арқа сүйерің кім? Тәуелсіздікті ілгері алып баратын, оның тұғырын бекітетін, тәуелсіз ойлайтын, тәуелсіз шешім қабылдайтын, бәрін де ақыл таразысында сынаптай мысқалдап өлшейтін, мың толғанып бір шешім қабылдайтын, сол шешімінің дұрыстығына ең әуелі өзінің көзі жетіп, қалғандарды да соған сендіре алатын, сенбегендерді көкірегінен итермей, оларды да топтан шеттетпейтін көреген лидер дәл осы тұста қажет болды. Ондай басшыны тарих өз сахнасына алып шықты. Заман толғағы Президент Нұрсұлтан Назарбаевты дүниеге әкелді. Ежелден солай болған. Әр кезең өзіне лайықты, өзіне қажетті перзенттері мен президенттерін тудырып отырған. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси сахнаға келуі өткен ғасырда Дж.Нерудің әлемдік саясат алаңына жарқ етіп шығу тарихымен өте ұқсас. 1947 жылы Үндістан ағылшын отаршылығынан құтылып, тәуелсіз мемлекет боп жарияланғанда, Дж.Нерудің алдында да дәл біздегідей сан салалы сауалдар самсап тұр еді. Бірін шешсең екіншісі шиеленісіп жатқан сол тұста премьер-министр боп Дж.Неру тағайындалды. Ғасырлар бойы тәуелсіздік аңсаған үнді халқы, үнді мемлекеті Нерудің басшылық еткен тұсында гүлденіп, өркен жайып, әлемге танылғанын тарихтан бәріміз жақсы білеміз.

Біздің жағдайымыз Үндістаннан басқашалау еді. Қанша дегенмен ол елдің мемлекет ретінде қалыптасқан ежелгі дәстүрі бар, тарих толқындарымен бірде өрлеп, бірде құлдырап, өз билігінен айырылып қап жатса да, қайта бас көтеріп, мемлекеттік нұсқаларын біржола жоғалтпаған ел болатын. М.Р.Ананд айтқандай, «шырша ағашының қылқандарын санап шыққанмен бірдей үнді тарихы» да қат-қатымен, рет-ретімен зерттеліп, әлдеқашан рухани қазынаның асыл мұралары қатарынан орын алып үлгерген болатын.

Ал бізде бәрін басынан бастау керек болды. Бастап қана қоймай, тарихыңды түгендеп, оны рет-ретімен жинап, жаңа мемлекетіңді мойындатып, шекаранды белгілеп, әр елдің саяси менталитетіне сай өзіңнің саяси бағытыңды анықтап алуың қажет еді. Өз дегенің, өз саясатың, өзіңнің айқын да анық бағытың, өз әскери доктринаң, бүгінгідей шатасқан әлемдік тайталаста өзің ұстанатын көзқарасың болуы шарт еді. Олай болмаған жағдайда кез келген азулы мемлекеттердің шылауында шырмалып кете баруың оп-оңай.

Әлемдік саяси картада дербес Қазақ мемлекетінің пайда болып, оның тұңғыш Президенті сайланған тұс – алып державалар арасында дүниежүзілік ықпалға ие болу жолындағы ашық та, астыртын да бәсекенің қызып жатқан тұсы еді. Балқан түбегіндегі үшінші дүниежүзілік соғыстың ошағына айнала жаздаған әйгілі қақтығыстар, қарулы күштерінің ара салмағы бойынша өздерін Америка мен Кеңес елінен кейінгі үшінші державамыз деп есептеген Ирак-Американың алғашқы шайқастары, Үндістан, Пәкстан, Индонезия, Боливия,

Кипр, Колумбия және басқа да Тынық мұхит бассейніндегі мемлекеттердің басқа мемлекеттерге әсерін тигізбей қоймайтын дау-жанжалдары, еларалық қақтығыстың мәңгі нүктесіне айналып бара жатқан Палестина-Израиль келіспеушіліктерінің кезекті бір толқыны, Ресей мен Еуроодақ арасындағы алмағайып жанжал, Солтүстік Кавказдағы ұзаққа созылып бара жатқан қантөгіс, Ауған оқиғалары, босқындар мен қашқындардың Қазақстанға қарай ағылуы, одан қала берді табиғи апаттар мен катаклизмдер – бәрі-бәрі де Н.Назарбаевтың алғашқы президенттік кезеңіне сәйкес келді. Олардың бәріне араласу керек: бару керек, шақыру керек, келтіру керек, тіл табысу керек, кейбірулеріне бітімгершілік ниетпен араға түсіп, төрелік айту керек. Орталық Азия мемлекеттерінің саяси-экономикалық тұғыры мен мемлекеттік құрылымдарының әлі жетіле қоймағанын алға ұстап, оларға өз дегендерін оңай өткізіп алу ниетімен әуелгі кезде алып мемлекеттер бұл жаққа аласа деңгейдегі шенеуніктерін жіберумен шектеліп көрді. Енді менменсіген алыптармен бетпе-бет келіп, Қазақстан осы кезге дейін олар ойлап келгендей «оңай шағылатын жаңғақ емес» екенін, мемлекет құру, мемлекет басқару ісінде бұл жақта да өздерінен кем түспейтін басшылар пайда боларын, олардың саяси, экономикалық, дипломатиялық, құқықтық және әскери қағидаларды меңгеру жағынан биік өреден табыла аларын іс жүзінде дәлелдеп, бұл елге, бұл елдің басшысына деген, Орталық Азияға деген көзқарастардан туындаған ескірген қасандықтарды бұзу қажет болды. Оны бұзбайынша, білім-дәрежең мен эрудицияң, саяси алғырлығың мен шешендігің, кез келген мәселе бойынша шешім айта білетін қайсар қабілетің, әлемдік оқиғаларға деген өз көзқарасың өзгелерден асып тұрмаса болмайтынын тұңғыш Президент жан-тәнімен түсінеді. Ол Президент болып сайланған төрт-бес жылдың ішінде ТМД елдерінің арасындағы ең шешен, ең іскер, ең белсенді, ең беделді Президентке айналды. Осы елдердің президенттері бас қосқан талай-талай жиындарды теледидардан көріп отырғанда өз Президентіміздің солардың бәрінен шоқтығы биік тұрғанында, кез келген күрделі мәселе бойынша біздің Президент баршаның айызын қандыра өрелі сөз айтып, көптің көңілінен шығып жатқанда үйде отырып мақтанбаған қазақ болмаған шығар. Дәл осындай сәтте, күні кеше ғана Президенттің әлдеқалай бір сөзіне сын айтып, газетте мақала жариялаған бір азаматтың сол мақаласы үшін өзінен-өзі ұялғанын да көріп едік.

Президент болу – барша әлемнің назарында болу деген сөз. Президент болу – тек мақтау мен мадақтаулардың объектісі емес, сын пікірлердің де нысанасына айналу. Және ондай сөздер басқа жақтан емес, өз отандастарының, әсіресе, өз қандастарының тарапынан естіліп жатады. Меніңше, оған күйінудің, қынжылудың реті жоқ. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады». Осы уаққа дейін әр түрлі пиғылдағы адамдардың арасында жүріп байқағаным – олардың бәрінің арғы ниеті түзу. Түптеп келгенде бәрінің де ойлайтыны – Президенттің абыройы. Егер ел ішінде артық-ауыз пікірлер айтылып қап жатса Президенттің атына кір келмесе екен, кір келтіретін адамдар болмаса екен деп тілегендіктен.

Бүгінгі таңда біздің Президент әлемдік лидерлердің бірі болып саналады. Онымен санаспайтын ешқандай елдің басшысы жоқ. Дүниежүзілік елеулі оқиғалардың бәрі де біздің Президенттің жіті назарында. Шанхай ынтымақтастық ұйымының негізгі ұйымдастырушысы да біздің Президент екені баршамыз үшін мақтаныш. ЕҚЫҰ-ға 2009 жылы төрағалық етуге Қазақстан Республикасының үміті зор болса, ол да біздің Президенттің әлемді мойындатқан іскерлігінің нәтижесі деп білеміз.

Әне-міне дегенше тәуелсіздігіміздің он бесінші жылына да аяқ бастық. Социалистік жүйе ыдырап, беймағлұм нарықтық қарым-қатынасқа аяқ басып, «анау қайда, мынау жоқ!» деп азан-қазан боп жатқанымыз күні кеше ғана сияқты еді. Сол кезде күптігей көңіл жадырамастай, өріске мал қайта шықпастай, сөнген жарық жанбастай, лай су тазаланбастай, жабылған балабақша қайтадан ашылмастай, кітапханаларға оқушы енді қайтып бас сұқпастай, есік-терезесі аңырайған қараусыз қалаларға халық қайта қоныстанбастай көрініп еді, құдайға шүкір, ол кезеңнің бәрі артта қалды. Қиындық пен жоқшылыққа толы кез біздің балалық шағымыздай сағымға оралып, алыстап кетті.

Бүгінгі өміріміздің осылай боларына, Қазақстан экономикасы шарықтап өсіп, әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің біріне айналарына тәуелсіздігіміздің қиындыққа толы алғашқы жылдарында көп адам кәміл сене қоймап еді. Қазақстанның мүмкіндігін таразыға талай салып, өзінің батыл ойларын сана түбінде сан саралап, жеті өлшеп, бір кесіп, сол ойларының көп ұзамай жүзеге аса бастайтынына шүбәсіз сенген бірінші адам – Президенттің өзі болғанында күмән жоқ. Өзі сенген соң жұртты сендіруге тырысты. Кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, қиындықтарды көзімен көріп, енжар күйге түскен халқының еңсесін көтеруге кірісті. «Мен басқа елдің емес, осы елдің – қазақ деген халықтың президентімін. Қазақ халқы бар болса, оның президенті де бар, қазақ халқы жоқ болса, оның президенті де жоқ. Қиындыққа төзіңіздер, ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке біз ие болып отырмыз. Аз ғана уақытқа созылған қиындыққа төзе алмай, әрқайсысымыз топ-топқа, жік-жікке бөлініп алып әр жаққа тартатын болсақ, ел болудан қаламыз. Алпауыттардың аузында кетеміз. Сеніңіздер! Шыдаңыздар! Қиындықпен бірге күресейік, сонда ғана болашағымыз нұрлы болмақ», – деп, жұрт жігерленер талай-талай сөздер айтты. Уақыт өткен сайын оның айтқандары орындалып, халықтың әл-ауқаты жылдан-жылға көтеріле бастады.

Шетелдік инвесторлар да қоржын тола ақшаларын арқалап, мұнай мен ауыр индустрияға қомақты қаржы салуға дайындықтарын білдіріп жатысы анау. Қалтай Мұхамеджанов айтқандай, «капиталистерден ақша алу түлкі сауғанмен бірдей». Олар да оңайлықпен ақшаларын әкеле қоймайды.

Қазақстанның кен байлығы бір басқа, жеке адамға деген сенім тағы басқа. Қазақстан экономикасына тұс-тұстан қаржы құйылып жатса, оны да шетел кәсіпкерлерінің Президентке сенгендігінен, жұмсаған қаржыларының желге ұшып кетпейтіндігін ұққандықтан, мұндағы тұрақтылыққа көздері жеткендіктен.

Сенім күші деген осы. Сол сенімдерді баянды ету үшін сайлау кездерінде шетелдік «демократтардың» біздің елге қара шыбындай қаптап кеткендеріне

де көз жұмып қарай тұруымызға тура келеді. Олардың әрқайсысы өз елінде ықпалы мен беделі бар тұлғалар. Әрқайсысының ойында өз елінің мүддесіне байланысты белгілі бір мақсаттары да жоқ емес. Әйтпесе сонау Қазақстан деген жердің демократиясы олардың түсіне кіріп, мазасын алып бара жатпаған шығар. Оның тағдырын көзбен көру үшін қайта-қайта келетіндей демократия Американың Қазақстанға ұзатылған жалғыз қызы емес екені белгілі.

Президент солардың бәрімен тіл табыса білді. Барлық кездесулерде өз елінің мүддесін қорғай білді. Аз ғана уақыт ішінде елдің еңсесі көтерілді. Өйткені, олар ертеңгі күнге сенді. Президентіне сенді. Ұлы Жібек жолындағы ұлы керуен салған жерден сара жолға түсе алмайтынын, тізіліп ұшар тырналар да шырқау биікке көтеріліп алғанша сап түзей алмайтындарын ұқты.

Сол сенім оларды алдаған жоқ. Сол сенімнің арқасында өткен жылдың аяғындағы сайлауда халық түгелдей дерлік өз Президентіне кезекті жеті жылға Сенім мандатын қайта тапсырды. Өз елінің ішінде осыншама зор құрмет пен сенімге ие болу – әлемдік саясатта сирек кездесетін құбылыс еді. Әлемдік қауымдастық қазақ халқының бірлігіне, бүкіл Қазақстан халқының өз Президентін жоғары бағалайтынына қайран қалды. Мұндай зор сенім Президенттің ғана емес, елдің абыройын көтеретін, Елбасының әлем алдында айбарын асыратын таңдау еді. Өз Президентін осынша сүйетін, осынша қадірлейтін халқы тұрғанда ондай елдің арасына ешкім де іріткі сала алмасы анық.

Бүгін Президент өз тағына қайта отырады. Ел тыныштығы мен берекесін ойлаған қазақ халқы мұндайда «қара – орнында, хан – тағында» деп баянды тіршілігіне шүкіршілік білдірген.

Президенттің ант беру рәсімі кезінде мемлекеттің жаңа Әнұраны шырқалады. Ол – ежелден кәрі-жастың көкейінде жатталып келе жатқан ұлы композитор Шәмші Қалдаяқовтың әні.

Президенттің ел алдында ант беру салтанаты ежелден ұлы мереке, әрі болашағымызға деген сеніміміздің айбынды салтанаты.

Бірлігі жарасқан Қазақстан халықтарының сенімі әрқашан салтанат құра берсін!

«Егемен Қазақстан», 2006 жылғы 11 қаңтар

Қуаныш ОМАСHEB,
Қарағанды металлургия
комбинатының цех бастығы

ТЕМІРТАУ МЕКТЕБІ

Зымыраған уақыт-ай десеңізші. Қарап отырсам, сонау Ақадыр аймағындағы алыс ауылдан Теміртауға келіп, тағдырымды осы қаламен түпкілікті тамырластырғанымға тура қырық бес жыл болыпты. Әрине, қазір оның қалай өткенін саралап, оңашада ойға шоматының бар. Сондайда өміріңнің үлкен бөлігінің елеулі де сәулелі белес ретінде есте қалғандығына шүкіршілік қыласың. Тегінде адам бақыты деген осы да шығар. Назым Хикметтің «Сен лапылдап жанбасаң, мен лапылдап жанбасам, серпілер түнек түн қашан,» деп ұрпақ намысын қамшылап, жігерін қайрау үшін айтқан сөзін көңілге тоқып, көкірекке құйып, ел өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қоса алуымызды бүгінде қалай мақтан тұтсам та орынды ма деймін. Мұны айтқанда, жапан далада жайнап-жарқырап шыға келген Теміртау сынды қаланың іргетасын қаласқанымызды, алып металлургиялық комбинатқа тыныс бергенімізді, әлбетте, әуелі ауызға алмай өтпеймін.

Әр уақыттың адам мінезіне, күш-қайратына, қала берді қоғамдағы белсенділігіне әсер етер бір ерекшелігі болатын шығар деп ойлаймын. Өйткені, біздің жалын атқан жиырмадағы кезіміз сондай сәтке тап келгенін айтсаңызшы. Мектепті енді бітірген ауыл баласының танымайтын, білмейтін бөтен ортаға тосырқамастан қосылуы өзіме осы күнге дейін таңғаларлықтай көрінеді. Дегенмен, өмірдегі өз орнымды табуға деген талпыныс, бойымдағы қабілетті ашуға құштарлық, боламынға, жарып шығамынға ұмтылыс алға жетелегенін білемін. Кейінде байқасам, мұндай үміт шоғын үрлетіп, Теміртау қайдасың деп келген жалғыз мен ғана емес екенмін. Ұлан-байтақ қазақ жерінің түкпір-түкпірінен жүрек үндері тоғысқан жастар мені бірден қуантқандай көп болып шықты.

Ешкім мамандығың жоқ екен, орысша білмейді екенсің деп жатсынып-жатырқамады, жұмысқа орналастырылды, оны да былай қойғанда, кәсіби білім меңгеруге жіберілдік. Міне, осылайша етек-жеңіміз жиналып, еңсеміз түзелген шақта арамыздан жұрт аузына іліккен жігіттер де көріне бастады. Сонда ең алдымен аталатын Нұрсұлтан Назарбаев атты горновойшы еді. Тағдырдың жазуын қараңызшы, еңбегі мен іскерлігі арқылы тез танылған бұл тұрғыласыммен кейінде жақын араласып кеттім. Бастапқы кезде ауыр жұмыстарды көппен бірдей көтерісіп жүргенде Саясат Қабдолов деген металлургтің: «Бұл мекнаттан құтылса, Нұрсұлтан құтылады» дегеніндей, ол ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, біртіндеп биіктей берді. Осы әңгіме жөнінде Нұрекеңнің бізбен бір кездесуде «Саясаттың көріпкелдігі бар екен» деп, кешегі еңбектес әріптесінің осынау сөзін ойға оралтқаны есімізде.

Иә, адам ісінен, талабынан танылады. Орамыздан топ жарып шыққан бұл жігіттің тегін азамат еместігі сол кездің өзінде сезілетін. Жасыратын несі бар,

алғашқыда қазақ жастарын кемсіткен көзқарастың өзгеруі, олардың алғырлығы мен жігерлілігінің құрмет туғызуы, аса күрделі әрі жауапты өндірістік буындарды басқаруға үлкен сенім көрсетілуі Нұрсұлтан Назарбаев мерейінің өсуімен байланысты болатын. Соны арқаланған біздер де еңбекте болсын, қоғамдық өмірде болсын алда болуға тырысып бағушы едік. Шапағатын көрдік. Онымен иық тірестіре от шашқан домна пешінің алдында ысылған Төлеутай Сүлейменов, Ғабидолла Сәрекенов, Мақсұт Нәрікбаев сынды азаматтар бүгінде ел елеулілері қатарында, ал Серікқали Раев, Жақсылық Әскеев, тағы басқаларымыз сол комбинаттың еңбеккерлері сапындамыз.

Біздің алдымызда Теміртауға алғашқы лек қатарында келген Нұрсұлтан Днепродзержинск қаласындағы училищені бітіріп, құю мәшинесінің озат шойыншысы атанды. Мен әйгілі металлург Арғын Жүнісовтің қамқорлығымен болат балқытудың қыр-сырын үйрене бастағанымда, атақ-даңқы алысқа жайылып үлгерген жігіт-ті. Бірер жылдың шамасында ғана жүзден озып, мыңнан шоқтықты болуына қызығатынбыз, расы керек, қандас азаматтың абырой-беделінің биіктеуі бәрімізді мақтанышқа бөледі. Арамыздағы үлкеніміз Арғын аға: «Өсетін жігіт осылай болар», деп бізге үлгі ететін.

Өңгімеме қайтып оралайын. Мен Нұрекеңмен Қарағанды политехникалық институтының Теміртаудағы филиалында оқып жүргенімде таныстым. Кісіні баурап алатын қасиетімен курстастарымызды үйіріп әкетті. Өндірістен қол үзбей оқыдық. Күндіз жұмыстан мойын бұрылмайтынына, кешкісін сабақтан бас көтерілмейтініне қарамастан, бір уақ көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысуға да үлгеретінбіз. Аралас-құраластығымыз студенттік құрылыс отрядында бірге болғанымызда тіпті беки түсті. Бұл да кімнің кім екенін көрсететін орта ғой. Соның бір жарқын көрінісі жас Нұрсұлтанның бойынан мұнда да танылып еді.

Ол уақытта, яғни алпысыншы жылдардың басында Нұра ауданындағы «Балықтыкөл» кеңшары жаңадан шаңырақ көтеріп жатқан еді. Осында бірнеше тұрғын үй салуға кіріскен отрядымыздың жұмысы көпке ұзамай тоқтады да, қол қусырып отырып қалуға мәжбүр болдық. Отряд жетекшісі Князев болса, бұған оншалықты қам жемей, жайбарақат уақыт өткізумен жүрді. Күзге дейін бірқатар отбасын баспаналы етуге бізге үміт артқан жергілікті басшылар Балтабай Балабиев пен Қорабай Досжанов: «Жігіттер, қапыда қалдыратын болдыңдар-ау», деп реніш білдіруі жанымызға батып, тығырықтан шығудың амалын қарастырдық. Соған байланысты отряд жауынгерлерінің комсомол жиналысын өткізуді ұйғардық. Онда сөз алғандар Князевті Назарбаевпен алмастыруға ұсыныс жасап, Нұрсұлтанды бірауыздан қолдады. Жоғары жақтың келісімінсіз, сайланбалы жолмен бұлайша басшы таңдауға қарсылық жасалмай қоймады. Алайда алған бетімізден қайтпай, жиналысты екінші рет өткізіп, ұсынысымызды тағы бекіттік. Сонда ғана талап-тілегіміздің орындалуына қол жеткіздік.

Бірер күннен кейін Теміртау мен Қарағандыға құрылыс материалдарын іздеп, тауып әкелуге аттанған отряд командирімізден апта аса хабар-ошар болмай, мазасыздана бастадық. Бір күні таң ата ауылдың шетіне тұмсық тіреген он шақты жүк көлігін көргенімізде ғана көңіліміз орнына түсті. Кірпіш, цемент, дайын есік-терезе, несін айтасыз, құрылыс жүргізуге не қажеттінің бәрі

жеткізіліпті. Нұрсұлтанدى бәріміз құшақтап, жолы сәтті болуымен құттықтап жатырмыз. Таптырмайтын материалдардың аяқ астынан қалай үйіліп-төгіле қалғанына кеңшар басшылары аң-таң. Кейіннен білгеніміздей, осы күндер бойында ол облыстық мекемелерден бастап, ірілі-ұсақты кәсіпорын басшыларының есіктерін тоздырып, ақыры мақсатына жетіпті. Іле жұмысымыз да қызып сала берді. Таңның атысы, күннің батысы тыным болмай, үйлерді бірінен соң бірін қаз-қатар салып шықтық. Олар пайдалануға беріліп, жұрт қуанышқа бөленген сәтте студент құрылысшыларға, соның ішінде әсіресе, командиріміз Назарбаевқа ақ алғыстарын жаудырды. Шынында әуелде берекесі мүлдем қашқандай істің тез арада түзеліп, қарқынды жүргізілуіне жаңа жетекшінің ықпал-әсері айрықша болған-ды.

Осы шалғайдағы ауыл Нұрекеңе керемет бауыр басып кетті. Өтініш-тілектерін айтуға келген балықтыкөлдiктерден жұмыс бөлмесінің есігінің алды арылмайтын. Қой өсірумен шұғылданатын әрі шалғай шаруашылық болғандықтан, оған аудан, облыс тарапынан оншалықты көңіл бөлінбеді. Ашықтан-ашық өгейсітілген жапан даладағы ауылдың бір арқа сүйері жас Назарбаев болды. Осында бой түзеген алғашқы көшедегі үй қабырғасында бүгінде «Бұл үйлерді Нұрсұлтан Назарбаев жетекшілік еткен студенттік құрылыс отряды салды» деп жазылған ескерткіш тақта тұр.

Кейінде әскер қатарына шақырылып, Теміртаумен уақытша қоштасуға тура келді. Айтқандайын, Нұрсұлтаннның жолдастыққа берік, достыққа адал қасиетін бұрыннан да білуші едім, өмірімнің сол сәтінде оған тағы көз жеткіздім. Өзіндей әке-шеше, ағайын-туысқаны алыстағы мені Нұрекең жалғызсыратпай, әскерге өзі шығарып салды. Хат алысып тұрдық. Әр хатында комбинаттағы жаңалықтарды қызықтыра жазатын, сол арқылы Теміртауға қайтып оралуымды қалайтындығын сезетінмін. Жасыратын несі бар, ондағы ауыр жұмыстан, соқа басты тірліктен, үйсіз жүріп, күй болмағандықтан көңілім бұзылған мен Ағадырыммен, ауылыммен табысуды ойлай бастағам-ды. Сол көңіл-күйді өзгерткен Нұрекең деп білемін. Қайтадан орталарына қосылғанымда, қызу еңбек, қызғылықты өмір бәрін ұмыттырды да жіберді. Жалпы, әуелде қиындыққа төзіңкіремей, босаңдық танытқан, мамандық игеруге қиналған, кей қиянаттар жүрекке батқан жігіттердің көбін қолдап, жігерлерін жанып, үлкен өмірге тартқан Нұрсұлтан Назарбаев екенін қазіргі теміртаулық ардагерлердің қай-қайсысы да алғыспен айтады.

Бақытыма бұйыртқаны шығар, өмір осындай тұлғамен бірге еңбек етіп, шыңдалуды маңдайыма жазғанына разымын. Жақын араласып, достас болып кеткенімді мақтан тұта аламын. Сол бір жастық шағымызды еске түсіргенде, ең алдымен, үйлену тойымды Нұрекеңнің өзі басқарғаны көз алдыма келеді. Бір мен ғана емес, біраз жігіттер мен қыздардың шаңырақ көтеру қуанышының бас ұйытқысы болды. Сара Алпысқызы екеуі қосыла ән шырқағанда қандай да ортаны гүлдендіріп жіберетін. Кейінде қызмет лауазымының өскендігіне қарамастан, замандастары арасында қарапайымдығын сақтады, адал қарым-қатынасын үзбеді. Теміртауға жұмыс сапарлары кезінде көз таныстардың бәрінің хал-ахуалын сұрастырып алады әлі. Бірде комбинаттың

бұрынғы бас экономисі Кауспен кездескенде, «Владимир Александрович, жүзіңіз жүдеу ғой. Денсаулығыңыз қалай?» дегенде, «Нұрсұлтан Әбішұлы, кейінгі уақытта жүрегім сыр беріп жүр. Соны уайымдаймын», деп қарт ардагер ауырып жүргенін жасыра алмады. Нұрекең сол арада оны емдетуге тапсырма берді. Кейінде Каустың жүрегіне күрделі операция жасалды. Қазір ол тың.

Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен ұйымдастырушылық қарым-қабілетіне тікелей куәгер бұл кісі өндірістің өркендеуімен қатар, әлеуметтік саланың қоса дамуына сіңірген еңбегін сүйсініспен айтады. Комбинат партия ұйымының хатшысы ретінде металлургтердің мұң-мүддесіне байланысты мәселелер көтерілгенде, оның бәрі ол дайындаған нақты деректермен дәлелденетін. Металлургтер еңбекақысының төмендігін, тұрғын үй құрылысы қарқынының нашарлығын, тұрмыстық жағдайдың жайсыздығын бұлтартпас мәліметтер арқылы алға тартуда бас экономист Владимир Каустың көмегі көп тиген. «60-жылдардың аяғында Теміртауда тұрғын үйдің көптеп салына бастауы, бала бақшалардың бірінен соң бірі ашылуы, мәдениет сарайларының сән түзеуі, спорт кешендерінің бой көтеруі мәселені Нұрсұлтан Әбішұлының осылайша ашық әрі көз жеткізе қоюының арқасында еді. Келешегі үлкен адам екенін бәріміз де іштей сезетінбіз», дейді ол.

Осы Каус сияқты білікті, қабілетті, өзіндік үні, беделі бар қызметкерлерді Нұрекең қатты қадірледі. Оларға құрметпен қарады. Қазір де ұмытпағандығын жақсы білемін. Солардың бірі марқұм Борис Маркович Шуголь деген адам болатын. Ол бізге сабақ берді. Сүйікті ұстазымыз дүниеден өткенде Елбасы оның отбасына көңіл айту жеделхатын жолдады. Кейінде Теміртауға келген бір сапарында, уақытының тығыздығына қарамастан, қабіріне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Қаламызда болашақ Мемлекет басшысының жақсылық шарапатын көрген теміртаулықтар аз емес. Сол адамдардың көбі қайырымшыл қасиетін ықыласпен еске алып отырады. Расы керек, ертеден сыйлас жандар болсақ та, біздер оншалықты мазалай бермейміз. Сондайда «Неге хабарласпай кеттіңдер. Үй-іштерің, балаларың аман ба», деп хал-жағдайымызды біліп тұруды ұмытпайды. Бізге бұдан артық не құрмет бар. Өмір болған соң қызығы да, қиындығы да кездесіп жатады емес пе. Қызығында ортамыздан табылады, қиындығында мемлекеттік мәселелерден алаңдата бермейміз.

Кезінде бірге еңбек еткен азаматтардың бірқатарымен Елбасының сыйластық байланысы сақталып келеді. Әрқайсысын бірден танитындығы әрі аты-жөнін ұмытпағандығы риза қылады. Кейде бұрынғыдай еркін әңгімедүкен құрылып, жастық шақ еске түсіріліп қалады. Нұрсұлтан Әбішұлының сол баяғы қарапайым қалпы, әсіресе, жұмысшылармен жүздесулері баурап әкетеді. Сондайда олармен бірге болат балқытысуға да уақыт табады. Еңбек жолы басталған, өмір белесіне қанат қағылған ортаның түтін исі, гүрс-гүрс өндіріс үні, шаң басқан, май сіңген кешегі әріптестерінің бейнесі оның жанын жадырататынын сеземіз.

Теміртауды еліміз тарихында өзіндік орны бөлек қала дей аламыз. Отандық қара металлургияның ошағы тұрғысында ғана мерейлі емес, халқымыз-

дың қанаттанып ұшқан ұландары қаншама. Тәуелсіз жас мемлекетіміздің тұңғыш Президенті, қазақтың тұңғыш ғарышкері ... Мартен цехтары мен домна пештерінде шойын мен болатты селдей ағызып шыңдалған құрыш білекті түлектер бүгінде де көп. Нұрекеңнен бастап бәріміз Теміртау мектебінен өткенімізді зор мақтаныш санаймыз. Ал бұл мектептің тәлім-тәрбиесі өмірлікке қалар терең із. Бірлікке, бауырмалдыққа, қайраттылыққа баулып, жігерлендірер ыстық орта. Біз соның өркен жайған тамаша нышандарын Нұрсұлтан Әбішұлының ел басқарудағы ұстанымынан айқын байқап та келеміз. Қазақстандықтар ынтымақтастығын, түсіністігін, сыйластығын жарасты, баянды еткен салиқалы саясат мемлекет беделін биіктете түскендігіне қуанамыз.

Біз осыдан қырық алты жыл бұрын біріміз Алатаудан, бір тобымыз Сыр жағасынан, тағы бір легіміз Атырау аймағынан Сарыарқа төсінде бас қосқан едік. Тағдыр табыстырды деген осы. Сонда Қарағанды металлургия комбинатында бірінші домна пешінің іске қосылу оқиғасына қатысуға келген ұлттық академияның тұңғыш президенті, ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ортамыздан Нұрсұлтан Назарбаевқа назары ауып, «Болайын деп тұрған жігіт екенсің» дегендей сүйсіне қарағаны көз алдымызда. Ұлы академиктің кісі танығыштығына көзіміз жетті.

Ел басқару – күрделі міндет. Мұны Президент бізбен кездесулерде ірікпей айтып отырады. Осындай сенім-құрмет көрсеткен халқының аманатын абыроймен орындау – азаматтық парызы екенін айтады. Еліне, Отанына қалтқысыз қызмет ете білу – ақылдың, ойлы бастың, ыстық жүректің ісі санасақ, мұндай қасиеттерге берік екенін білеміз. Қалың көпшіліктің бел ортасынан шыққан адам ретінде халық жүрегіне жақын, қадірлі. Қабілет-жігері кемел шағындағы Елбасымыздың Отанымыздың күш-қуатын одан сайын нығайту жолында ештеңе аянбайтындығы талассыз.

Былтыр күзде Теміртау қаласының орнағанына 60 жыл толғаны атап өтілді. Бұл күнде ол жайнап-жарқыраған, көз қызығарлық күйге еніп, керемет құлпырып барады. Әсіресе, қоныс тойын жасаушылар көп. Пәтер бағасының қалтаға қолайлылығын пайдаланып, баспанаға қолы жетіп жатқандар жеткілікті. Солардың дені жастар. Шуақты өмір құшағы ашылғанына шаттанады бәрі. Бірінен соң бірі бой түзеген әлеуметтік-тұрмыстық нысандар қаланың өсіп-өркендеуге бет түзегенін көрсетеді. Теміртаулықтар мұны өз орталарынан шыққан Президенттерінің елі үшін ерен еңбегінің бір шапағатындай көреді.

Қаламыздың және еліміздегі қара металлургия саласының өткені мен бүгінгісі есімімен тығыз байланысты Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев президенттік қызметінің жаңа кезеңіне кірісер қарсаңында көптен бері айтсам деп жүрген ойлар қолыма қалам алғызып еді. Олардың бәрін бір мақалаға сыйғыза алмағаным анық. Олар туралы айтудың сәті алдағы кезде де болатынына сенімдімін.

ТЕМІРТАУ.

«Егемен Қазақстан», 2006 жылғы 7 қаңтар

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
академик

ТҰҢҒЫШ

Түріктің бесігіндегі елбасы ерлігі

Алыстаған сайын ынтыға сағынып, елжірей еске алатын қимас дүниелер болады. Соның мөлдір бастауы – кіндік қаның тамған ата-жұртың десек те, кешегі сәбиіңдей тұсауын өзің кескен, тұғырын қалап, дүниеге келтіруге өзің атсалысқан жаңа шаңырақтың ыстық-суығы жылдар өтсе де басыла қоймайды екен. Мен де Ахмет Ясауи атындағы Түркістан мемлекеттік университеті жайында сөз қозғала қалса, осындай аста-төк сезімге бөленемін. Өйткені бұл – басқаны білмеймін, дәл мен үшін аса ыстық, әрі қасиетті, балапан қанатты шаңырақтың бірі. Олай дейтінім – есімі түркі әлеміне мәшһүр болған Оғыз ханның астанасы, Ахмет Ясауи атамыз гүлдендірген рухани орталық, енді, міне, сан ғасырдан соң түркі тектес ұрпақтардың білім ордасына айналып жатса, тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен, әрі қолдауымен оның іргетасынан бастап барлық дерлік құрылысының жауапты орындаушысы болсам, бұл маған қалайша қымбат, қалайша ыстық көрінбесін!

Терещенконың тірлігі

1991 жылы наурыз айында мені Оңтүстік Қазақстан облысының сол кездегі басшысы Сергей Терещенко шақырды. Ол кезде мен Қарағандыда Қазақстан Ғылым академиясының Органикалық синтез және көмір химиясы институтының директоры, ҒА корреспондент-мүшесі, облыс депутаты, экология жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы едім. Сергей Александровичтің айтқаны: «Өзіңіз білесіз, біздің облыс республикамыздың ең үлкен облысы, бірақ университетіміз жоқ, сондықтан осындағы технологиялық және педагогикалық институттарды біріктіріп, бір университет жасамақпыз, өзіңіздің түлеп ұшқан ұжымыңызды ректор қызметінде басқаруға шақырып отырмыз». Мен, әрине, бірден келісім бердім. Өйткені, өзімнің ұшып шыққан ұям, оның үстіне ағайын-туыстар да: «Қарағандыда 10 жыл қызмет істедің ғой, біз болсақ қартайып барамыз, енді қайтпайсың ба?» деп жиірек айтатын болып жүр еді.

Бірақ кейін университет Шымкентте емес, Түркістанда ашылатын болды. С.А.Терещенко: «Мен Нұрсұлтан Әбішұлынан университет сұрап едім, «Жарайды, ашыңдар, бірақ Шымкенттен емес, Түркістаннан ашып, оған Ахмет Ясауидің атын беріңдер», деп кесіп айтты», – деді. Одан кейін мені Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов шақырып, «Сен қорықпа, Елбасының шешімі, өзі тікелей қолдап жүретін болады, әрине, қиындық бастан асады, саған сеніп тұрмыз», – деді. 6 маусым күні Президенттің Жарлығы шықты, 7 маусым күні мен ректор болып тағайындалдым, 8 маусым күні Шымкентте, 9 маусым күні

Түркістанда С.А.Терещенко барлық аудан, қала басшыларын жинап, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Балқияевтың кабинетінде қысқаша жиналыс өткізіп, мені таныстырды (университет ұжымы әлі жоқ). Оның алдындағы бір кездесуде мен С.А.Терещенкоға «180 мың адам тұратын Түркістан ауданында, ең болмаса, бір ғылым кандидаты жоқ екен, сондықтан профессорлар мен доценттер түгілі, жай мұғалімдердің басым көпшілігін сырттан шақыруға тура келеді, оларға көптеген пәтерлер керек, онсыз бізге ешкім келмейді», – деген едім. Сол жиналыста аудан басшыларына тамаша коттедждердің суреттері салынған жобаларды үлестіріп беріп, Сергей Александрович: «Міне, көрдіңдер ме, қандай коттедждерде университет мұғалімдері тұратын болады», – деді. Одан соң қаланың сыртына шығып, 40 коттедж салынатын «Коммунизм» колхозының жеріне бардық. С.А.Терещенко: «Жоғары жақпен келісіп, біз мынадай шешім қабылдадық – әрбір аудан өз қаржысына 2 коттеджден, ал Шымкент қаласы 10 коттедж салуы керек, уақыт аз, салқын түскенше, яғни 4-5 айда үйлер бітуі керек», – деді.

Жұмыс қызу басталып кетті, тамыз айында қабылдау емтиханын өткізіп, қыркүйекте бірінші оқу жылын бастауымыз керек. Оның үстіне, мұғалімдерді жинау, оларға пәтерлер табу, коттедждердің құрылысы, т.б. Осы уақытқа дейін есімде қалғаны: таңертең сағат 7.00-де жалға алған пәтерімізден жұмысқа шығып, кешкі сағат 11.30-12.00-де келіп жүрдік. Кейде тамақ ішуге шамамыз келмей ұйықтап қалушы едік. Менің қасымда ректорат мүшелері, профессорлар Б.Жаңабаев пен А.Ищанов (Шымкент), Б.Байтанаев, А.Баешов (Қарағанды), Ә.Есалиев (Алматы) сияқты жоғары оқу саласын Мәскеуде және басқа ірі орталықтарда жақсы меңгерген азаматтар болды.

Елбасының бастамасы

Қазақстан егемендік алып, КСРО республикалары арасында үлкен беделге ие болып, Желтоқсан көтерілісінен кейін жер-жерде біраз қуғын-сүргін көрген қазақ азаматтары қайтадан көңіл күйлері орнына келіп, Колбин кетіп, Н.Ә.Назарбаев сайланып, кеудемізді көтере ұстап жүрген кезіміз еді. Бұл – 1991 жылдың бас кезі. Бізге сенім, күш берген Н.Ә.Назарбаевтың өте батыл іс-қимылдары болатын. Тұңғыш Президентіміздің КСРО Жоғарғы Кеңесінде «бұдан былай біз ешкімнің белбеуінің астында жүрмейміз және ешкімге кіші іні болмаймыз», – деп КОКП-ның қылышынан әлі қан тамып тұрған кезде өзінің табиғи батырлығын көрсеткені, М.Горбачевтің тапсырмасымен Разумовскийдің түн ішінде телефон соғып, «Қазақстанда Президент сайламаңыздар» дегенін тыңдамай, еліміздің нағыз егемендігіне батыл қадам басқаны бізді тәнті етіп жүрген кездер. Қазақ тілінің дәрежесін көтеруге қарсы болған отандастарымызға: «Сендер кімді тізе бүктіргілерің келіп тұр, еліне Қарлағ, Гулаг, Алжир орнатып, оның үстіне жеріне атом бомбаларын жарғанына қарамай, жер аударылып келген сендерге жеп отырған нанын бөліп беріп, рақымшылық жасаған халықты ма?», – деген сөздер азғыруға еріп адасқандарды сабасына түсіргені және басқа батыл да

сарабдал әрекеттері елді басқарғанына аз уақыт болса да Н.Ә.Назарбаевтың халқымыздың арасындағы беделін шыңға көтерді.

Мәскеуге ғылыми конференцияға бара қалғанымызда: «Ой, сендер жарайсындар, 86-ның желтоқсанында көтерілдіңдер, ал қазір Назарбаевтай басшыларың бар», – дейтін Балтық жағалауындағылар мен молдовандар.

Бәрімізге белгілі, Мәскеудегі Жоғарғы Кеңестің жиналысында Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын КСРО Министрлер Кеңесінің төрағалығына ұсынған Өзбекстанның депутаты, Ғылым академиясының президенті Е.Юсупов болды. Кейін ол Түркістан университетіне келіп жұмыс істеді. Өзінің ұсынысын Еркін-ака ғалым ретінде одан бұрын зерттеп, КСРО республика басшылары арасындағы ең білгірі де, ең алғыры да, табанды, жігерлісі де Н.Ә.Назарбаев екенін анықтап алғандығымен түсіндіреді және оны ешкім үгіттемегенін айтады. Бірақ ол өзінің адал көзқарасы үшін көптеген қиындықтар көрді, қызметінен босатылып, академик басымен жұмыссыз қалған соң бізге келіп профессорлық қызмет атқарды.

Түркістанды қолдауға, қазақ халқының тарихи, рухани астанасы ретінде қасиетті мекені деп санауға кеңестік Мәскеу еш уақытта оң көзбен қараған емес. Д.А.Қонаевтың өзі де кереметтей беделді бола тұрып, Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін жөндетуден әрі бара алмады. Түркістан қаласын кемсіту үшін салғандай, дәл қасынан әп-әдемі, тап-таза Кентау қаласы бой көтерді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өз Жарлығымен тозығы жеткен қала боп саналатын Түркістаннан университет ашуы қасиетті көне шаһарды жандандырып, қайта гүлдендірудің ең дұрыс әрі оңтайлы жолы екенін одан кейінгі 15 жылдық тарих дәлелдеп берді. Ал ол кезде КСРО жақтырмайтын Түркістаннан университет ашуы Н.Ә.Назарбаевтың өз халқы үшін істеген және бір ерлігі еді. Республикалық газеттер қуана хабарлап жатқан бұл жаңалықты «Известия» газеті «аудан орталығында ашылған университет» деп кемсітіп жазды.

Жүзеге аспаған алғашқы жоба

Бірінші оқу жылы басталысымен КСРО көлемінде К.Маркс, В.И.Ленин аттарындағы стипендиялар тоқтатылып, әр республика, әрбір жоғары оқу орындары өз еріктерімен жоғары стипендияларды ғылыми кеңестің шешімімен тағайындауға құқылы болды. Біз министріміз Ш.Шаяхметовпен келісе отырып, Тәуке хан, Абылай хан, Төле би және Д. Қонаев аттарындағы төрт стипендия бекіттік. Д.Қонаевты университетке шақырдық, ол кісі келесі жылы көктемде Түркістанға келіп қайтуды жоспарлап отырғанын айтты.

Көп ұзамай КСРО-ның мазасы кете бастады, кеңестік сом девальвацияға ұшырады. Бұл біздің мұғалімдерімізге ауыр тие бастады, өйткені, олардың басым көпшілігі пәтер жалдап тұратын еді. Одан соң баршаға белгілі тарихи оқиғалар болды – КСРО мен КОКП тарқап, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік келді. Бірақ, онымен бірге қаржы тапшылығы да тереңдей түсті.

Тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыда АҚШ-тың елшілігі ашылып, оған У.Кортни мырза Төтенше және өкілетті елші болып тағайындалды. Мен әдейі-

леп Алматыға келіп, оны Түркістанға шақырдым. Сырдарияның жағасында балық ауладық, суға шомылып, демалдық. «Кіндік Азия қазір тәуелсіз, араб елдеріндегідей осы аймақта университет ашпақ ойларыңыз бар ма?», – деп сұрадым. «Ондай ой бар, жалпы, бірақ ол университетті Ташкенттен ашамыз ба, жоқ Алматыдан ашамыз ба, білмеймін. Өзірше белгісіз», – деді. Мен: «Ташкентте 25 университет бар, Алматыда да соған жуық. Сіздер ашқан университет қашан бәрінен озып шыққанша көзге көрінбейді. Оған өте көп уақыт керек болады. Ал мына киелі Түркістандағы біздің дайын тұрған университетті Қазақ-Американ университеті жасасақ, бүкіл түркі әлемінде АҚШ-тың беделі өспей ме», – дедім. Кортниге ұсыныс өте ұнады. Ол мені әдейілеп шақырып, АҚШ Президентінің кеңесшісі Вильямсқа жолықтырды, бірақ ештеңе шығара алмадық. Одан соң министріміз Ш.Шаяхметовтің қолдауымен Түркияға бірнеше рет бардым. Алдымен Ильхам Ишбилен деген «Заман» газетінің бас директорының көмегімен Түркістанда Қазақ-Түрік лицейін аштық. Одан соң тағы да Түркияға барып, Түркияның білім министрлігінде болып, Түркі дүниесінің достығы мен бірлігі үшін қызмет істеуге дайын азаматтармен, соның ішінде Премьер-министрдің бас кеңесшісі Н.К.Зейбекпен Түркістан университетін халықаралық Қазақ-Түрік университеті жасаудың жолдарын талқыладық. Ол бұл ұсынысты С.Демирелге жеткізуге уәде берді. Мен елге қайтып келген соң Ш.Шаяхметовке және Премьер-Министрдің орынбасары М.Жолдасбековке кіріп, келіссөздердің нәтижесін айтып, оны Елбасына жеткізуді өтіндім.

Көктемде университетке Д.Қонаев келді. Иқан ауылына шығып, жолдан күтіп алдық. Ол кісіні облыс әкімінің орынбасары З.Қ.Тұрысбеков алып жүрді. Қ.А.Ясауи бабамыздың кесенесіне бардық, өзінің бұрынғы әдеті бойынша құдықтан су ішті, күміс теңге тастады. Содан кейін университет ұжымымен кездесу жиналысын өткіздік. Д.Қонаев атындағы стипендиат баланы жолықтырдық. Сөйлесіп риза болды, бәрімізге батасын берді. Одан кейін Д.Қонаев Ташкентке жол тартты.

Қос Президенттің батасы

Мамыр айының 29-ы күні Н.Назарбаев пен С.Демирел Түркістанға келеді деген хабар жетісімен дайындала бастадық. Елбасы Хаттамасының қызметкерлеріне мәртебелі қонақтардың университетке келуі керектігін айтып, өтініш жасап, келісімдерін алған едік. Бірақ бір күн қалғанда университет тізімнен шығып қалғанын есіттім. Барлық жұмысым күйіп кеткен сияқты болды. 1989 жылы ресми делегация құрамында Германияға барғанымда талай университеттердің кампустарын көрген болатынымын. Сондай кампус салуды армандаушы едім. Енді қайтеміз? Университет тағдыры шайқалғандай болды. Егер ертең екі Президент университетке келмесе, ешқандай келісімшарт та, студенттер қалашығы да болмайды.

Кешке қарай барлық проректорлар мен декандарды жинап алып ақылдастым. Қазақ-Түрік лицейінің директоры Мұстафа да келді. Университеттің тағдыры таразы басында тұр. Сондықтан, Президент кортежі аэропорттан шығып,

университеттің алдынан өтіп бара жатқанда Н.Ә.Назарбаевтың бізге келуін өтініп, плакатқа жазып алып шығуды ұйғардық. Көкіректерін қызғаныш билеген жергілікті басшыларды осылай айналып өтуді жөн көрдік. Плакатқа алыстан көрінетін, әріптерінің бойын 1 метр етіп жаздық: «Нұрсұлтан аға! Өзіңіз ашқан университетке келіңіз, күтеміз!». Түнімен жазып шықтық, Мұстафа-бей де қалыспай С.Демирелді шақырып, сондай плакатты түрік тілінде жаздырды. Таңертең аэропортқа бардық, Президенттер кортежі қалаға қарай жылжыды. Соңында келе жатырмын. Университеттің тұсында мыңдаған адамдар тұр, қолдарында плакаттар. Біздің студенттерге қосылып, жергілікті тұрғындар да көше бойына шығыпты. Қ.А.Ясауи кесенесіне келсем, облыс әкімі М.Үркімбаевтың көмекшісі мені іздеп жүр екен. Н.Ә.Назарбаев маршрутты өзгертіп, «университетке барамыз», – депті. Бірден университетке тарттым. Кетер алдында Қ.А.Ясауи кесенесіне бұрылып, іштей: «Ей, бабам, осының бәрі Сіздің қолдауыңыздың арқасында болып жатыр», – дедім.

Көп ұзамай Президенттер кортежі де университет алдына келіп тоқтады. Көшеге бүкіл қала тұрғындары қосыла шығыпты, лық толы. Студент қыздарымыз Президенттерге өз қолдарымен тігіп, дайындаған шапандарын кигізіп жіберді. Нұрсұлтан Әбішұлы маған қарап: «Ал, Мұрат, бізді шақырғандағы айтпақ болған әңгіменді бастай бер», – деді күлімсірей. Қазақша, түрікше араластырып айтқаным:

«Қ.А.Ясауи бабамыз – екі елге де ортақ, Түркістан – бүкіл түркі дүниесі үшін ортақ тарихи, киелі қала, ал енді осы екі сөзді өзіңіз университет атына енгіздіңіз (А.Ясауи атындағы Түркістан мемлекеттік университеті), сондықтан осы университет екі мемлекетке ортақ болып «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» деп аталса құба-құп болар еді», – дедім. С.Демирелге қарап Нұрекең: «Мен келісемін, Сіз ше?», – деді. С.Демирел де игі бастамаға сәт сапар тілеп, «олур!», – деп бата берді. Жиналған жұрт ұзақ қол шапалақтады. Қуаныштан жүрегіміз жарылып кете жаздап тұр. Біздің филфактың «Түрік тілі және әдебиеті» мамандығындағы студенттер С.Демирелдің жақсы көретін «Саман йолы» деген өлеңін айтып беріп, зайыбы екеуін таң қалдырды. Студенттер алдында Нұрсұлтан Әбішұлы қысқаша сөз сөйледі: «Сендер бақыттысыңдар, өйткені, осы университеттің бірінші студенттерісіңдер. Әрине, жаңадан құрылған университетте біраз қиындықтар болады, одан қорықпаңдар, көмектесеміз. Қайта қиындықпен, еңбекпен келген нәрсе құнды болады. Жақсы оқыңдар, тәрбиелі, отансүйгіш азамат болыңдар», – деді. Университеттің даму жолындағы өте маңызды шешім еді бұл. Кортеж жүріп кетті, әуежайда Президент көмекшісі Хайролла Қабжановқа жолығып, төрт тілде – қазақша, орысша, ағылшынша, түрікше жазылған ұсынысымызды қолына аманат етіп тапсырдым. Ертеңіне туысқан екі ел басшылары Мазмұндамаға қол қойғанын теледидардан көрсетті, яғни 1 маусымдағы ресми газеттерге басылады, ал газеттер Түркістанға 1-2 күн кешігіп келеді. Сондықтан 1 маусым күні таңертең Алматыда тұратын досыма телефон соғып, нәтижесін білдім. Газетке басылған Мазмұндамада біздің университетке Халықаралық мәртебе берілу туралы өзіміз ұсынған текст бір пункт

болып, өзгеріссіз басылыпты. Қуанышта шек жоқ, төбеміз көкке жете қуандық. Университеттің жарқын болашағына деген сенім нығайды.

Қаз тұрудың қиындықтары

Бұдан кейінгі ұйымдастыру жұмыстары да оңай болған жоқ. Қаншама бюрократтық қиыншылықтарды шыдаммен еңсеру керек болды, Түркия Үкіметінің талай кеңселерінің есіктерін тоздырдық. Қазақстанның Түркиядағы елшісі Қ.Саудабаев және Қ.Сарыбаев біздің келісімшарттарға қол қойылуына көп жәрдем берді. Жарты жылдан соң Үкіметаралық келісімге және жарты жыл өткен соң университет Жарғысына қол қойылды. Екі мемлекет үшін де бұл білім саласындағы жаңа жол еді. 1993 жылы халықаралық университеттің тұсаукесері болды, оған Н.Назарбаев Түркия Президенті Т.Өзалмен бірге келді. Бұл тойға бүкіл Түркістан жұртшылығы қатысты.

Университет қалашығының құрылысы 1995 жылы, бірінші іргетасы Н.Назарбаев пен С.Демирелдің қатысуымен қойылды. Мен ол кезде Елбасының шақыруымен Білім министрі болып істеп жүрген едім. Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасымен Түркияға барып, университет қалашығын салудағы теңдей қаржы бөлу мәселесін оңтайлы шештік. Ол жоба бойынша Түркия тарапы Қазақстаннан қаржы талап етпей, өз үлесін сала беруі керек. Сол жоба бойынша Түркиядан кері қайтпайтын 100 млн. АҚШ долларына тең қаржы бөлініп, университетке 30 ғимарат салынды.

Түркістанның 1500 жылдық мерейтойына дейін университет ірі университеттер қатарына қосылып, олардың алдыңғы шебіне шықты, 600-ден астам оқытушы, олардың 93-і ғылым докторы, профессор, 276 ғылым кандидаты болды. Жер серігі арқылы істейтін университеттің «бейнеконференция» аудиториясы студенттерге бірінші дәрістерін оқып, Н.Назарбаев пен С.Демирел ашты. Арасы мыңдаған километр болатын екі қаладан бір-бірін көріп сұхбаттасты.

Университеттің студенттері Түркістаннан басқа Шымкент, Кентау, Тараз, Алматы бөлімшелерінде білім алуда. Бар жерде сабақ қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдерінде өтеді. Мұнда түркі әлемінің 6 мемлекетінен, Ресей Федерациясының 6 автономиясынан және тағы басқа жерлерден келген студенттер дәріс алады. Мұның астарында терең мағына жатыр. Өз тілін болсын-болмасын ана сүтімен бойына сіңірген қазақ жастары болашақта әлемнің кез келген мемлекетіндегі білімді де білікті кадрлармен, мамандармен иық тірестіре алады. Осы университетті ашудағы бастапқы мақсатымыздың өзі де тәуелсіз мемлекетіміздің мәртебесін зайырлы, көкірегі ояу азаматтары арқылы әлемге таныту және түркі дүниесінің балаларын, яғни болашақ ірі азаматтарын достастыру болатын. Сондықтан ұстаз-ғалымдарды іріктеп таңдауда да жершілдік-жікшілдікке, тамыр-таныстыққа жол бермеуге тырыстық. Ғылым докторлары, профессорлар – Б.Жаңабаев, А.Ищанов, Б.Байтанаев, Л.Тәшімов, Ө.Есалиев, Ж.Оңалбек, С.Мәдуанов, С.Тәшенов, Т.Ағдарбеков, С.Шалқаров, Ж.Шалқарова, Е.Бекмұратов, Р.Вахидов, А.Баешов, А.Баешова, Р.Бердібай,

Ө.Мәдиев, Е.Есенов, И.Байдәулетов, Р.Сейтметов, Б.Керімбеков, Қ.Байжігітов және басқалар оқу-тәрбие және ғылыми жұмыстардың іргесін қалауға орасан еңбек сіңірді.

Бұл ғана емес, университетіміз халықаралық мәртебеге ие болған соң әлемдік білім үрдістерін, ғылым мен білім жаңалықтарын кеңінен қамти отырып қалыптастыру үшін ұйымдастыру жұмыстарын түркиялық әріптестеріміз де ойдағыдай орындады. Атап айтқанда, Н.К.Зейбекпен бірге, А.Чай, М.Сағлам, К.Гюрюз, С.Хекимоглу, Б.Жордан, У.Тазебай, О.Кавунджи, З.Башкан, Ф.Будах, С.Хизметли, Г.Чандароғлу, А.Ювалы және басқалар университеттің оқу бағдарламасының әлемдік стандартқа сәйкес келуіне, оқу үдерістерін тың тақырыптармен байытуға елеулі үлес қосты. Осының нәтижесінде қазір университетіміздегі экология, электрхимиясы, археология, жоғарғы математика мамандықтары бойынша әлемдік талаптар деңгейінде зерттеулер жүргізіледі.

Бастапқы кедергілер мен қиыншылықтарды осылайша күш біріктіру арқылы жеңіп шықтық та, ғылыми дәрежелері бар кадрлар құрамын арттыру мақсатында магистратура және аспирантура аштық. Бұған қоса диссертацияларды университеттің өз қабырғасында қорғатуға жағдай тудыру үшін социология, әлеуметтану және қазақ әдебиеті мамандықтары бойынша арнайы диссертациялық ғылыми кеңестер құрылды. Осы мақсатта, яғни университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандырып, жетілдіру үшін шетелдік 30-ға жуық жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланыс орнаттық.

«Екі тіл білген – екі адам» дегендей, тіл – халықаралық қатынастың ерекше құралы. Университетті үздік бітіргендерді магистратураға қалдыру кезінде олардың бір шет тілін (негізінен – ағылшын) терең білуі талап етілді. Орайы келгенде айта кетейін, мәселен, шығыстану факультетінде дінтану (философия) мамандығы бар. Біреулер ойлайтындай, бұл мамандық бойынша мешіттер үшін имам, молдалар емес, діндерді ғылыми-философиялық тұрғыдан талдай алатын, діннің даму тарихына жетік, оның түрлі ағымдарын, ерекшеліктерін білетін мамандар дайындалады және оларға қосымша араб тілінің мұғалімі дәрежесі беріледі.

Өкінішке қарай, 2001 жылдан кейін университет қалашығының құрылысы тоқтап қалды. Медицина орталығы болатын ғимараттың жартысы бітпей тұр, бас корпусстың орны әлі қазулы күйінде жатты. Бірақ экономикасы күн санап өсіп келе жатқан мемлекетіміз университеттің қалашығын толығымен салып бітіре алатынына ешбір күмән жоқ. Кезінде Ұлттық ғылым академиясының көмегімен, академик И.О.Байтулиннің басқаруымен оның жобасы тегін жасалып берілген, студенттер мен мұғалімдер өз қолдарымен отырғызған Ботаникалық бақ та гүлдене түсіп, пайдалы рөл атқаруда. Ол университеттің 300 гектар тың жерінің 100 гектар кеңістігін алып жатыр.

Университеттің алғашқы қадамдарының өзі нәтижелі болды. Біздің студенттеріміз ғылыми конференцияларда жүлделі орындарды иеленді. Көркемөнерпаздықта, эстрадада университет студенттері Алтынай Жорабаева, Гүлмира Баймұратова, театрда А.Абжалова, М.Оразметов, «Тұран» би тобы; спортта

Сидней олимпиадасының чемпионы Б.Саттарханов, күміс жүлдегері М.Ділдәбеков, 4-орын алған Б.Домбай, үш дүркін республика чемпионы болған қыздар баскетбол командасы, Азия чемпиондары Қ.Шағатаев, Н.Сманов, М.Айтжанов, В.Исабаева, Қ.Шубаев, белгілі айтыскер-ақын Бекарыс Шойбеков және т.б. талантты жастар университет қабырғасынан жақсы тәрбие алып, бүкіл республикаға танымал болды.

Жалпы айтқанда, қаланың гүлденуіне, әсіресе, өсіп келе жатқан жастар үшін университет өте зор рөл атқарды. Түркістанның қайтадан дүние жүзіне танымал болуына да университет пен онда жиналған зиялы қауым, ірі ғалымдар үлкен ықпал жасады. Қаланың 1500 жылдық мерейтойы да келгендерді әсемдігімен таң қалдырған университет қалашығында, мәдениет сарайында өтті. Бұл елімізге үлкен абырой берді.

Алматыда өткен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының кеңейтілген мәжілісінде сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев: «Алдағы жиырма бірінші ғасыр қазақ халқының жұлдызы жанатын ғасыр болатынына сенемін. Құдай қазаққа қырын қарамаған: пейіліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген. Қазақтың жерінде дәулетті де сәулетті өмір орнауына қажетті жағдайдың барлығы бізде бар. Бұл үшін біз ең алдымен елдегі тыныштықты сақтай алуымыз керек, ерінбей-талмай еңбек етіп, экономикалық қуатымызды жаңа заманға сай қайрап, шыңдап, ширатып шығаруымыз керек», – деген болатын. Иә, туған елімізде, қазақ жерінде ғасырлар тоғысында жарқын болашаққа барар жолда тамаша істер жүзеге асырылуда. Тәуелсіздік туын көкке көтерген Қазақ елінің, күллі түркі халықтарының тағдырын ғылым мен білімге иек артқан қазіргі жастар белгілейтін болады. ХХІ ғасырдың білім мен ғылым ғасыры болатынына ешкім де күмән келтіре алмайды. Он бес жылдық белестен асып, жарқын болашаққа нық сеніммен қадам басып бара жатқан бүкіл түркі халықтарының ортақ оқу орны – Халықаралық қазақ-түрік университеті түлектерінің тәуелсіздігімізді баянды ете отырып, халқымызды жаңа заманға сай қайрап, шыңдай түсуге, бәсекеге қабілетті 50 ел қатарына қосылуға лайықты үлес қосарына ешбір күмән жоқ.

«Егемен Қазақстан», 2006 жылғы 6 маусым

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ДОСЫ

Өткен ғасырдың 50-жылдарының аяғында Украинаның Днепродзержинск қаласындағы металлургиялық техникумда оқып жүрген Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ украин баласы Николай ЛИТОШКОМЕН дос болған екен. Елбасымыздың бозбалалық өмірінен кейбір сәттерді айтып беруін өтініп, онымен әңгімелесуге, естеліктерін жазып алуға журналистер қауымы құмар-ақ. Біз де соның бірі болып, қазір Қазақстанда тұрып жатқан Николай ақсақалды әңгімеге тартқан едік.

– Николай Ильич, әңгімемізді алдымен Нұрсұлтан досыңызбен қалай танысқаныңыздан бастасақ...

– Бұл оқиға 1958 жылы болған еді. Мен ол кезде Ф.Э.Дзержинский атындағы Днепропетровскінің Днепродзержинск қаласындағы металлургиялық зауытында жұмыс істейтінмін. Халық арасында оны «Дзержинка» дейтін. Бұл металлургия зауыты XIX ғасырдың аяғында Днепрдің жағасындағы Каменское деген селоның түбінен бой көтерген екен. 1917 жылы Каменское селосы қала мәртебесін алған, ал 1936 жылы оған төңкеріс көсемдерінің бірі Ф.Э.Дзержинскийдің есімі беріліп, қала Днепродзержинск деп аталады. Осы «Дзержинканың» шойыны ол кезде одақта ең арзаны болатын. Зауыттың озық тәжірибесін үйренуге, металлург мамандығын алуға сонау Қытайдан да жастар келіп жататын еді. Сондықтан өзіміздің одақтас республикалардың бірі Қазақстаннан да осындай мақсатпен жастардың келгеніне бізде ешкім таң қала қойған жоқ.

Мен жұмыстан бос уақытымда зауыттың мәдениет үйінің қасынан ашылған күрес секциясына қатысатынмын. Айта кететін жәйт, ол кезде спортқа қатты көңіл бөлінетін еді ғой. Жалғыз күрес емес, бокс, гимнастика, би секциялары да жұмыс істейтін. Маған қара күшке көбірек мән берілетін күрес ұнады да соған қатысып жүрдім. Денем де ширап, күрес әдістеріне әжептәуір машықтанып қалған кезім еді. Бір күні жаттығуға барсам бұрышта ашаң өңді, қой көзді, азиялық келбетті бір бозбала тұр. Ол біздің дене қыздырып жүрген жаттығуымызды тамашалап, ұзақ уақыт қарап тұрды. Жаттықтырушымыз Лев Рудольфович Ежевский деген тамаша адам еді. Бозбала алдын-ала онымен әңгімелескен болуы керек, бір кезде жаттықтырушы оны кілемге шақырып, мына жігітпен күресесің бе деп мені нұсқағанда манадан соны күтіп тұрғандай ол қуанып кетіп, киімін шешіп тастап, менімен ұстаса кетті. Басында оны опонай ұйпап тастармын деп ойлап едім, бірақ қос жауырынымның жерге қалай тигенін де білмей қалдым. Қапыда кеттім деп қайта алысып едім, тағы да шалқамнан түсірді. Әдісі де, күші де мықты екен...

– Нұрекең өзінің «Әділеттің ақ жолы» деген кітабында осы оқиғаны еске алып, үстімде спорттық киімім де жоқ еді, апам тігіп берген ақ дамбалмен күреске шыға келдім дейді ғой. Оның киіміне күлген шығарсыздар?

– Қайдағы... Ол кезде біреудің киіміне біреу күлетіндей жағдай бар ма? Өзіміз де қырық жамаулы трикомыздың тесігінен жалаңаш етіміз жылтылдап жүретінбіз. Соғыс зардабы әлі кете қоймаған кез ғой, ешкімнің иығы бүтінде-ліп үлгере қоймаған шақ болатын...

Жаттығудан соң бейтаныс балуанмен танысып, оның атын білдім. Нұрсұлтан бала жасынан қазақша күреспен айналысқан жігіт екен, оның әдістері біз үшін үлкен жаңалық болды. Бәріміз де оған қызығып, тезірек үйреніп алуға тырыстық. Сөйтіп, жаттығуда кездесіп жүріп жаттық. Нұрсұлтан кісіге жақын, ақжарқын жігіт болып шықты.

– Күреске ол жалғыз келіп жүрді ме?

– Иә. Қасындағы қазақстандық жігіттер спорттың басқа түрлеріне қатысатын еді. Мәселен, Жұман боксқа, Қабидолла жеңіл атлетикаға баратын, тағы біреулерінің би секциясына барып жүргенін көрдім. Бойында өнері бар бір қазақ жігіті «Дніпро» деген ансамбльдің құрамында ән айтып, бәрімізді өзінің тамаша даусымен тамсандыратын еді. Қысқасы, кім қайда барғысы келсе де жол ашық болды ғой.

Біз Нұрсұлтан екеуміз жаттығудан шыққан соң әр түрлі тақырыпта әңгімелесіп жүретінбіз. Ол күлдіргі әңгімелер айтуға шебер еді. Неше түрлі оқиғаларды қызықты етіп баяндап беретін. Тыңдаған жан оның қасынан кете алмайтын. Біздей емес, ол көп оқиды, көп ұғады. Бір нәрсенің соңына түсіп, қашан анығын білгенше тыным таппайды. Және соған өз тарапынан баға беріп, ой түйіп жатады.

Бір күні әңгімеміз ұзаққа кетіп, қараңғы түсіп қалғанын білмей қалыппыз. Күн жұма болатын, сенбі күні Нұрсұлтанға сабақ жоқ. Біздің үй мәдениет сарайына жақындау жерде орналасқан Романково деген поселкеде еді. Ал Нұрсұлтан зауыттың жанындағы училищенің жатақханасында тұрады. Оған трамваймен ғана баруға болады, ал бұл кезде ол тоқтап қалған. Үлкен қалада Нұрсұлтанға жаяу бара қою оңай емес, сондықтан мен оны үйіме шақырып, біздің үйге барып қона салайық дедім. Әрине, Нұрсұлтан сыпайылық сақтап, жеті түнде бұрын көрмеген жерге жетіп барғаным ыңғайсыз болар деп көнбеді. Бірақ досымды жалғыз жіберсем бірдеңеге ұрынып қалар деп қорыққандықтан мен барымды салып, оны көндіруге тырыстым. Менің әкем зауыттың техникалық жабдықтау бөлімінде істейтін. Кейде барған жерінен кеш келіп қалады, сондайда бірге жүрген экспедиторлар, шоферлар үйімізге жиі қонып кетіп жүретін. Сондықтан шешем қонақ күтуге әбден үйренген еді. Нұрсұлтанға соның бәрін айтып, әйтеуір өзгердім-ау...

Содан Нұрсұлтанды алғаш рет үйге алып келдім. Сол күні әкем үйде жоқ, шешем жалғыз ғана болғаны есімде. Ол есіктің көзінен қарап, досымды қытай екен деп ойлап қалыпты. Өйткені, біздің қалада қытайлар көп оқитынын жоғарыда айттым ғой. Үйге кірген соң Нұрсұлтан үлкен кісілерше ізет көрсетіп, оған қол беріп амандасты. Екеуінің әңгімелері де бірден жарасып кетті. Шешем оның көзін ала беріп маған: мына қытайың орысша ағып тұр ғой дейді. Мен оған Нұрсұлтанның қытай емес, қазақ екенін айтып жатырмын. Кешегі соғыста біздің жерімізді қорғасқан қазақтар бар емес пе, Нұрсұлтан солар-

дың жерлестері деймін. Басқыншылардың зардабы әбден өткен шешем құтқарушыларға бір жақындығы бар адам көрсе жаны қалмай құрметтейтін. Айта кететін жәйт, атақты Жамбылдың баласы Алғадай біздің қаланың маңындағы Синельниково-2 деген поселкеде қаза тапқан болатын. Кезінде Жамбыл ақынның атағы Одақтың барлық түкпірінде де дүрілдеп тұрды ғой. Сондықтан біздің поселкенің тұрғындары оның баласының осы жерді қорғап қаза тапқанын жақсы білетін және оның есімін құрмет тұтатын. Мен шешеме Нұрсұлтанды Жамбылдың жерлесі деп едім, ол тіпті қуанып қалды. Нұрсұлтан да өзін барынша салмақты ұстап, үлкен кісімен байсалды сөйлесіп отырды. Екеуміз шешемнің маған сақтап қойған тамағын бөліп жеп, ұйқыға кеттік. Ертесіне жұмысқа баруым керек болғандықтан мен ерте тұрдым. Өйткені ол кездегі жұмысшылар сенбі күні де жұмыс істейтін. Ал Нұрсұлтандарға ол күні сабақ жоқ болатын, шешем қонақты ұйықтай берсін, кешірек оятармын, жақсылап дем алып кетсін деді. Сонымен мен жұмысқа кетіп қалдым.

Шешемнің қолының аздап ісмерлігі де бар еді. Өзінің «Зингер» атты ескі неміс мәшинесімен ол біздің барлық киімдерімізді жамап беретін. Сол әдіспен Нұрсұлтан оянғанша оның да киімдерінің жыртылған жерлерін жөрмеп, өтектейтінін өтекеп, тәртіпке келтіріп қойыпты... Нұрсұлтанның кісіге жақын, шыншыл да ақжарқын мінезін ол да бірден ұнатқан болуы керек. Сенің шешең алыста, үстіңе қарайтын адам жоқ, кейде қарның да ашып қалатын шығар, біздің үйге келіп жүр, мен жыртылған жерлерің болса жамап беремін, үйдің ыстық тамағын да ішіп отырасың депті.

– Шешеңіздің аты-жөні кім еді?

– Марқұмның аты-жөні Екатерина Карповна болатын... Ол барынша қарапайым аналардың бірі еді. Оқығаны, білімі болмаса да жүрегінің жылылығымен адам жанын түсініп, жұрттың бәріне көмек қолын созғысы келіп тұратын. Сондай аналық сезімі Нұрсұлтанға дегенде бірден иіп қоя берді. Сол алғашқы күннен бастап ол досымның біздің үйге келіп тұрғанын қатты қалап еді. Сенбіге жақындағанда ертең Нұрсұлтан келеді деп дайындала бастайтын. Украинның борщын, дәмі тіл үйіретін самсаларын ол өзінің «екінші ұлына» дайындай бастайтын. Шын мәнінде ол біздің үйдің екінші ұлы болды. Өзінің кітабында Нұрсұлтан Әбішұлы бұл туралы үлкен сағынышты сезіммен жазыпты ғой...

«Литошқолардың жұмысшы семьясы Днепродзержинскінің шет жағындағы өз үйлерінде тұратын. Мен олардың үйіне күн сайын дерлік жиі барып тұратынмын. Жексенбі күндерін құр жібермейтінмін. Кейде қазақстандық жолдас-тарымды да ерте баратынмын. Досымның анасы бәліш пісірудің шын шебері екенін айтуым керек. Ол бәліштердің дәмі әлі күнге аузымнан кетпейді. Шама-сы, ол кезде өмірімде одан дәмді еш нәрсе жемеген болуым керек...» («Н.Назарбаев: Әділеттің ақ жолы» кітабынан, А, «Қазақстан», 1991 жыл, 52-бет).

– Сіздер бірге қыдырып, қыздарға да бірге барып жүрген шығарсыздар?

– Оған сөз бар ма? Қызсыз қандай қызық болушы еді? Біз би алаңына да бірге баратынбыз. Айта кететін жәйт, ол би алаңында да ешкімге дес бермейтін. «Алюминовый колокол» атты би алаңында Нұрсұлтан сол жылдары

сәнді болған вальс-бостон, чарльстон түгілі чечетканың өзін тамаша билейтін. Украинның тұңғыық қара көзді сұлу қыздары оған жанарларын төңкеріп, ұрлана қарап тұратын. Басқа қазақ жігіттері де біздің бикештермен шыр көбелек айналып билеп жататын еді. Сол кездегі тәртіптің, бауырмалдықтың күштілігін содан біліңіз, қыздарға қазақ жігіттері биге шақырса, міндетті түрде шығу керектігі тапсырылған болатын. Әйтпесе елінен алыс жүрген қазақ ағайындар ренжіп қалады, олар біздің досымыз, ағалары мен әкелері кешегі соғыста Украинаны қорғады. Сондықтан сендер оларды ренжітулеріңе болмайды деген тапсырма берілген еді. Сөйтіп, кейбір кердеңдеген, асқақ мінезді сұлу қыздардың өзі украин жігіттерімен билегісі келмесе де, олар шақырса, амалсыз шығып, ұршықша үйірілетін. Сондықтан да шығар, сол кезде оқуға барған қазақ жігіттерінің бәрі Украинаны ыстық сағынышпен еске алады. Би алаңынан туған махаббат оты да кейбіреулерді шарпып өтті. Үш-төрт қазақ жігіті үйленіп те кетті. Әрине, жасындай жалтылдаған Нұрсұлтан мұндайдан тыс қалушы ма еді? Бір сұлумен ол да көңіл қосып жүретін. Люся Кальныш деген сол қыз артынан өзінің Нұрсұлтанмен Қазақстанға кетпегеніне қатты өкініпті ғой. Украиндық журналистер В.Базарянинов пен Н.Цыганоктың бір очеркінде Люсяның шешесіне айтқан сыры бар. Соған қарағанда қыз жігіттің көңілін қалдырғанына қатты өкінеді екен.

(Біз де ол мақаланы оқып шықтық. Орыс тіліндегі нұсқасымен қыздың шешесіне айтқан сыры мынадай екен: «Знаешь, мама, все как у Есенина «большое видится на расстоянии». Перечитала письма от многих из тех, кто за мной ухаживал. И только от одного человека они поразили меня до глубины души. Какие мы, девчонки, все-таки глупые. Ведь из каждой строчки, написанной Нурсултаном, дышит глубокая, верная и большая любовь. А я все мечтала о чем-то призрачном...»)

– **Досыңыздың жатақханасында да талай рет болған шығарсыз...**

– Тіпті күнде деуге болады. Олардың жатақханасы 8-ші ПТУ-дың ішінде болатын. Ал ол зауыттың дәл жанында ғой. Мен жұмыстан шыққан бойда міндетті түрде Нұрсұлтанға соға кететінмін. Олар екі ярусты кереуеттермен жабдықталған бөлмелерде тұрды. Бір бөлмеде 12 баладан жатты. Нұрсұлтан мұнда да бәрінің серкесі еді. Біз осы жатақханада туған күндерді, мерекелерді бірге тойлайтынбыз. Ол домбырамен өлең айтса, басқалар дереу жиналып, оның жақсы әнін тыңдайтын. Сабақты да Нұрсұлтан бәрінен жақсы оқыды. Топ жетекшісі оны староста қылып тағайындап қойған еді... Денсаулығы да, білімі де жақсы болғандықтан, оны домна пешінің дәл қасында істейтін горновойлыққа қабылдаған болатын, ал ол оқу екі жыл. Қазақстаннан келген жігіттердің көбісі оған жарамады. Құрыш қайнатушылар мен прокатчиктердің оқуы бір-ақ жыл болды. Училищедегі оқу өндірістегі практикамен жалғасып отыратын, сондықтан қазақ жігіттері зауытта жиі болып тұрды. Қазақстанның салқын самалы ескен кең даласында еркін өскен ауыл жастарына зауыттың буы бұрқыраған ыстық цехтарында, от шашқан мартен пештері, гүрілдеген паровоз, салдыр-гүлдір еткен вагондардың ортасында жүру оңай болған жоқ. Олардың кейбірінің жүйкесі шыдамай, есінен танып құлағандары да болды.

Нұрсұлтан салқын сабырмен, оларды жігерлендіріп, қайрат беріп отырғанын білемін. Ол барынша намысқой әрі батыл жігіт еді. Жолдастарының жігерін жанып, ұлтын ұятқа қалдырмауға шақырып отырғанын талай естідім. Оның училищедегі мастері Дмитрий Изотович Погорелов балалардың бәріне баға бергенде Нұрсұлтанға сен Қазақстанның Министрлер кеңесінің төрағасы боласың деген екен. Осы сөздің кейін дәл келгеніне бәріміз таң қалдық. Бірақ сол кездің өзінде оның бойында үлкен ұйымдастырушылық қасиет пен көшбасшылық дарын бары бірден көзге ұрып тұратын еді. Ол тіпті доп ойнағанда да бәріне төреші болып, жұрттың бәрін өз ақылымен өргізіп, тұрғызатын.

Нұрсұлтан Әбішұлы да кітапта өзінің алғашқы тәлімгерлерінің бірі Дмитрий Погореловті былай деп жылы еске алады: «...өзімізді дербес өмір жолына қолымыздан жұлқылап емес, арқамыздан қағып, қолдау көрсете отырып алып шыққан тәжірибелі металлургтердің есімін құрметпен еске алмауға болмайды деп ойлаймын. Солардың ішінде Д.И. Погорелов секілді адамдар біздің шын мәніндегі тәлімгерлеріміз болды...» (54-бет).

– Сол кездердегі бір қызық оқиға есіңізде ме?

– Қазір есіме түсе қоймайды ғой. Жалғыз-ақ өзінің айтқан бір күлдіргі әңгімесі ойыма келіп тұр. Топта орыс тілін ең жақсы білетін Нұрсұлтан екен. Оны енді өзіміз де көріп жүрдік. Қазақ-орыс аралас мектебінде оқыған ол қазақша оқыса да орыс тілінде тамаша сөйлейтін. Украин тілін де еркін меңгеріп алды. Оқуға келген балалардың көбі орысшаны мүлде түсінбейтіндер еді. Сабақ айт деп ондайларды тақтаға шақырса, Нұрсұлтан аудармашы ретінде бірге шығады екен. Шақырған бала сабақты қазақша да айта алмай тұрса, Нұрсұлтан әйтеуір бірдеңені айта бер, тым болмаса кеше не істегеніңді айт дейді екен. Ал өзі мұғалімге ананың жауабы деп сабақты айтып беретін көрінеді. Бір күні кеше не істегеніңді айта бер деген бала кинотеатр деген сөзді қосып қалады. Басқасын түсінбесе де арнаулы технология деген пәнде ондай сөздің болмайтынын білетін мұғалім қулықты біліп қалыпты...

– Өзіңіздің отбасында шешең екеуіңізден басқа тағы кімдер болды?

– Зауыттың жабдықтау бөлімінде істейтін әкем Илья Григорьевич және Ольга Ильинична деген әпкем болды. Ольга Мәскеу мемлекеттік университетіне оқуға барып, алған балы жетпей, конкурстан құлап қайтып келген еді. Мектепті ол да жақсы оқыды. Екеуі де жақсы оқығандықтан шығар, оның да Нұрсұлтанмен әңгімесі таусылмайтын. Қазір Кишинев қаласында тұрады. Отбасы, бала-шағасы бар. Ал әке-шешем о дүниелік болған.

Біздің үйіміз поселкедегі сол кездегі барлық үйлерге ұқсайтын. Аумағы 64 шаршы метрдей еді. Бірақ есіктің алдындағы бақшамыз үлкен болатын. Өйткені төңірегіміздегі 6 үйге соғыста бомба түсіп, жермен-жексен болып кетіпті. Біз сол үйлердің орнын көп уақыт бақшаға айналдырдық. Ол кездегі халық бір-бірімен бауырмал болушы еді ғой. Біз де көршілерімізбен жақын араласып тұрдық. Нұрсұлтанды төңірегіміздегілердің бәрі де жақсы білді. Оның әрқашанғы әдепті жүріс-тұрысын, ұқыптылығын, еңбексүйгіштігін олар өз балаларына үлгі қылып отыратын. Сенбі-жексенбіде келгенде Нұрсұлтан біздің бақшадағы жұмыстарымызға да болысып, тынбай еңбек ететін еді.

– Сонымен досыңыздың училищені бітіретін уақыты да болған шығар...

– Иә, сол күнгі қоштасу сәті әлі күнге менің көз алдымда. Жұмыстан шыққан соң қасымда бірге істейтін екі-үш жігітпен Нұрсұлтанның жатақханасына бардық. Арасында кейін менің баламның кіндік атасы (күм) болған Иван да бар. Ол Сәкен деген жігітпен дос болған еді. Келсек жігіттердің бәрі де буынып-түйініп қойыпты, қолдарына аттестаттарын алып, елге кетеміз деп көбісі қуанып отыр. Маған қуану қайда, уайымдап жүрмін. Алдын-ала келісім бойынша Нұрсұлтанды жанындағы төрт-бес жігітпен бірге біздің үйге алып келдік. Шешем де дайындалып қойған екен, үстелдің үсті украинның дәміне сіресіп тұр. Содан түні бойы отырып шығарып салу кешін жасадық. Осы кеште нелер бір әдемі әндер, күлкілі әңгімелер айтылды. Бәріміз де мәз-мәйрам болдық. Көп өлең айта қоймайтын шешем де, Ольга да Нұрсұлтанның сұрауымен бірнеше украин әндерін айтып берді, оның өзі де бізге домбырамен тамаша қазақ әндерін орындап беріп еді. Дауысы да әдемі болатын.

Ертесіне шешемнің берген буыншақ-түйіншектерімен вокзалға келдік. Ол жігіттерге жолға жететіндей қылып бәліш салып берген еді. Дәл кетерде Нұрсұлтанды құшақтап, әбден бауыр басып қалып едік, енді сені сағынамыз ғой, бізді ұмытпа деп көзіне жас алғаны да есімде. Кетерінде Нұрсұлтан құшақтап тұрып мені ешқашан да ұмытпайтынын айтқан еді. Осы сөзін ол өмір бойы есінен шығармай келеді.

Арада бірер ай өткенде Нұрсұлтаннан хат келді. Ол өзінің Қазақ магниткасы атанған Теміртаудағы Қарағанды металлургиялық зауытына орналасқанын жазыпты. Мені де өзінің қасына шақырыпты. Жасымнан романтик едім, Нұрсұлтанның елін, атағы бізге естіліп жатқан Теміртауды көргім келді. Сөйтіп Қазақстанға бармақ болдым. Анам маған: басқа біреу шақырса жібермес едім, бірақ Нұрсұлтанның шақырғанына бар. Ол сені жалғыз тастамайтынына, ұятқа қалдырмайтынына сенемін деді. Сөйтіп, мен де досымның соңынан Қазақстанға жол тарттым...

Екеуміз біраз уақыт бірге жұмыс істедік. Қазақстан магниткасында алғашқы құрышты бірге қорыттық. Ол күндер біздің жастығымыздың қимас, ыстық шақтары еді ғой. Сосын мен Майқұдықтағы ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесіне оқуға түстім. Шынымды айтсам маған ауылдағы қазақтардың тұрмысын көру қызық еді. Айтып тұрмын ғой романтик едім деп, содан механизатор болып ауылға кеттім. Ол кезде Қазақстанның тыңын көтеру жержаһанды жарып тұрған болатын. Мен де сол іске араласып, Нұра кеңшарында механизатор болып істеп, үлкен Тыңға да өзімнің үлесімді қостым.

– Досыңызбен қатынасыңыз үзіліп кеткен екен ғой. Ол Теміртаудағы металлургиялық зауытта қалды емес пе?...

– Иә, мен тракторист болып жүргенде Нұрсұлтан зауытта қала берген. Ұмытпасам сол кезде ол Теміртаудағы жоғары техникалық оқу орнының кешкі бөліміне түсті. Мен болсам шаруа болып, ауылда жұмыс істеп жаттым. Сол кезден есімде бір оқиға қалып қойыпты. Бізбен бірге ауғанстандық жігіт жұмыс істеді. Ол сәби кезінде шешесімен КСРО-ға өтіп кеткен екен, бірақ тағдырдың жазуымен одан адасып қалып, Қазақстанның солтүстігінен бір-ақ шығыпты. Екеуміз Өзбекстанның, Тәжікстанның, Түркіменстанның газеттеріне

хат жазып іздеу сала жүріп, оның шешесін тауып алдық. Сондағы жас жігіттің қуанғанын көрсеңіз ғой. Түнімен ұйықтамай ертесіне шешесі тұратын Өзбекстанның бір түкпіріндегі қыстаққа шығарып салып едік...

Содан... бір күні мені әскерге шақырды. Комиссиядан өтіп, әскерге алына-тын болған соң мен қоштасып кетейін деп Теміртаудағы Нұрсұлтан-дарға соқ-тым. Бұл кезде ол Сараға үйленген. Жас отбасы мені жақсы қарсы алды. Әлі есімде, үйінде Сатыпалды деген інісі де бірге тұрды. Сөйтіп, мен әскерге Нұрсұлтанның отауынан аттандым. Сара түнімен ұйықтамай менің жолыма тамақ дайындап, жолдорбама бауырсақ пісіріп салғанын әлі күнге ұмыт-паймын.

Әскерде Архангельск облысында болдым. Бастапқы жылы Нұрсұлтаннан хат алып тұрдым. Сәбилі болдық, бір қыз бала өмірге келді деген хат алғаным есімде. Одан әрі тағдырдың жазуымен арамыз алыстай берді. Ол отбасы бар адам, мен әлі бойдақпын, оның үстіне арамыз да қашық, жасымыздың есейгені бар – әйтеуір бәрі қосылып қатынасымыз үзіліп кетті...

Әскери борышымды өтеп болған соң сол аймақта қалдым. Бірнеше жыл Ленинградта жұмыс істедім. Сосын шешемнің науқас екенін естіп, туған жерге оралдым. Баяғы өзім істеген зауытқа қайтадан тұрып, құрышшы болып ыстық цехта жұмыс істедім. Үйленіп, балалы болдым. 1990 жылы ыстық цехтың өтілімен зейнет демалысына ерте шықтым...

– Досыңызбен қайтадан қалай кездестіңіз?

– Мен Нұрсұлтанның әйтеуір бір үлкен басшы, ірі тұлға болатынына сенетінмін. Бірақ дәл сондай биіктен көрермін деп ойламаған едім. Ол кезде бүкілодақтық телевизия жалғыз еді ғой. Содан халық депутаттарының съезін қызығып көретінбіз. Бір күні азиялық республикалар делегациясының арасынан біреу сөйлеп жатты. Сөздері батыл, ұғынықты әрі жігерлі дауысы жарқын шығып тұрды. Бір жерден естіген таныс дауысым сияқты. Теледидарға жақын барып қарасам... баяғы өзімнің Нұрсұлтаным... Айғайлап жіберуге шақ қалдым. Сөйтсем, ол Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің Төрағасы болған екен. Мен досымның жетістігіне қатты қуандым. Үй-ішіме оның баяғы мастері Дмитрий Погореловтің сөзін айтып жатырмын. Қысқасы, сол күні біздің үйде шағын той болды. Нұрсұлтанды танитын жолдастарымның үйлеріне де хабарласып, әйтеуір түнімен ұйықтамадық қой. Бірақ досыма хат жазып жіберуге батылым бармады. Өйткені мен қарапайым жұмысшымын, ал ол бір елдің үкіметін басқарып отырған адам. Оның мендей достары көп шығар, бәлкі мені ұмытып та қалған болар деп ойладым. Сонымен уақыттар өтіп жатты. Біздің отбасы орталық газеттер мен теледидардан Қазақстан туралы хабарға елеңдеп отыратын болды. Тағы бірде орталық газеттердің бірінен Қазақстан КП Орталық комитетінің пленумы болып, Нұрсұлтан Назарбаев бірінші хатшы болып сайланды дегенді оқыдым. Бұл жолы батылдығым ұстап, оны құттықтап, жеделхат салып жібердім. Бірақ оның барған-бармағанынан хабарым болмады. Мен секілділер ол кезде бәлкі көп болған шығар.

Көп ұзамай ол Қазақстанның Президенті болып сайланды. Одақтық аренадағы алғыр, ойлы, өрісті саясаткерге айналды. Бәрі де онымен санасып,

сыйлайтын болды. Одан Нұрсұлтан Әбішұлы туралы жазылған «Әділеттің ақ жолы» атты кітап шыққанын естідік. Білетіндер онда менің де есімім барын айтысты. Е, ендеше Нұрсұлтан мені ұмытпаған екен деп қуанып жүрдім.

Днепродзержинск қаласындағы тарихи-өлкетану музейінің директоры Нина Александровна Цыганок деген кісімен мен жақсы таныспын. Өйткені мен де өлкеміздің тарихына қатты қызығып, шамам келгенше оның жұмысына көмектесіп жүретінмін. Сол кісінің айтуымен болса керек, бір күні мені қаланың мэрі өзіне шақырды. Ол 1954 жылы туған жас жігіт еді, қаланың үлкен тарихын біле бермейді. Осында Назарбаевтың оқығаны рас па, сіз онымен дос болғаныңыз шын ба дейді. Е, рас, оның соншалықты не ғажабы бар деп қоямын. Қалай ғажап емес, нағыз қызық осы болды ғой деп ол таңғалып жатыр. Ұзамай Украина Президентінің аппаратына да осы жәйді жеткізген болса керек, қысқасы 1994 жылы бізге Назарбаев келетін болды. Украинаның сол кездегі Премьер-министрі Павел Лазаренконың өзі келіп, қарсы алуға дайындықты тексеріп кетті. Мені шақырып, оны қалай білетінімді, дос болғанымның растығын да анықтап сұрап алды. Барлық журналистер, репортерлер де менің соңымда жүр. Өмір бойы қарапайым жұмысшы болып, мұндай көңіл аударуды көрмеген басым қатты сасқалақтап жүрмін. Жақсыдан шарапат дегендей, менің қарапайым халім сөйтіп досымның арқасында бүкіл Украинаға белгілі болды. Атыма жақсы мадақтар, соның ішінде білгір маман, еңбекқор адам, адал азамат, сенімді жолдас дегендер тым көп айтылды. Аяқ астынан басыма келген құрметке отбасым да қуанып жүрді. Сол күндері жергілікті өкіметтен өзімнің жеке басыма бір жеңілдіктер талап етсем де орындар еді, бірақ мен ондай қиядан қисын табатын жылпос адам емеспін. Досымның атын қара басымның қамы үшін ешқашан пайдаланғым келмеді.

Сөйтіп, ұзақ дайындалып жүргенде мәртебелі қонақтың келетін күні де жетті. Шынымды айтсам мен енді қорқа бастадым. Өйткені, осыған дейін досым деп жарты әлемге жария қылып қойып едім, енді Нұрсұлтан мені танымай кетсе не болдым деген екі ұдай сезіммен арпалыстым.

...Сол күні мені техникалық училищеге шақырып, қарсы алушылардың қатарына қойды. Мұнда училищенің директоры И.А.Романенко, Нұрсұлтанды оқытқан қарт мұғалім Н.Ф.Быковская, қала басшылары және басқа да толып жатқан ресми адамдар тұрған еді. Бізге Нұрсұлтан Әбішұлына артық сұрақтар бермеу керектігін ескертті. Өзі бірдеңе сұрамаса, сөзге тартудың да қажетсіздігін айтты. Бұл жәй да толқып тұрған мені тіпті састырды. Енді не де болса көрдім, мен мың градусық құрышты қайнатқанда жүрегім селт етпейтін құрышшы емес пе едім деп өзімді-өзім қайрап қоямын...

Міне, ол маңдайы жарқырап, жанындағы жүздеген адамның арасынан жалғыз өзі ғана көрініп, жан-жағына нұр шашқан дана жүзі барынша күлімдеп, училищеге кіріп келе жатты. Шетте тұрған ресми адамдар оған жапырлап қол беріп жатыр. Бір кезде кейінірек тұрған менімен оның көзі ұшырасып қалды... Сол кезде ол... жанындағы адамдардан сытыла сыпырылып, маған қарай тұра ұмтылды. Мен де шыдап тұра алмадым. Екеуіміздің құшағымыз айқаса кетті... Қанша жерден құрыш қайнатқан мықты болсам да көзіме келіп қалған жасқа ие бола алмай қалдым...

Днепродзержинск – қазіргі өлшеммен қарағанда шағын қала. Сондықтан ол Н.Назарбаев секілді әлемдік тұлғаның өзіне келгеніне үлкен мән берген. Барлық БАҚ оның келу сапарын кеңінен жазған екен. Соның ішінде «Знамя Дзержинки» газеті былай дейді: «Неподдельным было волнение, с которым Президент вновь переступил порог ПТУ, вошел в свою аудиторию на втором этаже, сел за свою парту. Чувства, которые он испытывал, по-человечески близки и понятны каждому, а простота и искренность их выражения не могли не тронуть присутствующих при свидании Н.Назарбаева с его первой «альма-матер». Да здравствуют правители, которые общаются с людьми просто, непринужденно и доверительно...».

– Ал Қазақстанға екінші рет қалай келдіңіз?

– 1995 жылы мені Украинадан Қазақстанға келетін Президент Леонид Кучма бастаған ресми делегацияның құрамына қосты. Маған арнайы бағдарлама дайындалыпты. Мен Президенттің жеке қонағы секілді болдым. Нұрсұлтан Әбішұлының қала сыртындағы үйінде, отбасында болдым. Алматыны емін-еркін араладым. Шамалғандағы Нұрсұлтан Әбішұлының ата-анасының қабіріне барып, зиярат еттім. Кіші інісі Болаттың отбасында, яғни Назарбаевтар әулетінің қарашаңырағында болдым. Сол кездерде мені қыдыртып жүргендердің арасында Рахышев Хамит деген адам есімде қалды. Ол маған бәрін түсіндіріп, асықпай көрсетіп отырды. Нұрсұлтан Әбішұлы өскен биік таудағы табиғаты ғаламат жайлауда да болдық. Сол сапарда барлығы 10-15 күндей болып, ұмытылмайтын әсермен еліме оралдым.

– Мұнда қашан түбегейлі қоныс аудардыңыз?

– 2000 жылы... Сол жылы Днепродзержинск қаласының 250 жылдығы болған еді. Соған құрметті қонақ ретінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Украина Президенті Леонид Кучма да қатысты. Осы тойда біз Нұрсұлтан Әбішұлымен тағы кездесіп, ұзақ сөйлескен едік. Ол кезде Украинаның экономикасы әлі күшті дамып кете қоймаған-тын. Зейнетақы да шамалы. Тұрмыс тым нашар болмаса да аса жақсы емес. Жағдайымды естіп білген соң Нұрсұлтан Әбішұлы мені өзіне шақырды. Сашко (балам) болса өз қолы өз аузына жетті, жүр бізге, менің жанымда саған жұмыс табылады деді ол. Сол шақырумен мен осында келіп қалдым. Алдымен Бурабайдағы Қазақстан Үкіметінің Дінмұхаммед Қонаевтың тұсынан қалған үлкен резиденциясының шаруашылық жұмыстарына орналастым. Ауасы таза, жанға жайлы, шипалы жер ол. Осында мен шаруашылық меңгерушісінің орынбасары болдым. Міндетіміз Елбасының демалыс жағдайын қамтамасыз ету. Бұрын айналысып көрмесем де ұқыптылығымның арқасында шаруашылық жұмыстарын тез меңгеріп кеттім. Ол жердің табиғат көркін суреттеп шығу үшін, әрине, үлкен ақын болу керек. Осында маралдар да, басқа аңдар да, Мемлекет басшысының серуен құруына арналған аттар да бар. Тамаша теннис корты да айтуға тұрарлық алаң. Кейде ол кісімен бірге қайықпен серуендейміз. Мен шамам келгенше оны мемлекеттік күрделі жұмыстардан бір сәт дем алғызып, ойын басқа нәрселерге бұруға тырысатын едім. Қалай десек те осы жерде тұрған үш жылым өмірімдегі бір сәтті шақтар болды.

2003 жылы Президенттің Астананың Шұбар ауданындағы резиденциясына жұмысқа ауыстым. Бұл жерге жаңа қоныстанғандықтан ағаш егу, аумақты абаттандыру сияқты жұмыстар көп болды. Мен сол істерге араластым. Нұрсұлтан Әбішұлы бұл жерге көбірек келеді. Сондықтан досыммен жиі қауышып, әңгімелесіп тұру мүмкіндігі мұнда молырақ.

– Осындағы украиндықтармен араласып тұрасыз ба?

– Иә. Украин ұлттық-мәдени орталығының белсенді мүшесімін. Жаңадан «Вести Украины» деген газет шығарған едік, мені сол газеттің редакциялық кеңесіне сайлады. Жиі жиналып, түрлі мәдени шаралар өткізіп тұрамыз. Мұндағы украиндықтардың қазақ халқына деген көңілдері өте жақсы. Бәрі де қиын-қыстау кездерде берген көмектері үшін ризашылығын білдіріп отырады.

– Әңгімеңізге рахмет, Николай Ильич. Деніңізге мықты саулық тілеймін.

Әңгімелескен Жақсыбай САМПАТ.

«Егемен Қазақстан», 2007 жылғы 26 қыркүйек

Кәрім МӘСІМОВ,
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

НАЗАРБАЕВ МОДЕЛІ: ЖАҒАНДЫҚ СЫНАҚҚА ТӨТЕП БЕРУ

6 шілдеде біз азаттық пен тәуелсіздіктің, бірлік пен тұтастықтың жарқын символына, ұлттың табысы мен қазақстандықтардың ең ауқымды міндеттерді шешуге, барынша батыл жобаларды жүзеге асыруға қабілетті екендігінің нанымды да нақты куәсіне айналған Астананың 10 жылдығын мерекелейміз.

Н.Ә.Назарбаев: «...республика астанасын бұған дейінгі көшірудің барлығы әлдебір «төңкерістік», әлдебір «таптық» қажеттілік дейтін топшылаулармен ұштастырыла жүргізілгенмен, Қазақстанның өзінің мүддесін ешқашан ескерген емес. Сондықтан да біздің өз тарихымызда тұңғыш рет ұлттық мүдделерімізге негіздей отырып, астанамыз жөнінде шешім қабылдап отырғанымыздың орасан зор саяси және рухани-адамгершілік мәні бар».

Тарих бізге өзімізді өзіміз айқындауға мүмкіндік берген мезеттен бері небәрі 17 жыл ғана өтті. Осы уақыт аралығында ұзақ жол артта қалды. Сол жолда біз қандай белестерден астық десеңізші.

1991 жыл. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң қабылданды. Мұның өзі, қазіргі өлшем бойынша айтқанда, бүгінде әлемде «**Назарбаев моделі**» ретінде мәлім болып отырған **бірегей әлеуметтік-экономикалық модельді** құрудағы негізгі нобайды табудың басы еді.

1993 жыл. Төл ұлттық валюта енгізілді. Мұның өзі бүгінгі экономикалық табыстың негізі қаланған либералдық экономикалық реформалардың басы еді.

1995 жыл. Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды, Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды, алғаш рет қос палаталы Парламент сайланды. Мұның өзі біздің өмірімізді бірте-бірте демократиялық құндылықтармен толықтыра түскен саяси жаңғырулардың басы еді.

1997 жыл. Ел Президенті қазақстандықтарға 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын ұсынды. Мұның өзі Қазақстанға әлемдік қоғамдастықта жаңа тұғырлардың бірінен соң бірін игеруге мүмкіндік берген терең де жүйелі әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың нақ өзі еді.

Дәл осы кезден бастап «Назарбаев моделі» қазақстандықтардың қолдауына ие болған инновациялық мазмұнмен барған сайын толығына түсті, ал бұл шетелдік талдамашылар мен сарапшылар тарапынан ұдайы, ара-арасында сенімсіздік көрсетуі де бар, қызығушылық туғызды. Алайда, біз жылдан жылға табанды түрде, алған беттен айнымай, өзіміз таңдаған даму жолымен алға жүріп, жаңа табыстарға жеткен сайын әлемдік қоғамдастықтың қызығушылығы мен қолдауы арта түсті, ал сенбеушілік пен сын айтушылық азая берді. Міне, бүгін ЕҚЫҰ төрағалығына дайындала отырып, біз өз елімізде ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының сессиясын өткізудеміз.

Дегенмен, біздің жаңа тарихымызға «ұлы көш» жылы – билік институттарының Астанаға, сол кездегі Ақмолаға көшу жылы болып енетін 1997 жылға оралайық. Шынтуайтында, жүйелі әкімшілік өзгерістерді жүзеге асырудың басталғаны нақ сол кез еді.

Н.Ә.Назарбаев: «Ақмоланың жұлдызды сағаты соқты. Ақмола өз тарихында маңызы орасан зор талай қоғамдық оқиғалардың куәсі болған қала. Қазақтың қасиетті мекені болған Сарыарқа төсіндегі бұл қала – даңқты тың игеру кезіндегі талай жұрттың өкілдерін жатсынбай бауырына басқан, құтты мекеніне айналған қастерлі қала. Ендігі жерде ол тәуелсіздікті нығайтудың, мемлекеттілікті орнықтырудың, әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғырулардың кіндігіне айналмақ. Және оның біздің мұратымызды ойдағыдай іске асыруға жәрдемдесеріне көзім әбден жетеді. Ендеше, тың игеру кезіндегіден бір кем түспейтіндей іс жасап, қажыр-жігер, ықылас пен ынтымақ танытуымыз керек. Бүгіннен бастап астана тұрғынына айналған ақмолалықтардың осындай биік тұғырдан көрінетініне сенеміз».

Нақ Астана қазақстандық даму жолындағы тағы бір нышанды белес – мемлекеттілікті нығайтып, жаңа Қазақстанды орнатуға мүмкіндік беретін орталық буынға айналды. Астананың түбегейлі де қарқынды дамуы – Президенттің біздің мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиясының құрамдас бөлігі.

90-жылдарда, ол кезде қаржы жүйесінде жұмыс істейтінмін, мен Елбасымыздың іскер топтармен кездесулеріне қатысып жүрдім. Президент сонда дәйім **елдің экономикалық және өңірлік дамуында орын алған қиғаштықтар мен үйлесімсіздіктерді жою**, қазақстандықтардың бастамашылдығы мен іскерлік белсенділігіне еркіндік беретін жағдайларды, инфрақұрылымды қалыптастыру қажеттігін қадап көрсететін. Ол тұста Нұрсұлтан Әбішұлы барлық өңірлермен аса ірі көлік және коммуникация дәліздері арқылы байланысып жататын және экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айнала алатын **елдің қуатты экономикалық орталығын** құру керектігін айтатын.

Шынтуайтында, мұның өзі Президенттің жаңа Қазақстанның **«жаңғыру осін»** инфрақұрылымы дамыған және әкімшілік-саяси, қаржылық-экономикалық, мәдениеттанушылық басым қызметтері бар мегаполистер негізінде қалыптастыру жөніндегі стратегиялық идеясын түбегейлі жүзеге асырудың көрінісі болатын.

Әлемде мұндай мысалдар аз емес: Вашингтон – Нью-Йорк, Анкара – Ыстамбұл, Берлин – Франкфурт, Мәскеу – Санкт-Петербург.

Мұндай «жаңғыру осін» мемлекет ішінен құру уақыттың алға тартқан жаңа сынақтарынан – шикізат ресурстарына тәуелді болмайтын, интеллектуалды активтер мен қызмет секторын дамытуға негізделетін **«ақылды экономика» қалыптастыру** қажеттігінен туындаған еді.

Н.Ә.Назарбаев: «Астананы ауыстыру – тек егемендікті орнықтыру мен Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің символы ғана емес. Бұл ХХІ ғасырға дейінгі стратегиялық қадам – еуразиялық қоғамдастықты қалыптастыру мен еуразиялық кеңістікті игеру, еуразиялық даму моделі мен еуразиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған қадам. Бұл келесі ғасырда біздің бүкіл

алып құрлығымызды тұтас қамтитын аса күрделі геосаяси және геоэкономикалық үдеріске кірігу».

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында жаңа астананың негізін қалауды 1992 жылдың өзінде ойға алғанын, тек елдің Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі жағдайының күрделілігі ғана ол жоспарды жүзеге асыруға бірден кірісіп кетуге мүмкіндік бермегенін жазған болатын.

Иә, расында да, сол жылдары астана ауыстыру идеясын халықтың аз ғана бөлігі қолдаған еді. Алайда, уақыт өте келе мұндай саяси шешімнің көрегенділігі жұрттың бәріне айқын бола бастады.

Бүгінде Астана **саяси және әкімшілік** өсудің ғана емес, **экономикалық** жаңғырулардың да **көшбасшысына** айналды. Астананың елдің ішкі жалпы өнімінің тұтас ауқымындағы үлесі 10 пайыздан асты. Он жылдың ішінде астананың жалпы өңірлік өнімі 10 есе артты. **Қарқынды дами отырып**, Астана шынында да қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік тартылысының орталығына айналды.

Астана – бүкіл Қазақстанның жетістігінің, күллі әлемді таңдандырып отырған айрықша **даму** мен **экономикалық өсудің** көрінісі. Бүгінде Астана **ел тәуелсіздігінің**, Қазақстан халқының өзінің сыртқы және ішкі міндеттерін дербес шешуге **егеменді мүмкіндігінің** айғағы.

Н.Ә.Назарбаев: «Аз ғана уақыттың аясында Астана қазірдің өзінде елдің осы заманғы ірі, тез дамушы қаласына айналды. Ол еуразиялық кеңістікте үлгі тұтарлық астанаға айналып, елдің орнықты дамуын қамтамасыз етудің негізі бола алады».

Нұрсұлтан Әбішұлы – қазір жаппай мойындалған аса көрнекті стратег, ол Қазақстан тәуелсіздік алысымен жас мемлекеттің дамуын айларға емес, жылдарға емес, ондаған жылдарға орайластырып ойластырды.

1992 жылы «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» дүниеге келді, онда қазақстандық қоғам мен мемлекетті жаңғыртудың негізгі қағидаттары баян етілді.

Кейіннен, 1996 жылы, өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты толғамды еңбегінде Елбасымыз тәуелсіз Қазақстанды бейімдеп жаңғыртудың тұтас тұжырымдамасын ортаға салды.

Ал «Қазақстан-2030» аталған президенттік Стратегия біздің еліміздің ұзақ мерзімді болашақта одан әрі даму жолдарын ауқымды түрде болжаудың барынша жарқын үлгісіне айналды. Осының нәтижесінде еліміз экономикалық модернизация ісінде елеулі ілгерілеуге қол жеткізді: әлеуметтік мақсатқа бейімделген нарықтық экономика орнықты, отандық кәсіпкерлердің қуатты табы қалыптасты, шағын және орта бизнес ойдағыдай дамуда, орта таптың қалыптасуы белсенді жүріп жатыр. Н.Назарбаев стратегиясы жылдан-жылға өзінің икемділігін, тәуелсіздігі мен серпінділігін дәлелдей келіп, қазірдің өзінде уақыт сынына шыдас бере білді.

Президент Жарлығымен 2003 жылы қабылданған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы шикізаттық экономикадан өртараптандырылған экономикаға көшудің өзіндік ырғағын айқындады. Сөйтіп Қазақстанда жаңа өндірістер пайда бола бастады.

2006 жылы Мемлекет басшысы Қазақстанды бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосу стратегиясын ұсынды. Бұл стратегия ұлттық және халықаралық маңызы бар бірқатар серпінді жобаларды жүзеге асыруға негіз қалады, өндіруші сектордың тиімділігін арттыру жөніндегі жүйелі жұмыстың нақты кезеңдерін белгіледі, шикізаттық емес салаларды басым дамыту мен экономиканы ірі ауқымда әртараптандырудың жолдарын айқындады.

Қазір, әлем **турбуленттілік** жағдайына түсіп, **жаһандық дағдарысты** бастан кешіп жатқан кезде біз **дамыған экономикалардың өзі қандайлық елеулі қиындықтарға тап болғанын** көріп отырмыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының талдамашылары әлемдік экономика дамуының қарқыны төмендейді деп болжауда. Тұтыну бағаларының индексі **АҚШ-та** да, **Еуроаймақ** елдерінде де бүкіл «мүмкін болатындай нормалардың» бөрінен асып кетті. Көптеген жылдардан бері Америка мен Еуропаның ірі қалаларында алғаш рет супермаркеттерде азық-түлік үшін, жағармай құятын орындарда бензин үшін кезекке тұру пайда болды.

Тұтыну бағаларының өсуі көршілес **Қытайда** да шешіліп отыр. Тек осы биылғы алғашқы тоқсанның өзінде ондағы инфляция көлемі 8 пайызды құрады.

Скептиктер өткен жылдың күзінде-ақ қиратарлықтай қиындықтар біздің елге де келеді деп болжам жасап, бал ашқан.

Алайда, Президенттің айтуымен аз ғана уақыттың ішінде **дағдарысқа қарсы бірінші кезектегі іс-қимыл жоспары** жасалды. Жедел түрде екінші деңгейдегі банктердің өтімділігін қолдау жөнінде шаралар қабылданды. Арада біраз уақыт өткеннен кейін, мен оған баса назар аударғым келеді, мұндай қадамдарды Ұлыбритания, АҚШ, Ресей үкіметтері де жасады. Дер кезінде қолға алынған шаралар өзінің жемісін берді, бүгінде елдің ақша-несие жүйесі тұрақты, мұны Халықаралық валюта қорының сарапшылары да растап отыр.

«Азық-түлік қауіпсіздігі» үкіметтік бағдарламасының аясында біз **мемлекеттік азық-түлік резервін** жасадық, ол биржада бидайдың бір тоннасының бағасы 400 доллардан асып кеткен қазіргі кезде өте керекті болып тұр. Жалпыәлемдік үрдіс дүниедегі астықтың қоры азайып, тамақ өнімдері қымбаттап бара жатқанын, сөйтіп, **азық-түлік қауіпсіздігі әр мемлекеттің басым міндетіне айналғанын** көрсетіп отыр. Біздің Үкіметіміз үшін де бұл – аса маңызды басымдықтардың бірі. Мемлекеттік бюджеттен тек осы жылдың өзінде аграрлық секторға қандайлық қолдау көрсетілгенінен мұны айқын аңғаруға болады.

Ел экономикасының жалпы жағдайына **инфляцияға қарсы шаралар** оңды ықпал жасады. Өткен жылы инфляцияны 10,8 пайыз деңгейінде ұстаудың сәті түсті. Бұл, әрине, дағдарыс басталғанға дейін жоспарланғаннан артық, алайда, көптеген сарапшылар болжам жасағаннан әлдеқайда кем.

Ұлттық экономиканың беріктік қоры болмағанда және дер кезінде әрекет етпегенімізде **инфляция деңгейі, бері қойғанда, қазіргіден әлдеқайда жоғары болар еді**. Оның үстіне инфляция көбіне-көп біздің елімізге әлемдік бағаның өсуіне байланысты «импортталады».

Әрине, біздің алдымызда әлі шешімін күткен қиындықтар мен міндеттер бар. Ашық әрі бәсекеге қабілетті қоғам құру стратегиясын таңдап алғандықтан біз жалпыәлемдік үдерістерден тыс дами алмаймыз. Әлемдік шаруашылық жүргізу жүйесіне кіріктірілгендіктен де **біз өрлеудің барлық артықшылықтарын да, жалпыәлемдік экономикалық құлдыраудың барша қиындықтарын да өз басымыздан кешеміз.**

Дегенмен, мен Үкімет басшысы ретінде **ел экономикасы қазір бастан кешіп жатқан жаһандық дағдарыстың барлық сынақтарына төтеп береді** деп барынша жауапкершілікпен айта аламын. Біз әлемдік қаржылық тұрақсыздықтың алғашқы соққысына шыдап бердік және бүгінде **жаңғыру және елді әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосу** саясатын түбегейлі жалғастырып жатырмыз.

Мұның өзіне біздің Президентіміздің **қуатты көшбасшылығының**, әу баста «Назарбаев моделінің» негізіне қаланған **іргетастың** орнықтылығының арқасында қол жетті. Бұл модельді үш тұжырымдамалық құрамдас бөліктің бірлігі құрайды, олар: **осы заманғы, бәсекеге қабілетті экономика, тұрақтылық пен қоғамдық-саяси жүйені кезең-кезеңімен жаңғырту**, сондай-ақ **ел егемендігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету**. Қазақстан мемлекеттілігінің **одан әрі өсуі мен дамуын** қамтамасыз етіп келе жатқан **тұрақтылықтың жоғары әлеуеті** дәл осылардың өзара байланысынан көрінеді.

Қазір дамудың қазақстандық жолы ел ішінде жаппай қолдауға ие, барған сайын кең көлемді халықаралық қолдауға да ие болып келеді. Ал «Назарбаев моделінің» өзі Елбасымыз алдын ала болжаған «өзін-өзі бағыттау» режимінде ойдағыдай жұмыс істейтінін, жаһандық өзгерістер мен сынақтарға бейімделетінін дәлелдеп берді.

Экономикалық модель: үдемелі даму стратегиясы

Тәуелсіздіктің таңсәрі шағында біздің еліміз елеулі әлеуметтік-экономикалық сынақтың алдында тұрды. 1995 жылы экономикалық құлдырау 38,6 пайызды құрады, былайша айтқанда, экономика тұрақты түрде 8 пайызға төмендеп тұрды. Ресейде басталған бағаны еркіне жіберу сол кезде рубль аймағында болған Қазақстанға аса ауыр тиді. Баға аяқ астынан бірнеше есе шарықтап өсіп кетті, инфляция деңгейі 3000 пайызға жетті.

Мұның өзі тәуелсіз Қазақстанның Президентінен экономикалық проблемаларды шешудің жаңа жолдарын табуды талап етті. Мемлекет реформалау үдерісін мақсатты түрде өз бақылауына алды. Осының арқасында 1996 жылға қарай ІЖӨ көлемінің кемуі тоқтатылды. Кәсіпорындар жұмыс істей бастады, электр энергиясы саласы бірте-бірте бой тіктеп, нығая түсті, сөйтіп, елдегі жалпы экономикалық өсуге себепкер болды. 1997 жылы инфляция 17,4 пайызға дейін төмендеді.

Біз барынша қысқа мерзімде қаржы ресурстарын тарту үшін барлық қажетті институттық және нормативтік-құқықтық алғышарттарды жасадық. Сондықтан да Қазақстан ТМД елдерінің арасында жан басына шаққанда тікелей

шетелдік инвестицияларды игеру көлемі жөнінен сөзсіз көшбасшыға айналды. 17 жылда ел экономикасына 70 миллиард доллардан астам тікелей шетелдік инвестициялар тартылды. Ал бүгінде біз өзіміз шет елдердің экономикасына 4,5 миллиард доллардан астам қаржы салып, белсенді инвестор болып келеміз.

Экономикалық дамудың тек нарықтық құндылықтарын басымдықтар ретінде тандап алып, бірақта нарықтық тетіктерге ғана үміт арту стратегиясынан бас тартқан Мемлекет басшысы кейіннен Қазақстанды Азияның ең жедел дамушы бес елінің қатарына шығарған экономикалық даму жолын айқындап берді.

Ол кезде Нұрсұлтан Әбішұлы іс жүзінде **өзінің жігерлі шешімімен жаңа экономикалық стратегияға – озық даму стратегиясына көшуді** жүзеге асыра бастады, бұл стратегияда **мемлекет экономикалық өзгерістердің «локомотиві болу» функциясын өзіне алады.**

Соның нәтижесінде экономиканы дамытудың **нарықтық тетіктері мен оны мемлекеттің ынталандыру әдістерінің** арасындағы **қажетті тепе-теңдік табылды.** Бұл сарабал мемлекеттік реттеу мен орындауды қатаң бақылау жағдайындағы жедел де жігерлі реформаларға деген Нұрсұлтан Назарбаевтың бағдары болды. Елбасы Н.Назарбаевтың жедел түрде жауапкершілікті өз мойнына алып, дағдарысты кезеңде экономиканы нарықтық даму арнасына көшіруге мүмкіндік берген заң күші бар 150-ге жуық жарлықты қалай қабылдағаны өнеге болды.

Президенттің стратегиялық көре білуі, халықаралық тәжірибені, әлемнің басқа елдерінің табысты және табысты емес мысалдарын жіті зерттеуі көп ретте саяси-экономикалық басқарудың «стандарттық» немесе, қажет десеңіз, «дәстүрлі» халықаралық әзірліктерден асып түсіп жатты. Нұрсұлтан Әбішұлы қарапайым аман қалу міндеттерін тұжырымдаумен ғана шектелген жоқ, ол Қазақстан халқы мен Үкіметіне стратегиялар ұсынды, оларға сәйкес алдымен ел үшін тілек болып отырған табыстың моделі жасалады, содан кейін ғана тек қолда бар емес, сондай-ақ болашақ ресурстар мен мүмкіндіктерді негізге ала отырып, перспективалық міндеттер тұжырымдалады. Осының бәрі кез келген экономикалық толқыныстар, ауытқулар мен түзетулер жағдайында жаңғыртудың түпкілікті мақсатын және, айрықша маңыздысы, болашақ ұрпақтардың мүдделерін барынша ескеруді назардан тыс қалдырмауға мүмкіндік берді.

Сайып келгенде, реформалардың бірнеше жылында біз жан басына шаққандағы ІЖӨ-ні 1994 жылғы 700 доллардан 2007 жылдың аяғындағы 7 000 долларға дейін ұлғайта алдық.

Қазақстан барысы өзінің қуатты секірісін жасады және «Назарбаев моделінің» арқасында біздің еліміз тәуелсіздіктің бар-жоғы 17 жылында осы заманғы аса күрделі жаһандық міндеттерді шешуде әлемдік қоғамдастықтың сенімді әріптесіне айналды, еліміз өңірде көшбасшылық жағдайға шықты, біздің еліміз ЕҚЫҰ-ға төрағалық етеді.

Меніңше, «Назарбаев моделінде» басты нәрсе **жедел, озық дамуға деген бетбұрыс**, сондай-ақ **Президенттің өзінің көшбасшылық рөлі** болды.

Қазір, әсіресе **жаһандық дағдарыс жағдайында**, біз **Мемлекет басшысы құрған** осы **моделді лайықты** бағалай аламыз. Бұл модель табысты жұмыс істеуде және **экономикалық дамудың тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, экономикалық саясатты икемді түзетуге** мүмкіндік береді.

Н.Ә.Назарбаев: «Бізде қарапайым да айқын мақсат болды – біз жақсырақ өмір сүргіміз келді, біз азат болуды қаладық, ал одан да көп ретте біздің балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы ойдағыдай болуын қаладық».

Тұрақтылық және қоғамдық саяси жүйені кезең-кезеңмен жаңғырту

«Алдымен экономика – содан кейін саясат». Нұрсұлтан Әбішұлының осынау қанатты ұғымы – жай ғана әдемі сөз тіркесі емес. Бұл оның **жаңа мемлекетті құру мен дамытудың бірегей моделіндегі негізгі өзегі**, мұнда **саяси жаңғыртудың әрбір жаңа кезеңі қол жеткізілген экономикалық әл-ауқаттың, әлеуметтік дамудың, саяси мәдениеттің деңгейімен тығыз өзара байланысты болуы тиіс**.

Осылайша, бір мезгілде саяси тұрақтылықты сақтап, азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз ете отырып, қоғам мен мемлекетті басқарудың барынша тиімді жүйесін қамтамасыз ете алатындай биліктің осы заманғы демократиялық формасына қарай қозғалыс «Назарбаев моделінің» өзекті қағидатына айналды. Бұл ретте саяси реформалардың қарқыны жаңғырту үдерістерінің мазмұны мен мәнін алмастырған жоқ.

Осындай көзқараста Президент Назарбаевтың саяси ақылмандығы айрықша көрінді. Ол – **демократияны ең сенімді жақтаушылардың бірі**. Президент үшін – **революциялық сілкіністерсіз эволюциялық дамуды жақтаушы үшін мәселе саяси реформаларды жүргізудің мерзімдері мен қарқындырында** ғана еді.

Осының арқасында **саяси жаңғырту, саяси өмірді дәйектілікпен ырықтандыру** басқа көптеген елдердегідей қоғамдық сілкіністер мен азаматтық қақтығыстарға ұрынып қойған жоқ, керісінше, **жас мемлекеттілікті серпінді дамыту жолында аса маңызды құрамдас бөлікке айналды**.

Н.Ә.Назарбаев: «...қанға және бей-берекеттікке бөккен демократия бізге түкке де керек емес. Біздің демократияның негізі – саяси, әлеуметтік және ұлтаралық тұрақтылық. Басқа елдер демократиялық жүйткіміз үшін бізге қол шапалақтағанына бола өз халқымызбен сынақтар жүргізбейтін боламыз».

Үнемі түрлі саяси күштер тарапынан тұрақты қыспақта жүрсе де **қоғамдық келісімнің қажетті формуласын таба білген**, саяси және әлеуметтік реформаларды жүргізу жағдайында дегдарлар мен түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін теңдестіре ұстаған Президенттің ерік-жігері мен төзімділігіне лайықты бағасын берген жөн. Тәуелсіздік қаз тұруының қиын жылдарында Нұрсұлтан Назарбаевтың беделі ғана елімізде ұлтаралық дағдарыстар отын тұтатуға мүмкіндік бермеді, ал мұндай әрекеттер болды. Президенттің бастамасы бойынша Қазақстанда **ұлт саясатын іске асырудың бірегей тетігі** – Қазақстан халқы Ассамблеясы **құрылды**, Тіл туралы заң қабылданды, мұ-

ның өзі этносаралық проблемаларды үнқатысу негізінде, егессіз шешуге мүмкіндік берді.

Қазақстан тарихи тұрғыда мазасыз **Орталық Азия өңірінде бейбітшілік пен тұрақтылықтың тірегіне** айналды. Бүкіл әлем ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудің қазақстандық моделін мойындап отыр. Демек, ЕҚЫҰ-ның болашақ төрағасы лауазымында да Қазақстан толеранттылықтың және Шығыс пен Батыстың өзара мәдени молығуы негізінде өркениеттер үнқатысуы деп аталатын тақырыпты әлдеқайда терең талдауға өз үлесін қоса алады және қосуға тиіс.

2007 жылғы конституциялық реформа саяси жүйені президенттіктен президенттік-парламенттік жүйеге оңтайлы ауыстыру үшін алғышарттар жасады. Сол арқылы Президент әлдеқайда демократиялық және институттық тұрақты формаға көшуді бастады, бұл жағдайда билік орталығының атқарушы биліктен заң шығарушы тармаққа қарай кейбір ауысуы жүреді. Бұл осы заманғы әлемнің дамыған демократияларына әбден тән.

Азаматтық қоғамның қалыптасқан моделі Қазақстандағы саяси жүйенің оңтайлы формасы болып табылады, өйткені халықтың барлық әлеуметтік жіктері мен топтары үшін бүкіл саяси үдерістер мен мемлекетті басқаруға қатысу мүмкіндігін ашады.

Н.Ә.Назарбаев: «Біздің елімізде саяси жаңғырту үдерісі біртіндеп, қажетті экономикалық жағдайлар жасалуына қарай, бүкіл осы жылдары – Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап дәйектілікпен жүріп келеді».

Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету

Тәуелсіз Қазақстан қиын кезеңде өмірге келгені белгілі. Көптеген Батыс мамандарының болжамдары өте-мөте дегбірсіз болды. Дереу **тұтас елдің, бүкіл халықтың ілгерілеу векторын айқындау** керек болды. Және мұны **бір сәттік тиімділікті** ескере отырып емес, әрбір шешімге **өз еліңнің одан әрі даму әлеуетін** белгілей отырып істеу керек болды.

Н.Назарбаев қабылдаған осындай алғашқы тағдыршешті шешімдердің бірі **Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы** болды.

Көп адамдар сол кезде Президенттің бұл әрекетін сынға алып, оның шешімін қателікке санады. Олардың дәлелдері ядролық қаруға ие Қазақстан көршілеріне шарт қоя отырып, өзі үшін тиімді несиелер мен көмектер түріндегі экономикалық преференциялар алар еді дейтін теорияға негізделді. Бірақ **Президент әріге қарай білді**. Ядролық қарудан бас тарту республиканы оны күтіп ұстауға кететін елеулі қаржылық шығындардан босатты және Қазақстанға жаңа экономика мен жаңа мемлекетті тыныш жағдайда құру мүмкіндігін бере отырып, саяси тәуекелдерден сақтандырды. Бұл шешім сол тұста жаңадан ғана құрылып жатқан мемлекеттің тәуелсіздігіне кепілдік берген басты әлемдік державалардың сенімін азайтқан жоқ, ұлғайтты.

Н.Ә.Назарбаев: «Біз жаһандық дүниеде өмір сүрудеміз, мұнда барлық үдерістер өзара байланысты, мұнда ортақ қауіпсіздік пен тұрақтылық ядролық

қарудың болуымен емес, әрбір елдің, әрбір халықтың жауапкершілік өлшемімен қамтамасыз етіледі».

Біз мемлекеттік шекараны делимитациялау жөнінде Нұрсұлтан Әбішұлы жүргізген аса күрделі жұмыстың да маңыздылығын әліге дейін толық мәнінде бағалай қойған жоқпыз. Солай болса-дағы бұл жәйттің Қазақстан мемлекеттілігін белгілеу мен дамыту үшін зор мәні бар. Мемлекеттің шекарасын қаттау территориялық дауларды алып тастап, көршілермен бейбіт қатар өмір сүрудің стратегиялық негізін қалады.

Мемлекеттілікті жан-жақты нығайту мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысында Нұрсұлтан Назарбаевтың **мемлекеттің астанасын елдің географиялық орталығына көшіруін** ең маңызды стратегиялық шешімдерінің бірі деп қарастыру керек.

Осы заманғы әлем жаһандық проблемаларды, жаһандық және жеке қауіпсіздік проблемаларын шешуге жаңа институттық көзқарастарды іздестіру үстінде.

Қазақстанның халықаралық саясатының тұжырымдамасында Нұрсұлтан Әбішұлы әу бастан **жаһандық жауапкершілік, егес модельдерінен бас тарту**, көп векторлық, сенім режимі мен стратегиялық үнқатысуды қалыптастыру **қағидаттарын** негіздеген болатын. Бұл осы заманғы жаһандық сынақтарға толық мәнінде сай келетін **бірегей «Назарбаев моделінің»** тағы бір **аса маңызды сипаты**.

Н.Ә.Назарбаев: «Астана біздің үмітіміздің символына, өз күшімізге деген сенімнің символына, болашақтың символына айналды».

Бүгінде біз Астананың он жылдығын мерекелеуге әзірленудеміз. Нақ сол 6 шілдеде 14 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі астананы Алматыдан елдің орталығына көшіру туралы тарихи шешімді қабылдаған болатын.

Және де **Астананың туған күнін Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туған күнімен қатар атап өту шешімі әбден орынды** – бұл әлем картасында біздің достарымыз бен әріптестеріміз білетін нақ осындай, **күшті де болашаққа ұмтылған өзінің жаңа астанасымен бірге Қазақстанның пайда болуына себепкер болған адамға деген сөзсіз құрмет. Ұзақ тарихи перспективаға арналған даму үдерісін көре білу, әу бастан реформа жолымен жай ғана жүру емес, біздің қайда бара жатқанымызды дәл білу және бастысы, неге жетуіміз керек екенін білу қабілеті** – бұл **нағыз саясатшының сирек қабілеті. Бұл Қазақстан халқының жаңа жетістіктерінің кепілі және негізі.**

Н.Ә.Назарбаев: «...Жарқын да ізгі жаңа астана – біздің Отанымыз үшін біздің сүйікті Қазақстанның жаңа болашағының жаршысына айналды. Осында, Сарыарқаның бағзы жерінде жай астана емес, ел болашағының бесігі өмірге келді. Астананың тарихы мен қазақстандықтардың тағдыры бір-бірінен ажырағысыз. Егер біздің тарихымызда Астана болмаса, біздің Қазақстан бүгінгідей болмас еді. Тәуелсіздік Астананы өмірге келтірді, өз кезегінде Астана біздің Тәуелсіздігімізді қуаттап, дамытып отыр».

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,
«Егемен Қазақстан» ААҚ президенті

«ҚАЙДА ЖҮРСЕМ, ТУҒАН ЕЛІМ, СЕН ЕСІМНЕН ШЫҒАРМЫСЫҢ»

Бүгін – елорданың туған күні.

Бүгін – Елбасының туған күні. Елорда мен Елбасы қазір біздің санамызда егіз ұғымдарға айналған.

Бүгін біз жүзіміз жарқын, еңсеміз биік күйде әлемдегі ең жас елорданың бірі – Астананың тұңғыш мерейтойын мемлекеттік мереке ретінде тойлап жатырмыз. Тақ ауған жаққа бақ ауады – Астана қазақ үшін де, барша отандастарымыз үшін де бақ қонған құтты мекен болды.

Астананың арқасында біз елдің иесі, жердің киесі кім екенін әлемге айқын таныттық. Барша қазақстандықтарды ортақ мүдде жолына барынша ұйыстырып, ұлттар мен ұлыстарды жұмған жұдырықтай жұмылдыра білдік.

Астананың арқасында қазақ бұрынғыдан да бекем біріге түсті. Бағаналы ордам, бақ ордам деп Алтай мен Атыраудан, Алатау мен Ақтаудан ағылған ағайын осы он жылдың ішінде-ақ оны қазақтың бас қаласына айналдырды.

Астананың арқасында елдің еңсесі тіктелді, рухы көтерілді. Елдің ертеңгі күнге деген сенімі нығайды. Сөйтіп, дүниенің төрт қиырымен терезесі тең, керегесі кең күйде араласып-құраласатын мәртебелі мемлекетке айналдық.

Кешегі салтанатты мәжілісте Ресей Президенті Д.А.Медведев «Астана – шын мәніндегі жаңа дәуірдің қаласы, ақиқатқа айналған арманның қаласы» деп сөйледі, елорданы Нұрсұлтан Назарбаевтың төл перзенті, оның жарқын жеңісі деп атады.

Назарбаевтың жарқын жеңістері көп. Солардың ең алғашқысы – егемендіктің елең-алаңында Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігіне ядролық қаруға ие бес елдің кепілдігін алуға қол жеткізгені. Бұл үшін Назарбаев өзіне дейінгі әлемдік тарихта бірде-бір басшы бармаған қадамға барды.

Тағы да айтамыз: бүкіл әлем тарихы – соғыс тарихы, қарулану шежіресі. Мыңдаған жылдар бойы адамдар адамдарды қырып-жоюдың жаңа жолдарын ойлап табу үшін жанталасты, мемлекеттер жойқын қару-жарақты көбейткен үстіне көбейтуге ұмтылды. Мыңдаған жылдар бойы халиф, хан, патша, король, император, генсек атаулының бәрі өз елінің бес қаруы бойында болуын, қажет еткенде адамдарды жаппай қырып-жоюға дайын тұруын көздеді. Тек бір ел ғана жаңа қаруға ұмтылу былай тұрсын, қолына өзі келіп түсіп тұрған аса алапат қарудан өз еркімен бас тартты. Тек бір ер ғана айрықша айбын болатын қатерлі қарудың өңешіне өз қолымен құм құйды.

Ол елдің аты – Қазақстан.

Ол ердің аты – Нұрсұлтан.

Адамзат баласы түптің түбінде өзін-өзі құртып тынатын жаппай қарулану жолымен ұдайы жүре бермес. Күндердің күнінде демегенмен, жылдардың

жылында әлем мемлекеттері ядролық қарудан бас тартуға уағдаласар. Оны мына біз, қазіргі ұрпақ, тегі, көрмейтін де шығармыз. Сол бір заманда адамзат баласы тарихта тұңғыш рет атом қаруынан өз еркімен бас тартқан, ядросыз әлемге жол ашып берген елді де, сол елдің тұңғыш Президенті болған, соғыс эпицентрін бейбітшілік эпицентріне айналдырған сол тарихи шешімді қабылдаған ерді де разылықпен ауызға аларына сенеміз біз. Семсерден соқа соғу – адамзаттың сонау Тәурат заманынан бері келе жатқан асыл арманы. Сол арманға апарар алғашқы қадамның қазақ даласында басталғанын, сол істі қазақтың баласы бастап бергенін мақтан етеміз біз.

Біздің осы жылдар ішінде жасампаздық жұмыспен алаңсыз айналысуымызға мүмкіндік берген сол шешім – шын мәнінде ұлы шешім.

Назарбаевтың қазақ үшін, Қазақстан үшін тындырған тағы бір тамаша шаруасы – Қазақстанның мемлекеттік шекарасын мәңгілікке шегендетіп алуға қол жеткізгендігі. Әсіресе, ұлы көршілеріміз Ресеймен, Қытаймен арадағы мемлекеттік шекараның бекітілуі тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жөніндегі ең іргелі істің түйіні болды. Енді біздің ұрпақтарымыз халықаралық құжаттармен бекітілген шекараның аумағында алаңсыз өмір сүріп, еңбек етеді. Мұның қаншалықты маңыздылығын сөзбен айтып жеткізу қиын. Мұның қадірін келер ғасырлардағы қазақстандықтар, балаларымыздың балаларының балаларының балалары бізден анағұрлым артық сезінері анық.

Назарбаевтың жарқын жеңістерінің тағы бірі – осыдан 17 жыл ғана бұрын тоталитаризмнің қуатты құрсауына қамалып тұрған кеңестік республикадан демократиялық мемлекет құрып шығарғандығы. Оның нақты дәлелі өткен жылғы 30 қарашада Мадридтегі кеңесте көрінді.

Ол күні Қазақстан Барысы серпінді секіріс жасады. Ол күні Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына мүше 56 мемлекет бірауыздан Қазақстан кандидатурасын қолдап, елімізге Еуропа төрін ұсынды. Ол күні ЕҚЫҰ тарихында тұңғыш рет азиялық мемлекет, тұңғыш рет ТМД мемлекеті, тұңғыш рет халқының негізгі бөлігі мұсылман дінін ұстанатын мемлекет, тұңғыш рет түркі тілдес ұлт ұйыстырып отырған мемлекет әлемдік аренадағы осындай биік тұғырға көтерілді. Ол күні кешегі кеңестік кеңістіктен шыққан мемлекеттердің еуропалық үлгі-қалыптарға да сай келетін демократия құруға шындап кіріскендігі, сол жолда толымды табыстарға қол жеткізгендігі алғаш рет ресми мойындалды, құжат түрінде танылды. Ол күні Қазақ елі жаңа сапалық белеске ауысты – біздің мемлекетіміз ендігі жерде әлемдік саясаттың бұрынғыдай сырттай бақылаушысы, қазіргідей қатысушысы қалпынан сол саясатты қалыптастырушы, айқындаушы мемлекеттердің қатарына қосылды. Ол күні Нұрсұлтан Назарбаевтың адамзат тарихынан ойып тұрып орын алатын тұлғалар тобынан табылатыны айдай әлемге айқын танылды – айналасы 16 жылдың ішінде қирандыдан, құландыдан мемлекет құру, қоғамды бір формациядан екінші формацияға ауыстыру, өтпелі кезеңдегі қиыншылықтардан есеңгірей жаздаған халықты тар жол, тайғақ кешуден аман-есен алып өту, елдің еңсесін көтеру, аяғынан тік тұрғызу, алыс та, жақын да, Батыс та, Шығыс

та мойындайтын, санасатын, құрметтейтін елге айналдыру, сан түрлі себептерге байланысты бірнеше ғасыр бойында дүниежүзілік өркениеттен шеттетіліп қалған елді жер-жаһанға таныту тек шынайы реформатордың, ұлттың ұлы перзентінің ғана қолынан келеді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың басшы ретіндегі, саясаткер ретіндегі феноменінің сыры оның Шығыс даналығы мен Батыс прагматизмінің үйлесімінен жаралған дүниетанымынан, жоспар мен нарықтың, тоталитаризм мен демократияның, социализм мен капитализмнің от пен судай шарпысуынан шарболаттай шыңдалып шыққан бөлекше бітімінде жатыр. Бұл рас. Әйтсе де, Нұрсұлтан Назарбаев сынды құбылыстың басты сыры ең алдымен оның кісілік келбетінде, асыл адамдығында, ұлт, халық, мемлекет алдындағы перзенттік парызына адалдығында. Мұндай іргелі істер туған елін жанындай сүйген жанның ғана, шын мәніндегі пассионар тұлғаның ғана қолынан келеді. Мұндай іргелі істер о бастан жамбасына топырақ қалың жұққан, тамырын халық тереңіне жіберіп, сол қайнардан нәр алған, халқының рухын жан-жүрегімен сезінетін, ер көңілді, сері жүректі азаматтың ғана қолынан келеді. Елбасымыздың адамдық айшықты сәттері мына беттегі суреттерде келісті көрінген деп білеміз. Президенті ұйытып домбыра тартатын, құйғытып көкпар тартатын елдің қазақылық қалпы мен өркениеттік салтын қатар қабыстыра аларына сенеміз біз.

Кеше, Бейбітшілік пен келісім сарайында өткен салтанатты мәжілістің алдында Астана жайында шап-шағын, шымыр да жұмыр деректі фильм көрсетілді. Фильм Елбасымыздың ән айтуымен аяқталады. «Қайда жүрсем, туған елім, сен есімнен шығармысың. Еркелеткен думанды елім, бар ғой саған мың алғысым» деп қоңыр үнмен әуелетті Нұрсұлтан Әбішұлы.

Президент қандай қиын кезде де өзіне сенген, екі тізгін, бір шылбырды қолға берген, ел бастаған ерім деп соңынан ерген туған халқына мың алғысын дәйім айтумен келеді.

Біз де бүгін туған күнін тойлайтын Азаматқа ақ алғысымызды айтайық, ағайын!

Жақында біз газетімізде халқымыздың абыз ақсақалы Бәйкен Әшімовпен сұхбат жарияладық. Пирамидада өткен жиыннан алған әсермен жедеғабыл жазылған мына шағын жазбаны Бәйкен ағаның сондағы аталық ақ тілегімен аяқтайық:

«Береке-бірлігіміз шайқалмасын. Рахметінді өзіңді көкке көтерген, қадірінді білген, қасиетінді таныған халқың мен еліңе айтқын. Қазақстаныңды жарқын болашаққа бастай бер. Өзің салдырған Астананың тойы құтты болсын. Көсегең еліңмен бірге көгерсін. Ел аман болсын, елі сенген, елдің бағына туған Ер аман болсын! Ақсарбас айттық жолыңа, айналайын Нұр Сұлтаным!».

«Егемен Қазақстан», 2008 жылғы 6 шілде

Қанат САУДАБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы

ЕЛБАСЫ

Жақында жеке кітапханамдағы жыр жинақтарын қарап отырып, Тютчевтің: «Блажен, кто посетил сей мир, в его минуты роковые» деген өлең жолдарына көзім түсті. Жаңадан оқып тұрғандай қадалып қалыппын. Ой жіберер болсақ, бұл сөз дәл қазір біздің бәрімізге арналған сияқты. Расында да, біз мына өмірге әлем көп өзгеріске түскен кезеңде келген екенбіз, дүние дидарындағы ең ерекше жаңғыруларды көру біздің маңдайымызға жазылған бақыт екен. Бұл тұрғыдан қарағанда, әсіресе, Қазақ елінің қазіргі жұртының жолы болған. Соның ішінде мен де бармын. Менің өзімді бақытты жан сезінетінімнің басты себебі – жас мемлекеттің жаңадан қаз басып, қалыптасып жатқан шағындағы алғашқы адымдарынан бүгінгі қарышты қадамдарына дейінгі жүріп өткен он жеті жылдық жолындағы ең елеулі оқиғалардың бәрінің дерлік басы-қасында болғандығым, талай маңызды шешімдердің қабылдануына куә екендігім. Сыртқы істер министрлігінің алғашқы жетекшілерінің бірі ретінде де, бірқатар елдерде елші қызметін атқарған, Үкімет кеңсесін басқарған адам ретінде де, қазіргі жүктелген жауапты лауазым иесі ретінде де өткен жылдарды ойша шолудың, Елбасымыздың ел өміріндегі орны жайында толғанудың дәл қазір орайы келіп тұрғандай. Неге дәл қазір? Неге десеңіз, дәл бір күннен кейін, 1 желтоқсанда Қазақстан халқының Нұрсұлтан Назарбаевты ел Президенті етіп сайлағанына дәл 17 жыл толады.

Бұл қандай жылдар еді? Ол жылдар өмірімізде қандай із қалдырды? Сол іздің ізашары кім? Әңгіме осы жайында болмақ.

Өткен ғасырдың соңғы он жылдығы дүние жүзінде дәуірлік және заманауи ұлы оқиғалармен тарихта қалды. Мәңгілік жасайды деген Кеңес империясы құлады. Кешегі кеңестік республикалар үшін аса маңызды тарихи оқиғаларға толы жаңа заман туды.

Осы жаңа дәуірдің жарқын сәттерінің бірі – Қазақстан халқы сондай алмағайып, аласапыран заманда жоғары парасаттылық көрсетіп, береке-бірлікке, достық тірлікке ден қойып, елдік топтасқандығын көрсетіп, 1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш Президентін сайлады. Президент туған халқының алдында: «Дана бабалар дәстүрімен осы салтанатты сәттегі сөзімді алдымен ата жұртыма, қасиетті халқыма арнаймын! Бүгінгі күн – Қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін күн. Тарихтың талай бұралаң белесінен өтіп, бұл күнге де жетіп отырмыз. Бәрін де көрген халықпыз, бәріне көнген халықпыз. Шүкір, кештеу де болса ес жиып, еңсе көтеріп, егеменді елдің туын тіге бастадық. Қазақстан

Республикасының Президентін бүкіл халық сайлағаны – осы жолдағы ең биік белестің бірі. Елдің қамын ойлайды, намысын жібермейді деп бірауыздан сенім артқандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды айтамын. Елім үшін, халқым үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайынмын. Бұл жолда ең алдымен дана халқыма, дарқан еліме, ата-бабамның аруағына сүйенемін. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін. Сенімнен айырылмайық, бауырларым!» деп ақтарыла сөйледі.

Бұл аса зор тарихи оқиға әрбір отандасымыздың санасында салтанатты күн болып қалды. Жақсы күн жарқын жалғасын тапты. Тарих үшін көзді ашып-жұмғандай ғана осы қысқа мерзімде, он жеті жылда мұндай дәрежеге жеткен қандай мемлекет бар? Тәубе дейік Тәуелсіздігімізге! Нұрсұлтан Әбішұлының сол кезеңнен бастап күні бүгінге дейін жасампаздықпен жүргізіп келе жатқан сындарлы саясаты – елге, ұлтқа, Отанға адал қызмет етудің жарқын мысалы. Жанқиярлықтың үздік үлгісі.

Бұл жолдағы қадамдар оңай болды ма? Әрине, жоқ. Кеңес Одағы ыдырап жатқан тұста, 8 желтоқсанда Белоруссия жерінің Белая Вежа тоғайында негізгі ұлттары славян нәсілдес республикалар өз бағытымен бір жаққа тартса, Орта Азия республикаларының басшылары 13 желтоқсанда Ашхабадқа мойын бұрып, өз ыңғайына қарай қадам жасауға ұмтылды. Осылайша кешегі кеңестік елдер жаңа тарихи кезеңнің алдында қай тарапқа жол табарын білмей, әуре-сарсаңға түсе бастады. Шын мәнінде, КСРО-дай алып елдің діндік, тілдік белгі бойынша екіге бөлініп кету қатері де төнді. Міне, осы кезде күрделі мәселенің күрмеуі шешілді. Тарихта бірінші рет Мәскеудің ықпалынсыз шешілді. Нұрсұлтан Назарбаев сол кездегі одақтас республикалардың басшыларын өз бастамасымен 21 желтоқсанда Алматыға жинап, ТМД-ның болашақ тағдыры айқындалды. Алматы декларациясы қабылданды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды да, КСРО іс жүзінде таратылды.

Осылайша әлемнің алтыдан бір бөлігін алып жатқан алып империяның болашақ тағдыры Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей басшылығымен бейбіт шешімін тапты. Қантөгіске, азамат соғысына, өзара қақтығыс пен кикілжіңге ұрынбай, бейбіт келісімге келіп, бауырмалдықпен түсіністік тапқан орасан оқиғаның идея авторы әрі жетекшісі Нұрсұлтан Әбішұлы болғанын біз әрқашан мақтан етеміз. Бұл аса маңызды, дәуірлік оқиғаның шын бағасын, шынайы болмысын тарих әлі екшеп айтып, елеулі сөзін жазады деген ойдамыз. ТМД-ның тағдырын бейбіт жолмен шешуде орасан зор алғырлық пен көшбасшылық танытқан бұл оқиғадан соң күллі әлем Қазақ елінің басшысына шындап назар аударды. Мойындап, бағалады, арқа тұтып, сүйеніш көрді. Шын мәнінде сол тұста жаңа ғана тараған кешегі КСРО кеңістігінде барша республикалар басшыларын бір жерге шақырып, басын қоса алатын жалғыз адам, елдегі бейресми лидер тек Назарбаев болатын. Горбачевтің Қазақстан басшысына біресе КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін, біресе КСРО вице-президенті қызметін кезек-кезек ұсынып жүргені Нұрсұлтан Әбішұлының алып ел

аумағындағы биік беделін білгендіктен де жасаған қадамдары еді. Алайда, дүние дамуының доңғалағы қалай қарай қисая бастағанын тамыршыдай тап баса алған азамат ол ұсыныстардан дер кезінде бас тартқан.

Осы арада әділдік үшін мына жайды да айта кету жөн. Колбинді мақтап-мақтап, Халық депутаттары съезінде КСРО Халықтық бақылау комитетінің төрағасы деген қызметке аман-есен сайлаттырып жібергеннен кейін Қазақстан Компартиясын, яғни, сол арқылы Қазақстанды кім басқарады деген мәселе туындаған тұста СОКП басшылығына әр түрлі адамдардың аттары аталған. Сонда Горбачевтің айналасы ол кезде Қазақстан Үкіметін басқаратын Нұрсұлтан Әбішұлын «неудобный Назарбаев» деп сипаттағанын білеміз. Өлгіндейлердің біреуіне Горбачевтің: «Лучше один неудобный Назарбаев, чем весь неудобный Казахстан», дегені болған. Бұл Желтоқсан оқиғасынан кейін аузы күйген адамның сөзі еді.

Қиюы кеткен қоғамның соңғы нүктесі осылайша Алматыда қойылды. Ақылмен істелген істің ақыры даусыз аяқталды. КСРО қантөгіссіз тарады. Ел өркениетті түрде ыдырады.

Қазаққа, қазақстандықтарға келген азаттықты бастарына қайтсем бақ етіп қондырам, құт етіп дарытам деп алмағайып кезеңде ақыл-парасатқа жүгініп қимылдаған Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұлттың ойдағысы орындалған ұлы күні – 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңға қол қойды. Алладан бар тілегін ағынан сұрайтын қазақ топырағында тәуелсіз мемлекет ту көтерді! Ғарышқа қазақтың ұшуымен тұстас келіп, елдікке қол жеткізудің өзіндік бір жарасымдылығы сол тұста айқын аңғарылды. Таразы басында тартысқан, шарпысқан сан тарау пікір артта қалып, елдің ішкі бірлігі, сыртқы тұтастығы сынға түсетін сәт туды. Енді ойлап қарасақ, Байқоңырдан Бәйтерекке дейінгі аралықта қаншама жетістіктер мен табыстар жатыр? «Білгенге маржан, білмеске арзан» деген Абайдың данышпан сөзі осындайда айтылса керек.

Мемлекет басшысының әлемдік ауқымдағы қабілет-қарымына, саяси іс-қимылына, тиянақты шешіміне, тұралаған экономиканы ілгері бастыру жолындағы соны байламдарына, уақыт ағымына қарай ойластырған әдіс-тәсілдеріне қапысыз сенген халқымыз тұңғыш Президентіне әрқашан қолдау білдірумен келе жатыр. Соның арқасында ел де, жер де жаңарды. Ел басшысы экономикалық тығырыққа тірелген, саяси дағдарысқа ұшырау алдындағы Қазақстанды жаңа дәуірлік жарқын күндерге жетелеп алып шықты. Азаттықтың ақ жолы Астанаға келіп маңдай тіреді.

Ал ол кезде алда әлі талай ауыр жолдар жатыр еді. Елбасы өзі айтқандай: «Алдағы ауыр жолды абыройлы жүріп өту үшін, әуелі жол картасы керек болды. Әрине, дүние жүзінің тәжірибесіне сүйендік, Малайзияның «2020 перспективасы», Қытай мен Оңтүстік Кореяның стратегиялық жоспары, Рузвельттің 30-жылдардағы экономикалық жолы. Бірақ біздің стратегиямыздың олардан ерекшелігі, біз барлық проблемалардың шешімін кешенді түрде қарадық».

Осылайша, елдік дамудың ерекше құжаты – «Қазақстан-2030» Стратегиясы өмірге келді. Ол біздің ел дамуының парадигмасын жасады, аман қалу

үлгісінен оза даму үлгісіне алып шықты. Сол жолға соңғы он жылда айқын жүзеге асқан 7 ұзақ мерзімдік басымдық өзек болды. Қазақстан олардың бәрін революциялық жолмен емес, эволюциялық даму жолымен жүзеге асырды. Бұл үшін дана басшылық, сара саясат, парасатты пайым керек еді. Және ол мемлекеттілікті қалыптастыру жолындағы жанкешті жұмыстармен үйлесімді, үлгілі және үрдісті түрде жүруі тиіс болатын. Демек, Президентіміз өзі айтқан «жол картасын» әуелден-ақ дұрыс таңдады.

Елдің ішкі саясаты оның негізгі іргетасы екені белгілі. 2006 жылғы 11 қаңтардағы Президент инаугурациясы кезінде Нұрсұлтан Әбішұлы ең басты үш міндеттің ойдағыдай орындалғанын қанағаттанған сезіммен атап өтті. «Біз өте маңызды үш міндетті орындай алдық: өз мемлекеттімізді құрдық, әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан экономика жасақтадық, халықтың әлауқатын нақты түрде жоғары көтердік», – деді Елбасымыз.

Әуелі ұлттық қауіпсіздікті бекітіп алған Қазақстан қоғамның ішкі саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуге бар күшін салды. Содан да «алдымен экономика, сонан соң саясат» деген қағидат ұсталды. Қоғамның тыныштығы мен бірлігі біздің алдағы дамуымыздың алтын көпірі екенін түсінген Елбасы мемлекеттілік құрылысында халқымыздың өзара береке-бірлігі мен түсіністігін, достығы мен толеранттылығын, азаматтарымыздың ел тыныштығын сақтаудағы өзара сыйластығын басты назарда ұстады. Этностардың өзара бірлігі, ұлтаралық, дінаралық татулық пен өзара сыйластық ел дамуының ең қозғаушы да, қорғаушы да күші болды. Ал шын мәнінде ол тұста шетелдердегі талай сарапшылар ұлтаралық негіздегі қақтығыстар алдымен ұлты да көп, діні де көп, тілі де көп Қазақстанда басталады деп қайта-қайта қақсап жатқан еді. Олай болмады деп айта салу аздық етеді. Олай болдырылмады деу жөн.

Олай болдырмау оңай болған жоқ. Сол жұмыстың ең бір айшықты көрінісі – кейінгі жылдардағы саяси ішкі тұрақтылық тұтқаларының біріне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының дүниеге келуі. Мұндай ұйым кеңестік республикалардың ішінде ғана емес, дүние жүзі бойынша кемде-кем. Бұл қазақстандық құбылыс ретінде орынды аталып жүр. Ол заңды да. Ассамблея осы жылдар ішінде өзі де барлық тұрғыдан есейіп, буыны бекіп, қоғамның саналы түрде есейіп, біртұтас болуына басты ықпал етті. Өзге елдерде сан түрлі оқыс оқиғалар мен қарулы қақтығыстар болып, қан төгіліп жатқанда Қазақстанның ортақ үйінде ондай лаң мен дау туған жоқ. Түрлі-түсті төңкерістер де бой көрсеткен емес. Дағдарыс пен қиыншылықтан бірлесе отырып шығудың жолдары қаралды.

Заман талабына сай жүргізілген реформалардың өзін-өзі ақтағанын қоғам көріп отыр. Біз осы арқылы қоғамның жаңа ғасырдағы модернизациялануының тікелей куәсі болудамыз. Қоғам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың және өзара іс-қимылдың нақты көрінісі болып табылатын бұл саяси жаңарулар мемлекет құруда жүргізіліп келе жатқан басты ішкі саясаттың заңды дамуын дәлелдейді. Ал тұрақты және даму үстіндегі қоғамда халықтың тұрмыс-тіршілігі, әл-ауқаты жақсара түсуі заңды. Экономикалық даму – саяси

дамудың тұғыры, базисі. Осы арқылы Қазақстандағы азаматтық қоғам одан әрі тамырын тереңге жіберіп, іргесін бекіте түседі.

Жақында біз НАТО-ның Парламенттік Ассамблеясының Испанияның Валенсия қаласында өткен сессиясына қатысып қайттық. Сессияда мен сөз сөйледім. Оның ұзын-ырғасы «Егемен Қазақстанда» жазылды. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған кезде біздің қолымызда қуаты дүние жүзі бойынша төртінші болып табылатын жойқын ядролық қару-жарақ арсеналы бар болатын. Оның қуатын сезіну үшін бұл қарудың күші мен саны Ұлыбритания, Франция, Қытай секілді ядролық қаруы бар елдердің бірлескен арсеналынан әлдеқайда асып түсетінін айтудың өзі жеткілікті деген сөзіме бірқатар делегаттар назар аударып жатты. Иә, біздің қолымызда сондай қару бар еді. Сол кездерде мұсылман елдерінің өкілдері де қазақ еліне жиі ат басын бұрып, қолдағы жойқын қаруды өз еркімен тапсырмауға үгіттеп бақты. Ол үшін өте тиімді көмектер мен қамқорлықтар жасауға, қаржы беруге пейіл танытты. Өз ішімізде де «Қуатты қаруды өз еркімізбен неге береміз?» деген пікірлер болды. Бірақ, Мемлекет басшысы ядролық қаруды жою жөніндегі пікірін табанды түрде қорғап, оның тәуелсіздік үшін аса маңызды екенін дәлелдеді. Бұл шын мәнінде бүкіл дүниенің, Қазақстанның болашағын бейбіт еткен өте құнды шешім еді.

Осындай алмағайып, күрделі кезеңде Мемлекет басшысы ядролық қарудан өз еркімен бас тарту, оны жою туралы тарихи шешім қабылдасаса, Қазақстанның болашағы қалай боларын айтудың өзі күмәнді. Қолдағы қуатты қаруды беру арқылы бейбітшілікке жол салу жөніндегі осы тарихи шешім Қазақстанның қауіпсіздігі мен тыныштығына мықты кепіл болды. Ядролық қаруға ие 5 ел Қазақстанның территориялық тұтастығына, қауіпсіздігіне кепілдік ететіні жөнінде 1994 жылы Бухаресте қол қойды. Сол кезде-ақ, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақтың киелі жерін дертке душар еткен қатерлі қаруды құрту жөніндегі табанды шешімі еліміздің жаһандық қауіпсіздік саласындағы отандық стратегиямызды айқындап, бізбен сенімді әріптес болған мемлекеттердің санын арттырды.

Қазақстанның тәуелсіздіктен кейінгі бірінші тарихи шешімдерінің қатарында Семей ядролық полигонын жабу мәселесі тұрды. Бұл шешім әлемдік қауымдастықтан жоғары баға алды. Мұны АҚШ бастаған мемлекеттер жоғары бағалап, қолдау көрсетті. Президенттің ядролық қаруды таратпау, халықаралық лаңкестікке, діни экстремизмге қарсы күрес, басқа да жаһандық істерге қосқан үлесіне әлем жұртшылығы әр кез ілтипат танытумен келеді.

Қаруға емес, парасатқа жүгінген, ақыл-ісімен танылған еліміз бен Елбасының қайырлы қадамына шынайы ризалығын білдіріп жататын жылы лебіздерге мен шет елдерде, оның ішінде АҚШ-та елшілік қызмет атқарған кезеңде талай рет куә болдым. Жалпы, оның алдында елші болып жұмыс істеген елдерімде де Нұрсұлтан Әбішұлының биік беделін сезінген кездеріміз көп. Соның өзінде әлемдегі ең қуатты держава саналатын Америка Құрама Штаттарының лауазымды тұлғаларының біздің Елбасымыз жөнінде жоғары баға

беруінің жөні бөлек. Мәселен, АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы, небір тың ой-пікірлерімен белгілі, заман ағымын көш жерден болжайтын Генри Киссинджердің: «Әлемде мұндай ақыл-парасатқа жүгінетін елдің болуы қандай қуанышты. Қазақстан үлгісі – өмір сүрудің, алға үмітпен қараудың үлгісі. Осындай жолды таңдап алған Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бағытына мен дәйім қолдаушымын. Бейбітшілікті қалаған қазақстандықтарға шын ниеттен ризашылығымды білдіремін. Әлемдегі абыройы арта берсін», – деп ағынан жарылғаны бар. АҚШ саясаткерлері Назарбаевтың көпвекторлы сыртқы саясатын жоғары бағалайды, қай істе де ең алдымен ұлттық мүдде тұрғысынан әрекет ететіндігіне тәнтілігін білдіреді.

Күні кеше Америкадағы президент сайлауында өз қарсыласынан оқ бойы озып шығып, жеңіске жеткен, қара нәсілден шыққан тұңғыш Президент Барак Обама Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаевпен телефон арқылы тілдесіп, екі ел арасындағы әріптестік пен бұрынғы тығыз қарым-қатынас сол қалпында қала беретінін және өз тарапынан оның тереңдей түсуіне ықпал жасайтынын жеткізді. Барак Обаманың шетел басшыларының арасында сөйлескен адамдарының алғашқы ондығының ішінде Назарбаевтың болуы да көп жайды аңғартады. Бұл АҚШ-тың жаңа әкімшілігі де Қазақстанның әлемдегі орнын тиісінше бағалап отыр деген сөз.

Әлемдік жетекшілердің жаңа буынының көрнекті өкілі В.Путин: «Қазақстан үшін Нұрсұлтан Назарбаев – өте ерекше тарихи тұлға. Ол тек Қазақстанның тұңғыш Президенті ғана емес, ол – қазақтық, қазақстандық мемлекеттіліктің іргетасын қалаушы» деп бағалауы әділ де орынды айтылған сөз екеніне дау жоқ. Ресей Президенті Дмитрий Медведевтің «Қазақстан мен Ресей бір-біріне бауырлар ғана жасай алатындай қолдау жасайды» деген сөзі Нұрсұлтан Назарбаевтың ықпалдастық саясатына қандайлық кемел қайраткер екенін келісті көрсетеді. Бұл айтылғандар Елбасымыздың ерен тұлғасын ерекше дәлелдейтін елеулі мысалдардың кейбірі ғана.

Елбасының ел алдындағы ерекше еңбектерінің бастысы – кезек күттірмей жүзеге асыратын күрделі міндеттерді кейінге қалдырмай, дер кезінде шешіп отыруы. Кеңестік қиранды құрылымдық жағдайдан кейінгі дағдарыс пен қиыншылық, қымбатшылық өз алдына, Қазақстан уақытша болса да рубль аймағында қала беруді көздегенмен, Ресейдің біздің елге қойған талабы мен саяси сұранысы ерекше экономикалық ауыртпалық әкелетін болды. Осыны тез пайымдап, терең түсінген Президентіміз Қазақстанның төл ақшасын тез арада шығаруға алдын-ала қам жасады. Осындай алғыр шешім мен батыл қимылдың нәтижесінде өте қысқа мерзімде Қазақстан төл ақшасын айналымға шығарды. Мұны сол кезде біздің әріптестеріміз бен көршілеріміз мүлдем күтпеген болатын. Бұл қадам Қазақстанның, оның тұңғыш Президентінің келер күндерге жасаған тағы бір кемел қадамы. Биыл Қазақстан өзінің төл теңгесінің жарыққа шыққанына 15 жыл толуын атап өтті. Сирек қолданысқа түскен, орыстардың «деньги» деген атауына негіз болған төл сөзіміз «теңге» деген атауды да халқына қайтарған Елбасымыздың өзі еді.

Қазақ жері кең байтақ. Көлемі жағынан дүние жүзінде 9-шы орын алатын, ақындық қуатпен айтқанда: «бес Франция немесе тоқсан тоғыз Бельгия сыйып кететін» мұндай ұлан-байтақ жер ата-бабаларымыздан мәңгілікке қалған асыл мұра. Тәуелсіздіктің туын көтерген кездегі ең басты міндет өз жеріміздің қасиетті әр пұшпағын өзгеге жем қылмау жағы болды. Мемлекет басшысының ерен еңбегі мен аса жоғары ұйымдастырушылық қасиеті арқасында Қазақстанның мемлекеттік шекарасы тарихта тұңғыш рет ресми түрде түпкілікті айқындалды. Еліміздің 14 мың шақырымнан астам шекаралық шегі заңды түрде белгіленіп, енді мемлекетіміздің территориялық тұтастығы туралы алып-қашпа сөздерге біржола нүкте қойылды. Бұл халқымыз көптен күткен, жұртымыздың жүрегін күпті қылған, тәуелсіздігіміздің нақты тірегі болатын тарихи кезең еді. Біз алып та адуынды державалардың ортасында жатқан елміз. Жер байлығы, ел байлығы көздің құрты болған қазіргі алмағайып заманда мемлекеттік шекараны заңды және көршілердің де көңілінен шығатындай етіп белгілеп алу Елбасының ерекше еңбегі.

Тәуелсіздікті тұғырлы да ғұмырлы ету тұрғысында атқарылған үлкен де іргелі жұмыстардың және бір парасы – өз әскерімізді жасақтау. Мемлекет басшысы, ең алдымен өз әскерімізді жасақтау, оның жауынгерлік-техникалық, тактикалық-стратегиялық қуат-қарымын орнықтыру тұрғысында аса зор мәні бар бағдарламаны іске асырды. Соның нәтижесінде еліміздің әскери доктринасы дайындалып, тұжырымдалып, ол заман талабына сай сараптау мен бағалаудан өтіп, қабылданды. Жоғарғы Бас қолбасшы Нұрсұлтан Назарбаев жасақтаған қуатты армия қазір Отан шебін, ел тыныштығын көздің қарашығындай қорғайтын дәрежеде.

Кезең-кезеңге бөлінген экономикалық дамудың алғашқы сатысында «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асырудың 1998-2000 жылдарға арналған кезеңі тұжырымдалды. Оны орындаудың барысында елдің ішкі жалпы өнімі екі есеге дейін артып, халықтың әл-ауқаты анағұрлым өсті. Ең бастысы – экономикалық даму қарқынды сипат алды. Қазақстанның жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім көлемі қазірдің өзінде Шығыс Еуропадағы бірқатар елдерге теңесіп қалды. Соңғы он жылдың өзінде зейнетақы мөлшері 4,3 есе, жалақы 3,3 есе артқанын айтудың өзі жеткілікті.

Балабақшалар, мектептер мен ауруханалар, демалыс орындары мен спорттық-сауықтыру орындары қарқынды салынып жатыр. «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасының орындалуы Президенттің күн сайынғы назарында. Кадрлар даярлау жөніндегі бұдан 15 жыл бұрын дүниеге келген «Болашақ» бағдарламасы мен еліміздегі маман кадрлар даярлау жөніндегі қазіргі заман талабына сай міндеттер тұрақты күн тәртібіне қойылды.

Осы 17 жылда тарихи Отанына 650 мыңнан астам қандастарымыз квота арқылы оралса, өз бетімен келгендерді қосқанда бұл көрсеткіш 1 миллионнан асты. Мұның бәрі елдің әл-ауқатының қаншалықты өскеніне айқын дәлел. Қазақстан өз қандастарын туған елге шақырып, соған лайық қамқорлық жасап отырған әлемдегі үш мемлекеттің бірі. Тәуелсіздігімізді жариялай салысымен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашырап кеткен ағайындарымызды

іздеп, 1992 жылдың өзінде-ақ, Дүние жүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайын өткізгені Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлтжандылығына тағы бір дәлел.

Өткенге аз-кем көз жіберіп көрелікші. Әсіресе, 1992-1994 жылдардағы жағдай қандай еді? Еліміздегі өндіріс орындары жаппай тоқтап қалған-ды. Ауылдың жайы айтпаса да түсінікті. Бұл кешегі кеңес дәуірінің кесепатынан туындаған дағдарыс болатын. Себебі, Қазақстан тек шикізат өндіруші ел еді. Өндірістің 93 пайызы өзгелердің қолында болды. Осы тығырықтан шығу жолын Елбасы тынбай іздеді. Бұл туралы Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің өткен жылы жарық көрген «Қазақстан жолы» атты көлемді еңбегінде жан-жақты талдап айтты.

Әлем енді «Қазақстан жолын» аңдайтын болды. Ол жол енді «Еуропаға жол» болып, сүрлеуін кеңіте түсуде. «Шығыстан шұғыла тарайды» деген ұлы нақылды Қазақстан жаһан жұртының жадына тағы бір салғандай.

Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі, бір кездері «темір леди» атанып, біріккен корольдіктің құлдырап бара жатқан экономикасын қайта көтерген Маргарет Тэтчер өткен жылы Лондонда ағылшын тілінде жарық көрген «Қазақстан жолы» кітабына жазған алғысөзінде: «Мемлекеттердің іргесін салған, негізін қалаушылар әрдайым дерлік қалыпқа сыймайтын тұлғалар болып келеді, ал Нұрсұлтан Назарбаевты толық мәнінде осы санатқа жатқызуға болады. Тоталитаризмнен азаттыққа көшу ешқашан жеңіл болмаған... Президент Назарбаев Қазақстанды бүгінгі шыққан биігіне жеткізу үшін батылдық пен сақтықтың үйлесімін пайдаланды. Коммунизм бұғауларын быт-шыт қылған ел өзінің ерекше қазақы қасиеттерін сақтап қалды. Президент Назарбаев экономика мен қоғамның ашықтығына, яғни кейбір көршілері қасарыса бас тартқан нақ сондай нәрселерге ұмтылды. Ол сөйтіп Қазақстан үшін халықаралық ұйымдарда айтарлықтай беделге қол жеткізді», – деп Елбасының ерен еңбегіне ерекше баға берді.

Жаһанда жамандықтың көбі дінаралық кикілжіндерден шығып жатады. Бұл орайда Қазақстан өзінің ешкімге ұқсамайтын жолы арқылы әлем жұртшылығын және бір мойындатты. Келер жылы үшінші рет әлемдік діндер жетекшілерінің съезі тағы да қазақ жерінде өткелі отыр. Сан алуан діндердің бұған дейін бір-бірімен түсініспек түгілі қол беруге келіспейтін өкілдерінің өзі Астана төрінде бір-бірімен қол алысып, әлемдегі бейбіт өмірдің бағасын терең танудағы парасаттылықтарын көрсетті. Бұл – діндер тарихында бұрын-соңды болмаған ерекше құбылыс.

Күрделі кезеңнің бар тауқыметін өз мойнына алып, алға сүйреген тұста олқылықтар кеткенін Елбасы да айтады, одан жалтармайды. Бұл Президенттің кемеңгерге тән кемелдігін, азаматқа жарасатын ақылдылығын, алды кең тұлға екенін дәйектейді.

Бүгін біз бәрі оп-оңай бола қалғандай көреміз. Арыстардың аманатын арқалаған, намыстың желкенін керіп, сауаты шамалы, санасы төмен деп өмір бойы желкелеп келген үстем күштің тегеурінді тырнағынан құтылған қазақты танытуға бел байлаған көшбасшының сол тұстағы әр қадамы халықтың да,

бәріміздің де көз алдымызда. Тіпті Мәскеу мінберінен асып сөз сөйлеп көрмеген, сәл ғана бұрын мәртебелі қауымдастыққа мүше болып, бүгілген белін жазып, түскен еңсесін тіктеген елдің Елбасы әлемнің ең биік мінберінен – Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөз сөйлеп, дүниеде бар екенімізді жар салып айтты. Бодандықтан бостандыққа шыққан, кеңес халқы, кеңес азаматы деген жалпылама ұғымнан жалқы атауға көшкен, қазақ, қазақстандық деген сәулелі сөзді иеленген ел екеніміз сол күні төрткүл дүниенің құлағына жетті. Осындай елмен жақындассақ жаман болмайды екенбіз дегендер шетінен шығып жатты.

Елдің даму тағдырын шешкен аса маңызды қадамдардың бірі ретінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары туралы Кеңестің (СВМДА) орны ерекше. Елбасымыз 1992 жылы БҰҰ-ның биік мінберінен тәуелсіздігін алған жаңа мемлекеттің басшысы ретінде сөз сөйлеп, осындай бейбіт қадам жасаудың жай-жапсары туралы ойларын ортаға салып, оны құрудың жолдарын ұсынды. Бұл ұсынысқа көзқарас шет елдерде де, өз елімізде де әр түрлі пікірлер тудырғанын ұмытқан жоқпыз. Талайлар «Тәуелсіздігін енді ғана алған жас мемлекеттің осындай күрделі мәселені шеше алуы мүмкін бе?» деп сан-саққа сөз жүгіртті. Сенбеушілер көп болды. «Азиядағылар бір жамылғының астында ұйықтағанымен, түрлі-түрлі түс көреді» деп мақалдатқандар да аз болған жоқ. Әрине, ғажап үлкен ауқымдағы мұндай шараны ұйымдастыру оңайға түспейтіні белгілі. Ол үшін бастама көтерілген 1992 жыл мен идея жүзеге асқан 2002 жылдың арасында бақандай 10 жыл жатқанын айтудың өзі жеткілікті. Бірақ, Нұрсұлтан Назарбаев дйттеген мақсатына жетпей қоймайтындығын осы істе де анық дәлелдеді. Қазір бұл ұйым – әлемнің 18 мемлекетін біріктірген, халықтарының саны 3 миллиардтан асатын, әлемдік жалпы ішкі өнімнің үштен бірін беретін, Еуразия секілді алып құрлықты бейбітшілік пен қауіпсіздік жағдайында ұстап отырған үлкен ұйым. Осы үлкен ұйымның ұлан-ғайыр істерін бастап берген Нұрсұлтан Әбішұлының тарихи еңбегін енді біз емес, осы елдердің басшылары орынды мойындап, үлгі етуде. Бұл – біз үшін, Қазақстан үшін орасан зор мақтаныш пен мәртебе.

Өткен жылы 30 қарашада Мадридте Қазақстан үшін, жалпы алғанда, бүкіл әлемдік қауымдастық үшін аса маңызды тарихи шешім қабылданды. Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы Қазақстан Республикасының 2010 жылы осы мәртебелі ұйымға төрағалық етуіне бірауыздан дауыс берді! Қазақстан әлемдегі түркітілдес, мұсылман және азиялық мемлекеттердің, кешегі кеңестік кеңістіктегі елдердің ішінде Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына бірінші болып төрағалық ететін мемлекет ретінде тарихқа енді. Мен мұны Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәуелсіз, экономикасы қуатты және демократиялық мемлекет құрудағы әрі біздің еліміздің тек өз өңірінде ғана емес, әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікке сіңірген аса зор еңбегін әділ бағалағандық деп ойлаймын.

Бүгінде Еуропалық Одақпен қоян-қолтық әріптестікке қол жеткізген Қазақстан сындарлы жүргізіп келе жатқан көптарапты сыртқы саясаттың арқасында осы ұйыммен стратегиялық әріптес болды. Соңғы жылдары Қазақстан

мен Еуропалық Одақ арасындағы қарым-қатынас жыл өткен сайын қарқын алып, ол жоғары және ресми деңгейлердегі өзара іссапарлардан, белсенді әрі тұрақты саяси үнқатысулардан, тауар айналымының бірнеше есе өсімінен және еуропалық инвестициялардан айқын көрініп отыр. Өткен жылы тауар айналымы 27,5 миллиард доллардан асты.

Қазақстан өзінің негізінен азиялық мемлекет ретіндегі, халқының негізгі бөлігі мұсылман дінін ұстанатын ел ретіндегі дара сипатынан да ажырамай келеді. Еліміздің мұсылман әлеміндегі беделі де биік. 2011 жылы Ислам елдері конференциясының төрағалығына Қазақстанның сайлануы осы биік беделдің даусыз дәлелі.

Нұрсұлтан Әбішұлы азат күндердің алғашқы тынысынан бастап қазақ тілінің мәртебесі мен мерейін көтеру, оның пайдаланылу және қолданылу аясын кеңейту тұрғысында үнемі қамқорлық пен басшылық жасап келеді. Осы жылдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясының бұрынғымен салыстырғанда анағұрлым жаңа белеске шығуына Елбасының жетекшілік қызметі, адал ниеті көшбасшы болды.

«Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деп, бұл іске мән беріп, бастама көтерген Елбасымыз одан кейінгі жылдарда «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген ұстанымын ашып айтып, барша жұртымызды осыған ерекше мән беруге жұмылдырды. Биылғы жылы қазақ тілді басылымдардың басшыларына арнайы сұхбат беру арқылы қоғамдағы қазақ тілінің орны мен мәртебесі, оның одан әрі дамуы мен өркендеуінің негізгі бағыттары туралы жан-жақты пікірін айтып, бұл іске бүкілхалықтық қозғау салды. Өзі тікелей бастама көтеріп, «Мемлекеттік тіл» қорын құру мәселесін шешті. Бұл – Елбасымыздың туған елдің мемлекеттік тілінің мәртебесі мен мерейін көтеру жолындағы әрі перзенттік, әрі президенттік, әрі азаматтық борышын адал орындауы.

Президентіміз осынау жылдарда төл тарихымызды танып, бағалауда, мәдениетіміз бен өнерімізді дамытуда, біліміміз бен ғылымымызды жаңаша өркендетуде жарқын бастамалардың талайын өзі бастады. «Мәдени мұра» бағдарламасының тұсауын кесіп, оның жұмысын өзі бас болып, қадағалап келеді. Арыстарымыз бен асылдарымызды ақтап, өз халқымен қайта табыстырды. Тарихымызды жаңаша таразылап, оның болмыс-бітімін жаңғыртуға басшылық жасады. Ұлт мектептерінің өрісін кеңейтіп, өнегесін таратты.

17 жыл ішіндегі табыстарымыз ұшан-теңіз. Аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі Президенттің орасан ізденістері елдің өркендеуіне септігін тигізіп қана қоймай, өзге елдермен қарым-қатынасына кепіл болды. Біздің мемлекетіміз қазір аймақта экономикалық реформа жасауда көшбасшы болып отыр.

Қазақ жұрты ежелден-ақ ел бастаған басшысын ардақтаған. Айналып келгенде, халықтың да, мемлекет басшысының да бір ғана ат байлар тұсы – Отан деген ұлы ұғым. «Отанды ұлы болғандықтан емес, өзіңдікі болған соң жақсы көресің» деген ұлы ойшыл Сенека сөзі осындайда айтылған шығар.

Оқырман қауымның есінде болар, өткен жылы Қазақстанның бір топ зиялы қауым өкілдері, есімдері елімізге кең танымал тұлғалар: «Саралайтын кезең

келді» деген атпен үндеу жариялады. Онда үндеу авторлары Қазақстанның осынау тәуелсіз жылдардағы тарихын жаңаша саралап, оны өз халқымыздың рухани-мәдени санасына тереңнен жеткізу мақсатын көздеген ұсыныстар айтты. Иә, біздің тарихымызды бұған дейін басқалар жазып келді. Біз өзгенің жазып берген өгей тарихын малданып келдік, алданып келдік. Ал енді сонда бүгінгі тарихымыздың басты кейіпкері кім болмақ? Әрине, біздің халқымыз, салтымыз, бүгінгі даңқымыз. Оның орталық кейіпкері еліміздің ең алғашқы Президенті болмағанда, кім болады? Бұл адал шындық, тарихи ақиқат емес пе!

«Қасиетті қазақ жері – ата-бабаларымыздың даңқты тарихын аттының тұяғымен жазып кеткен жер», деп Елбасы өзі айтқандай, сол тарихи жердің бірі Арқа төсіндегі Ақмола десек, осы жерге тәуелсіз елдің ғажайып астанасын салу тағы бір табысымыз еді. Қысқа мерзімде ерке Есілдің екі жағынан сән-салтанаты келіскен бүгінгі елорданы тұрғызу басында қиялдай естілгені рас. Сенгеннен сенбегендер көп болғаны да шындық. Әлемде астана ауыстырудың 140-тан астам мысалы бар екен. Әрине, олардың бәрі бірдей сәтті бола бермеген. Ал Астана – Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ғасырлық қолтаңбасы, тәуелсіз еліміздің тарихи жеңісі!

Ерлік пен елдік мақсатына жеткен Елбасының бұл кемел жұмысы ерен іс демеске шараң жоқ. Тәуелсіз елміз, тәуелсіз елдің өз астанасы болуы керек деген Президенттің озық ойы орындалды. Әлем жұрты дәл қазір Қазақстан десе – Астана, Астана десе – Назарбаев дейтін болды.

Астана – бүкіл Қазақстан халқының мерейі мен мәртебесі. Ғасырлар тербеген ұлы арманның орындалуы. «Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес» деп ұлы ақын айтқандай, Арқа төсіндегі Астана – Қазақстан халқының жасампаздығына, тұңғыш Елбасымыз Назарбаевтың сол жасампаздыққа жеткізген жарқын жеңісіне орнатылған ең еңселі ескерткіш.

Алғашқы күннен мемлекеттік құрылымның керуен көшін түзу жолға салған Президенттің көрегендігі елдік тұғырымызды шайқамай, жала-пәлеге жолықтырмай өркендеудің озық үлгісі негізінде бүгінгі күнге жеткізді. Дүние жүзі қазақты таныды. Қазақстанды білді.

Кезінде Джордж Вашингтон, Мұстафа Кемал Ататүрік, Махатма Ганди секілді ұлы тұлғалар өз мемлекеттері үшін мәңгілік мақтаныш болатын тарихи қадамдар жасап, туған елдерінің жадында қалса, осындай ұлы перзенттердің жалғасқан жақсы керуенінде Нұрсұлтан Назарбаев алдыңғы сапта көш бастап келеді. Ол бүгінде мәртебелі мемлекет құрушы, ұлт атасы деп орынды мақтан етіледі. «Назарбаев» пен «Қазақстан» деген қос сөздің арасында қазір айырма жоқ. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаевты халқы тек қана мақтамайды, Президентімен мақтанады!

Елбасымызбен мақтанғанда біз еліміздің халқы үшін алдымен мақтанамыз. Жалпы, халқымызда кісі тану, адамды айыра алу ежелден бағалы қасиет саналады. Қазақстан халқы 1991 жылғы 1 желтоқсаннан бері кісі тану көрегенділігінің кереметін көрсетумен келеді. Екі рет өткізілген сайлауда, бір рет өткізілген референдумда көпұлтты ел халқы дәйім Нұрсұлтан Назарбаевтың жұлдызын жоғарыдан жандырумен болды. Елім, жерім деген, елдің,

жердің қамын жеген ерге сену, таңдаған азаматымыз адастырмайды, алға бастайды деп қиын күндерде де соңынан еру халқымыздың мемлекетшіл мінезін, бірлікшіл болмысын айқын айғақтайды. Елбасымыз да өзіне сенім артқан көпұлтты халыққа разылығын дәйім айтып жүреді. «Әр халықтың басшысы өзіне лайықты болады» деген даналық сөз бар. Тарихтың тағдырдың тар кезеңінде Қазақстан аспанына Назарбаевтай азаматты алып шығуында шын мәнінде ғажайып әділеттілік жатыр.

Тәуелсіздік жолы тәуекелге толы. Ол жолда қауіп-қатер де, қиыншылықтар да алдан шықпай қоймайды. Әлемдік экономика жүйесіне етене кіріккендіктен де Қазақстан жаһанды қамтитын қаржы дағдарыстарынан тыс қала алмайтыны түсінікті. 1998 жылы Оңтүстік-Шығыс Азиядан басталған қаржы дағдарысының тұсында да Елбасымыздың алыстан ойлайтын сара саясаткерлігі даралықпен танылды. Сол жылдарда құрылған Ұлттық қор қазір де Қазақстан экономикасына жаһандық қаржы дағдарысының болуы мүмкін теріс әсерін азайтуға шешуші ықпал етуде. Елбасымыз бұл дағдарыстың алдын алу үшін бұрын-соңды болып көрмеген қадамдар жасауда. Алдағы үш жылда бұрын айтылған әлеуметтік жеңілдіктердің барлығы да сол күйінде қалатындығы жөнінде жақында тағы да мәлімдегені ерекше атап айтарлық жай. Президенттің тапсыруымен жақында Үкімет қабылдаған дағдарысқа қарсы шаралар бағдарламасы ойдағыдай орындалатындығына, Елбасымыздың Қазақстан халқының әл-ауқат деңгейін дәйім жоғарылата беру жөніндегі міндеттері толық жүзеге асатынына еліміздің көпұлтты жұртшылығы кәміл сенеді. Олай болатыны – Қазақстан халқы Назарбаевтың елді мұнан әлдеқайда ауыр қиындықтардан да аман-есен алып шыққанын ұмытпайды.

Міне, тәуелсіздік тарихының он жетінші жылы да өтіп барады. Сол жылдардың биігінен қарағанда да келер ұрпақ мыңжылдықтар межесінде, ғасырлар тоғысында Еуразия құрлығының алып даласында Қазақстан атты мемлекетті іс жүзінде тақыр жерден орнатып берген, айналасы оншақты жылда аяғынан тік тұрғызып, әлемдегі мықты елдермен бәсекеге шыдас беретін елге айналдырған азаматты өз тарихындағы айрықша асыл тұлға ретінде, болашақ биігіне бастайтын баянды жолдың ізашары ретінде ардақтайтын болады.

Елбасы атауында көп мағына бар. Бұл ел басшысы деген сөз ғана емес. Бұл елді бастаушы деген сөз ғана емес. Елді бастап берген деген мағынадағы бұл сөз – елдің бастауында тұрған тұңғыш Президентке ғана тиесілі тамаша анықтама. Қазақ елінің тарихында Елбасы ұғымы ұлттың ұлы перзенті, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев есімімен мәңгі астасатыны анық.

Сол ұғымның санамызға енгеніне 1 желтоқсанда 17 жыл толады. Бұл күн мемлекетіміздің, халқымыздың тарихындағы ұлы күн ретінде қаралуға әбден лайықты.

«Егемен Қазақстан», 2008 жылғы 29 қараша

Бигелді ҒАБДУЛЛИН,
журналист

ХАЛЫҚТЫҢ БАҒЫНА БІТКЕН ПРЕЗИДЕНТ

Маған Нұрсұлтан Назарбаев секілді сан қырлы тұлға туралы жазу қиын. Себебін түсінуге болатындай: құшағың жетпесті құшақтау мүмкін емес – республиканың тууы мен қалыптасуындағы оның үлесі айрықша зор. Сонымен қатар маған онымен иық түйістіре жұмыс істеуге тура келмеді. Сондықтан менің жазбаларым – осынау шын мәнінде тарихи тұлғаның бірер қырын ғана көрсетуге талпынушылық.

Мен Нұрсұлтан Назарбаевпен 90-жылдардың басында таныстым. Егер ұмытпасам, бұл 1992-нің аяғында немесе 1993-тің басында болды. Дәлірек айтсам, бұл танысушылық емес, бір үстелдің басында ол Мемлекет басшысы ретінде, ал мен журналист ретінде отыруымыз болатын. Сол тұста оның баспасөз хатшысы болып тәп-тәуір журналист-менеджер, ескі дос ретінде мені Президенттің маңызды дейтін баспасөз мәслихаттарына жиі шақырып тұратын Сейітқазы Матаев жұмыс істеді.

Сол кезде біздің елімізге Бүкіләлемдік Банктің атқарушы директоры Мишель Камдессю келіп жатқаны есімде. Келіссөздер аяқталғаннан кейін біздерді, журналистерді отырыс залына шақырып, неге екенін білмеймін, мәртебелі меймандармен бір үстелге – тек соларға қарсы отырғызды. Баспасөз мәслихатының егжей-тегжейін айтып жатпайын, Камдессю мырзаға қойған сұрағымды ғана еске салып өтейін. Мен белгілі қаржыгерден, егер біз қолма-қол ақшамен қамтамасыз етілуде сондайлық зор қиындықтарды бастан кешіп жатсақ, Қазақстанға өзінің ұлттық валютасына неге көшпеске деп сұрадым. Нұрсұлтан Әбішұлы тура қарсы бетте отырғандықтан, мен оның ақырын айтқандарын жақсы естідім: «Өте дұрыс сұрақ қойдың, жарайсың!».

Сол күні кешкісін Матаев телефон соғып, қуана хабарласты:

– Бір шөлмегіңді дайындай бер, батыр. Бастық сен туралы сұрастырып жатыр!

Кейін Президент Назарбаевқа Австралия, Италия, Сауд Арабиясы, Швейцария, Үндістан, АҚШ, Англия, Испания, Ресей секілді алыстағы мемлекеттерге және басқа елдерге сапарлас болдым.

1997 жылдың күзінде менің өмірімде түбегейлі өзгерістер болды. Сол тұста мен өзім 1993 жылы құрған «Новое поколение» газетіне басшылыққа келдім. Сол кездегі баспасөз министрі Алтынбек Сәрсенбаев мені өзіне шақырып, газетті басқа бір адамға беруімді өтінді. Ол адам Рахат Әлиев болып шықты. Менің билік тарапынан қолдау табу әрекеттерім түкке аспай қалды. Кейін Президенттің кеңесшісі Ермұхамет Ертісбаев кітабында билік өз қолымен оппозиция туғызады, егер Бигелді Ғабдуллиннен оның газетін тартып алмаса, ол қатал оппозицияның қатарына кете қоймас еді деп жазды.

Сөйтіп, мен Нұрсұлтан Назарбаевпен баррикаданың түрлі жағында болып шықтым. Содан соң көптеген қолайсыз да қатерлі жәйттер: қастандық та, редакция офисіндегі жарылыс та, сотпен қуғындау да, эмиграцияға кету мәжбүрлігі де, билікке, соның ішінде Нұрсұлтан Әбішұлына да қарсы жазылған менің өткір мақалаларым да болды. Адамның басынан не өтіп, не қоймайды деген сол ғой. Сыртта, шет елде жүргенде адамда бардың ең қастерлісі – өмірі екенін түсіндім. Мұндай түсінік маған босқын эмигранттың тағдыры алдымнан тосқан туған жерден шалғай шетте, бос жүріс жағдайында келді. Отбасымды да америкалық «әл-ауқаттылық» пен ондағылардың жалған күлкісі мезі етіп бітірді.

Мен Қазақстанның АҚШ-тағы сол тұстағы елшісі Қанат Саудабаевқа еліме қайтуға көмектесуін сұрап қайырылдым. Ол өтінішіме барынша жанашырлық танытып, мен Отаныма тезірек оралуым үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Алайда негізгі шешімді Президенттің қабылдағанын білдім.

Сондықтан да, егер Президентімізді адам ретінде сипаттау керек болса, мен ең алдымен оның жан-дүниесінің кеңдігі мен мінез-құлқының тектілігін атар едім. Үлкен жүректі, болмысынан қайырымды адам ғана журналиске сыни дүниелерін кешіріп, оның елге оралуына көмектесіп, жұмыс табуына жәрдемдесіп, жаңа жағдайда орнығуы үшін бәрін де жасай алады. Айта кетейін, ол өзінің барша саяси оппоненттеріне толеранттылық танытып келді және танытып отыр. Оларды қаншама рет кешіріп, үнқатысуға жетеледі, Отанына оралып, халық игілігіне жұмыс істеуге шақырды.

Бұдан кейін мен оның болашақты стратегиялық тұрғыда көре білуін және жүретін жолдағы басты бағытты таңдай алуын атап өтер едім. Өткен ғасырдың 90-жылдарының өте ауыр орта тұсын еске түсірейікші: экономика құлдыраудың алдында тұрды, сан мыңдаған аш жұмысшылар митингілерге шығып, абыржыған орыс тұрғындар, Ресейдің ұлтшыл патриоттары қолдаған казактар басын көтерді. Бір сөзбен айтқанда, ел күйреуге жақындап, оны Балқан елдерінің тағдыры күтіп тұрды. Нұрсұлтан Назарбаев түндер бойы ұйықтамай, дағдарыстан қалай шығуды, экономикаға қалай жан бітіруді, өректіген халықты қалай сабасына түсіруді ойлаумен болды дейді. Жағдай жедел де жауапты шешімдерді талап етті. Үкіметтің жеделдігін қажетті заңдарды қабылдауға мүмкіндігі жетпеген Жоғарғы Кеңес тұсап келді. Парламент өкілеттіктерінің конституциялық еместігін анықтаған Президент заңнамалық сипаттағы шешімдер қабылдауға өзінің заңды құқығын пайдалануға мәжбүр болды. Еліміз реформалардың, ең алдымен экономикалық реформалардың қарқынын жеделдететін заңдарды таңғы таза ауадай күтті. Мемлекет басшысының ұлан-асыр саяси ерік-жігері мен табандылығы нақ осы тұста көрінді. Жаңа Конституция қабылданғанға дейінгі қысқа мерзімде Президенттің заң күші бар 140-қа жуық жарлығы шықты. «Жер туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Мұнай туралы», «Шетелдік инвестициялар туралы» секілді сол тұста қабылданған рыноктық заңдар топтамасы экономиканың жедел дамуына, оның ырықсыздандырылуына, банк жүйесінің қалыптасуына жәрдемдесті. Саяси дағдарыс та күн тәртібінен түсіп қалды.

Мемлекет басшысының мемлекетті – мемлекеттік билікті, мемлекеттік мәшинені нығайтуын оның зор еңбегі деп атаған жөн. Бұл түсінікті де. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін республика, былайша айтқанда, «жеті желдің өтінде» қалды: Конституциясы да, әскері де, шекарасы да болған жоқ... Президент Назарбаев тақыр жерден бастауға тура келетінін, сондықтан барынша тездетіп мемлекеттік билік институттарын құру, халықаралық аренада танылуға қол жеткізу, түрлі халықаралық ұйымдарға мүше болу қажеттігін бірден түйсінді. Күшті президенттік билігі бар егемен мемлекет құру стратегиялық мақсат ретінде анықталды. Себебі, мемлекет неғұрлым күшті болса, оның демократиялық институттарды дамыту және тәуелсіздікті қорғап қалу үшін ресурстары көп болады. Өйткені, билік деңгейлері қақтығысып (Украинаны, Қырғызстанды немесе Грузияны еске түсірейік), экономикалық, құқықтық және саяси біртұтас кеңістігі жоқ әлсіз мемлекет қағидаттық тұрғыда демократиялық та, тәуелсіз де бола алмайды. Ол нақты билік тіктемесін түзіп, мемлекеттілікті нығайтты, әлеуметтік бағдарлы нарықтық экономика қалыптастырып, адамның экономикалық өзін-өзі айқындауы қағидатын іске асыру үшін құқықтық және басқа жағдайлар туғыза алды.

Назарбаев-дипломаттың таланты айрықша айтуды талап етеді. Оның Қазақстанның халықаралық ұстанымдарын нығайту жолында жұмсаған күш-жігері өлшеусіз мол. Себебі, мұнда да тақыр жерден бастауға тура келген, халықаралық істерді дербес жүргізудің ешқандай тәжірибесі болған жоқ. Қысқа уақыттың ішінде біздің еліміз осы заманғы Қазақстанның негізін салушы Назарбаевтың өзінің сөзімен айтсақ, ғасырларға пара-пар жолдан өтті. Қазіргі кезде біздің саяси басшылықтың назарында тек қана Батыс Еуропа мен Америка емес, сонымен бірге Қытай, Үндістан, Сингапур, Пәкстан, Түркия, Ливан, Бразилия секілді батыстық емес қуатты державалар да тұр. Міне, кеше ғана біздің Мемлекет басшымыздың маңызы жағынан айрықша Жапония сәпары аяқталды.

Президент Назарбаевтың сіңірген еңбегін әлі де ұзақ санамалауға болады, бірақ та ең маңыздысы – ол барша ТМД президенттерінің ішінде халықтар арасындағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен достықты сақтай білген бірден-бір Президент екендігі. Ол ахуалдың қандайлық күрделі болуына қарамастан, қаруды арқа тұтпаған, өз халқының қанын төкпеген бірден-бір Мемлекет басшысы. Ал бұл өте-мөте көп жәйтті танытса керек. Ресейдің белгілі ғалымы әрі саясатшысы Александр Дугин ол туралы былай дегені бар: «...Назарбаев – іске ең қабілетті, ең жауапты саяси көшбасшы. Ол, шын мәнінде, жаңа Қазақстан мемлекеттілігінің кемесін Сцилла мен Харибданың арасынан өткізді. Ол үнемі еуразиялық мемлекеттіліктің бастамасын көтеріп, еуразияшылардың көшбасы болып келеді... Меніңше, оның миссиясы посткеңестік кеңістіктің ыдырауына бастаған тарихтың бәзбір мойынсұнуына қарамастан және соған керісінше тұруында, Назарбаев осынау үдеріске қарсы болып, баламалы сценарий ұсынумен келеді, бұлайша тек ұлы тарихи тұлғалар ғана әрекет ете алады...».

Ұлы тарихи тұлғалар!

Бүгінде саясаттанушылар Нұрсұлтан Назарбаевты салыстыру үшін тарихтан алып тұлғалардың бейнелерін іздестіруде. Ұлы Петрдің, Кемал Ататүріктің, Франклин Делано Рузвельттің, Черчилльдің, Шарль де Голльдің, Дэн Сяопиннің, Махатхир Мохаммадтың, Ли Куан Юдің және басқаларының есімдері аталуда. Меніңше, барлық салыстырулар ұтылыста қалады. Өйткені, әр тұлғаның сіңірген өз еңбегі және өзінің ұлы уақыты бар. Солай болса-дағы Нұрсұлтан Назарбаев Рузвельттің азаматтық ерлігін қайталады деп ойлаймын. 1930-1940 жылдарғы АҚШ пен XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы Қазақстан – өте әрқилы елдер екенін түсінемін. Алайда, оларды екі жағдай: орасан дағдарыстар (АҚШ-тағы ұлы депрессия мен Қазақстандағы «ақырған 90-шы жылдар») мен халықтың тұрмысы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда қолайлы болуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеген моральдық көшбасшылар болғандығы ұқсастыратыны сөзсіз. Олар жасаған көп нәрсені ауқымы жағынан да, мазмұны жағынан да салыстыруға болады. Бірақ та ең алдымен Рузвельт пен Назарбаевты ұсақ-түйектер емес, адамсүйгіштік, прагматизм және ұлттық мүддеге арқа сүйеу секілді қағидаттар жақындастырады. Назарбаев секілді халықтан шыққан, оны жанындай жақсы көретін адам ғана мынадай тамаша сөзді айта алса керек: «Нақ сол ауыл адамдары ғана кез келген ұлттың түп-тамыры болып табылатынын есте сақтауымыз керек...».

Кейде оған қарап тұрып, ойға қаласың: «Қалай болғанда да сендердің өз Президенттерің тұрғысынан жолдарың болған, бақтарыңа қарай Алла сендерге Нұрсұлтанды тарту еткен! – деп бізге қызғанышпен қарайтын өзбектер дұрыс айтады».

Иә, ол еуропалық та бола алады, ол көп тілдерде түсінік бере алады. Ол сымбатты, ақылды да көреген. Оның үстіндегі классикалық костюм әскери форма секілді сондайлық тартымды көрінеді. Ал әскери форма фрак немесе шапан секілді құйып қойғандай болып тұрады. Оны қалайша Ұлттың әкесі демессің?

«Егемен Қазақстан», 2008 жылғы 21 маусым

Кәкімбек САЛЫҚОВ,
ақын, мемлекет және қоғам қайраткері

ЕЛОРДА – ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЕНҒАЙЫП ЕРЛІГІ

Елордамыз жайында сөз қозғалғанда Елбасы, тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еске еріксіз түседі, ол – қазақстандықтардың көкірегінде берік ұялаған шынайы сезімнің айнадағыдай анық көрінісі. Вашингтон дегенде Америка Құрама Штаттарының бірінші президенті Джордж Вашингтон, Санкт-Петербург дегенде орыс халқының ұлы патшасы І Петр елес беретіндей, Астана дегенде Н.Ә.Назарбаевты заңды түрде еске аламыз. Бұл – нағыз таза сүйіспеншіліктен туған риясыз сезім. Елорда – Елбасының таңғажайып ерлігі десек, ол – тарихи шындық.

Оппозицияда жүрген бір айтулы мырза өз партиясына шақырып, құрмет көрсеткенде: «Сіз Н.Ә.Назарбаевты қандай адам деп білесіз?» – деп сұрақты бүйірден қойып қалды. Мен өз әдетімше еш алаңсыз өлеңдете жөнеліп: «Ел мүддесін бастайтын, бос қиялға баспайтын, дос жинаудан қашпайтын, жауына сырын ашпайтын, бекер уәде шашпайтын, есебі дұрыс саспайтын, жаңашыл ұран тастайтын, – деп бір тыныстап алдым да, – ТМД-мен ауылдас, дәу елдермен қауымдас, көрші елдермен бауырлас, саясаткер, сұңғыла, ешқашан естен жаңылмас», – деп тоқтадым. Сол кезде әлгі мырза: «Е, сіз біздің партияға жоламайды екенсіз ғой онда», – деп қоштасты да шығып кетті. Менің сондағы айтқаным – жеңіл ұйқас қуғаным емес, ақ жүректен туған, ақындық, азаматтық ақиқатым еді. «Қап, Нұрекең – елордамыз Астананың авторы, – деуді ұмытып кеттім-ау» деп те өкіндім. «Кемеңгерлік» деген бір өлеңімде:

Артта қалып көрешегі кешегі,
Келешегі бастап адам өседі.
Ауаны да бірдей жұтып баршасы,
Сұм жалғанның от пен суын кешеді.
Күн шуағын бәрі бірге құшады,
Гүлдің исі, бірдей жетер құс әні.
Бірақ ойлы кемеңгердің қашанда,
Кеңдеу келер көпке жайған құшағы.
Елмен бірге ренжір де қуанар.
Жұртпен көрген айт пен тойды құп алар.
Бірақ дана терең зерлеп өмірді,
Айды аспанға бір-ақ күнде шығарар, –

деген екенмін. Міне, сол айтқаным дәлме-дәл келді. Жаңа туған жас баладай тәуелсіздік таңын жаңа құшқан жас мемлекетіміз экономикалық тығырыққа түсіп, әлеуметтік қиындықтарды басынан кешіп жатқанда астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру деген тұңғыш Президентіміздің ұсынысын әркім әр саққа жүгіртіп, сан түрлі толғаныстар туды. Күбір-күбір жел сөздің түбірі де «Жұтта жасаған тойдай» көрініп, теріс қабылдаушылар да аз болмады.

Бірақ, туған елдің келешегін толағай зерделеп, бұрынғы көрген көрешегінің зардабын татқан азаматтар қолдады. Үкімет пен Парламент Елбасының өте күрделі шешімін он ойланып, тоғыз толғанып қабыл алды. Астанамыз Алматыдан Ақмолаға көшірілсін деген қаулы қабылданды. Міне, «Айды аспанға бір-ақ күнде шығару» деп осыны айтамыз. Өйткені, бұл – Елбасының көреген кемеңгерлігі, озық ойшылдығы, тарлан тарихтың тозбас бетіне алтын әріптермен жазылып, мәңгілікке кететін парасатты даналығы, еренғайып ерлігі.

Астана дегенде бала кездегі астаналар еске түседі. Баяғыда Кеңестер одағының орталық шаһары Мәскеу, Қазақстанның Алатаудағы биік төрі Алматы жалаңаяқ жар кешіп ауылда өскен біздерге ертегідей елестейтін. «Құлақ естігенді көз көрер» деген мәтел сенім, күш берді. Ол кездегі Мәскеудің атағы да өте зор болатын, көптеген әндердің қоңыраулатқан алтын күмбезді Кремлі бар қалаға сезім қозғар әсерін тигізетін. Тіпті Пушкинді оқып отырсаң да «Мәскеу... деген үн ғажап! Жаңғыртқан орыс жүрегін, жандырған талай тілегін» деп жырға орағаны назар аудартады. Ал, соғыс жылдарғы балалар – біздер үшін Мәскеудің рухы өте биік болды. Оған қоса: «Мәскеу үшін не керек, Алматы үшін ертерек» дегізіп қойғандай, ол кездегі ақындарымыз да Алматыны әнге аса көп орамады. Кеңес өкіметінің содыр саясатының шағын ұлттарға деген қысым, айбары әне, соны істетті. «Үндеместері» үрейді алған «қорқынышты ғасырда, қорқынышты жүректер» де көп болды. «Ауыл кеші көңілді» атты «Қайнар» баспасынан жылда шығатын әндер жинағының ең толық деген 1986 жылғы басылымын қараңызшы: «Отан!», «Туған жер» туралы өлеңдер аздап бар, Алматыны таба алмайсың. Қай отанды меңзеп тұрғаны да белгілі ғой. КСРО-ның гимніндегі: «Халықтар еркімен мәңгіге құралған» деген сөздер бұл күнде амалсыз езу тартқызады. Қазақ КСР-нің гимніне келер болсақ: «Жасасын Советтер Одағы» деп қайырмасы қақсап тұр. Әйгілі ағаларымыз бұл гимннің авторы болса-дағы қазіргідей «Менің елім, менің жерім» деп батыл айтуға бара алмады. Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбет сияқты алдыңғы көш ағаларының жазықсыз атылғандарын көрген Ғабит, Әбділда, Қайым ағаларымыз сыңаржақ идеологияның қыл тұзақты тұсауынан шыға алмады. Тіпті Қазақстан астықты миллиардтап аттандырып, түсті металдарын есепсіз балқытып орталыққа құйылтып беріп жатқан күндердің өзінде Алматыда бір жақсы ғимарат туса, не халыққа қажет «Арасан» секілді монша салынса да Мәскеу «бүйректен сирақ» шығарып, айғай-шу көтеретін. Ол оралмас заманға қарағанда бүгінгі елорданың Еуразияның кіндігінде шекаралық шырқауында ұзатуға дайындалған арудай жайнап, аққу құстай құлпырып бой көтеруін сан ғасырлар көксеген заманымыздың зәулім биігі деп білемін.

1991 жылы еліміз егемен мемлекет болып, әлемге аты шыққалы, құдайға шүкір, жалтақ өмір жасқантқан індеттерден біржола құтылды. Астанамызды да, баспанамызды да өз еркімізбен салатын болдық. Кемеңгер Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сындарлы ауыр жылдардың өзінде бүкіл адамзаттың санасына мейірбандық гуманизм сабағын танытатын тарихи өте құнды ұлағатты ұран тастады. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өз елінің ядролық қарудан бас тартатынын жер шарына паш

етті. Әлемдегі барша адамдардың көңілдерінен де, көздерінен де кетпейтін 1949 жыл Жапонияның Нагасаки, Хиросима қалаларына АҚШ-тың авиациясы тастаған екі атом бомбаларының будағы бұлқынған шеңберлі алапат жалындары жаңа ғана өшкендей сезім оралтты. Сол жылдары да, қазірдің өзінде де әлем қарусыздану жолына түсе қойған жоқ. Ал Қазақстанның және оның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бұл ұсынысы адамзаттың санасында мәңгі қаларлық гуманизм жолындағы нағыз құбылыс еді. Еркіндіктің алғашқы екпіні осылай шықты.

Елбасымыздың осы оқиғаға арналған «Бейбітшілік эпицентрі» атты кітабында толық мағлұмат бар. Тап осы мақалада айтып отырғаным, бұл бейбітшілік акциясы Н.Ә.Назарбаевтың ұлтымыздың болмыс-бітімі мен ішкі мейірбандылығына сүйенген үлкен көрегендігі мен ерен ерлігі еді. Осы кітапта: «Қазақстанның ядролық қарулану жолымен жүруі ұлтымыздың бейбітсүйгіш әрі ақыл-ойға дес бергіш халық ретіндегі өзіндік сана-сезімін толықтай күйретіп бітер еді» дейді автор. Қорыта айтсақ, бұл – мемлекетіміздің қауіпсіздігін алыстан ойлаған ұлы ұран. Қазақтардың да, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың да адамсүйгіш асыл мінездерін әлем таныды.

Адамзаттың санасына ой салған Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қаруға тұсау салған ғибратты шешімін алға тартсақ, ол әлем бірлігін ойлаған ұлағатты шешім болды. Міне, осыдан кейінгі өз ұлтымыздың, өз мемлекетіміздің мызғымас бірлігінің қамын жеп, өркендеу жолдарын айқындап, соқпақтарды аша түсуде Елбасымыздың тағы бір тарихи ұлы шешімі астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру деп білемін. Бұл ұлан-ғайыр қаржы мен қажырлы әрекеттер, атпал істерді тілейтін өте күрделі жобаның бастаушысы да, ынтагері де, оны жан-жақты ойланып, түбегейлі дәлелдеп берген де кемеңгер Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі. Ол 1994 жылғы ұсынысын көп ұзатпай 1995 жылдың қыркүйегіндегі «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Жарлығымен жария етті. Жас мемлекеттің бұл талпынысы Ай-әлемді жалт қаратты.

Оған дейін газет-журналдарда, теледидар мен радиода қаншама айтыс-тартыстар жүріп жатты. Қарсы пікірлердің негізі, әрине, кешегі Кеңес одағы ыдырап, еліміздің тәуелсіздікке иегер болған кездегі экономикалық хал-ахуалының қиыншылығы болғаны сөзсіз. Басқа жерді ұсынғандар да болды, профессор Тұрсынбек Кәкішев ағамыз Ұлытауды да атап қалды. Ақыры ең дұрыс шешім іске асырылды, Нұрсұлтан Назарбаевтың ел мұқтажын ойлаған сұңғыла көрегендігі, ана сүтімен дарығандай саясатқа зеректігі, өмірден алған ұйымдастырушылық қабілеті өзіне де, халқына да берік сенім тудырды. Жаңа Қазақстан Республикасы өмірге өзінің шыт жаңа елордасымен келді. Ақмола Астана болып атанды. Азаттық таңының бұл да бір айта қаларлықтай тарихи айғағына айналды. Ескі қорлыққа шыдамаймыз, ескі жолды тастаймыз, ел іргесін нығайта отырып жаңа мемлекет құрамыз, ол талпыныс, талабымызды елордасы – Астана бастайды дегендей ұлан-ғайыр ұғым туды. Елім деп еңіреп туған ерен ердің қазақ халқының келешегі ойлантқан сұрапыл ерлігі деп осыны айтамыз.

Ұлылар жалғасып, ұласып жатса қашан да кейінгі ұрпақтардан шыққан дарынды ізбасарлары қолдау жасап және олардың ең үздіктері сол ұлылыққа жетеді екен. Айтайын дегенім, Қазақстанның астанасын Ақмолаға көшіру туралы болған бір сөздің басы Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтан тарағаны белгілі. Академияның Алматыдағы ғажайып ғимаратының құрылысына кірісерде Қанекең сол кездегі (1946) ең көрнекті мәскеулік сәулетші, академик Александр Щусевке барып, жаңа ғылым сарайының жобасын жасап беруді сұраған екен. Сонда Щусев: «Қаныш Имантаевич, ең әуелі бұл уақытша баспана ма, әлде мәңгілік ғимарат па соны шешу керек. Өйткені, Алматы Қазақстанға мәңгілік астана бола алмайды», – деп өзінің жөн-жобасы бар тұжырымын айтыпты. «Егер болашақ астаналарыңыздың атын атасаңыздар сол жердің табиғаты мен жамиятына лайық етіп болашақты ойлап жоба жасар едім», – деп Щусев тағы да толықтырыпты.

Сәтбаев Алматыға оралысымен Қазақстан Орталық партия комитетінің өндіріс жөніндегі хатшысы Ибрагим Тәжиевке барып, болған істі айтып, өзінің сол толғаныстарының әсерімен қауырт түрде біршама зерттеулер жүргізіп, ой тоғытқанын білдіріпті. Сөз қорытындысы – Щусевтікі дұрыс, кең далалы, көп облысты үлкен елдің астанасының оңтүстікте жайғасқанын және басқа қиындықтарының болмысын айтса керек. Тәжиев ұзақ әңгімеден кейін ұсынысқа көніп, қане қай қалаға тоқтадыңыз дегенде Қ.Сәтбаев Ақмоланы атапты. Екеуі бір ымыраға келген соң сол кездегі Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке барыпты. Жұмекең: «Щусевтің де, сіздердің де ұсыныстарыңыз жақсы-ақ, бірақ, қырғын соғыс жаңа бітіп, ауыр жарасын ел жаза алмай жатқанда астананы көшіреміз деп мен Мәскеуге бара алмаймын, ол сәті түссе болашақтың ісі, Алматыда әлі көп боламыз, сондықтан, жолдас Сәтбаев, сәулетші ақсақалға менен сәлем айтып, құрылыстарыңызды нағыз жаңа ғимарат етіп дұрыстап салыңыздар», – депті. Қаныш ағаның ойымен Нұрсұлтан інімнің ойларының жалғасуын ұлылықтың ұлағатты жолдарының ұштасуы деп білемін. Ақмолаға аттаныс кезінде халықаралық Қ.И.Сәтбаев қорының президенті едім. Айтылған әңгімені де естігелі көп болған, сондықтан өз басым ә дегеннен қолдағанмын. Өйткені, Қанекеңдей дана да қолдап отырғаны жәй емес, Ақмола еліміздің нағыз орталығы ғой.

Астананы Алматыдан қиын кезеңде болса да көшіру шешімінің ең қолайлы, ең дұрыс шешім екенін ел-жұрт кейіннен толық түсінді. Өз қуанышымда шек болған жоқ, жаңа елордамыз – Астананың әр қадамына, әрбір әйгілі адамына, Айман мен Фаризадай әр аруларына, әр ғажайып ғимаратына арнап жүректен шыққан өлеңдерімді аспай-саспай жаза бердім. Құдайға шүкір, бәрі де жарық көрді.

Алатау бастағанда асқарала,
Қосылды қуанышқа жас бала да.
Алматы өзінің жан жалғасындай,
Арнайды ақ батасын астанаға:
Ата, баба салтымен,

Абай, Жамбыл даңқымен,
Құлагердей құлшынып,
Орнап мәңгі тіршілік
Әруақ қонған жас қала,
Алға баста, Астана! –

деп 1997 жылы жазыптын. «Туған күнің құтты болсын, Астана» атты өлеңім 1998 жылғы Астананың тұсаукесер тойы күні «Егемен Қазақстанда» жарық көрді. Бұл өлеңіме жылы лебіз білдірген Елбасымыз Нұрекеңнің сол күнгі ақ ниеті үлкен орден алғандай әсер етті. Біраз өлеңдеріме ән арналды. Ескендір Хасанғалиев «Әлемнің сегізінші ғаламаты» атты өлеңіме ән шығарып, әнші-композитор ұлы Біржан екеуі шырқап жүр. Оның «Бірлік төрі – Астана» атты әні кең тарап кетті. Кенжебек Күмісбеков, Жағыпар Әлімханов, Мұратхан Егінбаев, Әшірхан Телғозиев, Ержан Тастанбековтер де Астанаға арнаған өлеңдерімді әнге бөлеп, ел жүрегіне жеткізді. Ерұлан Қанапияновтың «Аққу елім – Қазақстан» әнін дүлдүл әншіміз Роза Рымбаева 2006 жылы «Евроныйс» каналынан теледидарда жыл бойы келістіріп шырқап берді. Еркеғали Рахмадиевтің де «Сарыарқа» атты әні «Есілге Алматыдан ел көшкендей, Төсіңде құлаш жайды Астанамыз» деп, елордамызды мадақтайды, ардақтайды. Бұл ән төресі де жедел самғап барады. Өз елімізді, өз астанамызды марапаттауға жасқанудан құтылды. Тәуелсіз Еліміздің елордасы санамызға ерекше толғанысты сезім селін тасытты. Бүгін Отан десек – Қазақстанымыз, елорда десек – Астанамыз еренғайып қуанышқа бөлейді, мерейінді өсіреді.

Мәскеуде институт бітірдім, көп жыл қызмет атқардым, көзім үйреніп кеткен шығар. Ал Парижді, әсіресе, әсем орнатылған үйлері мен ат мүсіндері көп таңғажайып көшелерін көргенде халқымның ат үстінде өткеніне деген өкініш көкірегімді семсермен тіліп өткендей қансыратты. Сан ғасырлар қазақты басқарған хандарымыз неге осындай шаһарлар салуға ұмтылмады деп қынжылдым. Осы күрсіністі көңіл қаяуын аршуға Астананың Есілге қонған аққудай жарқ етіп, аз уақытта қанат жайғаны сүйсіндірді.

Ежелгі арман өтелген.
Нығайды қазақ елдігі.
Ақталды шаңырақ көтерген,
Елбасының ерлігі, –

деп, 2003 жылы жазған екенмін. Одан кейін Нұрсұлтан Әбішұлына сыйға тартқан «Күзгі сарын» атты кітабымның ішіне қолтаңба ретінде жазып берген өлеңімде:

Өлсе де өшпей ауыр шеккен азап,
Бұл күнде құт орнады елге ғажап.
Әйтеуір Елбасының бір жақсысы,
Төренің тұқымы емес, таза қазақ, –

дегенім Парижді алғашқы көргендегі күйікті қызғаныш пен өткен өмірімізге өкінішті Астана ұмыттырды. Елбасы – таза қазақ, жаны қазақ, қаны қазақ болғандықтан, қала салудың жаңа қарқынды салтын айқын көрсете білді. Бұл да – нағыз ұлттық қуанышымыз.

Астана қазаққа тек қана әлеуметтік, экономикалық һәм саяси маңызы бар қала емес, ол тәуелсіздіктің рухани тұғыры ретінде әр қазақтың жүрегінде елге, жерге, Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілігі болып тұрақтанды. Әр қазақтың жүрегінде отансүйгіштік деген ұлы сезім ұлғая түсті, көңілге қонып, тамыры терең «Бәйтеректей» шартарапқа құлаш жайды. Қазақ халқының санасына Астана бірлігіміз бен тірлігіміздің айшықты белгісі – символы болып қалыптасты. Бір өлеңімде «Астана – тәуелсіздік тақ-тұғыры, Бар қазақ арман жолын басқарады» – десем, шын мәнінде Астана ұлтымыздың, мемлекетіміздің мызғымас тақ-тұғырына айналды. Ең бастысы – тәуелсіз жас мемлекет үшін жаңа елордамыз – Астана әлемдік даму үрдісімен жаңа заманда, жаңа жолмен алға басуға арналған жаңа қарқын, адуынды ұмтылыстың елдің жаңа жобасының алтын ордасы, жайқалған жасыл бағына айналды.

Астананың құрылысында да, ойлы жобаларында да адам ойланарлықтай кереметтер бар. «Тәуелсіздік сарайы», «Пирамида», «Астана Триумфы», «Ақ-орда» сияқты ғимараттар адамзаттың қол жеткен тамашаларын әкелсе, өзге көптеген көшелер мен үйлерде Қазақстанның қарышты қадамына лайық, болашаққа Азияның барысындай ұмтылыс, әлемдік адами да діни бірлікке жарасымды бой ұру секілді астанада рухани талпыныс бар. «Астана Бәйтеректен басталады, Бәйтерек – Астананың бойтұмары» десек, бұл қаланың құрылысында әлемдік жаңалықтармен қатар қазақ елінің орталығы екенінің исі шығып тұр. «Бәйтерек» пен «Мебиус лентасы» еуразиялық бірлігімізді, қос құрлықтың бауырластығының белгісі ретінде әлемдік кеңістікпен, әлемдік ақыл-ойды ұштастырып тұр. Астананы көрген жан Президентімізге де, Үкіметімізге де, Астананы салушыларға да таңдана қарап, жылы сезімдерін білдіреді, бұл сегізінші ғаламат болып, ғажайып туған киелі қала. «Қазақ елі» монументінің өзі ерекше құбылыс.

Сонау 1997 жылдан бері Астана жайлы жазған өлеңдерім, ән оранған шығармаларым, толғауларым, тебіреністерім «Әлемнің сегізінші ғаламаты» атанған бір кітап болып жарық көрді. Соның бәрі фотосуретші В.В.Красьтің көмегімен суретке безендірілді. Көп жылдар бір қала жайлы әр түрлі себептерге байланысты таңдануым өрістеп, өлеңдер жазып жүрсем, түбінде бөлек кітап болар деп көздегенім де құпия болмас. Кітап шығаруға ниеттенгеннен кейін Астананың әсем ғимараттарын, ажарын ашқан адамдарын құрылысшылар, сәулетшілер жайлы көбірек толықтырдым.

Шынымды айтсам, кітапты топтастырудағы басты мақсатым Астананың авторы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа алғыс айту еді. Бірінші Президент басқа кісі болса да тап осындай ерлікке, өжеттікке бара алмас еді. Бұл елім деп еңіреп туған, бойында Махамбет, Мағжандардың ұшқыны бар нағыз таза қазақтан туған таза ерлік. Ұлтымыздың ұлағатты, қайсар да дарабоз, ержүрек те кемеңгер перзенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан келген тарихи өркендеу жолы, тарлан тарихқа ұлтымыз салған ұлы құбылыс. Міне, осындай ұлы оқиғаның куәсі бола жүріп, поэзиялық белгі жасап өту ақынның асыл арманы емес пе. Тағы да қайталап айтсам, бұл кітап – Елбасымыз Нұрсұлтанның ерлігіне, сұрапыл сұңғылалығына деген алғысым. Л.Н.Гумилевтың анықтауынша:

«пассионарлық дегеніміз – адамның ойға алған мақсатқа жету жолындағы кері қайтпас, тойтарылмас ішкі өжет ұмтылысы». Қазақшаласақ пассионарлық – ойға алған мақсатқа жету жолындағы адамның көзсіз құштарлыққа сөзсіз берілгендігі. Ойлап қарасақ, асыл арманға жету жолындағы мұқалмас қайраттылық, қажымас табандылық, арыстандай алғырлық шарболат мінез болып ерекше қабілетті адамдарға бітеді. Адамзаттың бүгінгі заманындағы болашаққа тың жол салғыш, жаңа өрлеу, өрістеу, даму әдістерін дәлдеп тапқыш пассионарлардың қатарына Н.Ә.Назарбаев толығынан жатады. Оны бүкіл әлем мойындады. Оған тәуелсіз Қазақстан куә, ядролық қарудан бас тарту дәлел, астананы Алматыдан әкеліп Ақмолаға орнатуы айғақ, әлем таңданырлықтай жас республиканың қарышты қадамдары, сенбестерді бұлтартпастай тірі көрініс.

Бірінші Президентіміздің Астананы орнатардағы басты мақсаты – елдің тез өркендеуі, жердің талассыздығы, халқымыздың бірлігін бекіте түсу болса, оның түпкі мақсатында рухани талпынысы биік ел болып адамзаттың қол жеткен жағымды жаңалығын қатар игеру, болашақты бейбіт және жедел өрісті ету жатты. Даналықтың сыры неде десек, ол ел мұқтажын барша халықтан тереңдеу ойлап, айқындауда, алыстан көре білуде. Астананың Есіл бойында, Сарыарқаның қақ төрінде қанат жаюы сол көрегендіктің айқын жемісі. Астана аз жылдарда беделі еренғайып өскен Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың да, мемлекетіміздің де тақ тұғыры болып бекіп, рухани ордамызға айналып барады. Ерекше қуанышымыз шетелдік сарапшылар Астананың сұлулығына ғана таң қалып қоймай, болашақты болжау, әлемдік ауқымдағы саясат өрісін жетік біліп оған әсер ету, алыс-жақын елдердің өзіне деген татулығын бекіте түсу Астананың авторы Нұрсұлтан Назарбаевтан тарап отырғанын мойындаулары. Өмірді уақыт билесе, біздің «Бәйтерек» сол қарышты қадам сүйгіш қалпында қала бермек.

Әлемдік өмір көріністерінің де, дүниежүзілік саясаттың ұсақ, ірісі жоқ, бәрі де жіті көзқарасты тілейді. Иран мен АҚШ-тың тартысы, Украина мен Грузияның НАТО-ға кіру жорығы қаншалықты сезім қозғап, ой тартса, Пекинде өткен XXIX Олимпиада алауының Алматыда тұтануы да мәртебелі көрініс болды. Расында да көкпеңбек мұз айдыны, аппақ қар, жасыл орман, қасиетті қара жер, лапылдаған қызыл алау бес құрлықтың бейнесіндей, бес жұлдыздың тармақтарындай Алатау табиғатының бар асылы үркерленіп қарсы алды. Ал, 2008 жылғы 3 сәуірде 25 мың адам қатынасқан тарихи осы жиынға Н.Ә.Назарбаевтың қатысуы саясат әлеуетінде үлкен көрегендікті білдірді. «Ұлы адамдар ұсақ істе де ұлылығын танытады» деген әйгілі Л.Вовенаргтің сөзі бар. Сондықтан алауды ұсақ іс демей, оған мемлекеттік һәм халықаралық мән-маңыз беріп, дүниежүзілік қуанышқа ұлттық құштарлығымызды білдірген Президентімізге дән риза болдық. Лондонда, Парижде бұл алаудың қандай қиыншылықтарға ұшырағанын көргенде адам жаны түршікті, саналы адам үшін ұялдық. Ал біздің Президентіміздің асқан сезімталдықпен алғашқы алауды өзі жағып, бастап бергені өте сәтті әрі қасиетті іс болды. Қытай жеріндегі Олимпиада алауын осы елдің басшысы Ху Цзиньтао тұтатты ғой.

Бұл орайда оны Президентіміз Н.Ә.Назарбаевқа білдірген ыстық ықыласы, достық айғақтың нағыз өзі деп түсіндік. Міне, саясаттың әр ұшқынын біле білгендік, қаншама ізеттілікке, сыйластыққа, достыққа тартты. Қытаймен достық күшейе түсті.

Астананың күн сайын өркендеп, гүлденуі тек қана Президент пен қала әкімдігінің ісі емес, барша мекемелердің, министрліктердің басшылары өз орнында, қолынан келген көмегін көрсетіп, азаматтық, астаналық борышын орындай білсе нұр үстіне нұр болмақ. Ақын-жазушыларға келсек, астана өміріне лебіз білдіріп қана қоймай шабыттарын шалқыта түсіп, арнауларын кеңітіп жатқандары белгілі. Фариза Оңғарсынова өзінің ақындық та, азаматтық та борышын ақтап, «Тұмар» атты журнал шығарды. Ақмола өлкесінің тарихын жазуда Алдан Смайылов келелі іс тындырып жүр. Астана жазушыларының кітапханасынан шыққан «Астана – жыр-шуағым» атты өлеңдер жинағы да қомақты дүние. Дағдарыстан дамуға жету жолында Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың терең тарихқа үңіле біліп, болашақты жаңа ойлармен зерлей түсіп, қазақ елін дүниежүзілік өркениет жолында қалай бастап бара жатқанын һәм әлемдік қиындықтарды шешу барысындағы ойларын көрсете алсақ ақын-жазушылардың да айы оңынан туады.

Бұл күндері тұңғыш Президентіміз жайлы жазар кеңістік кеңейе түсті, ол бір сырлы, сансыз қырлы саясаткерге айналды, Астананың өсуіне, қазақ халқының әлеуметтік өрлеуіне қалай жіті қараса, бүкіл заман, барша әлемнің мүддесін терең ойлау арқылы елбасылардың арасында жаңа бір биікке көтерілді. Әсіресе, әлемдік дағдарыстан шығу жолдарын зерттей түсіп, зердесіне салып планета құптарлық ұсыныстардың авторы болып отыр. Дағдарысыз капитализмді білмейміз, бірақ ескі капитализм күрделі жағдайларға ұшырады, сол қиындықтан қиналмай шығып дамуға жету, жалпы дағдарыс дегеннің ауылын болашақта қалай алыстату жолдарын Н.Ә.Назарбаев ашық айтып отыр. Алдын ала жоспарлы түрде қаржы қамдап, елді есен сақтау тәсілін де ол тек теория жүзінде емес, Қазақстанның іс жүзіндегі айдан анық тәжірибесімен айғақтады. Елдің де, Елбасының да абыройы арта түсті. Астанамыз өз құлашын кеңейтуді тоқтатпады, көгілдір туын желбіретте түсті.

Қазақстанның дербес ел болып, алғашқы қадамдарын басқан кезде ядролық қарулану жолын үзілді-кесілді тоқтатқаны бүкіл әлемді шын жүректен сүйсіндірсе, біздің Президентіміздің өз елінің ғана қажетін ойлағаны емес, бүкіл адамзаттың тыныштығын көксегені риясыз қабылданды. Бұл күндері де Н.Ә.Назарбаевтың әлемдік дағдарысқа байланысты ұсыныстары сол алғашқы қадамдағы ақ ниетін, планетарлық озық ойлы көшбасшы екенін дәлелдеп отыр. Жұттай жолыққан дағдарыстың түп тұқиян тамырын терең түсініп, дағдарыс арқылы дамуға жетуді тек қана теория арқылы емес, іс жүзіндегі Қазақстанның нақтылы мысалымен дәлелдеп, дамылсыз қимыл жасауда.

Нұрсұлтан Назарбаев жер бетіндегі кемістіктерге аспандағы айдан қарағандай көре білгіш кемеңгерлік қабілеті, әлемдік қаржы һәм экономикалық жүйені жаңа заманға байланысты жаңарту идеясы Астананы адамзаттың даму үдерісінің эпицентріне айналдырып келеді.

Нарықтық қатынастарға құрылған әлемдік капитализмнің жаңа өкілі – жас мемлекет Қазақстан жаңа заманның тірлік тынысын тарылтпас ережелердің, пайымды ұсыныстардың негіздерін бере бастады. Баяғыда дана туған Алаштың асыл көсемдерінің бірі Міржақып Дулатов «Оян, қазақ!» деп ұран тастаса, сол қазақ қатты ұйқыдан оянганын, ол оянса ойланғыштығын бүгінгі таңда ашық көрсетті. Адамзат көксеген жаппай гуманизмнің белсенді түрін Қазақстан Республикасының Президенті іс жүзінде жаһанға жайып салды.

Кеңес одағы ыдырағаннан кейін дүние жүзіндегі қарама қарсы екі идеологияның тынбас майданы тоқтады, үнсіз жарыс жабылды. Сондықтан Президент Н.Ә.Назарбаев та дағдарыстың түпкі төркіні тек қаржы мәселесі емес, капитализмнің өзінде деп ашық сөзге шақырып отыр. Бұл тұрғыдағы әлемдік әйгілі сарапшылардың Қазақстан Президентінің ұсыныстарын кеңінен қолдап отырғаны белгілі. Талай сыннан сүрінбей өткен қазақстандықтардың сағын сындыру, сарапшылардың айтуынша, мүмкін емес шаруа екені де ай-әлемге аян болды. Әлемдік капитализмнің қанаттас, ағындас, бағыты бір өкілі болғандықтан ескі, жаңа жүйелерді жіті білетін Н.Ә.Назарбаев өз ойын: «Ақаулы валютаға негізделген ақаулы капиталды шынайы атымен, мәселен, «дефектал» деп атау дұрысырақ әрі адалырақ болатынын түсінсек те, әлемдік капитализм деп келеміз», – деп түйіндеуі бүгінгі таңдағы адал шешім. «Ақаулы капитал», «дефектал» деген сөздер қанаттанып барады. Бұл дегеніміз – капитализмнің негізгі дертін көре біліп, ақауларынан арылу жолында он ойланyp, тоғыз толғанған айтулы саясаткердің іс әрекеті, туралап айтсақ жан айқайы.

Қазіргі таңда мұхиттың арғы жағынан алып толқындардай аранын ашып келіп жеткен дағдарысқа барша мемлекеттер бірігіп әрекет етпесе, әлемде бар асыл ойды ортаға салмаса еш нәтиже шықпайтынына көзі жеткен біздің Елбасымыз «Дағдарыстан шығу кілті» деген мақаласында бүгінгі бар шындықты, ойранды құбылысты жан-жақты талдап, айтып берді. Бұл ұлан-ғайыр ойдан туған Қазақстан Елбасының оптимистік ұсыныстарына шөк келмес күндер туды. Елордамыз Астана әлемдік гуманизмнің кіндік төріне айналып бара жатыр. «Дағдарыс жайлы толғаныс» деген өлеңімде:

Бұл әлемдік дағдарыс,
Орманда жанған өртпен тең.
Есесін таппай бар табыс,
«Барыңды» етер «жоқ»-пен тең.
Қаржы емес бәрін бүлдірген,
Капитализмнің дерті ұлғайды.
Өкпесі ақау білдірген,
Өксігін әлем тыңдайды.
Кілт біреу өмір сүретін,
Достасып әлем жаңылмас.
Назарбаевтай еркін білетін,
Өзірше дана табылмас, –

дегенім де бүгінгі өмірдің бір көрінісі.

Иә, бұл айтқанымның мәні бар. Назарбаевтың ел тарихында алар орнын әлі толық түсініп болғанымыз жоқ дер едім. Нұрсұлтан Әбішұлын ардақтау, қорғау, сақтау – елдігімізді ардақтау, қорғау, сақтау. Назарбаевтың Мемлекет басшысы ұғымына да сыя бермейтін толымды тұлға екендігін біз қазірдің өзінде сергек сезінуге тиіспіз. Назарбаевтың елді барынша ұзақ басқаруына қай жағынан да жағдай жасау арқылы біз Қазақстанның кемел келешегіне, берік болашағына жағдай жасаймыз, әрқайсымыздың еңселі ертеңімізге негіз қалаймыз. Тіпті, әйтеуір сайлау өткізу керек қой дей бермей, елді әуре-сарсаңға салмай Елбасының өкілеттілігін ұзартудың заң шеңберіндегі қандай жолдарын болса да қарастырудың артықтығы жоқ дер едім.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Ақмола жерінде жаңа елордамыз Астананы орнатқанда қазақ халқының мұң-мұқтажын ойлап, ержүрек шешімге барып, тарихи ерлік жасап еді. Әйгілі саясаткер одан әрі толғана түсіп, әлемдік капитализмнің ақауларын ашып, сын сағатта өте қажет асыл ойларын ортаға салып, бүкіл әлем назарын өзіне аударды. Н.Ә.Назарбаевтың бұл бастаулары парасаттылығы мен ойшылдығының арқасында өзінің бұрыннан да аз емес атақ-даңқын жаңа өреге, жаңа дәрежеге, жаңа шеңберге көтерді. Дағдарыстың елді ойсыратқыш бұзық әрекетін біздің Елбасымыз ақыл-ойға салып, «Дағдарыстан – дамуға» деген ұран тастап, ел қуатын бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарар бірлікке бастап отыр. Елордамыз бірліктің, қарыштап дамудың символына айналды.

Елбасымыз таңғажайып ерлігімен орнатқан елордамыз Еуразия кіндігіндегі ізгі тілек, ізгі білімнің негізінде адамзат қоғамының даму процестерін терең ойлайтын ақыл ордасына айналды. Қазақстанның өз қамын ертерек ойлағандық «Қазақстан-2030» деп аталатын атақты бағдарламада кеңінен қамтылған болатын. Ол да Елбасының көрегендігі деп бағалаймыз. Елорданың да, Елбасының да туған күндері тақап келеді, бәрі де құтты болсын! Көкейкесті үміттеріміз ойдағыдай орындала берсін!

АСТАНА.

«Егемен Қазақстан», 2009 жылғы 17 маусым

Өмірбек БАЙГЕЛДІ,
сенатор

МӨРТЕБЕ

Бір замандары қазақтың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов: «Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек» деген екен. Тәубе дейік, сол азаттығымызды алдық, білімді дамыту жолындамыз. Әлемде мемлекет құрудың әр алуан үлгілері бар. Біз де егемендігімізді алғаннан кейін ел мен жердің тағдырын, ұлт пен ұлыстың бірлігін баянды ету жолында өз жол, өз бағытымызды айқындадық. Бұл істе: «Нені де болса, елмен бірге көремін, елмен бірге төземін, елмен бірге жеңемін» деп, белін бекем буып, парасат пайымына жүгінген Отанымыздың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көсемдігі мен көрегендігі ерекше болды.

Мен ел және Елбасы туралы өз байламдарымды басқаша айтсам деймін. Оны негізінен болған, көрген, куә болған жайларға құрсам деген ниеттемін. Біздің халық бодандықтың құрсауын да, қызыл империяның жымысқы саясатын да көрді. Небір күрделі де, жауапты кезеңдерде өмір сүрді. Ондай кезең әр ұрпақтың мандайына жазыла бермейді. Бұл өте сирек болады. Зерделі жан болмаса, өмірдің жылымдай жылыстап өтіп жатқанын кез келген адам көп жағдайда біле бермейді. Осыны терең ойлап қарасаң, бір сағаттан кейін бір сағат, бір күннен кейін бір күн, бір айдан кейін бір ай, бір жылдан кейін бір жыл, бір ғасырдан кейін бір ғасыр, бір мыңжылдықтан кейін бір мыңжылдық өте келіп – бұл заманды құраса, ал екі мыңжылдық – бұл дәуірдің желісін тартады. Бұл дегеніңіз, жеті буын – өмір өткелі болып есептеледі. Кейде мұны да аңғара бермейміз. Қазіргі ұрпақ осы жеті буын уақытты бастан өткеріп отыр. Бұл өте сирек болатын жағдай. Екі мың жылда бір рет дәуір алмасқанда куә болатын құбылыс.

Міне, осы ғасыр басында ескі дәуір кетіп, жаңа дәуір келді. Менің пайымдауымша, бұл екі мың жылға жалғасуы тиіс. Атам қазақта бір қанатты сөз бар: ол елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан делінеді. Бұл жүз жылдағы өзгеріс десек, мың жылдағы өзгеріс бұдан ауқымды болатыны белгілі. Дәуір ауысқандағы кейбір құбылыстардың сыры мен сипатын ғалымдардың өзі тап басып айта алмай жүр. Ондай құбылыс әр адамның өмірінде де болып жатады. Бұл жөнінде Жаратушы Иеміз жеке адамдарға қасиет беріп, пендесіне сол арқылы алдын ала жеткізіп отырған. Соның бірі атақты Нострадамус еді. Оның айтқандары туралы әралуан пікірлер бар. Мені тәнті еткен бір ғана нәрсені айтар болсам, ол Нострадамус кешегі келмеске кеткен қызыл империя 73 жыл 7 ай ғана «өмір сүретінін» айтқан. Оның бұл байламын мен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жүргенде оқып сене алмадым. Ондай болу қайда дедім. Ал шындыққа айналғанда Жаратушы Иенің құдіретіне тәнті болдым. Оның бұдан өзге де көріпкелдігін бұл арада тізбелей берсем сөз ұзарып кетері анық. Ондай болжаулар айтатын әулиелер мен көріпкелдер қазақта да аз болмаған.

Жоғарыдағы құбылыстарға біз өзіміз де куә болып келе жатырмыз. Оған қызыл империяның құлауы дәлел. КСРО сырттан ешқандай қысымсыз, іштей ыдырады. Кім біледі, болған да шығар. Бірақ өлшеулі уақыт біткенде бір кездегі бүтін мемлекет деп жүрген елден – 15 мемлекет өз тәуелсіздігін алды. Біздің де бақытты шағымыз, бақытты күніміз туды. Қазақтың басына бақ қонды. Әлемдегі мықты елдердің қатарынан орын алып, олармен тереземіз тең болып, иықтасып тұрып сұхбаттасуға қол жеткіздік. Бұл оқиға ата-баба арманының жүзеге асқаны, ұрпақтың мерейінің өскені еді.

Менде ілгеріден жеткен екі хабар бар. Соның бірінде Асан абыздың Құдыс Күнбиге айтқан тұс жоруындағы үзіндіде: «Михұл гүлі шешек атқанда сақ үрім-бұтағына бақ қайта қонады, сонда сақ рухы ұлы сақ даласының жеті аспанын жайлайсыңдар, ұлы далаға бақыт нұры ойнап, үрім-бұтағың жайнап, ешкімге әл бермей кете бересіңдер», – десе, екіншісінде: «Уа, Құдыс, Қисмет, әрі Қисмет те емес, шын әрі шын да емес, жалған әрі жалған да емес кешкен бейнеттеріңді, көтерген жүктеріңді, дүниені дүрілдеткендеріңді, Михұл гүлі шешек атқан сендердің замандарыңды үрім-бұтақтарың не білер, не білмес. Бейнетқор пенде қарлығаш пен самұрық үніне елітіп, бақи қаламға жол берер, сандықтағы, тау-тастағы мақау жазбалар мен хаттар сол адамға ұшып келіп тіл ашар, бақтарың жанып, үрім-бұтағың ту етіп көтерер», – дейді. Осы сөздерден білген адамға, түсінген адамға осы заманның бейнесі көрініп тұр емес пе!?

Қызыл империя 70 жылдан аса уақыт ішінде көп ауыртпалық әкелді. Аштыққа ұрындырды, қуғын-сүргін жасады. Қан да төгілді. Қанша жерден төзімдіміз дегенмен, сұрқия саясаттың сұмдығына шыдамаған ұлтымыздың ұланы бұрқ етіп, көтеріліске шықты. Ол – 1986 жылдың желтоқсан айы еді. Сол кезде қан да төгілді. Өлшеусіз көздің жасы да ақты. Мен мұны біреуді кінәлау, не өкпе айту үшін еске алып отырған жоқпын. Ұрпақтың назарына салайын, сабақ алсын деген ниет еді.

Тағы бір нәрсе, 18 миллионнан астам мүшесі бар партияның ыдырау кезеңінен де сабақ алар тұс бар секілді. Сол КОКП-ның XXVIII съезінде бір адам сөйлеп, бәрінің ойы бір жерден шығып келе жатқан миллиондаған коммунистердің атынан сайланған делегаттардың әрқайсысы әр түрлі сөз айтып жатқанда таң қалдым. Бір-ақ күнде адамдар бірін-бірі түсінуден қалды. Әрқайсысы әр түрлі пікір айтады. Қыза-қыза келіп КОКП-ның екінші хатшысына кімді сайлаймыз деген әңгіме көтерілді де Нұрсұлтан Назарбаевтың аты атала бастады. Мен бұған қуана қоймадым. Себебі, заман ағымы күрделеніп бара жатқанын көз көріп отырды. Қайта-қайта Нұрсұлтан Әбішұлына қарай бердім. Бір сәтте маған көзі түсіп, не істейміз дегендей белгі берді. Мен қолым арқылы оған есік жабық деген ишара жасадым. Үзілісте аттай атылып қасына жеттім. Ол кісінің есінде қалды ма, қалмады ма, білмеймін, бірақ мен сонда: «Келісім бермеңіз, мына дүрлігудің аяғы елді ыдыратады, Нұреке! Сіз елге керексіз! Сізге ол орынға баруға болмайды, еліміз ертең елдігіне ие болады. Ерекше мемлекет құрамыз», деген сөздерді батыл айттым. Ол кісінің өз ойы да солай екен, бас тартпақ екен. Менен басқа азаматтар да сондай пікірлерін дәйектеген болу керек. Ол кісі КСРО бойынша екінші адам деп са-

налатын лауазымды қызметтен бас тартты. Ол қызметке Украинаның партия ұйымының хатшысы сайланды. Ол азамат қазір қайда екенін ешкім де білмейді. Аты-жөні ұмытылған.

Мен Нұрсұлтан Назарбаевты еліміздің орталық партия комитетіне хатшы болып келген кезде көрдім. Жас болғанмен ісіне мығым, алған бағытына сенімді көрінді. Бас болатындай келісті кейпі де көңіліме қонды. Әр іске жіті қарап, ойлы көзбен тексереді екен. Ол кезде кадр дайындау ісі жүйелі жүргізілетін. Әбден пісіп жетілген соң ғана жауапты жұмыс тапсырылатын. Бұл – партиялық тәртіп еді.

Иә, Қазақ елін Кеңес дәуірінде сырттан адам жібертіп басқарту таңсық емес еді. Талайлар келіп, талайлар кетті. Жұртымыздың басына қасірет байлап, қан кештіргендер де табылды. Солардың ішінде ұлтымызға жайлы бір адам болғанын айта кетсем деймін. Ол – Брежнев еді. Біраз жақсылықтар жасады. Ал өзгелер теріс саясат жүргізді. Қорқытты, үркітті.

Д.Қонаевтан кейін басшылыққа Колбин келді. Бірақ ол кісінің қалай келіп, қалай кеткенін өзі де, біз де жете біле қоймадық. Ойластырмай істеп, обал жасады-ау, шамасы. Бұл сол кездегі саясаттың қателігі еді. Ол саясаттың жетегінде кетіп, халықты алдаусыратып, не түрлі уәделер беріп, «жақсы» сөздер айтты. Бірақ, оның бәрі орындала қоймады. Бірте-бірте бұл кісі кеткеннен кейін орнына кім болады деген әңгіме қозғала бастады. Мен ол кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Орталық комитеттің мүшесі едім. Бізден де ол кісі туралы пікір сұрады. Көңіл толмайтынын айттық. Ақыры басшылық жаңаратын болды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумына шақырды. Мені есеп комитетінің мүшесі, одан кейін төрағалығына ұсынды. Бұл жауапты міндет еді. Дауыс беру нәтижесі өте жоғары болды. Бірінші хатшылыққа Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев сайланды. Ұлтымыз үшін бұл үлкен жеңіс еді.

Жоғарыда айтқанымдай, Кеңес Одағы тарардың алдындағы қарбалас тірлікте парасат пайымы мықтылар ғана сыннан сүрінбей өтетінін өмір көрсетті. Нұрсұлтан Әбішұлы білім, білігімен, шебер ұйымдастырушылық қабілетімен әр кез көзге түсті. Бірінші хатшылықтан бас тартып, Парламент шешімімен президенттік қызметке келді. Артынан коммунистік партия жұмысын мүлде тоқтатты. Заман өзгерді, басқаша өмір сүру керек болды. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде Президент бәрін халыққа дер кезінде жеткізіп, араларынан табылып, бей-берекеттікке жол бермеді.

Жауапты кезеңде Президенттің рөлін арттыру, мәртебесін көтеру үшін жалпыхалықтық сайлау өткізу керектігі күн тәртібіне шықты. Сөйтіп, Президентті Парламент емес, бүкіл ел болып сайлайтын күн туды. Бұл елдегі реформаның тез жүруіне мүмкіндік береді.

Жалпы халықтың дауыс беруі арқылы Елбасын сайлау қолға алынды. Нұрсұлтан Әбішұлы бүкіл Отанымыздың барлық аймақтарында халықпен кездесулер өткізді. Ең соңында біздің Жамбыл облысына келді. Сол сәттегі елдің көңіл-күйін, ілтипатын айтып жеткізу әсте мүмкін емес. Әуежайдан орталыққа жеткенге дейінгі жол бойындағы халық ұшан-теңіз. Қақ жарып келеміз. Қонақүйден кездесу өтетін жерге барғанша жиналған жұрттың әрқайсысының

жүзінен қуаныштың лебін сезіп, ықыласын естідік. Жұрт қилы кезеңдерден өтіп, ел болғанымызға ерекше қуанатын тәрізді. Сақтық деген ойда да жоқ. Бір адам зиян келтіреді-ау демеппіз. Ондай жат қылыққа кімнің қолы баруы мүмкін дейміз. Жиылған қауымның көтеріңкі рухы, әсіресе жастардың жарқын үні ауаны қақ жарып, қырандай көкке самғайды. Біреулері қамшы ұсынса, екіншілері кітап сыйлайды, үшіншілері Құран береді. Өрқайсысы бір сөз айтып қалғысы келеді. Жол-жөнекей бата беріп жатқандар да көп. Кездесу көтеріңкі көңіл күйде өтті. Ел де, Елбасы да көңілді. Осы көрініс маған халық өз тағдырын Президентке мың мәрте сеніп, сізге ғана тапсырамыз дегендей әсерге бөледі. Жұрттың сол сеніміне әлі күнге дейін мысқалдай да селкеу түскен жоқ.

Ертесіне бір орайлы сәтін тауып, өмір көргендігімді аңғартып, ой байламдарымды қозғадым. Атам заманнан келе жатқан ата-бабаларымыздың жақсы дәстүрлерін қаузап, ел басшысын сайлаған кезде ақ киізге отырғызып көтергенін сабақтадым. Есеміз кетіп жүргенде мұндай үрдістен айырылып қалғанымызды жеткіздім. Бір жарым ғасырдан кейін ұлтымыз өз бостандығын алып, Елбасын сайлағалы отырғанын, мемлекетіміз жаңа қырынан көрінетінін алға тарта келіп, ілгеріден келе жатқан бір-екі рәсімді қайта жаңғыртсақ дедім. Бұл біздің билерден, не болмаса басқаша бір ел басқарудан қалған үрдіс емес, көк те бар, көктен үлгі болып түскен іс, көкке көтеру деген сөз содан қалғанын айттым. Әрине, бұл рәсімді өткен заманның үлгісімен емес, жаңа заманның дәстүрімен орындау керектігін меңзедім. Сіз мінберге келіп, Ата Заңға қол қойып, ант беретін кезде аяғыңыздың астында шашақталған ақ киіз жатса жөн болар еді. Бұл ақ жол болсын деген ата-бабалардан қалған рәсімді білдірер еді, дедім. Ант беріп болғаннан кейін киелі саналатын ақсарбас қой шалынса дегенді қостым. Бұл аса дәріптелмей, бір қағаберіс жерде құран оқылып барып орындалатынын еске салдым. Сіз келісіміңізді берсеңіз осы рәсімдерді орындасақ дегенімде, ол кісі мақұл деген кейіп танытты. Міне, содан бері қаншама уақыт өтті. Елбасы сайлауынан кейін, ұлықтау рәсімінде ақ киіз үстінде тұрып ант беру, ақсарбас шалу мүлтіксіз орындалып келеді.

Мені бір жолы Елбасы Жоғарғы Кеңестің төрағалығына ұсынғаны бар. Әрине, ол үлкен қызмет еді. Келісім беріп, тәуекел деуге де болар еді. Бірақ мен мына мәселелерді ойлады. Тәуелсіздік алғаннан кейін заман талабына сай демократиялық дамудың биігіне шыққан өркениетті елдердегідей Жоғарғы Кеңесті реформалап, кәсіби парламентке айналуы тиіс деген бекем ой болды. Екінші жағынан Президент атына сөз, артық әңгіме келтірмеу – басты міндет еді. Бізге қай кезде де сөзден іс, елдің бірлігі артық болды. Қазір де солай.

«Бостандық оны кім сұраса, соған берілмейді: бостандық – құдайлардың сыйлығы емес. Ол – күрес бұрқасынында, жан төзгісіз азаптарда дүниеге келген халық перзенті. Ол қанмен жуылған, онда мылтық дәрісі түтінінің иісі бар», – деп Ф.Норрис айтқандай, ел болу, мемлекет құру үнемі рахаты мол өмір деп айта алмасақ керек. Ішкі қайшылық та болады, сырттан көре алмайтын-дар да табылады. Осының бәрінен сүрінбей өту оңай емес. Елдігіміздің алғашқы жылдарында құдайы көршіміз ақшасын ауыстырып, бізді сабан ақшаның топанында қалдырды. Ақшаға алар зат қалмады. Бұл адамды састы-

ратын кезең еді. Бірақ Елбасы қиыннан жол тапты. Ширақ қимылдап, ешкімге білдірмей еліміздің төл теңгесін шетелде бастырып, Отанымызға жеткізді. Сол қорды сақтайтын орын біздің Жамбыл облысында ғана екен. Ұшақтармен әкелінген төл теңгемізді құпия орынға жеткіздік.

Содан егемендігіміздің тағы бір белгісін дәйектейтін төл теңгемізді қалтамызға салып жүру арқылы тәуелсіздігіміздің шын екеніне иландық. Өз еліміз бар, өз еліміздің төл теңгесі бар деген сезім бойымызды билеп, ойымызға қуат берді. Бұл да бір қысқа тарихтағы жеңісіміз болатын. Мұндай жемісті жеңістеріміз аз емес еді.

Екі палаталы парламентті жақтағандардың қатарынан әр кез табылуды тағдыр менің маңдайыма жазған екен. Бір палаталы парламентті елдердегі жағдай жиі шиеленісіп жатқанда екі палаталы парламенттің қажеттігі әсіресе байқалды. Мәселен, қазір төрткүл дүниені дүрліктіріп жатқан бауырлас қырғыз елі екі палатаның бірін жойған күні Ақаев қызметінен кетті. Мен – көп жыл облыс көлемінде қызмет еткен адаммын. Жақсы кезеңдерді де, ауыр уақыттарды да бастан өткердім. Елбасы Сенат төрағасы бол деген ұсыныс жасады. Келістім. Сол тұстарда біз ел дамуына қажет көптеген заңдарды кеңесіп, келісе отырып қабылдадық. Бүгінде кейбір азаматтар Сенат неге керек деген сөздерді айтып қалатыны бар. Сондай кезде АҚШ, Франция, Ұлыбритания, тағы басқа мемлекет азаматтары да бізге Сенаттың керегі не деп, неге айтпайды деген ой келетіні бар.

Алыстан ойласаң, халық тыныштығын сақтауда сапалы заңның атқарар рөлі ерекше. Сол заң дайындалғаннан кейін Мәжілістің талқысынан өтіп, Сенатқа келеді. Екі палатаның сүзгісінен соң ол заңға Елбасы қол қояды. Біз осыны ескергеніміз жөн. Әлемдік тәжірибеде бар істен бой тартып, өзімізше жол саламыз деуге болар. Бірақ төрт құбыламызды түгендеуде озықтан алғанның зияны жоқ деп білемін. Қазір Қазақ елі тәжірибесінде Сенаттың өміршеңдігін уақыт көрсетіп отыр.

Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы таяп қалды. Бұл мемлекет үшін қас қағым сәт десек, адам өмірінде әжептәуір кезең ғой. Осынша уақыт ел басқару ісінде шаршамай, шалдықпай жүру – тек жігері күшті, қайраты мықты адамға ғана тән қасиет болса керек. Менің пайымдауымша, мұндай іске маңдайы жарқыраған адам ғана лайық. Бұған Нұрсұлтан Әбішұлының өмір жолы куә болады. Қарапайым отбасынан шығып, жасынан қиындықты аз көрмей, оның бәрін жеңіп, алға ұмтылып, қиырдағы бөтен жерге барып оқып келгеннен кейін жәй темір қорытушыдан еңбек жолын бастауының өзі неге тұрады? Темір қорытып тұрған бір суретінде ол кісі таққа мінгендей қуанып, дида-ры нұр шашып тұрғанын аңғарған сәтте еңбек етудің үлгісі осындай-ақ болар деген ойға келесің.

Нұрсұлтан Әбішұлы отырған жерінде көпшіліктің гүлі, жайнатып жібереді. Домбыра тартып, ән де салады. Маған осы лайық па деп өзін әр санамай, кісілігін кішілігіне жалғастырады. Және ештеңені ұмытпайды, бәрін бір қарағанда аңғара қояды. Сенатқа төрағалық етіп жүрген кезім, Астанаға енді-енді орнығып жатқанбыз. Бір кездескенде «Әмеке, жағдайыңыз қалай? Үй

мәселесі шешілді ме?» – деді. Төрағаға бөлінген саяжайда тұрып жатқанымды айттым. «Неге үй сұрамайсыз?» – дейді. «Менің Сізден үй сұрап жатқаным қиын ғой», – деймін. «Не қиындығы бар?» – дейді. «Қазақта бір сөз бар: сұрағаның – ауырғаның, берсе – жазылғаның, бермесе – өлгенің деген» дедім. «Мына сөзің ауыр екен. Бір үй тұр, соны барып көр», – деді. Көрдім. Болатынын айттым.

Жалпы, мен ашкөз адам емеспін. Елдік іс болмаса, жеке шаруамды айтуды қабыл көрмеймін. Мысалы, елордаға келгеннен кейін Астана қаласын қалай көркейтеміз, төңірегін қайтсек белдеу-белдеу етіп көгалдандырамыз деген мәселелер бойынша жиі кеңесіп тұрдық. Бір атап өтерлігі, Нұрсұлтан Әбішұлымен бірлікте жұмыс жасау өте жеңіл. Сөзіңді тыңдап, болатын жерін болады, болмайтын тұсына келіспейтінін бүкпесіз айтады. Мен де осындай қасиетті пір тұтамын. Өзім де басшылықта жүрген кезде жігіттерге ой-пікірлеріңді білдіріп отырыңдар, сіздікі дұрыс деп бас шұлғи бермеңдер дейтінмін. Тіпті, елдің қарияларымен де ортақ жұмыста сұхбаттасуды парыз санайтынмын. Атам қазақ: «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» дегенді бекер айтпаса керек.

Елбасының ұлы шешімдерінің бірі – Астананы Арқа төсіне көшіру. Мұның жан-жақты маңызын көп жұрт алғашқы кезде барлай алмады. Ал арыдан ойлайтын Президенттің көрегендігі қазір кімді де болса сүйсінтіп жүргені шындық. Өзінің ішкі әлемінде пісіп жетілген байламын, яғни Астананы көшірсек деген ойы барын бір жолы суыртпақтап алға тартты. Мен Президентке елдік іс, маңызды стратегиялық жұмысты қолдайтынымды айттым. «Түсінбестік тумас үшін халықпен кеңескеніңіз жөн болар. Алдымен мерзімдік басылымдарда бұл мәселені көтеріп, жұрттың талқысына салғанымыз ләзім. Дұрыс-бұрысын айтсын. Сөйтіп, әңгіме піскеннен кейін шешім қабылдау оңай болады» дедім. Бүкіл Отанымыздың орталығы қай жер болады, астанаға лайық қай қала деген әңгіме қозғалғанда Көкшетау, Қарағанды аталды. Ақыры Ақмолаға тоқтағандай болдық. Президент: «Барып жан-жақты барлап қайт», – деді. Сөйтіп 2-3 күн Ақмоланы еркін араладым. Соңғы түйін, уақыт өткізбей көшу керекке тоқтадым. Ол кез қиын заман еді. Бірі жетсе, бірі жетпей жататын. Бірақ, шешінген судан тайынбас деп, қашанда алға қойған мақсатына жету жолында батыл қадам жасайтын Елбасы бұл жолы да сол қайсар мінезіне басты.

Сан түрлі әңгімелер өрттей қаулағанмен, оншақты жылдың ішінде Елбасының көрегендігі көрікті қаланың іргесін нық бекітіп, шаңырағын көтеріп, төрткүл дүниеге елордадай еңселі қаланы танытып үлгерді. Әлемде дәл осындай қысқа мерзімде астана салып, абыройға бөленген мемлекеттер некен-саяқ. Кейбір елдер дәл осындай қаласын тұрғызуға жүздеген жылдар арнаса, біздің Елбасымыздың ерен ерлігінің арқасында 10 жылда Есілдің екі жағына сап түзеген сәулеті мен дәулеті тең ғимараттар көркі көзіңе қуаныш ұялатып, көңіліңе медет болады. Зәулім үйлер, көк-жасыл алаңдар, Есілдің екі жағын жалғастырып жатқан көпірлер, айбынымызды асырып, ажарымызды кіргізіп тұрған Ақорда – қай-қайсысы да қазақтың мерейі екені анық. Көшбасшың кемел ойлы болса, көшің көлікті де көрікті, елің берекелі де берік болатынына көзіміз жетті. Астана көшіру – Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлы ісі, ұлы шешімі.

Қай заманда да екі ғасырдың тоғысында ел басқару оңай болмаған. Осындай жауапкершілікті біздің Президентімізге де тағдыр тәлейі жүктепті. Соны көрегендігімен, азаматтығымен мінсіз атқарып бүгінгі күнге жеткізуі – қай жағынан болса да ол кісінің ұлылығын көрсетері сөзсіз. Алда не тұрғанын бір Алла ғана білер. Дегенмен, тәуелсіз Қазақ елінің әрбір азаматы құбыласы қырық құбылған заманда береке-бірлікке ұйып, қазіргі әлемге үлгі болып отырған тірлігіміздің ұйытқысына айнала беруі тиіс.

Жасыратын несі бар, біздің елге қызығушылар аз емес, жерімізге де көз салады. Оны көріп, жүрегіміз сезіп отыр. Өйтетін де жөні бар. Қазақтың жері құт-береке. Осы арада ойыма мына бір тәмсіл оралып отыр. Бір ғұламаның түйесі осы біздің ата-бабаларымыздың атақонысына келгенде мойнын созып жатып алыпты. «Жер-Ана, осы жерді біздің халқымызға сыйлаңыз, беріңіз» – дегенде, Жер-Ана: «Жоқ, ғұлама, бұл жердің өз иесі бар. Мен сол халыққа қана беремін», – депті. Ендеше, біздің ата-бабамыздан қалған бұл жер – қасиетті жер, киелі жер. Біздің жердің үстінде Тәңіртау деген аспанмен тілдесетін тау бар. Оның Хантәңірі деген қасиетті шыңы бар. Біздің жердің үстінде, Шығыста Алтай тауы асқақтайды. Орталықта ұлт бірлігінің ұйытқысы саналатын қасиетті Ұлытау тұр. Бұл жер ұлы даладан тұрады. Оны жер біткеннің кіндігі санайтындар бар, жердің жүрегі бар. Бұл жерде жерұйық бар. Соны көбіміз біле бермейміз. Ал сырттағы жұрт осыны көріп, сезіп отырғандай. Сондықтан да болар, осы жердің иесі болсақ дегендердің төбе көрсетіп жүргені. Ол үшін неше түрлі айлаға да салады. Біз кейінгі ұрпаққа осы киелі жеріміз туралы айтып отыруымыз керек. Халқымыз білсін, қасиетті жердің иесі біз екенімізді ұрпағымыз ұқсын. Мұны әрқайсымыз санамызға берік түйіміз керек. Мұндай елдік істі Елбасы ғана емес, әрбір Қазақ елінің ұланы ойына берік орнықтырса, тәуелсіздігіміз бұдан да нұрлы, бұдан да берік бола бермек.

Иә, қай-қайсымыз да Нұрсұлтан Әбішұлы: «Өзім үшін емес, елім үшін толғанамын: бір басыма керекті қай күнде де табармын. Халқыма керекті қалай табам, қайдан табам деп қам жеп жүру тек қана менің емес, әр азаматтың ісі мен жадында болуы қажет», – деп жан сырын жайып салғандай, адалдық пен азаматтықты таразы басында тең ұстасақ мәртебеміз көтеріле берері сөзсіз.

Тәуелсіздігімізді алған тұста Президент ердің жасы елуде еді. Содан бері жиырма жылға таяды. Елбасы да бір биікке көтерілді. Ондай сәттен менің де өткенім бар. Бір кездегі елдегі екінші адам деп азаматтар өмір жолыма үңіліп, өткен еңбегімді бағалап, бізге де жақсы сөздерін айтты. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой халқымыз. Елбасы туралы да сондай жақсы сөздерді айтатын, шешіліп, ағымыздан жарылып тұрып, ақ ниетті ақтаратын кез келді. Сол кісінің арқасында мемлекет мерейі өсті, қазақ ұлт ретінде төрткүл дүниеге танылды. Төрт құбыласын түгендеді. Осы жолдағы Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекеттің іргетасын қалаушы, керегесін тұрғызып, шаңырағын көтеруші ретіндегі еңбегі тарихқа алтын әріппен жазылады. Соны дәл бүгін парасаттылықпен айтып, елдің рахметін жеткізе алсақ, нұр үстіне нұр болып, Елбасы елін құрметтеп, елі Елбасын мәртебе санай береді.

Атамұрат ШӘМЕНОВ

ХАЛЫҚ ДЕГЕНДЕ ҚАЛҒЫМАЙТЫН...

Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен етене қызмет атқаруым 1990 жылдың мамыр айында басталған еді. Ол кезде ұйымдастыру жөніндегі көмекші бірінші көмекші болып есептелетін. Атқаратын қызметім – жұмыс басталғанға дейін өткен бір күн ішіндегі елдегі жағдайды Президентке баяндау болатын. Хабарламаны маған танертең екі генерал – бірі Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшысы, генерал Н.А.Вдовин мен Ішкі істер министрі, генерал М.Т.Берсенов айтып беретін. Олар апат оқиғалар, шекара бұзушылық, үлкен жол апаттары, лауазымды адамдарға байланысты істер, тағы басқа жаңалықтар болатын. Оларды Президент жұмысқа келгенде қысқаша баяндап беретінмін, кейбір мәселелерді Президент тереңірек тыңдағысы келсе, олар ВЧ арқылы қосымша баяндайтын. Сонан кейін ғана қос генералдың басқа шаруалармен айналасуларына болатын.

Бірінші көмекшілер институты еліміздің президенттік басқару жүйесінен басталады. Ал біздің ел тарихында бірінші көмекшілер көшбасшысы Нұртай Әбіқаев болып саналады. Бұл мектептен өткендер: мен, марқұм Хайрулла Қабжанов, Ақан Бижанов, Иманғали Тасмағамбетов, Болат Өтемұратов, Кәрім Мәсімов, Серік Бүркітбаев, Әсет Исекешов, Қуандық Бишімбаев. Қазір бұл қызметте бұрынғы Экономика және бюджетті жоспарлау министрі Бақыт Сұлтанов отыр.

Жұмыс жоспары бір айға жасалатын. Ол үлкен қағазға толтырылғанда ай бойғы жұмыс алақанында тұрғандай болады екен. Президент сол күні жоспар бойынша не істеу керек, соны айқындап беретін. Бірінші кезекте – Президент өткізетін кеңестер, жиналыстар, кездесулер. Екінші кезекте – Президент қатысатын Парламент отырыстары, жиналыстар. Үшінші кезекте – қызмет бабында лауазымды басшыларды қабылдау, яғни Үкімет басшысы, Президент аппараты басшысы, басқа көмекшілер, кеңесшілер дегендей. Төртінші кезекте – жол жүру мәселелері. Ол кезде Президент ұшағының ұшу уақытын белгілеп беретінмін. Командирге бәлен уақытта ұшамыз деген бір ауыз сөз ғана жеткілікті еді.

Әрине, іссапар ертерек жоспарланатын. Кейде сол күні-ақ ұшып жүре беретінбіз. Ол кезде ұшақтар қосарлана ұша бермейтін, бортқа кімдерді алатынымызды Елбасы өзі айтатын. Бесінші кезекте – Президент қабылдайтын шетел азаматтары, кездесуге сұранып жүрген қызметкерлер және тағы басқалар.

Президент күнделікті поштаға екі рет қол қоятын, түске жақын 12.00 немесе 12.30-да кіріп, корреспонденцияларға қол қойғызамын. Сонан кейін кешке, ең ерте дегенде сағат 19.00 – 20.00 шамаларында. Кешкілік, алдымен сол уақыттағы халық тағдыры жазылған пошталарын қолтықтап, Президент аппаратының басшысы Нұртай Әбіқаев, Компартия Орталық комитетінің бөлім бастықтары Оралбай Әбдікәрімов, Владимир Шепельдер келетін.

Аппараттың барлық жұмыс стилі Президенттің болмысына бейімделетін. Н.Назарбаев – қай істе болмасын табандылық пен еңбеккерлік көрсететін, алға ұмтылыс жасай отырып, керек кезінде шегіністерге де бара алатын, қанында азарт бар, үлкен жүректі, кең, кешірімпаз және адамды баурап алатын мінезі бар, тек қана жеңіске ұмтылатын тұлға. Ауқымды істерді жоспарлайтын, көпшіліктің бақытты болуын қалайтын, ал ойлаған істері орындалмай жатса, оған іштей қатты қынжылатын, бірақ сыртқа сыр бермеуге тырысатын. Болмысында ғылыми ізденімпаздық, өнерге құштарлық, артистизм және композиторлық жатыр. Шексіз ұйымдастырушылық қасиеті қайбір істі өрге сүйрейді. Ең бір таңғаларлық табиғи болмысы – көптеген ақпараттар мен сандарды мүлтіксіз жадында сақтау.

Көп жылдардан кейін, қолым бір қалт еткенде «Адамдар және жұлдыздар» деген кітапты қарап отырсам, жоғарыдағы келтірілген Президент туралы сипаттамалар шілде айында, оның ішінде 6-сы күні туған адамдарға дәл келеді екен.

Президентпен жұмыс істеу бір жағы жеңіл, екінші жағынан өте ауыр еді. Өйткені, көп ретте ежіктеп, сөз дайындап, өткізетін кездесулер мен жиналыстарды тәптіштеп жатудың керегі жоқ еді. Ал ең қиыны – қасындағы адамдарды тең ұстап, кеңес сұрап тұратын мінезі бар Президенттің сұрағына жауап бере алмау. Сондықтан барлық мәселелерді меңгеруге, жаңалықтарды білуге тырысатынбыз. Сол кезде Президенттің ертемен үйінен келіп, қайтқанға дейінгі бар қызметі негізінен менің қолымнан өтетін. Сол уақыттардың өзінде тың пікірлер мен көп жаңалықтарды біздің өзімізге айтып отыратын. Оларды қайдан алатынына таңғалатынмын.

Ол кезде Президент аппараты шағын болатын. Бес бөлім мен Іс басқармасы. Барлық жауапты қызметкерлер саны 36, техникалық қызметкерлер саны 12 адам еді. Мемлекеттік-құқық бөлімінің басшысы Қайырбек Сүлейменов, консультанттар – Игорь Рогов, Серік Темірболатов, т.б. Баспасөзбен байланыс және қоғамдық пікірлерді зерттеу бөлімінің басшысы Ғаділбек Шалахметов, Азаматтарды қабылдау және хаттар бөлімінің меңгерушісі Тельман Сауранбеков, Азаматтық және кешірім мәселелері бөлімінің меңгерушісі Михаил Бабушкин, Марапаттау бөлімінің меңгерушісі Геннадий Бердюгин, Іс басқарушысы Владимир Ни, оның ішіндегі жалпы секторды Махмұт Қасымбеков, қаржы, шаруашылық секторын Әусадық Әубеков басқарған болатын.

Президенттің екі көмекшісі болатын, бірі – мен, Атамұрат Шәмен және баяндамалар дайындайтын Владимир Крупенев, ал кеңесшісі – Ғани Қасымов еді.

Сол жылдары мемлекет құрылымы, әсіресе, президенттік басқару бізге айқын болмады. Сондықтан жұмысшы топтары ізденіс жасап, көптеген ұсыныстар дайындалды. Бірақ оны дайындаушы адамдар Үкімет шекпенінен шыққандар болған соң, терең реформаға батылдары бармай, тек сылап-сипау бола берді. Осы тақырыптың төңірегінде бірде Президент Үкімет, Парламент, т.б. билік тармақтарының басын қосып, үлкен кеңес өткізді. Кеңес барысында барлығы мардымды ұсыныс айтпай, әркім көрпелерін өздеріне қарай тарта берді. Сонда Президент кеңесшісі Ғ.Қасымов сөз алып, шетел тәжірибесінен тың ұсыныстар айтты, содан кейін мен де шығып сөйлеп, өз ойларымды

ортаға салдым. Өйткені, Президент сол кеңес алдында барлығымызға мемлекет қандай болуы керек, президенттік басқаруда қандай жолмен жүреміз дегендей тапсырма берген болатын. Сондықтан біз ізденіп, материалдар жинақтап жүргенбіз. Бірақ сол уақытта кейбіреулерге біздің сөздеріміздің ұнамағаны рас. Ол кезде көмекші, кеңесші қызметтері чемодан көтерушілер сияқты болатын. Ал мынандай алқалы кеңесте олардың пікірлерінің түрпідей тигені рас еді. Оны мен бүгін терең түсініп отырмын. Өйткені, газет редакциясының сұранымына байланысты осы мақаланы дайындау үстінде өз архивімнен, сол жылдары, яғни 1990 жылдың 8 тамызында Президент атына жазылған «Қазақстандағы президенттік басқаруды жетілдіру туралы ұсыныстар» атты еңбегімді таптым.

Онда классикалық президенттік республика болып америкалық үлгі, яғни Президенттің бүкілхалықтық сайлау арқылы сайланатындығы және оның мемлекет және Үкімет басшылығын қатар алып жүретіндігін жазыппын. Конгресс қабылдайтын заң жобаларына вето қою құқығы, конгреске жолдау жіберу, оның ішінде заң шығару бағдарламасы мен бюджет жобасын ұсынуы бар. Президент әскери қолбасшы, халықаралық және атқарушылық келісімдерге қол қояды және рақымшылық (помилование) жасайды.

Президент Сенат келісімімен министрлерді тағайындайды. Министрлер коллегиялды орган ретінде Үкіметті құрамайды. Олардың әрқайсысы Мемлекет басшысының саясатын орындаушы дербес сала болып қалады. Ал олардың басшылары хатшы (секретарь) деп аталады және олар президенттік кабинет құрайды. Бірақ олар конституциялық немесе басқа бір заң шеңберіндегі орган болып есептелмей, тек кеңесші орган болып табылатындығын жазыппын.

Кеңеске кіретіндер – негізінен, Президент бекітетін министрліктер басшылары. Сондықтан әр жаңа Президент, өз қалауы бойынша басқа да лауазымды адамдарды, тіпті, өз көмекшілерін де бұл органға кіргізе береді. Сондықтан оның құрамы мен мүшелік саны өзгеріп тұрады. Осы тұрғыда жыл өткен сайын кеңес рөлінің төмендеп, көмекшілердің функционалдық қызметінің өсіп келе жатқандығын көрсетіппін.

Сонымен қатар Америка президенті жанынан формалды емес топ жасақталады екен. Олар Президентке ең ықпалды топ болып есептеледі. Бұл бейресми құрылымды «кухонный кабинет», яғни қазақшаға тікелей аударсақ, оларды «табақтастар» деп атауға болады.

Сол кездердің өзінде Қазақстанда, тіпті Кеңес дәуірінің өзінде, ықпалды бейресми билік тобы болған. Олар, негізінен, Компартия хатшылары, Үкімет басшысы, Жоғарғы кеңес төрағасы, т.б. еді. Олардың ең жоғарғы бейресми билік тобының мүшелігінің белгісі Компартияның бірінші хатшысымен түскі асты бірге ішуі болатын. Расында да, түскі ас кезінде көзбе-көз отырып, көп мәселе шешілетін.

Осы тәжірибені қолдану үшін президенттік бейресми кеңес жасақтауды, оған Жоғарғы кеңес төрағасын, Үкімет басшысын, Орталық комитеттің 4 хатшысын, Президент кеңесінің 4 мүшесін, Казсовпроф, жастар одағы басшыларын, Президент аппараты басшысын кіргізуді ұсыныппын.

Бұл ойымды Президент сол кезде, негізінен, қолдады. Өйткені мен жазған «Жоғарғы кеңес төрағасы» деген сөзге «Спикер қызметін атқарушы» деп қосыпты және «Министрлер кеңесі төрағасы», «Компартия Орталық комитетінің 4 хатшысы» деген сөздерді сызып тастапты.

Сонымен қатар Президенттік Министрлер кабинетін жасақтау туралы да ұсынысым болған. Ол сол кездегі Министрлер кеңесінің негізінде (Совмин), яғни 21 министрліктің, комитеттер мен ведомстволардың негізінде құрылуы ұсынылды. Кабинеттегі салалық жұмыстарды кеңесшілер жүргізеді. Мысалы, экономика туралы кеңесші сол кездегі Жоспарлау комитеті, Баға комитеті, банк жұмыстарына жетекшілік етеді. Сол сияқты басқа да салаларды келтірдім.

Бұл ұсынысымды да Президент жоққа шығарған жоқ. Жобадағы «21 министрлікпен» деген сөзге қоса «қайта жасақталған министрліктер» деп өз қолымен қосыпты. Экономика туралы кеңесші «жетекшілік етеді» деген сөзді сызып тастап мен атаған Жоспарлау комитеті, Баға комитеті және басқалардың «қызметін басқарады» деп түзету енгізіпті.

Мәдениет және білім жөніндегі кеңесшіге «насихат» деген сөз қосып, оның құзырына ҚазТАГ, телеарналардың берілуін белгілепті. Сонымен қатар, «ғылым туралы кеңесшіні» қосып, оған ҰҒА, ЖОО, ҒЗИ басшылық жасалынуы керектігін анықтаған болатын. Ал өндіріс, транспорт, құрылыс салаларына басшылық жасау жөніндегі кеңесші жұмысына «инвестиция» деп қосыпты. Бұл сол жылдардан бастау алған Президентіміздің көрегендігі еді. Сол уақыттың өзінде сырттан инвестиция тартпай, экономикамызды көтере алмайтындығымызды білген еді. Кейінгі жылдары сол идеясын жүзеге асыру жолында қыруар жұмыс жүргізілді, инвестициялық климат жасақталды, құқықтық база жасалды. Енді жыл сайын Президент жанынан құрылған инвестициялық кеңес отырыстары өткізіліп, әлемдік дағдарысқа қарамастан, Қазақстан инвестициялық тартымдылығын жоғалтқан жоқ.

Аталған жаңа құрылымдық өзгерістерге сай Президенттің атқарушы аппаратын жасақтауды ұсындым. Оған Президент көмекшілері, консультанттар, аппараттың бөлім бастықтары, ҰҚК, әскери комиссариат, азаматтық қорғаныс, кеден кіреді. Оны Президенттің орынбасары басқарады делінген болатын. Бұл ұсынысты да Президент жоққа шығармаған екен. Оған себеп, аталған органдарға «Мемлекеттік бақылау» деп қосыпты.

Сол кезде басқа да құрылымдық ұсыныстар жасалды және олар орындалды да. Президенттік атқарушы билікте Президент аппараты мен Үкімет іс басқармасы қосылып, бір аппарат болды. Алғашқы Премьер-министр болып Ұзақбай Қараманов тағайындалды, оның өзіне тікелей бағынышты тек секретариат пен ортақ аппарат қалды. Өр салаға мемлекеттік кеңесшілер тағайындалды, олар – Е.Г.Ежиков-Бабаханов, Қ.Тұрысов, Б.М.Тұрсымбаев, М.Жолдасбеков, Ю.А.Хитрин еді. Бір сөзбен айтқанда, Президент атқарушы аппаратты өз басшылығына алған болатын. Экономикалық реформаны терең жүргізу бағытында Президент басшылығымен Жоғарғы экономикалық кеңес құрылды. Оның орынбасары болып Дәулет Сембаев, ал кеңес аппаратына жаңалеп, консультанттар болып Ораз Жандосов, Серік Аханов келген болатын.

Облыстарға шығуға жан-жақты дайындалатынбыз. Әрине, іссапар барысындағы дайындық жоғары деңгейде жүргізіледі. Оған жауапты адамдар бар. Бірақ қандай киім кию керек, ауа райы қалай болады, сол жағын өзім қадағалайтынмын. 1990 жылы 19 тамызда Арқалыққа ұштық, сол күні күндіз 23-28 градус, түнде 10-15 градус болған. Оққағарлар арқылы ертеңгі киімдер қандай боларын ескеріп отыратынбыз.

Ол кездерде жер-жерден хаттар көп келетін. Соның бірі Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Еңбекші ауылынан келген хатты кейде есіме алып отырамын. Әсіресе, санақ кездері мен халқымыздың өсуі туралы мәліметтерді оқығанда. Оны 1990 жылдың 1 маусымында жазған Сәкен Жәкеев деген ақсақал еді. Демограф-ғалым Мақаш Тәтімөвтің ғылыми есебі бойынша сол жылдың мамыр-маусым айларында Жер планетасындағы қазақтар саны 10 миллионға толады екен. Туған немересіне Нұрсұлтан деп ат қойып, он миллионыншы қазақ туды деп батасын жеткізген еді. Енді жиырма жылдан кейін әлемдегі қазақтар саны қанша екен деп ойлаймын.

Ол кезде көше демократиясының өршіп тұрған кезі, қит етсе халық тек Президентке келетін, резиденцияның есігін торитын. Сол адамдарға шығып сөйлеп, қабылдаулар ұйымдастырып, жазған хаттарына жауап беріп жататынбыз. Қазіргі шенеуніктер басқашалау сияқты, сөйлесуден, жауапкершіліктен бойларын алшақ ұстайды. Тағы бір байқайтыным, көпшілік жерлерде билік саясатын насихаттап, халыққа жақындығын көрсетуге тырыспайды, мемлекеттік қызметкерлердің сөз таласқа дайындықтары нашар, жаппай қағазбастылық басым.

Тағы бір көңіл аударарлық құжат Қырғыздың Жоғарғы кеңес төрағасы Масалиевтен 6 маусым күні келген екен. Онда Ош қаласы мен оның маңында орын алған жаппай тәртіпсіздікке байланысты Қазақстаннан Ішкі істер министрлігі қызметкерлерін жіберу туралы көмек сұраған. Президент бұл жеделхатпен танысты да қойды, ал оны аппараттың бөлім бастығы Қ.Сүлейменовке жіберген екенмін. Ал оған біздің қарулы күштер барды ма, жоқ па, есімде жоқ. Бірақ бір қызығы, тура 20 жылдан кейін маусым айында Ош қаласында тағы бір қырғын болғаны.

Егемендік бізге өз еркімен келе қойған жоқ. Сындарлы саясат, ішкі жағдайымызды терең білу мен болашақты сабырлы болжау, сан жолдан сара жол таңдай білу бастауы сол тоқсаныншы жылдарда жатыр. Бір мысал. 1990 жылдың 19 қазанында «Социалистік Қазақстан» газетінде «Егемендік туралы Президент пікірі» атты мақала жарияланған. Бұл мақала Президент Н.Назарбаевтың республиканың Жоғарғы кеңесінде, сол кезде көп дау тудырған, Одақтық шарттың жобасы туралы баяндамасының қорытынды хабарламасы ретінде берілген. Онда мынандай сөздер бар:

«Менің көпұлтты Қазақстанның барлық халықтарының праволарына тең қарайтын айқындамамызды сіздер білесіздер. Мұны өзім үшін принципті мәселе деп есептеймін. Халықтар достығын нығайту қажеттігін әрқашан да есте ұстау керек».

«Ұлттар туралы айтып жатпай-ақ, жалпы, азаматтық қоғам құру міндеті біз халықтың мәдениеті мен әл-ауқатының қазіргіден гөрі неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізетін болашақтың міндеті ретінде қойылуға тиіс. Кез келген саяси іс-қимыл ізгі тілекке емес, нақты қазіргі ақиқатқа арқа сүйеуге тиіс».

«Декларациядан тек республикадағы ұлттық мемлекеттілік туралы мәселені ғана емес, сонымен бірге, жалпы, қазақ халқы туралы сөздерді де алып тастағысы келетіндермен келісуге болмайды».

«Бізге экономикалық және басқа да істер жетіп жатыр. Қанеки, ең алдымен солармен айналысайық».

«Біз егемендік пен демократия туралы айтқанда, абсолютті егемендіктің, абсолютті бостандық пен демократияның жоқ екенін әрқашанда есте ұстау қажет. Дүниежүзінің барлық мемлекеттері бір-біріне тәуелді, қарызға ақша алады, сауда-саттық жасасады, сөйтіп, реттейтін тұтқаларды қолданады. Сондықтан тәтті қиялға берілмейік».

Міне, осыдан жиырма жыл бұрын айтылған сөздердің бүгінгі күнге дейін маңыздылығын дәлелдеп жатудың қажеттілігі жоқ. Басты формула халықтар бірлігі, қазақтың мемлекеттілігі аясындағы азаматтық қоғам қалыптастыру, экономиканы дамыту және интеграция. Осы бес саусақтай бағыттардың бірлесе дамуының арқасында өркениетті ел қатарына қосылуға ұмтылып отырмыз.

«Айқын», 2010 жылғы шілде

Сағындық САТЫБАЛДИН,
экономика ғылымдарының докторы,
академик, әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университетінің профессоры

НАЗАРБАЕВ – «ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖЕТІ ҒАЛАМАТТЫҢ» АВТОРЫ

Адамзатта әуелде «жеті ғаламат» дейтін болған. Мұны өмірге әкелген әйгілі император Ескендір Зұлқарнайн (Александр Македонский) болатын. Ол өз сарайындағы ғұламаларға «адамзат қолымен жасалған, теңдессіз, ең таңғаларлық жеті ғаламат дүниенің тізімін жасандар» деген бұйрық береді. Сонда ежелгі грек мифологиясы құдайларына арнап салынған храмдар, құдайлардың тас мүсіндері, тағы басқа ерекше ғажайып дүниелер тізімге енген екен. Барлығы жетеу болған. Содан күні бүгінге дейін жеткені Мысырдағы (Египет) Хеопс пирамидалары. Бір ескеретін тұс – бұл «жеті ғаламатқа» Ұлы Қытай Қорғаны да енбей қалған. Демек, «жетіліктегі» басты шарт – ғаламаттың да ғаламаты болу.

Кейіннен әлемнің «архитектуралық жеті ғаламаты» деген пайда болды. Біздің кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында білімсіздікпен «жеті ғаламаттың» біреуі делініп жүрген Тәж-Мақал осы «архитектуралық жеті ғаламат» тізіміне ғана енген.

«Жеті» санын адамзат ерекше қасиетті тұта ма, әлде Ескендір Зұлқарнайн салған жолмен жүруді жөн санады ма, кім білсін, әйтеуір, келе-келе жетіліктер көбейіп кетті. Бірақ солардың бәрінің бастауында біздің жыл санауымыздан бұрын жасалған ежелгі «жеті ғаламат» тұрғаны белгілі.

Таңғаларлық істердің бәріне «ғаламат» деген теңеуді қосып айту әрқашанда әр ғасырда, әр мыңжылдықта, әрі-берідесін күні бүгінге дейін әдетімізге айналған секілді. Сонда оны белгілі бір іс нәтижесіне теңеу үшін «ғаламат» деген сөз міндетті түрде ерекше, бұрын-соңды кездеспеген нысанды (объект) маңыздылығын айрықша атап көрсету мақсатында қолданылғанын байқаймыз. Осы тұрғыдан алғанда егемендік жылдары ішінде әлемдік және отандық сарапшылар мен саясаткерлер аузынан да біраз істер «қазақстандық ғаламат» деп аталды. Бұл мақалада өзімнің салама қатысты сол «ғаламаттардың» жетеуіне талдау жасамақпын. Алдын ала ескерте кетейін, бұл «ғаламаттардың» авторы Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болып шықты. Демек, енді нақты сол «жеті ғаламат» туралы әңгімеге ауысайық.

1. ТМД кеңістігін құру. Әбден әлсіреген КСРО деп аталатын державаны Беловежье тоғайында бас қосқан славян үштігі мемлекеттерінің басшылары біржолата құрдымға құлатты. Осы мәлімдемені ести салысымен, Қазақстан Республикасының Президенті КСРО құрамында болған бұрынғы одақтас республикалар басшыларын Ашхабад қаласында бас қосуға шақырды. Онда

Н.Назарбаев жиналғандарға «қалай болғанда да одақты, бәлкім, мүлде басқа тұрпатта сақтап қалармыз» деген сындарлы ұсынысын айтты. Бірақ басбасына жеке-дара билеп-төстеуді көздеген олар ақылды ұсынысты бірден қолдамады. Болмысты алдын ала болжай алатын Нұрсұлтан Әбішұлы мұндайға тыншымай, әлгі әріптестерін қайтадан Алматыға шақырды. Бұл жолы оларға «қажет болып жатса, Орта Азия республикаларымен Қазақстан да өз бетіне дербес одақ құра алады және алтыны да, көмірсутектері де, металдары да, астықтары да жеткілікті бұл одақ славян одағынан әлсіз болмайды. Десек те, бізге КСРО кеңістігіндегі одақтастықты сақтап қалу керек. Тағдыр талайында бір-бірімен сан мәрте қырқысқан еуропалық ұлттар Еуроодаққа бірікті. Ал біз кеше ғана Екінші дүниежүзілік соғыста бір державаны бірлесе қорғаған, туыстай араласып кеткен ұлттар емеспіз бе?! Ендеше, бәрібір біргеміз. Бірақ бүгін біріге алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді» деген даналық және ағалық сөзін айтып, оған әріптестерін сендіре білді. Ақыры Алматы декларациясы өмірге келіп, ол ТМД деп аталатын халықаралық жаңа құрылымды заңдастырды. Қазір саясатшылардың бәрі де ТМД Н.Назарбаевтың төлтумасы екенін ашық мәлімдеп жүр. Бұл – бір. Екіншіден, дүниежүзіне аты мәшһүр сарапшылардың бір тобы «түптің-түбінде, бәлкім, тіпті таяу болашақта ТМД кеңістігінде ең озық үлгідегі экономикалық одақ құрылады, ол Еуроодақпен интеграциялануы арқылы бүкіл Еуразия құрлығындағы дамудың кіндігіне және локомотивіне айналады» деген болжамдарын жариялап үлгерді.

2. Социализмнен капитализмге көшудің төңкеріссіз жолын ғылыми негіздеп, жүзеге асыру. Н.Назарбаевқа КСРО қирандысынан мұраға қалған Қазақстанды дәл бүгінгі дәрежесіне жеткізу оңайға соққан жоқ. Өйткені, қалай болғанда да «капитализмнен социализмге өтудің» ғылыми негіздемесі бар еді. Оның бірі – маркстік төңкерісшіл жол болса, екіншісі – бүгінгі Еуропада ақиқатқа айналған төменгі тапты әлеуметтік қорғау арқылы, эволюциялық даму жолы. Бірақ «социализмнен капитализмге өтудің» ешбір жолы ғылыми негізделмеген. Соның салдарынан КСРО-дан енші алған жаңа мемлекеттердің әрқайсысы өздерінше жаңа жол салды. Бірақ содан бергі өткен жиырма жыл солардың барлығында дерлік, тіпті Ресей Федерациясының өзінде қателіктер орын алғанын көрсетіп берді. Ресейдің Кавказ бен Молдова, Украина арасындағы жанжалдары қанды қырғындарға ұласып, оның ызғары әлі күнге дейін сезілуде. Көптеген жаңа мемлекеттер жоғарғы билігін бірнеше рет ауыстырып үлгерді. Бірақ әлі күнге дейін тұрақты даму арнасына түскендері шамалы. Ал Н.Назарбаев ғылыми негіздеген «социализмнен капитализмге өтудің» жаңа жолы бүкіл әлемде «Қазақстан жолы» деген теңеуге ие болып, таңғалатындай әсер жасады. Себебі, біздің елде, турасын айтсақ, 130-дан астам ұлт пен ұлыс және толып жатқан дін өкілдері тұратын елде араздық емес татулық, міне, осының нәтижесінде экономикалық даму өмірдің ақиқатына айналды. Ал әлемнің небір көреген сарапшылары «Қазақстанда ұлтаралық қақтығыстар болып, оның соңы елдің күйзелісіне ұшыратады» деген болатын. Мінеки, экономикадағы Назарбаев авторы болған қазақстандық даму жолы

осылайша «социализмнен капитализмге өтудің» төңкеріссіз эволюциялық тәсілін ғылыми негіздеп, оны өмірдің қозғаушы тетігіне айналдырды.

3. «Ұлы Жібек жолын» жандандыру. Кеңестер одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналған сәтте Президент Н.Назарбаевтың, ең бірінші қолға алған мәселесі – елдің территориялық тұтастығын халықаралық деңгейде заңдастыру болды. Бұл ретте КСРО державасының өзіне наразылық білдіріп келген және Қазақстанның ауқымды бөлігін «өз меншігіміз» деп жүрген алып Қытай Халық Республикасымен тіл табысу оңайға соқпады. Бірақ келешекті көре білген дана басшылар Н.Назарбаев пен Цзян Цзэминь тіл табысып, Қазақстан мен Қытай шекарасы хатталып, шотталды және заңдастырылды. Бұл ретте Н.Назарбаев қытайлық әріптесіне Қазақстаннан азғантай жер талап еткеннен гөрі қарқынды дамушы Қытай экономикасы үшін «Ұлы Жібек жолын» жандандырып, соның игілігін көру әлдеқайда пайдалы екенін толық дәрежесінде түсіндіре алғандығы бүкіл адамзат тарихына бетбұрысты қадам жасайтын бір іс болды. Бұл күндері Батыс Қытай – Батыс Еуропа халықаралық автокөлік жолын салу жұмысы Қазақстан жерінде қарқынды жүруде. Қытай Достық бекеті арқылы Еуропаға кідіріссіз шығатын болды. Бұған енді бір-екі жылдан соң Қорғас бекеті арқылы өтетін теміржол тасымалы тағы қосылып, алыс-беріс, барыс-келіс қарқынын бірнеше есеге өсіреді. Сөйтіп, Президент Н.Назарбаевтың үшінші ғаламаты аталған «Ұлы Жібек жолы» бойынша Еуропаның 8 триллион долларлық, Азия мен Тынық мұхит елдерінің 15 триллион долларлық, жалпы қосындысында 23 триллион долларды құрайтын жалпы ішкі өнімнің еркін ағысына төте жол ашылатын болады. Бұл жалпы, жер бетіндегі экономиканың үштен екісіне қызмет ететін үлкен арна болып шықпақшы.

4. Еуразиялық интеграция. ТМД құрушысы осынау халықаралық құрылым онша жеміс бермей тұрғандықтан, Мәскеудің М.Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінде оқытушы-профессорлар мен студенттердің және Мәскеу зиялыларының алдында дәріс оқып, өзінің Еуразиялық интеграция туралы идеясын ғылыми негіздеп берді. «Біз қазір бір-бірімізден алыстауға ынталы болып алдық. Ал түптің түбінде біз бәрібір жақындасуға мәжбүр боламыз. Одан да қазір Еуразиялық интеграциялық қауымдастық ашайық, Еуропа осылай дамыды. Біз де дамудың дұрыс жолы сол екенін кеш түсініп қалмайық» деді сол жиында біздің елдің Президенті. Кезінде осы ұстанымы үшін Н.Назарбаевты басқаны былай қойғанда, Мәскеудің ғұлама ғалымдары да, саясаткерлері де күстәнәленген еді. Бірақ зымыран уақыт біздің Елбасымыздың бұл ұстанымы дамудың өміршең жолы екенін көрсетіп берді. ТМД ішінде Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа біріккен мемлекеттердегі даму басқаларға қарағанда қарқындырақ жүруде. Ал осы қауымдастық ішіндегі Кеден одағы түптің-түбінде барлық қиындықты бірлесіп қана жеңуге болатынын ұғындыратын бір тетік болып шықпақ. Н.Назарбаевтың мұндай идеяны ұсынғандағы басты мақсаты тұтастай алғанда Еуразия деп аталатын алып құрлықта толық интеграцияға жол ашу екені сөзсіз. Бұл күндері әлемдік даңқы бар ғалымдардың өзі былай деп болжам жасайды: «ТМД аумағында

үлкен экономикалық бірлестік пайда болады. Бұл Еуропаның Қытаймен, Тынық мұхит елдерімен жақындасуында алтын көпір қызметін атқарады. Екіншіден, бұл жаңа бірлестіктің өзіндік халықаралық валютасы болатындықтан, ол доллармен күресте евроға көмекшілік қызметін атқарады. Ақыры осындай жекелеген аймақтарда пайда болған жаңа валюталар біртіндеп долларды айналымнан ығыстырып шығады». Демек, біздің Елбасымыз бұл жолы да адамзат бұрын жоспарламаған идеяны өмірге әкеліп, оның жүзеге асырушысына айналып отыр. Ендеше, мұны адамзат тарихындағы экономикалық «жеті ғаламаттың» бір қызметіне лайық демеске амал жоқ.

5. Көптарапты экономикалық саясат. Саяси ұстанымы жағынан Еуроодақ түгіл, АҚШ мемлекетінің өзіне қарама-қайшы келетін көп тұстары бар Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының қоршауында тұрған Қазақстан Республикасының көптарапты экономикалық саясат ұстануы – шын мәнінде экономикалық «жеті ғаламаттың» бірі. Бұл ретте басқаны былай қойғанда, мынадай нақты деректерді мысалға келтіруге болады. АҚШ – біздің стратегиялық әріптесіміз. АҚШ үшін біз де солаймыз. Мұны екі мемлекеттің де басшылары талай мәрте мәлімдеген. Солай бола тұрса да, біз – бір-біріне «атарға оғы жоқ» жағдайда жүрген АҚШ мемлекетімен де, Иран Ислам Республикасымен де тығыз қарым-қатынас орнатқан елміз. Израиль Таяу Шығыстағы ислам мемлекеттерін негізгі жауы санайды. Ал біз ислам мемлекеттерімен діндес ретінде тығыз байланыс орната отырып, Израильмен де жақсы экономикалық қарым-қатынас жасаймыз. Социалистік және коммунистік Қытай – ең тату көршіміз. Былай қарасаң, ұғуы қиын саясат. Бірақ мол жеміс беріп тұрған ұстаным. Сондықтан бұл да – Н.Назарбаевтың экономика саласындағы «жеті ғаламатының» бірі.

6. Ядролық энергия банкингі. Қазақстандағы Семей ядролық сынақ алаңын жауып, содан соң КСРО-дан мұраға қалған ядролық баллистикалық зымырандардан өз еркімен бас тартуы және ядролық оқтұмсықтар үшін пайдалануға жарамды байытылған плутоний қорын толығымен зарарсыздандыруы, ақыр аяғында Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақ құрудың ұйытқысы болуы бүкіл әлемде еліміздің мәртебесін көтерген Президент Н.Назарбаевтың кемеңгерлік бір ісі болды. Осындай ұлы істердің ұйытқысы болған Елбасымыз биылғы көктемде АҚШ астанасы Вашингтон қаласында өткен ядролық қарусыздану туралы халықаралық саммитке қатысып, сөз сөйлеп, «бөлшектенген атом өзімізді бөлшектеп жүрмесін» деген ұран тастады. Ал АҚШ президенті Барак Обама болса, бұл кезде «егер Назарбаев қатынаспаса, бұл саммиттің өтпеуі де мүмкін еді» деді. Осының бәрі Қазақстанның мерейін адамзат қауымы алдында үстем етті. Н.Ә.Назарбаев әрқашанда белгілі бір қадамды болашақтағы ең пайдалы қадамның бастауы ретінде жасайтынын көріп жүрміз. Сондықтан да осы уақытқа дейінгі Елбасымыздың барлық игі қадамдары Қазақстанның табиғи уран байлығынан мол пайда табуға жол ашу екені және уран байлығын біріктіруші қызметке пайдалануы болғандығы өзінен-өзі түсінікті. Нәтижесінде еліміз 2009 жылдың өзінде уран өндірісі бойынша әлемдегі көшбасшыға айналды. Чили де, Австралия да бізден кейін

қалды. Бұл қарқын алда еселене түспек. Себебі, Президентіміз Вашингтондағы сол алқалы жиында Қазақстан өзінде ядролық энергия банкингін ашуға әзір деп мәлімдеді. Оның бұл ұсынысының орынды екені сөзсіз және оны қолдау қазірдің өзінде басталып кеткен секілді. Біріншіден, Қазақстан – уран қоры жағынан әлемдегі екінші мемлекет. Екіншіден, оны қоршаған ортаға зиянсыз технологиямен өндіру жөнінен де Қазақстанның басқаларға үлгі болатынын МАГАТЭ ұйымы талай рет мәлімдеген. Ақыр аяғында Қазақстанның бұл саладағы ғылыми әлеуеті күшті екенін әлем толық мойындады. Сондықтан да біздің елімізде осы саладағы АҚШ, Франция, Жапония, Қытай және Ресей кәсіпорындары жемісті жұмыс істеуде. АҚШ «Вестингхауз» компаниясы – әлемге атом электр стансаларын салып беруден көшбастаушы. Ал біз осы компанияның он пайыздық акциясына иеміз. Жапония – ядролық отынды ең көп тұтынушы ел ғана емес, сонымен бірге дүниежүзіне ядролық отын таратудан да сүбелі үлеске ие мемлекет. Франция мен Қытай және Ресей жөнінен де осылай деуге болады. Демек, бұлардың бәрі де біздің елімізде ядролық энергия банкингін құруды жақтайды дей аламыз. Мұндай жағдайда Қазақстан дүниежүзін ядролық отынмен жабдықтаушылар көшін бастауды баянды етеді. Екіншіден, қазба байлығымыз ел игілігі үшін экспорттық мол кіріс түсіреді. Үшіншіден, әлем мемлекеттерінің ядролық энергияны пайдаланушылары Қазақстанның жауына емес, досына айналады. Ақыр аяғында, бұл бейбітшіліктің тірегі болады. Біздің ел осылайша ядролық энергия саласында барлық мүдделер тоғысатын кіндікке айналып шығады. Бұл енді нағыз «ғаламаттың» өзі. Осы уақытқа дейін АҚШ-тың шынайы жақтасы болып келген және уран қоры жағынан Қазақстанмен иық теңестіретін Чили мен Австралия мұндай игілікті істі тындыра алмаған еді. Міне, бұл «ғаламат» емей немене?!

7. Халықаралық валюта жүйесін жаңғырту. Н.Назарбаевтың әлемді жаңғыртуға бағытталған бір ұсынысы Үндістанның астанасы Дели қаласында дүниеге келді. Бұл жерде ол қазіргі қолданыстағы халықаралық валюта жүйесі және халықаралық валюта әділетсіз екенін жария етті. Содан соң бұл идеясын ғылыми негіздеген мақаласын Ресейдің орталық газеттерінің бірінде жариялады. Оны әлемнің бұқаралық ақпарат құралдары түгелдей дерлік пайдаланды деуге болады. Елбасымыз қазіргі қолданыстағы халықаралық валюта жүйесінен бақандай жеті кемшілік тауып, оның бүкпесіз атын атап, түсін түстеп берді. Бір елдің құзырындағы ұлттық валютасы бүкіл әлемдік экономикаға тең дәрежеде, әділетті түрде қызмет етуге қабілетсіз, өйткені, ол валюта иесі болып саналатын мемлекеттің ұлттық қорымен қамтамасыз етілмеген. АҚШ мемлекеті долларды өз қалауынша қанша керек болса сонша мөлшерде банкноттар фабрикасында басып шығара береді. Нақты есеп жоқ. Сондықтан да белгілі бір ел тек қана валюта сатумен байып жатса, келесі бір ел оған зәруліктен экономикалық зардап шегуде. Қазіргі халықаралық валюта жүйесіндегі жұмыс бойынша қор биржаларындағы эмитенттер инвесторлар алдында, инвесторлар эмитенттер алдында нақты жауапкершілігін сезінбей жұмыс істейтін жағдай қалыптасқан. Сондықтан да әлемде қаржылық дағдарыстар экономикалық дағдарыстарға ұласып, ол бүгінгідей бүкіләлемдік

рецессияға жол ашып отыр. Мінеки, осындай ойды бүкпесіз ашық айтқан біздің Елбасымыз адамзаттың бұдан былайғы даму жолында баршаға бірдей, әділетті түрде қызмет ете алатын және жекелеген мемлекеттер мен топтардың ықпалына бағынбайтын жаңа халықаралық валюта жүйесін құру, халықаралық жаңа валютаны айналымға енгізу уақыт талабы екенін осылайша дәлелдеп шықты. Бір тамашасы сол – бүкіл адамзаттың бұдан былайғы экономикалық және әлеуметтік дамуына ерекше серпінді күш беретін мұндай идеяны бұған дейін ешкім аузына алған да жоқ. Әрине, Назарбаевтың бұл ұсынысы әзірге талқылану үстінде. АҚШ бастаған ықпалды топ және доллардан пайда тауып жүрген топ мұндай «май шелпектен» айырылып қалмау үшін бар күштерін жұмсауда. Солай бола тұрса да «сең бұзылды». Әлем мемлекеттері ақиқатқа тура қарайтын болды. Соның нәтижесіндей Латын Америкасында, араб әлемінде жаңа аймақтық халықаралық валюталар өндіріске енгізілетін болды. Қытай мен Жапония бастаған Азия – Тынық мұхит аймағындағы елдер де бұл мәселе төңірегінде тереңірек ойланып, жұмыс істеуге кірісті. Қазір бүкіл әлем мемлекеттерінің басым көпшілігі өздерінің сақтық қорынан долларды ығыстырып жатқандығы жайлы жиі хабарланады. Мұның өзі біздің Елбасымыздың адамзатқа ұсынған өміршең идеясы көп кешікпей жүзеге асуынан үміттендіреді. Орайы келгенде айта кетейік, Халықаралық валюта қорының қазіргі басшысы Доминик Стросс-Кан және Еуропалық банктің жетекшісі Жан Клод Трише секілді лауазымды тұлғалар да бұл идеяның әйтеуір бір жүзеге асырылатынын жоққа шығара алмады. Олардың бар айтқаны «доллар әлі де он жылдай өмір сүре алады» деген сөз болып шықты. Мұның өзінде тереңірек үңіліп қараған адамға доллардың ғұмыры аяқталуға жақын екенін аталған тұлғалардың өзі мойындап тұрғанын байқау қиын емес.

Жоғарыда айтылған Н.Назарбаевтың осынау ұсынысы да адамзат тарихында бұрын-соңды кездеспеген және болашақтың дамуына серпінді әсер ететін ғаламдық деңгейдегі «бір ғаламат» болып шықты. Біз осы мақалада талқылаған Елбасымыздың өмірге әкелген идеялары негізінен, жалпы адамзаттық дамуды жақсартуға бағытталған және әлемдік дәрежеде бұрын-соңды кездеспеген жеті озық ой, экономикадағы «жеті ғаламат», ал оның авторы – Н.Назарбаев екенін дәлелдедік қой деп ойлаймын.

Біздің Президентіміз өзінің мемлекеттегі жоғары билік эшолонына келгеннен бергі қызметінде тек қана жасампаздық идеяларды ұсынып, жүзеге асырушы тұлға ретінде танылуда. Осындайда менің есіме келмеске кеткен КСРО деп аталатын державаның соңғы бірінші басшысы Михаил Горбачевтің кейініректе: «Мен сол кезде Нұрсұлтан Назарбаевты КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы қызметіне шақырған едім. Бірақ ол бас тартты. Егер Назарбаев менің ұсынысымды қабылдағанда, КСРО секілді тамаша одақты сақтап қалар ма едік, қайтер едік?» деген сөзі оралады. Бұдан Нұрсұлтан Әбішұлының КСРО секілді халықаралық деңгейдегі алып державаның экономикалық жүйесін басқарып, небір қиындықтан шығаруға қабілетті еді деген ойдың ұшқынын аңғаруға болады. Меніңше, бұған таласатындар болмас. Өйткені, сол кездегі Қазақстан Республикасының бірінші басшысы Н.Назарбаев – ел басқару ісіне

қарапайым жұмысшыдан жоғарылап, барлық сатылардан сүрінбей өтіп, мол білім мен зор тәжірибе жинақтап келген лайықты тұлға еді. Соның арқасында Қазақстан Республикасы посткеңестік аумақта алғашқы болып, гиперинфляция мен алапат рецессияны ауыздықтап қана қойған жоқ, сонымен бірге қарқынды дамудың кең арнасына түсуін де қамтамасыз етті.

Экономикалық дағдарыс кезінде жемісті жұмыс істеп, республикада оның зардаптарын мейлінше азайта алған, содан соң экономиканы қайтадан дамудың даңғыл арнасына түсіре білген Н.Назарбаевтың басқару жүйесін кейбір экономист-сарапшылар «нарық пен социалистік жоспарлы жүйені кіріктіру» деп атап жүр. Ақиқатқа тура қарар болсақ, мұның өзі – кемшілік емес, жетістік. Қытайда Дэн Сяо Пин социалистік жоспарлы экономикада нарықтың элементтерін кеңінен пайдалану арқылы Қытайдың бүгінгідей дамуына жол ашып берді. Ал Назарбаев болса, нарықтық қатынас тығырыққа тірелген жағдайда экономиканы басқарудың социалистік элементтерін енгізу арқылы ұтысқа шықты. Бұл арада мен 2009 жылғы «Жол картасы» бағдарламасы бойынша Елбасымыздың тікелей нұсқауымен Үкімет өндіріске енгізген ауқымды жұмыс шараларының нәтижесінде елдегі жұмыссыздықтың 6,2 пайыз көлемімен шектелуін мысалға алып отырмын. Бір ескеретін тұс – жұмыссыздықтың мұндай деңгейі 2007 жылға дейінгі қарқынды даму кезеңінде де тіркелмеген еді. Демек, Назарбаевта нарықтық экономикаға социализм элементтерін кіріктіру жемісті іс болып шыққан. Орайы келгенде айта кетейік, 2010 жылы әлемнің көптеген мемлекеттері өз елдеріндегі жұмыссыздықты қысқарту мақсатында біздегідей іс-шараларын жүзеге асырды. Бұл жағынан алғанда, біздің Елбасымыз мемлекет басқару ісіндегі дүниежүзілік деңгейдегі ұстаз қызметін атқарып тұр.

Экономистер «әр елдің даму ерекшеліктеріне байланысты оның экономикалық ғылым тетіктерін пайдалануы да әркелкі болады» дегенді айтады. Соған қарағанда, Н.Назарбаев – капитализм жағдайында Адам Смит айтқандай, «нарықты реттейтін «көрінбейтін қол» қызметін дұрыс атқара алмаған болса, онда мемлекеттік «араласуды» іске қосқан жөн» деген қағиданы өндіріске енгізген тұлға. Мұны да осы соңғы дағдарыс кезінде өзінің жемісті қызметі арқылы біздің Елбасымыз дәлелдеп шықты. Айтқандай, мемлекеттік араласуды бізден үйренді ме кім білсін, әйтеуір демократтар басқарып тұрған АҚШ, консерваторлар басқарып тұрған Ұлыбритания өз қызметінде осы жолды қолданды.

Адамзат уақыт қанатына ілесіп, ұдайы даму үстінде болашақтарына зымырап бара жатыр. Кез келген ғылым бұл дамудың нақты қалыбын белгілей алмайды. Себебі, ғылым да догма емес, ұдайы дамушы сала. Осы орайдан алғанда, ғылым нақты жүзеге асырылған тұлғалардың жемісті ойының нәтижесін қорытындылаушы қызмет атқарып қалатын кездер де болады. Меніңше, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қызметіндегі әрбір соны идеялар мен қадамдар жемісті болып жатса, бұл түптің түбінде ғалымдар бағасын беретін бір үлкен іс болмақшы. Өйткені, Нұрсұлтан

Өбішұлы «соқтықпалы, соқпақсыз жолмен жүрсе де» жемісті даму жолын көрегендікпен дөп басып, таңдап ала алған тұлға болып тұр. Оның өміршең идеялары қазірдің өзінде жалғыз Қазақстанға ғана емес, бүкіл адамзатқа қызмет етуде. Ал адамзаттың Н.Назарбаевтан алғандары үшін бергені – АҚШ мемлекетіндегі «Бейбітшілік пен даналық дипломатиясы үшін» атты халықаралық сыйлығы. Орайы келгенде айта кетейін, дәл осы сыйлықтың атауының өзі біздің Елбасымыздың барлық қасиеттерін аша түскендей. Н.Назарбаев – бойында «даналық дипломатиясы да», «даналық тактикасы да», «даналық стратегиясы да» бар тұлға. Сондықтан да ол әр кезеңде өз бағдарламасын өзгертіп, жаңғыртып, алар асуды биіктетіп келеді. Мәселен, о баста шикізаттық саланы пайдалана отырып, елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ету, жұмыссыздықтың өсуін тежеу, сол арқылы әлеуметтік жағдайды жақсарту бағдарламасын жүзеге асырып, одан нақты күткен нәтижесін алса, 2010 жылдан бастап елдің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын ақиқатқа айналдыруға күш салуда. Ал түпкі мақсаттың «интеллектуалды ұрпақ өсіріп, интеллектуалды ұлт құру» екенін Елбасымыз ертеректе мәлімдеген болатын. Мұндайда тек қана Алла алдымыздан жарылқасын деу керек шығар.

«Айқын», 2010 жылғы 6 шілде

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
ҚР Мәдениет министрі

ЕР ҚАЗАҚТЫҢ НАР ЗАМАНЫ **(Саяси жазбалардан)**

*Жарлыны – бай, қарашаны – бек, ғарыпты азат етіп,
жоқтан бар жасаған басшы ғана ел тарихында қалады.*
Сұлтан Санжар, ортағасырлық сопы

Сөз сыралғысы

Қазақта «Екі тойың – қабат, екі дүниең абат болсын» деген қанатты сөз бар. Өткен аптада қазақтың қос тойы қабат келді. Елбасы қазақтың бағына туған елдің ұлы перзенті болса, Астана – Елбасының төл перзенті. Қатар келген қос туған күн ер қазақтың атағын асырып, мерейін тасытты. Дос сүйініп, дұшпан күйінді. Ел еңсесі көтеріліп, елорданың даңқы аспандады.

Той күндері ағыл-тегіл тілектер ақтарылды. Қаптаған мәдени шаралар мен ақпараттар ағынында жүріп, әуелі өзгелерге сөз беріп, өз пікірімізді кейінге ірке бергіміз. Соның сәті енді түскендей...

Мен мемлекеттік қызметке кештеу, 90-жылдардың соңында келдім. Әуелі бір жыл сенатор, кейін министр болып, азды-көпті қызмет атқарып, 2004 жылы Елбасының баспасөз хатшысы қызметіне келгенде байқағаным: еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдегі тоғызыншы баспасөз хатшысы екенмін.

Бұл қызметті 1993-94 жылдары қазіргі белгілі дипломат, жақында ғана екінші рет Қазақстанның Франциядағы Төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалған Нұрлан Дәненов атқарды. Сол ағамыз қызметінен кетерде мені кабинетіне шақырып: «Мұхтар, жуық арада басқа қызметке ауысамын. Кетер алдында Президент бұл орынға кімді ұсынатынымды сұрауы мүмкін. Әрине, Елбасының өз ойлағаны да бар шығар. Дегенмен, менен пікір сұрай қалса, сенің кандидатураңды ұсынсам қалай қарайсың», – деп өзіне тән биязы мінезбен сыр тарта сөйледі. Мен ойланып қалдым. Оның жанашырлықпен айтылған пікіріне ішім жылып қалса да, жақсы ағаға інілік ізетпен рахмет айтумен шектелуге тура келді.

Осы оқиға тура екі жыл өткен соң тағы да қайтalandы. Бұл кезде Елбасының баспасөз хатшысы болып өте мәдениетті, білімді азамат, осы лауазымға келген соң танысып, жақын достасып кеткен Дулат Қуанышев қызмет істейтін (ол да кейін Қазақстанның Франциядағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарды, қазір де Ерекше тапсырмалар жөніндегі елші қызметінде). Сол Дулатым күндердің күнінде:

– Мұхтар, мен жақында қызмет ауыстыратын сияқтымын. Әрине, бұл орынға таласушылар аз бола қоймас. Елбасы пікірімді сұрап қалса, сені ұсынсам қайтесің? – деп қарап отыр.

Ал бұл кезде мен Елбасының көптеген шетелдік сапарларында болып, талай жолжазба очерктер жариялап, тіпті Нұрсұлтан Әбішұлымен бірнеше телесұхбаттар жүргізіп, баспасөз қызметінің кейбір құпияларын меңгеріңкіреп қалған едім. Соған қарамастан, Дулаттың шынайы қамқорлығына риза болсам да, оның ұсынысын қабылдай алмадым. Әрине, жауапкершілігінен жүрексінгендіктен.

Сондықтан 2004 жылы Елбасы шақырып алып:

– Ал, Мұхтар, министр болып біраз қызмет атқардың, кеңесші ретінде жазғандарыңды да оқып жүрмін. Қазір сенің нағыз жан аямай еліңе, халқыңа қызмет істейтін кезің. Сондықтан саған баспасөз хатшылығын ұсынсам деймін. Бұрын да алыста жүрген жоқсың ғой, енді тіпті жанымда боласың, – деп жаңа қызмет ұсынғанда: «Бұл шынымен-ақ менің маңдайыма жазылған қызмет екен», деп Елбасының ұсынысын үлкен сеніммен қабылдадым.

Баспасөз хатшысы – қызығы мен қиындығы бірдей қызмет. Қызығы сол, ел өміріндегі бірде-бір елеулі оқиға Елбасының қатысуынсыз өтпейді. Ал баспасөз хатшысы соның үнемі басы-қасында жүреді. Көбінесе қалың көпшіліктің назарынан тыс қалатын талай-талай оқиғалар сенің көз алдында өтеді. Басқаша айтқанда, елдің болашақтағы даму тарихын айқындайтын қат-қабат оқиғалардың тікелей куәгері боласың. Ал мұның бәрі – жазам деген жан үшін таусылмайтын азық.

Қиындығы сол, сенің бүкіл қызметің: жаза басқан жаңылысың да, қалт жіберген кемшілігің де үнемі Елбасының назарында. Оның үстіне телефон, қалам, диктофон күндіз қалтаңда, түнде төсектің басында болады. Ешбір әсірелеусіз, шынында да солай. Мәселен, Елбасы кейде таңертең ерте, кейде жұмыс соңынан, кейде тіпті өз үйінде отырып телефон арқылы шетелдік әріптесімен сұхбаттасуы мүмкін. Баспасөз хатшысы сұхбат аяқталысымен-ақ әңгіменің ұзын-ырғасын сол сәтінде ақпарат құралдарына таратуға тиіс.

Қазір халық бұрынғысынша кешкі телехабарды немесе ертеңгі газетті күтпей-ақ интернет, ақпарат агенттіктері сол сәтінде тарататын мағлұматтарды алуға машықтана бастады. Бүгінгі журналистикада «жақында, жуырда, кеше» деген сөздерді пайдалану әлдеқашан ескірген. Бір кездері Елбасының кеше өткізген кездесулері туралы ертеңінде ақпарат берілетін болса, қазіргі көрермен дәл сол күні, сол сағатта, тіпті сол минөтте ақпарат алуға дағдылана бастады. Мәселен, 3 шілде күні Елбасы ел тарихында тұңғыш рет Қазақстанның 15 өңірімен қатарынан бейне-байланысқа шықты. Облыс әкімдері бұрынғысынша облыстық телестудия немесе облыс орталықтарынан емес, серпінді жобалар жүзеге асырылып жатқан мұнай кеніштері, теңіз порты, алыстағы аудан, өнеркәсіп орталықтарында тұрып, Мемлекет басшысына тапсырманың орындалуын баяндады.

Міне, осындай ақпарат ағыны өмір өзегімен бір мезгілде өрілетін кезеңде Елбасының жанында қызмет істеу – кез келген саясаткер үшін ең үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Сол себепті бүгін Елбасының Қазақ елі, болашақ ұрпақ алдында сіңірген ұлан-ғайыр қайраткерлік еңбегінің кейбір қырларын көрсететін, өзім көрген, көкейге түйген кейбір оқиғаларды «Егемен Қазақстанның» жүз елу мыңнан асатын оқырмандарымен бөліскенді жөн көрдім.

Алыппен достық

Қытай елі – Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған соң небәрі бір-ақ айдың ішінде бізбен дипломатиялық байланыс орнатқан мемлекет. Ақиқатын айту керек, Нұрсұлтан Әбішұлы алып көршімізбен қазақ қазақ болғаннан бұрынғы кезеңдерде ұлы даланың бірде-бір әміршісі жасай алмаған тең дәреже, өзара сыйластық пен сенімге құрылған қарым-қатынас орната білді. Тәуелсіздік жылдары екі ел басшылары екі жаққа бірдей талай рет ресми сапарлар жасады. Солардың ішіндегі ең бір берекелі сапар ретінде мен Елбасының Қытай Халық Республикасына 2006 жылдың желтоқсанында жасаған сапарын айтар едім.

Осы сапар кезінде Н.Ә.Назарбаев бүгінгі Қытай билігі биігіндегі үш бірдей биік тұлғаның үшеуімен де: ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао, ҚХР Парламентінің басшысы У.Банго, ҚХР Үкіметінің басшысы Вэн Цзябаолармен жеке-жеке кездесулер өткізді.

Қытайда жайдан жай ештеңе болмайды. Ондағы әр кездесуді қойып, оған кеткен уақыттың әр минөті де саясат шотына қағылып, мемлекеттік хаттама арқылы қадағаланып отырады.

Біріншіден, Қазақстан Президентінің сапары төрт күнге созылды. Екіншіден, протоколдың әр бабы мен тармағын қатаң ұстанатын қытайлықтар Елбасымен өткізген кездесулердің бәрін дерлік белгіленген уақыттан анағұрлым артық мөлшерде өткізді. Үшіншіден, қонақтарды берісі Пекин, арысы Шанхайдан қайтаратын Қытай жағы Президентті ел аумағының ең кейін қосылған бөлігі Гонконгте де зор ықыласпен қарсы алып, шығарып салды.

Ақыры Қытай тақырыбына тоқталған екенбіз, ендеше мына бір жәйтті айтпай кетуге болмас. Қазақстан Президенті еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірден іргедегі алып елмен тыныш шекара, тату көршілік, тиімді экономикалық байланыс орнату ісіне бел шеше кірісті. Мемлекеттер арасындағы берік байланыс оның басшылары арасындағы шынайы достықтан басталатынын ерте бастан-ақ аңғарған ол сол кездегі Қытай төрағасы Цзян Цземиньмен шын мәнісіндегі достық қатынас орнатты. «Өзіңе тең көрмеген адаммен достаспа» деген Конфуций өсиетін ұстанатын Қытай басшысы да Елбасына дос құшағын айқара ашты. Қазір қызметтен толық кеткенімен ол Мао Цзедун мен Дэн Сяопиннен кейінгі ең үлкен қайраткер ретінде жаңа Қытай тарихына енді және оның пікіріне кешегі-бүгінгі Қытай басшылығы түгелдей ден қойып, құлақ асып отырады. Ал Нұрсұлтан Әбішұлы болса Цзян досымен талай мәрте ресми, бейресми жағдайда кездесіп, емен-жарқын араласты. Мен Елбасының Қытайға жасаған төрт бірдей сапарында бірге болып, көзіммен көргендіктен айтамын: соның бәрінде Нұрағаң туған халқы мен тәуелсіз Қазақстан үшін жанын да, барын да салды. Соның нәтижесінде 1994 жылы екі ел арасындағы шекара мәселесіне байланысты басты құжатқа қол қойылып, ол 1998 жылы біржолата рәсімделді. Бұл ешбір артық-кемі жоқ Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ халқының бүгінгі ғана емес, болашақ ұрпағы алдында сіңірген баға жетпейтін аса зор еңбегі деп білемін.

Ғұндардан басталып, сақ, үйсін, қаңлы, түркі, қыпшақтармен жалғасып, қазақтармен аяқталатын көшпелі мемлекеттердің қайсысымен қытайлар шекара дауын біржолата шешіп еді. Жарайды, тым арыға бармай-ақ, кешегі патшалық Ресей мен бүкіл коммунистік лагерьге (оның ішінде 1960 жылдарға дейін Қытайдың өзіне де) билік жүргізген Кеңес Одағы да Қытаймен жер дауын шеше алмағанын қалай ұмытамыз? Қиырдағы Даманскіні айтпай-ақ қояйық, мына қырқадағы Жалаңашкөлде болған қантөгісті қалай естен шығарамыз?!

Жалаңашкөл – қазіргі Алматы мен Шығыс Қазақстан облысының шектесер шекарасындағы жер. Бұл оқиға сол кезде 2-3-сыныпта оқыған менің әлі күнге дейін есімде. Бас-аяғы бір-екі күннің ішінде аспаннан қарша жауған қаптаған десантқа сол кездегі шекаралық аудан орталығы – Мақаншының қарасирақ балалары мез болып, қарқ болдық та қалдық. Бірақ үлкендерде үрей қалмады. Күнде жиналыс, атынан адам қорқатын атомдық, химиялық, бактериологиялық қаруға қарсы қорғаныс шаралары үйретіле бастады. Өмірімізде бірінші рет противогаз деген пәлені көріп, тек қана қорқыныш пен үрей туғызатын алапат соғыс туралы қайдағы жоқ әңгімелерді ести бастадық. Жұрт кәдімгідей соғысқа дайындалды. Біреу үйінің, біреу қорасының ішіне жан тасалар жертөле қазып, енді біреулер нан қатырып, қап-қап бауырсақ пісіргенін өз көзімізбен көрдік.

Жарты әлемге әмірін жүргізген КСРО сияқты алып империя қара бұлттай қаптаған Қытайдың алдында дәрменсіз күй кешті. Бүгін айтуға оңай, бірақ сол бір жылдарда шекара дауының ушыққаны соншалық, әлем үшінші дүниежүзілік соғыстың аз-ақ алдында тұрған еді. Ал Кеңес Одағының кәдімгідей-ақ болуы мүмкін соғысқа дайындала бастауының тағы бір белгісі, дәл сол жылы Түркістан әскери округынан бөлек, орталығы Алматыда орныққан Ортаазиялық әскери округы құрылып, Қазақстанның Қытаймен шекаралық аудандарына қаптаған әскери техника, қайысқан қол топтастырыла бастады.

Басқаның бәрін жиып қойып, тек осы оқиғаны еске түсірер болсақ, бізге – қабырғасы қатып, бұғанасы бекімеген жас мемлекетке қаншалықты қиын мұра қалғаны өзінен-өзі түсінікті болар деймін. Бірақ Назарбаев соны қисынмен шеше білді.

Бүгінде әлемдегі қуатты мемлекеттер қатарына еніп келе жатқан Қытайдың енді 10, 20, тіпті 50 жылда қандай саясат ұстанарын кім білген, бірақ екі ел арасындағы шекара мәселесінің хатталып, шотталып, балталаса бұзылмайтын халықаралық құжаттармен біржолата рәсімделуін Назарбаевтың ұрпақ алдындағы ұлы еңбегі демеске хақы жоқ.

Бәлкім, менің бұл сөзімде таңданыс пен тамсаныс басым шығар, бірақ мен әр сөзімді абайлап, әр ойымды өлшеп, әр пікірімді парықтап сөйлеуге дағдыланған адаммын. Сондықтан дәл осы пікірімді бұдан 10-20, ғұмыр жетсе 30-40 жылдан соң да қазақтардың кез келген буыны алдында еш қысылмай, қымтырылмай қайталай алатыныма нық сенімдімін.

Осыдан он шақты жыл бұрын қолыма Қытайда туып, оның астанасы Пекинде оқу тауысқан, ол кезде тарих ғылымының кандидаттығына талпынушы, бүгінде ғылым докторы Н.Мұхаметханұлының «Тарихи зерттеулер» атты шағын кітапшасы түсті. Сол азамат қазақтар туралы деректер іздеп, Қытай императорларының құпия архивтерінен арыстан Абылайдың хаттарын тауып-

ты. Солардың бірінде асылзада ханымыз Қытай императорына: «Қазақ ханы пақырыңыз Абылайдан Жүңгоның ұлы патшасына дұғай сәлем! Пақырыңыз Абылай бүкіл қазақты бастап Жүңгоға ел болуды тілейді. Жүңгоның ұлы патшасы, тілеуімізді қабылдағайсыз», – деп жазыпты. Шынымды айтайын: өз көзіме өзім сенбедім. Бірақ автор Қытай императоры Гаузұңның орда мұрағатына, тіпті оның 543-томының 8-кітабы, 11-бетіне дейін тайға таңба басқандай сілтеме жасаған. Қытай аудармашысы аударса, әлдеқалай алақолдық жасады ма деп күмәнданар едім, аударған өз бауырымыз. Күмәнсіз, ашық, айқын.

Осы хат жолданған 1757 жылы Қытай императоры ың-шыңсыз Абылайдың хандық билігін танып, жарлық жібереді. Бұдан кейін таныстықты тамырластыққа ұластыру үшін Абылай бабамыз Қытайға 13 мәрте елшілік аттандырған екен.

Сіз не түсіндіңіз, ағайын? Иә, «пақыр» Абылайдай арыстан айта қоятын сөз емес. Бірақ айтқан, дәлірек айтсақ, саяси мұқтаждық, ел тыныштығы айтқызған. Өйткені, Абылайдың осы хаты жолданардан тура бір жыл бұрын қытайлар әйгілі Шыңғыс хан империясының соңғы жұрнағы, Аспан асты айдаһарына азуын білеген даланың соңғы көкжалы – жоңғарларды түп-тұқиянын қалдырмай түгел қырып, қазақ даласына көз аларта бастаған. Халқының бағы үшін туған данышпан Абылай халқын қырғыннан аман алып шығу үшін, сыңар жебе шығындамай-ақ, шебер дипломатиямен жоғарыдағы хатты жазған, әрі хандығын танытқан. Сөйтіп, елін аман, жұртын тыныш сақтап қалған. Сол армансыз туған асыл ердің есімі ел жадында жатталды. Ал Назарбаев болса Пекинде Қазақстанның еңсесін тік, байрағын биік ұстап, терезесі тең мемлекеттің басшысы ретінде келіссөздер жүргізіп, ел іргесін біржолата бекітті.

Шекара туралы ойымды да шегелей кетейін. Бұл өзі қиыр-шиыры, қулық-сұмдығы, қалтарыс-бұлтарысы көп қиын тақырып. Ол сонау ақ патша заманында Ресей империясы дәуірлеп тұрған кезде де шешілмеген. Сондықтан 1864 жылы Ресей Шәуешек пактісіне амалсыз қол қойып, Шығыс Түркістанды Қытайға өз қолымен берген. Бұл мәселеге келгенде Кеңес Одағы да қасқа тісін сындырғанын Даманск мен Жалаңашкөл оқиғасы дәлелдеді.

Тәуелсіз Ресей де Қытаймен шекара мәселесін зор қиындықтармен Қазақстаннан көп кейін шешті. Ресми қызметте отырған соң көп нәрсені ашық айта алмасым анық. Дегенмен, 2005 жылы жарық көрген Ли Даньхуэй дейтін қытай тарихшысының мына бір пікірінің шекара мәселесіндегі Қытай саясатынан көзі қарақты оқырман үшін берер дерегі аз емес сияқты. Ол былай деп жазады: «Начавшиеся в 1969 году китайско-советские переговоры по пограничным вопросам в течение длительного времени были безрезультатными, практически превратились в диалог глухих и сыграли свою роль в том, что китайско-советские отношения стали сначала враждебными, а потом конфронтационными. Это обусловлено потребностями упорядочения внешнеполитической стратегии Китая, поддержания давления на Советский Союз, разыгрывая пограничную карту. Если цепляться за старые счёты, оставленные историей, вести борьбу за выяснение того, кто прав, а кто виноват, не идти на взаимные уступки, то это может лишь создать серьёзные искусственные препятствия для ее умелого решения» (қарайтқан біз – М.Қ-М). Егер Қытай саясатының

жылдарды былай қойып, тұтас бір кезеңдер бойынша көп өзгере қоймайтындығын, оның үстіне қытай тарихшысының бұл еңбегі 2005 жылы жазылғанын ескерер болсақ, Елбасының қазақ-қытай шекарасын келер ұрпақтың еншісіне қалдырмай, дер кезінде және ел мүддесі, ұлт мұраты тұрғысынан асқан шеберлікпен шеше білгеніне еш күмәнің қалмайды.

Тағы сол Нәбижан бауырымыздың деректері бойынша Абылайдың Аспан асты елінің әміршісіне жолданған хатынан кейін 1758 жылдың 17 қыркүйегі күні хан батыры Қабанбай бабамыз 300-ден астам жылқыны Үрімжінің қан базарына шығарып, сауда-саттықты бастап жіберген екен. Бұл да әлгі «анау айтты, мынау айтты» дейтін әңгіме емес, қытай мұрағатынан алынған бұлтартпас дерек. Н.Назарбаев алыс-берісі біржолата тоқтаған екі елдің базарын қыздырып, қазақ-қытай арасындағы сауда-саттықты 2009 жылы 15 миллиард долларға жеткізді.

Әр сөзін абайлап сөйлейтін Қытай басшылығы Нұрсұлтан Назарбаевқа келгенде қошамет пікірлерін аямады. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның айтқанының бір сөзін де өзгертпей келтіретін болсақ: «Сіз – біздің үлкен досымыз әрі сенімді әріптесімізсіз. Қытай халқы Сізді өте жақсы біледі және ерекше қадірлейді. Екеумізді жеке басымыздың достығы мен тығыз жолдастық қарым-қатынас та жақындастырады деп білемін. Біз Сіздің екі ел қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған еңбегіңізді жоғары бағалаймыз» болып шығады.

Кешегі «пақыр» мен бүгінгі «адал дос, сенімді әріптес», «ерекше қадірлеу, жоғары бағалаудың» арасында қаншама тарих жатыр. Әлем халқының төрттен біріне жуығын құрайтын мемлекет басшысының аузынан айтылған бұл сөз Нұрсұлтан Назарбаевтың әлем таныған таңғажайып беделінің айқын дәлелі болса керек.

Ресеймен серіктестік

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2005 жылғы қаңтарда Ресей Федерациясына жасаған ресми сапары кезінде екі ел арасындағы шекараны делимитациялау туралы құжатты «Егемен Қазақстан» «Ғасыр шарты» деп атады. Сол атауды Қуат Бораш інімізге сыйлаған мен едім. Ұшақ бортында: «Аға, қорытынды материалға не ат қойсам деп ойланып тұрмын», – деді. Бірден аузыма әлгі атау оралды. Бұл жәй сөздің реті келген соң айтқаным ғой. Басты әңгіме басқада.

Бүгінгі Ресей – кешегі императорлық Россия, одан кейінгі КСРО сияқты атанжілік мемлекеттердің мұрагері. Бұлардың мемлекеттік протоколының да талай қитұрқылары бар. Бұл елдің басшысы да оңайлықпен орнынан қозғала қоймайтын орнықты жан.

В.Путин Қазақстанға келді. Ашығын айтқанда Нұрағанды сыйлағаннан келді. Ресей Президенті Новосибирскідегі ғылым мен ақпараттық технологияларды дамытуға арналған үкімет мүшелері, губернаторлар, орыс ғылымының ығай мен сығайлары қатысқан үлкен жиынды кешкі онда өткізіп, таңғы төртте Алматыға ұшып келді.

Ұшып келді де, табандатқан үш күн жатты. Әрине, Назарбаев мәртебелі қонағының қасында болды. Болып қана қойған жоқ: сыра да ішті, сыр да ақтарды, шаңғы да тепті. Әрине, қарақан бастың қызығы үшін емес, қараорман елдің болашағы үшін. Бар әңгіме әлі қиыры мен шиыры бітпеген шекара мәселесі, қойылар құжаттың жай-жапсары болды. Ресей жағында: «Мұндай асығыстықтың бізге еш қажеті жоқ. Келіссөзді әлі де соза түскен жөн. Шекараның даулы тұстары көп. Кейінге қалдырайық», – деушілер аз болған жоқ. Ол ол ма, Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты, депутаты ғана емес, вице-спикері В.Жириновский сияқтылар отқа май құйып, даулы тақырыптың төңірегіндегі әңгімені дуылдатып әкетті.

Осы арада сәл шегініс жасап, жер дауының тарихына қысқаша экскурс жасап көрейікші.

Ермактың қандықол қарақшылары әуелі Сібір жұртын қырып-жойып, кейін қазақ даласына ауыз салды. Мұның соңы 1731 жылы Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүздің қатын патша Анна Иоанновнаның дәрегейіне қарауына әкелді. Етжеңді Екатерина екіншінің тұсында 1778 жылдың 24 мамырында қазақтың ұлы ханы Абылай Ресейге бағыныштылығын мойындауға мәжбүр болды. Император Павел біріншінің тұсында «Қайран да менің Еділім» деп Қазтуған бабамыз жырлаған Еділ сыртына шығуына тыйым салынды. Александр біріншінің патшалық құрған кезінде 1819 жылы Сүйік Абылайханұлы бастаған Ұлы жүздің үлкен бір бөлігі Ресей бодандығына өтті.

XIX ғасырда Қазақ жерін отарлау өте жоғары қарқынмен жүргізіле бастады. 1716 жылы Омбы, 1752 жылы Петропавл, 1760 жылы Өскемен бекіністері салынып, біртіндеп Ресей патшалығындағы 11 казак қолының (войско) бесеуі қазақ жеріне орналастырылды.

Жалғыз қазақ емес, күллі түрік тұқымы түгелдей қуғын-сүргінге ұшыраған осы сұм заман туралы Алаштың аруақты ақыны Мағжан Жұмабаев: «Қарашы төңірекке мойның бұрып, Алтай, Орал бойында тұрған түрік. Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ, Жоғалған әлдеқашан іріп-шіріп», деп тегін күңіренбесе керек.

Осылайша атыс-шабыс, зорлық-зомбылық және орыс зеңбірегінің күшімен хандықтың тоз-тозы шығарылып, небір қитұрқы әкімшілік-аумақтық реформалар нәтижесінде XX ғасыр басындағы қазақ жерінің шекара шебі төмендегідей аумақтармен шектелді.

Осы күнгі Атырау мен Орал облысының батыс бөлігі Астрахан губерниясының құрамына, Маңғыстау тұтастай Закаспий облысына, ал осы күнгі Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумағы Түркістан генерал-губернаторлығына бағынышты Сырдария облысына, ал осы күнгі Жамбыл, Алматы және Шығыс Қазақстан облысының Аягөзге дейінгі жері тағы сол Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Жетісу облысының құрамына кірді.

Әдетте тарихты жеңімпаздар жазады. Біз әуелі патшалық Ресейге, кейін коммунистік Мәскеуге тәуелді болдық. Сондықтан Кеңес Одағы тұсында біз ата тарихымызды Мәскеу рұқсат еткен пышақтың қырындай оқулықтан оқып, шындықтың ауылынан мүлде алыс басқыншылар жасаған тарихты тұтындық.

Көзін де, сауатын да осындай отаршылар жазған кітаптармен ашқандар еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда-ақ мінез көрсете бастады. Өңгімені орыс ұлтының рухани атасы болуға ұмтылған еврей тектес жазушы, Нобель сыйлығының лауреаты А.Солженицын бастады. Оны өз ішімізде батыста Во-долазов, шығыста Докучаева, солтүстікте Супрунюк сияқтылар қағып әкетіп, әп сәтте алаулатып-жалаулатып жіберді. Тіпті көбінесе алды-артына қарамай көпірте сөйлеуді ұнататын КСРО Президенті М.Горбачев те Қазақстанның солтүстік облыстарына қатысты көпе-көрінеу арандатушылық пиғылдағы пікірін айтып қалды.

Осы жағдайда АҚШ-тың аузымен құс тістеген сұңғыла саясаткері З.Бжезинский де Қазақстанның жақын болашақта ұлтаралық қақтығыстар арена-сына айналуы әбден мүмкін екендігі жөнінде сәуегейлік айта бастады. Оралда, Өскеменде, Петропавлда портупая тағынып, қылыш асынған кешегі отаршыл күштің ұрпақтары бой көтерді. Әрине, бүгін айтуға жеңіл, ал тоқсаныншы жылдарда Қазақстан басшылығының жаза басқан жалғыз әрекеті мен жаңылыс айтылған жалғыз ауыз сөзі бүкіл Қазақстанды ұлтаралық қақтығыс отына орауы әбден мүмкін еді. Назарбаев сол қиын түйінді кең пішілген көреген саясатпен шеше білді.

Әуелі «Борис патша» атанған Ельцинмен тіл табысты. Сол арқылы Кремльдің саясат сахнасындағы Қазақстанның жақтастарын көбейтті. Алғашқыда 1992 жылы Ресеймен достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды. Әр кездесу сайын шекара мәселесін де біржолата шешу керектігін күн тәртібіне қоя бастады. Осылайша 1998 жылы Ресей Президентімен бірлескен мәлімдеме қабылданса, сол жылдың 12 желтоқсанында тағы сол Б.Ельцинмен бірге мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі хаттамаға қол қойылды.

Бұдан кейінгі жұмыс дипломатиялық арналарда жалғасты. Тіпті ұзына бойы 7591 шақырым болатын шекараның барлық мәселесі пысықталды дегеннің өзінде оның екі бірдей бөлігі бойынша жаңа даудың шеті шықты.

Қазақстан Президентінің Ресей Федерациясына ресми сапары басталған күні сол баяғы В.Жириновский ескі дауды қайта қоздырды. Реті келгенде айта кеткен жөн: Жириновский – Ресейдегі көп депутаттың бірі емес, оның ең жоғарғы заң шығарушы органы, яғни Парламенті басшыларының бірі, атағынан ат үркетін ресми лауазым иесі. Екіншіден, былайғы жұртқа қалаймақан сөйлей беретін адам сияқты болғанымен, шынтуайтқа келгенде әр сөзін Кремль сағатымен салыстырып, билік басындағы белгілі топтың сойылын соға сөйлейтін адам. Сондықтан Ресей бұқаралық ақпарат құралдары жабылып Жириновскийдің сандырағын тарата бастағанда, біздер «Ғасыр шарты» деп айдар тағып жүрген келісім «жылдың ең сәтсіз құжатына» айнала жаздады.

Көптен күткен қол қойылатын сәт те жақындады. Мемлекетаралық келіс-сөзге қатысатын жоғары лауазымды қызмет иелері қаздай тұрғызылды. Елбасылар 10, 15, 20 минутқа кешікті. Қазақстандық делегация құрамындағы академик, сенатор Жабайхан Әбділдин ағамыз: «Апыр-ай, мыналар неге кешікті

екен. Сабақты инедей сәті түсіп-ақ тұрған келісім кейінге қалдырылмаса игі еді», – деп кәдімгідей қобалжи бастады.

Сөйткенде Александр залының алтын зерлі есігі айқара ашылып, қос Президент жарқ етіп шыға келді. Дәл сол күні «Ғасыр шарты» делініп тәуелсіз еліміздің саяси шежіресіне енген тарихи құжатқа қол қойылды.

Бұл мәселе бойынша Қазақстан Президентінің пікірін республика халқы жақсы есіне сақтаған болар, ал В.Путиннің мына бір сөздерін тағы бір келтіре кеткеннің артықтығы болмас: «Договор о границе очень важен для двух стран, так как знаменует собой начало партнерства – партнерства равноправного и взаимовыгодного, работающего на благо и во имя процветания двух братских народов. Именно Казахстан выступает главнейшим инициатором интеграционных процессов на постсоветском пространстве. Причем все предложения руководства республики носят конструктивный характер».

Міне, осындай сындарлы саясаттың арқасында Қазақстан-Ресей серіктестігі бар салада қарқынды дамып келеді.

Борис Ельцин, Владимир Путинмен басталған сенімді әріптестік Президент Дмитрий Анатольевич Медведев тұсында да ойдағыдай жалғасын тапты. Ресейдің жаңа басшысы Нұрсұлтан Әбішұлын кемеңгер басшы ретінде ғана емес, ақылман аға, тәлімгер ұстаз ретінде мойындайтынын әлденеше рет айтып қалды. Бұрындары тек ұлы халық, аға ұлт саналатын мемлекет басшысы тарапынан Нұрсұлтан Әбішұлы атына бағышталған мұндай баға Елбасының ғана емес, бүкіл ел мерейін арттыратын қошемет екендігіне кім таласар екен?!

Еуропа төрінде

Келер жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етеді. Бұл – Еуроодақ елдері түгел қосыла қолдаған, дауыс беріп, халықаралық құжаттармен бекітілген басы ашық, айқын, даусыз жетістік.

Қазақстанның қарқынды жетістіктеріне әбден құлағы үйренген ағайын: «Онда тұрған не бар?» деп ойлауы да әбден мүмкін. Егер Еуропадағы ең беделді ұйым төрағалығына бұған дейін сол Еуроодаққа әлдеқашан мүше болып, батыс елдерінің бел ортасында жүрген Балтық жағалауындағы елдердің әлі бірде-бірінің жетпегенін, тіпті әлемдегі ең қуатты державалардың бірі ғана емес, бірегейі саналатын Ресейдің де маңайлай қоймағанын ескерер болсаңыз, бұл – жас Қазақ елі үшін үлкен мәртебе. Егер бұған Қазақстанның шынтуайтқа келгенде еуропалықтан гөрі азиялық елдігін, батыстан гөрі шығыстық мемлекеттігін, христиандықтан гөрі мұсылмандығы басым екендігін ескерер болсаңыз, бұл құрметтің біз үшін қаншалықты маңызды екендігі одан әрі айқындала түседі.

Осындай үлкен мәртебе, зор құрмет Қазақстанға Нұрсұлтан Әбішұлының Еуропа елдері алдындағы ерекше беделі арқасында келді. Базбіреулер «Е, мұның бәрі Қазақстанның мұнайы мен газының арқасында болып жатқан

шығар» деп ойлауы да мүмкін. Бірақ көзі қарақты оқырманның есіне Еуропаға қазақтың мұнайы мен газының өзін қойып, исі де жетпегенін еске сала кеткеннің артықтығы бола қоймас.

Ақиқатын айтар болсақ, ел тәуелсіздігін алған елең-алаң жылдарда еуропалықтардың Қазақстан туралы хабары шамалы болатын. Міне, осы кезде өзгені де тану, өз елін де таныту үшін Елбасының Еуропа елдеріне ресми сапарлары басталды. Соның нәтижесінде олардың Қазақстанға қарымта сапарлары жиіледі. Өз басым 2004-2007 жылдарда Елбасының Германия, Франция, Ұлыбритания, Испания, Австрия, Швеция, Норвегия елдеріне жасаған сапарларының куәсі болдым. Осы сапарлардың бәрінде Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстанның мол мүмкіндіктерін Еуропа басшыларына сан қырынан жарқырата танытумен жүрді. Нәтижесінде Қазақстанға миллиардтаған инвестиция құйылды, ондаған, тіпті жүздеген осы заманғы бірлескен кәсіпорындар салынып, жаңа техника мен технология келді. Асырып айтқандық емес, Қазақстан біртіндеп үйренуші елден үйретуші елге айнала бастады. Осы орайда Елбасы сапарынан мына бір мысалды келтіре кеткеннің артықтығы бола қоймас.

Қазақстан Президенті 2006 жылдың 4 желтоқсаны күні Еурокомиссияның төрағасы Жозе Мануэл Баррозумен кездесті. Кездесуден тура бір жыл бұрын дәл сол күні Елбасы теңдессіз ашық жағдайда өткен бүкілхалықтық сайлауда айқын жеңіске жеткен болатын. Еуропа уақытымен тура талтүсте өткен сол кездесуге Нұрсұлтан Әбішұлы көтеріңкі көңіл-күймен келді. Кездесу барысында Ж.М.Баррозу Қазақстан Президенті өзінің 2005 жылғы Жолдауында тайға таңба басқандай анық атап көрсетіп, әлдеқашан шешіліп қойған кейбір саяси, демократиялық жаңару үрдістері туралы мәселе көтеріп, өзінің Қазақстанның шынайы жай-күйінен хабарсыздығын көрсетіп алды. Әдетте алды-арты кең қазақ Президенті бұл жолы шарт кетіп, бұл мәселелерді Қазақстанның ешкімнің ақыл-кеңесінсіз-ақ бұдан бір жарым жыл бұрын шешіп, тіпті әлемдік ақпарат көздері арқылы дүние жүзіне таратып та үлгергенін қатаң да қатқыл түрде жеткізді. Бұл Қазақстанның қай атаның ұлымен болса да тең дәрежеде сөйлесуге жеткендігінің айқын белгісі еді.

Назарбаевтың өзіне-өзі нық сенген позициясы әп-сәтте-ақ Баррозудың аптығын басты. Ол тіпті баспасөз өкілдерімен болған брифингте өзінің Назарбаевпен келесі кездесуіне бұдан да тыңғылықты дайындалатынын айтып, тіпті Қазақстанды өз көзімен көруге асығатынына дейін мәлімдеуге мәжбүр болды.

Сол жылдың қарашасында Елбасы Ұлыбританияға алтыншы рет ресми сапармен барды. Қазақстан басшысын әйгілі Букингем сарайында Екінші Елизавета патшайым қабылдап, ел Премьер-министрі Тони Блэрмен кездесу болды. Дәл осы кездесуден кейінгі брифингте ағылшын журналисі атышулы Борат туралы фильм мен Саша Барон Коэн туралы қитұрқы сұрақ қойды. Президент өзіне тән биязылықпен күліп тұрып:

– Қайда екен сол Борат? Қазақстан туралы теріс те болса осыншама жарнама жасаған адам өмірде бар болса сұрағын өзі неге қоймайды? – деп журналиске қайыра сауал тастады.

Сәл пауза жасаған соң ол фильмнің де, оның кейіпкерінің де Қазақстанға еш қатысы жоқтығын байыппен жеткізіп, қазақтар туралы шынайы білгісі келетіндерді, оның ішінде Саша Коэннің өзін қоса Қазақстанға шақырды.

Осылайша жүйелі сөз жүйесін тауып, қитұрқы сұрақ иесіне қайтты.

Биылғы жылы Қазақстанның Германиядағы жылы зор табыспен ашылды. Бір кездері Г.Коль, Г.Шредерлермен басталған әріптестік А.Меркель тұсында да лайықты жалғасын тапты.

Осы жылдың ақпанында Елбасы Германияға жасаған сапарында ел Президенті Х.Келер, аса көрнекті неміс саясаткері Х.Д.Геншермен кездесу өткізіп, Канцлер А.Меркель ханыммен кең отырып сұхбат құрды. Бір сағаттан астам уақытқа созылған осы сұхбатта неміс Канцлері Нұрсұлтан Әбішұлына Ресей мен Қытайдағы, Орталық Азиядағы саяси-экономикалық жағдай туралы алуан түрлі сұрақтар қойып, тәжірибелі саясаткерден талай тағылымды ұсыныстар алды және Нұрсұлтан Әбішұлының терең біліміне тәнті болып, қайта-қайта алғысын жаудырды.

Бүгін қазақ-неміс экономикалық байланыстары өте жоғары деңгейде дамып келеді. Тек өткен 2008 жылы екі ел арасында сауда айналымы 6 миллиард еуродан асып түсті. Нәтижесінде Қазақстанда 150-ден астам неміс компаниялары мен банкілері өз өкілеттіктерін ашып, 700-ге жуық бірлескен кәсіпорындар жұмыс істеуде.

Міне, Еуропа елдеріне арналған сапарлардан шығар қорытынды: кәрі құрлық әлдеқашан Қазақстанды мойындаған. Мойындап қана қоймай, миллиардтаған сомамен өлшенетін инвестицияларын салды. Елшіліктері мен өкілдіктерін ашты. Қазақстанның ел экономикасын өркендету мен демократиялық үрдістерді одан әрі дамыту жолындағы әр қадамына оң бағасын беріп, өзге елдерге үлгі-өнеге ретінде ұсынуда. Нәтижесінде Қазақстан Еуропа төріне шығып, келесі жылы ондағы ең беделді халықаралық ұйымға төрағалық ететін болды.

Америкамен әріптестік

Әлемнің түкпір-түкпіріндегі аздаған сауаты бар кез келген адамнан «Дүниедегі ең қуатты мемлекет қай ел?» деп сұрар болсаңыз, ешқайсысы ойланбастан-ақ «Америка» деп жауап берері анық. Әрине, Америка Құрама Штаттары.

Еліміз тәуелсіздік алғалы Елбасы АҚШ-қа алты рет ресми сапар шегіпті. Соның соңғысы 2006 жылдың қыркүйегінде өтті. Бұл шын мәніндегі тарихи сапар болды.

Дүниедегі кез келген мемлекет АҚШ-пен әріптес, одақтас болуды қалайды. Қазақстан да өз тәуелсіздігінің екінші аптасында-ақ АҚШ-пен дипломатиялық байланыс орнатып, арада 6 ай өтпей жатып Қазақстан басшысы бұл елге алғашқы сапарын жасады. 1992 жылдың мамырында өткен бұл сапарда Дж.Бушпен (әкесі), Мемлекеттік хатшы Дж.Бейкермен ресми кездесулер өтіп, екі ел арасында болашаққа негізделген достық, сенімділік, әріптестік қарым-

қатынастардың негізі қаланды. Әлемге белгілі «Шеврон» компаниясымен бірге «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын ашу туралы уағдаластыққа дәл осы жылы қол жеткізілді.

Екінші сапарда АҚШ пен Қазақстан арасындағы демократиялық әріптестік туралы Хартияға қол қойылды.

Үшінші сапарда Елбасы АҚШ-тың жаңа Президенті Билл Клинтонмен, вице-президент А.Гормен кездесіп, Каспий аймағындағы мұнай-газ кеніштерін бірлесіп игеру мәселесі келісілді. Дәл осы жолы Б.Клинтон Қазақстанды «АҚШ-тың Орталық Азиядағы басты стратегиялық әріптесі» ретінде бағалап, оның бұл пікірін америкалық ақпарат құралдары сол сәтінде дүниенің төрт бұрышына таратып үлгерді. Б.Клинтон Президенттік қызметтен кеткеннен кейін де Қазақстан мен оның басшысы туралы үнемі ерекше сыйластығын білдірумен болды және онысын Қазақстанға арнайы келгенде ел алдында зор ілтипатпен жеткізді.

Бұдан кейінгі сапарлар АҚШ-тың 43-ші Президенті Дж.Буштың (баласы) Президенттігі тұсында өтті.

Алтыншы сапардың әр сәті әлі күнге дейін менің көз алдымда.

Сапар Елбасының үлкен Бушқа сәлем беруінен басталды. Бұл өзі шығыс халқына тән үлкенді сыйлау, ата-анаға құрмет, екі ел арасындағы байланыстың төл басында тұрған кешегі әріптеске деген ыстық ықыласқа толы кездесу болды.

Үлкен Буш Елбасын Атлант мұхиты жағасындағы Кеннебункпорт атты шағын қаладағы Буштар әулетінің қара шаңырағында қабылдады.

Дипломатияда кездейсоқтықтың болмайтынын ескерсек, мұндай қабылдау Назарбаевқа деген ерекше құрмет пен шынайы достық, сыйластық қарым-қатынастың айқын көрінісі болды.

Үлкен Буштың Нұрсұлтан Әбішұлына деген пейілінің арнасынан асып төгілгені соншалық, ол құрметті қонағына төрін ғана ұсынып қоймай, қонып шығуын да қолқалады. Елбасы ежелгі әріптесінің шын пейілін қабыл алып, Буштар әулетінің қара шаңырағындағы кіші Буштың бөлмесіне қонып та шықты.

Үлкен Буш мұнымен де тоқтамай ертесінде жеке катерінің штурвалында өзі тұрып, Елбасын Атлант мұхитының көкбұйра толқынды айдынында да қыдыртты.

Елбасына осыншама құрмет көрсеткен адам іс басындағы Президенттің әкесі ғана емес, өзі де жарты ғасырдан астам әлемдік саясаттың ат жалында ойнаған қайраткер, 1981-1993 жылдары АҚШ-тың әуелі вице-президенті, кейін 41-ші Президенті болған әлем таныған тұлға екендігін ескерер болсақ, Нұрсұлтан Әбішұлының әлемдік саясатқа, тіпті адамзат дамуына ықпал еткен қайраткер алдындағы беделінің қаншалықты биік екендігі тағы бір қырынан жарқырай көрінеді деп білемін.

Ертеңінде тағы бір есте қаларлық оқиға болды. Үлкен Буш пен Президент Назарбаевтың Атлант мұхитындағы «саяхатын» америкалық папараццилердің бірі интернет арқылы таратып үлгеріпті. Осыдан хабардар болған шағын қаланың саясатқа үйірсек халқы Елбасы тоқтаған қонақ үйдің алдына жиналып, Қазақстан мен оның Президентіне қошемет-құрмет көрсетті. Сұрақтар

қойып, суретке түсуін өтінді. Қарапайым америкалықтардың мұндай ықыласын да Қазақ Президентінің әлемдік саясаттағы, әсіресе оның АҚШ-тағы ерекше танымалдығының белгісі деп қабылдадық.

Ертесінде Елбасы ұшағымен Вашингтонның әйгілі «Эндрюс» авиабазасына келіп қонған қазақстандық делегацияның қызу тірлігі басталып кетті.

Вашингтонға келген күннің таңертеңінде-ақ Елбасы АҚШ-тың қос министрі К.Гутиеррес пен С.Бодманды, ЦРУ директоры М.Хайденді, вице-президент Р.Чейниді, толып жатқан сенатор, конгрессмен, алпауыт компания басшыларын қабылдап, 29 қыркүйекте Дж.Буштың өзімен кездесті.

Осы бір тарихи сапардың әр сәтін кейін кең отырып жазудың сәті келер-ақ, ал бүгін ресми хабарламалардан қалтарыс қалған кейбір эпизодтарын еске түсіре кеткенді жөн көрдім.

Жоғары дәрежедегі кездесу екі ел басшысының бетпе-бет жүздесуінен басталатыны белгілі. Ал сол кездесудің мазмұны мен оның бүкіл ауан-ахуалы алғашқы сәттен-ақ айқындалып, ол бүкіл кездесуге, тіпті оның түпкі нәтижесіне де әсерін тигізді. Иә, дәл солай – үлкен саясатта ұсақ-түйек деген болмайды.

Нұрсұлтан Әбішұлы – әр кездесуге тыңғылықты дайындалатын адам. Ол бұл жолғы кездесуге де қапысыз әзірлікпен келді.

Америка президенттерінің әйгілі доғал кабинетінің есігі айқара ашылып, Дж.Буш қонағына қолын соза алғашқы қадамды жасады. Нұрсұлтан Әбішұлы амандықтан кейін салған жерден: «Мен кеше Сіздің қара шаңырақта қонақта болып, Сіздің төсегіңізде қонып шықтым», деді. Дж.Буш бұл сөзді өзіне ғана тән ақкөңіл, аңқылдақтықпен қабылдап, риясыз күлкімен қазақстандық әріптесіне достық құшағын ашты. Қос Президенттің бір-біріне шын ықыласпен күлісе қарап, төс қағысқан осы сәті ертесінде әлемдік ақпарат арналарын кезіп кетті.

Жабық есік жағдайында болса да өзара сенімділікке негізделген кездесудің ресми бөлігінен кейін Ақ үй басшысы Қазақстан Президентіне қонақасы берді. Қонақасы деген аты болмаса, бұл әлемдік саясаттың өзекті мәселелері талқыланған ресми кездесудің жалғасы іспеттес болды. Қонақасыға қатысқандардың бірі ретінде ескі жазбаларымды ақтара отырып, оның мемлекеттік құпиясы жоқ, бірақ Елбасының қайраткерлік қырларын аша түсетін кейбір сәттеріне тоқтала кеткенді жөн санадым.

Бір жарым сағатқа жуық созылған дастарқан басындағы әңгімеде көбірек білгісі келген Буш арагідік сұрақ қойып отырғаны болмаса, көбінесе тыңдаушының рөлін атқарды.

Әуелі Астана және ондағы халықтың саны туралы басталған әңгіме біртіндеп Қытай тақырыбына ауысты. Қазақстан басшысы Қытаймен әріптестік, олармен іскерлік байланыстың жай-күйі, Қытай экономикасының Қазақстанға салған инвестиция мөлшері, жаңадан салынған мұнай құбыры, көмірсутегін Қытай бағытында тасымалдау перспективасы, Аспан асты елінің экономикалық даму қарқыны туралы егжей-тегжейлі мағлұмат берді.

Бұдан кейін әңгіме Ресей төңірегінде өрбіді. Сол кезде Ресей басшылығы АҚШ-тан қаржыландырылатын бірқатар мемлекеттік емес ұйымдар жұмысын Ресей аумағында тоқтатып, Америка тарапына қатты-қатты пікір айтып, осы

дауды әлемдік ақпарат құралдары дуылдатып әкеткен болатын. Дж.Буш өз басы В.Путинді қолдаса да, бұл елде әлі демократияның жоқтығын, тіпті Ресейді кейінгі кездері әлдебір құпия қызмет өкілдері басқара бастағанын қызынып отырып айтты.

АҚШ Президентінің пікірін асқан сабырмен тыңдаған Нұрсұлтан Әбішұлы Ресейдің қазіргі геосаясаттағы рөлі мен оның бүгінгі басшылығы жүргізіп отырған саясат жайлы салмақты әңгімелер айта келіп:

– Путин – өте сенімді, уәдеге берік әріптес. Онымен тұрақты түрде жұмыс істеу керек. Сонда ғана екі арадағы түсінбестіктер өзінен-өзі жоғалатын болады, – деп ара ағайындық жасады.

Дәл осы әңгімеден тура бір апта өтпей жатып Ресей ақпарат құралдары Америка тарапының бастамасымен АҚШ пен Ресей президенттері арасында өзара сенімділікке негізделген телефон байланысы болғандығын хабарлап жатты. «Жақсыдан – шарапат» деген осы болса керек.

Дәл сол жолы АҚШ Президенті Өзбекстан мен оның Президенті И.Каримовтың атына да қатты сын айтты. Бұл жолы Нұрсұлтан Әбішұлы көрші мемлекет басшысы үшін арашаға түсіп, Қазақстан іргелес ел ретінде Өзбекстандағы тұрақтылық пен тыныштыққа мүдделі екендігін айтып, сондықтан АҚШ басшылығын бұл елдегі ішкі жағдайдың ерекшелігіне түсіністікпен қарауға шақырды. Шынын айтқанда, өз басым дәл осындай жағдайда Өзбекстан Президентінің Нұрсұлтан Әбішұлын қолдап сөйлейтініне үлкен күмән келтірсем де, қашанда достыққа, әріптестікке адал Назарбаевтың мәрттігіне ерекше риза болдым.

Сол жолғы әңгімеде АҚШ-тың ислам елдерімен байланысы жайлы тақырыпта да әңгіме өрбіді.

Осы тұста мына бір ақиқатты айта кеткен жөн. АҚШ президенттері әр заманда Америка саясаты мен тезисінде аса қуатты еврей лоббиінің ықпалында болып келді. 1973 жылы Израиль мен Египет, Сирия әскери қақтығысы кезінде еврей жағы ойсырай жеңіліп, Израиль мемлекетінің тарихта қалу-қалмау мәселесі күн тәртібінде тұрғанда, Голда Меир АҚШ-тан әскери көмек сұрайды. Сондағы өз шешімі туралы АҚШ-тың 37-ші Президенті Р.Никсон өз естелігінде: «Пошлите все самолеты, которые есть у нас. Пошлите все, что может летать», – приказал я. В итоге наши самолеты совершили в Израиль 550 вылетов, куда больше, чем в Берлин во время воздушного моста в 1948-49 годах. Благодаря нашим поставкам оружия Израиль одержал победу», – деп жазады (Никсон Р., На арене, М., 1992, 390-бет). Байқаған боларсыз, 6 күндік соғыс тағдыры еврей әскерінің ержүректігімен емес, әлемдегі ең қуатты әскери держава АҚШ қаруының күшімен шешілген. Дәл сол кезде әскери тілші ретінде Мысырда болған Е.Примаков өз кітабында ең болмағанда бір рет ұшуға мүмкіндік ала алмаған еңгезердей Египет ұшқыштарының жас баладай еңкілдеп жылағанын өз көзімен көргенін жазады. Ақ үйдегі сол әңгімеде Нұрсұлтан Әбішұлы ислам және мұсылман елдерімен байланыстың маңыздылығы туралы кең көсіліп, егжей-тегжейлі әңгіме қозғады. Әлемдік көмірсутегі қорының тең жарымынан үштен екісіне дейін ислам елдерінің еншісінде екендігін, олардың ішінде дамудың даңғыл жолына түскен, тіпті зайырлы

қоғам құрған Қазақстан, Түркия сияқты елдер тәжірибесінен мол мағлұмат берді. Араб-израиль қатынастары туралы да ұтымды ұсыныстар айтылды.

АҚШ Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының сабырлы, салмақты пікірлеріне дән ризалық танытып, мұсылман елдерімен ашық диалог орнатуда оған ара ағайын болуды ұсынды.

Ақиқатын айтқанда, кейде өз ішімізде Назарбаевты орысшыл, батысшыл деп жазғыратындар да табылады. Солардың ешқайсысы мұсылманның, түркінің мүддесін осындай биік мәртебелі кездесулерде қорғай алған емес. Нұрсұлтан Әбішұлы – әрдайым Батыс пен Шығыстың арасын жақындастыруға атсалысып келе жатқан ислам әлеміндегі мақтауға да, мақтануға да әбден жарайтын дара тұлға.

Бүгінде Қазақстанға ағылып келіп жатқан америкалық сенатор, конгресмен, әйгілі компания басшылары, кеше мен бүгіннің «аузымен құс тістеген» қайраткерлеріне қазақстандықтардың әлдеқашан көзі үйренген. Солардың бәрінде әр сапарында туған елінің туын биіктетіп, абыройын асқақтатып, айбынын асырып жүрген Тұңғыш Президенттің ұлан-ғайыр еңбегі бар. Бұл «Сүйер ұлық болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» деген Абай сөзінің ақиқаты болса керек.

Нұр шуағын шашқан

Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ күллі мұсылман қауымы көз тіккен қос киенің елі – Сауд Арабиясына сапар шекті. Мұсылмандық парызын өтеп, умра қажылығын жасады. Арафат тауына көтеріліп, Мұздалифа жазығына шықты. Мединеге келіп, ұлық пайғамбарымыздың мешітінде сәждеге жығылды.

Бүгінгі мұсылман дүниесіндегі ең беделді басшы Абдолла бен Абдел Азиз бен, бірқатар үкімет мүшелері, іскер топ өкілдерімен кездесулер өткізді. Солардың нәтижесінде Сауд ханзадалары өз қаражаттарына Астанадағы Сенат ғимаратын салуға қаржы бөлді.

Биылғы жылдың берекелі кездесулерінің бірі бізден әлдеқайда озып кеткен, Еуропа жұртын жыл сайын көркі көз тартар тамаша ғимараттардан тұратын ғажайып архитектуралық ансамбльдерімен таңдандырып келе жатқан Біріккен Араб Әмірліктерінде болды.

Кезінде осы әмірліктің негізін қалап, оның өсіп-өркендеуіне жарқын жол ашқан шейх Заид Бен Сұлтан дүние салғанда Қазақ елінің басшысы келіп көңіл айтқан. Ханзадалар ішінен әмір тағына отырған арабтардың жаңа буын басшыларының өкілі шейх Халиф бен Заид Нұрсұлтан Әбішұлын патшаға лайық құрметпен қарсы алып, өз елінің ең ұлық наградасымен марапаттады. Інілік ізетпен күтіп алып, Қазақстан тарапының барлық ұсынысын қабылдады. Нәтижесінде биылғы жылдан бастап Астанада жалпы құны 1 миллиард доллардан асатын «Абу Даби Плаза» атты бірегей архитектуралық құрылыс кешені салынатын болады.

Жалпы араб дүниесінің Жарық Сұлтанына деген құрметі ерекше. Сауд Арабиясы Сенат ғимаратын, Кувейт басшылығы Астана әкімшілігін, Оман сұлтанаты Салтанат сарайын, Катар әмірі Астананың алтын күмбезді орталық мешітін сыйлады. Денсаулық сақтау, білім беру мекемелерін салу мен оларды жабдықтауға келіп жатқан көмекте есеп жоқ. Соның бәрі – Нұрсұлтан Әбішұлына араб елдері басшылары жасаған сый-құрметтің белгісі.

Биылғы жылы сыртқа көп шыға бермейтін Иран Президенті М.Ахмединежад Қазақстанға ресми сапармен келді. Бұдан ілгеріректе Малайзия королі, әріректе Индонезия басшысы Қазақстанға арнайы ат басын бұрды. Дүниедегі ең бай адамдардың бірі Бруней әмірі Сұлтан Болкиах та Назарбаевты өз елінде қарсы алып, ерекше қошемет көрсетті. Мұсылман елдерінде Қазақстан Президентінің қашанда жүзі жарқын, мерейі үстем.

Елбасы 2006 жылдың қарашасында Иорданияға сапар шекті. Екі елдің мемлекеттік протоколы мақұлдаған тәртіп бойынша Нұрсұлтан Әбішұлының король Абдалла Екіншімен кездесуі ертесінде Патша резиденциясында өтетін болып жоспарланған.

Президент ұшағы Амман әуежайына кешкілік келіп қонды. Ұшақ трапына Нұрсұлтан Әбішұлын қарсы алуға корольдің өзі келді. Егер Абдалла Екіншінің король ғана емес, екі миллиардқа жуық мұсылман әлемі мойындаған қасиетті пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайс-саламның тікелей ұрпағы екендігін, сол себепті ислам дүниесіндегі аса ірі мәселенің бірде-бірінің Иорданиясыз шешілмейтінін ескерер болсақ, Қазақстан басшысына бұдан артық қандай құрмет болуы мүмкін.

Король Абдалла Екінші қарсы алумен ғана шектелген жоқ, Елбасы жайғасқан автокөліктің рүліне өзі отырып, оны әуежайдан 50 шақырым жердегі резиденциясына өзі алып барды. Дәл осы оқиғаны Иорданияны былай қойып, бүкіл араб басылымдары таңдана да тамсана жазды.

Осман атамыз құрған империя дәуірлеп тұрғанда күллі мұсылман әлемінің үштен екісіне бес ғасыр бойы әмірін жүргізген түрік бауырларымыздың басшыларының да Нұрсұлтан Әбішұлына деген ықыласы ерекше болды. Елбасының қазақ-түрік достығына даңғыл жол салған марқұм Тұрғыт Өзалмен, түрік саяси сахнасында елу жыл жарқылдаған Сүлеймен Демирельмен достығын айтып тауысу қиын. Премьер орынтағына отырысымен шет елге жасаған тұңғыш сапарын жүрегіне иман ұялаған түрік елінің жас арыстаны Р.Ердоғанның, Түркияның қазіргі Президенті Абдолла Гүлдің Қазақстаннан бастауын да осы дәстүрдің жарасты жалғастығы деп ұқтық. Қазақстан Президентінің ұшағы әуе кеңістігіне кірісімен-ақ жеке әскери ұшақпен қарсы алып, шығарып салатын түрік бауырлардың Қазақстанға деген ықыласы ерекше. Астанадағы әрбір екінші ғимаратты түрік бауырлардың «Оқан», «Финтрако», «Жейлан», «Айсел» сияқты әйгілі құрылыс фирмалары салуда. Мұның бәрі қазақ-түрік достығының сөзбен емес, іспен дәлелденіп келе жатқанының белгісі.

Өз басым бауырлас Әзірбайжан елінің жас басшысы Ильхам Алиевтің Елбасымен талай кездесуінің куәсі болдым. Ол әкесі Гейдар Алиевтің үнемі

Нұрсұлтан Әбішұлын үлгі етіп, болашақта Қазақстан Президентіне қарап бой түзеу керектігін өсиет еткендігін бір емес, бірнеше рет ықыластана жеткізді.

Осы тұста Елбасының ерекше адамгершілік қасиетін де атап өткім келеді. Сол Гейдар Алиев, Сапармұрат Ниязов дүние салғанда көзі тірісінде талай мақтаған түркі елдерінің бірде-бір басшысы кешегі әріптесіне топырақ салуға жараған емес. Арнайы барып көңіл айтып, соңғы сапарға шығару рәсіміне қатысқан жалғыз Қазақстан Президенті болды. Бұл – Елбасының ерекше адамгершіл тұлға екендігінің тағы бір айқын дәлелі.

Иә, кешегі демей-ақ қояйын, бүгінгі түркі-мұсылман қауымында Қазақстанның да, оның басшысының да абыройы күн сайып артып келеді. Құмда кіре тартудан аса алмаған бәдеуи арабтар елін гүлжазира өлкеге айналдырған Сауд Арабиясының патшасы Ибн Сауд, Осман бабамыздың кезінде жарты әлемді билеген түрік жұрты ұлтарақтай жерге ұйлығып қалғанда бауырлас елді тығырықтан алып шыққан өз бабамыз Ататүрік, жұрт не десе о десін, әлемдегі ең көп санды мұсылман елін отыз жыл басқарған Сухарто, су жағалап, бақашаян аулап тірлік еткен елін қатарға қосқан малай бауырлардың Махатхирі – иә, бұлардың бәрінің өз еліне ғана емес, түркі-мұсылман дүниесіне сіңірген еңбегі ерен-ақ. Оны біз де жоққа шығармаймыз. Бірақ олардың бәрі болған, өткен, кеткен. Олардың сол елдердегі бүгінгі ізбасарлары туралы әңгімеге келгенде бізді қойып, өздері күмілжіп, кібіртіктей береді. Солармен терезесі тең Қазақ Президенті қазір де ат үстінде. Оның түркі-мұсылман елдеріндегі беделі уақыт өткен сайын биіктеп, абыройы асқақтап келеді.

Соның айқын айғағы – Қазақстанның Ислам елдері конференциясы (ОИК) атты күллі мұсылман мемлекеттерінің басын қосатын беделді халықаралық ұйымға 2011 жылы төрағалық етуі. «Сындарлы он жыл» атты кітабында: «енді ислам тарапынан болатын мифтік қауіп-қатер туралы емес, исламның өзін нақтылы қорғаудың қажеттігін сөз ететін кез келді» деп мүбәрәк дінімізді ғайбаттан айбаттана қорғаған Нұрсұлтан Назарбаев бүгінде түркі-мұсылман жұртының таңдаулы лидеріне айналды.

ТҮЙІН

Сонымен тоқсан ауыз сөзден қандай түйін түюге болады?

Біріншіден, Қазақстан, ең алдымен, әлемдегі ең алпауыт ел Америка Құрама Штаттарымен кең көлемдегі байланыс орнатты. АҚШ Қазақстанды Орталық Азиядағы адал әріптес ретінде бағалап, оның болашағына нық сеніммен қарайды және оның ұстанған жолын өзгелерге өнеге ретінде ұсынады.

Екіншіден, Еуропа елдері күн сайын қарқынға қарқын қосып, екпінді даму жолына түскен Қазақстанға зор қызығушылықпен қарайды және оның демократиялық, азаматтық қоғам орнату жөніндегі әр бастамасына қолдау көрсетіп, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының төрағалығын ұсынды.

Үшіншіден, әлемдегі ең алып мемлекет – Қытай Қазақстанмен тату көршілік, достық байланыс орнатты. Екі ел арасындағы шекара мәселесі біржолата шешілді. Сондықтан қос мемлекеттің сауда-экономикалық, қауіпсіздік пен

қорғаныс және іскерлік байланыстар саласындағы барлық қатынастары күн өткен сайын өсіп, өркендеп келеді.

Төртіншіден, Ресей Қазақстанды тең дәрежелі, тату көрші ретінде таныды. Екі ел арасында шекара мәселесі «Ғасыр шартымен» рәсімделіп, түпкілікті түрде шешілді. Ресей Қазақстанды экономикалық реформалар бойынша ТМД елдерінің топжарғаны ретінде мойындап, оның тәжірибесінен үйренуге мүдделі екендігін мойындады.

Бесіншіден, түркі-мұсылман мемлекеттері Қазақстанды ислам уммасының қиыр солтүстігінде мұсылман мемлекеті (Қазақстан халқының басым көпшілігі мұсылман екендігі баршаға мәлім ақиқат) ретінде ғана емес, дамудың даңғыл жолына түскен, болашағы зор, түбінде түркі-мұсылман әлемінің тірегі болатын ел ретінде қабылдады және онымен іскер әріптестік пен шынайы достық қатынас орнатты.

Бұдан шығар қорытынды, АҚШ, Еуроодақ елдері, Қытай, Ресей, түркі-мұсылман жұрты мен ТМД елдері тұтасымен мойындаған, мойындап қана қоймай ел дамуына 135 миллиард доллардан астам инвестиция салған Қазақстанның ертеңі қазіргіден де айқын, бүгінгіден де жарқын.

Бүгін қазақтың даласы бусанып, тауы асқақтап, теңізі тербеліп, дариясы тасып, орманы сыңсып, көңілі күй тартып тұр.

Ер қазақтың жас ұрпағы Сарыарқа төрінде болашақтың астанасын жарқыратып, жайната түсуде. Ендеше, бұл заман – Нұрсұлтан Назарбаевтай «серілігі мен бөрілігі» қатар жарасқан, Сарыарқаның салқын белінен Еуропа төріне шыққан ер қазақтың нар заманы! Әрдайым бар болайық, сол нар заманға сай болайық, ағайын!

«Егемен Қазақстан», 2009 жылғы 10 шілде

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты

МАҚТАН ҚАЗАҚ

Қолыма қалам алып, кәдімгідей жұрт таныған мерзімді басылым беттерінде материалдарым жариялана бастағанына қырық жылдан асып барады екен. Осы уақыт ішінде оқырмандарды өмірдің алғы шебінде жүрген, қоғамда ойып алар орны бар, өз саласындағы қолтаңбасы айшықты көптеген тамаша адамдармен, олардың тартымды да тағылымды тағдырымен таныстырыппын. Шыны сол, солардың бәрі бірдей күні бүгінгідей көз алдымда, ешқайсысын ұмытқан жоқпын. Олар да мені таниды, кездесе қалсақ, бейнебір туысын көргендей жылыұшырап жатады. Өткен жылдың күзінде Солтүстік Қазақстан облысындағы Ақтас ауылында жаңа орта мектептің ашылуына арналған салтанат болды. Осы тойға белгілі ғалым, Мемлекет тарихы институтының директоры Бүркіт Аяғанның шақыруымен мен де бардым.

Халықтың қуанышында шек жоқ, той өте жақсы өтті. Кезінде қоралап қой өргізген, еңісінде егіні жайқалған Ақтас нарыққа да тез икемделіп алса керек, әйтеуір, тұрғындарының көңілдері мәрт, жүздері шат. Міне, осы сапарда бір емес, төрт бірдей кейіпкерім алдымнан шықты. Бір кездері комсомол-жастар бригадасының құрамында еңбек көрігін қыздырып, өз замандастары арасында көш бастаған шопан қыздар Гүлнәр Төлебаева мен Әйбат Кәкенова, әке жолын жалғастырып, «темір тұлпардың» құлағында ойнаған Майра Тәттібаева қалың топтың арасынан көзіме оттай басылды. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің 1984 жылғы 5 қазандағы санында жарияланған «Жігер» деген очеркімнің кейіпкері – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көптеген ордендер мен медальдардың иегері, механизатор Орал Тәттібаевпен де көп әңгімелестік. Жасы сексенге таяп қалса да Орекең әлі тың екен.

Жадымда жатталып қалған осындай кездесулер аз емес. Кейде қызығынан шыжығы, зейнетінен бейнеті басым түсіп жататын журналистік қызметтің қара қазанында қайнай жүріп Елбасымыз, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтан да бір емес, бірнеше рет сұхбат алғанымды мақтаныш етемін.

Нұрсұлтан Әбішұлы Кеңес одағы кезінде республика Үкіметін басқарып тұрғанда Петропавлға жиі келетін. Ол кісінің біздің өңірден Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланғаны есімде. Ол кезде біз жас болдық, маңызы ерекше оқиғаларды жазу алдымыздағы кілең «сен тұр, мен атайын» деуге мүмкіндігі бар ағаларымыздан қалмайтын. Бәрі өткен ғасырдың 90-жылдарының басында өзгерді: кеңестік биліктің быт-шыты шықты, бұрынғы одақ құрамындағы республикалар бірінен соң бірі егемендік алып жатты. Нақ сол кезде Қазақстан да өзінің тәуелсіздігін жариялап, ел тізгінін Н.Ә. Назарбаевқа сеніп тапсырды.

Бұл ел адамдарының әлеуметтік күйзелісі мен бейжайлығы, психологиялық шиеленісі тәрізді әлеуметтік дерттердің сынағына түскен күрделі кезең еді. Президенттің өзі «Қазақстан жолы» деп аталатын еңбегінде: «Біз «талмау күйдің» өліара жағдайы соншалықты тұрақсыз және екіжақты болатынын, кез келген кешігу мен теріс шешім қабылдаудың зардабы «өліммен аяқталатынын» түсіндік», деп жазғандай, кінәліні іздеп жатпай-ақ қоян-қолтық жұмыс істеу, қоғам ауыртпалықты қаншалықты қабылдайтынына көз жеткізе отырып, қолда бар күштерді ширықтыру қажет болды. Елбасы сол бір аумалы-төкпелі кезеңде осы ойды көңіліне түйіп, өңірлерді аралады, күн-түн демей халықпен кездесті, оларға қалыптасып отырған жағдайды түсіндірді, қиындықтарды жеңу жолдарын ұсынды. Осы ретте Нұрсұлтан Әбішұлы журналистер қауымынан да көмек, қолдау күткені сөзсіз. Олай дейтінім, Президент болып сайланғаннан кейін Петропавлға алғаш рет ат басын тірегенде, әуежай басында алдынан шығып, сұрақ қою ниеттерін білдірген журналистерді қасына ергендердің «әңгіме кейін болады» дегеніне қарамай, мәртебелі меймандарға арналған бөлмеге бастай жөнелгені есімде. Сол арада бір сағатқа жуық бөгеліп, көптеген сұрақтарға жауап берді. Маған, әсіресе, Елбасының «Ескінің соңы – әрқашан жаңа бір дүниенің бастауы. Біз ел боламыз десек, даму туралы, алға басу туралы әңгіме қозғауымыз керек» деген сөздері көп ой салды.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Президент Петропавлға тағы соқты. Бұл жолы да біраз кәсіпорындарда, шаруашылықтарда болды, ел тұрмысын өз көзімен көріп, жағдайға қанықты. Мен ол кезде Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясында қызмет істеуші едім, Елбасының аузынан шыққан әр сөзді қалт жібермей халыққа жеткізсек деген ниетпен уақытпен санаспай зыр жүгірдік. Екі күндік сапар аяқталуға таяп қалды. Сапар кестесіне сәйкес Елбасы Петропавл ауыр машина жасау зауытында болғаннан кейін облыс активімен кездеседі, сосын іле Астанаға аттанады. Ол кезде жұрттың бәрі орысша сөйлейді, қазақ тілін керек қылып жатқан ешкім жоқ. Осы бір жай көңіліме орала берді де, оңтайы келгенде сол кезде Президенттің баспасөз хатшысы міндетін атқарып жүрген, қазір белгілі дипломат Нұрлан Дәненовке Нұрсұлтан Әбішұлы қазақ көрермендері мен тыңдармандарына бір ауыз сөз айтпас па екен деген тілегімді білдірген едім. Нұрлан Жұмағалиұлы тыңдады да, не иә, не жоқ деп жауап қатқан жоқ.

Кешікпей актив жиналысы басталып кетті. Нұрсұлтан Әбішұлы алда тұрған міндеттер туралы қадау-қадау әңгіме қозғады. Жұрттың бәрі ұйып тыңдап отыр. Бір кезде біреу мені иығымнан түрткендей болды. Облыстық әкімдіктің баспасөз жөніндегі қызметкері Галина Райш екен, ақырын маған «Н.Дәненовке жолығыңызшы, сізге бірдеңе айтпақ», – деді. Дәненов: «Операторыңызды алып тезірек әуежайға жетіңіз, сол арада Президент сізге сұхбат береді», – деді. Сенерімді де, сенбесімді де білмей қалдым. Оператор Серік Майлин екеуміз әуежайға беттеп келеміз. Қатты қобалжи бастадым, «Президентке қандай сұрақ қоюым керек?» «Басқалар қайда, бізге ғана сұхбат бере ме екен?» деп Секең де күдігімді молайта түседі. Осылай ойымыз әр саққа жүгіріп, әуежайға да жеттік-ау. Келсек, Президенттің ұшағын от алдырып қойыпты.

Соған қарағанда әуежай басында көп бөгелмейтін сияқты. Сөйткенше болған жоқ, Президенттің кортежі де келіп жетті. Еріп келгендер абыр-сабыр, жүгіріп жүр. Жаутаң-жаутаң етіп біз тұрмыз. Президент ұшаққа беттеп келе жатыр, қасымыздан өте шығатын секілді. Жоқ, бізбен қатарласа бере сәл бөгелді. Сол-ақ екен баспасөз хатшысы «тез мұнда келіңдер» дегендей белгі берді. Құстай ұшып жеттік. Сәлемімізді алғаннан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы: «Ал сұрағыңды қоя бер», – деді.

Ол бір күпті көңілде «Қайда келдік?», «Қайда барамыз?», Кім боламыз?» деген сансыз сауалдар сапырылысқан кез еді ғой. Елбасынан осы жайында сұрадым.

– Тәуелсіз ел болдық, бабаларымыздың сан ғасырлық арманы жүзеге асты деп жүрегіміз жарыла қуанып жатырмыз. Мұның өзі бүгінгі ұрпаққа – біздерге зор жауапкершілік жүктейді, – деп бастады әңгімесін Нұрсұлтан Әбішұлы. – Ол жауапкершілік неден туындайды десеңіз, әлемнің бірде-бір елі қалыптасу кезеңінде дағдарыс құбылыстарын орап өте алмаған. Мұның алдымен экономикаға қатысы бар. Мен Петропавлдың ірі өндіріс орындарында, шаруашылықтарында болдым, осы салалармен біте қайнасып келе жатқан басшылармен, мамандармен әңгімелестім. Нарықтың салқыны байқалады. Ал алдағы уақытта ол одан әрі тереңдей түседі, дағдарысқа ұласуы ғажап емес. Сондықтан халыққа айтарым, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, іске жұмылайық, қиындықтарға бірге қарсы тұрайық. Жоспарлы-әкімшілік экономика, одақтық өндірістік тізбектер мен экономикалық байланыстар үзілген жағдайда бізге өз жолымызды іздеуге тура келеді. Бұл кезең – еліміз үшін, халқымыз үшін үлкен сын. Сондықтан белді бекем буып, белгісіз болашаққа батыл қадам жасайық.

Шынымды айтсам, Президенттен мұндай сөздерді күткен жоқ едім. Экономикалық күйзелістердің шытырман бұғауына іліккен, тығырыққа тірелген елді жұбататын, алда тұрған міндеттерге тоқталып, үйіп-төгіп уәде беретін шығар деп ойлағам. Жоқ, Елбасы қазақстандықтарға алда бұдан да тосын жайлар күтіп тұрғанын ескертті, халықтың жігерін жанып, қайрай түскен сияқты. Кейін көзіміз сан мәрте жеткеніндей, жаңа дәуір, біз күтпеген жаңа өзгерістер иірімі шынында да күшті болып шықты. Сол кезде елге тарихтың күресінінде қалатындай қауіп төнгенін сезбеген де екенбіз. Бағымызға қарай Елбасы сол бір сын сағатта көрегендік танытып, жүргізіліп жатқан түбірлі өзгерістердің мәнін ой елегінен өткізіп, одан кейінгі даму үрдістерін алдын-ала көре білді, ондаған миллион адамдардың мүддесіне сай келетін неғұрлым тиімді қайта құру стратегиясын ұсынды, оны неғұрлым қысқа мерзімде жүзеге асыру міндетін қойды. «Айқын мақсатсыз адам да, билік жүргізуші құрылым да, қоғам да өмір сүре алмайды. Саналы мұратсыз, асқақ армансыз өмір сүретін адамдарды ұсақ, тоғышарлық мүдде, жеке бастың бір сәттік материалдық пайдасын ойлау стихиясы сөзсіз арбап алады. Сөйтіп, соның салдарынан қоғамдық азғындау басталады. Бүгінде біздің қоғамымыздың бағытын көруге, оқиғаны болжап білуге, түпкі мақсатқа қол жеткізуге әркімнің сенімді болуына мүмкіндік

беретін Қазақстан қоғамы дамуының айқын да нақты тұжырымдамасы, міне, сондықтан да қажет» («Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», 1992 ж.).

Осы тарихи құжатқа алтын арқау болып өрілген Президенттің ақыл-ойы елімізді қысқа мерзімде дамудың даңғыл жолына алып шыққанына ешкімнің дауы жоқ. Бұл – әлем мойындаған шындық. Осы ретте бірқатар шетел са- рапшыларының пікірлеріне назар аударалық.

АҚШ конгресмені Крис Кэннон: «Мен жас Қазақстанның дамуын үлкен ықы- лас қоя қадағалап жүрмін, 1991 жылы бұрынғы Кеңес одағынан тәуелсіздік ал- ған сәтінен бастап, бұл ел таңғаларлық саяси және экономикалық жаңғырулар- ды басынан кешірді. Қазақстан қарыштап алға басып келеді, әрі дұрыс бағыт- та келе жатыр. Қазақстан қалыптасты, бұған оның басшысы Н.Назарбаевтың сіңірген еңбегі үлкен. Мен Қазақстан табыстарының сәулетшісі Президент Н.Назарбаевтың саяси көрегендігін жоғары бағалаймын, ол айтылып жатқан сынға қарамастан, елін қуатты экономикалық мемлекеттердің қатарына қосып, бұрынғыдан да ауқымды саяси реформаларға кірісті».

Франция сенаторы Франсуа Трюси: «Қазақстан басшысының өңірдегі биік беделі – табиғи нәрсе. Президент Н.Назарбаевтың елді жан-жақты дамыту- ға және оны халықаралық қоғамдастыққа дәйекті кіріктіруге бағытталған сан қырлы саясаты – мұның жарқын көрінісі».

Осылай Елбасымыз туралы әлем қайраткерлерінің пікірлерін тізе берсек, тұлғасы тіпті биіктей түседі.

2005 жылдың ақпанында Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республи- касы Парламентінің қос палатасының бірлескен отырысында өзінің халық- қа кезекті Жолдауын жария етті. Бұл оныншы Жолдау еді. Қазақстандықтар Жолдауды зор шабытпен қарсы алды. Мен де қойын кітапшама Жолдаудан алған әсерлерімді түртіп қойыппын. Кешікпей осы әсерлерге негізделген ша- ғын мақалам «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды.

Жолдау жарияланғаннан кейін Елбасы өзінің аймақтарға алғашқы сапа- рын Солтүстік Қазақстан облысынан бастады. Бұл жолы да бірнеше кәсіп- орында болды, облыстық драма театрында өткен актив жиналысынан кейін облыстық «Солтүстік Қазақстан» және «Северный Казахстан» газеттеріне сұхбат берді. Әріптесім Николай Дроздецкий екеуміз әңгімені неден бастай- мыз деген сауалдың төңірегінде көп ойландық, көп толғандық. Ақыры, 90- жылдардың басындағы жағдайды бір жаңғыртуға ұйғардық.

Президент біздің сауалымызға көп ойланбастан былай деді: «Өткенді ойға оралтқанда уақыт көзді ашып-жұмғанша өте шықты және есте қалмағандай деп жиі айту әдетіміз. Мұндай сөзді тек бейғам адамдар ғана айта алады. Біз, қазақстандықтар, олай дей алмаймыз. Себебі, біз өзіміздің барлық жетіс- тіктерімізді үлкенін де, кішісін де білеміз әрі жадымызда. Бүгінгі таңда бүкіл әлемнің назарын өзіне аударып отырған жетістіктеріміз жасампаздық еңбек- пен және көнбістігімізбен, біліммен, мақсаткерлігімізбен, ерік-жігермен және топтасқандығымызбен қолымызға тиіп отыр».

Мұндай мүмкіндіктің бола бермейтінін түсініп, кезек-кезек сұрақ қойдық. Солардың бірде-біреуі Президенттің назарынан тыс қалған жоқ. Ертеңіне осы көлемді сұхбат «Еліміз өңірлерімен гүлденеді» деген тақырыппен облыстық газеттердің 1-2 беттерінде жарияланды.

2005 жылдың тарихи оқиғаларға толы болғаны белгілі. Солардың ішіндегі ең маңыздысы 4 желтоқсанда өтетін Президент сайлауы еді. Сайлауға дайындық Солтүстік Қазақстан облысында да тұрғындардың белсенділігі жағдайында өтті. Бұл науқаннан мен де шет қалған жоқпын, Нұрсұлтан Әбішұлының кандидатурасын қолдаушылардың қатарында сайлаушылар арасында жиі болып, үгіт-насихат жұмыстарына өз үлесімді қостым. Сондай бір кездесу есте қалыпты. 4 қараша күні Теміржолшылардың мәдениет сарайында өткен бас қосуға халық көп жиналды. Шешендер мінбеге бірінен соң бірі көтеріліп жатыр, кезек маған да келді. 4 желтоқсан күні өзіміз үшін де, еліміз үшін де аса маңызды таңдау жасайтынымызды, сайлауға халқымыздың таралғылы тартулармен келіп отырғанын, күні кеше ғана тәуелсіздіктің тәуекелге толы жолын таңдап, нарыққа енгенде жұртпен бірге етекте тұрсақ, бүгін, міне, еңсеміз тіктеліп, дамыған елдердің өздерімен иық тірестіре алатын деңгейге көтерілгенімізді айттым. Осының бәрі Қазақстан деген алып елдің тізгінін нық ұстап келе жатқан дара тұлға Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасы, ол жүргізіп отырған сан қырлы сындарлы саясаттың жемісі дей келіп, сол кездегі Ресей президенті Владимир Путиннің көкейіме қонып қалған «Атқарылған істің бәрі көзге көрінбейді, жеңіл жасалғандай болуы мүмкін. Алайда бәрін басынан бастап, Қазақстанды бүгінгідей даму деңгейіне жеткізудің орасан зор міндетін орындау оңай жұмыс еместігі анық. Ал Назарбаев болса, бұл міндетті тамаша атқаруда» деген сөздерін келтірдім. Өркениет көшіне ілескен Қазақстан қол жеткеннің бәрін баянды ете отырып, жаңа биіктерге көтерілуге тиіс. Осы ретте біз өз үмітімізді қазіргі Елбасымызбен байланыстырсақ, қателеспейміз дедім, жерлестерімізді дұрыс таңдау жасауға шақырдым.

Халық өз таңдауын жасады. Нұрсұлтан Назарбаев қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, жаңа мерзімге Президент болып сайланды. Бұл – баршаға ортақ қуаныш еді, 5 желтоқсанда Елбасының жақтастары қаладағы ең үлкен спорт кешеніне жиналып, бір-бірімізді құттықтадық. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық бөлімшесінің төрағасы ретінде маған да сөз тиді. Алдымен жиналған халыққа ел үміті ақталып, жасампаздық пен тұрақтылықтың сақталып қалғанына қуанышымды жеткіздім. Мұндайда, мыңдаған адамдардың алдында қағазға үңіліп тұрмайсың ғой, осы арада сол салтанат үстінде Алла тағала аузыма салған бір-екі ауыз сөзді келтіре кетсем, артық болмас. «Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа мерзімге Президент болып сайлануы – тарихтың нағыз жұлдызды сәті. Бұл он төрт жылдан бері тәуелсіз ел ретінде қарыштап дамып келе жатқан Қазақстан алдағы кезеңде де ұстанған бағытынан айнымайды, ұлтаралық келісімді, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтай отырып, тек қана алға баса береді деген сөз.

Біздің Президентіміз жеңді. Сөйтіп, өзіне сенген халқының үмітін ақтап, абыройын асқақтатты. Ал халқы болса, Елбасымен бірге екенін айғақтап, Қазақстанның іргесі берік ел екенін бүкіл әлемге паш етті.

Президентіміздің сайлаудағы жеңісі бұл сындарлы саясаттың жеңісі, халық үшін жүзеге асырылған нақты істердің жемісі».

Қай заманда да кенен ойымен, кемел ұмтылысымен, дарқан даналығымен халқын, елін ғасырлар төріне өрлеткен ұлы тұлғалар болады. Ұлтымыздың ұлыларының небір асыл қасиеттерін бойына жинақтаған Нұрсұлтан Назарбаев – нақ сондай дара тұлға. Бүгінде бүкіл әлем ол кісінің кемеңгерлігіне, алыс болашақты болжай алатын көрегендігіне, ұлы істеріне, ғажайып қасиеттеріне тәнті. Оған Қазақстан Республикасы Президентінің Қытайға сапары кезінде жүргізген келіссөздер барысында күншығыс жақ беттегі алып көршіміздің басшысы Ху Цзиньтао айтқан мына бір сөздер де дәлел бола алады: «Біз сіздермен ынтымақтаса жұмыс істеуге әзірміз. Біздің ұмтылысымыз халқымыздың қалауына сай, стратегиялық әріптестігіміздің болашағы зор. Нұрсұлтан Назарбаев – Қытай халқының үлкен досы, біз оның тыңнан төте жол табар көрегендігін, батылдығын, жаңашылдығын, алға қойған мақсаттарға жету жолындағы ерік-жігерін, халықаралық беделін жоғары бағалаймыз».

Осы сапарда Елбасына үзеңгілес болу бақытына бөленген біз мемлекеттер басшыларының әр сөзін қалт жібермей тыңдадық. Талқыға ұсынған мәселелер аз емес еді. Солардың бәрі шешімін тапты. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтері арасындағы энергетика және несиелеу саласындағы кешенді ынтымақтастық туралы, ауыл шаруашылығы министрліктері арасындағы өзара түсіністік туралы, екі елдің көлік және коммуникация министрліктері арасындағы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізін құру туралы меморандумдарға, басқа да екі тарап үшін де аса маңызды көптеген хаттамалар мен келісімдерге қол қойылды. Анығы сол, көптеген мәселелер мемлекеттер басшылары отырған келіссөз үстелі басында шешілді. Қазақ елі басшысының әлемдік дағдарысты еңсеру жөніндегі ойларын ұйып тыңдаған Ху Цзиньтао да, Халық өкілдері бүкілқытайлық жиналысының төрағасы У Банго да Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық әріптестігінің болашағы зор екенін сан мәрте дәттеп, Қазақстанды инвестиция құюға неғұрлым тартымды да сенімді ел деп білетіндерін мәлімдеген.

Екі ел басшыларының арасындағы әңгіме Нұрсұлтан Әбішұлының құрметіне берілген қонақасы үстінде де бір үзілген жоқ. Өзара түсіністік, сыйластық, Мемлекетіміздің басшысына деген айрықша құрмет бәрімізді толқытты. Елбасы өзі тоқтаған мемлекеттік резиденцияға оралғаннан кейін жасанды көлдің жағасында біраз ойға шомып тұрды. Сәлден соң «Ертең Хайнаньға жүремін, онда Боао-Азия форумы өтеді, бірінші болып сөз сөйлеймін, – деді. – Қытайдың данышпаны Конфуций: «Өзгеріс желі соққанда ақымақ адам желден қалқан болар қорғаныш тұрғызады, ал ақылды адам жел диірменін салуға кіріседі» деген екен, қытайлықтардан біз көп нәрсені үйренуіміз керек. Әлемдік қаржы жүйесінің дағдарыстан кейінгі болашақ бейнесі дәл осы жерде айқындалады. Бұдан да қиын күндерді бастан кешкенбіз, бәрін де жеңгенбіз, тек ынтымақ-бірлік, тыныштық болсын».

Кешікпей ымырт үйіріліп, төңіректі қараңғылық тұмшалай бастады. Бақ ішіндегі сансыз шамдар сәулесі суда дірілдейді. Президент демалуға асығар емес, тіпті, жүзінде шаршау белгісі жоқ. Өзіне еріп жүрген делегация мүшелерімен емен

жарқын сөйлесіп, көптеген мәселелер бойынша пікір алмасты, табыстарымыз қанша қомақты болғанмен, қол жеткенге тоқмейілсімеу қажеттігін ескертті.

– Қазіргідей күрделі кезеңде бірлігі мықты, рухы күшті халық қана дағдарысқа төтеп береді, одан ширап шығады, экономиканы жаңғырту оңай іс емес, бұған төзім мен табандылық керек. Бүгінгінің бәрі елдің ертеңі үшін, болашақ ұрпақ үшін жасалып жатыр. Осы жолдан таймауымыз, алдымызға қойған ұлы мұраттарымыздан айнымауымыз керек, – деп түйді өз ойын Нұрсұлтан Әбішұлы.

Нұрсұлтан Әбішұлы сынды болмысы да, тұғыры да бөлек тұлғалардың бағасын тарих береді. Менің айтпағым – әрбір қарапайым қазақстандықтың көкейінде жүрген ой. Осы ретте жеткізіп айта алмағанымды да ішім сезеді. Ол мүмкін де емес. Өйткені, 1979-1990 жылдар аралығында Ұлыбритания үкіметін басқарып, елді экономикалық дағдарыстан шығарып қана қоймай, мемлекеттің орнықты дамуына берік негіз қалаған, есімі бүкіл әлемге әйгілі саясаткер Маргарет Тэтчердің тілімен айтсақ, Нұрсұлтан Назарбаев қалыпқа сыймайтын тұлға, ол «Қазақстанды бүгінгі шыққан биігіне жеткізу үшін баатылдық пен сақтықтың үйлесімін пайдаланды. Коммунизм бұғауларын бытшыт қылған ел өзінің ерекше қазақы қасиеттерін сақтап қалды. Президент Назарбаев экономика мен қоғамның ашықтығына, яғни оның кейбір көршілері қасарыса бас тартқан нақ сондай нәрселерге ұмтылды».

Көзі қарақты оқырман бұл мақаланың бір күнде, бір түнде, бір айда, тіпті бір жылда жазылмағанын өзі де аңғарған болар. Иә, көптен жүрек түкпірінде жатқан сыр еді. Елбасы туралы осындай ізгі ойларды миллиондардың аялап жүргенін де білемін. Ендеше, бүгін неге оны жалпақ жұртқа жария етпеске. Тіпті де Президентті мақтау үшін емес, мақтану үшін! Сын сағатта мемлекет тізгінін қолға алып, елін, халқын адастырмаған, бақытқа бастаған Ер үшін мақтану үшін!

Ендеше, сен де мақтан, сен де шаттан, бақытыңды бағалай біл, қазақ!

«Егемен Қазақстан», 2009 жылғы 6 шілде

Серік ҚИРАБАЕВ,
академик

БІРТУАР

Нұрсұлтан Назарбаев феномені қазір әлем мемлекеттері тарихын зерттеушілердің назарын өзіне аударып отыр. Өткен жылғы шілде айында «Назарбаев және Қазақстанның қалыптасып дамуы» атты кітап жазып, Лондонда оның тұсаукесерін өткізген ағылшын жазушысы және публицисі, саяси биограф Дж.Айткен мырза Астанадағы Қазақстан журналистерімен әңгімесінде осындай еңбек жазуының себебін түсіндірді. «Еуропалық мәдениет пен дәстүрлер арасындағы батыстық оқырмандар, – деді ол, – Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың кім екендігін айқын біліп, дұрыс түсінбей тұрып, өз билігі өз қолына көшкеніне көп уақыт өте қоймаған қазіргі заманғы Қазақстанды да толық түсіне алмайды. Бұл кітабымды Нұрсұлтан Назарбаевқа арнауымның басты себебі де осы болды».

Ағылшын жазушысы өз еңбегінің мазмұнын Қазақстанның тәуелсіздікке ұмтылуы кезеңінен (1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан) бастап, КСРО-ның ыдырауы, егеменді мемлекет құру жағдайларына ұластырып, кейін көптеген сынақ сәттерін басынан өткерген, сөйтіп бүгінгі күнге жеткен жойқын оқиғалардың ұлы тізбегін қамтығанын әңгімелеп берді. Және осылардың Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекет басындағы маңызды істерімен, көшбасшылық тұлғасымен байланыстылығын атап көрсетті. Сөйтіп, Қазақстанды батыс әлеміне таныстырудың кілтін Назарбаев бейнесінен тапқанын айтты.

Бұл жерде Дж.Айткен мырзаның талғамы мен түсінігінің жоғарылығын атап айтуды орынды көремін. «Мені көбінесе соңында тарихи із қалдырған, өмірі өзінше өрнектелген, бірақ ол халқының тағдырымен қабысып жатқан, яғни өмір жолы арқылы өз халқының бейнелік сипаттамасын білдіре алуымен қатар, кейіпкер ретінде де заман жүгін көтеріп тұратын саяси қайраткерлердің өмірі қызықтырады», – деді ол. Мұндай қайраткерлердің қатарына бұрынғы АҚШ президенті Ричард Никсонды қосып, сол туралы кітап жазған екен. Екінші еңбегін Нұрсұлтан Назарбаевқа арнаған. «Владимир Путин, Ислам Каримов туралы кітап жазу ойыңызда жоқ па?» – деген сұраққа: «Жоқ, ондай ойда емеспін. Кезінде Горбачев туралы кітап жазуға ниетім болды... Кейіннен бұл райымнан қайттым», – деп жауап берді.

Бұдан не түсінеміз? Никсон мен Назарбаев қана. ...Артында тарихи із қалдырған, өз өмірі елінің тағдырымен байланысып жатқан, жеке кейіпкер ретінде де заман жүгін көтеріп тұрған екі тұлғаның бірі – біздің Президентіміз екені ағылшын жазушысының тақырып таңдаудағы биік талғамын қанағаттандыра алыпты. Бұл – бүкіл қазақ оқырманы ғана емес, барша елге қуаныш. Президентіміз үшін де мақтаныш.

Назарбаев біз үшін, туған халқының өкілдері үшін Қазақстанның тәуелсіз мемлекетін құрудың басында тұрған, осы жолдағы не қилы тар жол, тайғақ кешуді халқымен бірге өтіп, қиыншылықтарын бөліскен, содан аман алып шығып,

бүгінгі әлем мойындап отырған жаңа мемлекетті қалыптастырған, оған жаңа астана жасап, жаңа қала тұрғызған, қазіргі елді индустрияландырудың жаңа жобасын өмірге келтіріп, болашаққа бағыттап бара жатқан ұлы тұлға екені түсінікті. Осының бәрі айтуға оңай. Ал, шын мәнінде, ол оқиғалардың әрқайсысы Елбасының жүйкесін тоздырып, қаншама қиналу мен тер төгуді қажет еткенін біз ойландық па? Назарбаев бастама жасап, іске асырған шараларды сарапқа сала алдық па? Бұл біздің бәрімізді ойландыра білуі керек. Сонда ғана біз Елбасымызды сыйлап, оны сақтаудың, қорғаудың жолын іздестіруге қатыса аламыз.

Ойланып көрейік. Біраз нәрсені еске түсіріп қарайықшы!

Кеңес одағының құлауы біз үшін қиыншылыққа түскенін өз көзімізбен көрдік. Біртұтас халық шаруашылығы кешені ыдырап, елдегі басқару, қаржы мен экономика жүйесі бұзылды. Халыққа азық-түлік жетпеді, баға шарықтап өсіп кетті. Зейнеткерлер зейнетақысын, қызметкерлер мен жұмысшылар еңбекақысын ала алмай қалды. Осыны жеңілдету мақсатымен шаруашылықты жеке меншікке көшіріп едік, ол да қоғамдық меншікке үйренген елдің қасарысқан қарсылығына тап болды. Шетелден инвестор шақыру да оңайға түскен жоқ. Назарбаевтың жаңа мемлекет жасау жолындағы ұлы еңбегі осы қиыншылықтарды жеңуде үлкен төзімділікпен, білімділікпен, алғыр ұйымдастыра білушілікпен басталды. Ол алдыңғы қатарлы мемлекеттердің нарықтық экономикаға көшу жолын, капитализмнің өзіндік ерекшеліктерін зерттеді. Бірақ капитализмнен социализмге өту тәжірибесі болғанмен, социализмнен қайта капитализмге өту тәжірибесі әлі жасалмаған еді. Мұны нарық заңы мен өз елінің менталитетіне қарап құру қажет болды. Сөйте жүріп ол әлемдік нарық экономикасын жете біліп алды. Оны өз ортасына жеткізіп, маңындағы адамдарды ел ұстау мен экономиканы басқарудың жаңа әдістеріне үйретті. Оның «2030 стратегиясы» деп аталған ұзақ мерзімге бағытталған бағдарламасы елімізде іске асуға тиіс шаралардың көлемді іс-жоспарына айналды. Осының бәрі, шынын айтсақ, бір адамның, тек қана Назарбаевтың, елді қайтсем жаңа жолға салам, қалай көркейтем деген қажыр-жігерімен, айтқанынан қайтпайтын қайсарлығы арқасында іске асты. Ол бәрін білді, айтты, жол көрсетті, түсіндірді. Қалғанымыз алда не болатынын әлі білмейтін едік, бізді де еңбекке, жаңаша қарауға, іске баулыды, бүкіл халқын нарық экономикасына, шағын және орта бизнесті ұлғайтуға, шетелден инвестиция тарту мен инвестор шақырудың не екенін түсінуге жеткізді.

Бұл тұрғыда Назарбаевтың ұлттық ақша жасау жөніндегі саясаты да жеңіске жеткізгенін, Ресейдің бұрынғы біртұтас ақша жүйесінен бізді ығыстырып шығаруына қарама-қарсы тәуелсіз елдің жаңа ақшасын тез арада жасап, оны экономикаға пайдаланғанын да атап айту керек. Осы жағдайлар тәуелсіз мемлекет құрып, оның басына отыра салумен іс бітпейтінін, әрбір жаңа бастаманың тер төгу, қиналу, жүйке тоздыру сияқты өтемі болатынын көрсетті. Бұл шаралар тұсында ол әрқашан халқымен бірге болды. Олармен жиі кездесіп, бетпе-бет әңгімелесті. Қиыншылықтың уақытша екенін түсіндірді. Қазақ халқының төзімділігін, талай аштық пен жоқшылықты бастан кешкен тарихын

еске салды. Кейбір ел басшылары сияқты үлкен кабинеттің төрінде отырып алмай, халықпен үзбей байланыста болуы Назарбаевтың беделін көтерді, халқы оған ерді, сенді. Ел мен Елбасы табысып, бірігіп, тәуелсіздіктің баянды болуын қамтамасыз етті.

Осы бір жылдары Елбасымен бірге қызмет істеген жазушы Әбіш Кекілбаевтың тәуелсіздік тақырыбын көтерген жаңа пьесасы жарық көріп еді. Ол XVIII ғасырда қалмақ басқыншыларына қарсы күресті өзі бастап ұйымдастырған, сөйтіп жаулаушылардан жерімізді тазартқан Абылай ханның Қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы еңбегін суреттеп жазды. Сондағы Абылай монологтарында:

Теңдіктің тезі теңселме,
Еркіндік жолы – егес-ті.
Бақыттың жолы – бәсеке,
Ырыстың жолы – бейнет-ті.
Азаттық жолы – азапты,
Төземісің, әлеумет!
Азаттықтың қамы үшін!
Болашақтың бағы үшін!
Ұлы жорық бастаймын.
Айналайын, әлеумет!
Бастай алмасам – маған серт!
Қостай алмасаң – саған серт!
Қазақтың қайран даласын,
Жағасы жайлау ел қылам.
Қара сирақ баласын
Басқалармен тең қылам.
Кеткен кегін қайтарып,
Іргесі тыныш, төрі кең,
Мерейі биік, бағы зор,
Ырысы шалқар көл қылам.
Осы жолда, әлеумет!
Тайсалар болсам – маған серт!
Тайқып кетсең – саған серт!
Еремісің, әлеумет! –

деген жолдар бар еді. Егер шығарма тілінде сөйлесе, Нұрсұлтан да осыны айтқан болар еді. Ел мен Елбасының бірлігі тәуелсіздік жолындағы Президент идеясына қолдау берді. Осындай ғажайып туындылардың авторы – дара жазушымыз Әбіш Кекілбаевқа Қазақстанның Еңбек Ері құрметті атағын беріп, омырауына Алтын жұлдызды жарқыратып тағуы, сол рәсім кезінде жарқын сөз сөйлеуі де Елбасымыздың азаматтың алтын басын ардақтайтын даналығын тағы бір рет тамаша таныта түсті. Біз бұл награданы бүкіл әдебиетіміздің жұлдызын жандырған орасан оқиға ретінде қабыл алдық.

Осы бір қиын кезеңнен өтіп, ел есін жия бастаған кезде, экономикамыз әлі де толығынан сауығып болмағанына қарамастан Нұрсұлтан тағы бір үлкен іс

бастады. Ол – республика астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру, оның атын Астана деп ауыстыру туралы мәселелер. Бұған да кедергі аз болған жоқ. Оған қарсылар әлі ел жағдайының жөнделіп болмағанын, қаржы қиыншылығын, ең бастысы – әсем Алматыны қиып тастап кетудің лайықсыздығын алға тартты. Алматы – Назарбаевтың өз отаны. Оны еске салған ағайын-туыстар да болды. Бірақ ойына алған мақсатын істемей тынбайтын Елбасы ешкімнің сөзіне ермеді. Өйткені, бұл мәселені ол он ойланып, жүз толғанып барып шешкен. Астананы Орталық Қазақстанға көшіру арқылы көршілермен шекара мәселесін шешіп алуға болатынын, Ақмоланың географиялық орталық екенін, Алматының табиғи жағдайлары оны өркендетуге тарлық жасайтынын дәлелдеді де, жалпы мемлекеттік мүддені жеке мүддеден жоғары қоя білді. Парламенттегі, Үкіметтегі қарсылықтарды біртіндеп жеңіп, шешім қабылдады. Сөйтіп, жаңа елорда – Астана қаласы туды. Қазір бұл шаһар бой түзеп, әлемнің ең әсем астаналарымен бәсекеге түсе аларлық дәрежеге жетті. Оның дамуы бүкіл жаңа Қазақстанның дамуының символына айналды. Алдыңғы жылы қаланың 10 жылдық тойы бүкіл халықтық мереке болып өткенінің куәсі болып едік – бәрін де көрдік. Астана тойы – біздің ғасырлар бойы аңсап келіп қолымыз жеткен тәуелсіздігімізді баянды ету, Қазақ елін біріктіру, ұйыстыру, қол жеткен жетістігімізді әлемге паш ету тойына айналды. Той күндері біз халықтың көңіл күйін, оған қатысушылар үшін тәуелсіздік – Астана – Назарбаев деген атаулардың өзара туысып, байланысып, жалғасып кеткен біртұтас ұғымға айналғанын байқадық.

Ел тәуелсіздігі жолындағы күресте жеңіске жетіп, оны орнықтырып, оның үстіне жаңа Астана салу – Назарбаевтың, тек қана соның адал еңбегі, ерлігі. Осының өзі-ақ Назарбаев характерін анық танытады. Оның шешім қабылдауы қиын, қабылдаса-ақ болды, оны істемей тыным таппайды. Тәуекелі күшті. Мұндай мінезді біз ылғи да ол бастаған жаңа істерден көріп, танып келеміз. Қаланың әрбір қаланған кірпіші, көшелерінің жобалануы, құрылыс алаңы мен орны түгелдей Назарбаевтың басшылығымен, тікелей қатысуымен іске асып келеді. Дүниежүзін көп аралаған Елбасы сонда көргендерінің үздік үлгілерін осында әкеліп салды. Әлемнің ең таңдаулы сәулетшілері мен құрылысшыларын шақырып, іске қосты. Соның нәтижесінде қазіргі біз көріп, таңырқап отырған жаңа қала, теңдесі жоқ әсем, жаңа Астана жасалды. Ол халық даналығы мен адамзат ақыл-ойының бұрынғы-соңғы жаңалықтарын бойына жинаған, Батыс пен Шығыстың арасын жалғаған үлкен көпірге айналды. Ел оны Мысырдың пирамидаларымен, Париждің сәнді алаңдарымен, Американың зәулім ғимараттарымен салыстырады. Шындығында, ол – осылардың бірі де емес, әлемдік архитектура дәстүрін жаңа дәуір талабымен ұштастыра шешкен нағыз қазақ қаласы. Ұлы даланың кеңдігі аясында етегі жиналмай, шекарасын да мол қамтып алған, биіктігін аспанмен таластырған, қиялдан ғана жаратылғандай әсем қала. Онда неше түрлі ғажайыптар түйіскен. Қаланы қоршаған орман алқабы бір жағы кең сахарармен, екінші беті Сібір ормандарымен шектесуге таяп тұр.

Бұл қалада бәрі сәнді, бәрі де үйлесімді. Бір-біріне ұқсамайтын қала үйлері мен сарайлары, зәулім құрылыстар мен шағын тұрғынжайлардың үйлесімі, ескерткіштер мен мұражайлардың өзіндік әсем бітімі – бәрі де сән бұзбай, жымдасып, қалаға көрік беріп тұрғанын көресің. Бір кезде менің Каир қаласының төбесінен шолып қарайтын биік ғимаратқа, кейін Париждің Эйфель мұнарасына шығып, Каир мен Париждің күндізгі де, түнгі де көркін тамашалағаным бар еді. Енді бізде Бәйтерек пен «Қазақ елі» монументі жасалды. Олар – жоғарғылардың ешқайсысына ұқсамайтын жаңа ескерткіштер. Бүкіл Шығыс халықтарының, оның ішінде қазақтың аңыздағы қорғаны, көлеңкесін паналап, бауырында ағып жатқан бұлағынан адамға қуат берген Бәйтерегінің жаңа көрінісі – біздің Бәйтерек. Астананың жаңа үйлері Италия, Грекия, Египет, Сирия елдеріндегі алып құрылыстардың ешқайсысына да ұқсамайды. Қазақ өз тарихын өзі жасап, кейінгі ұрпаққа үлкен ескерткіштер қалдыруға кірісті. Астана – осының көрінісі.

Париж бен Каир мұнараларынан сол қалалардың түнгі салтанатын қызықтанғанымды ұмытқаным жоқ. Түнгі Каирде қала оттары Ніл үстінде ойнап, бірінің үстіне бірі шығып, сапырылысып жатқан еді. Эйфель мұнаралары да Парижді от өзені сияқты елестетті. Ал, бүгін Бәйтерекке шығып, түнгі Астананы қараңызшы! Қала оттары Есіл үстінде жарқ-жұрқ етіп, от шашып құбылып жатқанын көресіз. Шетсіз, шексіз қала құлашын кең жайып, бүкіл Сарыарқаның сауырын ала көсіліп жатыр. Құрылыстардың күндізгі ауырлығынан босап, жеңілденіп, аспанға ұшуға ыңғайланған алып кемеге ұқсайды.

Соңғы бір жылдың ішінде Астана осы салтанатын сақтап, көбейтіп жатқанын көрдік. Ол жаңа ғимараттармен, сарайлармен, Есіл үстін әрі-бері кесіп өтіп жатқан көпірлермен, жолайықтармен толыққан. Саябақтар мен гүл алаңдары көбейген. Тәуелсіздік сарайы, «Хан шатыр» ойын-сауық орталығы, 30 мың орны бар жабық стадион іске қосылған. Жаңа опера мен балет театры, әзірет Сұлтан мешіті салынып жатыр. Осының бәрі жаңа Астананы тіпті де сәнді етері анық.

Астананың былтырғы 11 жылдығы да менің жақсы есімде. Сол күні осы тойдағы халық қуанышын, Есіл өзенінің жағалауы мен алаңдарды, концерт залдарын толтырған елдің көтеріңкі көңіл күйіне ортақ болдық. Осы күндері өткізілген ән фестиваліне көрші мемлекеттердің концерттік бағдарламалары келген екен – солармен бірге өз өнерпаздарымызды тыңдап, тамашаладық. Тамашаның үлкені Тәуелсіздік сарайында өткен әлемге аты әйгілі опера әншісі тенор Пласидо Домингоның концерті болды. Дүниежүзін шарлаған Доминго Орталық Азия жеріне бірінші рет қадам басқан екен. Сол сапары Астанада басталып, тіпті толқып, қанаттанып кетіпті. Жетпісті алқымдап қалған әншінің ширақ жүрісі, салған әндері – бәрі де көңіл күйінің ерекше шабытты шағын танытты. Ол серіктесі сопрано әнші Виргиния Толамен бірге кезектесіп те, дуэтпен де талмай бізге өнер сыйлады. Концерттің кульминациялық нүктесі Домингоның Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасын» айтуы мен сахнаға шыққан Назарбаевпен қосылып ән шырқауы болды. Домингоның концертіне қатысып, қазақ әншілерінің өнерін сыйлаған Нұржамал Үсенбаеваның табысы көпті риза етті.

Астананың әр тойы осылай бәрімізге қуаныш әкелетіні хақ. Одан біз еліміздің де, халқымыздың да жарқын болашағын танимыз. Президенттің Астананы әлемнің ең танымал 30 қаласының қатарынан көрейік деген бастамасы іске асатынына сенеміз.

Бүгінде Қазақстан жерінде жүзеге асып жатқан ішкі және сыртқы саясат, әлемдік саяси және мәдени шаралар, халықаралық байланыс осы қаладан бастау алып, жалғасын табуда. Тарихи қысқа мерзім ішінде Қазақстан әлемнің басты мемлекеттерімен тіл табысып, дипломатиялық қарым-қатынасқа түсті. Түркі ынтымақтастығының құрамына кірді. Бұрынғы одақтас республикалардың қайта жақындасып, тәуелсіз мемлекеттер достастығын, Орталық Азия мемлекеттері одағын, Шанхай ынтымақтастығы ұйымын ұйымдастыруға ұйытқы болды. Қай бастаманың да басында Назарбаевтың тұрғаны оның өзі үшін де, Қазақстан үшін де абырой.

Тұңғыш Президентіміз бастап елде іске асқан жаңа істерді қазір санама-лап шығудың өзі оңай емес. Ол тәуелсіз елдің тізгінін қолына алысымен-ақ көп жылдар бойы қазақ халқына азап арқалатқан ядролық сынақты тоқтатты. Қазақстанның көп ғасырлар бойы қағаз бетіне түспей, жобамен ғана сақталған шекарасын заңдастырды, ұлттық қауіпсіздікті сақтау шараларын жүзеге асырды. Қазақстан халықтары арасындағы ұлтаралық келісімге қол қойды. Шетел қазақтарын біртіндеп елге шақыру ісін бастады. Ал, мектептер мен жоғары білім, денсаулық сақтау, мәдениет саласындағы дамуды әлемдік стандарттың деңгейіне жеткізу мәселелерін күн тәртібіне қойды. Соларды жедел іске асыру жолында қазір елде қыруар шаралар істеліп жатыр. Тәуелсіз мемлекеттің жаңа кадрларын дайындауға арналған «Болашақ» бағдарламасы дүние жүзінде теңдесі жоқ бастама екені айтылып жүр. Қазақстан дамуының, демократиялық өрісінің кеңеюі оны Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төраға болуға жеткізгені белгілі.

Назарбаевтың президенттік қызметінің алғашқы кезінде-ақ дүние жүзінің көңілін аударған тағы бір ісі – Қазақстанның әлемдік қауым алдында ядролық қарудан бас тартуы болды. Кеңес одағы тарағаннан кейін Қазақстанның қолында қалған ядролық қару-жарақтың молдығы жағынан біз әлемдегі мұндай қаруы бар төртінші ел саналған едік. Өйткені, Кеңес өкіметі ядролық сынақтарды да, ракеталарды ұшыруды да, негізінен, Қазақстан жерінде өткізді және ядролық қарудың мол қорын осында сақтады. Семей полигоны, Байқоңыр космодромы, Сарышаған қару-жарақ қоймасы сияқты жерлер, негізінен, Ресей әскерлерінің базасы саналды. Осындай арсенал біреудің қолына түсіп кетсе, елде Қазақстанның өзі оны әркімді қорқытып-үркітуге пайдалана ма деген қауіп әлемнің үлкен мемлекеттерінің, әсіресе, Америка Құрама Штаттарының мазасын кетіргені шындық. Бұл мәселені Назарбаев ақылмен шешті. Ол Қазақстан жерін ядролық қарусыз территория деп жариялап, қарудан бас тартты. Оны жоюға келісті. Ол үшін алдын ала Қазақстанға басқыншылық әрекет жасамау туралы АҚШ, Ұлыбритания, Ресей мемлекеттерінің кепілдігін алды. Бұл тарихи құжатқа 1994 жылы 4 желтоқсанда осы үш ел басшылары мен Назарбаевтың қолы қойылды. Ол кепілдікке сәл кейін Қытай мен Франция

қосылды. Олар Қазақстанның қарусыз елге айналуын дүниежүзі мемлекеттеріне үлгі етті.

Мұның алдында, 1991 жылы, кеңестік тоталитарлық жүйе әлі сақталып отырған жағдайда Назарбаев Семейдің сынақ полигонын жабу жөніндегі тарихи құжатқа қол қойған еді. Ол бұл шешімімен де адамзат тағдырына деген орасан зор жауапкершілікті түсінетін және оны орындау жолында батыл қадамдар жасай алатын көреген қайраткер екенін танытқан.

2006 жылы Қазақстан халқы осы шараның қабылдануының 15 жылдығын атап өтті. Бұл мерзім Назарбаевтың осы екі шешімінің қазақ халқының болашағы үшін де, әлем алдындағы беделінің артуы үшін де бірден-бір дұрыс шешім болғандығын дәлелдеді. «Полигон зардабын тартып, ядролық қарудан шыққан қайғы-қасіреттен көз ашпай келген халқымыз бұл бастаманы зор ризашылық сезіммен қабыл алды. Біздің бұл шешіміміз жер шарының бейбітшілік сүйген миллиондаған адамдарына қуаныш сыйлады. Олардың бойында ядролық қаруды сынауды тоқтату мүмкін екендігі туралы сенім пайда болды», – деді Қазақстан Президенті.

Назарбаевтың ел ішінде жүргізіп отырған саясатының керемет бір үлгісі Қазақстандағы халықтар достығы проблемасына байланысты. Тағдыр бізге ұлан-ғайыр жер беріп, негізгі тұрғын халқын аз етіп, оны сырттан келгендер есебінен толтырып, бірігіп күн көруді жазған екен. Жерімізге көз алартушылардың жорығынан ылғи да өмірімізді соғыспен өткізген халықпыз. Қалмақтармен ұзақ атыс-шабыста «Жер бетінде қаламыз ба, жоқ па?» деген тарихи сұраққа жауап іздеуге мәжбүр етті. Атақты «Ақтабан шұбырынды» оқиғасы халқымыздың басым көпшілігін қырып кетті. Орыс отаршылдығы қазақ жеріне орталық Ресейдің жерсіз шаруаларын көшіріп, өз жерімізде өзімізді кіріптар етті. Кеңес өкіметі елде өндіріс орындарын ашамыз деп, онда істейтін мамандарды сырттан тасып, алдыңғы саясатты екінші жағынан қайталады. Тың игеру кезінде Ресейден ғана емес, басқа да республикалардан тың көтерушілер көптеп ағылды. Оның үстіне соғыс және жаппай репрессия жүрген жылдары Қазақстанға неміс, корей, чешен, ингуш, қарашай, тағы басқа халықтар өкілдері жер аударылды. Соның салдарынан, Қазақстан тәуелсіздік алған кезде республиканың негізгі ұлты жалпы халық санының азғантай бөлігін құрап қалып еді. Осы халықтар тағдыры тәуелсіз Қазақстан орнағанда Назарбаевтың қолына қарап қалды және сол тұста неше түрлі көріпкелдердің көбейіп: «КСРО халқы – коммунистік режимнің күшімен отырған халық. Енді олар быт-шыт болып бөлінеді», – деген сәуегейлік пікірлер айтыла бастаған еді. Соның бір мысалы сияқтанып Әзірбайжан мен Армения, Ресей мен Чешенстан арасында шатақ шықты. Қазақстанда да немістер автономия сұрап, орыстың «Лад» қоғамы шығыс пен солтүстіктің кейбір облыстарын Ресейге қосу туралы мәселе көтерді. Шовинист жазушы А.Солженицын, атышулы Бжежинский сияқтылар отқа май құятын сөздер сөйледі. Осындай жағдайда Қазақстан халықтарын бейбіт тіршілікте сақтап қалу шынында, Назарбаев үшін үлкен басқатыру болғаны өзінен өзі түсінікті. Ол бұрын «туысқан халықтардың біртұтас отбасы» саналған Қазақстаннан қазақ емес халықтардың кетуін де, туыстық

қарым-қатынастарына сызат түсуін де қаламады. Басқа біз сияқты республикаларда орын алған ұлттардың қақтығысына сүйеніп, қазақтарға қыр көрсеткісі келгендердің әрқилы ойларының іске асуына да жол бермеді. Сол мақсатпен қазіргі Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Сөйтіп, халықтар туысқандығы проблемасы қайта шешілді. Ассамблея қазір дүние жүзі мемлекеттерінің назарын өзіне аударып отыр. Көп елдің басшылары мен мемлекет қайраткерлері оны ұлттарды ұйымдастырудың жаңа моделі ретінде қабылдауда.

Қазақстан Президентінің ел ішіндегі ұлт өкілдері арасында қақтығыс болдырмаудың жолындағы күресі біртіндеп бүкіләлемдік дін өкілдерін жинап, мәдениеттер арасындағы келісім мен ізгіліктің жолын іздеуге жалғасты. Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының Астанада өткен үш съезі оны ұйымдастырушы Н.Назарбаевтың абыройы мен даңқын әлемге жайды. Елбасы оларға қазіргі күрделі дәуірде мемлекеттер мен ұлттар, діндер арасындағы лаңкестік күрестердің жаһандық және региондық сыйпатта бой көтергенін айта келіп, діндердің осы тәрізді қақтығыстар мен жанжалдарға жол бермей, татулық пен түсінісіп қатар өмір сүрудің жаршысы болуы керектігін айтты. «Жаратушы – жалғыз, дүние – ортақ, аспан асты кең, ендеше біз бір атаның баласы, бір ананың перзенті ретінде бір-бірімізбен береке, бірлік пен ынтымақта өмір сүруіміз керек... Түрлі діндердің ғасырлар бойы жинаған мол жасампаздық тәжірибесін пайдаланып, Құдай сөзін бітімгершілік пен келісімнің пәрменді құралы ретінде пайдалануымыз қажет... Біз лаңкесшілдік идеологиясын тамырымен жойып, ізгіліктің жалпыадамзаттық құндылықтарын орнықтыру үшін бүкіл күш-жігерді жұмсауға тиіспіз», – деді ол.

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің Қазақстандық тәжірибесі посткеңестік кеңістікте барынша табысты тәжірибелердің біріне айналды және солай деп мойындалып отыр. Өткен съездерді дүниежүзі мемлекеттерінің басшылары мен белгілі қайраткерлер, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы, әр түрлі діни конфессия жетекшілері құттықтады, қатысып сөз сөйледі. Олардың бәрі Қазақстан мен оның Президентінің бұл шара арқылы барша халықтың игілігі үшін, бейбітшілік пен татулық үшін өлшеусіз үлес қосып отырғанын айтты. Соңғы съезге қатысқан БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Сергей Орджоникидзе: «Осынау идеяның өзі мені таң қалдырды. Дәл мұндай түрлі діндер өкілдерінің осылай бір-бірімен жамырасып бас қосқанын бұрын-соңды көрмеппін. Олар, қарап отырсаңыз, бір-бірімен ортақ тіл табысып, олардың мүдделері соншалық жақындасып кеткендей көрінді», – деді.

Израильдің Бас ашкенази раввині Иона Мецгер көтеріңкі дауыспен сөйлеп: «Маған кең даланың үстіне гүлзар шаһар орнатып жатқан тағы бір елдің осындай басшысын мысалға келтіре аласыздар ма? – деп сұрады өзінен сұхбат алған журналистерден. – Бейбітшілік үшін ол дәл осындай орасан зор еңбек етіп жатыр. Осы жиында діндер көшбасшылары съезіне қатысушылар орындарынан тік тұрып, оған құрмет көрсеткенін ұмытпайтын шығармын. Мұндай көреген басшының қашан да халқын биіктерге бастай беретіні анық».

Израиль мемлекетінің президенті Шимон Перес сөзін съезд өтіп жатқан Бейбітшілік пен келісім сарайын атақты Вавилон мұнараларымен салыстырудан

бастады. «Мұсылмандардың, христиандардың, еврейлердің Құдайы бір-біріне ортақ, – деді ол әрі қарай. – Өкінішке қарай, бүгінде әрбір дін өздерінің жеке Құдайына табыну үрдісін жүргізіп отыр. Соның салдарынан бірін-бірі өлтіру, қиянат жасау белең алып барады. Дінді лаңкестік секілді теріс әрекеттерден бөлу керек, күш-жігерді осыған бағыттаған жөн».

Бүкіл әлемдік Ислам лигасының бас хатшысы Шейх Абдолла Бен Әбдел Мухсан ат-Түрки: «Қазақстанның келешекте көкжиегі кең, имани, ислами тамыры әрдайым бізбен бір арнада тоғысып жататын мемлекет боларына көзім жетеді. Елорданы тың топыраққа көшіріп, заманауи шаһарды бүкіл жаһанның жанарына жақұттай елестеткен мұндай елдің ертеңі әлі-ақ гүлзар баққа айналарына ешкім күмән келтіре алмайды», – деген сөздермен ойын білдірді.

Бұл сөздер съезді ұйымдастырушы, дін өкілдерін жинау идеясының авторы Назарбаевтың ел басшысы ретінде дін сияқты жалпы дүниежүзі халықтарына ықпалы зор саланы бейбітшілік пен бірлікке, ынтымақтастыққа жұмылдыру саясатын жаппай қолдауын байқатты. «Нақ сіздер, діни лидерлер, руханилықтың – дүниенің үйлесімді дамуының басты шартының қайта өрлеуінің жүргізушілері бола аласыздар. Біз өз съезіміздің мәртебелі мақсатын осыдан көреміз», – деді өз сөзінде Қазақстан Президенті.

Расында да, қандай болса да, діннің негізінде адамға деген сенім мен құрмет, сыйлау мен мейірім жатады ғой. Дін өкілдері өз дінін осы мақсатты іске асыруға пайдаланса, онда талас-тартыс, жанжал болмайтыны анық. Соғысты ұйымдастырушылар – елді, жерді басып алу арқылы баюға ұмтылатындар. Олар адамды емес, байлықты бірінші орынға қояды. Дін қанағатқа шақыруы керек. Қанағатшыл болу – қай діннің болсын қағидасында жазылған. Назарбаев осы идеяны әлем халықтарының құлағына жеткізуді бірінші болып бастады.

Қазақ халқының қолдауына ие болып, әлемдік мәдени дамуда үлкен сенсация туғызған Назарбаевтың тағы бір бағдарламасы – «Мәдени мұра». Ол 2004 жылы қабылданды және ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіруді, Қазақстандағы археологиялық зерттеулерді кеңейтуді, қазақтың бай мәдени мұрасын (ұлттық фольклор мен әдеби ескерткіштерді, философиялық және басқа қоғамдық ой-пікірдің, мемлекеттік тіл мен гуманитарлық білім қорының) жариялау мен ғылыми тұрғыда жаңаша зерттеуді көздеді. Тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ ұлттық мемлекет құруда бұл саланың маңызы зор екенін түсінген Елбасы белгілі бір мәдени-қоғамдық мәселелерді жинақтауға әрбір жылды арнады (тарих жылы, ақтаңдақтар жылы, ұлттық татулық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, т.б.). Бұл шаралар ұлттық идея ұранымен өтті де, кейінгі «Мәдени мұра» атты үлкен мемлекеттік бағдарламаны дайындауға мұрындық болды. Әрине, мұрасы бай елдің барлық проблемасын қысқа мерзім ішінде шешу оңай емес. Сондықтан да бұл бағдарламаның ұзақ мерзімге арналғанын Президент әуелде-ақ ескертті. Оған қарқын беру үшін алғашқы үш жылда бағдарламаны іске асыратын қоғамдық кеңес жұмысын өзі басқарды. Осы бағдарлама негізінде қазір әлемдік кітапхана мен қолжазба қорларынан алынып, қазақ тарихына қатысы бар көп томдық деректер жарық көрді. Олардың ішінде «Батыс дереккөздеріндегі Қазақстан

тарихы», «Қазақ тарихы этностық зерттеулерде», «Қазақ хандығының тарихы мен мәдениеті жөніндегі Қытай мұрағатының құжаттары», «Армян деректеріндегі Қазақстан тарихы», «Қазақтың қолданбалы өнерінің шетелдік жәдігерлері», «Ежелгі дүниедегі және қазақстандық дереккөздеріндегі Ұлы дала тарихы», «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысына қатысты құжаттар мен материалдар (XVIII-XX ғ.)», «XIX-XX ғғ. Түркістан генерал-губернаторы қорының мұрағаттық құжаттарындағы Қазақстан тарихы» атты жинақтар (бәрі де көп томдық) бар. Тәуелсіздік алғаннан бергі жүргізілген тың жұмыстар негізінде «Бабалар сөзі» атты 100 томдық қазақ фольклорының жинағы, «Әдеби жәдігерлер» (20 том), Әл-Фараби (10 том), Шоқан Уәлиханов (5 том), М.Әуезов (50 том), Ә.Марғұлан (14 том) шығармалары, «Әлемдік философиялық мұра», «Әлемдік фольклористика», «Әлемдік әдебиеттану», «Әлемдік өнертану» сияқты көп томдық кітаптар жариялану үстінде. Таза ғылыми зерттеулер қатарында көп томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ өнерінің тарихы», «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сияқты еңбектер басылды.

Қазақ халқының мәдени мұрасы мен оған қатысты әлемдік әдебиеттің бұл сияқты үлгілерінің жинақталуы, жарық көруі және осы көлемде бүкіл дүние тарихында бірінші рет Қазақстанда іске асуы қазір әлем елдерін таң қалдырып отыр. Осы үлкен істің бастамашысы да, оның орындалуын қадағалаушы да Назарбаев.

Бұл жылдары Қазақстан кең көлемде өзінің жер асты байлығын зерттеді, археологиялық қазбалар жүргізді. Қазақстанда үш жерден Алтын адам табылды. Бұрын Мысырдың Тутенхамонын қызықтаған біздер қазір есепсіз мәдени байлықтың үстінде отырмыз. Ол – материалдық байлық қана емес, рухани тарихымыз. Қазақстанның тарихи ескерткіштері ЮНЕСКО-ның мұралары тізіміне енді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың біліктілігі, қоғам дамуының сырын тез аңғарып, содан қорытынды жасайтын логикасының беріктігі оны әлемдік лидерлердің қатарына көтерді. Елбасының былтырғы 2 ақпанда «Российская газетада» жарияланған «Дағдарыстан шығудың кілті» атты мақаласы төңірегіндегі пікірлер осыны дәлелдейді.

Бұл мақала мен содан кейін жарияланған Президенттің Жолдауы бір-бірімен байланысты тақырыпты қозғайды. Оның алғашқысында автор дүниежүзілік қаржы дағдарысының туу себептерін, одан шығудың жолы жөніндегі ойларымен бөліссе, Жолдауда Қазақстанның дағдарыстан қиналмай өтуінің жолдары қарастырылады.

Назарбаев қазіргі әлемдік қаржы дағдарысын кездейсоқ дүние емес, капитализмнің дағдарысы есебінде талдайды. Оған алып келген экономикалық жағдайлардың негізінде қазіргі де-факто бар әлемдік валютаның заңсыз айналымға өтуін, оның қызмет рәсімінде демократияның жоқтығын, валюта сұранысы мен ұсынысының баланс тетігі бәсекеге қабілетсіз екенін, валюта рыногының өркениеттен тыс жүретіні сияқты себептер жатқанын ашып көрсетеді. Ақаулы валютаға негізделген капитализмді «ақаулы капитализм» деп атайды. Сөйтіп автор әлемдік қаржы жүйесін өзгертіп, барлық елдерге ортақ жаңа валюта енгізуді ұсынады. Оның ойлары мен ұсыныстары әлемдік экономикалық

проблемаларды, капиталистік қоғам дамуының негізгі қайшылықтарын танудан туындайды. Сондықтан Қазақстан Президентінің дағдарысты алдын ала сезіп, Қазақстан жағдайында оған қарсы шараларды ойластырғаны да белгілі болды. Біздің ұлттық қорымыз сол үшін құрылғанын білдік. Соның арқасында біз өзiрге дағдарыс қиыншылықтарына төтеп беріп, одан жеңіл өтіп келеміз. Жолдау осы шындықты ашып, дағдарыс жағдайындағы Қазақстанның экономикалық дамуының келешегін нақтылайды. Үкіметтің әлеуметтік төлемдерді және бюджеттен еңбекақы алушылардың жалақысын ұлғайтуды толық көлемінде сақтауға кепілдік беруі, тұрғын үй құрылысы мен үлескерлер проблемаларын шешуі, елді индустрияландыру жолына түсіруі, «Жол картасын» іске асыруды жоспарлауы – бәрі де осы Жолдауда қаралған. Президенттің бұл құжатты «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» деп атауы да осыдан.

Назарбаев мақаласы мен оның дағдарыстан шығудың жолы жөніндегі ойлары әлемдік баспасөзде кең көлемде талқыланды. Оған қатысқан дамыған елдер басшылары мен ғалымдар оның ойларының негізі барын мойындайды. Дағдарыс жөнінде Назарбаевтан басқа батыл пікір айтқан мемлекет басшысы өзiрге жоқ. Мұның өзі біздің Елбасымыздың дүниежүзі мемлекеттері басшылары ішіндегі ірі, ойлы, батыл тұлға екенін дәлелдей түседі. «Дағдарыстан шығудың кілті» мақаласы Назарбаевтың халықаралық көлемдегі үлкен экономист екенін де көрсетті.

Назарбаев тұлғасы бірқатар тәжірибелі шетел басшыларының көзіне ерте түсті.

«Президент Назарбаев – кеңестік саясаттағы жарық жұлдыз, түрлі республикалар арасындағы ірі Тұлға. 50 жасар Қазақстан лидері – белгілі деңгейде қатал, тәжірибелі, жедел шешім қабылдай алатын адам. Одақтың басқа республикаларының өзі мойындаған жылы шырайлы, талантты және табанды басшы. Назарбаев республиканы басқарып тұрғанда, Қазақстанның табыстарға жету мүмкіндігі анағұрлым мол болады», – дейді ХХ ғасырдың ұлы реформаторларының бірі Ли Куан Ю.

Бұрынғы АҚШ президенті үлкен Джорж Буштан КСРО тарап, тәуелсіз мемлекеттер бөлінген кезде журналистер: «Осы жас мемлекеттер басшыларының ішінен кім сенімді басшы бола алады?» деп сұрағанда, ол қысқа ғана: «Назарбаев. Ол болашақты алдын ала болжай алады», – депті.

Жоғарыда аталған Назарбаев туралы кітап жазған ағылшын жазушысы Дж.Айткен өзінің қазақ баспасөзіне берген сұхбатында Назарбаев есімін бірінші рет Ұлыбритания премьер-министрі М.Тэтчерден естігенін айтты. Ал, бізге М.Тэтчердің «Назарбаев – қалыпқа сыймайтын тұлға. Ол Қазақстанды бүгінгі шыққан биігіне жеткізу үшін батылдық пен сақтықтың үйлесімін пайдаланды. Коммунизм бұғауларын быт-шыт қылған ел өзінің ерекше қазақы қасиеттерін сақтап қалды. Президент Назарбаев экономика мен қоғамның ашықтығына, яғни оның кейбір көршілері қасарыса бас тартқан нақ сондай мәселелерге ұмтылды», – деген сөзі мәлім.

Бұл пікірлер содан бергі Қазақстанның тәуелсіз жағдайда дамуының әр түрлі кезеңдерінде ылғи да толығып келеді. Назарбаевтың үздік басшылық еңбегін Владимир Путин, Дмитрий Медведев, Ху Цзинь-Тао, Жак Ширак айтты.

Назарбаев – туа біткен және сирек кездесетін дарын. Оны иесі еңбекшілдігімен шыңдап жетілдірген. Өмірге құштарлық, ойлылық, батылдық, бастама-шылдық – оның әр түрлі қырлары. Осыларды ол біліммен, ұлы тұлғалар туралы тарихи деректерді көп оқумен ұштай түскен және өзі өткен өмір соқпағында ізденумен толықтырған. Табиғатында көсемдік бар. Оны күн сайын, әсіресе, өзі қатарлы мемлекеттер басшыларымен кездесуден көріп қарап жүрміз. Ол әрқашан батыл да өткір, оның мысы басқаларды басып жүреді. Қазақ осындай адамды «аруақты» дейді.

Осы қасиеттер Назарбаев бойынан жалпы көпке, қазақ жұртына ол Қарағандыдан Алматыға, Орталық партия комитетіне қызметке келгенде, әсіресе, Министрлер Кеңесінің төрағасы болған тұста айрықша көзге түсті. Бұл қызметте ол кеңестік жүйенің, сонымен бірге, Қазақстандағы халық шаруашылығы дамуының тығырыққа тіреліп қалғанын тың көз есебінде айқын көрді. Кейін «тоқырау» деп аталып кеткен кезеңнің белгілерін – шаруашылықты білмей басқару, ысырапшылдық, көзбояушылық, ұрлық пен алаяқтық қылықтарды таныды. Бұларды жою үшін үлкен күрес, саяси реформа қажеттігін түсінді. Осы ойларын ол тұңғыш рет Компартия мен коммунистік жүйенің әлі де күшінде тұрған кезінде, 1986 жылдың ақпан айында өткен Қазақстан Компартиясының XVI съезінде айтты. Сол кезде етек алған жалған уәделер мен есеп-қисаптарды, іс орнына өтірік мәліметтер берудің ұлғайғанын нақты сыңаға алды. Бұл – коммунистік жүйенің тоқырап, ілгері дамудан қалғандығын жариялаудың басы еді.

Назарбаевтың сол сөзі қашан да шындықты күтіп отыратын халыққа дауыл өртіндей тез жетті. Оның әбден и болып, партия көсемдерінің илеуінде кеткен жүйенің «тыныштығын бұзғаны үшін» көп ел ризалық сезім танытты. Солардың ішінде болған Әбділда Тәжібаев, Жұбан Молдағалиев, мен үшеуіміз кіріп, Нұрекеңнің көңілін көтеріп, қуаттандырып қайтып едік. Әуелі кірген Жазушылар одағының сол кездегі басшысы Жұбан Нұрекеңе риза болып шықты. Маған: «Түбі осы жігіт ел билейді», – дегені есімде. Осыдан кейін мен кірдім. Әбекеңді соңына қалдырдық.

1988 жылы Желтоқсан оқиғаларының салқыны әлі басылмаған кезде Нұрекең Қазақстан Жазушылар одағына келіп, сөз сөйледі. Шешен, алғыр, жұртты өзіне тарта білетін қасиетін көрдік. Жұбанның сөзі есіме түсті: «Осы кісіге мен де кіріп шығайыншы», деген ой келді. Бір жапырақ қағазға аты-жөнімді жазып, жиналыстан соң жұрт қоршап мінберден түсірмей тұрған Нұрекеңе таянып барып, қағазымды ұсындым. «Нұреке, мүмкіндігіңіз болса, мені бір аз уақытқа қабылдасаңыз екен», – дедім. Ол кісі менің берген қағазымды қолын көтеріп тұрып оқыды да, аты-жөнімді көріп: «Сіз бе?» деп сұрады. «Иә, менмін». Содан соң қағазды Ни деген көмекшісіне берді: «Мына кісіні ертең шақырамыз», – деді. Әдетте бастықтардың бірден қабылдай қоюы сирек болады. Ол әдеттен хабарым бар мен «ертең» дегенге онша елпілдей қойғаным жоқ. Қабылдаса болады деп ойладым. Жоқ, мен ойлағандай болмады. Ертеңіне таңертең Ни телефон соқты: «Кеше біз сізге уәде беріп едік. Нұрсұлтан Әбішұлының қабылдауына келіңіз», – деді.

Нұрекең орнынан тұрып мені жақсы қарсы алды. Оған рахмет айтып: «Нұреке, менің кім екенімді сіз білмейсіз ғой,» – деп, өзім жайлы қысқа мәлімет берейін деп сөз бастап едім, Нұрекең сөзімді бөліп: «Қалай білмеймін! Серік Қирабаевтың фамилиясын жаттап өскен, қазақ мектебінде оқып, Сіздің оқулықтарыңызды оқыған ауыл баласымын, – деді. – Мен сізді шал ғой деп ойлаушы ем».

Ішім жылып қоя берді. Содан біраз мұң шағысып әңгімелестік. Ол кісі жұмыстың ауыр екендігінен бастап, оны ауырлатып жүрген жағдайлар жөнінде айтты. «Адам жұмыстан шаршамайды, шаршататындар – өсек-аяң мен ізінді аңдығандардың өсегі», – дегені есімде. Мен де коммунистік тоталитарлық жүйенің жасаған әділетсіздіктері жайында айттым. Жап-жақсы сырласқан болдық.

Әңгіме бітерде Нұрекең: «Не шаруамен келдіңіз, қандай өтінішіңіз бар?» – деп сұрады. Мен «Негізгі шаруам – сізді көріп, танысып қайту. Сіздің съездегі сөзіңізден кейін шындықты бетке айта алатын бір батыр Ұл туған екен ғой», – деп риза боп жүруші ем, сол үшін рахмет айтқалы келдім. Жақсы қабылдағаныңызға рахмет! – дедім.

Тағы бір өтініш жасап едім, Нұрекең оны тез шешті.

Біз екеуімізден кейін Әбекең кірді. Ол: «Сен жайлы Жұбан мен Серік керемет сүйсінген әңгімелер айтып жүр. Мен де танысып, әңгімелесуге келдім», – депті. Кейін бір кездескенде Нұрекеңнің: «Әбекең Жұбан екеуіңіздің мен жөнінде жақсы пікір таратып жүргендеріңізді айтты, рахмет сіздерге!» – дегені есімде.

Алғашқы сезім алдамайды. Әуелде адал, ақжүректікпен қоғам қайшылықтары жайында көргенін айтқан албырт жас жігіт, сол қасиетін сақтап, үлкен қайраткер, саясаткер болғанының куәсі болдық.

Содан бергі уақытта Нұрекең бүкіл қоғамдық қызметімен, еңбегімен, кісілік келбетімен тұтас тұлға есебінде өсті. Халықтан жасырын іс, мінез болмайды. Қырағы халық бәрін де көріп, біліп отырады. Бәрі де Президентіне риза көңілін жасырмайды. Өмір бар жерде бар-жоқ, байлық пен кедейлік, қуаныш-қайғы сияқты қарсылықты ұғымдардың жасауы – табиғи құбылыс. Төрт құбыласы түгел мемлекет жоқ. Біздің де жетпей жатқан жерлеріміз аз емес. Бірақ даму бет алысымыз, өркендеудің қарқыны аз жылдарда-ақ Президентіміз ұсынып отырған межеден (дамыған 50 елдің қатарына кіру, Астананы әлем мемлекеттерінің таңдаулы 30 астанасының біріне айналдыру) шығатынына күмән жоқ. Қазақстандағы экономикалық және басқа салалардағы реформалар нәтижесін беріп келеді: оны халықаралық қауымдастық та мойындап отыр. Осының бәрі – жасыратыны жоқ, Президенттің арқасы, соның еңбегі. Әңгімемнің соңында Зейнолла Қабдолов досымның: «Назарбаевқа альтернатива жоқ», – деген сөзі ойыма оралып отыр. Иә, егер жағдай дәл осылай орнында тұрса, оның көрегендік танытып, елімізді әлі де көркейте беретініне кәміл сенуге болады.

Шейх Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен
Орта Азия мұфтилер кеңесінің төрағасы,
Бас мұфти

ДИНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ КЕПІЛІ

Қазақстан экономикалық, әлеуметтік-саяси, демократиялық тұрғыдан жедел даму жолына түсті және де ол тек бұрынғы кеңестік кеңестік аясында ғана емес, сонымен қатар әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірінен саналады. Әрине, мұндай жетістік өздігінен келе қойған жоқ, оған қоғамдағы жарасымды үйлесім мен ішкі саяси тұрақтылықты сақтап, ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың тиімді тұтқаларын жасаудың дұрыс бағытын таңдап алу арқылы қол жетті.

Мұндай тарихи міндеттерді шешуде біздің көп ұлт пен ұлысты және бір-неше конфессиялы республикамыздың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басты рөл атқарды.

Одақ ыдыраған кезде Нұрсұлтан Әбішұлы батыл да білікті қадамдар жасай білді. Ал енді кешегі Одақтың өзге елдерінің арасында этносаралық шиеленіске бір табан жақын тұрғандай көрінетін көп этносты Қазақстанның халықаралық аренадағы бүгінгі дәрежесі мен деңгейі қандай деген мәселеге келейік.

2010 жылдың көктемінде Вашингтонда өткен жаһандық қауіпсіздік мәселесіне арналған саммиттің алғашқы мәжілісінде Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевқа сөз берерде АҚШ Президенті Барак Обама біздің мемлекетті ядролық қарусыздану жөніндегі әлемдік көшбасшы ел деп атады және Елбасының осы сала мен мемлекет басқарудағы қызметіне жоғары баға беруі де тектен тек емес. Бұл бағаның мәніне ой жүгірту үшін еліміз өз тәуелсіздігіне ие болған 1990 жылдар басына қайта оралайық.

Жер шарының жартысына ықпал еткен алып империя құлаған соң оның қанатының астынан жан-жаққа ыдырап шыққан жас мемлекеттердің мұнан кейінгі тағдырының қалай болатындығы белгісіз еді. Көптеген саясаткерлер олардың болашағына күмәнмен қарады. Әсіресе, біздің Қазақстанның болашағына қатысты болжамдар көбіне-көп қорқынышты болып келетін. Мәселен, Кеңес Одағының құлайтындығын он-он бес жылдай уақыт бұрын болжауымен және сол болжамның расқа айналуымен аты шығып, сұңғыла саясаткер екендігі мойындалған, сол тұстағы АҚШ президенті Р.Рейганның қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшісі болған З.Бжезинский өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Алматыға келген сапарында Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың студенттері мен оқытушылары ұжымымен кездесті. Онда осы оқу орнының халықаралық байланыс жөніндегі проректоры болғандықтан, онымен бірге жүрдім. Сол сабағыңыз ұшырасу үстінде «Ұзақ жылдар бойы

өздерінің дербес мемлекет құру тәжірибесінен айырылған Орталық Азия елдері ендігі кезекте болашақ Балқан түбегіне, яғни этностық кикілжіңдердің мекеніне айналуы әбден мүмкін» дегені есімде. З.Бжезинский сондай-ақ осындай қатер ең алдымен Қазақстаннан туындауы мүмкін екендігін, осы елде тарихи тұрғыдан қалыптасқан бірқатар факторларды алға тарта отырып, дәлелдей айтты. Әйтсе де Құдайға шүкір, біз ең алдымен білгіш саясатшы сөзіндегі осы қатерден құтылдық. Тәуелсіздіктің жиырмаға жуық жылы ішінде сан ұлттың басы қосылған Қазақстан Елбасының сара саясаты нәтижесінде жер шарындағы ұлтаралық кикілжіңдер орнығуы мүмкін мекеннен сол сан ұлттың достығы жарасқан, ел ішінің берекесі артқан, экономикасы жақсы даму үстіндегі елге айналды. Мұны бір деңіз. Тәуелсіздікті алу оңай емес, ал алғаннан кейін оны нығайту одан да қиын. Осы ретте тәуелсіздіктен кейін оны нығайта алмай, дінаралық және ұлтаралық араздыққа жол беріп алуының салдарынан екіге бөлініп кеткен кезіндегі біртұтас Үндістанды мысалға келтіруге болады. Сондықтан тәуелсіздікті ең алдымен елдің ішіндегі татулықпен ғана нығайта аласың. Ал берекесіздіктен титықтаған көршілес Қырғызстанға келсек, ең алдымен, экономиканы көтеріп, халықтың әл-қуатын жақсартуы керек еді. Бірақ бұл бағыттағы жұмыстары нәтиже бермей, елді екінші рет берекетсіздікке ұрындырған жаппай тәртіпсіздік орын алды. Елбасымен әңгімелескен және әңгімесін тыңдаған шетелдіктер ол туралы өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді. Мысалы:

Питер Эдигер, «Қарусыз әлем» қозғалысының үйлестірушісі: – Сіздердің елдеріңіз бүкіл әлемге үлгі болды. Себебі, Президенттеріңіз әлемдегі бірде-бір мемлекет басшысының қолынан келмеген ерлік жасады. Өз халқына қаншама қасірет әкелген ядролық сынақ алаңын бірінші мүмкіндікте жапты. Бұл – ядролық клубқа кіретін барлық мемлекеттерге шынайы үлгі болатын теңдессіз қадам.

Джонатан Аткин, «Назарбаев және Қазақстан мемлекетінің құрылуы» кітабының авторы: – Мен осындай ерен тұлғаның келбетін отандастарыма әлі де таныта түсуді парызым деп санаймын. Менің кітабымның ең басты бөлімі ретінде Қазақстанның, сол арқылы күллі дүние жүзінің ядролық қарусыздану ісіне қосқан Нұрсұлтан Назарбаевтың үлесі жөнінде жазылған тұстарды атар едім. Оның алдында тек Қазақстан халқы ғана емес, күллі әлем жұртшылығы қарыздар.

Паул Михаэль Тэйлор, Смитсон институтының Азия бөлімінің директоры: – Қазақстан – таңғажайып мемлекет. Мен Қазақ елі туралы неғұрлым көп білген сайын соғұрлым оның тарихы мен мәдениетіне қызыға түсемін. Сіздер халықаралық аренада үлкен беделді елге, тіпті өзгелерге үлгі мемлекетке айналдыңыздар. Мұның барлығы шын мәнінде үлкен құрметке лайық. Нұрсұлтан Назарбаевтың осынау жаһандық саммитте қақ төрде болуы да кездейсоқтық емес.

Қазақстандық көшбасшының Қазақстанда халықаралық бейбітшілік пен төзімділікті, өңірде қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтудағы, халықаралық саясатқа белсенді қатысудағы маңызды рөлін басқа да мемлекет басшылары мен ірі қайраткерлер ерекше атап көрсетуде. Қазақстанда барлық азаматтардың ұлтына және діни сеніміне қарамастан, олардың тең құқылығы нақты

қамтамасыз етіліп отырғандығы туралы пікір, Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметіне қатысты лебіздер айрықша назар аударарлық.

Қазақ топырағына әр түрлі діндегі халықтардың патшалық Ресей кезінен кейінгі екінші тоғытылуы XX ғасырдың 30-40-жылдары жүргізілген сталиндік қуғын-сүргін кезеңінде іске асырылды. Сталиндік саясат салдарынан сенімсіз халықтар қатарына қосылған 110 мың корей 1937 жылы Қиыр Шығыстан Қазақстанға қоныс аударылды. Олардың қатарын 1939 жылы Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан күштеп қоныс аударылған 103 мың поляк пен Балтық жағалауы елдерінің халықтары, 1941 жылы Ресейдің Поволжье автономиясынан қоныс аударылған 349 мыңға жуық неміс, 507 мың Солтүстік Кавказ халықтары толықтырды. Грек, армян, мордва және тағы басқа да күштеп қоныс аударылған аз санды халықтар қаншама еді? Осылардың басым бөлігі қазақ топырағында біржола тұрақтап қалды. Республикамыздағы бүгінгі таңдағы көптеген конфессиялардың құрамына кіріп отырғандардың көпшілігі солардың ұрпақтары.

Мемлекет басшысы этностардың өзара ынтымағы мен бірлігін үнемі назарда ұстайды. Елбасының кең дүниетанымының арқасында әр алуан этностық топ өкілдері біздің тарихымыздың ең бір қиын-қыстау кезеңінде де оған үлкен сеніммен қарады және байырғы қазақ жерінде мемлекеттікті дамытудың бірден-бір қолайлы жолы ретіндегі егеменді мемлекет құрудың Назарбаев ұсынған қағидаларын қабылдады, бұл орайда бейбітшілік сүйетін қоғамда бостандықтың, теңдіктің және келісімнің идеалдарын ұстануды бірінші кезекке қойды.

1995 жылы 1 наурызда республиканың қоғамдық-саяси аренасында ұлттық саясат саласындағы реттеуші жаңа субъект – Қазақстан халықтары Ассамблеясы Президент Н.Ә.Назарбаевтың идеясы негізінде дүниеге келді. Этносаралық бірлік пен келісім мәселелерін шешудің тұтқалары жасалды. Ал шын мәнінде Ассамблея құрылғаннан бері он төрт жыл ішінде халықтар достығының феномендік институты өркениет институты дәрежесіне көтерілді. Қазіргі кезде оны XXI ғасырдағы адамзат тәжірибесінің қолы жеткен зор жетістігінің бірі ретінде әлем қауымдастығы мойындады. Аталмыш ұйымды құрылған күнінен Президентіміздің басқарып келуі Елбасымыздың төзімділік, этносаралық және конфессияаралық келісім қағидаларын жақтайтындығын дәлелдей түсті.

Қазақстанның қоғамдық өмірді ұйымдастырудың демократиялық нысандарына, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамға қарай бетбұрысын, бостандық аясының кеңі түсуін, егер Президент Н.Ә.Назарбаевтың сан қырлы қызметіне толықтай баға бергенде ғана түсінуге және ой елегінен өткізуге болады. Нұрсұлтан Әбішұлы әу бастан халықтың өз тағдырын өзі айқындауға деген ұмтылысын тамыршыдай тани білді. Ал бұрынғы кеңестік республикалардың орнында құрылған жаңа мемлекеттерде демократиялық үдерістердің сапасы, қарқыны, мазмұны мен нәтижелері олардың басшыларының жеке сапасына көп байланысты еді.

Қазақстан үшін қол жеткен жетістік пен табыстар, кемшіліктер мен қателіктер, қуаныш пен алаңдаушылық, дамудың басым тұстарын айқындап, салдарын да болжай білу – мұның бәрі Н.Ә.Назарбаевтың саяси қызметімен байланысты.

Данышпан ғұлама ғалым бабамыз Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің атақты «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» туралы трактатында мемлекетті басқарып тұрған адам ең алдымен қарамағындағылардың жан дүниесі туралы, олардың бақыты, гүлденуі мен өзара келісімінің болуы туралы ойлануы тиіс. Адамды емдейтін дәрігер оның дене құрылысын жақсы білсе, ел басқаратын мемлекеттік қайраткер де сол адамның барлық жан-дүниесін, оның ішкі қалтарыстарын, кемшіліктері мен ақауларын емдейді. Жүректің айналасына адам денесінің құрылысы қалыптасатын болса, билеушінің айналасына да тап сондай қайырымды ортаның қалыптасуы арқылы өзара түсіністік пен келісімге қол жетпек деген еді.

Әлемдік қоғамдық-саяси дәстүрді, әсіресе шығыс дәстүрін таразылай келе, біз өзіміздің Президенттің адами қасиеттеріне назар аударсақ, онда ең алдымен өзара келісім мен түсінушілікке сенім туғызатын әділеттілік екендігін көреміз. Президенттің аса маңызды қасиетінің бірі деп ауқымды ойлау қабілетін, өзіне әлемдік қауымдастықтың – Шығыстың да, Батыстың да барлық тәжірибесін жинай білуін айтар едік. Біздің ел – Орталық Азияның жүрегі, әлемдік өркениеттердің, еуразиялық дүниенің тоғысқан жері. Еуразиялыққа тән ауқымы кең, әмбебап ойлау қабілетін бойына дарытқан Президент қана елді, оның тәуелсіздігін, ұлттық қауіпсіздік пен этносаралық үйлесімдікті қамтамасыз ететін бағытпен алып жүре алады. Өз елімізді әлемдік тарихтың келешегінде көре білу – ұлттық мүдделер мен оның ұлттар бірлігін, этносаралық және конфессияаралық тұрақтылық пен ынтымақтастықты қорғау және қамтамасыз ету тұрғысынан мемлекеттік саясат жүргізу екені анық.

Еліміздегі діни фактор айтарлықтай алуан түрлі құрылым және ол өзінің жиынтығында адамға, оның дүниетанымдық құндылығына, өнегелілік бағыт-бағдарына, мінез-құлық ерекшелігіне, жан-дүниесіне ықпал етуге қабілетті қуатты рухани күш болып табылады.

Сондықтан Н.Ә.Назарбаев басты құндылық деп тек этносаралық келісімді сақтау және бекіту ғана емес, сонымен бірге барлық діни төзімділікті, конфессияаралық үнқатысу мен келісімді сақтап, нығайту деп санайды. Қазақстанда рухани келісім еуразиялық құрлықтың екі ірі этносы – түркі тілдестер мен славяндар ұстанатын екі әлемдік дәстүрлі діндер – ислам мен православиелік христиандар арасында басым болуы тиіс. Соған орай Қазақстандағы ислам-православиелік христиан келісімі арқылы қазақстандықтардың төзімділігі қалыптасып, сақталмақ. Бұл келісім уақытша сипатта емес: ол жаһандану жағдайында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының базасында және жақсылықты, ізгілікті, сенімді, ашықтықты, алыс-жақын адамдарды құрметтеушілікті, лайықты мінез-құлықты және игі істерге адамдардың қатысуын парыз санайтын ислам мен православиелік христиандықтың маңызды өсиеттері мен ғибраттары негізінде толық жүзеге аса алады. Құрлықтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің шешуші факторы ретінде конфессияаралық үнқатысудың көздеген ізгі мақсаты осындай.

Қазақстанның бірнеше конфессиялылығын ел бірлігін сақтап, нығайту үшін қалай пайдалануға болады? Ежелгі тарихи және қазіргі уақыт сынынан өт-

кен тәжірибе көрсеткеніндей, бұл конфессияаралық үнқатысу тиісінше жүйеге түсіп қалыптасса ғана мүмкін болмақ.

Қазіргі жағдайда болуға тиіс және қажетті діндердің, мәдениет пен өркениеттердің үнқатысу кеңістігін қалыптастыру – шиеленісті әлемнің әлеуметтік және мәдени реттелуінің маңызды нысандарының бірі.

Шын мәніндегі келісімге қол жеткізудің жолдарын, мүмкіндіктерін жариялай білетін діндердің, мәдениеттер мен өркениеттердің үнқатысуы кертартпа саясатқа тегеурінді тосқауыл бола алады. Н.Ә.Назарбаев әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің 2003 жылы өткен I съезінде былай деп атап көрсетті: «Біртұтас діни кеңістік құруға болмайды. Қазіргі айырмашылықтарды ақырына дейін еңсеруге болмайды, оның үстіне олар ұлы діндердің негізіне қатысты болып отыр. Алайда тұрақты үнқатысудың құндылығы мынада, орын алып отырған келіспеушіліктерге қарамастан, бәзбір «алтын ортаны» іздеудің мәні мен үдерісінің өзі сақталады».

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз жүргізіп отырған ішкі, сыртқы сарабал саясаттың арқасында тәуелсіз жас мемлекетіміздің халықаралық беделі жылдан-жылға артып келеді. Бұл үшін Аллаға мың да бір шүкіршілік. Әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының үш құрылтайының да Астанада өтуі осыны айқын көрсетті. Мұндай келелі, тарихи басқосуды өткізу жөніндегі жарқын идеяның бірден-бір бастамашысы, оны тамаша әрі жоғары деңгейде іс жүзіне асырушы да біздің реформатор Елбасымыз екені бәрімізге зор мақтаныш. Діндердің халықтар мен халықтарды, мемлекеттер мен мемлекеттерді өзара жақындатуда да, керісінше алыстатып, дүрдараз етуде де рөлінің айрықша зор екені талас туғызбаса керек.

Н.Ә.Назарбаев Астанада 2003 жылы қыркүйекте өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің ашылуында сөйлеген сөзінде: «Халықтардың, діндердің, мемлекеттер мен үкіметтердің бейбіт қатар өмір сүруі мен сындарлы өзара іс-қимылы туралы мәселе қазіргі кезде ерекше өзекті маңызға ие болуда. Ол таза теориялық аядан аса маңызды практикалық міндеттер қатарына шықты. Нақ сондықтан да көптеген аса көрнекті саяси және діни қайраткерлердің күш-жігерімен шынтуайтында байырғы заманнан қазіргі күнге дейін тоқталмаған діндердің, мәдениеттердің, өркениеттердің үнқатысуын жалғастыру ерекше қажет болып отыр. Бізге оқиғалар мен құбылыстарды әлемдік, сондай-ақ өңірлік мемлекетшіл өлшемдер тұрғысынан терең сыни талдау қажет», – деген еді. Бүгінгі алмағайып та қым-қуыт дүниеде бейбітшілік пен ынтымақ күшейіп, дамуы үшін діндераралық үнқатысу мен төзімділіктің мән-маңызы жоғары. Әлемдік тарихта бұрын-соңды бір үстелдің басында мұншама дін басшыларының үш рет бас қосып, үн қатысуы, өздерінің толғандырған ойларын ортаға салуы, бірін-бірі сабырлылықпен тыңдап, түсінісуіне біздегідей мүмкіндік тумаған. Астана басқосуы осындай ерекшелігімен де құнды. Бұған бірқатар елдерде болғанымда куә болдым. Сауд Арабиясы Корольдігінің қажылық істер жөніндегі министрі Абд әс-Салам әл-Фарисидің шақыруы бойынша, сол елде болғанымда сенімі алуан, көп ұлт пен ұлысты Қазақстандағы бүгінгі бейбіт те жарасымды өмірге өз қызығушылығын білдіріп, қалай қол жеткізгеніміз жайлы сұрады. Бұған жан-жақты нақты мысалдармен жауап бердім. Дүниежүзілік Ислам лигасының Бас

хатшысы, доктор Абдалла бин Абд әл-Мухсин әт-Түрки мырзамен жылы шырайлы, достық жағдайда өткен кездесу барысында біздегі конфессияаралық түсіністік пен ішкі тұрақтылықтың сақталуына қызығушылық таныта келе, бұл игі іс мемлекетіміздің салиқалы саясатының нәтижесі екенін айтты. Ол Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үш құрылтайына да қатысып, онда сонша рет ой-пікірлерін ортаға салған еді. Еліміздегі тыныштық пен жарасымды өмірге ұйытқы және бастамашы болып отырған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сан-салалы қызметі мен оның нәтижесін күнделікті көріп, қадағалап, баға беріп отырған Елбасы мен Үкіметтің нақты қолдау көрсетуі мен өзге сенімдегі отандастарымыздың да дінімізге деген құрметі діни істер реформасын пәрменді жүргізуімізге игі ықпал етуде.

Астана төрінде өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының үш съезіне де әлем көз тікті. Өйткені, мұндай кең ауқымдағы басқосулардың Қазақстанда өтуі еліміздің беделін, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік саясаттағы абыройын көтергені өз алдына, сонымен бірге бір-бірімен қақтығысқан мемлекеттердің діндер басшыларын да бір дөңгелек үстел басында тоғыстырды. Діндер съезіне қатысуға ықылас танытқандар еселене артқаны өзге елдердегі діндер өкілдерінің Қазақстанға, оның Тұңғыш Президентінің саясатына деген оң көзқарасын байқатты.

Осы кезге дейін әлемнің қай елінде ұлттық және дәстүрлі діндер басшылары бас қосқан мұншама съезд өтіп еді! Алғашқы болып Қазақстан осындай тың қадам жасау арқылы барша діндерді өзара ашық та еркін үнқатысуға шақырды. Бұған қай діннің өкілі болса да бейжай қарай алмады. Тіпті, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Франция секілді көптеген ірі мемлекеттердің президенттері Нұрсұлтан Назарбаевтың атына құттықтаулар жолдап, діндер басшыларының басқосуына бірауыздан қолдау білдірді.

Тегінде дін ұлттар арасындағы дүрдараздықтың емес, керісінше, келісімнің, достықтың, бейбіт өмірдің бастауы болуы керектігін елімізде сәтті өткен үш съездің де нәтижесі айқын көз жеткізді. Және бір құптарлық жәйт, Елбасы барлық елдің дін өкілдеріне теледидардан дін сағаттарын өткізуді ұсынды. Президентіміздің бұл ұсынысын оған қатысушы дінбасылары зор ықыласпен қолдады. Өйткені, әлемдік және дәстүрлі діндер басшылары Нұрсұлтан Назарбаевты бір сөзді, берген уәдесін орындайтын Президент ретінде таниды. Оған Елбасының ұсынысымен және тікелей қолдауымен екінші съезд қарсаңында Бейбітшілік пен келісім сарайының бой көтергені айқын дәлел. Ал теледидар арқылы дін сағаттарын өткізудің Таяу Шығыстағы елдер қақтығысы өршіп тұрған қазіргі шақта маңызы тіптен айрықша. Бұл ұлтаралық қақтығыстар толастамаған елдерге аса қажет-ақ. Сонымен бірге дін сағатында діннің қақтығыстарды жақтаушы да, ұйымдастырушы да еместігі айтылса, екінші жағынан, әлсін-әлсін көрініс беретін лаңкестік әрекеттерді ислам дінімен байланыстырғысы келушілерге де ой салары сөзсіз.

Бәлкім, сонда дүние жүзінде Ислам дініне қатысты көзқарас түзеліп, діни дүрдараздық тоқтар, бейбіт өмір орнар. Ізгі ниетті әлем халқының да қалауы осы емес пе?!

Жұмыр басты пенденің Жаратқанға жалбарынып, жақсылық тілемейтіні кемде-кем. Алда-жалда пиғылы жат біреулер кездесіп жатса, атам қазақ ондайларды «діннен безген» деп атаған. Құдайына қараған адамнан жаманшылық шықпайтынына сенгендіктен солай деген. Осының өзінен-ақ дін келеңсіздік емес, ізгілік пен жақсылық себетінін аңғаруға болады. Ендеше, бүгінде орын алып отырғандай, әлдебір кесір-кесапаттардың, ұрыс-жанжалдардың себебін белгілі діннен іздеу негізсіз. Бұл ақиқатты ұғынуда Қазақстанның байтағы Астанада болып өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үш съезінің де маңызы ерекше.

Өрқайсысының артында қауым ел тұрған дінбасыларының діни наным-сенімдері әр түрлі екендігіне қарамастан, бір шаңырақтың астына жиналып, адамдарды толғандырып отырған қауіпсіздік мәселелерін сөз етуі, оның жолдарын іздестіруі көңілге үміт ұялатады. Араны ажырататын кез келген жатырқаушылық пен жақтырмаушылықтан осындай үнқатысулар арқылы ғана арылуға болады. Солай екендігі Президент Н.Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I съезінде ашылуында сөйлеген сөзінде барлық қырынан ашып көрсетілді. Нұрсұлтан Әбішұлының «түсіністік қағидаттары» мен «келісім қағидаттары» деп атаған ой-тұжырымдары әлемнің түкпір-түкпірінде қолдау табатынына сенгіміз келеді.

Діни төзімділікке, бір-бірінің наным-сенімін құрметтеуге шақырған үннің әр түрлі діни ұстанымдағы адамдардың бірлігі мен татулығы үлгісін көрсетіп отырған Қазақстаннан естілуі көңілімізді марқайтады.

Адамзаттың жаңа XXI ғасырды бейбітшілік, ынтымақ, өзара түсіністік пен сыйластық ғасыры болар деген үмітінің ақталуына Алла сәтін салса, Астанада өткен съездер тиісінше өз ықпал-әсерін тигізуде. Алдағы күндерден күтеріміз мол. Өркениет әлеміндегі маңызы аса зор осы келелі басқосудың жас тәуелсіз Қазақ елінде үш қайтара өтуі және төртіншісінің де 2012 жылға жоспарлануының мәні айрықша. Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы беделі өсе түсті. Алла тағаланың жақсылығы және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың парасатты басшылығымен мемлекетімізде ұлттар мен ұлыстар өзара бірлік пен ынтымақта тату-тәтті өмір сүруде. Ел халқының 70 пайызын құрайтын мұсылмандар Ислам дінінің ұстанымдары мен шариғатқа сай өзге ұлт, өзге дін өкілдеріне түсіністікпен қарайды. Осыған орай ешкімнің де ұлт және дін араздығын туғызуына, ел қауіпсіздігіне қатер төндіруіне ешқандай себеп те, сылтау да жоқ. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы өзінің күнделікті сан қырлы қызметін Елбасының ішкі-сыртқы саясатына барынша қолдау білдіре отырып жүргізу үстінде. Бейбітшілік, татулық, игі қарым-қатынас пен көркем мінез-құлық, жақсылық пен тақуалық, өзара жәрдемдесу мен түсіністік секілді ізгілікті істердің барлығы да біз ерекше қадірлеп ұстанар асыл дініміз – Ислам уағыздарының да, амалдарының да негізі. Қазақстанда діндераралық түсіністік пен ынтымақтың діңгегіне айналған Ислам дінін ұстанушы отандастарымыз өз сенімдері мен ұстанымдарына қашанда адал, әрі берік. Өйткені, қасиетті Құранда айтылғандай: «Алла – имандылардың досы» («Бақара» сүресі, 257-аят). Осы ретте: «Ислам дінінен басқа дінді көксейтіндердің ешқайсысының

тілегі қабыл болмайтынын, ондайлар қияметте азап шегетіндігін» («Әл-Имран» сүресі, 85-аят), «Алла тартқан желіден (діннен) бекем ұстап, айрылмауды» («Әл-Имран» сүресі, 103-аят) дәйім есте ұстау керек дер едім. Олай болса, сақталып отырған діндераралық, халықтараралық, ұлттар мен ұлыстараралық достықты, ішкі тұрақтылықты бекемдей отырып, мемлекетімізді нығайтып, экономиканың дамуын қарқындылап, барынша алға баса беруіміз керек. Бұл ретте, әрине, әдетте ұлттық, діндік, мемлекеттік мүдделер іштей үйлесіп, жарық жұлдыздай жарқырап, бәрінен де жоғары тұруы керек деп білеміз.

Аталмыш игі істің басында тұрған, әлем діндері үнқатысуы, бір-біріне деген төзімділігі мен құрметі арқылы халықтар ынтымақтастығы мен достығын сақтау – адамзат тіршілігінің жалғасы деп білген Елбасымыздың ізгі бастамасын атап өту қажет. Сондай-ақ осы игі бастаманың іске асырылуына ықпал-әсерін тигізген құрметті дәстүрлі діндер басшыларының да қосқан өзіндік үлестері зор!

Қазақстан – көптеген халықтар мен діндердің ынтымақ пен бірлікте тіршілік етіп жатқан құтты мекен. Ондағы халық христиан мен иуда, будда және басқа да діндердің өкілдері. Олардың күні бүгінге дейін діни немесе ұлттық негізде бір-біріне ешқандай қысымшылығы мен алауыздықтары болмағандығын баса айта кету керек.

Өзінің географиялық орналасуына қарай Қазақстан басты өркениеттер мен діндердің тоғысқан жерінде жатыр. Батысы мен солтүстігінде Ресей мемлекетімен, яғни Самуэль Хантингтон тілімен айтқанда, православ өркениетімен, оңтүстігінде Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, яғни ислам өркениетімен, Шығысында Қытай елімен, яғни будда-конфуций әлеміне қатысты қытайлық өркениетпен шектесіп жатыр. Осыдан келіп Қазақстанды дүниежүзілік өркениеттердің тоғысқан жері десек, артық айтпағанымыз. Қазақстан үш бірдей геосаяси күштерді байланыстырып отырған өркениетті-геосаяси дәрежеге ие. Ал осының бәрі Қазақстанға бейбіт өмір сүру жолын таңдап, жалғастыруды тарихи міндет етіп жүктейтіні сөзсіз. Дегенмен, бұл міндеттің жүзеге асуы жалғыз біздің еліміз бен Президентіміздің ұмтылысымен іске аспасы мәлім. Ол көптеген ел мен дін қайраткерлерінің іс жүзінде қолдап, көмектесуімен ғана оң нәтиже беретіндігіне сенімдіміз.

Президент елдің өркендеп дамуы мен көркейіп күшеюі халықтар достығы мен олардың жоғары адамгершілік қасиетінде, адамдардың әл-ауқаты мен мемлекеттің қауіпсіздігінде екендігін айқын түсінеді. Осыдан келіп Нұрсұлтан Әбішұлы өзге маңызды салалармен қатар адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы діннің рөлі мен орнына үлкен мән беріп, әрдайым назарынан тыс қалдырмайды. Президент Н.Ә.Назарбаев қызметі барысында елдегі діндердің басшыларымен де кездесіп, хал-жағдайларын біліп, қарапайым діндарларға өз тілек, өтініштерін жеткізіп тұрады. Қамқорлық жасап, өзгелерге үлгі көрсетеді. Соның бір дәлелі, республика көлеміндегі басты діндер – мұсылмандардың Құрбан айт, христиан дініндегі православиеліктердің Рождествоны тойлауға ресми демалыс күндерінің тағайындалуына бірден-бір себепкер болғандығы дер едік.

Республикадағы екі дін арасындағы түсіністік пен төзімділік қоғамдағы келісім мен жарасымды өмірді сақтауда үлкен рөл атқарады. Оған басты себеп,

алдында айтып өткеніміздей, Қазақстандағы діндарлардың басым көпшілігі осы діндердің ұстанушылары екендігі. Біз осы ислам-православиелік христиан арасындағы өзара түсіністікті дамытып, сақтаудың арқасында, Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында айтылған Қазақстан халықтарының төзімділігіне қол жеткізе аламыз. Бұл, әрине, басты әлемдік діндер насихаттайтын сүйіспеншілік, бауырмалдық, өзара сенім, сыйластық, мейірімділік сияқты асыл қасиеттер негізінде іске асары сөзсіз.

Діндер арасындағы үнқатысуды сөз еткенде, Елбасының басшылығымен 2003 жылдың қысында Алматы қаласында өткен Ислам мен иуда діндері өкілдерінің бас қосып, Таяу Шығыста бейбітшілік орнату жолдарын талқыға салған алқа жиынды да айналып өтуге болмайды. Өйткені, екі дін өкілдері, мойындау керек, көп жағдайда бас қоса бермейтіні анық.

Халықаралық шиеленіскен жағдайлар мен проблемалардың шешімін табуда түрлі діндер мен халықтар арасында тіл табысып, бірін-бірі дұрыс түсіну тұрғысынан, құрылтай басты бір ортақ мәмілеге келудің ұтымды әдіс-амалына айналғаны шындық. Ал оның нәтижесі әр түрлі діни сенімдегі халықтардың бейбіт тіршілігіне үлесін қосса одан қай-қайсымыздың да ұтылмасымыз хақ.

Өткен үш құрылтайдың да өзіндік мәнісі болды. Соның айқын бір дәлелі – Астана қаласында салынған Әлем діндері мен бейбітшілік үйі. Шынында ол достық пен татулықтың символына айналады деп сенеміз. Барлық діндердің өкілдерін біріктіретін мұндай сарай, біздің ойымызша, әлі ешқандай елде бой көтерген жоқ. Мұны, әлбетте, Қазақстанның өзгелердің алдында ерекшелігін көрсетіп қалу мақсатында деп емес, оның бейбітшілік пен ынтымақтастыққа қосқан қомақты бір үлесі деп қабылдаған жөн. Діндердің ортақ үйі, Президент Н.Ә.Назарбаев айтып жүрген «әлемнің нақ кіндігіне» айналуы әбден мүмкін. Сол жерде діндер өкілдерінің оң нәтижелі ортақ шешімдері дүниеге келуі мүмкін деп те үміттенуге болады. Олар, әрине, заман талабына сай әдіс-амалдарға сүйеніп, ғылыми-практикалық негізде іске асырылғанда ғана жемісті болары хақ.

Дінаралық үнқатысу мәселесі сөз болғанда діндердің бірігуі немесе бір-біріне қосылып кетуі жайында ой туындамау керек. Мұндай ой ешқандай сынды көтермесі анық. Әлемдік діндер, қандай жағдай мен кезең болмасын, өз тіршілігін жоғалтпай, адам баласымен бірге жасай беретіндігін өмір өзі дәлелдеп берді. Қасиетті Құранда біз қозғап отырған мәселе төңірегінде былай тұжырымдалған: «Егер Алла өзі қаласа, сендерді, әрине, бір үммет қана етер еді. Бірақ ол сендерді сынау үшін түрліше шарифат жасады. Жақсы істерге ұмтылыңдар. Сендердің бәрің де Тәңірінің алдына қайтып ораласыңдар» («Әл-Маъида» сүресі, 48-аят). Жаратушы Иеміз адам баласына ақыл-ой, сана беріп, қай жолды таңдауды оның өз еркіне салды. Ол қаласа барша адам баласын бір қағидаға, яғни бір ғана сенім-нанымға бойұсындырып қояр еді, бірақ олай істемеді. Адамдарға үлкен сенім білдіріп, еркіне жіберді. Осы ретте Алла Құран кәрімде: «Сен адамдарды мұсылман болуға күштеп көндіремін деп ойлайсың ба? Жоқ, жер бетіндегі адамдар тек Алла тағаланың бұйрығы болса ғана түгел мұсылман болады» («Жүніс» сүресі, 99-аят), – дейді. Бұл

айтылғандардан шығатын қорытынды – адамдар қай дінде болса да олар бір-бірімен бейбіт, келісімде өмір сүрулері тиіс. Адамдардың мұсылмандықты қабылдап, иманға келуі құдіреті күшті Алланың қалауында. Осыдан келіп, кейбір діндерде көрініс беретін экуменизм мәселесі дінаралық келісім мен үнқатысуда оң нәтижеге жеткізбейтіндігін дұрыс түсінуіміз керек.

Алла тағаланың қасиетті кітабындағы қасиетті аяттардың мән-маңыздылығы сол – олардың уақыт өлшемімен шектелмеуі. Мәселен, жоғарыда келтірген үзіндіде ол өзі жаратқан пендесін күні бүгін де жалғасын тауып келе жатқан діни негіздегі келеңсіздіктен сақтандырады. Ол қандай келеңсіздіктер? Олардың ең бастысы ретінде иуда, христиан, мұсылман діндері өкілдерінің бір-бірінің жамағаттарын өздеріне тарту мақсатындағы прозелетизммен айналысуларын атап өтуге болады.

Келесісі – олардың діни әдеттеріндегі монотеизм мәселесіндегі пікір алшақтықтары және содан туындайтын бір-біріне тағатын айып, кінәлары. Аталған іс-әрекеттер талай ғасырлар бойы жалғасып, бүгінгі күні де алаңдатып отыр. Сондықтан біз бұл мәселе төңірегінде де салмақты ой қозғап, бір ортақ келісімге келіп, одан шығудың тиімді шешімдерін табуға тиіспіз. Өйткені, аталған үш діннің де адамзатты ақырет азабынан құтқару жолындағы абзал да сауапты іс атқарып жатқандығын кім де болса жоққа шығара алмайды. Ал Исламның өзге дәстүрлі діндерді, әрі олардың пайғамбарлары мен кітаптарын мойындайтындығы әуел баста-ақ қасиетті Құранда айтылған.

Бүгінгі жаһандану үдерісінің пәрменділігі халықтардың тіршілігінде көптеген жаңа проблемалар туындатуда. Сондықтан оның шарттарына төтеп беріп, түр-келбетіміз бен әдет-ғұрпымызды, мәдениетіміз бен өнерімізді сақтап қалу үшін бізге осы ортада өмір сүрудің парасатты жолы қажет. Ол үшін, алдымен, халықтар арасында бір-біріне деген сенімді нығайтып, әдет-ғұрпы мен салтын, діни сенімі мен өркениетіне түсіністікпен, құрметпен қарау керек. Адамзат баласының сана-сезімінің, көп жағдайда, техникалық үдеріске бағындырылған кезеңінде, адам мен Құдай тағала арасындағы және түрлі діндерді дәріптейтін діндарлар арасындағы өзара байланысы сөз болғанда адамға тән адамгершілік ізгі қасиеттердің естен шығарылмағаны абзал. Өйткені, ол адамдардың бір-бірімен қатынасында алдымен көзге түсетіні шындық. Адам тілдесе келе сөйлескен адамының діні мен ділін анықтай жатады. Бұл мәселені айтып тұрған себебім, монотеистік діндерден басқа да пантеистік діндерге деген көзқарасты да дұрыс бір жолға салу қажеттігіне көптің назарын аудару. Осылайша Алла тағала жаратқан қандай да болмасын пендесіне дұрыс та оң көзқарас қалыптастыруға тырысқан.

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 21 мамыр

Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ,
Астана қаласының әкімі

ЕРКЕ ЕСІЛДІҢ БОЙЫНА ЕЛ ҚОНДЫРҒАН

«Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім, жағалай жатқан сол елге мал толтырсам деп едім» – Махамбет ақынның осы жыр жолдары ойға оранып отыр. Алтай мен Атыраудың арасындағы қыран ұшса қанаты талатын, құлан жортса тұяғы тозатын алып даланың төсіне ел қондыру, жағалай қонған сол елге мал толтыру – арғы-бергідегі ата-бабаларымыздың баршасының аңсаған арманы еді. Сан түрлі себептермен ол арман орындалмай келді. Мұның басты себебі тәуелсіздігіміздің қолға тимеуі болатын. Егемен ел атанып, көк байрағымызды көк жүзіне желбіреткеннен кейін Елбасымыз алдымен кең-байтақ даламызға ел иесінің, жер киесінің орайлы орналасуын ойластырды. Осыдан дәл 16 жыл бұрын, 1994 жылдың 6 шілдесінде республика астанасын Алматыдан Ақмолаға ауыстыру жөніндегі ұсынысын Парламент талқылауына шығарды. Шешім қабылдаттырды. Иә, Парламент астана ауыстыру жөнінде шешім қабылдағанда осы идеяны қолдағандардың бәрі бірдей Елбасы ұсынысының халық тағдырын, тәуелсіздік тағдырын шешетіндей тарихи мән-маңызын толық түсініп, өзегінен өткізе қойды, жүрегіне жеткізе қойды деп айту әділдікке онша жанаспас еді. Депутаттар шешіміне олардың Елбасына қалтқысыз құрметі, елді бастаған ерге сенімі де әсер еткені анық. Мұны дәл сол кезде толық түсіну оңай да болмайтын. Еліміз жасампаздық жұмыстан гөрі жан бағудың қамына көбірек бас қатырып тұрған кезең. Адамдар айлап айлық алмайтын, зейнетақы мен шәкіртақы үздік-создық, оның өзінде там-тұмдап төленетін сол қилы кезеңде астана ауыстыру, бүкіл қажетті инфрақұрылымды қайта жасап шығу, шын мәнінде жаңа қала салу деген нағыз фантастикалық идеяның өзі сияқты көрінетін. Ойымдағыны ірікпей айтатын табиғи мінезіме басып, астананы көшіруге байланысты көңілімдегі күдік-күмөнімді бір айтып қалғанымда Нұрсұлтан Әбішұлының маған не дегенін осыдан 2 жыл бұрын осы «Егемен Қазақстан» басшысына берген сұхбатымда келтіргенмін. Қайталай кетейін. «Сен ондайды қой», деген еді сонда Президент. «Біз мынандай территорияға елдің бір шетінен қарап отырып, ие бола алмай қалуымыз да мүмкін. Арқада, солтүстік облыстарда демографиялық ахуалды қалайда өзгертуіміз керек. Мына елдің негізгі иесі кім екенін бүкіл әлем білуге тиіс. Елдің иесі елдің қиыр-қиырына бірдей қарап отыруға тиіс. Тым болмаса соны түсінсеңдерші. Экономиканы ел орталығынан басқарған тиімді. Ақмола тоғыз жолдың торабында тұр, облыстардың астанамен байланысы да оңайлайды» деп бастап, біраз жайды түсіндірген. «Бұл мен үшін емес, бұл ел үшін керек, елдің ертеңі үшін керек, мұның мәнін қазіргі адамдар толық ұғаруқпас, бірақ болашақ ұрпақтарымыз ұғатын болады», деген сонда Елбасы.

Мұның мәнін қазіргі адамдардың өзі толық ұғып үлгерді деудің реті бар Астананың алғашқы мүшелінің тұсында.

Иә, бүгінде астана ауыстыру экономикалық шешім немесе қоғамдық-саяси қадам ғана еместігі, бұл тіпті мемлекет құру тетігі идеологиясына түзету енгізу ғана еместігі, мұның өзі идеяларды жаңартудың, тәуелсіз мемлекеттің тарихи «Менін» айқындаудың дәл өзі екендігін барша жұрт біліп болды. Елбасының талай шешімін талай қырынан сынға алып жататындардың өзі қазір астана ауыстырғанымыз қате шешім дегенді ауызға алмайды. Ауызға алса күлкіге қаларын олар да біледі. Астана – бүгінде бүкіл әлем мойындаған ақиқат.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың саяси қолтаңбасының басты сипаттарының бірі – қашанда стратегиялық тұрғыдан ойлауы. Сол ойластырғанын нақты іске айналдыра алатын қасиеті. «Астана» жобасы бәрінен бұрын Қазақстан халқының алға ұмтылуын ұйымдастырған ұлы жұмылдырғыш қуатқа ие екендігімен ерекше бағалы. Жаңа астана Қазақстанның жаңа символына, тәуелсіздіктің жүйелік атрибуттарының біріне айналуға, кешегі кеңестік кезеңмен қоштасуға берік бел байлағанымыздың белгісі болуға тиісті еді. Солай болды да.

Астана феномені әлі де толық ой елегінен өткізілді деу қиын. Мысалы, саясаттануда, экономикада реформалар «төменде» туындап, алдымен халықтың өз ішінде пісіп-жетілуі керек, сонда ғана олар өміршең болады делінеді. Негізінен солай екені рас. Ал Нұрсұлтан Назарбаевтың астана ауыстыру реформасы «жоғарыда», жоғарыда болғанда да бір адамның ғана ойында пісіп-жетілді ғой, алғашқы кезде бұл идеяны тіпті Президент айналасының өзі де толық түсініп, толық қолдай қойған жоқ қой. Демек, ұлт тағдырының тізгінін қолға алған, халқының қалтқысыз сеніміне ие болған көшбасшы бастаса реформалар «жоғарыдан» да жемісті жүргізіледі. Жалпы, Нұрсұлтан Назарбаевтың ел басқару тәжірибесінде қасаң қалыптардың құрсауын талқандайтын талай тұстар бар.

Соның бірі де, бірегейі де – қазір жасампаздық жұмысымыздың жақсы жемісіне, жарқын жеңісіне айналған Астана. Жалпыұлттық идеяның салтанатына айналған Астана. Ел ордасын ауыстыру жөнінде шешім қабылданғаннан 5-ақ жыл өткенде, Астананың халықаралық тұсаукесерінен 1-ақ жыл өткенде әлем танып, ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы» атанып үлгерген Астана. Бұл атақ планетамызда аз уақыттың аясында әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда тамаша табыстарға қол жеткізген, ұлтаралық, конфессияаралық келісімді нығайта білген қалаларға беріледі.

Цифрларды сөйлетіп көрейікші.

Халықаралық тұсаукесері өткен 2008 жылы халқының саны небәрі 200 мың адамдық Астанада қазір 700 мыңға жуық адам тұрады. 1997 жылы осындағы өңірлік жалпы өнімнің көлемі 300 миллион доллардан аспаса, өткен жылы бұл көрсеткіш 9 миллиард АҚШ долларына жетті. Қаржыландырудың барлық көздерінен салынған тұрғын үй құрылысының көлемі 1 миллион 260 мың шаршы метрге барды, мұның өзі 1998 жылғы көрсеткіштен 10 есе артық. Сол жылы кәсіпкерлік салада шағын бизнестің небәрі 7716 субъектісі болса, қазір олардың саны 74700 бірлікті құрайды, демек бұл көрсеткіш те 10 есе артық. Шағын және орта кәсіпкерлік өнімінің көлемі 300 миллиард теңгеге жетіп, 1998 жылғыдан 11 есе асып түсті. Дамудың мұндай қарқынын сіз әлемнің бірде-бір

елінің астанасынан таба алмайсыз. «Астана бүкіл Қазақстан дамуының локомотивіне айналуы керек» деген Елбасы сөзі дәл келді. Астана құрылысына елдің 71 қаласы, 432 құрылыс компаниясы атсалысты, құрылыс материалдарын 135 зауыт жеткізіп беріп тұрды.

Астана біздің халқымыздың өз күшіне сенімін нығайтты. Астана Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен қолға алынған қандай жобаның да жүзеге асатынына күмән қалдырмады.

Елорданы Алматыдан Арқа төсіне ауыстырудың саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да, экологиялық тұрғыдан да, географиялық тұрғыдан да толық ақтағандығы талассыз. Бірнеше жыл Алматы әкімі қызметін атқарған адам ретінде мен тау баурайындағы қазаншұңқырда қалған Алматының дамуы қандайлық факторлармен тежеліп тұрғанын жақсы білемін. Алматының экологиялық жағдайынан барша жұрт хабардар. Елорданы ірі көлік-коммуникациялық торапқа, елдің индустриялық-өнеркәсіптік, аграрлық және шаруашылық өмірінің эпицентріне көшіру бүкіл Қазақстан аумағындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді әлдеқайда тиімді және жедел басқарып отыратындай жағдай жасағанын қазір түсіндіріп жатудың өзі артық. Қаламыз бүгінде Қазақстандағы ғылыми-техникалық прогрестің қозғаушы күші ретінде индустриялық-инновациялық жаңару бағдарламасының түйінді стратегиялық белгісіне айналған.

Есілдің екі жағын қатар жайлап жатқан аяулы Астанамыз осы заманғы жоғары технологиялық ғимараттар тұрғызылған сәулет стилімен де сүйсіндіреді. Қала келбетінде ұлттық бояу мен еуропалық үрдістер жақсы жарасым тапқан. Кисе Курокава, Норман Фостер сияқты осы заманның талассыз ұлы сәулетшілерінің қанатты қиялынан қалыптасып жатқан асыл Астана Мемлекет басшысы идеясының материалдық жүзеге асуының келісті көрінісі ретінде жүрек тебіренгенді.

Астананың болашағы да жарқын. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы 17 наурыздағы Жарлығымен қаланың 2030 жылға дейінгі тұрақты дамуының стратегиялық жоспары бекітілген. Қазіргі таңда қала өнеркәсібін өркендету, елорданың инвестициялық тартымдылығын арттыру бағытында көп жұмыс атқарылуда. «Астана – жаңа қала» аталатын арнаулы экономикалық аймақ осындағы жаңа әкімшілік-іскерлік орталықты құру мен Индустриялық паркте жаңа өндіріс орындарын ашуды көздейді. Ондағы 6 мың гектардан астам аумақта 256 нысан тіркелген. 2009 жылы жаңа орталықтың аумағында шетелдік инвесторлар қаржыландыратын «Абу Даби Плаза» және «Central Park» кешендері жобалары басталды. Индустрияландырудың өңірлік картасына сэндвич панельдер шығаратын зауыт («Кровля НС» ЖШС), жиһаз фабрикасы («Ақ Нұр» ЖШС), көкөніс қоймасы («Астанапром» ЖШС) сияқты жобалар енгізілген.

Біздің жоспарларымыз ауқымды. 2015 жылға қарай Астана бәсекеге қабілетті экономикасы, тартымды бизнес-ортасы бар қалаға, инновациялық дамуы мен қуатты кадрлық әлеуеті бар экономикалық орталыққа, тұрғындар үшін, ел азаматтары мен туристер үшін нағыз тартымды мекенге айналады.

Болашақта Астананың Еуразия континентінің орталығы ретіндегі тарихи мәртебесін сақтау үшін оның алдында мынадай міндеттер тұр және сол міндеттерге сәйкес шаһар дамуының келесі бағыттары айқындалған:

бірінші – елорданың дағдарыстан кейінгі табысты дамуы;

екінші – жедел индустрияландыру жолымен экономиканың тез қарқынмен өртараптандырылуы;

үшінші – елордадағы адам ресурстарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

төртінші – қала тұрғындарын сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметпен қамтамасыз ету;

бесінші – қаланың тұрақты дамуы үшін елордалықтардың бірлігін нығайта түсу және қоғамның топтасқандығын қамтамасыз ету.

Қала экономикасын дамытуда оны жедел өртараптандыру міндеті тұр, брэндтік өнімдер шығаратын бірлескен жаңа кәсіпорындар құру жоспарланған. Оның кейбіреулері қазірдің өзінде салынып жатыр.

Бұл мақсаттарды іске асыруға бағытталған шаралар елордада іскерлік ахуалды дамыту үшін қолайлы орта құру арқылы шағын және орта бизнестің өркендеуіне қолдау көрсетуді қамтиды.

АЭА-ның құрылыс аймағы аумағында Ұлттық ғарыш агенттігі «Жинау-сынақ кешені» жобасын іске асыруды бастамақ, оның негізінде осы заманғы спутниктер жиналатын болады. Биыл «Химфарм» АҚ-тың «Фармацевтикалық фабрикасын», «Астана ЭкоСтандарттың» жылыжай кешенін салуды бастау жоспарланған. Құрылыста инновацияларды, ғылыми-зерттеу нәтижелерін пайдалануға артықшылық жасалады, бұл жаңашылдықтар тұрғын үй салу саласында жаңа технологиялар әзірлеуге бағытталады.

Астанада халықаралық стандарттарға бейімделген білім алудың сапалық жаңа деңгейіне көшу қамтамасыз етілетін болады. Қазірдің өзінде жұмыс істеп үлгерген «Назарбаев интеллектуалды мектептері» жобасының аясында халықаралық деңгейдегі «Назарбаев университеті» ашылды. Жаңа университет арқауында, Елбасының биылғы Жолдауында айтылғандай, үш ғылыми орталық құрылады. Мұның өзі «Болашақ» бағдарламасы бойынша кейбір саладағы кадрларды шетел университеттерінде емес, өзімізде дайындауға жағдай жасайды.

Денсаулық сақтау саласында Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей қамқорлығымен және қатысуымен ашылған медициналық қызмет орталықтары әлемнің дамыған елдерінен еш кем соқпайтын кластердің құрылуына жол ашты. Қазір елордада бұрын бізде ешқашан жасалмаған операциялар жасау мүмкіндігі туды.

Инженерлік инфрақұрылымды дамытуда оларды түбегейлі жаңғырту, жаңа энергия көздерін салу және жөндеу шаралары қолға алынып, сол арқылы елорда энергия тапшылығы проблемасын түбегейлі шешпек. Бұл мақсатқа жету үшін ТЭЦ-1-ді реконструкциялау, ТЭЦ-2-ні кеңейту жалғасып, үшінші жылу-энергия орталығын салу басталады. Соның негізінде коммуналдық шаруашылық нысандары, сумен жабдықтау жүйесі дамитын болады. Тұтынушыларға үздіксіз сапалы су, жылу және электр энергиясын беру қамтамасыз етіліп,

олардың шығыны барынша азаяды. Жаңбыр суы канализациясын және тазарту құрылғыларын салу бүкіл қала аумағында басталып, қаланың абаттандырылуы жоғары деңгейге көтерілді.

Елорданың алғашқы кезеңі мен мүшел жасқа қадам басқан қазіргі шағын салыстырсақ, қаланың орасан қарқынмен өскендігін байқау қиын емес. Мұндай өскелеңдікке көз сүйсініп, көңіл қуанатындығы анық. Сонымен қатар қала тұрғындары сұранысының толық қанағаттандырылмай отырған кейбір жақтарын да білемін. Техникалық тұрғыдан қарасақ, солардың ішінде сапалы көлік қызметіне деген сұраныстың барған сайын өсіп және оның толық мәнінде өтелмей отырғаны, сонымен қатар адами тұрғыдан келгенде ата-аналардың балабақшаларға, мектептерге деген талап-тілегінің орындалмай келе жатқаны жаныма қатты батады.

Өзіміз де ата-анамыз, сондықтан екінші мәселеден бастайық. Бұрынғы провинциялық қалада мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінің жетіспеушілігі байқала бермесе, осы жылдары қала тұрғындары санының 3 еседен астамға көбеюі бұл проблеманы барынша өткір қойғандығы сөзсіз. Былтырғы жылғы Елбасы тапсырмасына дейін де кейбір шаралар қолға алынған болатын. Ал нақты міндет қойылған соң бұл шаруаны қолға мықтап алдық. Шынын айтсам, кейбір тапсырмаларды қуана жүріп орындайтының бар. Дәл сондай жәйт осы балабақшаларды ашуға байланысты болып отыр. Енді бірер жылда жұртшылықтың өтініштері көп ретте қанағаттандырылатынына сенімдімін.

Көлік жүйесін техникалық дамыту мәселесі көшелер мен көлік инфрақұрылымының нысандарын, қаладағы көліктер жай-күйінің жақсарғанын және олардың жүруін, халықтың автомобильденуін ескере отырып, түбегейлі мақсатты шаралар қабылдау арқылы шешілуі тиіс.

Қала көшелеріндегі қозғалысты ұйымдастыру мен басқаруды нағыз өнер деуге болады. Кез келген адам баратын жеріне ең қолайлы маршрутты таңдап, тезірек жетуді ойлайтыны белгілі. Ал енді сол жерге бірнеше маршрутпен барынша аз уақытта жету мүмкіндігі болса тіпті жақсы ғой. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін 23 көлік жолайрығын, 156 шақырым автомобиль жолдарын төсеу мен реконструкциялау, 25 жерасты және жерүсті жүргіншілер өткелдерін салу арқылы жүзеге асырмақпыз. Сәулет және қала құрылысы басқармасы мен «Астана қаласының бас жоспары ғылыми-зерттеу жобалау институты» МҚК бірлесіп, Астана қаласының 2040 жылға дейінгі көлік стратегиясын әзірлеуді бастады. Мұнда тіпті ғимараттар мен үйлердің құрылысын қала көшелері желісінің мүмкіндіктерін негізге ала отырып салу айқындалған. Қазірдің өзінде атқарылған шаралар арқылы Астана көшелеріндегі жүрісті реттеу және өткізу қабілетін арттыру мүмкін болды.

Қысы суық, жазы ыстық, жауын-шашыны да аз емес қала көшелерін асфальттаудың да мәселелері жетіп артылады. Қазіргі кезде қиыршық тастар негізгі каркас болып, оның аралығы ұсақталған құммен және целлюлоза минералдық ұнтағымен араластырылған битуммен толтырылады.

Қазір елордада жолаушылар тасымалы көліктің төрт түрімен жүзеге асырылады. Олар – автомобиль, темір жол, әуе және су көліктері. Ал қаланың

серпінді дамуы және жол инфрақұрылымы дамуының төмен қарқыны осы заманғы инновациялық жедел жүрісті көлік жүйесінің қажеттігін туындатып отыр. Шаһарды дамытудың бас жоспарына сәйкес «Астана қаласының жаңа көлік жүйесі» жобасын іске асыру қолға алынды. Бұл жобада эстакадалық нұсқадағы жедел жүрісті жеңіл рельсті көлік жүйесін салу көзделіп отыр. Осы мақсатқа сәйкес былтырғы жылы Астана қаласының әкімдігі мен француздың «Альстом» компаниясы арасында жаңа көлік жүйесі жобасын әзірлеу мен қаржыландыруға байланысты меморандумға қол қойылды. Қазіргі кезде Францияның Экономика министрлігінің грантына «Egis VCEOM International» компаниясы ұзындығы 27,9 шақырым шеңбер жол жобасының бірінші кезеңінің техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету енгізуде.

Елордаға жоғары дәрежедегі басшылар жиі келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сол мәртебелі меймандардың қала құрылысына қатысты инвестиция салу, нақты мәселелерге сол елдердің компанияларын тарту ісін үнемі назарда ұстайды. Мәселен, былтырғы жылы Астанаға ат басын тіреген Франция Президенті Николя Саркозидің сапары да сондай тұрғыда пайдалы болды. Жоғарыда айтқан шаралар сол негізде жүргізілгені белгілі.

Астанаға сапармен келген Ресей, Қытай, Түркия, араб елдері басшыларының қала құрылысына атсалысқанын мақтанышпен айта аламыз. Бұл тұрғыда Сенат пен Мәжіліс ғимараттарының, орталық мешіттің, басқа да кешендердің тұрғызылғанын атауға болады.

Астананың салынуы және қарыштап дамуы Қазақстанға ғана емес, басқа да шет мемлекеттерге пайдалы болып отырғанын атап өткен жөн. Қазіргі нарық заманында салынған инвестиция оны салған ел үшін пайда келтіретінін ұмытуға болмайды. Бұл орайда Астана инвестициялық форумының да тиімділігі зор. Ал осы жылдың 7 маусымында «Astana Invest-2010» халықаралық инвестициялық форум болды. Бұл шара қолайлы инвестициялық ахуалды жақсартуға және Астана экономикасына тартылған отандық және шетелдік инвестициялар ағынын одан әрі ынталандыруға, Қазақстан елордасының әлемдік рыноктағы имиджін ілгерілетуге арналған. Форумға қатысқан әлеуетті инвесторлар Астанада бизнес жүргізудің экономикалық, құқықтық және басқа жағдайларын зерттеп, инвестициялық жобалардың тұсаукесері барысында қаланың инвестициялық әлеуетімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Форумда жалпы құны 7 млрд. долларлық 113 жобаның тұсаукесері өтті. Оның 51 жобасы құрылыс нысандары болса, 42 жоба кәсіпорындарға, 20 жоба мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке арналған. Қорытындысында жалпы сомасы 2 млрд. долларлық 8 меморандумға қол қойылды, 3 меморандум бойынша қазіргі кезде несиелік келісім-шарт жасалуда. Шетелдік капиталға орасан зор құрылыстар жүргізіп, кәсіпорындарды іске қосу бүкіл әлемде орныққан үрдіс. Астана әкімдігі алдағы кезде де бұл бағыттағы шараларды жалғастыра беретін болады.

Шаһар экономикасын дамытудың бір жолы оның имиджін көтеріп, туристік әлеуетін арттыру деп білеміз. Қазіргі кезде еліміздің барлық өңірлерінен асқақ Астананы тамашалауға келушілер көбейіп отыр. Сол секілді шет елдерден

келушілерді көптеп қызықтыру да маңызды саналады. Қаланың мұндай келбетін айшықтай түсуге оның әуежайынан, қонақ үйлерінен бастап барлық қызмет түрлері әсер ететінін жақсы білеміз. Біз үшін қаланың атын әлемге жайып отырған «Астана» велошабандоздарынан, «Барыс» хоккей клубынан, үздік баскетбол клубынан бастап өнер саласындағы майталмандарымызды қосса алғанда бәрі де қызмет ететіндігі сөзсіз.

Өзінің мүшел жасына қадам басқан Астананың қалай өркендеп, қалай даму керектігін жақсы білеміз. Мұны елорданы тұрғызушы, оның бас сәулеткері Нұрсұлтан Әбішұлы әрдайым есімізге салып отырады. Еліміз тәуелсіздік алып, Қазақстанның төрт бұрышындағы облыс атаулары арқылы елдің тұтас аумағын белгілеген кезден бастап Елбасымыздың күндіз ой-санасында, түнде түсінде көретін елордасын сол мақсат-міндеттерге сәйкес өркендете білсек, бұл олжадан келгеніміз. Қазіргі барлық қызметіміз сол мақсатқа бағындырылған.

Елорда мен Елбасы егіз ұғымға айналғалы да талай уақыт болды. Бүгінде халқымыз елорданы Елбасының ерен ерлігі, елінің ертеңін ойлап жасаған ұлы шешімі деп біледі. Сол үшін де құрмет тұтады. Астана ауыстыру туралы шешім кезінде Елбасының туған күнінде қабылданған. Бұл – ұлы күн.

Бұл күн біздің халқымызға ғасырлар бойғы өкінішінің өтеуіндей етіп Нұрсұлтан Назарбаевты сыйлады. Бұл күн біздің халқымызға тәуелсіздіктің тамаша табысына айналған тамаша шешімді сыйлады.

Өркениетті әлемде мұндай даталар бөлекше ардақталады. Мысалы, АҚШ-та елдің тұңғыш президенті Джордж Вашингтон туған күн – 22 ақпан Президент күні – мемлекеттік мереке ретінде аталады. Біздің елімізде де 6 шілденің бүкілхалықтық мереке болып белгіленуінде әрі жарасымды заңдылық, әрі ғажайып тарихи әділеттілік жатыр.

Туған күніңмен, еңсесі биік Елорда!

Туған күніңізбен, елі сүйген, елін сүйген Елбасы!

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 6 шілде

Қабиболла ЖАҚЫПОВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты

ЖАЙЫҚТАҒЫ ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУЛЕР

Кезінде кездейсоқ түсірілген сурет арқау болған бір бильбордтың сыры

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен мен алғаш рет 1992 жылдың күзінде жүздестім. Тәуелсіздіктің басы, ел экономикасы әлі оңалып кете қоймаған кез. Орал қалалық әкімдігінің басшысы қызметінде едім. Қазақстан энергия тапшылығынан шығудың жолдарын іздестіре бастаған. Қалалық ТЭЦ – Жылу-энергетикалық орталығының 6-жылу қазандығын салдыру арқылы облыс орталығын энергияға мұқтаждықтан арылтудың қамымен бел шешпей жүргенбіз.

Өзім құрылыс инженері болғандықтан, бұл іске тікелей араласып, жобасыз, қаражатсыз өз бастамамызбен 7-қазандық құрылысын қатар жүргізіп, оны да бітіріп қалғанбыз. Осы тұста облыс өмірімен танысуға келген Президент ТЭЦ-ке атбасын бұрып, оның қуатын арттыру жұмысымен танысты. Өңгімелесе жүріп, Нұрекеңнің сөзімді зейін қоя тыңдап, өзімді сырттай сынап, ден қойып кеткенін сезгендей болдым.

Төрт айдан кейін, 1993 жылдың 19 қаңтарында облыстық әкімдіктің басшылығына тағайындалдым. Сол жылы егін бітік шықты. Тамыз айында қасына Үкімет басшысы С.Терещенконы ертіп Президент облысты аралауға келді. «Правда» газеті атындағы кеңшардың қырманында астық тау-тау үйіліп жатты. Сол байлықты сыртқа сататын жағдай жоқ. Элеватор қабылдамайды. Жағдайға қаныққан Елбасы: «мына мәселенің тез шешімін тап» деп Премьерді шұғыл Алматыға қайтарып жібергені есте. Бұл – Елбасының Жайық өңірінде екінші рет болған сәті еді.

1997 жылдың қыркүйегінде Президенттің Оралға қайтадан жолы түсті. Ұлт тарихының елеулі оқиғалары сабақтасқан ұлағатты, елге өнегелі қауышу ретінде бұл сапар да ерекше есте қалды. Бөкей ордасының билеушісі – Жәңгір ханның басына ақшаңқан кесене орнатып, еліміздің Еуропа құрлығындағы байырғы мекенінің халқы тәуелсіздік шапағатымен бір серпілген салтанатқа Елбасының өзі қатысты. Бодандық заманында Қазақ мемлекеттігінің алғашқы белгілерін орната алған тарихи тұлғаға жерлестерімен бірге тағзым етті. Еділ-Жайық арасындағы қазақ жұртының орталығы іспеттес құт мекен – Орданы аралап көрді. Ашық алаңға, биіктікте жиналған халықпен емен-жарқын әңгімелесті. Елдің ықыласы шалқып төгілді. Елбасының қарапайымдылығы, адамдарға бауырмалдығы айрықша тәнті етті.

– Баламмен жастысыз, сондықтан Нұрсұлтан десем айып етпе, – деп бір ардагеріміз сөз бастады. – Сізге айтар датым мынау: біз – ордалықтар хан

көтерген дәстүрі бар елміз. Аталарымыз айтатын: «біз ханды 13 жылға сайлаймыз» деп. Өйткені, он үш жас – азаматтың бір мүшелі. Оның ел басқаруының нәтижесі осынша уақыт аралығы өткенде ғана көрінеді. Халықтың сеніміне ие болады. Сізге де тәуелсіздігімізді баянды етуді жазсын. Жасың да, ісің де мүшелден мүшелге өте берсін!

Соңғы жақтан біреу қол көтерді.

– Ал айт, сенің қандай сұрағың бар? – деп Нұрекең әлгіге иек қақты.

Тани кеттік, саясаттан хабардар, әр мәселеге таласы бар дейтіндей көзтаныс ағамыз екен. «Ойпырым-ай, бір ыңғайсыз жағдайға қалдырмаса жарар еді» деп, аудан әкімі Лавр Хайретдинов екеуміз қозғалақтап, іштей тындық.

– Сіздің «Тарих толқынында» деген кітабыңыз шыққан екен. Аудан әкімінен сұрасам, «небәрі үш данасы келді» деп жолатпайды, – деп белсендіміз мұқтажын айтты.

– Табылады. Тауып береміз. – Лавр екеуміздің дауысымыз қоса шығып, автор алдында оқырманға уәде беріп жатырмыз.

– Президент мырза, анау ауылдың шетіндегі үйдің қазан басында жүрген менің кемпірім, түтініне қарағанда самаурыны да қайнаған секілді. Үйден шәй ішіп, дәм татып кетіңіз, – деп бір қалпақ киген қария қонақжайлық танытты. Жүзі басқа болғанымен, әлдеқашан қазақ болып кеткен ағайынның алдын орағанына намыстанғандай:

– Әй, Шәкіржан бауыр, сенде бар шәй бізде жоқ деп пе едің, бізге жүріңіз, – деушілер тұс-тұстан көбейген соң Нұрекең қолын көтеріп:

– Мына Қабиболла бәріңіздің атыңыздан бір шәй беретін шығар, – деп жұртты күлдіріп, ешкімнің көңілін қалдырмай рахметін айтты.

Арада бір жыл өткенде, 1998 жылдың қыркүйегінде Президент облысымызға кезекті сапармен келді. Бұл енді зауыттар іске қосылып, жаңа кәсіпорындар ашылып, өнеркәсіп саласы іргесін нығайтқан кез еді. Елбасының арнайы атбасын бұрған объектісінің бірі – Орал қаласының тұсынан салынып жатқан Азия мен Еуропаны жалғайтын айналма жол мен жаңа көпір болды. Ресейдің «Саратоввологострой» дейтін мекемесі мен «Батыс Қазақстан жол тресі» бірлесіп жүргізіп жатқан. Одақ кезінде жоспарланып басталғанымен, бөлінген қаржы әлдеқашан бітіп, бұрынғы әріптестік, көршілік қарым-қатынастың арқасында Ресей жағы қарызға салып жатқан еді. Осындай қиындықтарды жеңе отырып жұмыс істеп жүрген жігіттерді жігерлендіру үшін Елбасы сапарының бағдарламасына аталған стратегиялық құрылыста болуын енгізгенбіз.

Қазақстан Президенті екі ел жұмысшыларымен пікірлесті. Көпірдің қос құрлықты қосу рәсімін жасадық. Елбасы Ресейдікі, Қазақстандікі деп бөлмей, көпірдің көрімдігіне екі бригадирге де бір-бірден «УАЗ» автокөлігін сыйлады.

Көпір басындағы осы кездесудің аяғы ешбір жоспарланбаған, көңіл қуанарлық, аса толқынысты тағы бір жүздесуге ұласып кетерін ойламаппыз. Ауыл маңына ұшақ, тікұшақ қонғанын көрсе, бала-шағаның қызық көріп, сол жерге қарай шапқылайтыны белгілі. Сабақтан соң мектептегі бір шаралармен жүрсе керек, бір топ ұл-қыз құйындатып тікұшақ қонған маңға жетті. Күзет жігіттерінің қақпайлағанына қарамастан, Президент тікұшаққа беттеген жолдағы

бір төбешікке жұмыла шоғырланды. Қазақ-орысы аралас, 8-12 жастар шама-сындағы балалар. Сабақтан тыс уақыт болғандықтан, киімдері де ала-құла, мектеп формасынсыз.

– Амансыңдар ма, балалар! – деп Нұрекең олардың тұсына кідірді. – Сабақ қалай?

– Жақсы! Хорошо! – деп балалар қуана шу етті.

– Гимнді білесіңдер ме?

– Білеміз!

– Қане, айтып көріңдер.

Балалар білгендерінше шырқай жөнелді. Мектептегі патриоттық, отаншылдық тәрбиенің нәтижесі-ау деп іштей риза болып тұрмыз.

Осы сәт балалардың арасындағы кішілеуі, сары шашы желбіреген бір орыс қызы топтан бөлініп, жүгіре жөнелді. Шапшаң қимылмен, нәзік саусақтарымен, әр жерде қылтиған сап-сары дала гүлдерін жинай бастады. Орғып-секіріп, бүкшең қағып, уысын толтырарлық гүл шоғын жинамақ боп, айнала қарманайды. Шалғын арасынан бүр жарған даланың нәзік гүлдерін уыстай ұстап, Президентке қарай дедектеді. Сәбилік пәк көңілмен ұсынылған осынау бір уыс қыр гүлі әлгі ресми қарсы алуларда күлтелей сыйланатын құшақ толар букеттен де қымбат әсер қалдырғандай еді.

Жүзі нұрға толған Елбасы топ ішінен фототілшіні іздегендей. Балалар тұрған төбешікке қарай бұрылып, олармен бірге суретке түсуді ұйғарды. Күлім қаққан, шат-шадыман ұл-қыздар Елбасын ортаға алған сол сурет те керемет сәтті түсіріліпті. Әлгі гүл ұсынған сары шашты қыз Нұрекеңнің алдынан, сол қолы тұсынан орын алыпты.

Осындай толқулы сәттің көрінісін кейіннен бильбордқа пайдаланып, облыс орталығының көшесіне ілдік. Елдің ертеңгі болашағының Елбасына сүйіспеншілігінің, Президенттің балаларға деген әкелік мейірімінің көрінісіндей менмұндалап, көптің көңіліне қуаныш сыйлап тұрды.

Ертеңгісін облыс активінің жиынын өткіздік. Өңірдің экономикасы, халықтың тұрмысы, қоғамдық келісім мәселелерін ортаға салып, Президент алға қойған міндеттерді зердеге құйдық. Сарайдың ішінде осындай келелі әңгімелер жүріп жатқанда Президентпен жүздесуді қалап, сыртта талай халық жиналып тұрғанын білдік. Нұрекең шыққанда «Президент жасасын!», «Біз Назарбаевпен біргеміз!», «Әрқашан Сізді қолдаймыз!» деген үндеулер үдей түсті.

– Біз алдағы сайлауға Сіздің кандидатураңызды ұсынамыз, – деп бір тұстан студент жастар үн қатты.

Жұрттың дүбірі бәсеңсіген бір сәтті пайдаланып, аға жасындағы бір азамат:

– Ендеше, сайлауалды науқаны біздің Жайық өңірінен, дәл бүгіннен басталды деп ұйғарамыз, – деп көптің көңіліндегі ұсынысты алға тартты. «Қолдаймыз!». «Қазақстан және Назарбаев!» деп жиналған қауым ұзақ қошемет көрсетті.

Сөйтіп, Назарбаев президенттігінің кезекті кезеңіне сайлауға әзірлік Ақжайық халқының ақжарқын ықыласынан бастау алғандай еді. Қазақ елінің батыстағы құт мекені, түрлі ұлттардың ежелден ынтымағы жарасқан, Ресейдің

бес бірдей губерниясымен шектесіп, Азия мен Еуропа құрлығына бірдей қанат жайған Батыс Қазақстан облысы халқының өз Елбасына деген ниеті мен қолдауының кемшін тартқан тұсы жоқ, қайта кемелдене түскенінің куәсі болумен келеміз.

Ресеймен стратегиялық әріптестікті нығайту, экономикалық тәуелсіздікті баянды ету тұрғысындағы жоғары деңгейдегі бірқатар екіжақты кездесулер де осында өтетін.

Сыртқы ықпалдастықтың осындай сындарлы жағын сөз еткенде, Жайық өңірінде бір кезде орын алған келеңсіздеу оқиға да еске оралады. Сонау қилы кезеңдер зардабынан кеңестік саясатта қағажу көрген казачество қауымы жариялылық ықпалымен өткені үшін әлеуметтік ақтауды аңсаған. Ресей аумағындағы қандастарының ұранына елтіп, Жайық казачествосы арасынан да оқа тағып, қылыш асынған оқыс әрекеттер байқалған. Тәуелсіздік ұранын енді ұстанып жатқан қазақ ұлтына бұл басынғандықтай көрінді. Оқиғаны ушықтырмау үшін араағайындыққа жүрген кезіміз көп болды. Екі жақтан туындаған түсінбестіктің тігісін жатқызуға тырыстық. Әйтпесе, Жайық казактары әлдеқашан қазақ тілінде таза сөйлеп, ауылдас, көршілес, туыстас қарым-қатынас берік орнаған мекенде ұлт пен ұлт арасындағы шиеленіске ешқандай себеп жоқ еді.

Президент Назарбаевтың ұлтаралық келісім жолындағы табанды ұстанымы нәтижесінде бұл мәселе де ешкімнің көңілінде кірбің қалмайтындай жарасымын тапты. Оралға келген бір сапарында казачество атаманы алдынан шығып, атынан түсіп, тізгіні мен әскери қаруын Елбасының қолына ұстатты. Жауынгер қауымның ереуіл аты мен қынапты қылышын бергені – әрқашан адал боламыз, Қазақстан халқымен біргеміз деген антын білдіретіні баршаға мәлім еді!

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы – елдің бірлігі мен келісімін орнықтырған теңдесі жоқ қоғамдық институт ретінде әлемге танылды. Соның алғашқы қадамдарындай – түрлі ұлттарға ана тілін үйрететін жексенбілік мектептер, дәстүрді жаңғыртатын ұлттық-мәдени орталықтар біздің облыста сол тұста-ақ кеңінен ұйымдастырыла бастаған еді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы кезіндегі қиындықтарға қарамастан, облыста бірде-бір мектеп, балабақша, кітапхана, клуб жабылуға ұшыраған жоқ.

Уақыт өтеді, заман жақсарады, еліміз жылдан жылға өркендей түседі. Өзгермейтіні, саналарда бекем орнағаны – Елбасына деген халқының сый-құрметі дегім келеді. Әкімдік қызметте жүріп, Батыс Қазақстан жұртшылығының Президентке деген сол ықыласына осылайша өзім талай куә болдым.

Елге сіңірген азды-көпті еңбегіміз еленіп, бірнеше мемлекеттік наградаларға ие болыппыз. Солардың қатарында белесті мерей жасыма орай Президенттен алған Алғыс марапатындағы: «Сегіз жыл бойы облыс әкімі қызметінде Батыс өңірдің экономикасы мен әлеуметтік саласын дамытуға елеулі үлес қостыңыз» деген жылы лебіз мен үшін үлкен мәртебе! Әйткені, тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдары Президенттің қолдауымен, кеңес-нұсқауларымен

осынша уақыт бір облысқа тұрақты басшылық жасадым. Басшылық емес, Елбасы тапсырған іс пен сенімін ақтасам деп, туған өлкеге, жерлестеріме перзенттік қызмет еттім.

Астанаға келіп, Үкімет құрамында жауапты қызметтер атқардым. Парламент Мәжілісінің депутаттығына сайландым. Уақыт өтсе де, Ақжайық өңіріндегі жылы жүздесулер, Елбасының жұртшылық арасында болған кездегі бауырмалдық болмысын танытатын, халыққа қаншалықты етене жақын екендігінің шынайы көріністері әрқашан жадымда жаңғырады.

Сол бір бильбордтағы жасөспірімдер қаумалаған Президенттің суреті өзімде әлі күнге сақтаулы. Олардың балғын жүздеріне қарай отырып, келешегі кемел егемен ел үшін қуанамын. Осы елдің бақыты үшін жаралған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай көшбасшымыздың бар екеніне, бола беретініне сенемін!

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 12 маусым

Уәлихан ҚАЛИЖАН,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты

ЗАМАНА СЫНЫ

Бағзы замандардағы ұлтымыздың тарихи ескерткіштеріне кіретін Орхон-Енисей жазбаларында, соның ішінде Күлтегін ескерткішінде тасқа қашалып бедерленген, болашақ ұрпаққа ұлағат та, аманат та боларлық ғибрат сөз бар: «Халқы бегін, бегі халқын сыйлайтын ел ұзақ жасайды».

Замана сыны – ауыр сын. Тәуелсіз Қазақстанның 18 жылдық биігінен сол ғасырға бергісіз уақытқа тарихи шолу жасап, өлшей қалсақ, ғасырлар бойы бабаларымыз армандаған асыл мұраттардың орындалғанын екшеп, санаға салмақ болатын ірі оқиғалардың қаншалықты ауыр, қаншалықты жауапты болғанын сезіну де, байқау да қиын емес.

Нұрсұлтан Назарбаев кешегі кеңестік жүйеден келіп, жаңа заманға сай санаға сілкініс әкеліп, замана көшіне ілесіп қана қоймай, сол ұлы көштің бастаушысына айналды. Ал осы тарихи сұраныс пен тарихи сананың өлшемі қандай?

Н.Ә.Назарбаев билікке келгеннен бері үзбей саясат аласапыранында келе жатқан қаламгер ретінде, көп нәрсе көңілге де, жадыға да тоқылғанын айтар едім. Сондықтан да қазақты бүгінгі биігіне көтерген, барша қазақстандықтар өздерінің болашағын байланыстырып отырған тұлға Нұрсұлтан Назарбаев деп айта аламын. Неге?

Кеңестер Одағының құрамындағы Қазақстанның мемлекеттік атрибуттары болғанымен, мемлекеттік статусы болған жоқ. Бірақ Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құруға негіз жасала бастады. Мұны ешкім жоққа шығармайды.

Керей мен Жәнібек хан мемлекет құру арманына жете алмады. Жоңғар қалмақтарының шапқыншылығы қазақты күйретіп кетті. Қазақтың басы қосылмады. Аяғы Ресейден пана іздеуге, соның боданы болуға мәжбүр етті. Өйтеуір, халық, ұлт болып қалуға мүмкіндік алды.

Кеңес өкіметі кезінде бүгінгі Қазақстан мемлекетінің алғышарттары жасалды. «Тар жол, тайғақ кешуден» өтті. «Мың өліп, мың тірілді». Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Қазақтың бүкіл тарихы бірігу тарихы болды».

Егемендік, тәуелсіздік қана бабалар арманын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Осылай «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» деген ұғымдарға «Нұрсұлтанның нұрлы жолы» деген қастерлі сөз қосты. Демек, халқы бегін, бегі халқын сыйлайтын биік дәрежеге жеттік.

Бұл күнде Тәуелсіздік қиналыссыз келді дегендей пікір айтушылар бар. Қоғамның, алпауыт КСРО-ның шаңырағы ортасына күйреп түсетіндей халге қалай жеткенін сарабдал сарапшылар жазып та, айтып та жүр. Ол ұлттық сананың өсуі мен ұлттық патриотизмнің рухани сұраныспен астасуында жатыр. Сондықтан да Балтық бойы елдерінің Кеңестер Одағының құрамынан шығуы, 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ жастарының көтерілісі, бәрі-бәрі мемлекетті

басқару жүйесіндегі бітеу жараға айналған кеселдің жарылуына әкелді. Сондықтан да тәуелсіздік туы қазақ мемлекетін құруға ғана емес, қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретінде қалыптасуына жол ашты.

...Қазақстан тәуелсіз ел атанысымен Түркия еліміздің егемендігін бірден танып, Н.Ә.Назарбаевты ресми сапармен Түркияға шақырды.

...Есенбұғы бабамыз атындағы Түркия әуежайында мыңдаған қазақ, мыңдаған түрік теңселіп тұрды. Н.Ә.Назарбаевтың алдына протоколды бұзып, сол кездегі Түркия Президенті Тұрғыт Өзал әуежайға өзі шықты. Оның «бауырым, кардашым» деп Нұрсұлтан Назарбаевты қапсыра құшақтап, мұсылман дәстүрімен үш рет кеуде соғыстырып, амандасқаны әлі көз алдымда тұр. Ал Түркия қазақтары «Абылай, Абылай хан», «Нұрсұлтан», «Ақсарбас» деп бес ісек қойды тіземен басып, құрбандық шалып еді. Сонда Назарбаев «Мен Абылай хан емеспін» деді.

Үндемей де қалуға болар-ды. Онда өзіне берілген, сол кезеңде асыра айтылған саяси бағамен келіскен боп шығар еді. Дәл осы сәтте ол әлем қазақтары алдында да жауапты екенін сезінген болатын. Сондықтан да Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы құрылды, оның төрағасы да өзі. Сөйтіп, он сегіз жыл ішінде атақонысына 1 миллион қазақ қайта оралды.

Грекияның бұрынғы премьер-министрі, генерал, марқұм Иоаннис Метаксас: «...Бейбіт күндегі Ататүріктің идеялары оның ақыл-парасатының күшті екенін дәлелдей түсті», деп еді. Мүмкін, әлемнің ірі саясаткерлерінің дәл бүгін Назарбаевты сол Ататүріктің қатарына қосып, бағалауының бір сыры осында жатқан да болар. Шынында да, 18 жылдың ішінде Н.Ә.Назарбаев ірі экономикалық, саяси реформалар жасады. Абылай бабасының арманын жүзеге асырды. Қазақстан ядролық мемлекет болудан бас тартты. Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан секілді мемлекеттермен шекараны делимитация және демаркация жасап, ол сол мемлекеттердің парламенттерінде ратификациядан өтіп, заңмен бекітілді. Осылай әлем картасында тұңғыш рет «Қазақстан Республикасы» деген мемлекет пайда болды. Заңды түрде дербес Конституциясы, Әнұраны, Елтаңбасы, Туы бар, өз тағдырын өзі шеше алатын Қазақ елі Назарбаевтың тұсында дамып, өрістеп келе жатқаны тарихи шындық. Оны ешкім жоққа шығара да, сан-саққа жүгірте де алмайды.

Түркияның ірі саясаткерлерінің бірі Намық Кемел Зейбек: «Қазақстан ең алғаш тәуелсіздігін алғанда біз Қазақстан үшін Түркия үлгі боларлық мемлекет болады дедік, ал 17 жыл өткен соң біз Түркия үшін Қазақстан үлгі боларлық мемлекетке айналды деп мойындауға мәжбүрміз», деуі Қазақстанның әлемнің геосаяси картасында ойып алып отырған орнын айғақтайды.

Ағылшын тілінде шығатын «Пакистан Обсервер» газетінде Исламабад саяси талдау институтының сарапшысы Мұхаммед Мунир «Нұрсұлтан Назарбаев – көреген көшбасшы» атты мақаласында былай дейді: «Көреген көшбасшылар өз мемлекеттерінің тағдырын өзгерту қабілетіне ие тұлғалар қатарына жатады. Олардың ерекшелігі – көпшілікке айқын емес үрдістерді байқап қана қоймай, оны басқалардың да көруіне себепкер болуында жатыр» («Егемен Қазақстан», 31.12.2009).

«XX ғасырдағы ең беделді 100 адамды» 2000 жылы айғақтаған «Таймс» газеті АҚШ-тың бұрынғы Президенті Рузвельтті атаған. Ол: «Мен өз елімді бір үйдің адамдарындай көруді қалаймын және олардың әрқайсысының бақыты бір-бірімен тығыз байланыста екенін түйсіну ерекше қуаныш әкеледі», деген еді. Ал Назарбаевты Рузвельттің қатарына қоюшы саясаткерлер Елбасының бүгінгі ұлттық бірлік аясында атқарып отырған жұмыстарына сол Рузвельт армандаған мәселені шешкендігін мойындағандықтан барған болар.

Бұл күнде кіші БҰҰ деп аталып жүрген Қазақстан халқы Ассамблеясының негізін қалаушы – Назарбаев. Заңмен реттеуді ұсынған да – Назарбаев. Қазақстанда тұратын 100-ден астам этностар өкілдерінің тілі, мәдениеті дамып отырса, өз театрлары болса, ол сол ұлттық татулықтың белгісі емес пе? Оның үстіне Қазақстанда тұратын аз ұлттардың 9 өкілі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып отыр.

Қытай Халық Республикасы экономикалық реформаларының атасы Дэн Сяопин: «Халықтың ішінде ойлы адамдар көп болса, солғұрлым жақсы. Бізге ойлы, іске ұйтқы боларлық адамдар шоғыры керек. Олар іздене де, жаңаға бастай да алады. Мұндай адамдарсыз кедейшіліктен де, артта қалушылықтан да құтыла алмаймыз. Тіпті әлем қалыптастырған алдыңғы қатарлы елдерге ілігу ғана емес, қуып жетудің өзі қиын болмақ», деген-ді.

Нұрсұлтан Назарбаев билікке келген күннен бастап көзі қарақты, нарықтық экономиканы игерген, не оны түсінетін жаңа басшылар даярлауға кірісті. Жоқтан бар болмайтыны сияқты, бар кадрларды іріктеді, тәрбиеледі, биліктің әр тармағына қызметке қойды. Ал қызметті алып жүру ол адамдардың әрқайсысына сын болды. Олардың бірі беліне байлаған шоқпарды көтере алмай саясаттан да, елден де кетті.

Еліміз үшін, еліміздегі реформалар үшін Сингапур үлгі болғанын Елбасы да, саясаткерлер де айтып жүр. Сол елдің тығырықтан шығып, өркендеуін қамтамасыз еткен ірі тұлға Ли Куан Ю екені белгілі. Ол: «Өмір – үйренуден тұрады», дейді және шағын аралды 30 жыл ішінде экономикасы берік мемлекетке айналдырды.

Журналист болып жүрген кезімде Сингапурде Ли Куан Ю мырзамен Президент Н.Ә.Назарбаев арасында болған әңгімені жазып алып едім. Енді сол әңгімеден үзіндіге назар аударалық.

Н.Ә.Назарбаев: Қалай ойлайсыз, болашақта бұл аймақта Қытай қандай рөл атқарады?

Ли Куан Ю: Қытай енді бір 30 жылда алдына жан салмайтын мемлекет болады. Қазір 120-130 миллион қытайлық Шығыс жағалауында қара жұмыс істейді. Бірақ олар Қытайға доллар тоғытып жатыр. Басқа аймақтардағы қытайлықтарды есептеңіз. Әрине, Қытайға оңай емес. АҚШ Қытаймен сауда жасағысы келмейді. Олар Жапониямен жұмыс істегенді тәуір көреді. Дегенмен, тауар үшін сауда алаңы керек. Ол қайда: көп халқы бар Қытайда. Қытайдың ішкі резервтері баршылық. Жоғарыда айтқанымдай, сыртта жүрген қытайлықтардың бәрі Қытай экономикасына жұмыс істейтінін ұмытпау керек.

Мәселен, Горбачев бизнестің өз заңы бар екенін түсінбей-ақ кетті, экономика үшін ырғақтылық қажет. Ресей шетте жүрген 20 миллионнан астам орысты өз экономикасына тартқанда әлдеқашан дағдарыстан шыққан болар еді.

Н.Ә.Назарбаев: Сіз Ватанава екеуіңіз АҚШ Президенті Клинтонға бұл аймақтан кетпеу жөнінде хат жазған жоқ па едіңіз?

Ли Куан Ю: Рас. Ондай хат жазғанбыз. Ондай болмаған жағдайда Қытайдан оқыс мінез күтуге болады.

Н.Ә.Назарбаев: Қандай?

Ли Куан Ю: Бізге күшті АҚШ, күшті Қытай керек...

Н.Ә.Назарбаев: АҚШ Сингапур өз жетістігі үшін бізге қарыздар, соны өте-сін деп жатқан сыңайы бар. Бұған не дейсіз?

Ли Куан Ю: Америка Құрама Штаттарының көмегінсіз, инвестицияларыңыз біз мұндай деңгейге тез көтеріле алмайтын едік. АҚШ-тың корпорациялары ірі қаржы жұмсады. Мәселен, Жапония бізге өзінің озық технологиясын бермеді. Сондықтан да жастарымызды АҚШ-қа оқуға жібердік, қажетті мамандар даярладық, халқымыз түгел ағылшын тілін меңгерген. Технологияға ие болу – прогрестің өзі. Сондықтан да АҚШ-тан қашудың қажеті жоқ, пайдалана білу керек...

Иә, бұл әңгіме осыдан он жылдан астам бұрын жазып алынып еді. Сол әңгіменің жалғасын бүгінгі Қазақстан саясатынан нақты көруге болады. Бізге мықты АҚШ, мықты Қытай ғана емес, мықты Ресей де қажет. Сондықтан да Н.Ә.Назарбаев осы үш империялық дәрежедегі мемлекеттермен стратегиялық әріптестікке қол жеткізіп, ол ресми құжаттармен бекітілді, осылай инвестициялардың ағылуына жол ашты.

Қазір Қазақстанда 8 мыңға жуық шетелдік компания жұмыс істейді және олардың 270-і дүние жүзіндегі әйгілі 500 ірі компанияға тиесілі. Сондықтан да Елбасының тапсырмасына сәйкес шетелдік инвесторларды әртараптандыру һәм технологиялық даму саясатына араластыру ойдағыдай жүргізілді. Ол 4 басым бағытты қамтыды.

Олар:

- инфрақұрылымдарды дамытуға арналған жобалар;
- шикізатты тереңдеп өңдеу;
- жоғары технологиялық саланы дамыту;
- технологиялық тұрғыдан даму мәселесін шешу.

Тәуелсіз ел болған Қазақстан жеке мемлекет бола ала ма, алмай ма деген сауал кезінде шетелдік инвесторларды да, мемлекет басшыларын да ойландырған әрі толғандырған еді. Сондықтан да жаңа мемлекетке инвестиция салуда Қазақстан біршама жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. Контрактілер құпиялығы сақталды. Ал енді ше? Енді Қазақстан аяғынан нық тұрды. Назарбаев ТМД елдерінің ғана емес, әлем саясаткерлерін таңғалдырған көптеген идеялардың генераторына айналды. Бір ғана «Дағдарыстан шығу кілті» атты мақаласының өзі не тұрады. Оны банк пен экономика саласының ірі өкілдері, Нобель сыйлығының бір топ лауреаттары мойындап қана қоймай, әлемдік валюта жүйесін реттеудің тың ұсынысы ретінде қабылдады.

Өткен жылдың соңында Астанада Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің 22-ші пленарлық мәжілісі болып өтті. Сонда Н.Ә.Назарбаев: «Біз өз еліміз үшін ең бір күрделі кезеңде сіздерге өзіміздің бағалы байлықтарымызды игеруді сіздер үшін тартымды жағдайда бердік. Енді біз сіздердің Қазақстаннан тапқан пайдаларыңыздың бір бөлігін оны одан әрі өркендетуісіне жұмсауды талап етуге құқылымыз», деп мәлімдеді.

Жақында Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен арнайы кеңес өткізілді. Елбасы Үкімет есебін тыңдап, елең етерлік тың ұсыныстар айтты. Мәселен, ілеспе газ мемлекет меншігі екенін, шетел компанияларына салынатын салық та жаңа заманауи сұраныстарға орай шешілуі тиіс екенін қадап айтты.

«Біз өзіміздің дамуымызда бұрын оңтүстік-шығыс «жолбарыстарының» тәжірибесіне сүйендік, солардан үйрендік. Мен осындай саясат жүргіздім. Біз мұны дұрыс жасадық. Енді біз Финляндиядан үйренуіміз керек. Бұл, біріншіден, білім берудің жоғары стандарттары, екіншіден, ғылыми ізденістерге қаржы бөлуде бәсекелестің басымдығы, үшіншіден, болашақтың ұлттық инфрақұрылымы, төртіншіден, мемлекеттің, ғылымның және бизнестің күшін ортақ мақсатқа біріктіру. Қысқаша айтсақ, бұл осы төрт тұғырдан тұрады».

Міне, асықпай, аптықпай жүргізілген саясаттың арқасында Елбасы шетел инвестициясының бір бөлігін инфрақұрылымдарды қалыптастыруға, жоғары сұраныстағы жұмысшы мамандықтарын жергілікті ұлт есебінен жасақтауға байланысты келелі де келісті міндеттер қойды.

Шетел инвестициясының нәтижесінде дағдарысқа қарсы бөлінген шығындарды есептемегенде, Қазақстанның Ұлттық қоры мен алтын-валюта резерві 52 миллиард долларды құрап отыр. Бұл – халыққа, мемлекетке қажетті қомақты қаражат. Сондықтан да Қазақстан жаһандық экономикалық дағдарыстан аман-есен шығып, өркендеудің жаңа белесіне бет алды. Мәселен, жалпы құны 3 миллиард доллардан асатын 170-тен астам жаңа өндірістік, инфрақұрылымдық іргелі жобалар жүзеге асырылды. Іргелі инвестициялық жобалар бойынша Қытаймен, Оңтүстік Кореямен, Түркия және Беларусь мемлекеттерімен келісім-шартқа қол қойылды.

Үстіміздегі жылдан бастап Н.Ә.Назарбаев ұсынған Кеден одағы жұмыс істеп келеді. Ресей-Беларусь-Қазақстан мемлекеттері арасында тауар айналымы кеден салығынсыз жүзеге асырылады. Халық тұтынатын тауарлардың бақылауда болатын үлкен тізімі жасалды. Ол әлеуметтік тұрақтылыққа бағытталып отыр. Бұл – халық аса көп тұтынатын белгілі бір тауарларға баға өспейді деген сөз.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев миға «шабуыл» жасаудан жалыққан емес. Әлем өркениеті қалыптастырған жақсы тәжірибелерді Қазақстан мемлекеті мен ұлттық менталитеті тұрғысынан шендестіре отырып, үнемі тың ізденістер мен ұсыныстар айтады. Сайып келгенде, бұл Қазақстанның әлемдік дағдарысқа қарамай-ақ 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық бағдарламасын жасақтауға мүмкіндік бергенін атап өткен ләзім.

Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаулары да өміршең, кезең-кезеңмен атқарылатын асқаралы міндеттермен ұштасып жатады. Қазақстан халқына биылғы Жолдауында Н.Ә.Назарбаев ел өмірінің тамыршысындай, халық күткен мәселелерге батыл ұстанымдармен келді. Бұл да көреген саясаткердің ел мен жер, халық пен қоғам арасындағы біртұтастық концепциясының орныққанының дәлелі.

«Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы Елбасының «Не істеу керек?» деген сауалға жауап тапқанының айғағы болды. Енді Қазақстан алдағы 10 жылда тұсаулы аттай тыпырламайды, енді Қазақстан әлем өркениетіне қарай көсіле шабады. Мәре айқын, ол ұлттың құндылығы – Тәуелсіз Қазақстан, мемлекет және оның азаматтарының ортақ мақсаты біріккен, экономикалық өрлеу – халықтық іске айналатын, өңірлік және халықаралық интеграцияны дамытып, төрт құбыласы тең Отанымыздың ашық та айқын қоғамын құру.

Осының бәрі алдын болжайтын, соңын ойлайтын ірі саясаткердің қадамдары екенін Елбасының жақтастары да, қарсыластары да мойындауы керек қой деп ойлаймын.

Н.Ә.Назарбаев үш тіл саясатын ұсынды. Осыны әсіре қызыл кейбір ағайындар әлі де түсіне алмай, қазақ тіліне әлдеқандай бір қауіп төнгедей қарастыруда. Үш тілді білу алға бірден үш адым аттау екенін түсіну қажет. Мұны халыққа ұғындыру жағы жетіспейтін сыңайлы. Бүкіл Сингапур ағылшынша сөйлей алса да, қытай тілі сол биік дәрежесінде тұр ғой.

Елбасы «Болашақ» бағдарламасын ашты. Әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында мемлекеттік қаржымен мыңдаған қыз-жігіт білім алуда. Ертең олар жаңарған Қазақстанның жасарған, әлемдік додаға төтеп бере алатын экономикасын, сан тарам реформасын жүзеге асыратын болады. Өйткені, Н.Ә.Назарбаев жастар саясатын ешқашан қалт жіберген емес. Жастар форумдарына қатысып, жас ұрпақтың алдына толғақты мәселелерді қойып, өзінің жастарға сенетінін мәлімдеп жүр.

Елбасы өзі де үйренуден жалықпайды және соңынан жастарды ілесуге шақырады. Әрі Қазақстанды өркениетті 50 елдің қатарына қосу міндеті айғақталды. Міне, бір кездесудің сабақтарын осыдан да айқын көруге болмай ма?

Францияның басшысы Шарль де Голль – генерал ғана емес, елінің ұлы державға айналуын қамтамасыз еткен ірі саяси тұлға. Ол өз елін Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты бес өкілінің бірі болу дәрежесіне жеткізді. Алжир мәселесін оңтайлы шешті. Ал Назарбаев ше? Назарбаев ешқашан жеке мемлекет болып көрмеген, дербес саясатын жүргізбеген, кешегі Ресейдің «соқырішегі» болған елді аз жылда аяғынан тұрғызып, экономикасы дамыған елге айналдырды. «Әуелі экономика, содан соң саясат», деді. Қазір Қазақстанда саяси реформалар да жүзеге асырылды. 13 саяси партия жұмыс істейді. Оған сан алуан қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарды қосыңыз. Әрі «Сайлау туралы», «Саяси партиялар туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңдар қабылданды. Сөз және ождан бостандығына қол жеткізілді. Он сегіз

жылдың ішінде, Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып, ЕҚЫҰ-ға жетекшілік ету мәртебесін иемденді. Бұл – өз-өзінен келген абырой да, құрмет те емес, Президент тарапынан тынбай жүргізілген еңбек пен сындарлы саясаттың жемісі.

– Қазақстан үшін ЕҚЫҰ-ға төрағалықтың маңызына қатысты біздің кейбір сыншыларымыз бен түңілушілерімізге жауап беріп, мынаны айтқым келеді: менің терең сенімім бойынша ЕҚЫҰ-дағы төрағалық біздің халқымыздың шын мәніндегі жұлдызды сағаты, Қазақстан тарихындағы кезеңдік оқиға болып табылады, ол ең сәтті деген жағдайда 55 жылдан кейін қайталануы мүмкін, – деді Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалықты қабылдап алуының Венадағы ресми тұсаукесеріне қатысушы мемлекеттерге арнаған Үндеуінде.

Иә, мұндай ірі саяси оқиға дәл 55 жылдан кейін қайталанбауы да мүмкін ғой. Сондықтан да бұл Қазақстанды, қазақ халқын әлем мойындаған ерекше тағдырлы сәт деп бағалаған жөн.

Малайзия да Қазақстан реформасы үшін үлгі болған мемлекеттің бірі. Әлем лидерлерінің ішінде халқының ұлтаны деген саясаткер легіне ілінген Дато Сері Мұхаметтің 9 жарғысы бар:

1. Бәріне ортақ, тағдырлас, бірегей малай ұлтын қалыптастыру.
2. Психологиялық жағынан үйлесімді, еркін әрі дамыған, әр адамның өзінің қол жеткен табысына мақтаныш сезімімен қарай алатын қоғам құру. Болашақтағы қиындықтарды жеңе алатын дені сау ұлт тәрбиелеу.
3. Экономикасы мықты әрі икемді, өнімі бәсекеге түсе алатындай өркендеген қоғам құру.
4. Қоғам қажеттеріне орай демократиялық үдерістерге икемделе алатын және елдерге бағдар болатын өркениетті қоғам құру.
5. Жоғары моральды этностық қоғам құру жүзеге асырылсын. Оның азаматтары өзге дінді және рухани сұранысты құрметтейтін, әлемдік этностық стандарттарға сай болсын.
6. **Өңі мен түсі, діні әр түрлі малайзиялықтар** (астын сызған біз – У.Қ.) қоғамы еркін және жетілген, әрқайсысы бір-бірінің дәстүрін, мәдениетін, салт-санасын қастерлейтін болсын, бірақ олардың санасына **бір ұлт екендігі** (астын сызған біз – У.Қ.) қалыптастырылсын.
7. Алыстағы болашаққа көз тігетін, ғылым мен технология жетістіктерін өзі пайдаланып қана қоймай, оның әлемдік дамуына өз үлесін қосатын жаңашыл қоғам құруға жұмылдыру.
8. Әр адамның санасына отбасына деген адалдық пен мәдениеттілікті, ізгілікті қалыптастыру қоғамға қажетті мақсат болып табылады.
9. Экономикалық бөлінісі әділ, ұлттық байлығы мен табыстары бәріне ортақ. Даму мен прогресс жемістері тең бөлінетін қоғам құру.

Осы тоғыз міндетті сараптап, жүрек елегінен өткізген жағдайда біз Қазақстан саясатындағы малайлық үлгілердің алғышарттарын бірден байқаймыз. Қазақстан «Еуропаға жол» бағдарламасын қабылдады. Ол бәсекеге түсе алатын өнім өндіруді жүзеге асыру, діни түсіністікке қол жеткізу. Бұл ретте Астанада дәстүрлі әлем діндерінің 3 дүркін съезі өткенін қаперге алыңыз, саламатты, сауатты ұрпақ тәрбиелеу және ұлттық бірлік пен тұрақтылық психологиясын

қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды да санадан шығармаңыз. Міне, осы мысалдардың бәрі шын мәнінде, оппозиция мойындаса да, мойындамаса да, Назарбаевтың ұлттық лидерге әлдеқашан айналып кеткенін дәлелдейді. Халық солай деп біледі, халық солай деп қабылдайды. Ал «халық айтса қалт айтпайды» ұлағаты өмірмен дәлелденген.

Н.Ә.Назарбаев кекшіл емес. Ол біраз азаматтардың биік лауазым алуына қамқорлық жасады. Оппозициядамыз деп жүрген саясаткерлердің дені – Н.Ә.Назарбаевтың шекпенінен шыққандар. Мұндай кеңдіктің үлгісі бұрын болды ма, болмады ма білмеймін.

«...Алатауға сыймай бара жатқан жоқпыз, қимай бара жатырмыз» деп Сарыарқа төсіне Қазақстанның бас қаласын ауыстырған Елбасы Алматы әуежайында абыз тауға бас иіп, ұшаққа отырған. Өркімнің көңілі әр түрлі... Ақмола Алматыдай болар ма екен? Алда не күтіп тұр?..

Н.Ә.Назарбаев әлем астаналарымен терезесі тең, сәулеті де, дәулеті де жоғары Қазақстанның жаңа Астанасының сәулетшісі де, ұйымдастырушысы да болды.

«Астана – Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамашылдығымен, қажыр-қайратымен, беделімен, бақылауымен салынып жатқан қала. Мұны жалғыз біз ғана емес, алыс-жақын елдердің басшылары – президенттер, корольдер, парламент мүшелері, премьерлер, Астана феномені қызықтырған зерттеушілер, сарапшылар айтып жүрген, тұрақталған тұжырым. Олардың көпшілігі Астана қаласының құрылысын дүние жүзіндегі елеулі оқиғаға балап, сол қаланың бас сәулетшісі – Қазақстан Президенті дегенді салмақпен айтқанына біздер, астаналықтар, қазақстандықтар бірнеше рет куә болдық», – дейді сенатор, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Қ.Сұлтанов өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Президент және Астана» атты мақаласында.

Ірі саясаткер ірі ойшыл да, ірі көсем де болуға тиіс. Әр ел басшысының харизмалы болуы оның беделі мен абыройын асқақтатады.

Н.Ә.Назарбаевтың жылы жүзі, жұртты бірден өзіне баурап алатын қасиеті, сөзден өрмек тоқитын шешендігі, кісілігі мен талғампаздығы, психологиялық байқампаздығы, айналып келгенде, елінің, халқының жалпы түркі әлемінің көк туына айналуына ықпал етті.

«Ұлық болсаң кішік бол», дейді қазақ мақалы. Елбасымыз осы қағидатты ұстанады. Сондықтан да кезінде қос палаталы Парламент депутаттары Халық Қаһарманы атағын беру, кейін Астананы Елбасы атына ауыстыру туралы ұсыныс білдіргенде де оған үзілді-кесілді қарсы шықты. 70 жылдық мерейтойын атап өтуге тыйым салды. Халқы үшін жасаған қызметін тарих қана екшейтінін, тарих қана бағалайтынын Елбасы жақсы біледі.

...Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Атырау өлкесіне кезекті сапарларының бірі еді. Ресми кездесулер біткен. Енді аз-кем демалу қажет. Нұрекең кешке дейін дастархан басына жиналып алып, өзін жан-жақтан мақтайтын дастархан жиынын жақтырмайды. Сондықтан да белсенді демалысты ұнатады. Не гольф ойнайды, не тау шаңғысымен құлдилаиды, не атқа мініп құйғытады, не бассейнде жүзеді, реті келсе балық сүзеді. Қалай болғанда да бір жерге шегеленіп отырғанды қаламайды.

Кәрі Каспийге келген соң, қалай теңізге шықпасқа?! Қармақ лақтырса да, ау құрса да болады. Бірақ теңіз ақшулан көбік атып, толқындар ойнап, кеме шайқалақтайды.

Балықшы ауданы әкімінің бірінші орынбасары, бүгінде сенатор Қайрат Ищанов балықшылардың қайығына мініп, тор тартпақ. Елбасыға кемеде қалуды ұсынды.

– Немене, балыққа келіп, кемеде отырам ба? – деп қайыққа Нұрекең секіріп түсті.

Бұл сәт жазуға ғана оңай. Қайрат Қыдырбайұлының көзі атыздай болып, тынысы тарылғаны рас еді. Оны лезде Нұрекең қайта сабасына түсірді.

– Атам қазақ «Кемедегінің жаны бір» деген. Кел, тартайық.

Енді бір сәт екі-үш метрдің аржақ-бержағындағы балық бауыры жарқ етіп көрініп еді. Расында, тайыншадай қортпа (белуга) екен.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, бұл енді Сіздің балық. Не істесек екен? – деп Қайрат Нұрекеңе қарады.

– Не істейміз? Ен тағып, қайтадан теңізге жібереміз.

Қайрат дәл осылай болатынын білгендей еді. Алдын ала сырға жасатқызған. Онда «Бұл белуга Қазақстанның жеке меншігі», енді бірі «Бұл белуга Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жеке меншігі», деп жазылған-ды.

Тоқетер сөзді Н.Ә.Назарбаевтың өзі айтты. Сөз тапқыштығы да жарасымды.

– Бұрын қазақ ат мінгізетін еді, енді атыраулық қазақтар белуга мінгізетін болыпты. Әрине, бұл балық Қазақстанның жеке меншігі.

Сырға тағылған қортпа тордан босатылды. Ол жарқ етіп қанаттарын жайып, Каспий ананың бауырына сүңгіді...

Елбасының әлемдегі ең алып держава – Америка Құрама Штаттарына әр кездегі сапарлары есімде. Ең алғашқы сапары мен күні кеше аяқталған сапарын салыстырып көрер болсақ, замана сыны шыңдаған саясатшының ұлы тұлғасын көретініміз анық. Бұл жолғы сапар Қазақстан атты елдің абыройын асқақтатса, Елбасының мерейін тасытты. АҚШ Президенті Қазақстан басшысының екі елдің стратегиялық байланыстары, оларды дамытудың болашағы туралы айтқандарын айрықша пейіл-ықыласпен тыңдады. Нұрсұлтан Әбішұлының Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммиттегі ұсыныстарына бүкіл әлем құлақ түрді. Елбасы осындай жауапты сапардың үстінде, айрықша маңызды кездесулер арасында қырғыз халқының тағдырына қатысты да алаңдаушылығын ұмыт қалдырмай, бұл мәселені АҚШ, Ресей президенттерімен бірлесе талқылапты. Егер өмірдің өзі түрлі белестерден, алға ұмтылдыратын межелерден тұрады десек, биылғы Америка сапары, Қазақстан Президентінің тікелей қатысуымен онда қабылданған шешімдер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты әлемдік деңгейдегі саясатшы дейтін биік белеске көтергендігі сөзсіз.

* * *

Елбасы былай деп еді: «...Маған, әсіресе, 1999 жылғы Президент сайлауы қатты әсер қалдырды. Сол айларда терең ойланып жүрдім... Сайлауға бір

аптадай ғана уақыт қалғанда туған ауылыма барғаным есте. Насихат жүргізуге емес, ата-баба аруағына тағзым етуге, әке-шешеме құран оқытуға, қалың елмен жүздесіп, ақсақалдардың батасын алуға барғанмын.

...Кім болса да өмірдің қатал заңына бағынады. Бағынбаса Қарасайдай, Өтегендей, Сұраншыдай, Саурықтай батыр бабаларым, Сүйекемдей, Жәкемдей ақын бабаларым бағынбас еді. Бағынбаса дүниені дүрілдетіп кеше ғана өткен, қалың қазақты бір кемсеңдетіп кеткен Нұрғиса ағам бағынбас еді... Соны түсінгендіктен де маңдайыма жазған ғұмырдың әр күнін, әр сағатын еліме, жеріме арнағым келеді».

Иә, Президенттің әр минәті, әр сағаты, әр күні бағзы замандардан бері тағдырға есесі кеткен халқына қызмет етуге арналып келеді. Әлем саясаткерлерінің арасында ерекше болмысымен оқшаулана көрінетін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақтың, қазақстандықтардың тағдырын бүкіл әлем қызыға қарайтындай жағдайға жеткізіп келеді деуге болады.

Солай бола берсін!

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 17 сәуір

Ғарифолла ЕСІМ,
сенатор, академик

ҚАЗАҚ ЕЛІ ЖӘНЕ 2030 СТРАТЕГИЯСЫ

Қазақ елі Еуропаның төріне шықты. Бұл ел тарихының алтын әріппен жазылатын беттері. Үш континенттің елу алты елі бас қосып, әлемдік деңгейдегі проблемаларды талқылағанда, ортақ сөз айту құқына ие болу – биік жауапкершілік, еліміздің айшықты шағы. Бұл ұжымның әрбір мүше-елдері кезектесе келе, төрағалыққа елу бес жылдан кейін ғана қолдары жетеді екен. Бұл көп істің мән-жайын ашып тұрған жағдай. Сондықтан ЕҚЫҰ-ға Қазақ елінің төрағалығы әрбір азаматтың көкірегін керетін қуаныш болуы табиғи жағдай. Әрине, мұндай жауапкершілік аспаннан түскен жоқ, ол егемен елдің он тоғыз жылдық ісі мен тәжірибесінің, қазақ халқының, онымен тағдырлас өзге этнос өкілдерінің сабырлылығы мен төзімділігінің, хакім Абай айтқан заманды билей алатын кемел көшбасшысы болғандығының арқасында орындалып отырған тарихи жағдай.

Елбасының мақаласында: «Егемен мемлекеттің басшысы ретінде мен Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалығын жай стратегиялық ұлттық жоба және елдің халықаралық беделі өскендігінің дәлелі деп қана емес, сонымен бірге ұйымға жаңа тыныс, жаңа серпін берудің мүмкіндігі деп бағалаймын», – деген.

Мақалада екі мәселені нақтылы қойып отыр, біріншісі – бұл ұйымға төрағалық, сөзсіз, қазақ елінің халықаралық беделінің өскендігі, екіншісі – біздің төрағалығымыздың бұл ұйымға жаңа тыныс, жаңа серпін беру мүмкіндігі.

Алғашқысы туралы айтсақ, бір сәтке ойланып, мәселенің түп негізіне үңілейік. 1991 жылы тәуелсіз Қазақ елі атанған жұрттың Тұңғыш Президенті өзінің тарихи миссиясын неден бастап еді. Ол Семей ядролық полигонын жабудан, қуаты жағынан әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық арсеналдан бас тартудан, ел ішінде әуелі экономика, содан кейін саясат деген ұстанымын іске асырудан, этносаралық, конфессияаралық келісімнен, сол мақсатта Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудан, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының тұрақты съездерін ұйымдастырудан, Жаңа қала, ел Астанасын салудан, ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) кеңістігінде интеграция үрдісін жетілдіруден (Қазақстан, Ресей және Беларусь арасындағы Кедендік одаққа дейін), халықаралық, аймақтық деңгейлердегі АӨСШК (Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесі), ШЫҰ (Шанхай ынтымақтастық ұйымы), Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (Нахчыван декларациясы) секілді ұйымдарды құрудағы идеялардан бастау алған. Жақында Қазақ елінің бастамасы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 29 тамызды Ядролық сынақтарға қарсы әрекеттің халықаралық күні деп жариялау туралы қарар қабылдады. Сонымен бірге Қазақстанның бастамасы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының 2010 жылды мәдениеттер жақындасуының халықаралық жылы деп жариялау туралы қарары да қабылданды. Бүгінде зер салсақ, осы

атқарылған істер мен игі бастамаларының қайсысы теріс болып шықты? Бәрі өміршеңдік танытып, Қазақ елінің беделін халықаралық деңгейге көтерді. Бұл туралы шетелдік сарапшылардың айтқандары да көпшілікке мәлім. Нақтылы, елді болашаққа бастаған істерге қандай дау болмақ.

Елбасы айтқан екінші жайға келсек, мәселе өзекті әрі күрделі. Қазақ елі төраға болғанда, бұл ұйымға нендей мәселеде жаңа тыныс, жаңа серпін беру мүмкіндігін іске асыруы керек. Ол – Еуропадағы қауіпсіздік мәселесі. Анығын айтқанда, тек Еуропадағы қауіпсіздік емес, әлемнің аса маңызды аумағындағы қауіпсіздік. Бұл ешқашан күн тәртібінен түспеген, түспейтін де мәселе. Оның шешімі, біз төрағалық еткен бір жыл ішінде шешілмек емес, бірақ мүмкіндікті пайдалануымыз керек, міне, мәселенің нақтылы қойылысы.

Франция президенті Николя Саркози Қазақстанға келген сапарында «Қазақстан ЕҚЫҰ стандарттарының барлық нормаларын толық іске асыруға ұмтылуда. Проблемаларды шешудің ең жақсы әдісі – осында келіп нені қалай жасау керектігін үйретуде емес, оның орнына дос ретінде келіп, проблемаларды реттеуге, шешімін табуға тырысу қажет», – деді. Сонымен бірге ол: «Қазақстан осы аймақта тұрақтылықты сақтауда маңызды рөл атқарады. Сіздер бізге Ауғанстандағы, Ирандағы дағдарысты реттеуге де, Ресейдегі достарымызбен жаңа қарым-қатынас орнатуымызға да қажетсіздер», – деді.

Бұл Ұйым 1975 жылы Хельсинкиде қол қойылған Қорытынды актіден бастау алған, ол кезде әлемде үлкен екі әскери-саяси блок болатын: НАТО (Солтүстік Атлантика шарты ұйымы) және Варшава шарты ұйымы. Мақалада айтылғандай, XX ғасырдың 80-90-жылдары шебінде заманалық маңызы бар өзгерістер болды. Кеңес одағы күйреп түсіп, Варшава шарты ұйымы ыдырады, Германия бірігіп, Югославия біртұтас ел болудан қалды. Қазақстанның тікелей қатысуы жағдайында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Бұл Ұйым 1996 жылы «XXI ғасырдағы Еуропа үшін ортақ және баршаны қамтитын қауіпсіздік моделі туралы» декларация қабылдап, онда бейбіт, демократиялық Еуропа құру қажеттілігі айтылды. Бұл кезде Еуроодақ та өмірге келіп, шекаралары реттеліп, еуро шыға бастаған болатын. Еуроодақ 1992 жылдың 7 ақпанында Маастрихт қаласында (Нидерланды) қол қойған 57 еуропалық мемлекеттің теңдесі жоқ халықаралық құрылымы. Онда халықаралық ұйымның да, мемлекеттің де белгілері үйлесіп, шешімдерін тапқан, бірақ ол екеуіне де жатпайды. Еуроодаққа кіру үшін кандидат Копенгаген критерийлеріне сәйкес келуі керек, яғни мемлекетте демократиялық қағидат, бостандық қағидаты, адам құқығын сыйлау қағидаты және құқықтық мемлекет қағидаты сақталуы керек. Сонымен қатар, мемлекетте бәсекеге қабілетті нарықтық экономика болуы қажет және Еуроодақтың жалпы ережелері мен стандарттары мойындалуы қажет.

Еуро – еуроаймақтағы 16 елдегі ресми валюта. Еуро әлемдік қаржы нарығына есеп айырысу валютасы ретінде 1999 жылы ұсынылып, 2002 жылдың 1 қаңтарында банкноттар мен монеталар айналымға түсті.

Осы үрдіс өзге аймақтарға да үлгі болар деген саяси үлгі насихаттала бастады. Алайда, жаңа заман өз талабымен еңсе де, ескі қырғи-қабақ дәстүрі

әлі сақталып отырғаны, мәселені үнемі күрделендіріп, біршама саяси шешімдер құрдымға кете беріп отырғанын жасыруға болмайды. Бұл ұйымға мүше елдердің ішінде түсінбестіктер жеткілікті. Әсіресе, АҚШ пен Ресей арасындағы саяси шешімдер күрделі түрде қабылданды. Солай болғанымен, бұл ұйымның халықаралық қатынастар архитектурасын құруда біршама мүмкіндігі бар.

Қандай болмасын ел қауіпсіздігі жеке мәнісінде шешілмейтіні баршаға аян. Ал ЕҚЫҰ болса өз құзырына бүкіл еуропалық қауіпсіздікті алып отыр. Қауіпсіздікке бастайтын жол, ол – елдер ынтымақтастығы. Қазақ елі өз төрағалығында осы мәселені басты векторға айналдыру мүмкіндігін пайдаланбақ, ол туралы Елбасы бұл Ұйымға төрағалық қызметіне кірісуіне орай жасаған үндеуінде төрт қағидат ұсынды:

«Қазақстандық төрағалықтың ұраны төрт «Т» – «траст» (сенім), «традишин» (дәстүр), «транспаренси» (ашықтық) және «толеранс» (төзімділік) болады.

Біріншісі, бір-бірімізге деген бізге аса қажетті сенімді білдіреді.

Екіншісі, ЕҚЫҰ-ның негізгі қағидаттары мен құндылықтарынан тұрады.

Үшіншісі – халықаралық қарым-қатынастарда «қосарланған стандарт» пен «жіктеу шектерінен» азат, барынша ашықтық пен транспаренттік. Қауіпсіздікке төнетін қауіп пен қатерлерді еңсеруде сындарлы ынтымақтастыққа ұмтылу.

Ал төртіншісі – бүгінгі әлемде барған сайын маңызы артып отырған мәдениеттер және өркениеттер арасындағы үнқатысуды нығайту жөніндегі жаһандық трендтің көрініс табуы».

Елбасы Ұйымға төрағалық қызметі туралы мәселені осылайша нақтылап алды. Әрине, халықаралық қатынастар архитектурасы деген күрделі мәселе, айталық, соған мақалада айтылған «Корфу үдерісі» мысал бола алады.

«Корфу үдерісі» дегеніміз не? Корфу – Грекия еліндегі бір аралдың аты. Грекияның бұрынғы сыртқы істер министрі Дора Бакояннис (27-28.05.2009) Ұйымға мүше-елдердің сыртқы істер министрлерін шақырып, әңгіме өткізгеннен дипломаттар арасында «Корфу үдерісі» деген сөз қалған. Онда Германияның сыртқы істер министрі Франк-Вальтер Штайнмайердің «араласпай қойғаннан, бір-бірімізбен сөйлескеніміз дұрыс» дегені негізгі мәселе болса керек. Сөйлесу, сұхбаттасу мәселенің шешіміне бастамақ деген ниет білдірілген. Ұйымға қатысты шешімі табылмай тұрған басты мәселенің бірі – Ауған елі туралы айтпағанда, НАТОцентризм мәселесі. НАТО-ның Еуропа кеңістігіне кеңеюі, әрине, Ресей елінің сыртқы істер министрі Сергей Лавровқа ұнаған емес. Оның «қауіпсіздік не жалпы, не елес болуы керек», – деуі сондықтан. Ресейдің Ұйымға қатысты айтары, ол өзге елдің ішкі істеріне араласпауы керек. Міне, осындай келіссөздер нақтылы нәтижелерге келмесе де, кездесу-сұхбаттасу қажеттігінің бар екендігі «Корфу үдерісінен» аңғарылды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ұйым жұмысы басталмай-ақ тұрып шешімге келіп, мақалада нақтылы ұсыныс жасаған. Ол ұсыныс мәні Астанада Ұйымның саммитін өткізу қажеттілігі туралы. Мақаладан үзінді: «Біз барлық осынау тарихи кезеңдерді «осы заманғы рухты» ескере отырып, ой елегінен өткізудің ең жақсы тәсілі 2010 жылы Қазақстанның жас елордасы – Еуразия кіндігінде орналасқан Астанада ЕҚЫҰ мемлекет басшыларының ұзақ уақыт күтілген саммитін өткізу болар еді деп білеміз.

Мұндай маңызды форумға халықаралық өмірдің шын мәнінде мәнді де өзекті мәселелері, бірінші кезекте қауіпсіздіктің біртұтас архитектурасын құру, «Корфу үдерісін» іске асыру, Ауғанстанды сауықтыру және көмек көрсету шығарылуы тиіс. Сонымен қатар, Қазақстан саммиттің күн тәртібіне этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекет бағдарламасын әзірлеу туралы мәселені қосуды ұсынады».

Қауіпсіздіктің біртұтас архитектурасын құру идеясы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында айтылды: «Біз қауіпсіздіктің негізін қалаушы мәселелер бойынша, сондай-ақ Ұйымның өзін дамыту мәселелері бойынша консенсустық алаңды кеңейту және нығайту ниетіндеміз».

Бұл – заманымыздың басты да аса күрделі мәселелері.

* * *

Білім, ғылым, технология үстемдік құрып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында жеке ел қауіпсіздігі автономды түрде болуы мүмкін емес. Қауіпсіздік жаһандық түсінікке айналған. Бұл – ХХІ ғасырдың дәлелдеуді қажет етпейтін шындығы. Ел қауіпсіздігін ойлағанда ең басты бағыт технология болуы керек. Технологиялық мәдениеті төмен ел үнемі де қауіпті жағдайда өмір сүрмек. Қауіпсіздік деген ұғым бүгінгі күнде технологиямен синонимге айналғанын баршамыз болып түсінуіміз қажет. Технология өзегі – білім. Осы мәселеде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Білім жүйесінің инновациялық моделін ұсынды.

Бұл – Елбасының білім, ғылым және технологияның әлемдік контексте болуы үшін жасап отырған сәтті қадамы. Жас ұрпақты ақпарат үдерісіне, өркениет алаңына енгізудің Елбасы үш буынын нақтылы айқындады.

Бірінші буын, Елбасы айтқан, «Балапан» бағдарламасы туралы. Елімізде 2010 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мәлімет бойынша 4972 балабақшада 373,1 мың бала тәрбиеленуде. Сонымен бірге, 260 мың бала балабақшадан орын алуға кезекте тұр. Әсіресе, бұл көрсеткіш Оңтүстік Қазақстан (14,4 %), Алматы (21,5 %) облыстарында төмен. Жағдай Қостанай (90,3 %), Қарағанды (69,6 %) облыстарында республикалық көрсеткіштен жоғары.

Мектепке дейінгі балалардың балабақшалармен қамтылуының алдағы жылдардағы көрсеткіші 2010 жылдың соңында 46,4 % (31.12.2009 – 38,7 %), ал 2015 жылы – 69,1 % болмақ. Елбасы «Балапан» бағдарламасымен 2010 жылға дейін мектеп жасына дейінгі балаларды толық қамтуды Үкіметке жүктеп отыр. Бұл мектеп жасына дейінгі балалар арасындағы тәрбие жүйесін, әсіресе, елдік, патриоттық тәрбиені бір бағытта жүргізу мүмкіндігі және балабақшалар санының өсуі білімді педагогтарға сұраныс туғызса, ата-аналардың белсенді еңбегінің нәтижелі болуына жасалып отырған мүмкіндік.

Жолдауда балаларды мектеп жасына дейінгі оқумен және тәрбиемен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған «Балапан» бағдарламасын әзірлеп, іске асыруды Үкіметке тапсырды.

Екінші буын, Елбасы айтқан, «20 интеллектуалдық мектеп». Бұл мектептер жаратылыстану-математикалық және химия-биологиялық бағытта жұмыс істеп, олар «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің интел-

лектуалдық мектептері» деп аталмақ. Бүгінде физика-математикалық бағытта Астана, Семей және Көкшетауда үш интеллектуалды мектеп жұмыс жасауда. Оларда 1854 оқушы оқиды. Бұл инновациялық білім беру моделі халықаралық білім беру жүйесінің стандарттарына сай жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде болмақ. Осы мектептерде еліміздің таңдаулы педагогтары жұмыс істеуде. Бұл инновациялық модель келе-келе еліміздің барлық жалпы білім беретін мектептерге таралуы керек.

Үшінші буын, Жолдауда нақтылы айтқан, Астана қаласында шілдеде студенттер қабылдайтын «Жаңа халықаралық университет». Ең бастысы, бұл университет жоғары білім беру жүйесі мен ғылымды ұштастыратын инновациялық жоғары білім беру жүйесінің ошағы болмақ. Осы университетте қалыптасатын дәстүр еліміздің өзге университеттеріне таралуы керек.

Жаңа университет аясында Астанада үш жаңа ғылыми орталық құрылатын болады:

1. Өмір туралы ғылымдар орталығы органдарды көшіру, жасанды жүрек және өкпе, бағаналы жасуша және ұзақ жасау медицинасы саласында әлемдік жетекші ғылыми орталықтармен бірлескен әзірліктер жүргізеді.

2. Энергетикалық зерттеулер орталығы қайталанба энергетика, жоғары энергиялар физикасы мен техникасы мәселелерімен айналысатын болады.

3. Тақырыпаралық аспаптық орталық инженерлік орталығы, зертханалық база және конструкторлық бюро болып табылады. Барлық үш орталық биылғы жылы құрылатын болады.

Бұл Университет білім мен ғылым интеграциясын шешуі керек. Бұл интеграция туралы Елбасы үнемі айтып келеді, бірақ тиісті органдар одан әлі де нақтылы нәтиже шығара қойған жоқ.

Сонымен, қорыта айтқанда, Елбасының тікелей араласуымен тәрбие, білім, ғылым және технология салаларындағы жаңа инновациялық жүйе моделінің негізі анықталып отыр. Ендігі жерде осы инновациялық жүйе еліміздегі барлық тәрбие, білім, ғылым және технологиялық білімдер беретін жүйелерге таралуы керек. Бұл Қазақ елін индустриялық, одан әрі постиндустриялық қоғам деңгейіне көтеретін жаңа ақпараттық-технологиялық жүйе ғана болып қоймай, ел қауіпсіздігін сақтайтын бірден-бір шара болуы керек. Бұл – қазақтың «білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген мақалына сәйкес шындық.

* * *

1997 жылы «Қазақстан-2030» Бағдарламасы жарияланғанда, ол заманға дейін кім бар, кім жоқ дегендер болды. Уақыт – тұлпар, заман зырлап өтіп келеді. Міне, биылғы Президент Жолдауында «2020» деп аталатын Бағдарлама туралы баяндалды. Бағдарлама бос қиял емес, прагматизмге толы. Құдай қалап, екі мың жиырмаға жетсек, ар жағында 2030 да алыс емес. Бүгінгі күні өмірге келген ұрпақ, небәрі 20-ақ жасқа келмек. Ал Тәуелсіздік жылы, яғни 1991 жылы дүние есігін ашқандар бүгінде жиырма жасты толтыра бастаған студенттер, білікті мамандар, ішінде отбасын құрып, ес жинағандары да бар. Бұлар екі мың отызда «орда бұзып, қамал алатын» қырық жастағы, ақыл тоқтатып, кемелге келгендер болмақ. Сондықтан, кезінде қабылданған «2030»

қиял емес, нақтылы шындық екендігіне ұрпақ көзімен қарасақ, мейлінше түсінікті жағдай, ал менің айтпағым өзгеше мәселе. Ол Тәуелсіздік есею жылдарында қоғамдық санаға енген тың ұғым Қазақ елі мен өткен ғасыр соңында қабылданған «Қазақстан-2030» Бағдарламасының бүгінгі күні бір арнада тоғысып, ортақ тақырыпқа айналғаны туралы сөз.

Жолдаудағы «2020» Бағдарламасы таяудағы онжылдық туралы болса, «Қазақстан-2030» Бағдарламасы ертеңгі күннің несібесі. Адам болған соң ертеңді, келешекті ойламай болмайды. Сана, ақыл, парасат дегендер адамдарды қияндағы қиялға бастай бермек. Бір сәт көне грек мифологиясына зер салсаңыз, жерді місе тұтпай, оның тартылыс заңын жеңіп шықпақшы болған өр қиялды Фаэтон сияқты персонаждың пайда болуы нені білдіреді? Аспанға нені лақтырсаң да жерге қайта түсетінін әбден ұққан гректер өзгеше ойлауды мақсат тұтқан, содан Күнге қарсы ұшқан Фаэтон туралы миф пайда болған. Халықтың осы қиялы келе-келе адамзатқа керемет Сократ, Платон, Аристотель сияқты данышпандарды берген. Дәп гректерше болмаса да, қазақ халқы да қиялдай білді, қиялы арман, мақсатына айналды, ол бодандық бұғауынан босап шығып, тәуелсіз ел болу еді. Бұл жердің тартылыс күшін жеңгісі келген гректердің асқан идеясынан кем соқпайтын арман еді. Бодандықтан босау осал шаруа емес, ол үшін халық ішінен кемелденіп жетілуі, құлдық сана-сезім орнына ерлігі, өрлігі, намысы басым болып, көнбістіктен бостандыққа бастайтын жол іздеп, ұлы мақсат – азат ел болу идеясы кеудесін кернеген кезде, іске асқан тарихи шара болатын. Тәуелсіздік өзінен-өзі келмейді, ол аспаннан түспейді, ол азап сапарынан, қажырлы рухтан, мыңдаған құрбандықтар арқылы мүмкін болмақ. Қазіргі Тәуелсіздік болмысын зерттесеңіз, осы айтылған жайларды табасыз. Қазақ халқы тарихының қайғылы бет-бедері азаттық үшін күреске толы. Атадан – балаға үзілместен бір ақиқат жетіп отырған, ол – өз атамекенінде қазақ болып ғұмыр кешу деген ақиқат. Бұл әрбір ел қауіпсіздігінің субстанциясы Екі ұғым: атамекен және қазақ қалпыңды сақтау. Осы тақырыпқа арналған жыр, дастандар қаншама? «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Бабалар сөзі» деп аталатын жүз томдық топтама шығып жатыр, бүгінде елу бес том жарық көрді. Міне, осы топтама атамекенінде қазақ болып өмір сүргісі келген халықтың мұң-зарына, мақсат-тілегіне, арман-қиялына, қайғы-қасіретіне толы. Әрине, бұл томдарға енген шығармалар тек пессимизм сарынында жазылған дүниелер емес, олардың векторы болашаққа, келешек ұрпаққа арналған, ерлікке, мәрттікке, ақ ниетті, қарлығаш сезімді ғашықтық хикаяларға толы. Қалай айтсақ та сыятын бұл дүниелердің басты арнасы, әрине, ел тәуелсіздігі әрі қауіпсіздігі болатын. Қазақтың жауы кеше де болған, бүгін де жоқ емес, ертең, мүмкін одан да көп болып кетуі ықтимал, себебі бүгінгі қоғамдық санада, тұрмыста, ата-бабалар заманындай, жаудың анық, нақтылы бейнесі, келбеті, кескіні жоқтың қасы, көмескі, тіптен, олар саған дос көрінуі де ықтимал. Оның үстіне жас ұрпақтың ненің жау, ненің дос екенін анықтауы да қиын болып барады. Бүгінгі бұқаралық мәдениет әрекеті қандай нәтиже бермек. Ақпараттық қоғамда шекара жоқ, интернет жүйесіне ену әркімнің қолынан келетін ең оңай және қызықты іске айналды. Интернет жүйесінде тәртіп,

жақсы-жаман дегендер өте шартты мәселе. Осындай жағдайда тәуелсіздік, қауіпсіздік, елдік сананың басты тұғырлары атамекен және қазақ болып қалу мәселесі қалай болмақ деген сұрақтың күдікке айнала беретіні де шындық.

Әрине, ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай, кереметті өзгертетін керемет замандар келмек. Ол – сөзсіз қабылданатын шындық. 2030-жылы билік, ғылым, білім, технология басына келген ұрпақтың адамдық өлшемі, қазақтық өлшемі өткен ғасырдың адамдары, бізден өзгешелеу болары анық. Алайда, ешқашан үзілмейтін арна – ұрпақтар сабақтастығы деген бар емес пе? Сонда не үзілмей қалуы керек. Меніңше, ұрпақтар сабақтастығы әке мен бала арасындағы қарым-қатынас емес, атасы мен немересі арасындағы қарым-қатынастан аңғарылады. Кезінде И.С.Тургенев «Әкелер мен балалары» деген роман жазып еді, одан айтулы мәселе шықпады, себебі әке мен бала арасы мезгіл жағынан тым жақын, олар бір-бірінен алыстап кете қоймағандар. Мәселенің айқындалуы атасы мен немересі арасынан аңғарылмақ. Ұрпақтар сабақтастығы екі ұрпақтың құндылығының синтезінен шықпақ. Атасы мен әкесінен не шыққанын анықтаушы немере-ұрпақ. Бұл жаңа буын, жас буын. Бүгінгі өмірге еніп, 2030-да кемелдікке көтерілетін де осы немере ұрпақ.

Ел тәуелсіздігі енді солардың қолына өтпек, ол Елбасының 2030 деген Бағдарламасына сай келетін жағдай. 2030 қайдан шықты дегенге айтарым, Елбасы ғасырлар тоғысында өмірге келген ұрпаққа, біріншіден, өсіп-өнуіне жағдайлар жасау ниеті, екіншіден, отыз жасқа келген жастардың, халқымыз айтқандай, орда бұзып, қырқында қамал алатынын есептегендігі. Әркімге белгілі, отыз жас – бір буынның жасы, ол немере-буынның жасы. Оны тәуелсіздіктің төл перзенттері десек те артық емес, себебі олар егемен елдің әнұранын жатқа айтып өскен ұрпақтардың алғашқы легі. Олардан кейінгілер де, құдай қаласа, қарқыны, елшілдігі, батырлығы, кәсіби біліктілігі, дүниетанымы жағынан немере ұрпақтардан ілгері болуы табиғи жағдай. Біздің ісіміз – қолдан келгенше осыларға өткенімізді баяндай отырып, олардың сана-сезіміне, әдетіне атамекен және қазақ болып қалуды сіңдіре білу. Міне, осы ұрпақтар жалғасының үзілмес арнасы болуы керек, олай болмағанда, тәуелсіздік тағдыры басқа ойындарға өтіп кету қаупі бар. Әрбір этностың тағдыр беретін ғұмыры бар, жер бетінде мәңгілік еш нәрсе жоқ, бірақ халқымыздың арманы бар, ол Қазақ елі – мәңгілік болса деген асыл тілегі. Елбасының «Қазақстан-2030» бағдарламасы – осы тілектен туған прагматистік шара.

Тақырыпқа қойылған «Қазақ елі және 2030 Стратегиясы» деген ұран емес, бүгінгі күннің басты мәселесі. 2030 Бағдарламасы Қазақ елі деген ұғыммен толысты. Бағдарлама қабылданғанда қоғамдық санада Қазақ елі деген ұғым актуалды болмаған еді. Кеңес заманынан қалған ұлттық қатынастар деген формула кеңістігінде жүргенбіз, себебі отандық ғылым әлі қалыптаспаған, кеңестік дәстүрде білім, тәрбие алған ғалымдар ескі түсінік, ұғыммен жаңа заманды түсіндіргісі келіп, түсіндіре алмай әуре-сарсаңға түскен кез болатын. Отандық ғалымдар жаңаша ойлау жүйесіне ене бастағанда анықталған мәселе, қазақ халқы өзінің ұлттық дәуірінен өтіп, егемендік, яғни елдік дәуіріне өткені анықтала бастады. Ғылымда Қазақ елі деген ұғым айтыла бастады.

Қазақ елі – неологизм емес, оның мазмұны ғана жаңа. Қазақ деген ұғым ерте замандарда тарихи жағдайларда кездескенімен, өзінің қазіргі мән-мағынасына ие болғаны Қазақ Хандығына (Қазақ Ордасына), нақтылы айтсақ, Қазақ мемлекетіне тікелей қатысты. Қазақ деген сол мемлекеттің азаматының аталуы, содан барып ел атауына айналды. Халқымыз азамат дегенді қастерлі ұғым деп түсінген, сондықтан ұл балаларына биік ниеттен Азамат деп ат қойған. Осы мәнінде қазақ пен азамат деген бір ұғымға сияды. Қазақ дегеннің осындай жұрнағы Түркия елінің дәстүрінде сақталған. Қазақ болу елдің азаматы болу, азамат болу нағыз қазақ болу деген сөз. Махамбет айтқандай, «Азамат ердің баласы, Аз ұйықтар да көп жортар, Арманы бар ма жігіттің, Жау тоқтатып айқаста, Құрбан болса ел үшін».

Ел деген ұғымға келсек, оның этимологиясы тереңде. Ол көне түркілерде бар түсінік. Күлтегін жырында мәңгілік ел деген бар, әрине, күн астында мәңгілік жоқ, әйтсе де мәңгілік туралы арман, идея болуы заңды. Түркілер «мәңгілік ел» деп өздерін атаған. Елбасы Астанада «Қазақ елі» монументін ашқандағы салтанатты жиындағы сөзін, «Қазақ елі мәңгілік болсын» деп аяқтады. Қандай үндестік, Қазақ елінің мәңгілігін аңсау, түркілердің «мәңгілік ел» идеясының жаңғыруы, сондықтан «Қазақ елі – мәңгілік» деген – ренессанстық идея.

Қазақ елінің генезисі – Түркі қағанаты заманына кетсе, оның жеке отаудың атауы болуын Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде келтірілген 1456 жылы Шу өзені бойында Қазақ Ордасының ту тігуіне байланысты. Одан 1822 жылы патша жарлығымен хандық басқару институты жойылған соң Қазақ елі бодан жұртқа айналды. Отаршылдық орнығып, халық елдігінен айырылып, бодандық күйге түсті. Қазақ халқы бодандықтың тарихи екі кезеңін басынан өткерді. Біріншісі, патшалық Ресей қол астындағы бодандық, бұл кезде қазақ жұртына ортақ саяси жүйе болған жоқ, атамекен губернияларға бөлінді, әрбір губерния патша әкімшілігіне тура бағынды. Қалың қазақтың екі ұрты – бірі май, бірі қан болып ғұмыр кешті.

Екінші кезең – қазақ халқының кеңестік заманы. Бұл кезде қуыршақ халде болса да, ортақтандырылған саяси билік жүйелері болды. Қазақ жұрты Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы деп аталды, өзіне тән шекара аймағы болды. Кеңестік замандағы қазақ жұртының қол жеткен табыстары: 1. өз шекарасын анықтап алуы, кейін егемендік алғанда сол шекара сақталып қалды; 2. халық жаппай сауатты болды, білім мен ғылымға, өнер салаларына белсенді араласа бастады, бұрын болмаған ұлттық театр, т.б. мәдени ошақтар қалыптасты; 3. өткен ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап халықтың рухани әлемі жаңғыра бастады, ол 1991 жылғы Тәуелсіздікке бастап әкелді. Бұл қазақ халқының Ұлттық дәуірі еді. Халқымыз өзінің ұлттық дәуірінен 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін егеменді ел дәуіріне өте бастады, ол әлі аяқталған жоқ. Әрине, бұл үрдіс бір күнде болатын іс емес, ескі әдет, дағды, түсінік, коммунистер шегелеп енгізген санадағы стереотиптер әлі де сақталып отыр. Халқымыздың елдік дәуіріне бейімделуі, сірә, ұрпақтар алмасуын қажет етпек. Елдік дәуірдің басты нышаны – Қазақ елі. Астанада Қазақ елі монументінің орнатылуы халық тарихындағы мүлдем жаңа дәуірді ашып отыр. Ендігі жерде қазақ болу, Қазақ елінің азаматы болу бір ұғымға айнала бастады. Қазақ елі деген – бұл территория кімнің жері

дегенге нақтылы жауап, ол қазақтардың байырғы ата-қонысы, атамекені. Мәселе, осылай болғанымен, бұл істе айқындықтар қажет, осы мақсатта Елбасы 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды. Қазақ еліне әрқилы саяси, әлеуметтік, экономикалық, т.б. себептермен ондаған этнос өкілдері келіп қоныс тепкен. Бұл үрдіс ХІХ ғасырдың соңынан басталып, кеңес заманында қарқынды жүрді. Содан барып ХХ ғасырдың 60-жылдары қазақ халқы республикада азшылыққа айналды, байырғы халықтың үлес салмағы небәрі 27% болды. Сондықтан тәуелсіз ел атанғанда тағдырлас этностар өкілімен қандай саясат ұстану керек дегенде, Елбасы өзге тәуелсіз елдерде орын алған қателіктерге бармады, ол Қазақ елінің барлық азаматтарының тең құқылығын Ата Заңда жария етті. Соның нәтижесінде азаматтық негізде жаңа қауымдастық қалыптаса бастады. Республиканың азаматтары тең құқылы болса, оларды нәсілдік, діни тұрғыда кемсітушілік болмайтын заң жүйесі болса, әрине, қауымдастық азаматтық негізде болмақ. Ал азаматтардың этностық сұраныстарына орай Ассамблея жүйесінде 46 этномәдени орталық құрылып, оларда этнос мәдениеттеріне кеңінен өріс ашылды, бұл Ұйымға төраға болғанда жария ететіндей қажетті тәжірибе. Әлемде этностық және діни келіспеушіліктер өршіп тұрғанда, Қазақ елінде түсіністік пен татулық орнағаны әркімге де аян.

Елбасы мақаласында: «Мәдениетаралық және өркениетаралық үнқатысу идеяларын жақтайтын, көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде Қазақстан ұлтшылдықты, діни төзбеушілікті, нәсілшілдікті, ксенофобия мен антисемитизмді тиімді еңсеру үшін ұйымның айтарлықтай қуатты әлеуетін пайдаланбақ» делінген.

Қазіргі Қазақстанда демократиялық қоғам құру барысында мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынас түбегейлі түрде өзгерді.

Қазақстанда этносаралық және дінаралық келісімнің тұрақты моделі қалыптасқанымен, ол мемлекет, азаматтық қоғам, оның ішінде діни бірлестіктер тарапынан үздіксіз қолдау көрсетіп отыруды қажет етеді. Осы сала ахуалына қызығушылық танытатын барлық тараптар біріге отырып, үнемі талдау жасап отырғаны жөн.

Осы арада, Қазақстанда дінаралық қатынас орнатудың негізгі ұстанымдарын атап өту керек.

1. Елдің Конституциясы мен заңдары ар-ождан бостандығы мен діни сенімді қорғауға кепілдік береді.

Конституция діни, этностық және басқа тұрғыдағы кемсітушіліктерге тыйым салады. Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы діни бірлестіктердің еркін іс-әрекет жасауы үшін барлық құқықтық негіз қалады. Ел маңызды халықаралық келісімге және адам құқығына қатысты шарттарға, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі халықаралық келісіміне (пакт) қосылды.

2. Мемлекет конфессиялардың өз қызметтерін жүзеге асыруы үшін тең және қолайлы жағдай жасайды.

Бұл тәуелсіздік кезеңінде діни бірлестіктер санының артуына мүмкіндік берді.

Қазақстан халқының басым көпшілігі өздерін мұсылман санағанымен, бұл басқа діни сенім иелерінің толыққанды іс-әрекет жасауына кедергі келтір-

мейді. Бұған мұсылмандық емес діни ұйымдар санының өсуі дәлел бола алады. Тәуелсіздік алғаннан бері православиелік, католиктік және протестанттық қауым саны біршамаға артты. Сондай-ақ иудейлер мен буддистердің ұйымдары да қызмет жасайды.

3. Мемлекет саясатының маңызды бағыты ретінде дінаралық үнқатысуды атауға болады.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездерін өткізу – ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қолдау тетігі ретінде мәдениет және өркениеттер үнқатысуын дамытуға Қазақстанның қосқан нақты үлесі.

Дінаралық үнқатысу идеясы осы жылдар барысында айтарлықтай сапалық өзгеріске түсті. Егер 2003 жылы I съезге 17 делегация қатысса, 2006 жылы II съезге 20 елден 43 делегация, ал 2009 жылғы форумға 35 елден 77 делегация ат салысты.

Форумға қатысушы ықпалды халықаралық институттар шеңбері де кеңейіп келеді. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым, БҰҰ мәдениет мәселесі жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО), Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКҰ) бар. Сонымен қатар, съезд жұмысына барлық жаңа конфессия өкілдері (тұңғыш рет III съезде синтоизм, даосизм, зорастризм өкілдері қатысты), жаңа елдерден (Польша, Индонезия, Пәкстан, Палестина) діни қауым өкілдері қосылды.

* * *

ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуден шығатын басты тәжірибе – ел ішіндегі, қоғам өміріндегі ынтымақты нығайту. Егер Ұйымға төрағалықтан мұндай іс шықпаса, соншама жылғы ұмтылыс зая кетпей ме. Бірлігі жарасқан елде ынтымақ болмақ. Осы мәселе жөнінде Елбасы 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында мынандай төрт құндылықты атап өтті:

«Біріншіден, біздің ең басты құндылығымыз – Отанымыз, Тәуелсіз Қазақстан!

Екіншіден, мемлекет және оның әрбір азаматы қай жерде де қоғамның тұрақтылығы мен елдің әл-ауқатына кері әсерін тигізуі ықтимал кез келген қадамға бармауы тиіс.

Үшіншіден, экономикалық өрлеу – әрқайсымызға қатысты бүкілхалықтық іс. Бұл – қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешудің және баршамызды табысқа бастаудың кілті.

Төртіншіден, өңірлік және әлемдік нарыққа интеграциялану – дамудың аса маңызды шарты».

Осы төрт қағида, құндылықтарға қысқаша тоқтала кетейін.

Бірінші құндылық – Тәуелсіз Қазақстан. Бұл баға жетпес, ешнәрсемен өлшенбейтін ата-баба арманы, келер ұрпақтың болашағымен ғана анықталатын қасиетті ұғым. Өркениетті елдер қатарына қосылу үшін бәсекеге қабілетті әлемдегі елу елдің санатына енуді мақсат тұтып отырмыз. Осы қалпымыздан айрылмасақ, ол да орындалмақ. Бүгінде Қазақ елі дегенді әлем жұртшылығы тани бастады, соның нақтылы бір айғағы – Ұйымға төрағалық.

Екінші құндылық мәнісі мынада деп ойлаймын: мемлекеттік деңгейдегі жауапкершілік тек мемлекеттік қызметкерлерге ғана емес, әрбір ел азаматына қатысты, әсіресе, өнерімен, білімімен, табиғи дарынымен елге көрінгендерге, соңынан жұрт еретіндерге қатысты. Елдің тұрақтылығына, ел берекесіне қарсы істердің болмауы – ұлттық қауіпсіздік мәселесі.

Үшінші құндылық. Елдің экономикалық өрлеуін Елбасы жалпыхалықтық іс деді. Шынында да, бұл мәселе Қазақ елінің әрбір азаматына, оның кәсіби біліктілігіне әрі іскерлігіне қатысты. Нарық іскерлік пен кәсіби біліктіліксіз болмайды. Сондықтан жас кезден адамдар кәсіби жұмысқа және іскерлікке тәрбиеленіп, үйреніп, оқып және осы істердегі өркениетті елдерде қалыптасқан дәстүрлерді тәжірибе ретінде алмасу амалдарын жүргізу керек.

Төртінші құндылық сапаға қатысты. Кеден одағы жағдайында, БСҰ-ға енген кезде Қазақ елінде өндірілген тауарлар биік сапаға жауап бермесе, жағдайдың қиын болғаны. Сондықтан аймақтық, әлемдік интеграция міндетті түрде сапаны қажет етпек.

* * *

Президент Нұрсұлтан Назарбаев осы екі жыл ішінде, әлем жұртшылығына кеңінен тараған үш мақала жазды.

Бірінші мақала «Дағдарыстан шығу кілті» деген атпен «Российская газета-да» (02.02.2009) жарық көрді. Бұл мақалада әлемдік қаржы дағдарысынан шығуға кедергі, дағдарыстың болуына негіз болған ақаулы валюта, ақаулы капитализм туралы батыл тұжырымды ойлар айтылған еді.

Екінші мақала – «Бесінші жол» «Известия» газетінде (22.09.2009) жарияланды. Онда дағдарыстан шығудың нақтылы жолдары талданып, «бесінші жол» идеясы ұсынылды.

Енді, міне, «ЕҚЫҰ тағдыры және перспективалары» деген мақаласы жарияланды.

Бұл мақалаларды мұқият оқыған адам қазіргі әлем және Қазақ елі туралы жүйелі ойлар желісіне тап болады. Қазіргі заманды түсіну үшін автор алғашқы мақаласында мүлдем жаңа өлшем қажет деп еді. Расы сол, қоғам, мемлекет, нарық, демократия деген келелі ұғымдарға жаңа көзқарас қажет. Оларды осы мақалалардан табуға болады, сондықтан отандық қоғамдық, гуманитарлық білім салаларына, «Адам және қоғам» атты мектеп оқулықтарына осы жаңа көзқарастарды енгізіп, көпшілік зердесіне ұсынатын қажеттіліктің барлығын айтқым келеді.

Автор үшінші мақалада қазіргі заманның екі басты мәселесіне тоқталған, ол – қауіпсіздік әрі ынтымақтастық. Бұл мәселені нақтылы Қазақ еліне қарата айтсақ, ынтымақтастық негізі ел бірлігінде, ел берекесінде екеніне көзіміз әбден жетеді.

Сондықтан, берекелі ел болашағы туралы мақала дер кезінде жасалған сараптама демекпін.

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА

ТАҒДЫР

Мұнай-газ мұнарасына соғылған самалдың сыбыры ма, әлде кәрі Каспийдің толқынына құлаған Ақжайық ағысының сылдыры ма, осы беткейге жолға шықсам, менің құлағымға бір ғажап әннің әуені келеді, бұл сан ғасыр сарсыла күткен, бабаларға арман болып, біздің ұрпаққа ғана жеткен Еркіндіктің әні еді!

Бес ғасыр қойнауынан бала кезімде құлағымға сыбыр болып жеткен: «Жайықты келіп алғаны – Жағаға қолды салғаны», – деген Мөңке ақынның өзекті жарар өкініші талайдың санасына салмақ болғаны тарихтан мәлім. Ал енді сол Жайық тиді өзіңе. Онымен қоса бес ғасыр аңыз болып келген, тілін ұмытқан ұрпақ, қасиетін де ұқпай бара жатқан «Қыз Жібек» дастаның да, Мұхит – ән, Құрманғазы – күй, Сырым батырың, Исатай-Махамбетіңмен ғасыр қойнауынан қайта тіріліп келгендей күй кешесің. Өзіндік күтпеген оқиғасымен, өзіндік ес жимаған санасымен, қиындық-қателігі қуанышқа араласқан Еркіндік келді Далаға. Басқа ұлт көлеңкесінде жалтақтап сөйлеп үйренген, өзгенің қаласын Астанам деп, өзгенің даласын Отаным деп, өзгенің тауын асқақтатып жырлап үйренген ұрпақ өзіне-өзі келе алмай, нені қайдан бастауын біле алмай тұрғанда, көгілдір аспанға желбірей көтерілген көк туға тамсанды. Жүректерді шымырлатқан тылсым бір сезіммен қуаныш әні құйылды. Тарих сахнасына жаңа дүние есігін ашып, көне Қазақ елі шықты. Ол өз еркіндігін паш ете шықты. Бұрын намысшыл Шаяхметовын, қажымас Қонаевын іштей тынып, сүйеніш көріп, мақтан тұтқан ұлт енді өз халқын өз азаматы басқаратын күнге де жетті. Өз ана тілінде сөйлеп, өз даласының қурайын жиып, жусанын сүйіп, Алатау баурайында бұлақ сылдырынан ән тыңдап өскен Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жаңа ғасыр көшінің тізгінін өз қолына алды, қазақ даласының жаңа дәуірі басталды. Осынша үлкен жауапкершілікті өз мойнына алу, бұл елді бұрын болмаған сүрлеумен жүргізу, барды жоғалтып, жоқтан бар жасау, жаңа қоғамға жаңа сана қалыптастыру Назарбаев маңдайына жазылған тағдыр еді. Ол жол оңай да жол емес еді, оған өзіміз де куә болдық.

Тоқсаныншы жылдардың басында менің жыр дәптеріме мынадай жолдар түзіліпті:

Даланың уақыт емдер дертін бүгін,
Оқитын кезең туар сертін, жырын,
Оңайға қайдан түссін бірден алу,
Кең дала, жас ұрпақтың еркіндігін.

Жасыратыны жоқ, өтпелі кезең қиындықтарға толы болды. Жұмыссыз қалған адамдар, өндіріс орындарының жабылуы, жекешелендіруде кеткен қателіктер талайдың көкейіне шер-шемен болып қатты. Халық байлығы еңбегі

сіңбеген ептілердің уысында кеткені де аз емес еді. Табыс көзі жоқ ауылдар малын сатты, үдере көшті. Ең үлкен қателіктің бірі – мектептен тәжірибелі ұстаздардың жалақы іздеп кетуі болды. Ең сауатты дәрігерлер басқа елдерге көшті. Мұның бәрі өлара шақтың қиындығын молайта түсті. Сонша қиындыққа төтеп беру, осы кезге дейін өзге мемлекеттер қатарына қоспаған, көлеңкеде қалып келген қазақ ұлты мен оның кең даласын әлемге танытудағы атқарған Назарбаев саясаты мен өрлігін жоққа шығаруға болмайды. Мұның бәрін оп-оңай шаруа деп кім айта алады?!

Ол шеті мен бұл шетіне жетудің өзі қазірде де қиынға соғатын байтақ мекеніміздің әлі де адам баспаған шыңдары, әлі де ел қоныс теппеген қырлары барын білеміз. Құмдары қорқытатын, орманы адастыратын игерусіз жатқан кеңістігі бар байтақ Қазақстанды әр адымы санаулы Еуропа елімен салыстыру асығыстық. Бейғам, бүгінгі шаруаны ертеңге қалдырып өскен, бір-біріне бағына бермейтін қазақи мінезді аз уақытта өзгерту де оңайға соқпайды. Оның үстіне жаңа қоғамның жаңа заңы алғаш Әліппеміз сияқты қайта жазылды. Алғашқы Конституциямызды қабылдадық, алғашқы Өнұранымызды бекіттік. Бәрін-бәрін тәй-тәй басқан жас балаша бастадық. Сол кезде бұл елді тәй бастырудың қиындығын да көтеру, тыңнан жол бастау Президентке оңай болды деп кім айта алады?!

Сарыарқа! Тұлпарлар тұяғы дүбірі боп Құрманғазы күйінен құлаққа сіңген кең жазық атамекен тіл мен діннен айырылып қала жаздаған ұрпақ мекеніне айналып бара жатқаны рас еді ғой. Сол жаққа жаңа астана салу да оп-оңай іс емес еді. Бұл аймақтың тың көтеру саясатына ұшырап, Ақмола Целиноград болып кеткені баршаға аян. Ол жердегі жергілікті халық саны азайғанын, туған даламыздың егін мен малға жайлы қонысында салт пен сана жойыла жаздап тұрғанын сонау қарбалас кезеңде ойлау да көрегендік емес деп кім айта алады?!

Бұл күнде Астанамыз бүкіл әлем көз тігіп отырған, бүкіл дамыған елдің басшылары ат басын тіреген атышулы қалаға айналды. Аз ғана жыл ішінде осының өзі үлкен жетістік, үлкен көрегендік екенін мойындауымыз керек шығар. «Түрі ұлттық, мазмұны социалистік» сонау кезеңде біздің ұлт өкілдері қазіргі Астанамызда салынғандай зәулім үйлерде тұра алған жоқ. Бұл да егемендіктің арқасы екенін кез келген қазақ ұғыну керек. Әрине, ғасырлаған дәстүрі бар қалалармен әзірше салыстыру қиындау да болар. Бірақ біздің ұлт өз есеюінің деңгейін де сезінгені жөн. Бізге жаңа дәуірге лайық сауат пен жаңа ғасырға лайық ой қорыта алатын биік мәдениет қажет. Өйткені, кей қазаққа тап-таза тас жолдарда жүру де жаңалық, ол дала шалғынын таптап өскенін әлі де ұмыта алмай, кең даладағы далиған мінезінен әлі де арыла алмай отыр. Ендеше, жаңа ғасырда өмір сүретін, жаңа мемлекетті қалыптастыратын адам санасын оятудың көшбасшысы болу оп-оңай іс деп кім айта алады?!

Бүгін біз ана тілге өз ұрпағымызды оралта алмай шырылдасақ, ата-бабамыздың адам сыйлау дәстүрін қайта жаңғыртып әуреге түсіп жүрсек, ол сонау бір жылдардың саясаты екенін де ойлауымыз керек. Ғасырлап бұзылған жүйені аз уақытта қалпына келтіру қайдан оңайға түссін?! Біз бүгін көк туға,

ана тілге деген махаббатты да балабақша мен мектептен қайта бастап отырмыз. Нәтижесіне уақыт керек. Еліміз тыныш, сәби ұйқысы бұзылмаған бейбіт күн біздің ата-бабадан келе жатқан арман, сол елді тыныш жолмен алып жүру, қиын-қыстау кезеңнен алып шығу үлесіне тисе, ондай жүк көтеру оп-оңай деп кім айта алады? Бұл Тұңғыш Президентіміздің ерлігі емей немене?!

Иә, егемендік тізгінін ұстау тағдыры жазылған Назарбаевтың дүниеге келуі жайлы әңгімеге құлақ түріп, сәл шегініс жасасақ... Біздің ұлт – жаратылысынан ұл тілейтін ұлт. Оның үстіне бала сүю үшін әулие кезетіні бар, түнейтін қасиетті әулиесі бар ұлт. Сонау бір есте жоқ ескі заман жұмбақтары кейде біздің ұлттың ғажайып қасиеттерін де аша түседі. Оған дәлел біздің мәңгіден жаттап келген дастандар мен ертегілеріміз емес пе? «Байбөрі осылай деп жүрді жылап, Құдайдан күні-түні бала сұрап», дегенді білмейтін қазақ аз. Содан әулие кезіп, түней-түней «темір етікпен теңгедей қалғанда, темір таяқтан тебендей қалғанда» түс көріп, үйіне оралып, ақырында ұл сүйеді. Аруаққа табынып, Құдайға жалынып сүйген перзент ерекше қасиетті болады, оның тағдыры да, өмір жолы да өзгелерге ұқсамайтын өзінше болады. Міне, біздің Президент те сондай сұрап алған ұл екенін өмірбаяны арасында сөз еткені есімде. Ендеше, сол ерекше ұлдың тағдыры болып Қазақ елінің еркіндігіне қызмет ету бұйырған. Оған біз куә болдық, ол – шындық.

Президентіміздің көптеген бағдарламасы арасында тарихымызға бет бұрғызған «Мәдени мұра» бағдарламасы сол әулие рухтар әсері ме деп қаласың. Аздаған уақытта, қарбалас кезеңде бұрын ұмыт болған қаншама ерлердің есімі тіріліп, қала мен дала бабалар ескерткішіне толды. Даналар ескерткіші мен әулиелер кесенесі тарих көлеңкесінен бой көтеріп, ертеңгі ұрпаққа мұра болып қалмақ. Ақ Жайық бойында бұрын өз ұлтымыздың мәртебесін көтеретін шаралар өте аз өтсе, сахнадан домбырамен ән салуға жасқанып қалған Құрманғазы мен Мұхит ұрпағы егемендіктің алғашқы ауыр жылдарында Қазақ драма театрының іргетасын қалап, салтанатты театр ғимаратын салды. Әрі батыр, әрі шешен Сырым баба қаланың қақ ортасында тұлпарын қарғытып тұр. Ақиық ақын Жұбан Молдағалиев: «Мен қазақпын – осындай байтақ елмін, қайта тудым, өмірге қайта келдім, мың бірінші тірілдім мәңгі өлмеске, айта бергім келеді, айта бергім», – деп жас ұрпағына мақтана қарап тұр. Осының бәрі еркіндіктің бақыты екенін, мұның бәрі оңайлықпен келмейтінін кім жоққа шығара алады?

Президентіміздің сонау бір жылдары мәдениет қызметкерлерімен кездесуде сөйлеген сөзінде: «Біздің қаламгерлер халық арасына барсын, Алматыда иіріліп отыра бермей, жаңа Астанаға қоныстансын, жаңалық жырын айтсын, елге сүйеніш болар сөздерін айтсын, артық-кемді болжап кеңестерін берсін», деген пікірін айтқан болатын. Менің жүрегіме бұл сөз қонғаны сонша, өзіме Ақ Жайық жеке тигендей қуанып, оны өз жырымда жекешелеп алғандай сезініп, оның үстіне сол кезгі Батыс Қазақстанға әкім болған Қырымбек Көшербаев та шақырып, еліміздегі өсіп келе жатқан жас қыз бен сіңлілеріңізге көрген-білген аналық ақылыңызды айтуға керексіз деген сөзі үшін ойланбастан ару Алма-тыдан мен де өз көшімді Ақ Жайыққа бұрдым:

Көрген-білгенімді айта қалайын деп,
Көңілдер сырын байқап қалайын деп,
Жалған күлкілер шаршатқан жанарды
Мөлдір айдынға шайқап алайын деп,
Оралдым саған, Ақ Жайық.
Досым боп келсе, қарсы алу үшін,
Қосылып бірге ән салу үшін,
Көгілдір туға, егемен елге
Туған жерімде тамсану үшін
Оралдым саған, Ақ Жайық.

Иә, өзге тіл, өзге діннің ықпалы көбірек тиген бұл жағалау Қазақ елінің өзге өңірінен ерекшеленуі еді. Тек бабалар рухының мықтылығынан өз келбетін, өз салтын сақтап, бірін тапса, бірін жоғалтып отырғаны рас қой. Еліктегіш, сенгіш, аңғалдау да болатын қазақ ұрпағын, әсіресе, ұлт ұрпағына ана болатын қазақ қызының батысқа қатты еліктейтін өңірі де осы жер. Бұл – менің көкейімдегі өмір бойы басты мәселем, тақырыбым да.

Міне, сол пікірімді әлім жеткенше айту үшін, аналық, ақындық парызды өтеу үшін елге оралғаным да сегіз жылдан асып барады. Кіндігін ашқан қыздарды кері бұрудың оңай емесін сеземін.

Ал Президент жастарымыз оқысын деп «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асырды. Әлемнің барлық қалаларында жоғары оқу орындарында қаракөз қазақтың қаншама ұл-қызы білім алып, елге оралды. Оларға қыруар қаржы бөлініп отырғанына да бәріміз куәміз. Алғашында көкелерінің қолдауымен оқуға түскен жәйттер де болмай қалған жоқ. Ал соңғы жылдары өз сауатымен бәйгеден озғандар оқып, білім алып, сауатты жастар қатарын көбейтуде. Әрине, мұның бәрін бір адам қадағалай алмайды. Ұлтымыздың ертеңгі ұрпағы сауатты, салауатты болсын деп жағдай жасап отырған басшыны қостаушылар да сондай сезімде болғаны дұрыс. Ұрпақ ісін сеніп тапсырғандар бұл жолы да жауапкершілікпен еңбек еткендерді елге үлгі етсе дер едім. Тапсырманы да, заңды да орындау Елбасы сенген басшыларға байланысты және бұл – олардың азаматтық борышы.

Иә, тыңнан салған жолдың қиындығы мен қателігі болатыны заңды. Жасыратыны жоқ, ақшаға құрылған жаңа кезең біздің жырымызды да, кітабымызды да, беделімізді де арзандатты. Табыссыз, жұмыссыз, қобалжып қалған талант иелері бұл кезде қатты қиналды, қажыды. Оңай олжа тапқандар өздерін ойшылдардан ақылды санады. Ойлап отырсам, ондай кез бұрын да болғанға ұқсайды. Айтқыш бабалар айтып-ақ кеткен екен. «Неше мықты болса да, жауға мінбе жалсызды, неше шешен болса да, дауға салма малсызды». Иә, дауда ақшалының айтқаны дұрыс, әлсіз кінәлі болғанын да көрмедік емес, көрдік, көндік. Қағазға түсіп үлгергенмен, өмірде қолданысқа жетпей жатқан заңдар мен орындалмаған тапсырмалар әр жерде наразы сөйлеуге себепші болғанын да жасыра алмаймын.

Біз үшін бәрінен қымбаты осы егемендік, осы бостандық, осы еркіндік. Оның қадірін біліп, бағасын сезінуді әр қазақ ата-бабасы тапсырып кеткен

өсиетіндей қастерлеу керек. Тыныштық пен ынтымақ, бірлік пен тірлік адамзат ғұмыры үшін ең қымбат нәрсе екенін көрші қырғыздардан көріп отырмыз. Өздері саусақпен санауға болатын бір атаның баласы бірін-бірі қанға бояуы деген не сұмдық. Ақымақтыққа аз уақыт та жетеді. Ал біздің құшағы кең қазақ даласына сонау жылдары кімдерді әкелмеді. Әлі де үй ішінен үй тіккісі келетін топ жоқ емес, әлі де кең жерімізге ала көзбен қарайтындар жоқ емес. Ұлы мақсат үшін кейде шыдау керек кезде шыдамдылықтың да маңызы зор болмақ. Президент бойындағы талай басшыға көрсеткен шыдамдылық та оның өз тағдырын мойындау, өз жүгін нар тұлғамен көтере білу қабілетінің зор екеніне дәлел.

Нұрекең Ақ Жайыққа ат басын тіреген сайын өзі тағайындаған әкімге мол тапсырма жүктеп кететіні сөзсіз. Соңғы үш жыл ішінде облысқа Бақтықожа Ізмұхамбетов әкім болғалы атақты Қарашығанақ газының үстінде тоңып отырған талай елді мекен көгілдір отынға қол жеткізді. 500 шақырым газ құбыры тартылып, сонау сынақ аймағы болған Бөкей ордасы ауданы газ жағып отыр, бұл күнде ол ауылдар құм беткейге мыңғыртып малын бағып, әнін салып дегендей күн кешіп жатыр. Жақында Сырым, Қаратөбе аудандарына да газ құбыры жетті.

Газ бен мұнай даңқын асырған Ақ Жайық бойы соңғы жылдарда біраз жақсылықты бастан кешіп отыр. Үстіміздегі жылы 49 жоба бекітіліп, оған 271,5 млрд. теңге бөлініпті. Соның ішінде 9 жоба республикалық индустриялық-инновациялық жобаға еніп, 4-уі бірінші жартыжылдықта бітпек. Облыс өз тұрғындарын азық-түлікпен толық қамтып, болашақта артық өнімнен табыс табуды көздеп отыр, оны үнемдеуге өзінен шығатын арзан газ көмегін тигізетін болады.

Президент бұл жағалау жағдайын біліп, қадағалап отырғаны да ақиқат. Келген кезде ақ жарылып сөйлеп, аңқылдап күліп жүргенмен, талай қиындық баарын сезеді. Ұлттар достығы, Ресеймен қатынас, кеден мәселесі де осы жақта көп көңіл бөлетін шаруа. Тіліне жетік, ежелден көрші елмен кеден қатынасын күрделендіруге болмайды ғой. Еуропа мен Ресей Қазақстанға көбіне Орал арқылы кіреді. Достық қатынас бізге сақталу үшін, сақтану үшін қажет. Баяғы Әбілқайырды да достық үшін қол қойды деп әлі күнге кінәлайтындар бар. Ол кезде де кең далада шашыраған ұлт ұрпағын аман сақтап қалу үшін басқа шара қалмаса қайтпек? Отырып алып ақыл айту – ең оңай шаруа. Жау жағадан, бөрі етекпен талаған қазақтың тұқымын аман сақтап қалу үшін талай данышпан ұлдар от пен суға түспеп пе еді? Қазір де тыныштық пен достықтың тигізер пайдасы аз болмаса керек. Өттең, бұл кезде де жағаға жармасып, етекпен тартушылар жоқ емес. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең – істің бөрі бос», деген Абайдың пікірін әлі де ұқпағандар бізде жеткілікті екені рас.

Тыныш күн, тыныш ұйқы, сабырлы кеш. Көгілдір экран алдында отырып, әлемнің жаңалығы арасынан өз Қазақстанның жайлы мақтанышқа толы көрініске де көзің үйренгендей. Әлем басшылары арасынан маңдайы жарқырап, жымия күлімдеп, аяғын батыл басып келе жатқан, даусын биік алып, сабырлы да салмақты сөз бастайтын мінбелерден өз Президентіңді көресің, өз елің

нің барын сезесің. Кеуденді кернеген еркіндік бақытының бағасын айтып жеткізуге де қиналасың. Ол – әр жүрек түкпірінде жатқан ғажайып сезім, асыл арман, ұлы мақсат.

Президент шетелде жүріп те осы халықтың ертеңін ойлайды. Осы елдің көркеюі үшін келіссөз жүргізеді. Оның жүрегінде Қазақстан мен қазақ тағдыры, соларға жауап беруге жаралған өз тағдыры тұрады. Еліне келіп сөйлеген сөзінде: «Қазақтар бір-бірімен қазақша сөйлессін», деді Президент. Оны тыңдап отырғандар аз, оның үстіне бизнес тілі, интернет тілі, техника мен экономика, медицина тілі әлі қазақша емес. Қазақша сөйлеу – әр отбасының борышы, намысы. Біздің қазақтар қазір балаларын шетел тасып, тіптен қазақша сөйлемегенге мақтанып та отыр, қызын шетелдікке күйеуге тиді деп қуанып жүргендер де жоқ емес. Өз қазағын «мәмбет» дейтін жастар да жетіп жатыр. Осының бәрі – ұлттық дәстүрлі тәрбиенің бұзылуынан кеткен қателік. Шығыс тәрбиесі – ең мәдениетті тәрбие, оған дәлел – жапон халқының әйелдерінің мәдениеті мен отбасында беретін ата-баба дәстүріндегі сақталған өнеге. Біз оны жоғалтып алдық. Оған да Назарбаев кінәлі емес, қоғам, саясат, біз өмір сүрген кезең кінәлі.

Тәрбие саласына қаламгер мен өнерлілер, таланттар жегілмей қалды. Оларды ақшалы қоғам ысырып тастағаны да үлкен қателік болды. Ең үлкен насихатшы солар еді ғой, оларды жаутаңдатып қою, әрине, қателік. Өлі де қоғамдағы оқыстан байығандар өнерліге оқшырая қарайды, сыртқы киімге қарап бағалайтын да кез болады. Ал ондайды да біздің даналық ескерткен еді. Қожанасыр бір жиынға келсе, жандайшаптар оны билікші мен бай-манап отырған ортаға жібермейді ғой, содан Қожекең бір мықты танысының зерлі шапанын киіп келсе, бәрі төрлеңіз деп иіліп-бүгіліп қарсы алады. Сонда Қожекең табаққа жеңін малып: «Же, шапаным, же», демей ме. Қазір де сондай жағдай жоқ емес, бар.

Осындай қоғамдағы алалықты түзету де Президент шаруасы емес, ол әр пенденің ішкі мәдениеті мен тәрбие деңгейіне байланысты. «Дүние өтерінде шыр айналды, бай болмақ, кедей болмақ Құдайдан-ды», деген сал-серілер айтқан сөзді әжем қайталайтыны жадымда қалыпты. Бәрінің әділ төрелігін сол кісі реттейтін көрінеді. Әжемнің айтуынша, байлығын берсе, қайтадан денсаулығын алады, қайырымсыз болса, ұрпағы қасірет шегеді, әйтеуір адамзат ғұмыры жатқан бір жұмбақ.

Бүгінгі егемен Қазақстан халқы тарих дөңгелегінің осы бір тұсында өмір сүріп отырмыз. Әлем таныды, көк ту биікте, көк төлқұжат бүкіл шет мемлекет есептесе қарайтын иелігімізге айналды. Әлемді шарлап қазақтың жастары кетті. Жер байлығы жағынан бәрі-бәрі қызығатын қасиетті мекен бар бізде. Енді соған ие болатын намысты ұрпақ керек. Сол жолда бейбіт күндердің қадіріне жетіп, Елбасының саясатына үн қосып, ертеңгі болашақты нұрландыру үшін еңбектену баршамыздың борышымыз деп білген жөн.

Егемендік алғалы әлемнің қай түкпіріне барсаң да жол ашық. Кеден қызметкерлері тілінді ұқпаса да, түріңе қарап, төлқұжатты ашып жатып-ақ «Қазақстан – Назарбаев» дегенді қосып айтып, жылы қабақ танытады. Ендеше, әлем танып отырған Елбасымыз біздің бүгінгі мақтанышымыз болуға әбден лайық.

Тұңғыш Президентіміздің азаматтықтың қадірін, достықтың маңызын, сыйластықтың бәсін біліп, елін сүйіп, оның өнерін қастерлейтін қасиетін жоғары қоюымыз керек. Бұл – кез келгеннің бойында кездесе бермейтін сирек құбылыс, ерекше қасиет. Ол – ата-баба қанынан сіңген ұлттық ерекше мінезіміздің бірі. Бұл да кез келгеннің маңдайына жазылмайтын, бойына дарымайтын ерекшелік. Ендеше, ондай Президентпен мақтану – біз үшін үлкен жетістік. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, Сүйінерге жарар ол» демей ме Абай.

Ақ Жайық бойында «Аманғалидың әні» дейтін мынадай жолдар бар.

Жігітке қиын екен жұртқа жақпақ
Көңілін бай, кедейдің бірдей таппақ,
Қақ жарып қара қылды жүрсем-дағы
Кетеді біреу мақтап, біреу даттап.

Осы әнді сонау Қазан төңкерісінен бері неге ұмытпайды, ол несімен көкейлерде қалады десек, оның ішінде өмір шындығы бар. Ал шындық қашан да жоғалмайды. Біздің бүгінгі тарихи кезеңнің тізгінін ұстау Назарбаев маңдайына жазылғаны да тарихи шындық, оны ешкім жоққа шығара алмайды. Ал тарих басқа шындықтарын да теңіз толқыны сияқты тербеп, екшеп жағаға шығарары сөзсіз. Әйтеуір көш басындағы өзінің Назарбаевымен Қазақ даласы жаңа бір дәуірге қадам басып бара жатыр, құтты қадамы болғай деп тілейік.

ОРАЛ.

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 2 шілде

Ерлан СЫДЫҚОВ,
*Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік
университетінің ректоры, профессор*

ТАЖАЛДЫ ТҰНШЫҚТЫРҒАН ТҰЛҒА

Тарих уақытының күнпарағындағы қазіргі кезең – Жер ананың төсінде Бейбітшілік әлемін орнатуды аңыздай аңсаған тұс. Адамзат зеңгір көкпен таласқан шаттық шаңырағы астында сергек сеніммен тамаша дәстүрді ашық дамытуға бастайтын, тайталастардың орнына төзімділікті ұран ететін көшбасшы Тұлғаға зәру еді.

Таңдау Қазақ елінің перзентіне – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа түсті.

Оның себебі: төрткүл дүние тұрғындарын тәнті еткен Тұлғалық феномен. Тарихи уақиғалар барысына ықпал ету қабілетін берген тәңір жазуы. Әділ әрекет пен алғыр сананың сындарлы тоғысы. Демек, тұтас Қазақ елінің баянды бағы.

Ол бейне бір Прометейдей қараңғы түнекті сәулелендірер жарық ұсынды. Сөйтіп, мемлекеттер арасындағы сұхбат пен өзара сенім әлсіреген сын сағатта ортақ мүдделестікке бағыттайтын шамшырақ жанды. Әлемді билеген күңгірт күдік сейіліп, ақ шуақ үміт орнықты.

Жуырда Семейде Еуропа Парламентінің депутаты, ЕҚЫҰ-ның экология және қоршаған ортаны қорғау проблемалары бойынша жеке өкілі Струан Стивенсон біздің шақыруымызбен Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті студенттері алдында дәріс оқыды. Саясаткер: «Қазақстандық лидер, сөз жоқ, Тұлға. Сондықтан, Қазақстан мемлекетінің төрағалық етуі – тек сіздерге ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығы үшін зор мәртебе. Өйткені, Нұрсұлтан Назарбаев – жасампаз құрылысшы» деген бір пікір айтты. Жасампаз құрылысшы! Тұлғаның әлемдік деңгейде дараланған келбетін еуропалық парламентарийдің аузынан айтылған осы сөздің мағыналық жүгі ашып тұрғандай.

Небары 20 жылға толар-толмас уақытта Орталық Азияда қуатты Қазақстан мемлекетін құрды. Бабалардан келе жатқан сан ғасырлық ұлы арман – Тәуелсіздікті орнатты. Жай орнату емес, түрлі ұлттар өкілдерінің Отаны атанған қазақ жерін бірлік пен берекенің, ынтымақ пен ізгі ниеттің құтты мекеніне айналдырды.

Қайыспас қажырын елдік намыс рухымен қатар ұштап, алмағайып қиын кезеңде егемен елдің көк байрағын жалаулатқан Тұлғалық қасиетті неге ұлықтамаққа?! Осы орайда оқу-ағарту саласының қызметкері ретінде ой туындайды. Ертеңді күтпей, дәл бүгіннен бастап ел қорғаны болар ерлікті, отансүйгіштікті жас ұрпақ санасына Елбасының жеке мысалында сіңіре білуіміз қажет. Неге десеңіз, ұлт қамқоршысы бойындағы шынайы жанашырлықты Президент тұлғасынан көреміз. Әлем ұлтты, халықты ұлт тұлғалары арқылы танып біледі. Ал қазақ ұлтын әлемге танытқан – Нұрсұлтан Назарбаев. Жалпы қоғам тарихи тұлғаның рөлін ешқашан жоққа шығармайды. Біз ұлт басшысын қастерлеп, құрметтеуді әлемдегі өркениетті елдерден үйренсекші. Тіпті, тегі бір туысқан

түрік халқының өзінде Анадолыда алғаш жаңа түрік мемлекетінің негізін қалап, құрушы Мұстафа Кемал Ататүрік есімін мәңгілік ұлттық мақтанышқа айналдырған. Олай болса, әлем бейбіт өмірдің сенімді кепілі ретінде танып отырған Президентіміздің өнегелі ісінің, кісілік келбетінің бүгінгі жастарымызға үлгі етуге бағытталған тәрбиелік жұмыстардың тетіктерін іске қосу керек. Осы орайда Алаш көсемі Ахмет Байтұрсыновтың «Ұлым деген жұрт болмаса, жұртым деген ұл қайдан туады» деген даналық сөзі ойға оралады. Ұлттың көсемін құрметтегеніміз – халықты құрметтегеніміз.

Ежелгі дәстүрге сүйенсек, қазақ ел басқарған ханын, дуалы ауыз билерін, қол бастаған батырларын ғасырдан ғасырға дәріптеген халық. Жастарымыздың саяси-әлеуметтік белсенділігін арттыруды, білімді әрі зиялы азамат етіп тәрбиелеуді осы арнадан бастасақ игі.

БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунның Семей полигоны орнына арнайы атбасын бұрып келген жолында Қазақстан Президентінің орасан сынақ аумағын ғана жауып қоймай, ядролық қарудан ада аймақ құрған батыл әрекетін бүкіл әлемді ядролық қарудан құтқару үшін берік іргетас қалап берді деп бағалағаны баршаға мәлім.

Елбасымызға арнайы ізетпен «Жер жаһанға ядролық қарулануды тоқтатуға жар салуға Сізден лайықты лидер жоқ» деген ұсынысы қарама-қайшылықтарды алдын ала білетін дана Тұлғаға тағзымы деп бағалаймыз өз кезегімізде.

Ел Президенті Н.Назарбаев арқылы Қазақстан да әлем жұртшылығы алдында бірегей позицияда айқындалды. Қазіргі заман тарихының аса күрделі кезеңінде ЕҚЫҰ-ға басшылық етуші ел ретінде Қазақстанның мәртебесі бұрынғыдан бетер жарқырай түсті. Атап айтсақ, Мемлекет басшысының құрған бейбіт ел үлгісіне басқалар талпынуда. Соның бір айғағы – АҚШ Президенті Барак Обама мен Ресей Президенті Дмитрий Медведевтің өз мемлекеттеріндегі ядролық қару түрлерін анағұрлым шектеу жөніндегі шартқа отыруы.

Нұрсұлтан Назарбаевтың қаһармандық тұлғасы жайлы сөз қозғағанда осыдан жиырма жыл бұрын Семей ядролық полигонын жабудағы орасан еңбегін ұрпаққа насихаттауға тиіспіз. Абай, Мұхтар, Шәкәрімдей ұлттық ақыл-ойдың алыптарын өмірге әкелген ұлылар мекені, қазақ руханияты мен мәдениетінің орталығы Семей жері қырық жыл бойына жүргізілген сынақтар салдарынан экологиясы бұзылып, халық адам айтқысыз зардап шекті. Бір сәтте ешкімнің келісімінсіз ұлы ақын елі улы атом еліне айналды. 1949 жылдың 29 тамызында КСРО Семей полигонында тұңғыш рет ажал аждаһасы саналған атом бомбасын сынақтан өткізді. Бұл жойқын жарылыс Абралының Дегелең тауын тітірете теңселтті. Көкжиектен тосыннан жарқ етіп пайда болып, демде бұлттанып сейілетін «ғажап» саңырауқұлақ сұлбасын қызықтаған ауылдың талай қалқанқұлақ қара баласы айықпас дерт құшты. Сол себептен де, Төлеген досымның «Заман-ай» әні ядролық тажалдың құрсауында «мәңгілік бала бейнеде» қалған талай Ләйләлардың өкінішті өміріне арналған гимн деп есептеймін. Мектепте «Дүние жүзі тарихында» жазылған кішкентай жапон қызының сәуле ауруынан жазылуға деген үмітпен қағаздан мыңдаған тырналар жасағанын, тиісті

санға жетпей өмірінің қиылғанын оқып, Кеңестер Одағы балаларының бақытты болашағына ондай кеселдердің кесірі тимесіне имандай сенгенде өздерінің ядролық тажал апанында тұратыны қаперіне де кірмеді. Кеңес Одағының әскери-өнеркәсіптік кешенінің дамуына Қазақ КСР-інің тамаша үлес қосқанын мақтаныш етті... жалған идеологиямен суарылған саналар.

Семей ядролық сынақ полигонындағы алғашқы ядролық жарылыс бүкіл дүние жүзіне Кеңес Одағының аждаһа қарудың монополисі екенін дәлелдесе, полигон маңындағы Абралы, Абай аудандары тұрғындарының өмірі мен денсаулығы құрбандыққа шалынды. 40 жыл бойы мың Хиросиманың күнін кешті. Алайда, олар оның бәрінен бейхабар еді.

1957 жылдары Алматыдан ғалымдар С.Балмұханов, Б.Атшабаров бастаған топ полигон маңындағы тұрғындардың денсаулығына зерттеу жүргізіп, радиациялық сәуле әсерінен болған ерекше дертке «Қайнар синдромы» деген атау берілді. Ғалымдардың болжауы бойынша иммундық жүйенің радиация әсерінен дәрменсіз күйге түсуінен қатерлі обыр жасушалары тоқтаусыз өсу қатеріне ие болады. Тағы бір қасірет психикалық тұрғыдағы аурулардың бой көрсетуі еді. Ақ қан ауруы (лейкоз) Қайнар, Саржал, Қарауыл, Долон, Знаменка тұрғындары арасында көбейді. Статистикалық деректерсіз-ақ айтарым, менің балалық шағым Дегелеңге іргелес орналасқан Саржал ауылында өтті. Қаршадайымыздан сол қасіретке куә болдық. Біздің ауылды ядролық жарылыстың эпицентріне орналасқан деп айтсақ та болады. Олай дейтініміз, Саржал жер үсті жарылыстары ұйымдастырылған жерден бар-жоғы 25 шақырым қашықтықта, ал жер асты ядролық дүмпулерінен 30-35 шақырым аралықта орналасқан. Осы ретте сол жарылыстардың арғы тарихына тереңдей бойласақ, адам нанғысыз зұлымдыққа тап боласыз.

Өз жерінде мылтықсыз майданның құрбандарына айналған халықтың денсаулығына іс жүзінде ешбір жәрдем көрсетілмеді. Оны айтасыз, дәрігерлерге радиация әсерінен болған аурулардың дұрыс диагнозын қоюға тыйым салынды.

Менің атамекенімнің маңдайына осындай қасірет таңбасы басылыпты. Бұл зобалаң біздің ауылдың ешбір отбасын айналып өтпеді... Тек алпысыншы жылдардан бері ғана бір ауылдан 500-ден астам адам ядролық сынақтың кесірінен қыршынынан қиылса, 150-ден астамы онкологиялық емханада жатып, жарық дүниемен қош айтысты. Ал қаншама адам өз-өзіне қол жұмсау қасіретіне ұшырады.

Қырық жылға тарта созылған жойқын алапат барысында 18 мың шаршы шақырымнан астам аумақта 470 ядролық және термоядролық жарылыстар жасалды. Оның 352-сі жер астында өткізілсе, 118-і жер үстінде ашық түрде сыналды. Осындай сынақтармен қабат Семей полигоны аймағында химиялық жарылғыш заттарды қолдану арқылы 175 жарылыс жасалып, олардың сұрапыл ядролық қуаты тексеруден өткізіліп, жергілікті халық денсаулығына адам айтқысыз зардап әкелді.

Семей полигонында жасалған бұл сынақтардың жалпы жиыны Хиросима қаласына тасталған атом бомбасынан 2,5 мың есе артық ядролық қуатты құрады. Кеңес өкіметі келмеске кеткен соң Қазақстан аумағында мұраға қалған

уран өндірісі мен ядролық қондырғылардың мол қоры қалғаны белгілі. Нақтылап айтсақ, жаппай қырып-жоюға арналған 1216 құрлықаралық баллистикалық оқтұмсықтар, көп мақсатты стратегиялық «Ту-95МС» бомбалағыш ұшақтары, 1400 ядролық оқтұмсықтармен жабдықталған 104 «СС-18» құрлықаралық баллистикалық зымырандар болды. Бұл – жер шарын бес мәрте жоя алатын, әлемде ядролық арсеналы жағынан АҚШ, Ресей, Украинадан кейінгі төртінші орындағы қару қоры.

Бұл дегеніміз қатерлі ісікке шалындыратын қасірет ошағы қолдан жасалды деген сөз. Осындай сұмдықты көріп-біле отыра, КСРО әскери-өнеркәсіптік кешені аталған «құбыжық» темір тордың аржағындағы жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын назардан тыс қалдырды. Ажал аждаһасын ауыздықтауға бел буған қайсар тұлға болмаса, бұл қайғы-қасірет әлі де қаншама буынды шарпуы сөзсіз еді.

Қазақ жеріндегі осындай адам төзгісіз алапатты тоқтатып, тажалды тізгіндеуді жоғарыдан талап ету жайлы жан күйзелісі мәрт Тұлғаға бір сәт тыным бермеген.

Менің жазу үстелімнің тартпасында жатқан шағын кітап бар. Ол республиканың еңбек сіңірген қайраткері, бұрынғы Семей облысы обкомының I хатшысы болған марқұм Кешірім аға Бозтаевтың «Семей полигоны – «Қайнар қасіреті» кітабы. Сол кездің шындығын автор былай деп жазыпты: «1988 жылдың ақпанында облысқа республика Министрлер Советінің Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келді. Ол көптеген аудандарда, соның ішінде шалғайдағы және артта қалған аудандарда да болды, жұрттың қандай жағдайда тұрып жатқанын өз көзімен көрді, біздің әлеуметтік жайсыздықтарымызға енжар қарай алмады. Н.Ә.Назарбаев өз пікірін айтты: толық аумағында жұмыс істеп тұрған ядролық полигонның бар екендігі одақтық үкіметтің аймақ тағдырына араласуына құқық беруі қажет, осыған орай КСРО Министрлер Советінің арнайы қаулысын шығарту керек деді.

Республикалық үкімет басшысының қолдауы мен түсінуі бізді қанаттандыраңдай болды. Біз бірден жұмысқа кірісіп кеттік те, кешікпей КСРО Министрлер Советінің Төрағасы Н.И.Рыжковтың атына хат дайындалды. Н.Ә.Назарбаев оған қол қойып, Н.И.Рыжковпен одақтық үкіметтің арнайы құжат қабылдауы туралы келісті».

Бұл қаулы шығарылғанға дейінгі Одақ тарапынан жасалған қысымдардың сан түріне төтеп берерлік сындарлы да жүйелі саясат жүргізген тегеурінді Тұлғаның кемеңгерлігімен халық санасы оянды. Сол кезде қайраткер досы Олжас Сүлейменов үлкен қолдау көрсетті.

«Невада-Семей» қозғалысының дүниеге келген күні көз алдымда: 1989 жылдың қысында қазіргі белгілі қоғам қайраткері, сенатор Ғарифолла Есім бар, біраз жігіттер Алматыда біліктілік жоғарылату курсына оқып жүр едік. 28 ақпан күні Жазушылар одағының залында Олжас Сүлейменов күндей күркіреген айбынды дауысымен әйгілі Үндеуді оқыды. Сол кезде оның қасына әлде бір түсі суық адам жақындап барып, микрофонын сұрады. Әрине, бізді үрей биледі. Желтоқсаннан кейін ондай сезімнің болуы түсінікті ғой. Бірақ, жаңағы

кісі «осы залда үш жүз адам отырса, сыртта үш мың адам тұр. Сондықтан дыбыс күшейткіш қондырғыларды іске қосыңыздар, сырттағылар да естісін, – деді. Міне, қуатты халықтық қозғалыс осылай қанат қақты. Оған серпін берген дегдар тұлғаның пәрмені еді. Халықтық толқулар сол жылға жоспарланған 18 жарылыстың он бірінің алдын алуға мүмкіндік туғызды. Жер-жерден полигонды жабуды мойнына алған «қайраткерлер» саясат аренасына ұмтылып, ұпай алғысы келгендер де табылды.

Бірақ, біз бүгін аса маңызды тарихи фактілерді қайталаудан тынбауымыз керек.

1989 жылғы 21 сәуір күні полигонда 50 килотондық жарылыс болды. Сөйтіп әскери-өнеркәсіп кешені нақты қоқан-лоққы көрсетті. Сол кезде «Семей ядролық полигоны туралы» Орталық Комитет Саяси Бюросының қаулысының жобасы шығады. Жобаға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбин қол қояды. Қазақ КСР Министрлер Советінің Төрағасы Н.Ә.Назарбаев халықтың шеккен зардаптарын жоюға қатысты мәселе көтерілмеген деп, жобаға қол қоюдан бас тартады. Қаулыға халықтың денсаулығын зерттейтін шаралар кешенін және арнайы ғылыми-практикалық конференция өткізу туралы тармақтардың енгізілуіне тас-түйін табандылықпен ықпал етеді.

Тәуелсіз Қазақ елінің іргетасы енді қаланып жатқан күрмеулі шақта Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылғы 29 тамыздағы №409 Жарлығымен Семей ядролық сынақ полигонын жабуы теңдессіз ерлікке бара-бар еді.

Бұл «Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ», – деп ағынан жарыла аманат арқалаған мәрт тұлғаның толғанысы.

Осы Жарлыққа дейінгі жолда қаншалықты ерік-жігер мен мейлінше табандылық жатыр десеңізші! Бүгінде Семей полигонын жабу туралы Президент Жарлығының ядролық қарусыз ел мәртебесінің биігін белгілеген, адамзат дамуындағы бейбіт қоғам үшін жасалған бірден-бір батыл тарихи құжат екендігін төрткүл дүние түгел мойындап отыр.

Полигон зардабын жарты ғасырға жуық тартып, ядролық сынақтан пайда болған қайғы-қасіреттен бір сәт көз ашып, бас көтере алмай келген халық бұл хабарды зор ризашылық сезіммен қабылдады. Бұл шешім жер шарының миллиондаған адамдарына қуаныш сыйлады, адамзат баласының бойына ядролық сынақсыз азат әлем құруға болатындығы туралы сенім ұялатты.

Нұрсұлтан Назарбаевтың осы қадамы империялық пасық пиғылды күйретіп, ядролық қаруды игеру арқылы жер жаһанға қожалық жасауға ұмтылған ашкөзділікке тоқтам жасауға болатындығын әлем қауымдастығына дәлелдеп берді. Жарты ғасырдан артық адамзат баласын біржолата жер бетінен жойылып, құру қаупін төндірген жойқын қатердің алдына тосқауыл қойылды. 1992

жылдың 23 мамырында Қазақстан мемлекеті стратегиялық мақсаттағы жаппай қырып-жою қаруларын шектеу және қысқартуға бағытталған КСРО мен АҚШ арасындағы Келісімге сәйкес Лиссабон хаттамасына қол қойып, өз міндеттемесін қалтқысыз жауапкершілікпен орындады.

Бұл игі бастама әлем жұртшылығы тарапынан да қызу қолдауға ие болып, 1992 жылы Америка халқы АҚШ конгресін ядролық сынақтарды тоқтатуға мәжбүр етті. Осының соңын ала, 1995 жылы Тынық мұхиты аралындағы француз полигоны құрықталды. Ал 1996 жылы Лоб-Нор шөліндегі Қытай ядролық жарылыс алаңы да өз үнін өшіріп, халықаралық мораторий орын алды. Сонымен қоса кешегі КСРО-ның жарты ғасыр ядролық қалдықтармен улаған зардаптарын жою ауыртпалығы тек Қазақстанның ғана мойнына түскен жүк болып қалды. Осы ретте Семей ядролық полигоны зардаптарын толықтай жоюды кешенді түрде шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарламасының аясында аймақтың инфрақұрылымын дамытып, шағын және орта бизнесті жетілдіруге баса назар аударылып, ауқымды шаруалар қолға алынып, өз нәтижесін беріп жатқандығын айтуға тиіспіз.

Жұртының тағдырына жан-жүрегімен күйген кемел тұлға ядролық қарусыз әлемді қуаттаған қадамымен жаһан жұртшылығын ізгілендіруге бағытталған жақсылықтың жаршысы болды. Өткен жылы Семей ядролық сынақ полигонындағы сынақтардың тоқтатылуының 20 жылдығына арналған салтанатта сөйлеген сөзінде Елбасымыздың 29 тамыз күнін жаппай қырып-жою қаруларын жоюдың Бүкіләлемдік күні деп жариялау туралы мәлімдемесі БҰҰ-да қолдау тауып, бұл күн «Халықаралық ядролық қарусыздану күні» болып белгіленді. Бүкіл әлемді бітімгершілікке шақырған Қазақстан лидерінің бұл әрекеті шартараптан Жер планетасының жарақатына шипа болар дәрумендей бағаланды. Өйткені, қазіргі таңда дүние жүзінде 41 мың 735 ядролық оқтұмсық сақталып отырғанын ескерсек, бұл қатер Жер планетасын жүз мәрте жойып қана қоймай, жалпы Күн галактикасының өзін тұтастай құртып жіберуге толықтай қауқарлы екендігін қазіргі ғылым дәлелдеп отыр.

Елбасы 2005 жылы Семейде Шығыс өңірі тұрғындарымен кездесу жиын өткізгенінде, сөз сөйлеу мәртебесіне ие болып: «Қырық жыл бойы ажал төккен Семей полигоны Сіздің тегеурінді күш-жігеріңізбен жабылды. Бейбітшілік жолындағы бұл еңбегіңізді бүкіл дүние жүзі жақсы біледі, мойындайды, бағалайды! Әлемде ядролық қаруды қолдап, полигон ашқан патшалар көп болғанымен, адамзат тарихында полигонды жапқан Президент тек Сіз ғана», – деген едім. Арада 5 жыл өтер-өтпесте жаһандық қауіпсіздік мәселесіне арналып Вашингтонда үстіміздегі жылдың 14 сәуірінде өткен «Ядролық лаңкестік қатерін азайту және ядролық материалдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық шаралар» Саммитінде беташар сөз Нұрсұлтан Назарбаевқа, яғни адамзат тарихында ядролық қарудан бас тартқан тұңғыш елдің басшысына берілуі осы ақиқатты бекіте түскендей.

Осы Саммитте АҚШ Президенті Барак Обама Қазақстанды ядролық қарусыздану жөніндегі әлемдегі көшбасшы ел деп танитынын мәлімдеді. Бұл – ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуші мемлекеттің басшысына беріліп отырған лайықты баға.

Ядролық қарусызданудың тұғырнамасын алғаш жасаған Қазақ елінің жарқын үлгісіне деген ілтипатқа Саммиттегі әлемдік қауымдастықтың ортақ пікірлері де айғақ.

Тажал түнегін тұншықтырған Нұр Тұлғаның қайраткерлік әрекеті бір ғана Қазақ елінің жарқын келешегі үшін емес, барша жер-жаһанның бүтіндігін ойлаған кемел де көреген саясатының жемісі екендігі сөзсіз.

Дүниежүзілік қозғалыстың көшбасшысысыз

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Павлодар облысындағы Ұлы Отан соғысының ардагері Мағау Сыздықовтан, Май ауданының Құрметті азаматы, атақты шопан Рақымжан Ыбыраевтан және Май ауданының Құрметті азаматы, жылқышы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Смағұл Құрмановтан жеделхат келіп түсті. Онда былай делінеді:

«Аса мәртебелі Нұрсұлтан Әбішұлы! Біз, Семей ядролық полигонымен шектес орналасқан Павлодар облысы Май ауданының тұрғындары, Сіздің 1991 жылдың 29 тамызындағы Семей полигонын жабу жөніндегі Жарлығыңызды зор қуанышпен қарсы алған едік. Осылайша, Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан әлемдегі бірінші ел болып танылды.

Сынақ аймағында тұрғандықтан, көрген азабымыз аз емес. Сондықтан Вашингтонда өткен саммитте атом қаруын сынаудан зардап шеккен Семей сынақ аймағын қалпына келтіруге байланысты нақты ұсыныстар айтылуы болашаққа сенім берді. Сіздің адамзаттың дамуын қорғаудағы, халқыңыздың денсаулығын сақтаудағы қадамдарыңыз көңілге медеу болып отыр. Ядролық атом қаруына қарсы күрестегі дүниежүзілік қозғалыстың басшысы болып отырсыз. Салиқалы саясатыңыздың және үлкен беделіңіздің арқасында әлем қауымдастығының құрметті мүшесі атандық. Біз Қазақстанның осындай жетістіктерін мақтан етеміз».

Жеделхаттарының соңында павлодарлық соғыс және еңбек ардагерлері Қазақ елі халықаралық деңгейде үлкен абыройға ие бола берсін, әлемде бейбітшілік орнату жолындағы істеріңізге зор табыс тілейміз дейді.

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 23 сәуір

Ілия ЖАҚАНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ТЕМІРТАУ ТҮНІ (Лирикалық эссе)

2001 жыл. Теміртауда алтын күз. Жып-жылы... Желсіз, тымық, маужыр сәт. Көк жүзінде қимылсыз қалқыған ақша бұлт.

Осы сапар мені Теміртаудағы бір қадірлес досым Тілеукең Смағұлов қарсы алды. Тілеукең – Қарқаралы жағынан. Менімен кездескен сайын жанға жайлы жұмсақ әзіліне басып: «Бір Балқантау жөнінде төрт әніңіз бар. Бірінен-бірі өтеді. Ол – тек махаббат жыры емес, біздің еліміз бен жерімізге деген ыстық ықыласыңыз. Сізді сол үшін сыйлаймыз», – деп мені елден ерек өбектеп жүреді.

Сол келген күннің кешінде Тілеукеңнің үйінде бір келісті отырыс болды. Арқа азаматтарының игі дәстүрі бар, бастары қосылып, жинала қалса мәзірі, мәні жоқ қысыр әңгіме айтылмайды, тегі. Көкейдегі сөздер арғы-бергі тарихтан қозғалады, ән төңірегінде ғана өрбиді. Арқаның «Жиырма бесі», «Екі жирені», «Дударайы», «Қаракесегі», «Әупілдегі», «Ләйлімі», «Балқадишасы», «Қорланы»... әрқайсысы бір-бір хикая, тек сол әндер ғана ма, біздің заманымыздың «Қарлығаш», «Кестелі орамал», «Жас қазақ», «Ақерке» секілді әндерін де сүйсіне сөз еттік. Оларды сағынышты жүректің лүпілімен емірене әндеттік.

Ән саябырлаған бір сәтте әңгіме басқа салаға ойыса берді:

– Теміртауыңыз осы... Жүз жетпіс мың халқы бар, тоқсаннан астам ұлт тұрады.

– Ал ол бір кезде Қарағандының шетіндегі Самарқан деген қалашық еді. Ол да өзінше бір тарих.

– Ұлы Отан соғысы аяқталған жыл. Сол жылы күзде Қазақстан Үкіметін басқарып отырған Нұртас Оңдасынов Мәскеуге барыпты.

– Е, осыны айтшы...

– Оңдасынов КСРО Ауыр өнеркәсіп министрі Тевосянның қабылдауында болады. Барған мәселесі – жаңағы Самарқан қалашығын болашақ металлургтер қаласы ету. Тевосян сабырлы, тоқтамды кісі екен, Оңдасыновпен емін-еркін пікірлесіп, дұрыс шешімге келеді. Бір кезде Тевосян ойланып отырып: «Сіз бұл қаланы «Самарқан» дейсіз, ә? Өзбекстанда әйгілі Самарқан қаласы бар емес пе?» – деп оқыс сауал қояды. Оңдасынов бұл сөзге не дерін білмей, мүдіріп, сасқалақтап қалады. Тевосян жұмсақ үнмен: «Қазақтар металды не дейді?» – деп сұрайды. Оңдасынов: «Темір», – деп жауап береді. Тевосян: «Дұрыс», – деп жымия бас изейді. Оңдасынов жүрегі лүп ете түсіп: «Біз темір кенін тау-тау ғып өндіретін боламыз. Сіздің «Темір» деген сөзіңізге «Тау» деген сөзді қоссақ қайтеді?» – дейді еркінсі сөйлеп. Қойшы, не керек, екеуі әрі-бері ойланып, осы мәмілеге тоқтайды. Кейін Қазақстан Орталық Комитеті мен Жоғарғы Совет Президиумы металлургтер қаласын «Теміртау» деп мақұлдапты.

– Бізге көп нәрсе беймәлім әлі. О баста аталарымыз осы жерді «Самарқан» деп қалай атаған, оны біз білмейміз.

– Арқаның күретамыры дерлік Нұра өзенінен бөлінетін бір кең арна – бүгінде осы Самарқан көлі... Үлкен су қоймасы ол. Оның жобасын сол кездерде Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев жасатқан. Қанекең!

Отырыс ұзаққа созылды. Түннің бір уағында бәріміз тысқа шықтық. Тым-тырыс тына қалған дүние... Қала шуы басылған. Күздің салқын лебі. Толықсып ай да туған екен. Жұлдыздар биіктеп, алыстай бастапты.

Тілеукең:

– Міне, біздің аула. Бұл жерге біз жақында ғана көшіп келдік. Ескі үйді балаларға қалдырдық. Өні, екі қатарлы үй... Шамы да сөнбепті. Сол үйде Нұрсұлтан Назарбаев тұрды. Көзімізге ыстық көрінеді. Кезінде осы үйде әндетіп, дүрілдетіп жатушы едік. Содан бері неше рет күз келді, неше рет қыс түсті, өмір өз әуенімен жүре береді екен. Нұрсұлтан Әбішұлы Теміртауға келсе болды, бұл үйге соқпай кетпейді. Тарихи үй! – деді жылы сезіммен.

Қасымыздағы жігіттердің бірі:

– О, шіркін, Теміртау түні! Самарқанның лебін қарашы, жайлап қана желпіп жатыр, – деп қалды.

Мен көк жүзіне көз салдым, ай да жылжып барады...

Ертеңінде Тілеукең екеуміз Теміртауды араладық. Ол мені, ә дегеннен қаланың орталығында салынып жатқан металлургтер монументіне алып келді. Екі металлургтің бейнесі...

Тілеукең жайлап қана сөз бастады:

– Нұрсұлтан 1958 жылы онжылдықты бітіре сала, Алматы облыстық комсомол комитетінің жолдамасымен, өзі секілді бір топ жастардың қатарында, Теміртаудың жаңадан салынып жатқан металлургия зауытына келді. Романтиктер! Келе сала білек сыбанып, қауырт іске араласты. Жас маман ауадай қажет. Зауыт басшылары біраз жігіттерді іріктеп, Украинаның Днепродзержинск қаласына оқуға жіберді. Солардың ішінде Нұрсұлтан да бар еді. Онда ол училище бітіріп, металлург мамандығын алды. Құю қондырғысының шойыншысы боп шыға келді. Бұл – 1960 жыл. Сол жылдардан бастап, Нұрсұлтанмен жұмыстас, қызметтес, дос-көңілдес боп бірге жүрдім.

Қазақстан Магниткасы! Бірінші және екінші домна пештері шойын селін ағызды. Мартен пештері мың градустық жалынмен лаулады. Бұл не деген ғаламат десеңізші! Сол бірінші домна іске қосылғанда Нұрсұлтан аға горновой боп тағайындалды. Осы кезде белсенді комсомол ретінде де жұлдызы биіктеді. 1962 жылы Қазақстан ЛКЖО-ның X съезіне, Мәскеуде БЛКЖО XIV съезіне делегат боп қатысты. Металлургия зауытының жолдамасымен институтқа оқуға түсті. Қараңыз, енді бір сәтте ол бірінші домнаның диспетчері!

Нұрсұлтан білімімен де, іскерлігімен де ерекше көзге түсті. Ол қалалық комсомол комитетін басқарды. Одан қалалық партия комитетінің екінші хатшысы... Қарағанды металлургия комбинаты партия комитетінің хатшысы...

Қараңыз, Алматының іргесіндегі жұпыны бір ауылдан түлеп ұшқан кешегі балауша жігіт ысылған азамат боп, көз алдымызда өмір белестерінен осылайша өрлей-өрлей, міне, бүгін Тәуелсіздік алған Қазақстанның тұңғыш Президенті болып отыр. Жалындаған жас жігіттің сол жылдардағы азаматтық келбетіне қызығып, «Аядай ғана Теміртаудың уысына сыяр ма екен?!» деп қиял жете бермейтін асқар шыңнан көргендей таңғалушы едік. Бұл сүйінішті сөзді, әрине, Нұрсұлтанмен тағдырлас болған ескі көз мен айтпағанда, бүгінгі ұрпаққа кім айтады? Қыран қияға самғайды деген осы!

Тілеукен осылай деді де ажары кіріп, сәулеттене түскен көшелер мен гүлзарларды көрсетіп, Самарқан көлінің жағасына кеп тоқтады. Ол көлге ойлана қарап тұрып, сөзін жалғастырды:

– Ой, сол кездегі қайнаған өмір... зауыт та жалындап, лаулап жатады, болат құйып. Нұрсұлтан да жайсаң жастарды тың ой, тың бастамалармен үйіріп, қат-қабат істің басында жалындайды да жүреді. Демалыс күндері бәріміз леклек боп, көл жағасына келеміз. Жастар думаны дүрілдейді. Ортамызда Нұрсұлтан... Домбыра тартады, ән салады. Халық әндерін жақсы біледі. Оның ішінде «Біздің шешей айтушы еді» деп бір сырлы әннің:

Құралай,
Отырсың жайды сұрамай,
Мәнісін айтшы, қалқам, бұл қалай? –

дейтін ойнақы қайырмасын әуелеткенде көзінен ұшқын атып, жанып кетуші еді. Сондай-ақ «Дедім-ай-ау!», «Топ дуадақ дегенде, топ дуадақ» деп басталатын тағы бір шалқымалы әні, «Угай-ай, угай-угай, әй, угай» дейтін биязы, мақпал әні... Кейін ойлап қарасақ, бұл әндердің бәрі Нұрсұлтан өскен Жетісу өңірінің әндері екен. Жібек самалдай желпитін қоңыр әуез. Жүрекке сондай жылы тиеді. «Ө, шіркін, қазақ әні!» дейтініміз де содан ғой.

Нұрсұлтан домбырамен Арқаның кең тынысты әндерін кербез сезіммен керілтіп шырқағанда: «Үстіне оқалы шапан, басына үкілі бөрік кигізсе баяғының серісі боп шыға келер еді», – деп қызығушы едік. Сол құштар сезіміне қоса ойлы да еді. Басқа бір әншілерден «Қорлан», «Өүпілдек», «Арман-ай», «Қаракесек», «Үшқара» әндерін тыңдағанда бар дүниені ұмытып, тұңғыық ойға батып кететін-ді.

Кешегі фильмдеріміз де гуманистік идеялардан туды ғой. Соның бірі – «Весна на заречной улице» фильмі. Сол фильмдегі:

Когда придет весна, не знаю,
Пройдут дожди, сойдут снега.
Но, ты мне, улица родная,
И в непогоду дорога, –

деп айтылатын ән Нұрсұлтанның ең сүйікті әні еді.

Сол жылдарда «Разные судьбы» дейтін фильмдегі бас кейіпкер композитор Рошиннің романсы да жұрт жүрегін ерекше тебірентті. Нұрсұлтан сол романстың:

Голова стала белою,
Что я с ней поделаю, –

деп келетін қайырмасын мұңая қоңырлатқанда бәріміз қоғадай иіліп, үнімізді шығармай, мүлгіп қалушы едік.

Сонда осындай бір тұнжыр сәттен бізді Нұрсұлтанның өзі құтқаратын-ды. Иә, сезімі алмас қылыш жүзіндей жарқылдап:

Ой, красивы над Волгой закаты,
Ты меня провожала в солдаты.
Руку жала, провожала,
Провожала, провожала! –

деп шалқытып ала жөнелуші еді. Оған ілесе бәріміз заматта дүр сілкініп, әнге қосыла кетуші едік.

Е, осының бәрі қадірлі күндеріміздің шуақты елесі екен. Көл жағасындағы сондай дулы кештерде қыз-жігіт атаулы Нұрсұлтанның ғана аузына қарап, төңірегінде дүркіреп жүретін-ді. Олардың арасында Сара да жұлдыздай жарқырап, Нұрсұлтанның қасынан бір елі ажырамайтын-ды. Біз екеуіне сүйсіне қарайтынбыз.

О, шіркін, Теміртау түні! Самарқан көлінің самалы... Саф ауаны жұтып жүре бергің келеді. Бірақ, ертең жұмыс... Біз үйді-үйімізге қайтар кезде:

Не слышны в саду даже шорохи,
Все здесь замерло до утра.
Не забудь и ты эти летние,
Темиртауские вечера, –

деп Самарқанның жағасынан кете алмай, бір-бірімізге жымың қағып, тұрып алушы едік.

Ілеке, осының бәрі есімізде. Ностальгия! Жастықтың жайнаған романтикасы!

Біздің Теміртауды кезінде екі атақты композитор әнге арқау етті. Бақытжан Байқадамов «Қазақстан Магниткасы жастарының маршын» дүбірлетсе, Сыдық Мұхамеджанов «Жарқырайды Теміртаудың оттары» әнін жалындатты. Ол әндер бүгіндері оқта-текте бір концерттерде, не радиода орындала қалса Теміртаудың сол кездегі тынысы көз алдымызға келіп, өткен өмірімізді елестетіп, кәдімгідей желпініп, көтеріліп қаламыз. Өмір... Тарих өз белгісін әндерде де қалдыра береді екен.

Тілеукен осы сөзімен жүрегіміздің пернесін жайлап қана басқандай болды.

* * *

Екі күннен кейін мен «Қарағанды – Алматы» пойызында келе жаттым. Пойыздың бір сарынды жүрісі... Мұндай сәтте адамды қым-қиғаш ой қамалайды. Көңіл түкпіріндегі әр жай кино лентасындай көз алдыңнан өте береді. Елес бәрі... Мен Тілеукеннің үйінде шертілген әңгіменің бәрін еске түсірдім. Теміртаудың мақпал түнін елестеттім. Күлкісі, әндері шалқыған жастар... Олардың ортасында Нұрсұлтан мен Сара! Екеуі қол ұстасып, Самарқан көлінің жағасында сейіл құрып келе жатыр. Нұрсұлтан Сараға күлімсірей қарап: «Айға бетінді бұршы», – дейді. Сараның күміс күлкісі төгіледі. Осы көріністер іштей тамылжитты.

Мен пойыздан түскенде жүрегіме жібектей есілген бір сырлы әуездің толғанын сездім...

* * *

Мына бір күз... Тағы бір ән мөлдіреді. Оны елуінші жылдардың әні десе болады. Дәл солай. Сол кездегі лирика! Әр жаңа ән туғанда ойлайтыным – ақын мен әнші. Әрине, ән сөзін өзім жазсам, онда көңілімде тек әнші ғана тұрады. Ал бұл жолы да әдеттегіше біраз ақынмен іштей тілдесіп көрдім. Біріне тоқтағам жоқ. Қасымханға ғана елеңдей бердім. Менің композиторлық лабораторияма еркіндеп еніп, көңіл дітіме әбден көнген төзімді ақын Қасымхан ғана. Сондай етене, ілкімді... Ойымды әріден сезіп, үйлесе кетеді. Жаңа ән «не» деп тұр, соны түсінуге бар жанын салады. Кейбір ақындар сияқты «өзімшілдігі» жоқ. Қасымханның болмысы олардан мүлде бөлек. Қасымханды мойындайтын ақын ағалары оны «Махаббат ақыны» дейді. Дұрыс сөз! Қасымханға тоқтадым.

Үш күннен кейін Қасымханға телефон соқтым. Ол жаны қалмай елпектеп, Алматымен іргелес Абай ауылындағы үйіне шақырды. Келдім.

Күздің тып-тынық жайма-шуақ күні. Қасымханның ауласы жайнаған гүл. Жұпары көкірек жарады. Гүлдің ортасында дөңгелек үстел. Екі кресло. Бірақ біз жүре әңгімелестік. Іштей толқулымын. Жүрек лүпілін зорға басып, діттеген ойымды шашыратпай, суыртпақтап, шығара бастадым:

– Бірінші шумағы – түн. Теміртау түні! Толықсыған толған Ай! Айдай сұлу қыз көркіне құлай берілген албырт сезімді жайсаң жігіт.

Екінші шумағы – бұлғақтап, желігіп жүрген сол жігіт қыз алдында сөз айта алмай толқып, тек көзімен өртеп, сұқтана қарай береді.

Үшінші шумақта – қыз жүзін аймалаған Сарыарқаның самалы! Іңкәрлік сезім.

Төртінші шумағы – Теміртаудың кербез көлі Самарқан... Самал тербеген ақ айдын... Аспанда қалқыған алтын Ай! Ай сұлу ма, қыз сұлу ма?.. Жүрек жандырған құмарлық оты...

Бесінші шумағы – теміртаулықтар айлы түндерде Самарқан көлінің жағасындағы сөйілден қайтып бара жатып, дәйім:

Не забудь и ты эти летние,
Темиртауские вечера, –

деп әндетеді екен. Солардың арасында Нұрсұлтан мен Сара бар! Ән дәл осылай қимас көңілдің ұмсындырған сезімімен аяқталуы тиіс!

Қасымхан осы сөздерді үнсіз тыңдап, бас изей берді. Мен Қасымханды жеке қалдырдым да, ауланың ішінде әрі-бері жүріп, одан әлі де болса желегі желкілдеп тұрған бақты аралап, өз ойыммен өзім боп кеттім.

Шамалы уақыттан кейін Қасымхан алғашқы екі шумақты көрсетті:

Жарқылдаған сырғаң-ай,
Толықсып бір туған Ай!
Теміртаудың аруы,
Жаным, саған жаным құрбан-ай!
Қыз сөзіне еліткен,

Жігіт едім желіккен.
Көрген сәтте өзінді,
Толқыдым мен, айтшы, неліктен?

Қасымханның асығыс жазылған шимайына қарап тұрып: «Великолепно!» – дедім басқа сөз аузыма түспей. Ақын қағазға қайта шүйілді. Іркілген жоқ:

Сарыарқаның самалын
Аймалатқан жамалың!
Жүрегімді жандырды
Сырға толы мөлдір жанарың, –

деген шумақты жарқ еткізді. Мен:

«Тамаша экспромт!» – дедім сүйсініп. Қасымхан қоян ілген қаршығадай жұтынып:

Көл тербетіп жағаны,
Жұлдыз жымың қағады.
Алаулаған жүзінді
Ай да қимай батып барады, –

деген сөздерді асықпай, бипаздап жазды. Мен:

– «Какая красота?!» – дедім, – енді концовка!..

Қасымхан шамырқана қозғалақтап:

– Ілаға, әндетіңізші, – деді.

Мен осы шумақтардың бәрін әнге қосып, екі рет қайталадым. Қасымхан екі көзі қара бұлақтай тұнып:

Теміртауда мақпал түн,
Жан сырыңды ақтардың.
Армандай бір ән қалды,
Белгісі боп қимас шақтардың! –

деген шумақты еш кідіріссіз мөлдіретті. Елестеткенім де, күткенім де дәл осы көрініс, осы сөз! Қасымханға үн-түнсіз төгіле қарадым...

* * *

Екі күннен кейін телефон арқылы жаңа туған әннің мән-жайын Теміртаудағы Тілеукең Смағұловқа жеткіздік. Телефонмен әндетіп айтып та бердім. Тілеукең желпіне сөйлеп, жер-көкке сыймай қуанды.

Қасымхан іле-шала Теміртаудағы жергілікті газеттің редакторы Аманжол Ақынға телефакспен әннің нотасы мен сөзін салып жіберді. Сол күні бізге теміртаулық азаматтардың риза болған лебізі де жетті.

Тілеукең бұл жайды қала әкімі Серік Нығметұлы Ахметовке мақтаныш сезіммен айтыпты. Сөйтіп, «Теміртау түніне» қызыққаны сондай, олар қаладағы мәдениет қызметкерлерімен тез арада мәміле түзіп, бұл әнді орындаушыларға конкурс жариялапты. Менің Теміртауда авторлық кешімді өткізуді де жоспарлапты. Теміртаулықтар өстіп дүбірледі-ай кеп.

Арада біраз күндер өткенде Тілеукең телефон соғып:

– Әншілер конкурсында өзіміздің теміртаулық квартет – екі жігіт, екі қыз ерекше көзге түсті. Осы бір күндері Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев Теміртауға

арнайы іссапармен келіп еді, бір әсерлі кездесуде «Теміртау түні» әнін сүйсіне тыңдап, жылы лебіз білдірді, – деді.

Дәл осы кезде (2001 жыл, 11 қараша) «Жас Алаш» газетінің бетінде «Теміртау түні» әнінің нотасы жарияланды.

Қараша айының 23-і күні Теміртаудың Мәдениет сарайында «Теміртау түні» деп аталған авторлық кешім Тәттімбет атындағы академиялық оркестрдің шалқымалы дүбірімен басталды. Дирижері – Қазақстанның халық әртісі, профессор Алдаберген Мырзабеков. Арқа әншілері менің әр кезеңде жазылған жиырмадан астам әндерімді шырқады. Концерттің орта тұсында «Теміртау түнінің» жазылу тарихы айтылды. Теміртаулық квартет – Жанна Хасенова, Табысбек Шәкей, Айдар Серікұлы, Төлжұма Арыстанбаевтар оны сырлы сезіммен мөлдірете орындады. Теміртаулықтар дүрілдете қол соқты. Қасымдағы екі қызым – Қарлығаш, Ләйла және осы Теміртауда тұратын нағашы жеңгеміз Мұқтарима құшақ-құшақ гүлдің ортасында тебірене толқып тұрдық.

Соның ертеңінде Қарағанды жұрты «Шалқыма» атты концерттік залда «Арқаның айлы түнінде» деген авторлық кешімді тамашалады. Кешті медицина ғылымдарының докторы, профессор, атақты кардиолог, әдебиет пен музыкаға білікті эстет жан Ғабдолла Құлқыбаев жүргізіп, әр әннің хикаясын лирикалық сезіммен баяндап отырды. Бұрыннан белгілі әндердің ішінде жұрт «Теміртау түнін» ерекше ықыласпен тыңдады.

Кеш соңында облыс әкімі Камалтин Мұхамеджанов ел атынан ризалық сезімін білдіріп:

– «Теміртау түні» әні – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың романтикаға толы жастық шағына арналған ән. Мұндай әннің шығуы заңды да. Халқымыздың маңдайына біткен кемеңгер жанды қалай ардақтасақ та біздің жүзіміз жарқын. Сол пейілімізге лайықты да. Ілекеңнің осы бір сәулелі әні жүрекке сондай жылы, оның аңызы да ел арасына кең тарап барады. Әннің сөзі де жібектей есілген көркем дүние екен. Ілеке, «Теміртау түні» үшін ақын Қасымхан Бегманов екеуіңіз қашанда біздің Қарағандыға, әлбетте, оның ішінде Теміртауға ең қадірлі жандар боп есептелесіздер. Осындай шалқыған әндеріңізбен жиі келіп тұрыңыздар! – деді.

Концерттен соң бір топ кісі дуылдаса құттықтап, мені жібергісі келмеді. Бір азамат тұрып:

– Сіз «Алматы кешінде», «Жайлаукөл кештері», «Кеңгірдің қоңыр кештері» дейтін әндеріңізбен қазақ даласының қызарып батқан кешіне қызықтырдыңыз... О, шіркін, сондай-сондай кештеріміз! – деді.

Жаныма жақын жүретін ақын інім Зағыпар:

– Осы әндерден кейін алаулаған кештер жүрегімізді толқытатын болды. Оны өлеңмен бейнелеп те көрдік. Бірақ тіл де дәрменсіз екен, – деп шабыттана сөйледі.

* * *

Атырауда Төкен Жұмағұлов есімді бір текті азамат бар. Оны жұрттың бәрі қадірлеп, үлкені де, кішісі де «Төкен Танаевич» дейді. Маған жан-жүрегімен

берілген, ділі кіршіксіз таза, бір бекзат жан. Екеуміз жиі бас қосамыз. Сөйілге де бірге шығамыз. Арамызда айтылмайтын сөз, ашылмайтын сыр болмайды.

Төкен Танаевич бір жолы үйіне шақырды. Дастархан басында адамды ибалы мейірмен үйретін жан жары Динаның балдай тәтті қою шайын ішіп, әңгіме-дүкен құрдық. Төкен Танаевич ағынан жарылып, шешіле сөйледі:

– Ілеке, Қазақстанның қай жеріне бармайын, әндерің шырқалады да жатады. Сол әндеріңнің бірі – «Теміртау түні». Бұл әнге бір клип түсіріліпті. Теледидардан көріп, ой, қатты толқығаным. Оны қарағандылық әншілер тобы сондай әсерлі орындады, мені тәтті қиял тербеді. Ойым өткен күндерге зымырап ала жөнелді. Баяғы елуінші, алпысыншы жылдар... Теміртаудың металлургия комбинаты... Көк тіреген домна пештерінің будақтаған қарақошқыл түтіні... Самарқан көлінің жағасында торғын желек жамылған қаланың қайнаған өмірі... Бастарында жап-жалпақ қалпақтары, қолдарында темір ожауы бар болат қорытушылар... Гүлдері көз тұндырған бульварлар... Қол ұстасып кетіп бара жатқан жарқын жүзді жайсаң жастар, міне, осылардың ортасында, зәулім терек тізілген тротуарда, о, құдая тоба, құдды аумаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев! Иә, иә, Нұрекең – солқылдаған бозбала! Екі көзі жас қыранның көзіндей жалт-жұлт етеді. Қасында уылжыған бір мөлдір көз... Мен оны Сара дедім! «Апыр-ай, ә!» деп таң-тамаша болғаным. Бұл қандай нәрсе, Ілеке, а? Осы аяулы жандардың сол жастық шағы сенің «Теміртау түні» әнінің өзегі боп тартылыпты. Мен осы ән орындалып біткенше өміріміздің сағымдай бұлдырап, артта қалған алтын күндерін елестетіп, өзгеше бір хал кештім. Ләззатқа бөлендім.

Төкен Танаевич сол жолы осылай деді.

* * *

2003 жыл. Қаңтар айының екінші жартысы... Бір күні үйде мазам болмай, сырқаттаныңқырап отыр едім, Төкен Танаевич телефон соқты.

– Ілеке, саламат па?

– Ө, Төкен Танаевич, сәлем, сәлем!

– Жол жүргелі жатырмын, бүгін... Кешкі рейспен.

– Қай жаққа?

– Президент бастаған бизнесмендер делегациясымен Швейцарияға барады екенбіз. Осы топтың ішінде Аслан Мусин, Қырымбек Көшербаев, Владимир Школьник, Григорий Марченко бар. Делегация құрамына ұлым Абай да кірді. Ол «Тенгизнефтестрой» акционерлік қоғамының президенті ғой. Жас бизнесмен! Біз Абай екеуміз Атыраудан Женеваның өзіне тіке ұшамыз. Делегациямызбен сол жерде бас қосамыз.

– О, Төкен Танаевич, Абайжанды үлкен сапарға алып бара жатыр екенсің, қуаныштымын! Қоғамның бүгіні мен ертеңі осы Абай секілді жас азаматтардың қолында ғой. Қырық шілтен шылауында болсын, Қыдыр ата қолдай жүрсін!

– Рахмет, Ілеке, рахмет! Ім-м... Ендігі сөз былай: «Теміртау түні» әні бар емес пе?

– Иә.

– Мынадай жақсы сапарға бет алдық... Сол «Теміртау түнін» ақ тілегің ретінде Швейцарияға ала кетіп, өз атыңнан Президентке табыс етсем деймін! Маған нотасы, кассетасы керек.

– О, Төкен Танаевич... Нота бар, ал кассета... «Теміртау түні» әзірше кассетаға жазыла қойған жоқ.

– Ілеке, Атырауда ол әнді орындайтын әншілер бар ма?

– Бар.

– Кімдер олар?

– Гүлнәр, Зина есімді екі қыз. Әдемі дуэт.

– Ілеке, өтінем, осы әніңе пейілім кетіп тұр, қалай етсең де бүгін кешкі алты-жетіден қалдырмай әнді жаздыр да қолыма тигіз! Және «Еділ – Жайық» әнінің тарихы баяндалған бір кітапшаң бар еді ғой, соны да қос. Осының бәрін бір пакет етіп әзірле. Жан досыңның бұйрығы осы!

Ал, орындамай көр, мына тілекті. Сырқат жайына қалды. Мен ұлы сәске кезінде Дина атындағы мұнайшылар сарайына келдім. Ішке кіре бергенімде сызыла әндеткен дуэтті құлағым шалды. Таныдым. Гүлнәр мен Зина! Олар мені көргенде қуанып кетті. Менің ішкі дітімді алдын ала сезгендей екеуі қосарлана сөйлеп:

– Аға, біз бағаналы бері біраз әндерді орындап, әзірлік жасадық. Сіздің «Теміртау түні» әніңіз дауысымызға сондай ыңғайлы, тыңдап көресіз бе? – деді елпілдеп.

– Иә, көне, – дедім жүрегім лүп ете түсіп.

Ән орындалды. Бір емес, екі-үш рет қайталанды. Екі әнші қыздың сырлы үніне қатты тебірендім.

Ән кешкі сағат бестің кезінде кассетаға жазылды. Сәлден соң Төкен Танаевичтің қолына тиді.

Кейін сол Швейцария сапарын Төкен Танаевичтің ұлы Абай былай деп әңгімеледі:

– Біздің бизнес-делегация әуелі Женевада, одан кейін Цюрих қаласында өткен конференцияға қатысты. Цюрихтағы беделді жиынды Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы кіріспе сөзбен ашып, Қазақстанның бүгінгі және болашақтағы мүмкіндігі жөнінде жарқын мысалдар келтірді. Мемлекетімізді жан-жақты таныстырды. Банкирлер мен инвесторларды Қазақстанда кең көлемде бизнес жасауға шақырды.

Содан кейін Аслан Мусин, Ұлттық Банктің төрағасы Григорий Марченко баяндама жасады. Қазақстанға қызыққан шетелдік инвесторлар бірінен соң бірі сөйледі.

Бір кезде үзіліс жарияланды. Міне, дәл осы сәтте, Елбасы трибунадан түсе бергенде папам орнынан тұрды да, ол кісінің алдынан шығып, қолын алып, сәлемдесті. Сосын сіз берген пакетті тапсырды.

Бұл жайында маған Төкен Танаевичтің өзі де марқая әңгімелеген:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, сізге Атырауда тұратын композитор Илия Жақанов сәлем хат беріп еді. Мына пакеттің ішінде өзіңізге арналған «Теміртау түні»

әні және Сіз сүйіп тыңдайтын «Еділ – Жайық» әнінің тарихы жазылған кітапша бар. Композитордың Сізге деген лебізі және бар. Қабыл алыңыз, – дедім.

Елбасы жүзі жадырап:

– Жақсы, Төкен Танаевич, сіз бен біз дос-көңілдес жандармыз, жас кезімізде Ілекеңнің әндерін айтып өстік, ол кісіні ерекше сыйлаймын. Мына жолдаған әнін тыңдаймын, әрине, кітапшасын да оқимын, өзіне ризашылық сезімімді хат арқылы білдіремін. Рахмет, сізге! – деп қолымды қайта-қайта қысты. Ал, Ілеке, күте бер, бір сәтті күні Президентіміздің сәлем хаты да қолыңа тиіп қалар, – деді.

* * *

2004 жыл. Қараша айының соңғы күндері...

Астанада желтоқсанның бірінде «Конгресс-холл» сарайында «Еділ – Жайық» атты концертті болуға тиіс. Соның қамымен ертерек келгем-ді. Репетиция басталды. Бір күні мені Президент Әкімшілігінің Басшысы Иманғали Тасмағамбетов қабылдады. Мен кабинетіне кіре бергенімде Иманғали орнынан күлімсірей түрегеліп:

– Ілаға, орденіңізбен құттықтаймын! – деп құшақтай алды.

Мен аң-таң боп үндей алмадым. Иманғали:

– Бүгін Бішкектен Қырғызстанның Мемлекеттік хатшысы жолдаған құттықтау хат алдық. Сіз «Дәнекер» орденімен наградталыпсыз, – деді.

Мен Иманғалиға осы қуанышты хабары үшін және осы жазда Алматыда Республика сарайында өткен «Еділ – Жайық» атты концертіме, мына Астанада болатын концертіме жан-жақты көрсеткен көмегі үшін разылық сезімімді білдіріп, жаңа ғана шыққан компакт-дискімді сыйладым. Иманғали дискіге ойлана қарап отырып:

– О, «Теміртау түні» әні де кіріпті ғой, маған тағы біреуін... Нұрсұлтан Әбішұлына берейін, – деп жымың ете түсті.

Абырой болғанда портфелімде екі-үш дискі бар еді, Иманғали соның біреуіне Президенттің атына автограф жаздырып алды.

Желтоқсан айының бірінде Астанада «Конгресс-холл» залында «Еділ – Жайық» атты авторлық кешім өтті. «Теміртау түні» әніне қол соққан жұрттың сол дүбірін еш уақытта ұмыта қоймаспын. Ол да әндеткен өмірімнің бір сәулелі күні!

Сол желтоқсанның он алтысында мен қазақтың бір топ зиялыларының қатарында «Парасат» орденімен наградталдым. Осы қуаныш үстінде Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев дүйім жұрттың алдында маған осы орденмен қоса бір конверт ұсынды. Жұрт бұған елең ете қалды. Сәлден соң жүрегім толқып, конвертті ашып қарасам, Президенттің өз қолымен жазылған хаты екен. Міне, сол хат:

«Құрметті композиторымыз Ілия Жақановқа!

Леке, өзіңізді және әндеріңізді аса құрметтейтінімді Сіз білесіз.

Қуанышы да, ауырлығы да мол осы Тәуелсіздік жылдарында әр уақытта қолдау көрсетіп, жанымда болдыңыз. Зор рахмет! Бұл Сіздің елге, Отанымызға істеген еңбегіңіз деп білемін.

Өндеріңіз басылған табақшаны алдым. «Теміртау түні» әнін бізге (отбасымызға) арнапсыз. Рахмет!

Аман-сау болыңыз. Өлі де талай тамаша әндер күтуші Н.Назарбаев.

15.12.2004 ж. Астана».

Осы хатта қаншама жан жылылығы бар, ізгі жүректің лүпілі... Өркез көзіме оттай басылады.

ТЕМІРТАУ ТҮНІ

Әнін жазған: Ілия Жақанов.

Өлеңін жазған: Қасымхан Бегманов.

Сабырлы

mf Fm Bm D^b C^b

Жар - қыл - да - ган сыр - гаң -

Fm

ай,

Bm E^b

То - лық - сып бір ту - ган -

A^b

ай

f D^b E^b

Те - мір - тау - дың а - ру -

Bm Fm

ы, жа -

Bm D^b C^b

ным са - ган, жа - ным құр - бан -

Fm

ай

Жарқылдаған сырғаң-ай,
Толықсып бір туған Ай!
Теміртаудың аруы,
Жаным, саған жаным құрбан-ай!

Қыз сөзіне еліткен,
Жігіт едім желіккен.
Көрген сәтте өзіңді,
Толқыдым мен, айтшы, неліктен?

Сарыарқаның самалын
Аймалатқан жамалың!
Жүрегімді жандырды
Сырға толы мөлдір жанарың.

Көл тербетіп жағаны,
Жұлдыз жымың қағады.
Алаулаған жүзіңді
Ай да қимай батып барады.

Теміртауда мақпал түн,
Жан сырыңды ақтардың.
Армандай бір ән қалды,
Белгісі боп қимас шақтардың!

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 1 мамыр

Айқын НЕСІПБАЙ

ТЕМІРТАУ ТҰҒЫРЫ

Енді аз күнде кезінде Қазақстан Магниткасы аталып кеткен Қарағанды металлургия комбинатының кемелдене бастаған тынысына тың күш бітірген бірінші домна пешінің іске қосылғанына 50 жыл толады. Өмірде елдік өзгерістерге ықпал етер бір сәттер болады емес пе?! Оның ерекшелігі неде дегенде, сол 1960 жылдың 3 шілдесінде жаңа домна көмейінен шойын селі сарқырап аққан шақ арқылы ел экономикасы өрлеуіне бетбұрыс жасалғандығы белгілі.

Осынау оқиғаның теміртаулықтар жүрегіне ыстық және бір қымбат сипаты бар. Өз орталарында шыңдалып өскен Елбасының қазақстандық тұңғыш шойын алушылар қатарында болуы мақтаныш тұтылатындығын әрдайым сезіну де, байқау да қиын емес. Президенттің өзі де «Магнитка тарихы, Теміртау тарихы, оның адамдарының тағдыры – менің тағдырымның ажырамас бөлігі», – деп біраз жыл тыныс-тіршілігі біте қайнасқан теміртаулықтарға, металлургтерге деген сенім мен құрметті жүрегінде мәңгілік ұстайтынын сездірген еді. Мұның сыры неде екен?

«Человек замечательный»

«Дұрыс қанаттанған түзу ұшар» дейді халық ғибраты. Жиырма жасар жалын шағында қанат қатайтып, биікке самғатқан Теміртауға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сүйіспеншілік сезімі әркез айқын танылады. Аймаққа жұмыс сапарларында алдымен металлургтер шаһарына ат басы бұрылып, бірден кешегі еңбектес әріптестермен қауышады. Шіркін, сағынышты кездесулер ыстықтығы қандай десеңізші. Елбасының көбін жазбай танып, құшақ ашуы, хал-жағдайды сұрастырып, емен-жарқын әңгімеге тартуы бәрін бір жасатып тастайды. Мұндайда әдетте сосын домна пешіне соқпай кетпейді. Кейде сәтіне қарай Президент бастап горновойлардың жұмыс киімін киіп алып, пештің аузын көсеп жіберіп, астаушаға қып-қызыл шойын балқымасы құйыла жөнелген мезеттегі жарқыраған жүздерді көрсеңіз, қызықпай, толқымай тұра алмайсыз. Көз қарытқан от табына шарпылып, сап-сарала шоқ ағынын атылдырып, алып ожаулар кезекпе-кезек шөпілдеп толтырылатын сүйікті кәсіп ләззатына бөлену қандайлық қуаныш екенін білетіндер түсінеді. Соған ортақтасуға, соны бөлісуге уақыт тапқан, ыңғай көрсеткен көңілге ризалық қайта табысқанша тарқамайды. 1960 жылдың 3 шілдесінде болашақ Елбасымен бірлесіп алғаш шойын ағызған шақ қаз-қалпында көз алдыға келе қалғандай болады.

Ол толық металлургиялық цикл бастауына із салынған күн еді. Темір кенінен шойын қорытатын домна пешінің іске қосылуы мартен немесе конвертерден болат балқытуға, блонинг және слябинг алуға, қаңылтыр жасайтын прокат стандартын қалыптастыруға мүмкіндік кеңейді. Бұған дейін домна үдерісі

болмағандықтан, мартенде болат металл сынықтарынан қайыра қорытылып келген болатын. Сондықтан металлургиялық өндіріс қуатын арттыру үшін домна буынын бекіндіру көзделген-ді.

Оны салу қолға алынумен бірге ертеңгі ірі іске сақадай сай жұмысшылар құрамын алдын ала жасақтау жүргізілді. Құрылысы аяқталуға жақын қалғанда мұның алдында Днепродзержинск қаласындағы техникалық училищеге оқуға жіберілген 72 қазақ жігітінің мамандық меңгеріп шығуы күткендегіге дөп келген. Шойын алуға іріктелген бригадаға солардың ішінен горновой болып оралған Нұрсұлтан Назарбаев бірінші кезекте енгізіледі.

Біз бұл тарихи оқиға жайында әйгілі металлург Төлеген Адам-Юсуповтың еске алуы бойынша білетініміздей, домнаны іске қосу дайындығы 2 шілдеде басталған. Алдымен алып өңеші кесек-кесек ағаш кесінділеріне толтырылып, лаулай бастаған бетте кокстелген көмір төгіліп, ашутастар салынып, от дүлейінің қызуы ертеңінде 1300 градустан асқанда Вадим Романов ауысымындағы аға горновой Николай Набибуллин пеш шүмегінің электр бұрғысын ашады. Сол сәтінде науаларға отты сел жөңкіле жөнеледі. Бұл қазақстандық тұңғыш шойын еді. Араларында Нұрсұлтан Назарбаев бар жас горновойлар одан «Бірінші қазақстандық шойын. Шілде. 1960 ж.» деген жазу жазылған кесектерді қолма-қол құйып, ескерткіш ретінде сақтауға алады.

Осыдан кейін Нұрекең шойын құюшы, горновой, диспетчер болып, тоғыз жыл бойы домнаның екінші бірі төзгісіз от шарпуына шыдап, сирек әрі қадірлі мамандықтың қыр-сырына тереңдейді. Алауы бет қаратпас пеш көмейінде қайнаған балқымаға ұзын көсеуді бойлатып, құятын мерзімді ажыратып алып шығудың қиыннан қиындығы қалай айтылса да жеткізгісіз. Ол металлургтерге ғана белгілі. Осындай отты ортада шыңдалған болаттай қайрат, алмастай жігер ел бақытына қызмет етіп келе жатқандығы аян.

Сөз орайында мына ғажап сезім сәулесін қараңызшы. Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың көмекші серігі болған Бөпежан Аяпбергеновтің «Қаныш аға осындай еді» естелігінде:

«...Комбинаттың сонау төрінен қайтып келе жатқанымызда, домна пеші көмейіне ұзын көсеулерін бойлатып, «ойнап тұрған» адамдар қатарынан біреу оқшау шығып, жалпақ етекті бас киімін қолына алып, Қаныш ағайға сәлем берді.

– Орыссың ба, қазақсың ба, шырақ? – деп сұрады оның сәлемін алғаннан кейін.

– Қазақпын, – деді жігіт бар тісін көрсете күлімдеп. Өлде от табына шарпылғаннан ба екен, оның алаулаған жүзінен орыс екенін, қазақ екенін айыру қиын еді.

– Қазақ болсаң дұрыс екен. Горновойсың ғой.

– Горновоймын.

– Мұндағы домналардың іске қосылғаны былтыр ғана ғой. Мына мамандықты қайдан үйренгенсің? Өзің жас екенсің.

– Украинаның Днепродзержинск қаласынан отты мамандықтың оқуын бітіргенмін.

– Мынауың дұрыс екен. Өзің қай жерденсің?
– Алматы облысынан.
– Мұнда өзіңдей жас жігіттер көп пе?
– Бар. Бірақ отпен ойнауға шыдай алмай кетіп жатқандары да аз емес, Қаныш аға.

– Мына комбинат – Қазақ елінің байлығы. Бұған ие болу үшін мұнда қазақ жастары көп болуы керек. Сендер комбинатқа жұмысқа қазақ жастарын шақырыңдар. Сөйте-сөйте өз еліміздің солтүстігінде қандастарымызды көбейтейік. Өзіңнің аты-жөнің кім? – деді де Қаныш ағай маған көз қиығын салып қойды. Өлденені ұмытпашы дегендей, ағайдың сұхбат үстінде осылай көз тастап қоятын әдеті. Дереу қойын дәптерімді алдым да, анау жігіттің аузынан шыққан аты-жөнін түртіп қойдым: «Нұрсұлтан Назарбаев», деп жазылғандай, асыл тұлға аға көз түсірген інісі бойынан алғырлықты, сөзінен сұңғылалықты байқайды. Асылы, жақсының жақсы қасиетін жақсылар ғана таниды деген осы шығар. Кейінде 1971 жылдың 9 қаңтарында Н.Ә.Назарбаев Теміртау қалалық партия конференциясында замандастары атынан сөйлегенде жоғары сұраныстағы жұмысшы мамандықтарын тұрғылықты ұлт жастары есебінен жақтау жөнінде мәселе көтеруі ақылшы аға кеңесін ұмытпағандық болар.

Бірінші домна пешінен кейін екіншісі, үшіншісі, аглофабрика, үшінші конвертер, «1700» салқын қаңылтыр қақтайтын прокат станы іске қосылып, осынау істердің басы-қасында, бел ортасында болады.

Горновойшылар арасында ауыр еңбекке табандылық, өз міндетіне жауаптылық қатты қадірленеді. Жұмысқа сол арқа. Берік бірлік, қалтқысыз жолдас-тық, сенімді серіктік керек. 1969 жылғы 27 мамырда горновой Александр Граськов жазған мына мінездемеге назар аударып көрелікші.

«Назарбаев Н.А. – человек отзывчивый, скромный, наставник требовательный. В коллективе цеха пользуется большим уважением. Он враг несправедливости и бюрократизму, к тому же хороший и знающий производственник и общественник. Скажу одно, т. Назарбаев Н.А. – человек замечательный». Байқар болсақ, «ЧЕЛОВЕК ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ» дейді. Жұмысшы – кісі танытын, ойын бүкпейтін, әділін айтатын халық. Жүрекжарды осы пікір шындығына бүгінгі жарасты өмірімізден артық қандай айғақ керек.

Елбасын теміртаулықтар етене жақын тұтады, өз адамдарындай көреді, бауыр тартады. Мұның мәнін байырғы болат балқытушы Арғын Жүнісовтің шетелдік журналистермен бір кездесуде бір-ақ ауыз сөзбен айтқаны есімізде. «Біздің Президент – металлург. Өмірдің ыстық-суығын жастайынан халықпен бірге көрген. Сондықтан еліне қажымай қызмет ету де, елді біріктіру де, экономиканы дамыту да, бәрі-бәрі қолынан келіп отыр» деді нар ақсақал мақтанышпен.

Теміртау, Қазақстан Магниткасы тынысы, келешегі Елбасының тұрақты назарында екені қала тұрғындарына зор мерей. Кеше де солай болған, бүгінде де солай. 70-жылдардың басында комбинаттың жұмысы тұралап, соның салқыны еңбеккерлердің әлеуметтік-тұрмыстық хал-ахуалына тиген қиындық шақта беделі бар қызметке келген бетінде Нұрсұлтан Назарбаевтың жағдайды

түзетудегі батыл қимылы жұрт жадында сақталып қалған оқиға. КОКП Орталық Комитетінің Қарағанды металлургия комбинатына байланысты әйгілі қаулы қабылдауына да сеп сол. Мәскеу өзіне қозғау салынған соң теміртаулықтар өміріндегі өзекті мәселелер шешіле бастайды. Тұрғын үй құрылысы қарқын алды, білім, мәдениет, денсаулық сақтау ғимараттары бой көтерді. Металлургтер сарайын, спорт кешенін салу тездетілді. Өндіріс қалыпты ырғағына енуімен бірге тұрғындар тұрмысы оңалды. Нұрсұлтан Әбішұлының қайраткер, болашағы үлкен деңгейдегі басшы ретінде танылып, ысылып, толыса бастағаны осы кез екені теміртаулықтарға жақсы мәлім.

Елбасының Теміртауды қиындықтарда қолдауы, қолтығынан демеуі бұл бір емес. Өтпелі кезеңде қаладағы, комбинаттағы ахуал күрт күрделеніп кетті. Алып кәсіпорын мүшкіл жағдайға душар болды. Жұмысшылар айлап еңбек-ақы ала алмай, өнім өндіру құлдырап, болашағы бұлдыр күйге ұшырады. Алыстан, жақыннан қол ұшын созбақ болған қалталы топтар уәдеден тайқып кетіп жатты. Бұл тығырықтан шығатын жолдың табылатындығына сенген металлургтер сабырлылық сақтады. Президент тапсырмасымен Үкімет сенімді, мықты инвесторды іздестіріп, таңдап жатқан да болатын. Ақыры қалау Англиядағы «Испат Интернэшнл ЛТД» компаниясына түсті. 1995 жылдың күзінде комбинатты қол астына алды. Ол «Испат Қармет» АҚ-қа айналды, қазір «Арселор Миттал Теміртау» атауымен мәлім.

Таңдау ақтала бастады. Кәсіпорын жаңа жүйеге толық көшіп, өндірісті қалыпты ырғаққа ыңғайлап үлгерген шақтан бастап өнім өндіру көлемі көтеріліп, бір айдың ішінде 22-ден 44 пайызға дейін өсті. Атап айтқанда, кокс өндіру 7140 мың тоннаға, шойын – 9300, болат – 13215, ал прокат 18618 мың тоннаға артты. Даму жалғасып, үдей түсті. Компания енді өндірісті уақыт талабына сай қайта құруды, жаңа технологиямен жарақтандыруды жүргізді. №2 домна пеші, №1 қаңылтыр қақтау цехы күрделі жөндеуден өтті. 1998 жылдың ортасында жылына 320 мың тонна өтімді өнім шығаратын ыстықтай қалайылау және мырыштау цехы іске қосылды.

Міне, осындай өзгерістерді тікелей көріп, кәнігі көзбен бірден байқаған Нұрсұлтан Әбішұлы тұңғыш шойын алынуының 40 жылдығына арналған салтанатты жиында: «Мені металлургия кәсіпорындарында өндірістің құлдырауы тоқтап, өнім көлемі артып, әлеуметтік мәселелердің табысты шешілуі қанағаттандырады. Біз инвесторды таңдауда қателескен жоқпыз. Бұл жерде ол кәсіпорындарды аяғынан көтерді, өнім шығаруды қалпына келтірді, мыңдаған мамандарды жұмыс орны және тұрақты жалақымен қамтамасыз етіп отыр. Бұл – біз таңдаған жолдың дұрыстығының дәлелі», – деп теміртаулықтар қуанышын бөлісті.

Тұңғыш Президенттің кеңес-талабымен жаңғырған жасампаз істер ел экономикасы алыбының адымын аршындатты. 2003 жылдың басында №3 домна пеші қатарға қосылды. Ол он жыл бойы сөндіріліп тұрғанды. 2 метрге биіктетілген, көрігінің диаметрі 1 метрге кеңейтілген, басқару жүйесі автоматтандырылып, компьютерлендірілген домна жылына 2 миллион тонна шойын беретін қуатты күшке айналды. Бұдан кейін №1 үздіксіз болат құю цехы жұмыс

істей бастады. Ең озық техника қондырғылары орнатылған бұл өндіріс алда пайда болатын кәсіпорындар бейнесін елестетеді. Теміртау өміріндегі әр жарқын жаңалықтар қуанышы мен қызығына ортақтасуға әрдайым ықыласы үлкен Елбасы екеуінің де іске қосылуына қатысты.

Жаңарған Қазақстан индустриясының жас та болса бас шаңырағы келешегі кең ғажайып бір жобаға тәуекел еткелі тұр. Қазіргі комбинатқа пара-пардай екінші сыңарын салу бағдарламасы белгіленген. Бұл дегеніміз не? Өлемде теңдесі жоқ металлургиялық орталық пайда болады деген сөз. Ертеңіні ерте ойлап, ел игілігін молықтыруға басым мән беретін халқымыз көшбасшысының көрегендік ақыл-кеңесінің ықпалы бұл. Қай инвестор да іс-қызметіне нық сенім болмаса, мұндайлық қадамға баса, кеңдікке құшақ аша қоймайды. Иліктіру оңай емес. Тек нығайған сенім мен түсіністік соған жеткізетіні анық. Өуелі экономикалық өрлеуді ұстанған мақсаттың, халықаралық интеграцияны дамытудың тамаша табыстарын көріп отырған инвесторға ашық та айқын ортада өз мүмкіндігін барынша пайдалану қолайлы саналғандығы хақ.

Айнымаған көңіл

«Ұлық болсаң кішік бол» дейді қазақ даналығы. Теміртаулықтар қанат қаттайған ортаның қадір-қасиетін, берген мол тағылымын есте тұтып, қастерлей білудің биік мәдениеттілігін Елбасы үлгісінен біледі. Нұрсұлтан Әбішұлы түлеп ұшқан құрыш қалаға келген әр сапарында уақытының тығыздығына қарамастан, арман бесігінде бірге тербелген, болашаққа бірге қол ұстасып қадам басқан тағдырластарымен табысуға құштар. Сондайда Днепродзержинскіде қатар оқыған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген металлургі Алтынбек Асанов, иық тірестіре шойын ағызысқан Владимир Колбаса, Қарағанды политехникалық институтынан түлектес Қуаныш Омашев, комбинатта қоян-қолтықтаса қызмет еткен елдің еңбек сіңірген экономисі Владимир Кауц, төлімгер-ұстаз Арғын Жүнісов сынды байырғы теміртаулықтар басы қосылып, кешегі көңілге ыстық шақтар еске түсіріліп, кезіндегідей еркін сұхбаттасып, мәре-сәре күй кешіп қалады. Арада біраз жылдар өтсе де Елбасының ұмытпай, үлкен басын иіп, орталарында құшақтаса отыруы әрқайсысының жүрегін елжіретеді. Биік билік басында болса да сыйластықтан ажырамаған, достықты үзбеген, кішіпейілдіктен айнымаған, қарапайымдылықты сақтаған адамгершілік ілтипат сүйсінтеді.

Н.Ә.Назарбаевтың іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетіне, жан ізгілігіне ерте куәгер де солар. Қуаныш аға айтуы бойынша, Нұрсұлтан Әбішұлы студенттік құрылыс жасағының командирі ретінде алғаш ауыл еңбеккерлерінің алғысына бөленген. Нұра ауданындағы «Балықтыкөл» кеңшарының бас инженері болған, осы өңірдің сыйлы азаматы Қорабай Досжанов былай деп еске алады: «60-жылдардың басында жаңадан құрылған шаруашылығымызда тұрғын үй салуға қолғабыс етуге Қарағанды мемлекеттік политехникалық институтына тілек айттық. Студенттерден құралған жасақ жіберілді. Өуелде бастап келген жігіт болбыр болып шықты. Бірнеше күн құрылыс мандымай, уақыт

өтіп бара жатқан соң өзгелерден ерек көзімізге түсіп жүрген жігітті студенттер қалауымен командир етіп тағайындауға ұсыныс жасадық. Ол Нұрсұлтан Назарбаев еді. Тілегіміз қабылданды. Содан соң-ақ іс қызып сала берді. Бізге артық салмақ салмай, тапшы құрылыс материалдарын Теміртаудан, Қарағандыдан тауып жеткізеді. Серіктерінің де жұмысқа құлшынысы күшейді. Күзге дейін бірнеше үй бой көтеріп, ауыл тұрғындары баспаналы болып қалды». Бүгінде бұл үйлердің бірінің қабырғасында оны кімдер салғаны жайлы жазылған ескерткіш тақта жарқырап тұр. Балықтыкөлдiктер сол үйлер құтты қоныс болып отырғандығын мақтан етеді.

Қуаныш Омашевтың үйлену тойын болашақ Президенттің өзі басқарып өткізгенін көпшілік біле бермеуі мүмкін. Сонда Алатаудың асқар шыңдарының сыңғырлап аққан суындай жүрек қылын тербеткен сырлы әуендерін әуелеткен жас Нұрсұлтанның өнерлі де жігіт екенін алдымен таныған да тағдырлас құрбы-құрдастары.

Байырғы қызметтестермен, сыйластармен қауышу сәттерінде Нұрсұлтан Әбішұлының көңіл-күйін қас-қабақтарынан бірден аңдайтындығы біразына белгілі. Бұйымтай, базына білдіру әдеттерінде жоқ. Бірақ сыр тартылмай қоймайды.

– «Владимир Александрович, өңің сынық қой. Денсаулығың қалай?» деп бірде сұраған соң жүрегімнің шаншып ауыратындығын айтуға тура келді, – дейді Кауц ағай, – білікті дәрігерге көрінуімді, егер операция жасау қажет болса уайымдамауымды, көмек көрсетілетіндігін айтты. Операцияға тәуекел еттім. Сәтті өтті. Қайта қатарға қосылуым Нұрсұлтан Әбішұлы мейірім шуағының шапағаты. Атын қалай тауып қойған десеңізші. Бойынан ескен жылы нұр бәрімізді баурайтын.

Бұл кісі де Магнитка тарланы. Оралдағы Чусов зауытынан шақырылған маман еңбек және жалақы бөлімінің бастығы, әсіресе, бас директордың экономика жөніндегі орынбасары міндетін атқару кезінде жұмыс бабында жас басшы қызметтесімен етене араласады. Комбинат, қала тағдырына байланысты Мәскеудегі жоғары орындар алдына қойылар, көтерілер мәселелердің нақты әрі дәлелді болуын қалайтынын бірден ұғып, тиісті дерек-мәліметтерді, анықтамаларды талап тұрғысында дайындауымен шынайы түсіністік бекиді, сыйластық жарасады.

Қызылорда облысы, Шиелі ауданының тумасы Әбіләш Әбуовтің де Елбасының курстасы болғаны көпке мәлімсіз еді. Әншілік дарыны бар жігіт Днепродзержинскіге қолтығына домбырасын қыстырып ала барады. Оны училище көркемөнерпаздарының байқауына қатыстырып, содан кейін қалалық телеарнада қазақ әндері мен термелерін шырқатқызып, ұлттық өнерімізді жергілікті тұрғындарға таныстыруға ұйытқы болған да жас Нұрсұлтан Назарбаев. Отбасылық жағдайына байланысты ауылына оралуға тура келген Әбекеңді бірде облысқа жұмыс сапарымен келгенде іздестіріп тауып алады. Арада біраз жыл өткенде қауышқан Мемлекет басшысы мен ауыл ақсақалының төс түйістіріп, айқасқан құшақтары, сағыныштан жасаураған жанарлары кездесуге куә болушылар көңілін толқытады. Президенттің қанша уақыт өтсе

де ел ішіндегі қатардағы азаматты досы ретінде ұмытпауы адамгершілік пен кішіпейілдіктің үлгісі емес пе.

Украина металлургиясының қара шаңырағына арман-тілек жетелеп барған 72 өреннің біразы Теміртау еңбек мектебінде шыңдалып, араларынан атақты металлургтер, 6 ғылым докторы, танымал қоғам қайраткерлері шықты. Рахметолла Жанарбаев, Айдархан Қасымбеков, Тезек Исаев, Қабидолла Сарекенов, Сатыбалды Ибрагимов, Мақаш Тәтімов, Мақсұт Нәрікбаев сынды азаматтар есімдері аталғанда сол лектің лебін аңдай беруге болардай. «Ат төбеліндей аздығымыз ұйымшыл болуға үйретті. Намысқа тырыстық. Қазақ деген атты қызғыштай қорғадық. Жақсы аталсақ қуандық, жаман аталсақ ұялдық. Есігіміз жабылмады, дастарқанымыз жиылмады. Жұбымызды жазбадық», деп тұрғыластары Тілеуберді Смағұл еске алатындай, ниеттес жастарды тек жақсы жағынан көрінуге, оқуға, білімге, өнерге, спортқа ұйытқы болып жүруші Нұрсұлтан Назарбаев екен.

«Днепродзержинск техникалық училищесінде оқығандардың көпшілігі кейін Қазақстанның металлургиялық зауыттарында жұмыс істеді. Мен оларды барлық облыстарда кездестіремін. Олар бүгінде де менің достарым болып қала береді. Училищедегі оқу, Магниткадағы жұмыс біздің мінезімізді шыңдады, өмірлік ұстанымдарды белгіледі, берік іргетас болды», – деген еді Елбасы теміртаулықтар алдында. Сондай достық құшақ жылуы барша қазақстандықтарға кең ашылып отырғаны өмір айғағы.

* * *

Бұл күнде жылдық өнеркәсіптік өндірісінің көлемі 200 миллиардқа жуық теңгені құрайтын, бұл аймақта шығарылатын ішкі жалпы өнімнің 40 пайызына тең шаһар жұрты мереке алдындағы дайындық құшағында. Тұңғыш Президенттерін өмірлеріндегі өзгерістермен қуантқысы келеді. Елбасы үшін қуаныштың үлкені, тартудың қымбаттысы жаңадан бой көтерген тұрғын үйлер, балабақшалар, емханалар, мектептер, өндіріс орындары болмақтығын біледі. Бұл жағынан көзайымдыққа қысылмастарына сенімді.

Ағылып жастар тұс-тұстан,
От жүректері ұғысқан.
Батырдай алып Теміртау –
Сомдалған болат, құрыштан.
Жайнатып қазақ даласын,
Қанаттандырған Елбасын.
Отандас ардақ тұтады
Көшбасшы ұстаханасын, –

деп жергілікті танымал ақын Сәбит Бексейіт жырлағандай, ерен еңбек пен қажырлы қайрат, өмір тәлімі жарқырай түсуде. Содан өткен алдыңғы толқын жолын қуып, ізін басуға талпыну мерейі зор мәртебе жас буынға. Теміртау бұған қашанғыдай берік тұғыр.

ТЕМІРТАУ.

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 11 маусым

Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ

ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Газет оқу зерігіңді басатын нәрсе сияқты көрінгенімен, өзінше бір жұмыс. Таңертең ояғанда ауа райын білмекке терезеге қарайсың. Ал әлемде не болып, не қойып жатқанын білетін терезең – газет, жалпы бұқаралық ақпарат құралдары. Әлбетте, жазылғанның бәрін сыпыра, сыдырта оқу мүмкін емес. Өзің іш тартатын тақырыпқа алдымен қадаласың. Менің сондай тақырыбым – оралмандар хақындағысы. Солай деп атап кеткенімізбен, бұл өзі атамекеніне, туған жеріне біздерді де сағындырып, өздері де сағынып ел-жұртына қайта оралып келіп жатқан қаны бір туған-туысқандарымыз емес пе...

Өз басыма келсем, «оралман» мәселесіне бейжай еместігім сонау 1962 жылы Мәскеуде КОКП Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасында оқып жүргенде кенет сезілді. Ол кезде республикалардан қатынаған жолаушыға астана мейманханаларынан орын табу қиын болатын. Алматыдан ағылған қайсыбірінің қонақ үйден орын тимеген соң Садово-Кудринский көшесіндегі жатақханада жеке бөлмеде тұратын мені де сағалайтыны бар-ды. Ел хабарын солардың аузынан естіміз. Республикалық газеттерді үзбей оқып тұрғаныңмен, көп құпия ашық баспасөзде жарияланбай, жабық ұсталады. Сол кезде ғой, көңілімізді төтенше бірлеген хабар естігеніміз. 1962 жылғы көктемде он, жиырма шақты күннің ішінде Қытайдан жүз елу мың қазақ шекараны бұзып өтіпті деседі Алматыдан қатынағандар. Құлағымыздың құрышын қандырған ондай майлы ауыздарды қалайша «жумассың»...

Қуаныштың да нешеме түрі болады. Аспирантурада оқып көңіл өсіп жүргенімен, еліміздегі қазақ азшылық болып қалған ащы ахуалымыз есімізге түскенде әжептәуір жасимыз. Келімсектер есіктен кіріп, төр менікіні күшейтіп бара жатты. Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылту ауданы, «Борсықпай» совхозындағы сельсовет төрағасының үстеліне жабылған қызыл плющ матаны тың игеруші келімсектер сыпырып алып, кабинет иесінің көзінше жапырақтап дал-далын шығарып бөлшектеп айырып, етіктерін сүртіп тазалаған. Талай қазақ молаларын таптап, тұрған жерін әдейі жыртып, тып-типтыл еткен. Шет жағасын өз көзіммен көргенім де бар. Мағжанның атасы Жұмабай қажы, алғашқы әйелі мен бір жастағы баласы Граждан есімді бүлдіршіні жатқан моланың жермен жексен етілгенін, үстін бозғылт ермен жауып кеткенін кейіндер «Мағжан» атты кітабымда жазғанмын да.

Сөйтіп өз елімізде өзіміз азшылыққа айналып, жасып жүрген көңілімізді шекараны ағындатып жарып өткен 150 мың қазақ тасытып жіберсін. Шынын айтсам, «тасытып» жіберді деген сөз де сол кездегі көңілімізді жеріне жеткізе бейнелей алмайды. Өскен көңіл күйін деп баспайды. Сонда ғой орыс драматургі Всеволод Вишневскийдің Ленинград блокадасының ең бір қиямет тозақ

шағында Жамбылдың «Ленинградцы, дети мои» деген өлеңі халық поэзиясы алыбының портретімен плакат болып көше-көшеге ілінгенінде айтқан бір ұшқыр сөзінің еске түскені. Плакаттың ілінуі қоршаудағы аш-жалаңаш қала тұрғындарына бір тың дивизия қосылғандай («такой подъем бывает только при подходе свежей дивизии») күш бітірді дейтіні. Оның түсінбейтін еш нәрсесі жоқ. Мәскеуді неміс фашистері дүрбімен қарайтын жерге жеткенде емес пе еді, Сібірден келген «тың дивизиялар» жаудың тұмсығын бұзып қан қылып, 150-200 километрге дейін қуып салатыны...

Жуықта бір мерейтой үстінде ұсыныс жасадым. Жазушы Қабдеш Жұмаділов ақын Қажытай Ілиясұлы екеуінің 150 мың қайсар қазақпен тізе қосып, елге оралған қуаныш одиссеясын «Таңғажайып дүние» атты ғұмырнамалық романында зор шабытпен әдемілеп жазып берді. Оған мың рахмет! Ал бірақ, сол кезде атамекенде түгін түтеткен біздің қуанышымыз ше? Ол жайлы кітап шықты ма? Бір ақын, бір жазушы екеуі лирикалық кейіпкерге сұранып тұрғанда, 150 мың қазақ, оған қоса елдегі екі жарым миллион қазақ – эпостық қаһарман ғой!.. Терең лирика, сыршыл өлеңге эпикалық қанат бітіп, дастан боп туса нетті...

Сол шеттен келген ағайынның құтты қадамының шарапаты да шығар, Құдайға шүкір, қазақ енді он миллионға жетіп, азшылықтан көпшілікке айналып, 62 пайыз құрап отырғанымыз. Дегенмен, мұратымызға жеттік деп, мұрт ширатуға әлі ерте.

Ұлан-байтақ атамекеніміз үшін он миллионың не тәйірі. Сондықтан да бір уыс болмай, былай қатарымызды көбейтіңкіреп, тығызырақ отырсақ, жан-жағымыздағы сұғын қадаушылар сілекейін шұбырта беруден тыйылар ма деп дәмеленетініміз. Өнеу бір әзірде «Қазақ әдебиеті» газетіне орыс тілінде «Ворошиловский кревоугодник» деген мақалам жарияланды. Не себепті жазылғанын оқырманның есіне сала кетейін. Әлдекім дейтін емес, кинорежиссер ретінде өзім фильмдерін қызыға, құмарта көретін Станислав Говорухин Қазақ елінің солтүстігіндегі бес облысты Хрущев жомарттығы ұстап Қазақстанға сыйлай салды деп гәпірткен. Өтірік өрге баспайтынын дәлелдеу үшін айтыстың памфлеттей ащы тілді жанрына жүгініп, арнайы мақала жазуға тура келді.

Сол памфлет газетте жарық көргенде біріншілердің қатарында хабарласқан жазушы Әзілхан Нұршайықов: Мына мақаланы «Казахстанская правда» неге жариялаудан бас тартқан? Мен жоғары жаққа наразылығымды білдіріп хат жазып жібердім, деді. Ол жәйтті әрі қарай созбай-ақ қояйын. Еске алып отырған себеп, жерімізді даулаушының байбаламынан бәрібір ешнәрсе өнбейтініне еш күмән келтірмегенімді, ішімнің тоқтығын айту еді. Іші күйгендер тұз жаласын, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың мың жылдарға кететін тарихи көрегендігінің арқасында көрші мемлекеттің бәрімен, әсіресе, екі алып – Ресей және Қытаймен шекара мәселесіндегі дау-шарды жойып, ортақ мәмілеге келдік. Шекарамызды халықаралық ережеге сәйкестендіріп заңдастырып алдық. Бұл құжаттай мықты қорған болмас. Көне Қытай қамалынан өткен бұзылмайтын бекініс.

Және бір даналық іс – астананың Арқаға көшірілуі еді. Ішіміз ашыды, әрине, ару Алматының әкімшілік-саяси орталық дәрежесінен айырылып қалғандығына. Осы істің бастаушысы және дем берушісі – Алатау қыранының өзі де аз тебіренбеген шығар. Бірақ тарихи қажеттілік деген болады. Оны алдымен Мемлекет басшысы сезе білуге керек. Хрущевтің тың жерлерді игеру науқанының салдарынан Қазақ елінің терістік теліміне келімсектер құмырысқадай қаптап кеткендіктен, сол өңірде ат төбеліндей боп қалған едік. Енді бұрынғы Қараөткелдің өзіне, төңірегіне қарасаңыз, қаракөз бауырларымыз қаптап қоныс теуіп жатыр. Соны көріп, естіп-біліп, жанымыз жай тауып, айызымыз қанатыны қандай... Құдай қосса, сол төңіректегі Қызылжар, Кереку, Ақтөбе, Қостанай да таяу тарихи кезеңде баяғы заманғы қазақы қалыбына келер деген сенім берік.

Туған өлкем Алтай жақтың да ұлттық реңкі, шүкірлік, өзгеріп келе жатыр. Көрші Семеймен біріктірілгені – жайдан жай емес. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының тең жартысы – өзімізбіз.

Тұңғыш Президентіміздің ел іргесін бекіту бағытындағы тарихи істерін оның туған жер туралы толғанысының жемісі дер едім. Бас тақырыбы – тәуелсіздік болғанда, оның табиғаты бөлек ән-жырын алдымен шырқатқан Елбасының өзі.

Президент, мемлекет һәм қоғам қайраткері есімінің ән, жырға айрықша мән беруіне байланысты айтылуы оның қазақы табиғатынан туындаса керек.

Қазақта «әу» демейтін кісі болмайды. Ұлтшылдық ауруы ұстап айтып отырғанымыз жоқ. Олай емес екендігін растау үшін алдымен қазақтың ән-өлең сүйгіштігін ұлттық ерекше қасиетіне балаған көршілес ағайын ел өкілдерін куәлікке тартар едім. 1913 жылы Романовтар династиясының патшалық құрғанына 300 жыл толуы құрметіне «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көптомдық шығарылды. Соның В.П.Семенов-Тяньшанскийдің редакциясымен Түркістан өлкесіне арналған 19-томында мынадай айғақ бар:

«Отличительной чертой киргиза (казаха – Ш.Е.) является любовь к поэзии и умении излагать свои мысли не только ясно и изящно, но и красноречиво. Отсюда высокое развитие устной народной литературы, отличающейся богатством и разнообразием и слагающейся из пословиц, загадок, поучений в стихах песен различного характера (колыбельная, любовная, свадебная, похоронная, хвалебная и т.д.)...» (Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Т. XIX. Туркестанский край. Издание А.Ф.Девриена. 1913, С. 370).

Өлең-жырға құлай берілуі, сүйіспеншілігі жөнінен Президентіміздің өзге қазақтан еш айырмасы жоқ. Домбыра тартып, ән де салады. Сахнада бір жақсы ән шырқалса, әртістерге қосылып кететінін теледидардан көріп жүрміз. Қазақ әні саясатшының жүрегінен орын тапса – Елбасының өзге қаракөзден айырмашылығы міне, осы тұста көзге түседі. Ол ерекшелігі, Астанада дидарайны әлемдік ән-күй ордаларынан кем түспейтін театр, концерт ғимараттарын салғызуынан, өнер адамдарын айрықша құрмет тұтып сыйлауынан, ізгі қамқорлығынан байқалады.

...Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Премьер-Министрі болып жоғарылағанда ілкі құрған Үкіметінің мүшесі ретінде қабылдауында болдым. Шақырған жиналыстарына қатысып жүрдім. «Сталь-

ной профиль Казахстана» атты тұңғыш кітабы менің Қазақ КСР Баспа комитетінің жүйесінде істеп жүрген кезімде жарық көрді. Кезінде Мемлекеттік сыйлықты тапсырып тұрып, «Мағжан» атты монографиям туралы жылы лебіз білдіргеніне дән разымын. Бірақ ол кісімен дастарқан басында кезігу сәті түспегендіктен, қазақтың жаңа Әнұранынан басқа қандай әндерін сүйіп айтатынынан хабарсызбын. Жанынан өлең шығаратын қабілеті бар деседі. О жағын да біліңкіремеймін. Ал Әнұран хақында батыл айтсам, ол орыс, қазақ демей, еліміздің тұрғындарының баршасына белгілі жәйт. Және тәуелсіз Қазақстанның сол жаңа Гимнінің тууына Нұрсұлтан Әбішұлының автор есебінде тіке қатысы бар.

Бұрынғы Гимніміз де осал емес-ті. Ол неге өзгерді?

Гимн салтанатты мадақ әнге жатады. Ол көне Грекияда құдайлар мен геройлардың құрметіне айтылған. Кейіндер ел бірлігінің символына айналды.

Тәуелсіздік дәуірінің символдық сазы – Гимн. Ел өмірінің өткел кезеңінде туған алғашқысы 1993-2006 жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны болды.

Бұл Гимннің музыкасы Қазақ Кеңес Республикасы кезіндегі, 1944 жылы композиторлар Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди жазған күйінде сақталды. Тек «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған» деп басталатын, сөзін Ғабит Мүсірепов, Қайым Мұхамедханов, Әбділда Тәжібаев жазған мәтіні ғана өзгертілді. Ал бірінші тармағы «Жаралған намыстан қаһарман халықпыз» деп аталатын Әнұран сөзін 1992 жылы ақындар Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаева жазған болатын. Гимннің бұл нұсқалары кезінде өз рөлін ойдағыдай атқарды деп есептейміз.

Сазы да, сөзі де мүлде жаңа Әнұранның дүниеге келуінің өз сыры бар. Мәнінше, Президентіміз атақ-даңқы бұл күндері жер жарған Қазақстанның жаңа асқақ келбетіне сай келетін Гимн қажеттігі жөнінде көп уақыт іштей толғанған. Сөйтіп жүргенінде уыздай жас жігіт кезінде естіген, 1956 жылы сазын композитор Шәмші Қалдаяқов, сөзін ақын Жұмекен Нәжімеденов жазған «Менің Қазақстаным» атты отаншыл жыр әуені көкірек сарайының бір түкпірінен әлсін-әлі өндетіп тұрып алмады ма екен, деп жорамалдаймын.

Кейде ән мен өлеңнің өзгеше жарасымды, бір қолдан құйылғандай келісімдісі болады. Біртуар сазгер Шәмші «Менің Қазақстаным» сазын гимн болар-ау деп арнайы жазбағаны белгілі. «Елім менің, жерім менің» деген өршіл өлең жолдарын туғызған, тапқырлығы мен дәлшілдігі мол ақын Жұмекен Нәжімеденов те олай ойламаған деп есептеуге керек.

Гимн ел еңсесін көтеретіндей естілуі тиіс болса, өлеңі көркем публицистика, нағыз көсемсөз биігінен ағындауы тиіс. «Менің Қазақстаным» сазының тау суындай тасыған екпін-жігері, өлеңінің биік пафосы мемлекеттік гимнге лайықты-ау деп алғаш таныған ешкім де емес, Назарбаев Нұрсұлтанның нақ өзі. «Менің Қазақстаным» Әнұранға айналуы үшін тек өлең шырқын бұзбайтын, бұдан жарты ғасырдан бұрын туған мәтініне уақыт енгізген жоталы жаңалықтарды енгізетін елеулі редакция жасалуы тиіс...

Осы ой тереңдігін, сезім ұшқырлығын талап ететін ұлттық мәні зор жауапты істі Елбасы өз міндетіне алған.

Біріншіден, Гимн мәтіні шырқалғанда көп уақыт алмайтын ықшам болуға керек еді. Сондықтан жаңа редакцияда алты шумақтан тұратын бастапқы нұсқаның екі шумағы қысқартылды.

Екіншіден, бұрынғы әнұрандар он бір буыннан тұрса, бұл гимн мәтіні алты буыннан қаланған. Жүмекен ақынның көп ойды аз сөзге сығымдап сыйғызатын тығыз да нығыз ритмінен аспаса, кем соқпайтын өлең жолдары жасақталуы тиіс болды. Нұрекең авторлық жаңа редакцияның бұл міндетінің де үдесінен шыққан. Өлеңнің төрт шумағына енгізілген елеулі өзгерістерде осы талаптың бәр-бәрі мінсіз орындалған.

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Думанды бастады,
Далама қарашы! –

деген шумақтың соңғы екі жолы:

Ерліктің дастаны –
Еліме қарашы! –

деп өзгертілген. Бұрынғы нұсқаға қарағанда көз аяңды соншалық кеңейтетін осы соңғы екі жолды әндетіп айта бастағаныңда ерекше толқисың. Қазақ елінің даңқты тарихы көңіл көкжиегінде найзағайдай жарқ етіп, есіңе оралғанда саптағы жауынгердей жауырыныңды тіктеп, салмақтана қалғаныңды сезесің. Ондай көтеріңкі күй кешуіңе дауысты дыбыстардың ассонансы, үндесе жұптасуы да әсер етеді. Өлеңнің интонациялық әуезін, дыбыстануын күшейтіп, атамекен туралы ой-сезіміңді әуелете береді.

Екінші шумақтың «қазағым мықты ғой» деген жолы ғана сақталған. Өзге үш жаңа жолы өлеңнің бағын аша түскен. Еңбек тақырыбын («дән егіп терлеген») ерлік, Отан қорғау тақырыбына алмастыру мәні тереңірек сырға бастайды:

Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой,
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Бұл шумақтың ажарын ашып тұрған «намыс» сөзінің жаңа Гимн мәтінінде қайталануының өз заңдылығы бар. Ол қазақтың намыскер мінезінен туындайды.

Және бұл – ата-бабадан мирас мінез!

Оның солай екенін, өтпелі заманның ең ауыр кезеңінде тиісті қаражат тауып, Жидебайда Абай мен Шәкәрімнің жаһанға ұялмай көрсететін кесенесін тұрғызған Нұрекең, Абайдың өзі тиянақтағанын біледі. Білгенде қандай! Ұлы Абайдың Отыз тоғызыншы сөзінде «ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық мінезінің» бірі – «намысқор келеді екен» делінген. «Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», деп арлылық, намыстылыққа табандылықты уағыздаған. Осы мағыналас пікір Президенттің

әр Жолдауының, ел-жұрт алдындағы қай сөзінің біссімілләсіне айналатыны тегіннен тегін емес. Абай хакімнің сөзіне құлақ түре жүретіндіктен де.

Бұл – ата-баба дәстүрі, айта берсек, иісі қазаққа тән. Қазақта «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген мақал бар. Мұхтар Әуезов көп еңбегін сарп етіп, Ұлы Отан соғысы жөнінде жазған пьесасын «Намыс гвардиясы», ал оның бас геройы Бауыржан Момышұлын Намысұлы деп атауында қандай ой жатқанын түсіну қиын емес. Мына бір эпизодқа үңілетік.

Әскери тәртіпті өрескел бұзған, опасыздық жасаған взвод командирін атқаны үшін Григорьев деген дивизия комиссары Бауыржанды: «Сен командир болудан гөрі, сот болуды лайық көргенсің ғой, сірә?» – деп кінәлайды. Бұған Намысұлы:

– Неміс қоршауында бар совет өкіметі бір өзім болдым, енді қайтейін, – деп жауап қайтарады.

Полк командирі Чупров Намысұлын «Бұлар армияның темір тәртібіне төселмеген елдің баласы ғой», – деп жазғырса, драматург Мұхтар Әуезов генерал Панфиловтың аузына шовинизмнің менменсіген мінезін қатты сынға алатын сөз салады.

Чупровқа Панфилов: мен сізге ескертейін, қатты ескертейін: бәрін білдік, таныдық деп жүреміз, сонымен қабаттасып, тексерілмей жүретін оқ өтпес бір бітеулік те жатады ішімізде. Қазақ деп, халқына сын тақпақсыз ба?.. Қай қасиетін білуші едіңіз?.. – дейді.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1942 жылғы күз айларының сандарында жарияланған пьесаның бұл сөздері ескірмек емес. Өйткені, пьеса авторының өзі де намыс перзенттерінің бірі болатын. Сол мінездің уызына енді бүгінгі ұрпақ қанған. Мемлекеттік тілдің Конституцияда жазылған құқығын жүзеге асыру уақытының жеткені жөніндегі зиялылардың Елбасына жолдаған хаты да қазақтың «Намысын бермеген, Қазағым мықты ғой!» мінезінен туындайды...

Үшінші шумақ Жүмекен нұсқасында жоқ, жаңадан түзілген.

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан
Тәуелсіз елім бар.

Сүбелі шумақ Отанымыздың жаңарған келбетін жырлайды. Жарыса жамыраған сәулелі жолдар игілікке сәйкестік білдіреді. Тәуелсіздігіміз, иншалла, ерекше мақтанышымыз. Оған табиғи ұласқан толғаулы пікір қазақтың бауыр-мал ұлт екенін еске салады. Еліміздегі достығы жарасқан халықтардың мызғымас бірлігі Әнұранның жыр кестесіне тоқылғаны әбден орынды.

Ақырғы шумаққа келсек, оның бір ғана сөзі өзгертілген. «Ежелгі досындай» сөзі «мәңгілік досындай» делінген. Өлеңнің тынысын кейде бір сөздің өзі өстіп кеңейтіп жіберетіні болады. Болашағына берік сенімді ел қашан да бақытты. Біздің қазақ осындай. Ол уақытпен достасқан халық.

Ал өлеңнің қайырмасы өзгертілмеген. Өйткені өлеңнің жаңғыртылған нұсқасының маңызын еселеп, ант байласқандай рухтандырады.

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

«Менің Қазақстаным» өлеңіндегі өзгерістер арқасында айтулы жыр Гимн деңгейіне көтерілсе, мұны атамекеніміздің алғау туындысына жаңа сапа сіңіруге жанын салған автордың, үлкен қоғамдық-саяси, әлеуметтік категориялармен ойлайтын қайраткердің, үлкен парасат иесінің қайрат-жігерінің арқасы деп білуге керек.

Жүрегімізге оң қолымызды қойып шырқайтын «Менің Қазақстаным» Мемлекеттік Әнұран ретінде ресми түрде 2006 жылғы 7 қаңтарда қабылданды.

Keң байтақ еліміздің аспанында желбіреген көк байрағымызға мақтанышпен көз тастай тұрып, кеудемізді кере «Менің Қазақстаным» Әнұранын шырқаймыз. Шырқап қана қоймаймыз.

Жаңа Гимн тәуелсіздігімізді жырлайтын шаттық әуендермен арналас. Осының бәрі қосылып келіп ел көңілін өрпете түспек. Ақын, жазушыларының шабытына шабыт қоспақ. «Менің елім, менің жерім» тақырыбы еліміздің келешегіне қатысты келелі ойларға бастамақ.

Ғасырлар бойы зарығып күткен тәуелсіздігіміз «Туған жерім – Қазақстаным» деген тақырыптан бас алатын публицистика «Қытайға, Израильге жалға да болса беретін жеріміз жоқ» деп айбын берсе, үлкен проза тарих мұнарасынан дабыл ұрады.

«Дұшпан астыңдағы атыңды сұраса, аяма. Өйткені, Қамбар ата аман болса, тұлпар тумай қоймайды. Дұшпан қойныңдағы қатыныңды сұраса да, таршылық етпе. Өйткені, елің аман болса, сен үшін тағы бір сұлу бойжетеді. Тек дұшпанға бір сүйем жер беруші болма! Өйткені асыраушы жер-ана ешқашан үлкеймейді». Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» романында бұл аталы сөзді Жоңғар басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысында жауды шекарадан мүлде аластағанша қырық жыл аттан түспей алысқан қолбасшы Қаракерей Қабанбай сынды алып бабамыз айтады. Бас сардар тағы бірде: «...Қалмақпен қырық жыл қидаласып, қаныңды, жаныңды пида етіп жүріп қайтарып алған жердің қадірі тіпті ерекше. Арам ойлы жат жұрттың табанына таптатпақ түгіл, бір түйір тасын, бір тал бұтасын сипатқың келмейді, – десе, мұны әр қазақ жер-ана алдындағы ардақты парыз-қарызы санамақ. Ата-баба аманатынан аттағанның аты өшсін! – дегізеді.

Ойрат, жоңғар, қалмақ Қазақтың кең байтақ жерін таптап, қыстау, қонысын өртеп, бесіктегі сәбиін найзасына шанышқанда, қаракөзден жас сорғалап, «Елім-ай!»-лап зарлаған әнін роман-трилогиясының арқауына айналдырған Софы Сматай үшін ел тәуелсіздігі – қазақтың өз жеріне өзі иелік етуі. «Жарылғап батыр» атты өлеңмен жазылған романында барынша кең өрістетілген туған жер тақырыбын ол былайша қорытады.

Қашанғы қазақ болар момын халық,
Жете алмай туған жерге өліп-талып.
Жері ғой – ең асылы, ең ардағы
Жүретін қарашықтай қорып-бағып.

Тиме оған, Туған Жердің пұшпағына!
Алма оны қиянаттың қыспағына.
Егер де жерге тиіп жанын езсең –
Қазақты қасиетті ашу ұстады ма,
Қашпа онда!
Қашып-пысып құтылмайсың!
Сен оған бір-ақ қысар тұтымдайсың!
Азуға бір-ақ басып, жаныңды алып,
Түкірер! Қақырықсың – жұтылмайсың!

Софы Сматай романдарының түйіні бүгінгі қазақтың туған жерінің ендігі тағдыры хақындағы қамкөңіл күйімен үндес. Жеңіс күні – Софы үшін жау қашқан күн ғана емес. Ол шығармасының ынты-шынтысын азат қазақ жеріне арнағанда, оның әр қиырына нәрлі де әрлі сөз табады. Алаш ұлының кіндік қаны тамған жеріне қайта қоныстанған бақытты күндерде дала, өзен су, көл бусанып, босанғандай қуаныш жасын төгеді. Жел сүйіншілеп жүйткісе, өзендер өрге шапшып шаттанады, төбелер сап түзеді, жүгіреді. Сағынышты жүрек туған жерімен қауышуын осылай қабылдайды. Ел кіндігі – Ұлытау, сайранды Сарыарқа, жері – жұмақ, желі – жұпар алтын Алтай белгілі арғын, найман, керей, басқа ру-тайпалардың қонысы бола тұра, бәрі де сайып келгенде, «қазағымның қарашығы», қимас өлкесі, бөлінбейтін еншісі, деп отаншыл зор ойларға бастайды.

Тәуелсіздік дәуірінде жазылған тарихи романдардың әрқайсысы туған жер туралы өзінше сайрайды. Асан Қайғы желмаяға мініп, жер үстіндегі жұмақ «Жерұйықты» іздеп, дүниенің төрт бұрышын кезеді. Бұл халқымыздың бақытты, сәулетті өмір туралы арманынан туған аңыз екендігі баршамызға мәлім. Ал Ұзақбай Доспанбетовтің «Абылайдың ақ туы» атты тарихи романының екінші кітабында ұлы жүздің даңқты Төле биі замана не болып барады деп әлде бір сарыуайымға салынған шағында өз өкімімен жалайыр Өтеген Сәбденұлын, дулат-жаныс Өтеген Өтеғұлұлын «Жерұйықты» іздеуге жібергені нақтылы шындық күйінде суреттеледі. Сапарға аттанғандар Ауғанстан, Кавказ сияқты бірсыпыра ат тұяғы жеткен өлкелерді араласа керек. Екі жылдан соң жолаушылар қайта оралып көрген-білгендерін айтып есеп береді. Сол сапар нәтижесі жөнінде Төле би енді қазақ игі жақсыларының бас қосқан жиынында сөз сөйлейді.

«– Ағайын-туған! Қарындас ел! Алты Алаштың азаматтары! Мына жарты әлемнің тау мен тасына табандарын тоздырған мұзбалақтарымыз дұрыс айтады! Алатаудай жер жоқ! Жердің құты Алатау мен Қаратау! Одан әрідегі Жетісу! Жердің құты, Жерұйық дегеніміз, міне, солар!». Ұзақбай Доспанбетовтің «Абылайдың ақ туы» романында Төле би «саңқылдағанда зеңгір көк әйнекше шытынап, ойдан-қырдан жиналған дүйім көптің үстіне құлап түсердей әсер қалдырған», – делінген.

Тәуелсіздік заманының жазушылары бірінен бірі асырып, Елбасы толғанысына қосылып, үлкен отаншыл ой қозғайды:

– Дүниеде Туған Жерден артық жер жоқ!

Атамекен туралы бұл қасиетті сөз ежелгі «Қаратаудың басынан көш келеді», – деп бастап, елі, жері туралы талай ұрпақ тамылжыта шырқаған нешеме әнге ұласты десеңізші. Соның тағы да бірін бұдан 65 жыл бұрын Ұлы Отан соғысын Жеңіспен аяқтап, кіндік кескен өлкесіне аптығып, асыға қайтып келе жатқан қазақ солдаты туғызды. Аңсап сағынған Туған Жеріне перзенттік ыстық махаббаттын төкті.

Неткен ұлы, неткен байтақ жер едің!
Неңдей күйге көкірегімді бөледің?
Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем, –
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім.

Қасым ақынның қазақ аспанында қалықтаған осынау асқақ әніне болашақ Өнұран авторлары, келешек романшылар «О, дариға, алтын бесік, туған жер!» деп атойлатып, арындатып қосылмады дейсің бе. Әдебиет құдіреттілігін айтпай да, елі, жерінің даңқын асыратын өршіл өлең, сүйкімді ән туғызудан еш жалықпайтын да, жаңылмайтын да...

* * *

Жер толғанысы – киелі толғаныс. Елбасының үлгі-өнегесі осылай дегізеді. XX ғасырда еліміздің басында үш-ақ қазақ отырыпты. Жұмабай Шаяхметов пен Дінмұхаммед Қонаев бодандық жағдайда елі үшін істелуге тиісті нәрсенің бәрін істеді. Кейде сол ағаларымызды сынап, мінеп те жатамыз. Ішінде өзім де бармын. Бірақ бар нәрсені жоқ деп ауызды қу шөппен сүртуге және болмайды. Үшінші қазақ – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бұған дейінгі бар хандардың иіс алмастығынан айырылғанымызды (Ахмет Байтұрсынов «надандығынан» дейді) қайтарып алуы үстіне, халқымыздың ежелгі арманы – қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманға алып келе жатыр.

Иллаһи, жолы болғай! Қазіргі Қазақ елі, жері жырын планетарлық парасаттылық дәрежесіне көтеруге тиістіміз. Оның үлгісі Құдай оңдағанда – баршылық. Кім дейтін емес.

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 1 маусым

Тоқтарбай ҚАДАМБАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты

ҰЛЫ ЖОЛ ҮЙІНІҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫНАН БАСТАЛАДЫ

Аталарымыздың «Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады» деуі тегін емес. Барша қазақстандықтар үшін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев негіздеген «Қазақстандық жолдың» етене болуы да сондықтан шығар. Себебі, Нұрсұлтан Әбішұлы біздің сара да дара жолымызды айқындағанда ондағы әрбір қағидаттың, әрбір міндеттің әр қазақстандыққа тиімді де пайдалы болу жағын қарастырған. Сондықтан да «Қазақстандық жол» біздің әрқайсымыздың мақтанышымызға айналып, ондағы міндеттерді іске асыруды парыз санаймыз.

Иә, туған жерге деген сүйіспеншілік Отанға деген ұлы сүйіспеншілікке ұласатыны анық. Туған жеріңді сүймей, еліңді, Отаныңды сүйе алмайсың. Осындайда Елбасымыздың «Өз халқын сүйген адам ғана оның тағдыры үшін күйе алады» деген сөзі ойға оралады.

Мен үшін Елбасы мен ел егіз ұғым секілді. Екеуін бөле-жара қарауға әсте болмайды деп айтар едім. Елбасы деген қасиетті ұғым. Ел көшінің ілгерілеуі мен еңсесінің биік, мәртебесінің ұлық болуы әркез сол көшті бастайтын адамның жасайтын қадамына байланысты болады. Сондықтан еліңнің тағдыры Елбасына қатысты.

Қостанай-Торғай өңіріне белгілі ұлағатты ұстаз Едірес Әлімов кезінде 10-сыныпта оқып жүрген Нұрсұлтан Назарбаевқа сабақ береді. Ол кезде Едірес ағамыз С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті екен. Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Абай атындағы қазақ орта мектебіне өндірістік тәжірибеден өтуге келеді. Нұрсұлтан мен оның сыныптас жолдастарына қазақ әдебиетінен дәріс оқиды. Ерекше әсерлі өткен бір сабақтың тақырыбы Ғабит Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасы еді. Торғайдың төл тумасы студент Едіресің сонда кең көсілген. Оқушы Нұрсұлтанның жас ұстаздың әр сөзін мұқият тыңдап, қызығушылық танытқаны есінде. Кейін оқушылардың өздеріне сұрақ қойғанда толымды да тиянақты жауап берген де осы Нұрсұлтан еді.

Едірес ағамыз өміріндегі осы бір есте қалған сәттерді жиі айтып отыратын. Әсіресе, жастармен кездескенде бүгінгі Елбасының шәкірттік шағын әңгімелеуден жалықпайтын. Кейін Нұрсұлтан Әбішұлының өзіне жазған хатын да қастерлеп сақтап жүрді.

– Көзінің оты бар, тереңнен ойлайтын, ойын дәл де тиянақты жеткізетін, зерделі жас еді, – деп, сол бір шақты еске алғанын өзіміздің де естігеніміз бар. – Ауылда өскен, ауылда оқыған, кейін Теміртау сияқты алып өндірісте шындалған, комсомол, партия органдарында қызмет істеп, адамдармен жұмыста тәжірибе жинақтаған Елбасының бүкіл болмысынан оның ізгілігі мен

мейірімі менмұндалап тұратын. Әйтпесе, бұдан елу жыл бұрын бір көрген студент ағасына ерекше бір ілтипатпен хат жазып, тілектестік көңілін білдіре ме?! Бүкіл әлем таныған қайраткердің осынау кішіпейілдігі өзімді ерекше тәнті етті, – деп Затоболдағы Н.Наушабаев атындағы қазақ орта мектебінде оқушылармен кездескенде ағынан жарылып еді ұстаз.

Нұрекеңнің мына бір сөзін ұмытуға хақым жоқ: «Тамағыңды тауып жерлік кәсіп, одан да тәуір қызмет жолығар. Бірақ, ол қара орманның, өскен еліңнің ортасында жүріп ішкен бір жұтым қара суға қайдан татысын?!»

Елбасының қашанда елін ойлап, қабырғасы қайысатынының куәсі болып жүрміз. Ел мұңын ойлаған жан ғана ішкі дүниесінің толғаныстарын ақ қағазға түсіріп сырласады. Сол қасиет Нұрсұлтан Әбішұлының бойында бар.

«Өмір – өткен күндер емес, есте қалған күндер» деп қалай дәл айтылған десеңізші. 1995 жылғы 29 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жарлығымен мені Қостанай облысының әкімі етіп тағайындады. Елбасы осы өңірдің түлегі ретінде маған ерекше жауапкершілік жүктеді. Өйткені, Қазақ елінің киелі өңірі – жері де, елі де бай облыстың экономикасы мен әлеуметтік саласының өркендеуі бүкіл Қазақстанның алға басуына, тәуелсіздіктің нығаюына қосылар үлес еді. Оны мен де жақсы түсіндім. Бірақ бұл кезең бұрынғы экономикалық байланыстардың үзіліп, жаңа жүйе қалыптаспаған, Тәуелсіз еліміздің енді ғана аяғынан тұрып жатқан ерекше бір қиын шағы еді. Өндіріс тоқтаған, ауыл шаруашылығынан береке кеткен, жұмысшылар да, бюджеттік мекеме қызметкерлері де еңбекақысын ала алмай, зейнеткерлер де тарыққан қысылтаяң кез еді. Соны шешімдер қабылдауға, ішкі мүмкіндіктер мен резервтерді тереңірек іздестіруге, облыс халқына рухани дем беруге тура келді.

Өсіресе, Елбасының Қостанайға әр келген сапары ұмытылмастай әсер қалдыратын. Халықпен кездесуі, айтқан әңгімесі маған шын мәнінде үлкен ой салатын, жүрегіме тоқып алушы едім. Әр кездескен сайын Нұрсұлтан Әбішұлының бойындағы қабілетке, ерекше қасиетке тәнті болып, үйрене түстім. Біздерге қойған басты талабы – халықтың жағдайын жасау. Ол тұста басты мәселе жекешелендіруді, мемлекет иелігінен алуды барынша тез жүргізу, орта және шағын кәсіпкерлікті жедел дамыту еді. Бірде Нұрсұлтан Әбішұлы «Баян сұлу» акционерлік қоғамында болған кәсіпкерлермен кездесуде «Кәсіпкерлікті дамыту халыққа да, мемлекетке де бірдей тиімді, оны облыс әкімі қазір терең түсінеді, менің оған көзім жетті», – деп ерекше атап көрсетті. Қолдау көрсетіп, жұртшылықтың алдында осылай жоғары баға берді, оңашада ақыл-кеңесін айтты. Нұрекең төңірегін нұрландырып, жан-жағына шуақ шашып жүретін қай-таланбас тұлға ғой.

Елбасы 1997 жылы Қостанайға келгенде Федоров ауданында болып, осында ауылшаруашылық құрылымдарының басшыларымен жүздесті. Сол кезде облыста «Джон Дир» комбайнына ерекше ден қойған едік. Елбасы сол «дала кемесін» көріп, кабинасына көтеріліп, комбайншымен тілдесті. Осындай 200

алып техниканы сатып алатынымызды айтқанмын. Өнімділігі үйреншікті «Енисейлерден» 3-4 есе артық, астық ысырабын 10 есе азайтатын, жағар-жанармайды 2 есе аз жұмсайтын дала кемесі Қостанай диқандарының қолын ұзартты. Жылма-жыл мол егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жинап алатын болсақ, соның негізі сол бір қиын шақта қаланған еді. Сол жылы Нұрекең сапарының нәтижесін қорытындылай келіп, Қостанай облысында экономикалық реформалардың ойдағыдай өтіп жатқанына ризашылығын білдірді.

Елбасы Қостанайға келген бір сапарында қалада «Апогей-Банктің» жаңа ғимаратының ашылу салтанаты болды. Адам көп жиналды. Мұндай салтанаттарда болатын рәсімдер өтіп болған сәтте орыстың бір егде тартқан әйелі Елбасына жақындап келіп:

– Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, мен мына үйде тұрамын. Шаңырағым кіріп, дәм ауыз тиіңіз, – деп қолқа салды.

– Несі бар, бастаңыз үйіңізге, – деді Елбасы ойламаған жерден.

Мен алдын ала жоспарланбаған бұл іске ыңғайсызданып қалдым.

– Тоқтарбай, сен қысылма, зейнеткерлеріміздің қалай тұратынын көріп шығайық, – деді Нұрекең.

Үйдің іші тап-таза, әрбір зат өз орнын тауып, үйлесімді жиналған. Үй иесі жаңа ғана піскен бөлішті алып шықты:

– Дәм татыңыз, құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, Құдайым Сізге денсаулық, ұзақ ғұмыр берсін, Қазақстанымыз гүлденсін! – деді әлгі кейуана.

Нұрекең құстың ұясындай жып-жылы пәтерді, ондағы берекелі тіршілікті көріп, риза болды.

Шығып келе жатқанда есік алдында қазақтың бір қариясы:

– Нұрсұлтан балам, енді біздің үйге бас сұға кет, дәм тат, – деп өтініш айтты. Нұрекең әдемі бір жымыды да:

– Бастаңыз онда, ақсақал, – деді.

Бұл пәтер де кірсе шыққысыз екен.

– Жеңгей қайда? – деді Президент.

Ақсақал әйелінің өткен жылы дүние салғанын айтты. Елбасы үй иесіне қазақы дәстүрмен көңіл айтып, арғы жағын әзілге бұрды:

– Байқап отырмын, тұғырдан түсіп тұрған жоқсыз, үйленбейсіз бе, ағасы? – деді.

– Балалар өсті, келіндер бар... – дей бастап еді, Елбасы сөзді бөліп:

– Балаларға мен айтайын, тең-теңімен деген емес пе? – деп күлді.

Ақсақалдың үйінен де Нұрекең ерекше көңілді шықты. Халықтың тұрмысы жақсара бастағанын, көңіл-күйлерінің көтеріңкі екенін сезді.

Бұл Елбасының қарапайымдығының, үнемі халықпен бірге, сол халық мүддесімен тыныстайтындығының көрінісі болса керек. Осы арада өзім куәсі болған тағы бір мысал келтіре кетейін. Ол туралы Қостанайдағы Ахмет Байтұрсынов атындағы университеттің бастауында тұрған академик Зұлқарнай Алдамжар өзінің «Тарих: пайым мен тағылым» атты кітабында былай деп жазды:

«1991 жылдың күз айында Қостанай облысына Президентіміз Н.Ә.Назарбаев жұмыс сапарымен келіп, ел аралады. Қашанғыдай, Елбасын қарсы алып, жол бастаған облыстық кеңес төрағасы Н.Князев біздің университет құру ұмтылысымыздың тонын айналдырып, басбұзар берекесіз топ ретінде мықтап жамандаған. Сол себептен Алматыға қайтар алдында облыс азаматтарымен өткізген кеңесте Президент менің атыма қатты сын айтып, университет құрам деп облыста дау-дамай көтергенім үшін, екі бірдей ғимаратты тартып алмақ болған жауапсыздық берекесіздігім үшін тәртіпке шақыруды жергілікті басшылықтан талап етті. Президенттің бұл сөзіне президиумда отырған Н.Князев және бірлі-екілі басшы қол соғып, мәз-мейрам болды да қалды. Енді жағдай күрт мүшкілдеп кетті. Университет көзден бұл-бұл ұшпақ, институт ұжымы қыспаққа алынады, ал менің қуғынға түсуім сөзсіз. Не амал бар, шешу түйіні қайда деп ауыр ойға тереңдей бердім. Жағдайды түсіндіруге сөз сұрасам, одан ешнәрсе шықпайды. Не де болса Президентпен тікелей сөйлесіп қалуым керек.

Президиумнан түсетін баспалдақтар залға төмендейді де, содан бұрылып ауыз бөлмеге кетеді. Жиналыс жабылған бойда Президент ширақ басып баспалдаққа бет алды. Сол кезде мен де Президентке қарай жүрдім, бірақ араға бір топ адам килігіп те үлгерді. Дегенмен әлі де баспалдақтан түсіп үлгермеген Президентке алдымдағы адамдардың иықтарынан асыра қолымды созып, даусымды көтеріңкірей: «Ассалаумағалейкүм, құрметті Нұреке, мен жаңағы өзіңіз сынаған пединституттың ректоры Алдамжаровпын», – дедім. Нұрекең де қолын соза менің қолымды алып: «Мен, Зәке, сізді білем ғой,» – деді. Енді арада кісі жоқ, олар ығысқан, Нұрекең баспалдақта тұр. Мен іле-шала: «Нұреке, Қостанайдың хал-ахуалын жете білесіз ғой, жаңағы сөзіңізден кейін қазақ жастарының университет бола ма деген үмітіне балта шабылды, ал біздің бар үміт-талайымыз Сізде, Нұреке», – дедім. Президентке ойымды мұндай түрде айтайын деп ойланбаған да едім, бірақ осы бір сөздер менің жанайқайым сияқты, аузымнан қалай шыққанын білмеймін. Нұрекең өткір көзін жалт еткізіп, маған қадала қарады. Сол сәтте Князевтің бізді орынсыз жамандағанын біле қойғандай болып көрінді маған. Жүзіне жылы шырай жүгіріп: «Жақсы, университет болсын», – деді. Сол сәтте айналада тұрған екі-үш қазақ ақсақалдары, жиналып қалған адамдар Нұрекеңе алғысын айта бастады. Бұл жерде менің ерекше атап айтарым, тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының ой ұшқырлығы, ақ пен қараны қас қағым сәтте-ақ пайымдап, жедел де батыл шешім қабылдау қабілеттілігі, ұлтымыздың жас ұрпағының болашағы үшін оқыту, білім беру, оның мәдени, рухани болмысы үшін қандай да болсын қамқорлығын шектемейтіндігі, болашаққа сара жол сілтей білуі. Ал мұндай қасиеттілік, дарындылық тек ұлы адамға ғана тән.

Жоғары лауазымды қызмет атқарып жүргенде кейбіреулер Елбасының атына шаң жұқтырмай, оны көкке көтереді. Ал қызметтен түскен бойда ер-тоқымын бауырына алып, тулай жөнеледі. Оппозициялық топқа қосылып, қайдағыны көлейтеді. Сөзінің, пікірінің, ойының іліп алар дәні болса бір сәрі, тырнақ астынан кір іздеп, қисыны жоқ қиқарлық танытады. Әрине, кемшіліксіз қо-

ғам болмайды. Елбасының өзі де сол кемшіліктерді атап көрсетіп, соны жою жолында жанқиярлық жұмыс жасап жүргенін олар білсе де білгісі келмейді.

Мәңгілік ешкім де, ештеңе де жоқ. «Мәңгілік дегеніміз – қарға жазылған жазу сияқты», – деп біздің даңқты жерлесіміз, мемлекет және көрнекті қоғам қайраткері, асқан гуманист және патриот Ілияс Омаров ағамыз біліп айтқан. Дегенмен, қызметтен кеттім деп Елбасына өкпе арту парасаттылықтың белгісі емес. Заман талабы солай. Бұл – дүниежүзілік үрдіс, дамудың заңдылығы. Мұны кейбір ағайындарымыздың түсінбеуі өкінішті-ақ. Өз басым әкімдіктен кейінгі еңбек жолымда да Елбасының сенімді көмекшілерінің бірі болып қалуға тырыстым.

Атам қазақ «біреу басшы, қалғаны қосшы болу керек» деп тегін айтпаса керек. Бүкілхалықтық сайлауда халықтың бәрінің дерлік (91%) даусын алған Көшбасшымызға көлденең сөз айту бүкіл биліктің бастауы – халықтың өзіне қарсы дау айту екенін ұғынуымыз керек. Осындайда ұлы Абай атамыздың «Бас-басына би болған өңшең қиқым, мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқын» деген дана сөзі еріксіз ойға оралады. Тағдырымыз талқыға түскен тарихи шақта ел билігін Нұрсұлтан Назарбаев сынды реформатор-қайраткердің ұстағаны – сол халықтың бағы, оны бүгін бүкіл ел біледі, оны бүгін бүкіл әлем біледі, оны өмірдің өзі дәлелдеді.

Халық үшін туған ұл сол халықтың тарихындағы бетбұрыс кезеңінде тізгінді ұстағаны тағдырдың қазақ халқына берген ұлы сыйы, тәңірінің қолдауы деп білемін. Айналасы он жеті-он сегіз жыл ішінде Қазақ елін бүкіл әлем таныды, Қазақстан ғасырларға бергісіз жолдан өтті, бүгінде әлемдегі ең дамыған елу елдің қатарында болуды мақсат етіп, өркенді істерге ұйытқы болуда. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын басқару құрметіне ие болуы – Қазақстанның жеңісі, Елбасы ісінің жемісі дер едім.

Әлі есімде, 1997 жылы елімізде «Қазақстан-2030» Стратегиясы қабылданып, жарияланғанда кейбір әріптестеріміздің оған күмәнмен қарағаны, онда алға қойылған міндеттердің орындалуына шүбә келтіргені жасырын емес. Ал ел өмірінде ерекше маңызды орын алған бұл құжатта Қазақ елінің басты мақсаттары мен басымдықтары тайға таңба басқандай анық көрініс тапқан еді. Бүгінде өткен жолымызға мұқият көз салсақ, алғашқы онжылдыққа белгіленген белестердің ойдағыдай алынғанын көреміз. 2008 жылға дейін республикада ішкі жалпы өнім көлемі екі есе өсті, мемлекет өзіне алған әлеуметтік міндеттемелерді ойдағыдай жүзеге асырды. Содан бері айлық жалақы 5 есеге, ал зейнетақы мөлшері 3 есеге өсті. Табысы өмір сүру деңгейінен аз тұрғындар саны 4 есе азайған екен.

Дүниежүзілік қаржылық дағдарыс ұсынақты адамды көп жәйтке үйретті деп ойлаймын. Бұрын біз нарық бәрін өзі реттейді деп келдік. Шындығында мүлдем олай емес екен. Керек кезінде мемлекет оған тікелей араласып, өзі бастамашы болмаса, дағдарыс дендей түсетінін көріп отырмыз. Ал біздің елде дәл дер кезінде Елбасының бастамасымен қолданылған пәрменді шаралар арқасында халық дағдарыс салдарын бәлендей сезген де жоқ. Оны

біз депутат ретінде жер-жерде болып, сайлаушылармен кездескенде де анық аңғарып жүрміз.

Осы дүлей дағдарыстың шығу себебін, оны еңсеру жолдарын ғылыми негіздеп, жалғанның жалпағына жария еткен де біздің Елбасы. Оның осы тақырыпқа жазған мақалалары мен берген сұхбаттары бүкіл әлем саясаткерлері мен экономистерін елең еткізді. Олардың қай-қайсысы болсын Н.Назарбаев негіздеген «Қазақстандық жолды» мойындады, оған қолдау білдірді.

Түсіне білген жанға осының бәрі Нұрекеңнің көрегендігінің, тектілігінің арқасы. Елін ойлаған жанның жүрегінде жыр тұнатынын тұлғалық бейнесімен дәлелдей білді және дәлелдеп келеді.

Елбасы салған, әрбір қазақстандық өз үйінің табалдырығынан басталатын ұлы жол ретінде қабылдаған сара жол қазақтың дара жолына айналып келеді. Мен осыған қуанамын.

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 15 маусым

Тілекжан РЫСҚАЛИЕВ,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университетінің профессоры,
философия ғылымдарының докторы

ҰЛЫ ЖОЛДЫҢ БАСТАУЫ

Бәріміз де – тарихтың субъектісіміз, Қазақстанның жаңа тарихында барша қазақстандықтардың үлесі бар. Алайда, олардың арасында осы тарихты жасап келе жатқан, оған ақыл-ойы мен ерік-жігерінің және қам-қарекетінің айшықты таңбасын салған тұлға бар. Ол – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Нұрсұлтан Әбішұлы аумалы-төкпелі өтпелі кезеңнен Қазақстанды сүріндірмей алып шығып, өркениетті даму жолына бағыттай білді. Егемендіктің елең-алаң кезеңінде өз ерекшелігі бар, бүгінде бүкіл әлемге мәлім қазақстандық жолды таңдап, оны ойдағыдай іске асырып келеді.

Қытайлықтар айтады екен: аумалы-төкпелі заманда өмір сүруді Құдай басқа бермесін деп. Өмір сүру өз алдына, мұндай заманда ең қиыны ел басқару, оны өркениетті елдердің қатарына қосу, атын әлемге жаю емес пе? Осындай тарихи міндеттерді ойдағыдай іске асыру – Нұрсұлтан Назарбаевтың басына түскен бақыт, абырой.

«Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын, – деп ағынан жарылады Елбасы. – Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын».

Тәуелсіздік аларда Қазақстан, сөз жоқ, артта қалған, экономикалық тұрғыдан алғанда бірыңғай шикізат өндіру сатысындағы елдер қатарында болатын. Осындай шақта З.Бжезинский, В.Жириновский секілді саясаткерлер Қазақстанның өз алдына дербес ел болып дами алатынына күмән келтірді. Көп уақыт өткен жоқ – Қазақстан тез арада дамушы елдер қатарына қосылды. Мұнымен де тынбай, қазір бәсекелестікке қабілетті, озық елдердің қатарына кіруге қадам жасауда.

Қазір қай-қайсымыздың да алға қойған мақсаттарға жететінімізге шүбәміз жоқ. Біз тіпті елімізде, өз өмірімізде болып жатқан оңды өзгерістерді үйреншікті нәрседей қабылдауға да дағдыланып кеттік. Солай болатыны белгілі сияқты. Елдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайдың өрістеуі өздігінен, оп-оңай болып жатқандай көрінеді. Әсте де олай емес. Ешнәрсе тегіннен тегін келмейді. Тәуелсіздіктің де, нарықтың да, демократияның да біз үшін қалыптасқан сара жолы болған жоқ. Бәрін де жаңадан бастауға тура келді. Оның артында халқымыз бен барша қазақстандықтардың қажырлы еңбегі, бірлігі, татулығы

мен төзімділігі тұр. Бәрінің артында Елбасының сарабдал саясаты, көрегендігі, ерік-жігері мен табандылығы, салқынқандылығы бар.

Еліміз жүріп келе жатқан, Елбасы белгілеп берген қазақстандық жолдың айтарлықтай ерекшелігі – экономикалық, әлеуметтік, саяси және индустриялық-инновациялық реформалардың кезең-кезеңімен, рет-ретімен іске асырылуында. Бәрін бірден бастау, бәрін қатар алып жүру мүмкін болмады. Экономиканы жолға қойып алмай, халыққа әлеуметтік жеңілдіктер жасау, зейнетақы мен жалақыны өсіру мүмкін емес еді. Сол сияқты экономика жанданып, өндіріс іске қосылмаса, индустриялық-инновациялық реформалар да жүзеге аспайды.

Саясат деген, демократия деген – маркстік тілмен айтсақ, қондырма. Қондырма ойдағыдай жұмыс істеуі үшін ең алдымен оның экономикалық, әлеуметтік іргетасы, базисі қалануы керек. Елбасының әріден әрі терең ойлайтынына оның дамуға қажетті реформаларды алға шығара біліп, оларды тиянақты және дәйекті түрде іске асыруы дәлел бола алады.

Кейбіреулер елімізде саяси реформа, атап айтқанда, демократияландыру кешеуілдеп қалды деп билік басына кінә артпақ болады. Дұрыс емес. Қай нәрсенің де кезегі болады. Демократия деген тарихи әрі нақты құбылыс. Әр жерде ол елдің ерекшелігіне, халықтың діліне қарай әр түрлі күйде орнығады.

Егер демократия бетімен кетсе, онда көршілес Қырғызстандағыдай бейбастақтыққа, анархияға ұласуы мүмкін. Осы ма бізге керегі? Біз, қазақстандықтар, еліміздегі ынтымақ, татулық, тұрақтылық үшін, балаларымыз тыныштық жағдайында аман-есен білім алып, еңбек етіп, бақытты өмір сүріп жатқаны үшін ең алдымен Елбасына қарыздар екенімізді естен шығармауымыз керек.

Еліміздің тәуелсіздік тұсындағы жетістіктерін біз орынды түрде Елбасының еңбегімен байланысты қарастырамыз. Қай жерде де – іште де, сыртта да – Қазақстан туралы әңгіме бола қалса, алдымен еске түсетін есім – Нұрсұлтан Назарбаев. Еліне еңбегі сіңген ерді бағалау – ата салтымызға тән қасиет. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халқымыз.

Соңғы қабылданған конституциялық заңға жасалған өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Н.Ә.Назарбаевқа Ұлт Көшбасшысы деген мәртебе берілді. Сөйтіп, Президент Ұлт Көшбасшысы деп танылды. Мұнда әңгіме жеке тұлға туралы ғана емес, сонымен бірге ұлт, ел туралы да болып отырғанын түсіну керек. Нұрсұлтан Назарбаев өзін ғана емес, ұлтын, халқын, Қазақстанды бүкіл әлемге танытты. Еліміздің ЕҚЫҰ-ға жетекшілік етуі – осының айқын көрінісі.

Ұлт Көшбасшысы туралы мәселеде сондай ұлды, көшбасшыны баптап өсірген халықтың, қазақстандықтардың абыройы туралы да сөз болып отыр. «Ұлым дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін ұл қайдан шығады» дейді Ахмет Байтұрсынов. Біз бүгін ұлым дейтін жұртымыз бар, жұртым дейтін ұлымыз бар деп ауыз толтырып айта аламыз.

Кейбір басылымдар мен адамдар арасындағы ауызекі әңгімелерде Елбасы да сынға ілініп жатады. Бұл да түсінікті. Жұрттың бәріне жағу қиын. Осыған орай, Конфуцийдің бір әңгімесін келтірейін. Бірде Конфуцийден шәкірттері сұрайды:

– Өміршіні жұрттың бәрі жақсы көрсе не болады? – деп.

- Жақсы болмайды, – деп жауап береді қытай ғұламасы.
 - Өміршіні жұрттың бәрі жек көрсе ше?
 - Әрине, жақсы емес.
- Сосын Конфуцийдің өзі:
- Өміршіні жақсы адамдар жақсы көріп, жаман адамдар жек көрсе дұрыс болады, – дейді.

Ел билеген адамдардың абыройы туралы сөз болғанда Ыбырай Алтынсариннің мына шумағы еске түседі:

Жақсыны көзден салмаңыздар.
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.
Өзі болған ерлердің
Аяғынан алмаңыздар.

«Өзі болған ерлердің» қателіктері де өздеріндей ірі болып, көзге бірден шалынуы мүмкін. Сонымен бірге олардың қателіктері де басқаларға сабақ болады.

Тұлғаның тарихтағы рөлін түсіну үшін әркім өзінің субъективтік көзқарасымен шектеліп қалмай, тұлғаға тарихи тұрғыдан, сол тұстағы кезең тұрғысынан қарауы керек. Сонда ол сыңаржақтылыққа ұрынбайды. Тарихқа да, тарихи тұлғаларға да ұқыпты көзқарас керек. Ошақ басындағы түсінікпен біз тарихи тұлғаларға дұрыс баға бере алмаймыз.

Мен жұмыс істейтін Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті Жәңгір ханның есімімен аталады. Жәңгір хан туралы кеңес дәуіріндегі көзқарас белгілі: халқын қанап, наразылық білдіргені үшін әскер шығарып қырып салған жыртқыш, қатыгез, «қасқыр». Қазір біздің Жәңгір хан туралы пікіріміз мүлдем өзгерді. Біз енді оның ел басқарудағы жаңашылдығына, реформаторлығына, ағартушылығына, елін, халқын бейбіт, берекелі тұрмысқа жеткізбек болған әрекетіне басымдық беріп отырмыз.

Әрі мұны өте орынды деп санаймыз. Уақыт өзгерді. Жәңгір хан туралы біздің пікіріміз де өзгерді. Бұдан Жәңгір ханды сынаған, оған қарсы тұрған ақиық ақын Махамбеттің беделі кеміп қалған жоқ. Махамбет – тұлға. Сол сияқты Жәңгір хан да – қайталанбас тұлға. Бұлардай кесек, дара тұлғалардың мүдделері, ойлары сәйкес келе бермейді. Қазақтың даналық сөзі бар: «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» – деген. Махамбет пен Жәңгір ханға заман да, олар өмір сүрген қоғам да тарлық етті. Сөйтіп, тағдыр екеуін бір-біріне қарсы қойды.

Қазіргі нарықтық, ашықтық, демократиялық қоғамда «культ» дегеннен қорқудың қажеті жоқ. Біз ол кезеңнен өтіп кеткенбіз. Жақсыны – жақсы, жаманды – жаман деп айта алатын жағдайға жеттік. Абай айтады: «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп. Бүгінде Елбасымызды шетелдіктер мен барша әлем жұртшылығы мойындап, оны феномен деп тануда. Міне мұндай Елбасымен, мұндай көшбасшымен қалай мақтансақ та артықтық етпейді деп ойлаймын.

ОРАЛ.

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 3 шілде

Әбдеш ҚАЛМЫРЗАЕВ,
философия ғылымдарының докторы,
профессор

ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗ АДАМЫ

Әлемдік дағдарыс бүгінгі өркениетті қоғамның даму барысына жан-жақты, терең талдау жасауды қажет етіп отыр. Дағдарыс қаржылық, экономикалық қана бағыт алмай, саяси жүйелілік сипатқа ие болуда. Саясаткерлерді, гуманитарлық ілімнің оқымыстыларын, әлем ойшылдарын экономикалық заңдылықтардың қыр-сырларымен қатар қоғамды басқарудың саяси жүйесі де ойландыра бастады. Батыстың либерал-демократтарының ілімі, идеялық тұжырымдары бұл күнде тоқырауға ұшырап, іркіліске тап болып, сыр бере бастады.

Бүгінгі саясаткерлер экономикалық сәтсіздіктердің бір ұшын саяси жүйенің жетілмегендігімен, биліктің олақтығымен, басқару тәсілінің өзін ақтамауымен байланыстырып отыр. Байырғы Еуропа елдерінде басшылық тұрақтамай, жиі ауысуда, халық өзі сайлаған басшыларынан түңіліп, оны ауыстыруға мәжбүр болуда. Мәселен, Британияның либералдық партиясы жуырда сайлауда жеңіліске ұшырап, оның жетекшісі Гордон Браун үкімет басынан кетті. Грекия мен Еуропалық одақтың бірқатар елдеріне төніп тұрған қаржылық дағдарыс қаупі жұртшылықты алаңдатып отыр.

Бұл нені көрсетеді? Экономикалық дағдарыс саяси дағдарыстың да төркінін, түпкі себептерін жалаңаштап, әйгілей түсуде. Сондықтан да, бұл күнде саяси басқаруды жетілдіру жайы күн тәртібіне қатты қойылып отыр.

Осыған орай біздің елімізде де саяси басшылықтың дәрежесіне, оның қоғамға ықпалы, халықтың тілек-талаптарын қанағаттандыру жайы үлкен маңызға ие болуда. Осы орайда еліміздегі президенттік билік, парламентаризмнің орнауы саясаткерлердің де, ғалымдардың да, зиялы қауымның да назарына жиі іліге бастады. Әсіресе, әлемдегі халықаралық ахуалдың күрделілене түсуіне орай Елбасымыздың жүргізіп отырған саясаты, оның замана талабына сай басшылықты жетілдіріп, іскерлік танытып отырғаны көптің көңілінен шығуда. Соңғы уақытта баспасөз бетінде Елбасы саясатына халықтың көзқарасы, оны қолдауы, ұлт көшбасшысының қайраткерлік, саясаткерлік, интеллектуалдық, адами қасиеттері жиі сөз болып, бұлардан көпшіліктің Елбасы саясатына ризашылық сезімі айқын аңғарылуда.

Нұрсұлтан Назарбаев – қарапайым халықтың сүйіспеншілігіне лайық тұлға. Әрине, ол бұл дәрежеге оңайлықпен жеткен жоқ. Ол үлкен өмір өткелінен өтті. Мол саяси тәжірибе жинақтады. Ұйымдастырушылық қабілеті де, ойшыл-рухани өресі де өсті. Бұл күнде ол саяси қайраткер, ұлт көсемі ретінде толысқан шағында, өзінің шырқау биігінде.

Адам баласы әр түрлі жаратылған: бір адам бір күндігін, қазіргісін ойлайды, екінші адам ертеңін, болашағын ойлап, артта қалдырар мұрасына қызмет

етеді. Елдің бәрі бір сәттік қызық, мақсат үшін өмір сүреді десек, қателесер едік. Болашақ үшін, ертеңгі күн үшін ғұмыр кешетін күрескер, оптимист жандар әр кезде-ақ жеткілікті. Әйтпесе өмір қызық болмас еді, әрі қоғам дамымас еді, әркім бір күндік бас қамынан арғыға бармаса, қас қағым сәттік мүддемен шектелетін болса, адамзат ілгері баспас еді. Қоғам өз ортасынан озық ойлы, ерекше дарынды тұлғаларды, көсем данагөйлерді дүниеге әкелмес еді. Сондықтан да, біз адамзат тарихындағы ерекше дараланған өз есімін тарихқа қалдырған жандардың рөлін орынды бағалаймыз. Сирек тұлғалардың қоғам өміріндегі белсенді жетекшілік рөліне ерекше мән береміз.

Елбасының бүгінгі өмір жолына көз жібергенде, оны бір күндік емес, мезеттік емес, есімі тарихқа кетер, орыс ғалымы Михайловскийдің сөзімен айтқанда, мәңгілік адамдар тобына жатқызар едік. Мәңгілік деген ұғым әсіреленіп айтылғаны анық, түсінікті тілмен айтқанда, аты мен ісі халық жадында ұзақ сақталатын тұлға деген мағынада қабылдаймыз.

Жетпісінші жылдардың аяғында Мәскеуде қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасында оқып жүрген кезім. Осында Қарағанды облыстық партия комитетінің лекторлар тобының жетекшісі Владимир Сапрыкин докторлық диссертация қорғады. Кешінде диссертациясын жуды. Дастарқан басына ғылыми кеңестің мүшелерінен басқа Қарағандыдан Мәскеуге жиналысқа келген обкомның бірінші хатшысы Василий Кузьмич Акулинцев және теміртаулық бір-екі орыс жігіті болды. Үзіліс кезінде теміртаулық жігіттің бірі менімен танысып, оқу жайымды, кім екенімді сұрады. Қысқаша өзімді таныстырдым. Жігіт Теміртауда істейді екен, досының диссертация қорғауына әдейі келген көрінеді. Өзі ашық, әңгімеге ысылған жігіт екен. Ел жағдайын сұрап едім, бірден әңгімені өздерінің жерлесі Нұрсұлтан Назарбаевқа бұрды. Бізде тамаша саяси басшы өсіп келеді. Болашағы зор. Облыста үлкен беделге ие. Өндірісті жақсы біледі, оның үстіне ұйымдастыру қабілеті күшті, адамдармен тез тіл таба біледі, өзі сөзге шешен, екі тілге бірдей. Сырт тұлғасы да келісті. Қарап тұрыңдар, бұл жігіт келешекте Қазақстанды басқаратын болады деді. Жігіт сөзін болашақты болжап-біліп келгендей кесіп айтты. Орыс жігітінің қазақтың баласы туралы ағынан жарылып, жылы лебіз білдіргеніне ішім жылып қоя берді. Ол кезде сыртынан атын білгенім болмаса, Нұрсұлтанның өзін көргенім жоқ еді. Орыс жігітіне болашақ басшы сіздің жерлесіңіз болатыны, әрине, сізге жақсы, танысының өскеніне кім қуанбайды, деп едім, «жоқ, маған ғана емес, сізге де, бүкіл қазақстандықтарға жақсы», – деді ол.

1981 жылы оқуды бітіріп, философия ғылымдарының кандидаты болып, Алматыға оралғанда Орталық Комитеттің жаңа хатшысы болып істеп жатқан Нұрсұлтан Әбішұлына сәлемдесіп, танысып шықтым. Жалындаған жас жігіт бірден жақсы әсер қалдырды. Теміртаулық орыс жігіттің бұдан екі жыл бұрын айтқан сөзі есіме түсіп, шынында да бұл жігіттің келешегі мол, үлкен үміт күттіретініне күмән келтірмедім. Жігіт дұрыс мақтаған екен, қателеспепті, тіл-көзден аман болсын, жарлы байымай ма, жас өспей ме, үлкен кісі ізбасарын дөп тапқан екен, деген ой көкірегіме ұялай кетті.

Содан Көкшетау облыстық партия комитетіне хатшы болып кеткенімше, Орталық комитетте бірге істедік. Секретариат, бюро мәжілістерінде сөйлеген сөздеріне, берген ұсыныстарына дән риза болып жүрдік.

Көкшетауда жүргенде егін орағы кезінде Куйбышев ауданына келді. Мен осында обкомның бюросы бекіткен өкіл едім. Астық жинау жүріп жатқан кез. Ауа райы жауын-шашынды болып, жиын-терінге кедергі келтіріп тұрған-ды. Тікұшақпен егін алқабына келіп қонды. Қасында обкомның бірінші хатшысы Мақтай Сағдиев бар. Жаңбыр сіркіреп жауып тұрды. Комбайндар қаңтарулы, күннің шығу сәтін күтуде.

Ауа райы көңілге кірбің түсіргенімен, жылы жүзді Нұрекеңді көргенде көңіліміз көтеріліп қалды. «Күн ашылады, жер кебеді, ұнжырғаларыңызды түсірмеңіздер. Астық науқанын табысты аяқтауларыңызға тілектеспін. Қолдан келген көмектің бәрін аямаймыз, көмектесеміз, қосымша техника жібереміз», деді ол өзін қоршап тұрған комбайншыларға.

– Арқаның ауа райына үйрендің бе, жағдайың қалай, Алматыға келгенде кіріп шықсайшы, әңгімелесейік, – деді ол тікұшаққа отырарда менімен қол алысып, қоштасып жатып. Ішім жылып қоя берді, ескі таныстарын бір сәт те ұмытпайды. Бауырмал, мейірбан жан. Жасуды, сасуды білмейді, ол кезде Үкімет басшысы Назарбаевқа да жұмыс істеу оңай болып тұрмағанынан хабардар едік. Колбиннің дүрбелең кезеңі кімге оңай тиді дерсің. Облыс басшылары Алматы мен облыстың арасында ерсілі-қарсылы мәжіліске барып-қайтумен сапырылысып жатты. Таңертең Алматыға келіп, кешкі ұшақпен кері қайтып жүрдік. Бірде әдейі билетті ертеңге алып, жұмыс соңында Үкімет басшысының қабылдау бөлмесіне келдім. Көмекшісі Нұртай Әбіқаев жылы жүзбен қарсы алып, Нұрекеңнің Үкімет мәжілісін өткізіп жатқанын, қазір Колбин сөйлеп жатыр, содан кейін жиналыс бітер, асықпасаңыз күтіңіз деді. Колбиннің қысқа сөйлеген кезі бар ма, бір сағаттан асқанда Нұрекең кабинетіне келді.

Мені жылы қабылдады, күні бойғы жиыннан, әсіресе, Геннадий Колбиннің ұзақ-сонар ақыл айтқан жадағай ұраншыл сөзінен шаршап шыққаны сезіліп тұрса да, басымыз жиналыстан босамайтын болды ғой деген сөзіме Нұрекең:

– Салың суға кетпесін, бәрі уақытша ғой, заман әлі-ақ түзеледі, қазірше шыдау керек, халыққа біз қызмет етпегенде, кім қызмет етеді, – деп мені іске жігерлендіре түсті.

Көп ұзамай Нұрекеңнің күткеніндей болды. Республикада басшылық өзгерді. Мәскеудің уақытша өкілі еліне оралды, абыройсыз, мойнына су кетіп, қазақтардың қарғысын арқалап Мәскеуге кетті. Оны Н.Назарбаев алмастырды. Елдің көңіл-күйі күрт өзгерді. Тоталитарлық жүйенің қыспағына қарамастан, жаңа бірінші басшы республикадағы саясатты жаңаша жүргізді, халыққа жақын саясатқа иек артты. Оның басшылықтағы жаңа стилі халық арасында зор қолдау тапты. Мәскеудің тегеурінді әкімшіл-әміршіл билігіне орынсыз иіле қоймады, ел, республика мүддесін барлық деңгейде қорғай білді. Бұған оның ерік-жігері де, ақыл-парасаты да, іс тәжірибесі де жетіп жатты.

Республика жұртшылығы оған жан-жақты қолдау көрсетті. Назарбаев саясаты жалпыхалықтық сипат алды. Оған елдің кәрі-жасы түгел сенді, үлкен үміт артты. Халық қолдауы оған күш берді, жасампаздық іске бел шешіп, батыл кірісті. Күн демей, түн демей ел қамын ойлады.

Ол халықпен кеңесуге, онымен жиі кездесуге уақыт таба білді. Бірақ Назарбаев иі жұмсақ, көрінгеннің айтқанымен жүре беретін солқылдақ басшы емес. Өзі берік байламға келгенше, көпшілік пікірін зерттейді, мамандардың ақыл-кеңесін тыңдайды, бірақ біреу айтты, жақыным айтты, академик айтты, қарт абыз айтты деп бірден құлай кетпейді. Өйткені, басқалар жаңылысса, аз залал әкеледі, ал бірінші басшы қателессе, бүкіл қоғам зиян шегеді. Басшының асығыстыққа барып, қателікке ұрынуы – үлкен кесел. Сондықтан да Назарбаев әр нәрсеге көп ойланып, көп толғанып барып қадам жасайды. Мәселеге көзі жеткенде ғана ол өз кесімін айтады, әрі жауапкершілікті өз мойнына ала біледі.

Қырық жыл бойы халыққа қасірет әкелген Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Жоғарғы Кеңесте елдің егемендігі туралы декларация жария етілді. Бұл тәуелсіздікке жетудің бірінші баспалдағы болды. Мәскеудегі Горбачев бастаған орталық басшылық тікелей қарсылық жасай алмады. Уақыт талабы, замана тегеуіріні осындай еді...

Халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев өз дәуірінің жыршысы болды, елін, жерін, Отанын, батырларын, көсемдерін жырлады. Большевиктердің көсемі Сталинге көп үміт артып, оны жырға қосты. «Сталинге тең таппай, қиналған Жамбыл жері осы» деген сөзі афоризмге айналды. Салыстыру, шендестіру шығыс поэзиясына тән құбылыс екені белгілі. Бір затты, не тұлғаны мақтау үшін оны табиғат күштерімен, жан-жануарлармен салыстыра суреттеді. Әдебиеттегі бұл құбылыс кейін саясатқа да ауысты. Бір саяси тұлғаны мақтау үшін тарихтағы атақты есімдермен салғастырды, соларға теңестірді. Өсіресе, бұл кейінгі кезде елдің Тұңғыш Президенті туралы сөз болғанда, оны ел тарихындағы ұлы тұлғалармен немесе әлемдік ірі қайраткерлермен салыстыру дағдыға айнала бастады. Шындап келгенде, бұл құбылыс Батыста, не Ресейде көп етек алмаған. Ал бізде неге екені белгісіз, сірә халқымыздың еліктеуге ептілігінен бе, әлде ежелгі шығыс поэзиясының дәстүріне ыңғайланғандықтан ба, әйтеуір Елбасымызды бірде Абылайға, бірде Вашингтонға, бірде Ататүрікке, бірде де Голльге теңеушілік көбейіп кетті.

Елбасын лайықты бағалау үшін сырттай бақылау жеткіліксіз, жағдайды іштен білу, терең зерттеу керек. Сонда ғана Елбасының әлемді мойындатқан қажыр-қайраты, салиқалы саясаты анық ашылатын болады. Тарихтағы белгілі тұлғалармен салыстыру арқылы біздің басшымыздың абыройын арттырып, беделін еселей түсеміз деген қате түсінік қалыптасқан. Бұл – шын мәнінде шалағай пікір. Мұндай құрғақ салыстыру, шендестіру Назарбаевтың саяси беделіне ешқандай да бедел қоспайды, құр декларация күйінде қалады. Олармен салыстырмай-ақ Назарбаевтың өз тұлғасына шындап үңілсек, оның нақты жүзеге асырған істерін ой елегінен өткізсек, оны дәріптеуге, оны мақтанаш етуге толық жетіп артылады. Оған қосымша айдар тағып, пәлен елдің пәленшесі, түген елдің түгеншесі секілді деп бас қатырудың ешбір қажеті жоқ.

Нұрсұлтан Назарбаев біздің замандасымыз болғанымен, ол тарихи тұлға. Тарихтың кеңістігінен оның өз орнын алғанына көп уақыт болды. Ол жүзеге асырған шаралар – тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің іргесін қалауы, оны әлемге танытуы, елдің жаңа астанасын дүниеге келтіруі, нарыққа негізделген жаңа қоғамдық саяси жүйені орнықтыруы, қазақтың ұлттық менталитетін қалыптастыруы, ұлттық элитаның жаңа тұрпаттағы генерациясын өсіріп шығаруы, қоғамның әр мүшесінің өз қабілетіне сүйеніп тұрмыс құруы, жеке басының бостандығы мен ар-ұяты үшін күресе білуі арқылы әлемдік қоғамдастыққа бейімделуі – Назарбаевтың тікелей қатысуынсыз болды десек, қателесер едік.

Елбасын елдің бәрінен ақылды, елдің бәрінен көреген, елдің бәрінен білгіш, оқымысты, елден ерек жаратылған жан деп отырғаным жоқ. Ол да өзіміздей ет пен сүйектен жаралған адам. Керек десеңіз, одан экономиканы да жақсы білетін ғалымдар бар. Одан тарихты (оның белгілі бір кезеңін) терең білетін тарихшылар да бар. Одан философия категорияларын жетік білетін оқымыстылар да кездеседі. Одан әдебиетті, өнерді, киноны, балетті, спортты жақсы білетін жүйріктер де жеткілікті. Одан құрылыс пен сәулет өнерінің тілін, техникасын, заңдылықтарын жетік білетін мамандар да аз емес. Ауыл шаруашылығын, егіншілікті, мал өсірудің жай-күйін жақсы білетін мамандар да баршылық. Бірақ, осы өз саласындағы жүйріктер басқа мәселелерге келгенде қара жаяу, аяғын аттап баса алмайды. Ал біздің Елбасы аталған мамандықтардың бүге-шігесін жетік білмеуі мүмкін, бірақ осы салалардың жай-жапсарынан жоғары дәрежеде түсінігі бар. Назарбаевтың бір басынан табылатын жан-жақты білімді әлгі аталған ғалымдардың бірде-біреуінің бойынан таба алмайсыз. Бірақ, Назарбаев дилетант емес. Ол барлық мәселе бойынша өзін ең білгір адам деп санамайды. Әрдайым кәсіби мамандарды тыңдап, ақыр соңында өзі шешім қабылдайды. Асығыстыққа бармайды.

Ел басқару – бір кезде Ленин айтқандай, кез келген аспаз әйелдің қолынан келетін шаруа емес. Ол үшін көп дайындық, жан-жақты білім, көп қасиеттер керек. Саясаткерлік, менеджерлік, ұстаздық, дипломатиялық, психологиялық әзірліктер керек. Саяси басшыға ойшылдық, мәселенің шешуші түйінін дөп басу, күнделікті өмір көріністерінен ой қорыта білу, өзіндік шешім қабылдауға батылдық, оқиғаның алдын ала білетін көрегендік, әлеуметтік талдауға бейімділік қасиеттері керек. Жеке мамандық иелерінде кездесе бермейтін бұл қасиеттерді Елбасы бойынан көреміз.

Бұл қасиеттер оған туа біткен жоқ, ата-анасынан, батыр бабасы Қарасайдан қалған мұра емес. Бұл – оның өзінің тынбай ізденісінің, оқуының, өмірден тоқуының, практикалық іс-тәжірибесі арқылы жинақталған ой мен білімнің тұнбасы, қосындысы. Бұл – тер мен бейнеттің, тынымсыз еңбектің, талмай ізденудің, оқып-үйренудің жемісі.

Назарбаев туа ойшыл, туа күрескер, туа еңбекшіл, туа бейнетқор, туа өршіл, туа көсем болған жоқ. Оның жетістігі – уақыттың, тарихи үдерістің жемісі. Ғасыр бойы өмір сүр, ғасыр бойы үйренуден жалықпаудың нәтижесі.

Қоғамды басқару жөнінде көне дүниеден бері айтылып келеді. Ежелгі грек ойшылы Аристотель қоғамды философ басқаруы керек деді. Француз

О.Бальзак болса, ақын-жазушыларға артықшылық берді. Суреткерлерсіз бірде-бір король, бірде-бір патша тарихта қалмас еді деді. Яғни, қоғамның шешуші тұлғасы – ақын-жазушылар деп түсінді. Марксистер болса, тарихтың тергершігі, тұтқасы, қозғаушы күші – халық деді. Ал Францияның королі Людовик XVI болса, «мемлекет дегеніміз мен», деді. Орыс социал-демократы Плеханов тарихта жеке тұлғаның беделі де көп рөл атқарады деді. XX ғасырда коммунистер: «мемлекет – біз» деді. Қытай көсемі Мао: «халық – тобыр» деді. Гитлер: «әлемді таза, ақсүйек ұлт – арийліктер басқаруы керек» деді. Гогольдің бір геройы «патшалық Ресейде сословиелік артықшылық, дворяндар тұқымы – қоғамның тұтқасы» деді. А.Пушкиннің Дубровскийі: «государь справедлив, я буду просить его. Он нас не обидеть. Мы все его дети» деді.

Міне, қоғамды басқару жөнінде түсінік әр заманда әр түрлі болды.

Шындап келгенде, қоғамды халықтың өз адамы басқаруы керек. Халықтың өз ішінен қайнап-пісіп шыққан адам ғана ел басқаруға қабілетті болады. Көптің сұранысын сезінбеген, уақыттың талабын дөп баспаған адам билік басында болуға жарамайды. Өзімшіл, өрмінез, өзін ғана сүйетін нарцистік жаннан жақсы басшы шықпайды. Адам талантты, дарынды болуы мүмкін, бірақ ол сонымен бірге өзімшілдіктің, эгоизмнің түйіскен шоғыры да болуы мүмкін. Өзімшіл адам өзін өзі күйттеп, өзіне өзі табынған адам, өзінің сұлулығына, кереметтігіне сұқтанған жан басқалардың жай-күйіне, қасірет-қайғысына ортақтаса алмайды. Мұндай адам басшы болып та жарытпайды.

Елбасының 70 жылдық өмір жолына үңілсек, оның билікке келу жолы оңай емес. Ол өмірдің бұралаң жолдарынан өтті, бейнетті де көрді, тоқтықты да, жетіспеушілікті де көрді. Ақ көйлек те, көк көйлек те киіп өсті. ФЗУ-дан бастап, домна пештерінің қатардағы болат қорытушысы да болды. Ауыр дене еңбегін бастан кешірді. Бозбала шағынан онда жұмысшының қатал тәртіпке бағынатын мінезі қалыптасты. Жылы кабинетте отырып, күн тимес әлжуаз шенеунік атанған жоқ. Лауазым орынтағына біртіндеп, баспалдақпен өсті. Ыстық оттың, лаулаған жалынның қасында маңдай терін талай сығып өсті. Қиындықтан қорыққан жоқ. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге әуестенген емес. Ауыл мектебін бітіріп барып, Украинаның Днепродзержинск қаласында түрлі ұлт өкілдерімен бірге болашақ металлург мамандығының қырсырын үйренді. Жас кезін, бозбала шағын ол тек жұмысшы болуға арнаған жоқ, қоғамның толыққанды мүшесі болуға, өзін көпшілік алдында ұстай білуге, реті келгенде сөз сөйлеуге, өнер мен спортқа, әдебиет пен мәдениетке жақын ұстады. Рухани жетілуді бір сәт те естен шығарған жоқ. Соның арқасында ол жан-жақты азамат болып жетілді. Қара күштің емес, ақыл-ойдың, білім мен ғылымның жиынтығын бойына сіңіруге ұмтылды. Өзін сол кездің өзінде-ақ ұлттың техникалық интеллигенциясының озат үлгісі болуға дайындады.

Орталық Қазақстанның азаматтары оны біздің ауылдың баласы емес деп шеттеткен жоқ. Нұрсұлтанدى Арқаның ұл-қыздары қатты қадірледі, олар оны өздеріне жетекші етіп сайлады. Қыздары жүрек сезімдерін аяған жоқ. Жүрген ортасының серісі, лидері болды. Өршіл, өнерлі, жігерлі, қайратты, мейірбан

жігіт жұрт көзіне ерте ілікті. Оны жақын туыстары, беделді жерлестері қолынан жетектеп апарып, мансап орынтағына отырғыза салған жоқ. Бәріне ол өз еңбегімен, өз талабымен, өз парасатымен жетті.

Назарбаев саяси басшы ретінде, қоғам қайраткері ретінде, ұлт азаматы ретінде Орталық Қазақстанда қалыптасты. Ол осында жүріп өз махаббатын тапты. Қыздары осында дүниеге келіп, мектепке барды.

Болат пышақ қап түбінде жатсын ба? Қырыққа жетпей Назарбаев Алматыға партияның Орталық Комитетінің хатшысы болып оралды. Қарапайым ауыл баласы есейіп, ер жетіп, ақыл тоқтатып, ел ағасы болып, ақбоз атқа мініп туған жері Жетісуға – сүйікті қаласы Алматыға оралды. Көп кешікпей қырыққа толмай республика Үкіметінің басшысы болып тағайындалды. Ол үлкен мектептен өтті. Кеңес заманының ірі басшыларымен істес болды. Дінмұхамед Қонаев, Бәйкен Әшімов, Сабыр Ниязбеков, Саттар Имашев, Асанбай Асқаров секілді ағаларымен Орталық Комитеттің бюросында бірлесіп мәселе шешісті. Олардан көп нәрсе үйренді. Олардың мықты жақтарын да, осал жақтарын да көріп өсті. Нендей кемістікті жібермеуді ойына, көкірегіне түйе білді. Олардың жақсы жақтарын да көріп, тани білді. Кеңестік кезеңнің барлық басшыларын саудыраған, қаусаған шалдар деген ұғым соңғы кезде қоғамдық пікірде кеңінен орын алған. Бұл – қате түсінік. Олардың бойында тазалық, идеяға шын берілгендік, қоғамдық мүддені жеке бастың мүддесінен жоғары қоя білу, өндірістің тетігін терең меңгеруге ұмтылушылық басым болды. Сөзбен орақ орған басшы қадірленбеді, ел ішінде беделге ие бола алмады. Олар өндіріс технологиясын, адамдардың көңіл-күйін дөп басуға тырысты. Халықты, еңбек адамын құдірет көрді. Бұл жақсы қасиеттер Назарбаевқа да жұғысты болды. Аға ұрпақты сыйлап та, құрметтеп те өсті.

Елбасы бойынан бекзаттық пен қарапайымдылықты қатар көреміз. Қарапайымдылық демекші, жуырда Жеңіс мерекесі қарсаңында ол Ақмола әскери гарнизонында болып, жас солдаттармен кездесті. Олардың әскердегі қызметімен, күнделікті тұрмыс жағдайымен танысты. Бір әскери қызметкердің әйелі балалар бақшасы жоқтығын, мұның жұмысқа шығуға қолбайлау болып отырғанын айтты. Елбасы облыс әкіміне сол жерде бұл мәселені шешуді тапсырды. Ақтөбелік бір жас жігіт әскери қызметті қалай өтеп жүргенін, ата-анасымен хат жазысып, хабарласып тұратынын айтты. Өзінің осында әскери қызметте жүрген қалыңдығы барын, екеуі отау тігуге уағдаласқанын, бірақ екеуінің қазір ескі жатақханада тұратынын, пәтер жоқтығын айтты. Елбасы үйленіңдер, содан кейін үй жайын да шешеміз деді.

Жастар Елбасымен бірге Отан соғысы жылдарындағы патриоттық әндерді шырқады. «Катюша», «Жертөледе» әндерін орындады. Орыс-қазақ жастары «Атамекен» әнін Елбасымен қосылып айтты. Жастардың жүзінен Елбасының қарапайымдылығы мен ашықтығына, бірге қосылып өлең айтқанына ризашылық сезімі сезіліп тұрды.

Елбасының қандай ортада болса да тез тіл тауып, өзіне жұртты бірден баурап алатыны белгілі. Үлкенмен де, кішімен де адами тілмен сөйлесе білетіні көпшілікке ұнайды.

Әр адамның өзінің бір кәсіпке бейімділігі болады. Біреу ақын-жазушы, біреу ғалым, біреу актер, біреу дәрігер, біреу мұғалім болуға бейім тұрады. Біздің Елбасы лидер болуға тумысынан жаратылған деп айтуға болады. Оған ол өмір бойы әзірленген адам секілді әсер қалдырады. Жастайынан оның жүріс-тұрысы, кісілермен қарым-қатынасы ерекше өзіне тартып тұрады. Көп ішінде көзге тез түседі. Шетелде сапарда үлкен елдердің басшылары қатысқан форумдарда Нұрсұлтан Назарбаевқа адамдар үйірсек келеді. Оған жақындап, тілдесуге бейім тұрады. Сірә, бұл адамның бет-жүзінен нұр төгіліп, адамдарды өзіне ерекше тартып тұратын аурасы мол болуы керек. Жүзі жылы, қабағы ашық адамға ел жұғысқыш келеді. Сондықтан да болуы керек, халықаралық форумдарда біздің Елбасымыздың айналасына адамдар жиыла кетеді. Мұны теледидардан көріп, Президентімізге деген мақтаныш сезімі бойды билейді. Үйде қанша оны сынасақ та, шет жерде елдің абыройын асқақтатып, қазақты әлемге танытып жүрген ел басшысына деген жүрегің әрдайым жылып қоя береді. Бұл біздің Нұрекең ғой, нағыз қазақ, нағыз лидер, нағыз көсем осындай болғай, деп тояттаған сезімге бөленесіз. Бойыңызда ұлттық мақтаныш сезімі шалқиды.

Арагидік ел арасында Назарбаев тақта неге ұзақ отырады, жастарға жол бермей ме дегендей пендешілдік сөздер де естіліп қалатыны жасырын емес. Меніңше, бұл – түсінбеушілік, тоғышарлық. Ол заңды бұзып отырған жоқ. Конституцияда Тұңғыш Президентке қатысты арнайы бап бар, қанша сайланса да оған шектеу қойылмаған. Бұл – көрсетілген айрықша сенім, зор құрмет деген сөз. Елбасының Қазақстанды басқарғанына жиырма жылдай уақыт болды. Бұдан зардап шегіп отырған біз жоқ. Мәселе, қазіргі күрделі жағдайда Қазақстан үшін Нұрсұлтан Назарбаевтай басшының болуы қажет болып тұрғанында. Әйтпесе, демократияның оқшау аралы саналған Қырғызстандағы Бакиевтей біреу билікке келсе, ел мүддесі түгіл, өз басын да қорғай алмайтын, елден қашып, халықтан қорқатын, онымен бетпе-бет жүздесуге батылы жетпейтін, дайындығы жоқ, пісіп-жетілмеген әлсіз басшы келсе, ел тағдыры не болмақ.

Елбасы еліміздің алдағы даму жолын биылғы Жолдауында жаңа онжылдықтағы индустриялық-инновациялық өрлеудің межелерін анықтап берді. Бұл межелердің үдесінен шығу үшін бізге үлкен жұмыстар жасауымыз керек. Елбасы өзі ұсынған алып жобалардың іске асуын қамтамасыз етуі қажет. Бұл үлкен күш-жігерді, ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Олар біздің Елбасында молынан баршылық. Ұлы істердің шешу кілті оған таныс.

Мәселе адамның қажыр-қайраты, күш-жігері, ойлау және шешім қабылдау қабілеті, жүріп-тұру, қозғалу оралымдылығы қандай екендігінде. Осы қабілеттері мемлекетке басшылық етуге жауап беретін болса, адамның жасының арифметикалық көрсеткішіне көп мән берудің еш қажеті жоқ.

Бұл күнде ел басқаруды үлкен жауапкершілік, халық алдындағы қасиетті парызды орындау деп түсінбей, жаңсақ ойлайтындар аз болмай отыр. Президент болу рахатқа белшесінен бату, байлыққа кенелу, сый-құрметке бөлену, шексіз билікке ие болу, ел атынан билік айтып, шексіз құзыретке ие болу деп ойлайтын жандар да баршылық.

Ел басқару екі-үш тілді меңгеріп, банк ұстап, бизнестің әліппесін меңгеру ғана емес, оған жету үшін, әрі оны дұрыс пайдалана білу үшін көп қасиет пен адами сапалар керек. Халық алдындағы парызын өтеу үшін көп талаптарға сай болуы қажет. Осындайда Шекспирдің «Макбет» трагедиясындағы оқиға әркез есіме орала береді.

Шотландияның королі Дункан қастандықпен өлтіріліп, оның орнын Макбет басып алады. Корольдің жесіріне үйленеді. Корольдің жалғыз ұлы Малькольм елден безіп, Ұлыбританияға қашып кетеді. Таққа отырған Макбет жүгенсіз кетіп, елдің берекесін алады. Ызаланған халық өлген корольдің ұлын елге алдырып, билікті соған бергісі келеді. Англияға арнайы кісі жіберіледі. Мұнда келген Макдуф корольдің ұлын елге оралуға, әкесінің заңды тағына отыруға шақырады. Хабар әкелушіге ол сеніңкіремей, өзінің ел басқаруға дайын еместігін айтады. Түрлі теріс мінездерін алға тартып, елге оралуға ниет білдірмейді. Бұл кемшіліктердің бәрін түзетуге болады, байлыққұмар мінезің де сөз емес, Шотландияның ырысы бір адамның қажетін өтей алады. Бәрін де орнына келтіруге болады, дейді келісім алуға келген Макдуф. Сонда елінен келген елшіге Малькольм былай дейді: король болу үшін шыншылдық, парасаттылық, әділдік, қайырымдылық, батылдық, тұрақтылық, өз дініне беріктік сияқты қасиеттер керек емес пе? Менде солардың бірі жоқ, ең сорақысы – менде арнамыс жоқ. Осындай адам король бола ала ма дегенде, Макдуф корольдің ұлына қарап: ондай адам король болмақ түгіл, жарық дүниеде өмір сүруге де тиіс емес, деп орнынан тұрып кетуге ыңғайланады. Сонда ғана Малькольм келген адамның астыртын тыңшы емес екеніне көзі жетіп, ағынан жарылады. Бұған дейін айтқандарының бәрінің жалған екенін мойындап, Шотландияға оралуға келісім береді.

Шекспирдің өз геройының аузына салған сөз орайына қарағанда, мінсіз, кемшіліксіз пенде жоқ, бірақ ар-ұяты, намысы жоқ адам ел басқаруға еш құқығы жоқ деген пікірді ұстанады.

Ар-ұятты, намысты болу – азамат үшін ең бірінші қасиет. Мұнсыз адам тұлға емес, әншейін пенде деңгейінде қалады.

Біз Елбасымыздың бойынан оның басқа адами қасиеттерімен бірге арды, намысты бірінші кезекке қоятын азаматтық қасиетін жоғары бағалаймыз.

Ел басқару – сайлауға түсіп, көп ұпай жинап отыра беретін сыйлы тақ емес, ол – үлкен саясаттың шоғырланған нүктесі, ол – түйіні көп сан қырлы дипломатияның түйіскен алаңы. Алдына келгенді қабылдап, сәлемін алып, қол қусырып отыра беретін мансап креслосы емес. Ол – үлкен жауапкершілікті мойынға алып, соны парасаттылықпен жүзеге асыруға міндеттейтін мемлекеттік биліктің биік шыңы. Оған жету де қиын, ал одан құлау да қауіп-қатерсіз емес. Оған көршіміз Қырғызстан мен Украина президенттерінің биліктен абыройсыз кетулері мысал бола алады.

Бұл күнде біз Нұрсұлтан Назарбаевтың қаншалықты ауыр жүк, ел алдында үлкен жауапкершілік арқалап отырғанын анық сезінеміз. Түсіне білген адамға оның саяси билікте отыруы оған емес, бізге, халыққа, Қазақстанның алға

өрлеуіне керек. Оның ұзақ жылдар бойы жинақтаған бай тәжірибесі – халықтың игілігі. Халқымыз сол игілікті ұқыпты пайдалануы керек. Мұндай саяси-рухани байлық жолда шашылып жатқан жоқ. Мәшиненің жаңа моделін, компьютердің соңғы партиясын сатып алуға болады, бірақ саяси тұлғаның басында жинақталған даналықты, мол несібені алтынға сатып ала алмайсыз. Ол сол тұлғаның өз бойында, соның миында, көкірегінде сақталады. Сол зерек ой мен мол тәжірибені қадірлеуіміз абзал. Біздің Елбасы осы ізгі мұраның, ел басқару даналығының иесі, жинақ қоры.

Сол үшін де Н.Назарбаевты құрметтейміз, оған үлкен сенім артамыз. Елдің дамуын, өркендеуін оның есімімен, жасампаздық ерен еңбегімен байланыстырамыз. Сол үшін де оған зор денсаулық, қызметіне сәттілік тілейміз. Көп тілегі көл деген, болашаққа үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз.

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 8 маусым

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

ШЫҚҚАН КҮНДЕЙ ЖАРҚ ЕТІП...

Басшыға басыңды ій.

Нұқ пайғамбар

*Күннің жалғыз кемшілігі бар:
ол өзін көре алмайды.*

Сократ

*Ешкім де періште емес:
патша да, пақыр да – пенде.*

Шәкәрім

Дәл қай жыл екені есімде жоқ, әйтеуір тоқсаныншы жылдардың іші, бас жағы болу керек. Еліміз қиындық құрдымында тұрған. Өскеменде тұратын досым Жазира телефон шалды. Жалғыз ұлы Жомарт әлемдік жарыстан бас жүлде алып келгендей, дауысы қуанышты, әншейіндегі сабырлы мінезі былай қалып, ойын қалай жеткізерін білмей еңтігеді.

– Бізді құдай өлтірсін бе! Құдай бар екен! – деп қояды.

– Саған не болды осынша аптығып? – деймін түкке түсінбей.

– Кеше Нұрсұлтан Назарбаев біздің облысқа келді. Саяси оқу үйінің үлкен залында жиын болды. Бұл жақта, өзің білесің, басқа ұлт өкілдері көп қой, бәрі мұрындарын шүйіріп, шекарадан асып кетуге дайын. Содан не керек сарайға халық лық толды. Қалай болар екен деп, жүрегіміз дірілдеп біз отырмыз. Мінберге шығып сөйледі. Өзі де көздің жауын алатын сұлу азамат екен. Сөз қандай – екі тілде бірдей сайрап тұр. Бір кезде қызметкер жігіт жұрттың бір құшақ сұрағын әкеліп, мінбердің үстіне қойды. Бәріне мүдірмей жауап беріп жатыр. Арасында қиямпұрыс сұрақтар да жеткілікті. Сәлден кейін бағанағы қызметкер бір қағазды алып, оның қолына күлімсіреп ұстатты. Сол кезде Президенттің көзі жайнап:

– Мен немерелі болыппын, мынау жеделхат! – деп өзінің туғандарының, құрбы-құрдастарының ортасында тұрғандай хатты жоғары көтеріп, елге көрсетті. Сонда оның дидарынан ғана емес, бүкіл болмысынан күңгірттеніп отырған залдағы халыққа қуаныш шашырағандай болды. Зал дүр сілкінді. Үш сағатқа созылған жиынның соңында бағанағы бәлсініп, менсінбей отырғандар енді жібермей қол соқсын! Менің көзімнен жас шықты. Қасымда Қанипа бар еді – білесің ғой, атақты мұғаліміміз – маған қарап қойып ол да көзін сүртіп тұр екен. Алты жүз адамның бір сөйлегенде бетін бері қарату – құдірет қой! – деп Жазира досым толқи сөйлеп еді.

Шынында да Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың ерекше қасиетінің бірі – сөзіне иландырып, дұрыстығына өзінің көзі жеткен идеясын қалай да өткізе

алатындығында, сол арқылы елді соңынан ерте білетіндігінде. Елді өзіне ұйыта алатын мұндай қасиеті оның тым жас кезінде-ақ белгі берген секілді. Студент кездегі оның жақын достарының бірі Николай Литошконның «Егемен Қазақстанға» ана бір жылы берген сұхбатында «Нұрсұлтан неше түрлі оқиғаларды қызықты етіп баяндап беретін. Тыңдаған жан оның қасынан кете алмайтын» деп жастық шақтарын еске алған еді. «Оны тыңдаған жан қасынан кете алмайтын» деген сөзді Н.Ә.Назарбаевтың атына бүгінгі мен де айтар едім. Неге десеңіз, бастапқыда ел болашағы үшін күмәнді көрінетін қандай да бір ауқымды идеяны ұсынғанда оның ұстанатын әдісі – басқалардың да оның дұрыстығына көз жеткізуіне мүмкіндік беру, сосын тереңдеп түсіндіріп, бүгешігесіне дейін дәлелдеп шыққан кезде, ешкім оған қарсы келе алмай қалады. Ал нағыз болмаған жағдайда оны жүзеге асыруды өзі-ақ бастап кетеді. Басқалар, амал жоқ, соңынан ереді. Біз астананы солай ауыстырғанбыз. Қоғам ішінде болып жатқан әрбір жайтты, тіпті кейбір елді дүрліктіруге айналған даулы мәселелерді шешуде де салиқалылық танытып отырады.

Мұндай қасиет те адамға таңдап қонады. Жоғарыда аталған досы Николай Литошконның шешесі Нұрсұлтанды өте жақсы көрген ғой. Тіпті сол украиндық әйелдің мұны өз баласындай көріп кетуінің өзі жайдан жай емес. Мәселе алдымен жас Нұрсұлтанның бойындағы ерекше қасиеттің сәулесін Николайдың анасының байқап қалғандығында және соған сүйсінгендігінде шығар, тіпті ол кісі «менің балам да осындай болса екен» деген болар, «Нұрсұлтаннан үлгі алсын, Нұрсұлтанның қасиеті балама жұқса екен» деп, жас Нұрсұлтанды бауырына тартқан-ау шамасы деп ойлаймын.

Елбасымыздың бойындағы адамгершілік-парасаттылығы өзінің әке-шешесінен бойына дарыған ерекше қасиеттің бірі деп есептеймін. Оның ата-анасының өте мейірімді адамдар болғандығын олар туралы Елбасының бір естелігінен оқып едім. Соғыс кезінде біздің елге еріксіз көшірілген көптеген кавказ халқының ішінде бір балқарлық отбасы бала Нұрсұлтанның ауылына да келіпті. «Мен 6-7 жастардағы бала едім, – деп әңгімелейді Елбасы, – Әкем қасында 3 баласы бар бір ерлі-зайыпты кісілерді үйге ертіп келді. Олар әбден азып-тозған, өздері де, балалары да аштықтан әбден жүдеген. Кейін білдім, бұлар Кабардин-Балқардан осы жаққа еріксіз көшірілгендердің бірі екен. Оларды билік өкілдері мал қораларға, сарайларға орналастырып жатты. Мұны көрген жергілікті тұрғындар оларды мал қораларда қалдыруға дәттері бармай, үйлеріне шақырды. Біздің үй ішіміз де жартылай аш-жалаңаш еді, сиырдан сүт шыққан күні үйде мереке болып жатқандай көңілді жүретінбіз, ал басқа уақыттарда шәй мен қара нан ғана азық еді. Осындай жағдайда отырған біздің жаңадан қосылған балқарлық отбасына да сол қара шәй мен қара наннан басқа береріміз жоқ-тын. Бірақ осы жүдеу дастарқан мен менің әке-шешемнің оларға деген мейірбандылығы осы отбасын аштықтан аман алып қалды, әкем тіпті балалардың әкесінің жұмысқа орналасуына да көмектесті», деп еске алады. Міне, осындай кеңпейілділік қасиет Нұрсұлтан Әбішұлына да тән. Сол отбасындағы кеңпейілділік дәстүрі бүгінгі Президент Нұрсұлтанның саясаттағы ұстанымдарынан да көрініс тауып жүр. Соның арқасында біздің елімізде түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр.

Бірақ ел басқару ісі бір ғана кеңпейілділікпен жүзеге асырыла салмайтыны түсінікті. Аса бір жауапты кезеңдерде қаталдықтың да қажет болатындығы сөзсіз. Назарбаев мемлекет билігін қолға алған күннен бастап, халықты жақсы мағынасындағы тынымсыздыққа үндей бастады. Экономикалық та, әлеуметтік те ауыртпалықтың қыспағында жаны қысылып отырған халыққа қарата сөйлеген бір сөзінде «Ең ұлы істер – ең қиын шақта өмірге келеді» деген болатын. Бұл сөз сол кезде халықтың бойына ерекше қуат құйған ұрандай болып еді.

Ол мемлекет басқару ісін алдымен жалқаулықпен күресуден бастады. Бұл оның болашақтағы үлкен ісінің басы ғана еді. Әрине, біздің халық соншалықты жалқау емес еді, дегенмен жалпыхалықтық күйзеліс қаупі төніп тұрған шақта әр адамның ерекше белсенділігі қажет болды. АҚШ-тың 16-шы Президенті Авраам Линкольннің елдің тұрмысы қиындап кеткен шақта конгрессмендердің алдында айтқан мынадай сөзі бар: «Сіздер байларды жою арқылы кедейлерге көмектесе алмайсыздар. Әр адамның өзі үшін өзі-ақ жасай алатын және өзі жасауға міндетті шаруаларын үнемі мемлекеттің жасап бергендігі де оларға көмек болмайды» деп, қиыншылықтан алып шығатын қуат-күшті халықтың өз ішінен іздеу керектігіне сілтеме жасаған еді. АҚШ тұралап жатқан кезде айтылған бұл тарихи сөз және кейін керемет табыстарға жеткізген осы данышпандық сөз біздің мемлекеттің де қиналып тұрған шағына орай айтылғандай.

Сондай ауыр кезеңде бір күні Елбасы Н.Ә.Назарбаев та халыққа «Мемлекетке қарап алақан жая бермей, өздеріңді өздерің асыраңдар» деген жалынды сөзін айтып салды. Бұрын Кеңес Одағының қолтығының астында «сен тимесең, мен тимен» қағидасымен, озып кеткен мемлекеттердің шаңының астында отырғандығына намыстанбай-ақ «алаңсыз» өмір сүріп жатқан көпшілік үшін бұл сөздің тосын болғаны соншалық, жұрт өзін иесіз далада қалғандай сезінгені де рас. Ал бұл шын мәнісінде қыраңдардың өз балапанын құздан тастап жіберіп шынықтыратынына ұқсас жағдай еді. Президент өз халқының бойынан іскерліктің де, жанқиярлық еңбек етуге деген белсенділіктің де, табысқа, байлыққа қол жеткізерлік ұсынақтылықтың да табылатынын білді. Тек осы қасиеттердің бәріне от беріп, лаулату қажет. Рас, тұрмыс жағдайы өте ауыр және көп балалы отбасыларға мемлекеттік қиындыққа қарамастан, көмек беріліп тұрды. Ал кеңестік кезең бойымызға әбден сіңіріп тастаған жалпыхалықтық сылбырлықтан арылудың бірден-бір жолы – бәсекелестікті ояту болатын. Президенттің әлгі сөзінен кейін жаңа заманның аңысын аңдап үлгергендер дереу іске кірісті. «Бұл қалаймен» жүргендердің көпшілігі де араға жылдар салып барып, бәсекелестердің үздік-создық көшіне ілесе бастады.

Кезінде Маргарет Тэтчер: «Мен ел басқаруға мынадай нақты бағыт ұстанып кірістім, яғни, ағылшындар қоғамындағы әрбір адам басқа біреуге қарап алақан жайып отырмайтын, өзінің ертеңгі күніне деген сенімі зор кәсіпкер болуы тиіс; «маған ананы бер, мынаны бер» деген сұрамсақтықты тастап, «бәрін де өзім жасап аламын» дейтін іскерге айналуы тиіс; қалғып-мүлгіп отыратын әдетін тастап, өзіне өзі «тұр да ілгері жүр» дейтін деңгейге жетуі тиіс» деп жазған

еді. Біздің Елбасы да өз халқын осындай деңгейде көргісі келді және сондай болмайынша мемлекет болып жарытпайтынымызды ашық айтты да.

Ел басқару дегеніміз – өзіңнің жылы-жұмсақ, жанға жайлы орыныңды тастап, өз еркіңмен бейнеті көп іске кірісу. Ал қазіргі заманның көшбасшысына өте ауыр міндет жүктеледі. Өйткені біз жаһандану заманына келіп тұрмыз. Жаһандану заманы адамдарының психологиясы да, талғамдары да, ұстанымдары да мүлдем жаңаша. Міне, сондай адамдар қоғамын Көшбасшы соңынан ерте алуы керек, бұйрықпен емес (олар бұйрыққа, бәрібір, көнбейді), өз еріктерімен. Лао Цзы қария: «Егер кім де кім елге күшпен иелік еткісі келсе, ол ешқашан мақсатына жете алмайды» депті. Көшбасшы табысқа бастайтын қуатқа ие болуы керек және ол қашан да жаңа идеяларды алға шығарып, басқаларға ой тастап жүретіндей болуы тиіс. Көшбасшының аса маңызды міндеттерінің тағы біреуі – адамдарды ойлауға жетелеу, сонымен қатар тек басқалар ұсынған идеяны пайдаланушыларды емес, өзі де жаңа идея ұсына алатын адамдар тәрбиелеп шығару. Оның үстіне ел басқаратын адам қазіргі заманның стандарттарына сай тұлға болуы керек. Біздің Елбасымыздың бойында осы қасиеттердің бәрі де бар деп ойлаймын.

Мен бұл мақалада Елбасының күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, мемлекетіміздің төрт аяғын тең тұрғызам деп қазақ деген елдің тарихында әркім жан-жағынан сығалап, қай аймағын басып алсам екен деп ғасырлар бойы бабаларымыздың ат үстінде жүріп қорғаған жеріне көз салып, көкірегін қаққан көлденең жұрттың аранын да, аузын да жауып, мемлекетіміздің шекарасын айқындағаны, өмір бойы қарнын сипап жатуды қанына сіңірген, сауда дегенді қылмыс көретін қазақты экономикалық заңдылықтарға үйрету, елдің ертеңгі иесі – жастарды өркениетті деген елдерде білім алуға жағдай жасау, тұтастарын да, жастарды да мемлекеттік іске тартып, жанына серік қылғаны секілді істеген қыруар шаруасын талдап айтпаймын, себебі бұл жағын егжей-тегжейлі айтып жатқандар көп.

Талант, іскерлік, шешендік, алғырлық секілді қабілеттер адамның табиғи болмысын ашып көрсете алмайды. Адамдағы ең басты қасиеттер оның ішкі жан дүниесіне, адами болмысына байланысты.

Қазақтың психологиясында басшы біткеннің бәрін әулие көретін, оған шаң жуытпай «өзі жақсы-ау, маңайындағылар нашар» деген пікірлер қалыптасқан. Президент жылай ма, қуана ма, күле ме, қателесе ме, қайғыра ма, өкіне ме, кейде жалғызсырай ма – мұны қарапайым халық ойлап басын қатырмайды.

Рас, оның атына, кейбір идеяларына сын да айтылып жатады. Бірақ мұның ешқайсысы да оның іскерлігіне, тереңдігіне, алыстан ойлайтын көрегендігіне, халыққа жұғымдылығына, асқан дипломаттығына айтылатын сын емес және оның бұл қасиеттерін бір мысқал да кеміте алмайды. Өйткені бұл оның бойындағы табиғи қасиеті және жылдар бойы мемлекет құру ісінде жинақтаған ұшан-теңіз тәжірибесі.

Елбасының көптің ішінде қарсыластары жоқ десек, бұл, біріншіден, өтірік болып шығады, екіншіден қарсыласы жоқ саясаткер, оның ішінде ел Президентінің қарсыласының болмауы – сол Президенттің өзіне абырой емес. Өйткені қарсыласы жоқ деген сөз – ол басқарып отырған елде демократия да, сөз

бостандығы да, ой бостандығы да жоқ деген сөз. Немесе оның халқы өз бетімен ой ойлай алмайтын, өзіндік пікір айта алмайтын тобыр ма деген тұжырымға жетелейді. «Өзінің бастығынан титтей де мін таппайтын қызметкерге ешқашан сенуші болма» депті бір ғұлама. Бірақ қарсы пікір айтудың жөні осы екен деп кейде шектен шығып кететіндері де бар. Шықса шыға берсін, ой өзінікі, сөз өзінікі. Бұл біздің нағыз толыққанды мемлекетке айналғандығымыздың бір көрінісі бола алады дер едім. Қоғамда қарама-қайшы пікірлердің болуы – заңдылық. Тіпті, өзі қарама-қарсылықтарсыз ілгері жүру мүмкін бе? Меніңше, мүмкін емес. Қарама-қарсылықтардың күресі кезінде ең оңтайлы шешім алға озады. Ал біздің кейбір журналистеріміз бен кейбір саясаткерлеріміздің ішінде Президентті мақтаймын деп асыра сілтейтіндері де бар. Кезінде ұлы Пушкин өлең арнаған орыс ақыны Державин «Мадақтай беру – күлкі ету» деген екен. Елбасы туралы айтқанда асыра сілтеудің қажеті жоқ, өйткені оның біздің мемлекетіміз үшін сіңірген еңбегі – асыра сілтемей-ақ көрініп тұрған тарихи еңбек. Ол – бір қоғамнан екінші қоғам тудырған адам. Күллі әлемнің назарын Қазақстанға қарай бұрып берген қайраткер. Бір қоғамнан екінші қоғамға өтер тұстың аласапыраны кезінде елді адастырып алмай, жол жоқ жерден жол тауып, мемлекетті экономикалық құлдырау апатынан алып қалған тұлға екендігіне кім қарсы дау айта алады?

...Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақ елінің басшысы болып Мәскеуден оралғанда, өлген әкеміз тірілгендей қуанып, біріміз жылап, біреулеріміз шарап ішіп құлап дегендей, қазақ даласына коммунизм орнағандай болып едік. Бұл заңды қуаныш болатын. 1986 жылдың шырғалаңынан кейін ең оңбаған ұлт болып, еңсеміз өзгелердің етігінің табаны астында қалғандай есеңгіреп жүргенімізде, шыққан күндей жарқ етіп өз перзентіміз келгесін, бойымызды тіктеп, ойымызды түптеп, айналаға алақ-жұлақ емес, батыл қарайтын болдық. Рас па? Рас.

Мен сұранып қабылдауына бардым. Ол кезде әкімге, министрге, Премьерге, тіпті елдің бірінші басшысына кіру қазіргідей қиямет емес еді.

Қуанып құтты болсын айтуға келгенімді, Орталық партия комитетінің асханасына қазақша сөйлеп кіре алмайтынымызды, есігінің алдын баққан итіне дейін орысша сөйлемесең, үретінін, осылар жағы ойластырылса деймін өзімше ой салғым келіп. Нұрсұлтан Әбішұлы күлімсіреп сөзімді тыңдады. Сосын кетуге ыңғайланғанымда:

– Қандай тілегіңіз бар жеке өзіңізге байланысты? Сіздердей үлкен адамдар келгенде әдетте бірі баласына машина (ол кезде «Волга», «Жигули» дегендер жоғарыдағы биліктегілердің рұқсатынсыз қолға тимейтін), өзіне саяжайға жер немесе бөлмелері көп үлкен пәтер сұрайды, – деді.

– Мен төрт жағым құбыла адам емеспін, – дедім. – Бірақ ана жыртығымды жамап бер, мына кетігімді бүтіндеп бер деп мемлекет басшысының басын ауыртуға арым бармайды, рахмет! – дедім.

– Фәке, сізді халықтың қалай жақсы көретінін білмейтін шығарсыз, қандай жағдай болса да, келіп тұрыңыз, – деп ілтисіпатпен қош айтысты. Мұндай құрметті мен бұған дейін аудандық әкім-қаралардан да көрген емес едім.

Дегенмен сонда немістің не ағылшынның, болмаса орыстың ақын-жазушылары келгенде қызығып қарайтын пәтер сұрамағаным әлі күнге дейін кейде өкініп қоямын.

Жақында менің портретімді салсам деген ниетпен бір суретші келді маған. Суретшілермен, композиторлармен пәлендей таныстығым жоқ, өзімді көрсетуді, өзім жайлы үгіт-насихат жүргізу дегенді ұят санайтын мен одан тұрмыс-тіршіліктері, табыстары жайлы сұрадым. Өңгіме арасында ол:

– Өткен жылы бір суретші фотосына қарап салған Сара апайдың портретін көріп қалған Елбасы сол портретті қымбат бағаға сатып алыпты, бізде ондай тұтынушылар жоқ, әрине, – деп күлді. – Әйтеуір елімізде өнерді танып, бағалайтын адамдардың бар екені көкірегімізге қуаныш ұялатады.

Иә, шынында да, суретші айтса айтқандай, Елбасының өнерге деген ықыласы тіпті ерекше. Жақында ғана ТМД елдерінде бұрын-соңды болмаған көпсалалы Ұлттық өнер университетінің жаңа ғимараты ашылды. Бұл Ұлттық өнер университетінің ректоры, ұлтымыздың даңқын әлемге жария етіп жүрген асыл қызымыз – Айман Мұсақожаева. Мұнда тек музыканттар ғана емес, мүсінші, дизайнер, режиссер, кино, теледидар мамандары да дайындалады. Оның ашылуына Нұрсұлтан Назарбаев өзі қатысып:

– ...Ең басынан бастап осындай университет Музыкалық академияның орнында болсын деп ойлағанмын. ...Осы университет ішінде Қазақстан атын дүниеге жаятын көп талантты жастар өсіп шықсын, – деп, ақ тілегін де білдірді.

Тәуелсіздік туын көтергесін, байлыққа бармағы тимесе де, халық Наурыз мейрамы, Дүние жүзі қазақтарының бас қосуы, ұлт үшін құрбан болған азаматтардың есімдері аталып, олардың құрметіне ас берілуі секілді бұрын-соңды түске кірмейтін салтанатқа жетіп, қуанышқа бөленген еді. Бір жылы Алматы қаласының Түркісіб ауданы Наурыз мейрамына мені де шақырды. Киіз үйлер тігіп, әйел біткен қазақы камзол, ер-азаматтардың бір қатары шапан киіп, жаскөрі маз-мейрам! Ортадағы ақбоз үйге мені де кіргізді. Бір кезде Нұрсұлтан Әбішұлы жұбайы Сара Алпысқызымен кіріп келе жатыр. Екеуі де бәрімізбен жарқылдай амандасып, құтты болсын айтты. Менің Сараны алғаш рет көргенім сол жолы. Өзіл-күлкі, ән мен күй! Тамақтан кейін аудан әкімі Президентке шапан кигізіп, Сараның иығына шашақты әдемі орамал жапты. Содан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы Сараға бірдеңе деп сыбырлап еді, Сара әлгі орамалын мойнынан алып, орнынан тұрды да менің жаныма келіп иығыма жапты. Күтпеген сый-құрмет болды. Менің қасымдағылар да аң-таң: өздеріне тимегесін бе – біреулер томсырайып, біразы қуана құптап, қол соғып жатыр.

– Халқымызда жөн білу деген бір ғажайып ұғым бар, соны біліп Фаризаға орамал жапқаның өте орынды, әрі ақылдылық, қалқам, – деп бір жазушы ағамыз Сараға үлкендік алғысын айтты.

Кейін Сара Алпысқызы мені кездесуге шақыртып, Алматыдағы «Достық» үйінің сол жақ қанатындағы бөлмеде әңгімелестік. Мен ол жылдары «Ақ желкен» журналының бас редакторы болатынмын.

– «Бәбек» атты балаларға арналған қор ашқым келеді. Елімізде балалардың ауру-сырқау, ата-анасы тірі болса да, жетімдік көріп жүрген сәбилер се-

кілді шешілмей жатқан мәселелер көп қой, өзіңіз білесіз. Целиноград қаласына барып, халықпен осы жайлы пікірлесіп қайтсақ деп едім, сіз менімен бірге жүрсеңіз, – деп қолқа салды.

Министрлер Кеңесінің «АН-24» арнайы самолетімен ұштық. Самолеттің алдыңғы жағын жұмыс кабинеті сияқты етіп бөліп қойған. Сара екеуіміз сонда отырдық. «Бөбектің» Алтын бастаған қызметкерлері екінші салонда. Өзінің өмірі, Нұрсұлтан екеуінің отау құрғаны, балалары жайлы көп-көп әңгіме айтылды.

– Нұрекең қандай адам өзі? – деймін мен.

– Өте балажан. Ақкөңіл. Сосын ішкі жан-дүниесі тым жұмсақ, жаны ашығыш. Жұмыста біреуге ескерту жасап ұрысса, үйге келгесін «пәленшені ренжіттім-ау!» деп уайымдап отырады. Ал біреуді жұмыстан шығаруға тура келсе, Нұрекең үшін үлкен трагедия, «обал болды-ау» деп қайғырады. Домбыра тартып, ән салғанды жақсы көреді. Теміртауда екеуіміз көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып жүріп танысқанбыз. Үлкеніміз Дариға да ән салады. Өлі жас қой.

– Француздың белгілі жазушысы Анатоль Франс «Әйел – ұлы тәрбиеші» деп айтқан екен. Өзің кейде ақыл қосып, қамқорлап отырғаның дұрыс қой. Ақын-жазушының, ел басқарып жүрген саясаткердің жұбайы болу оңай болмаса керек. Дегенмен, басшы адамға дүниенің бәрін ер азаматтан гөрі нәзік сезінетін, ол байқай бермейтін қалтарыстарды бұрын көретін әйел-серігінің ақыл-кеңесі өте керек қой деп ойлаймын. Патшаға шындықты айтуға әркімнің батылы бара бермейді, – деп өзімше Сараға кеңес беремін.

– Біздің ақыл айтуымызды бауырыңыз қабылдай қоя ма, өзіңіз секілді ел құрмет тұтатын тәтелер мен ағалардың пікірі болмаса... – деген еді күлімсіреп.

Адам баласы кімнің де болса бойынан мін тауып, сын тағуға әзір тұрады ғой. Өз мүмкіндігіміздің билік тарапынан жоғары бағаланбайтынына өкпелеп, күнәға бататынымыз тағы бар. Қоғамдағы болып жататын кем-кетіктің бәрі үшін елдің басшысы Президентті кінәлаймыз, оның бала-шағасынан да кемістік, кемшілік табуға тырысамыз. Мен, мысалы, Тимур Құлыбаев деген Президенттің күйеу баласын сол қатарлы жас қазақтардың көбінен биік қоямын: сабырлы, салиқалы, асқақтап аспанға қарамайтын тәрбиелі жас. Батыс өңіріндегі мұнайшылардың жас-кәрісі ол туралы жақсы пікірін, алдына барған адамның шаруасын шешуге тырысатын, қолымда билік бар екен деп жазықсыз біреуді сүріндірмейтін, өз пікірімен жүретін азамат деген баға бергенін Атырау, Маңғыстау аймақтарынан талай естігенмін.

Үй-ішімен бизнеспен айналысатын бір сіңліміз: – Мемлекеттің басшысын, басшысын ғана емес, оның бала-шағасын да өзінің Елбасына, оның айнала-сына деген тілеулестігі, ілтипат-ықыласы арқылы халқы қорғауы керек, – дейді.

Сіңліміз дұрыс айтады. Шынында да елін басқарып отырған азаматын халқы қолдамаса, халқы қамқор болмаса, кім қолдауы мүмкін. Халқы қолдамаған мемлекет басшыларының тағдыр-талайын тарих-қария көрсетіп келеді. Бүгін де көріп отырмыз.

Жақында туысқан Түрік мемлекеті өз астанасы Анкараның қақ ортасында түркі әлемінің ортақ қайраткері деп Назарбаевқа ескерткіш орнатты. Шынында бұл – қазақ деген ұлтқа көрсетілген қошамет, құрмет. Қай кезде, қай елде мұндай оқиға болып еді?! Қазақ мұндай салтанатты қашан көріп еді?!

Мұхаммед пайғамбардың тұқымдары мекендеген Иордания мемлекеті де королінен бастап, қарапайым халқына дейін астанасы Амманда Нұрсұлтан Назарбаев атындағы көшенің ашылуын мерекедей өткізулерінің өзі неге тұрады! Ал, кәрі тістері сиресе де өзінен өзгені көзіне ілгісі келмейтін Еуропа төрінде Төле бидің ісін жалғастырушылар төбе би болса деген түсімізге де кірмеген қиял шындық түрінде бүкіл дүние жүзін елеңдетуі де Елбасының әлем алдындағы абырой-беделінің арқасы екенін тарихымыздың қай ұрпағы да бағалайды деп ойлаймын.

Сексенінші жылдардың аяқ кезінде, социалистік жүйенің буын-буыны сырқырай бастаған жылдары Кеңестер Одағы әдебиетшілерінің «Литературная газета» деген басылымында әдебиетті маңайлап жүретін кавказдық бір азамат: «Орта Азия мен Қазақстаннан ел басқаратын тұлға шықпайды, себебі олар ру-руға бөлініп, бірін-бірі мойындамайды, ал тұтастығы жоқ ұлттан саяси қайраткер шығуы мүмкін емес», – деп жазып еді. Дегенмен Орта Азия мен Қазақстанды ғана емес, күллі дүниені мойындата алатын адамның қазақта бар екендігін Назарбаев дәлелдеп берді. Теміртаудың домна цехына жұмысқа келген кезде адам төзбес ауыр мұндай жұмыстарға шыдамай талай жастардың кетіп қалғандығын, бір күні ауылдан әкесі келіп, баласының жұмысын көріп «мынадай бейнетті не қыласың, таста, ауылға жүр» дегеніне де қарамай, басқа ұлттардың алдында қазақтың намысы үшін қандай-қандай төзімділікке барғандығын бір естелігінде жазып еді. Сондай төзімділігін ол ел басқару ісінде де көрсетті және тек төзе беру емес, шебер саясаткерлігімен, керемет біліктілігімен көрсетіп келеді.

Нұрсұлтан Назарбаев осындай сұңғыла саясаткерлікті, кісі танитын қасиеттерді анасының құрсағында жатқанда-ақ бойына сіңірген сияқты. Әйтпесе мұндай кемеңгерлікті Днепродзержинскіде немесе Теміртауда оқып үйрену мүмкін емес, ел басқарудың қырық қатпарлы қиын жолдарымен қырық ру халықты маңайына жинау Алла тағаланың мейірім нұры түскен адамның ғана қолынан келеді.

Мен Нұрсұлтанды өзім адамзат тарихындағы ең ұлы адам деп бағалайтын Мұсылман жұртының ардақты перзенті Мұхаммед пайғамбарға ұқсатамын. Ұқсату дегенім, әрине, теңеу емес қой. Ұқсатуымның мәнісі мынада: Мұхаммед пайғамбарымыз да өз отандастарынан қорлық, қиянатты көріп, естімегенді естіп жүріп, бастары бірікпейтін арабтарды ғана емес, бүкіл адамзат баласын адалдық жолына, бір тудың астына біріктіремін деген идеяға өмірін арнады. Өзінің руластарының жауыздығынан қашып құтылуға мәжбүр болып, ансарлар, еврейлер, мұғаджарлар секілді түрлі ұлт өкілдері мекен еткен елеусіз ғана қала Ястрибке келіп, оны мұсылман жұртының орталығына айналдырды, содан бастап Ястриб Медине (Мединет-Нәби – Пайғамбардың қаласы) атанды.

Елбасының астананы Ақмолаға көшіреміз деген ұсынысын естіген зал толы әріптестер, кейін бүкіл халық «бұл қалай, ғасырға жуық мәдениеттің, ғылым мен саясаттың ордасы болған әсем Алматыдан астананы қайдағы бір қалаға қысы-жазы ала дауылдан көз ашпайтын провинциялық Ақмолаға көшіру және ел күн көре алмай отырған мынадай жоқшылық заманда айдалаға қала саламын деу көзсіздік пе, жоқ, көрегендік пе?..» деп біреулері дыбысын шығарып, енді біреулері іштерінен күбірлескен еді. Ол күбір-сыбырлар бүгінгі Астананың аспанмен таласқан көркем ғимараттарының көлеңкесінде қалды. Астана жаңа идеялардың Мединесіне айналды, жаңаша дамудың, қарқынмен дамудың ордасына айналды.

Рас, Астананың ауа райы қатал. Бірақ бір ғажабы Арқаның 40 градус аязы адамдарды ерекше сергек жүруге ықпал етеді екен. Мұнда жайбарақат, қалғып-мүлгіп жүрген адамды көрмейсің. Тіпті үдере соққан желінің өзі шапшаңдыққа шақырып тұрған табиғи механизм тәрізді.

Мен мақаламды өзім жақсы көретін қайраткер, ұлы әйел Маргарет Тэтчердің сөзімен аяқтағым келеді. Ол «Мен шаршамайынша, кетпеймін. Ал Британияға мен керек болып тұрған қазіргі кезде, мен ешқашан да шаршамаймын» деген еді.

Біздің халыққа да Назарбаев керек. Демек, елге керек болып тұрған кезінде біз оның қайратына қайрат қосылып, ұлы елімізді жаңа дәуірлерге бастай береді деп сенеміз. Халықтың махаббатынан басқаның бәрі сатылатын заманда өз жұртымен бірге әлем халықтарының да ілтипаты оған қуат беріп жүрсе екен дейміз.

Егемен Қазақстан, 2010 жылғы 6 шілде

Қуаныш СҰЛТАНОВ,
сенатор

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Мемлекет, қоғам, президенттік басқару жүйесі, мемлекеттік құрылымдар туралы сөз қозғағанда Президент, оның қызметінің қаншалықты нәтижелілігі туралы айтпай кету мүмкін емес. Әсіресе Президенттің қызметі халықтың көз алдында, сондықтан да ол қоғамдық пікірдің үздіксіз назарында, тілдің ұшында.

«Біз тәуелсіз мемлекет болдық» деп әлемге жар салған алғашқы сәттен бастап, одан кейін бүкілхалықтық демократиялық сайлау жолымен мемлекет құрылымының президенттік басқару жүйесін таңдадық. Бұл – халықтың таңдауы. Бүкіл халық болып сайлаған Президенттің ресми құзыры қуатты. Ол жүйе өзінің өміршеңдігін дәлелдеді де. Әрине, қандай да мемлекеттік институт өздігінен жұмыс істей алмайды. Оның жұмысын көрсететін де, дәлелдейтін де – нақты Адам, Тұлға, сол Адамның іс-әрекеті мен жауапкершілігі, білімділігі мен біліктілігі, әділдігі мен қайраткерлігі. Келер жылы біздің мемлекеттік тәуелсіздігімізге 20 жыл толады. Президент осыны ойлап, оған көбірек мән беріп жүргені белгілі. Тек тарихи мезгілге ғана байланысты емес, біз қазіргі кезде мемлекетіміздің, мемлекеттік құзырлы орындардың, мемлекеттік институттардың қалыптасу құбылысын жан-жақты сарапқа салып, оның жетістіктері мен кемшіліктерін, жіберген қателіктерімізді, олардың себептерін анықтап, сыни баға беруді ескергеніміз абзал. Ол біздің дамуымыз үшін, мемлекетімізді күшейту үшін, болашағымыз үшін қажет.

Біздің мемлекеттік тарихымыздағы ең ірі, ең бастапқы алғышартты оқиға – Тәуелсіздігімізге байланысты зерттеулер, мақалалар жарияланып, оқу орындарында, ғылыми-сараптамалық ұжымдарда ғылыми-тәжірибелік конференциялар, «дөңгелек үстелдер» өткізілуі әбден орынды. Осы бағытта біздің Конституциямызға сәйкес демократиялық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құрудың күрделі жолдарын сараптау саяси-қоғамдық күштердің, бұқаралық ақпарат құралдарының назарынан тыс қалмасы да белгілі.

Бүгінгі өміріміздің барлық жетістіктері, ұлтымыздың жаңа замандағы қайта өрлеп, өркендеуі, рухани, экономикалық еркіндігіміз, дүниежүзілік қоғамдастықпен, әлемнің дамыған ел, мемлекеттерімен тереземіз тең жағдайда қарым-қатынас жасау мүмкіндігіміздің барлығының да бастауы – біздің мемлекеттік Тәуелсіздігімізде. Тәуелсіздік – біздің ең басты құндылығымыз. Сондықтан да әрбір қазақ осыны түсініп, қадірлей, көздің қарашығындай сақтай алатындай санада болуымыз қажет. Тәуелсіз, дербес мемлекет құру кезеңінің өзі қазір тарихтың үлесіне көшіп барады. Жиырма жылда өмірге жаңа ұрпақ келіп, жаңа буын қалыптасып қалды. Тәуелсіздік қарсаңында дүниеге келген буын есейіп, өмірге араласа бастады. Олар бүгінгі өмірді «дәл осылай ылғи өздігінен болып тұрған екен, тұрады екен» деп қабылдауы да мүмкін.

Тәуелсіз мемлекет құру ісі мен Президент қызметі – қатар жүретін егіз ұғым. Біздің мемлекет құру ісінде көңілге қонымды, рухани санамызды қуаттандыратын шараларымыз баршылық. Ол туралы белгілі дәрежеде айтылып та, жазылып та жүр. Мемлекеттігіміздің тарихында бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап, армандап, қол жеткізе алмай шерменде кеткені анық. Мемлекеттік дәрежеге біздің бүгінгі ұрпақ қол жеткізу бақытына ие болдық. Ондаған, жүздеген жылдарда бұрын-соңды болмаған ғажайып өзгеріс, құбылыстар бірнеше жылдар аралығында жасалып, ел игілігіне айналды.

Қысқа мерзімде еліміз бұрынғы Кеңес Одағы құлағаннан кейін жайлаған дағдарыстан шықты. Ұлттық теңгеміз айналысқа кірді, жаңа экономикалық қатынастар қалыптасты. Өндіріске жаңа технология келіп, озық дәуірге тән еңбек мамандары өсе бастады. Әлеуметтік тұрмыс жақсарды. Өзінің сәулетімен кімді болса да таңғалдыратын жаңа Астана салынды. Мектептер, жоғары оқу орындарының нысандарын, материалдық базасын күшейту мықтап қолға алынды. Денсаулық саласының жаңа жүйесі қалыптасып келеді. Дүниежүзіндегі ең озық жабдықтар ауруханаларға орнатылып, қауіпті кеселдерді емдеу қолға алынды. Өнер өрледі. Қазақты әлем таныды. Бізбен басқа елдер санасатын болды. Мемлекеттігіміз тұрақтанды. Мемлекетіміздің халықаралық жағдайы жақсарып, сенім артып, беделі өсіп келеді.

Мемлекеттік тәуелсіздігімізді жария еткен алғашқы сәттен бастап, бүгінгі күнге дейінгі барлық жетістіктеріміз бен көрген жақсылығымыз, дербес мемлекетіміздің қуаттануы мен абаттануы ең алдымен Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен, еңбегімен, басшылығымен тікелей байланысты. Президенттің қазақ халқы алдындағы, мемлекет алдындағы атқарған қызметі зор, еңбегі ерен.

Нұрсұлтан Назарбаев жаһанның жаңа кезеңінде, қазақ елінің жаңа дәуірін, ұлт рухының қайта өркендеп, өркениетке ұмтылуын ұйымдастырып, мемлекетіміздің әлемдік бәсеке дәрежесіндегі даму үдерісіне батыл араласып, қиын да күрделі, ауыр да абыройлы жолын бастады. Бұл – қазақ халқының үлесіне тиген тағдыр мен тарихтың сыйы. Халықтың, ұрпақтың мүмкіндігі. Талай ғасыр өзімізден зор келген саясат пен саяси жүйе тұсында жойылған рухани еркіндігіміздің орнын толтырып, өркениетті елдер қатарында өмір сүру мақсатында көптеген игі шаралар жүзеге асып жатыр. Мынау, болжауы қиын аласапыран дүниеде кездейсоқ толқынның жалында кетпей, бірлігі берік, ұстанымы мықты ел екенімізді көрсететін қимыл, іс-әрекет жасау керектігіне барлық мемлекеттік құрылымдар жұмылуда. Барлық жақсылық пен өсу, өркендеу көріністері халықтың көз алдында.

Осындай мүмкіндікті пайдалана алмаған өкініштеріміз де жоқ емес. Сол кемшіліктің ең бастысы да, ең қауіптісі де – қоғамда отаншылдық сана тәрбиелеудегі кемшіліктеріміз. Әуел бастан тәуелсіздігімізге мәз болып, сол тұста өмірге араласатын буынға тәуелсіздік талаптарын, олардың рухани құндылықтарын жеткізу мақсатында бірқатар рухани мәдени тәрбиелік, өнегелік шаралар жүргізуге талпынсақ та, сананы бірден тұрмыс билеп кетті. Еркін экономиканы желеу етіп, дүниеқорлыққа, өзімшілдікке мейлінше жол берілді. Әсіресе, қолдары

бұрынғы мемлекет меншігіне жеткендер мемлекет мүддесінен аулақтап, басқаның есебінен өз жағдайын күйттеуді кәсіпке айналдырды. Бай болу – жалғыз мақсат болып, адамгершілік, тазалық, адалдық екінші кезекке ысырылды. Біздегі үлкен қателіктің басы – «рынок осы екен» деп билігі жеткен арсыз адамдар шімірікпестен халық қаржысына салынған негізгі қор, өндіргіш күштер, жылжымайтын мүлік, тағы басқа дүниені қармап, өзара бөліске салды. Олардың ортақ мүддесі баю болды. Ақша үшін бір-бірімен ауыз жаласты, бір-бірін атты, шапты, сатты. Кейбіреулер әп-сәтте, бір түйме, бір шеге өндірместен, шіріген бай боп жатты. Соларға жем болған кейбіреулер тоз-тоз болып, қаңғып та кетті. Және осыны өкінішке орай, тікелей қолында билігі бар адамдар және сол билік өкілдеріне жақын, сыбайлас адамдар жасады. Мұндай принциппен топтасқан адамдар тікелей жемқорлықты туғызып, өрістетті. Бұл идеология, ақшаға құнығу, әсіресе, ана бір жылдарда мейлінше өріс алды. Сол кезде ақшалыны сыйлап, ақшасыз адамдарды көзге ілмеген, сөзіне құлақ аспаған премьер енді шет елден біздің елге рухани құндылықтарды, патриотизмді уағыздағысы келеді. Мемлекет бүгінгі күні осыдан зардап шегіп отыр.

Елбасы осы жылдары талай азаматтарды билік басына көтерді. Негізінен олардың көпшілігі өз міндеттерін біліктілікпен атқара алды. Алайда, оларға өз ұлтының, елінің, мемлекеттің алдындағы жауапкершілік пен жанашырлық сезімі, санасы, түйсігі жетпей жатты. Мәселен, қазақ шенеуніктері үшін Елбасының: «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзінен кейін, нендей «тоқпақ» қажет?! Әсіресе, биліктегі адамдардың бойында отаншылдық, патриоттық сана жоқтың қасы дейтініміз осыдан.

Президент сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жариялады. Арнайы мемлекеттік агенттік те құрылды. Партия тарапынан да қоғамдық баға беріліп жатыр. Нәтиже де жоқ емес, бірақ жеткіліксіз. Өкінішке орай, құқық органдары жемқорлыққа қарсы сауатты, тәрбиелік, алдын ала профилактикалық жұмыс жүргізудің орнына, қоғамда үрей орнатып, «показательный» ұстау ұйымдастырып, әр түрлі ведомство бірінің қызметкерін бірі ұстап, сыбайластық пен жемқорлықты одан әрі өрбітті. Құқық қорғау органдары халықтың, әрбір адамның құқығын, еңбегін қорғаудың орнына елді жаппай қорқытып, өзіне тәуелді етуге әрекеттенеді.

Елбасы өз Жолдауында құқық қорғау органдарына реформа жүргізу қажеттігін айтты. Тек жазалау жолымен жемқорлық пен сыбайластық сияқты індеттен құтылу мүмкін емес. Сананы өзгертетін мемлекеттік жүйе, мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Қоғам таза болуы үшін адам таза болуы керек. Байлардың қатары көбейіп, тұрмыс жақсы болғанына ұмтылу дұрыс. Таза, адал еңбегімен, өз білімімен байлық құрғысы келген адамға мемлекет тарапынан құқықтық кеңістік жасалып, адамның қабілетіне мүмкіндік берілу арқылы қуаттанып жатса құба-құп.

Бұл – біздің мемлекеттігімізге бөгет болып келе жатқан мешеуліктер мен зиянкестіктер. Осы сияқты жағдайлар елдің көңіл-күйіне, адамдардың сенімнанымына, мінез-құлқына да әсер ететіні түсінікті. Елдің әлеуметтік тұрмысының хал-ахуалы, қоғамдық саяси өмірге араласуы, рухани, мәдени дүниетанымы, ұлтаралық көзқарасы сияқты толып жатқан сезімтал проблемалардың

бір мемлекет аясында келісім негізінде қанағаттанарлық жағдайда сақталуы да, әрине, басшылықтың, тікелей ең алдымен Президенттің қайраткерлік саясатының нәтижесі.

* * *

2010 жылы 12 наурыз күні мемлекет Президентінің шақыруымен атқарушы билік құрылымдары басшыларының жиналысы өтті. Оған Президент Әкімшілігінің басшы қызметкерлері, Үкімет мүшелері, облыс әкімдері қатынасты. Бұл шара – әдеттегі жұмыс тәртібімен өткізіліп жататын және өткізілуге тиісті де, қалыптасқан кезектегі кездесулердің бірі еді. Онда қаралған күн тәртібі де еліміздің өркендеуіне байланысты жаңа жобалар мен іс-қимыл әрекеттердің барысы, кейбір мемлекеттік құрылымдардың заман талабына сай өзгеруі, соған сәйкес лауазымды, басшы қызметкерлердің жаңадан тағайындалуы, ауыс-түйісі дегендей, мемлекет тіршілігінің аясындағы үйреншікті құбылыстар. Әйткенмен де мұндай жиналысты Президент өткізсе, оған халықтың қызығушылығы да ерекше. Қоғам әркез Елбасының сөзінен жақсылық нышанын іздеп, күтіп отыратыны қалыптасқан жағдай. Жиналыстан БАҚ хабар таратып, ондағы әңгіме ауаны дер кезінде қалың жұртшылыққа жеткізілді.

Осы жолғы Елбасы сөзін де ел, жұрт жәй ғана «жақсы бопты» деп қайырып қойған жоқ. Ризашылығын айтып, соған байланысты өз пікірлерін де ортаға салып, азаматтық үн қосуда. Әңгіме – Елбасы саясатының байыптылығында. Қаңтар айының соңында жария етілген Президент Жолдауындағы саяси ұстаным, бағыт, бағдарды жүзеге асыру жолдарының айқындала түсуінде.

Президент шағын және орта кәсіпкерліктің тұрақтанып, тынысын кеңейту, оны бірден бір әлеуметтік бағдарлама дәрежесіне жеткізіп, Үкімет, әкімшіліктер тарапынан нақты қолдауға ие болуын қамтамасыз етуге жаңа тапсырмалар берді. Ол тапсырмалар бұрын да берілген, алайда соны орындау мәселесі ескерілмей жатқаны да ақиқат. Міне, атқарушы билік осы тұрғыдан өз қызметтерін де, өздерінің көзқарастарын да түбегейлі өзгертуі керек. Ресми мәліметтерге қарасақ, шағын және орта кәсіпкерлікпен екі миллионға жуық адам шұғылданып, олар 300 мыңға жуық кәсіпорындарда еңбек етеді екен. Алайда, шығарылған өнімге қарасақ – отандық өнімдер халық тұтынатын тауарлардың 20 пайызына да жетпейді. Шағын, орта кәсіпкерлік деп жүргеніміздің дені – яғни 70 пайыздан астамы сауда-саттық, сатып алып, үстеме бағамен тауар сататын ірілі-уақты фирмалар, мықтағанда ресторандар, асхана, кафелер, жүк тасушылар, шаштараз, сән салондары, әр түрлі қызмет көрсетушілер ғана. Әрине, бұлар да халыққа өте қажет, бұл салаларда кәсіпкерліктің болуы құптарлық-ақ және оны да мейлінше өрістете беруіміз қажет.

Президенттің тапсырмасы мұқият орындалса, Үкімет, әкімдер өнім өндіретін бағыттарда, атап айтқанда – күнделікті тұтынатын өнеркәсіптік тауарлар шығару, тамақ өңдеу, өндіру кәсіпорындарының үлес салмағын арттыруда шұғыл шараларды жүзеге асыруға міндетті. Шағын және орта кәсіпкерлікті ең алдымен табыс көзі ғана емес, еңбек көзі, жұмыс орны деп қараған жөн болар еді.

Өйткені, олар шын мәнінде әркімнің тырбанып, еңбек етуінен, әркім өзі белгілі бір тіршілікпен айналысуынан басталады. Олар – олигархтар, алпауыттар емес. Біздің елдегі есімі белгілі меншік иелері, алпауыт байлардың ешқайсысы да ешқашан шағын немесе орта кәсіпкерлікпен шұғылданып көрген жоқ. Өкінішке орай, алпауыт байлар өз ережелерімен өмір сүреді. Олар бұқаралық, әлеуметтік шағын және орта бизнестің (кәсіпкерліктің) тұрмыс ахуалын білмейді де. Ірі кәсіпорын жұмыстарын жүргізіп, ел экономикасын қуаттандырып, салығын адалдықпен төлеп, елдің әлеуметтік тұрмысына көмектесіп жүрген ірі ақшалы адамдар, әрине, заң аясында бола берсін, тіпті көбейгені да жақсы. Бірақ, олар ел арасында соншалықты көп емес, мықтаса жүз, тіпті мың адам болсын. Жалпы, ауқатты, тұрмысы жоғары адамдар тіпті халықтың 20-30 пайызына жеткен күннің өзінде бұл көрсеткіш біздің әлеуметтік тұрмысымыздың сапасын көтеріп, алдыңғы қатарлы 50 елдің легіне қоса алмайды. Сондықтан материалдық жоғарғы эшелонда жүрген адамдарға қарап, тұрмыс әлеуетінің шынайы жүрек соғысын тани алмаймыз. Парламент, Үкімет, әкімдер, сот, құқық орындары бұқара халық, көпшілік жағына шындап бет бұруға міндетті.

Президент тапсырмасынан туындайтын міндеттерді төмендегідей топтастыруға болар еді.

Біріншіден, шағын және орта кәсіпкерліктің жаңа толқын, жаңа дүмпуіне қозғау салатын заңдық, құқықтық негіз, кеңістік жасауымыз керек.

Екіншіден, кәсіпкерлікті ынталандыратын ұйымдастыру шаралары, қажет болған жағдайда билік тарапынан нақты адамдарды оқытып, оларды нақты ұжымдарға ұйымдастырып, материалдық, жабдықтық, несиелік көмек көрсетіп, кәсіпорын ашып, өнім шығаруын бақылап, олардың өнімдерін тұтынушыларға жеткізу жолдарын игеруге көмектесу қажет. Сонда, биліктегілердің де, кәсіпкерлікке келетін адамдардың да көзқарастары өзгереді. Ортақ мүдде пайда болады. Ортақ мүддеден отандық, мемлекеттік сезім туындайды, барлық кезеңде ашықтық болып, сыбайлас, жемқорлыққа мүмкіндік тарылады. Әрине, мұның бәрі де заңдық, құқықтық негізде, келісім шарттармен жасалуы тиіс.

Үшіншіден, кәсіпкерлікке мемлекеттік бюрократияның әміршілдігін, қоқан-лоққысын, заңсыз баса-көктеп бұйрық жүргізуін түбегейлі тоқтату керек.

Құқық қорғау органдары өз ведомстволық мүддесінен бас тартып, халықтың, мемлекеттің қамын ойлап, мүддесін қорғауға көшуге міндетті. Олар елдің тұрмысын, көңіл-күйін, құқығын, экономикасын, яғни шағын және орта бизнестің құқығын қорғауы керек.

Осы орайда Президент Жолдауында айтқан 2014 жылға дейін кәсіпкерліктің жұмыс істеуіне қажет құжаттардың 60 пайызға қысқартылуын тақау жылдарда-ақ, алдағы бір-екі жылда да жүзеге асыруға тырысу қажет. Үкіметтің кәсіпкерлікті дамытудың 2020 жылға жасаған жол картасы еліміздегі кәсіпкерлік ахуалын жаңартып, жақсы дәстүрді тұрақтандырып, өткен жылдардағы теріс нәтижелерден арылып, тазаруды көздеуі тиіс. Шағын және орта кәсіпкерлікті нағыз бұқаралық, халықтың көпшілігінің еңбек орнына, тұрмыс мүмкіндігіне айналдыра алсақ – мақсат та орындалады, өмір сапасы да, елдің еңсесі де бірнеше сатыға көтерілері хақ.

Төртіншіден, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікке айрықша мән берілуі тиіс. Үш жыл қатарынан «Ауыл жылдарын» да жариялап, мемлекет тарапынан жыл сайын 50-60 млрд. теңгеден қаржы бөлініп отырды. Ауылды жерлерде «Ауыз су» бағдарламасына да қаржы бөлінді. Соның қаншасы ауылға жетіп, қаншасының игілігін ел көрді? Сонымен бірге «урбанизация процестері өздігінен ауыл қажеттігін төмендетеді», «болашағы жоқ 700 ауылды көшіреміз», «бізге қой өсірудің, мал өсірудің қажеті жоқ, сатып алу әлдеқайда тиімді» деген сияқты солақай науқаншылдықты да бастан кешірдік. Соңғы халық санағының қорытындысы бойынша халқымыздың 48 пайызы, яғни 7,5 миллионға жуық адам ауылды жерде тұрады. Ауылды жерде үйі бар, малы бар адамдарды «өзін-өзі асырайды» деп жұмыссыздар санына қоспайтынымыз дұрыс па? Ауылдағы адамдардың негізгі құрамы 2-3 фермер немесе шаруа қожалығының егінін суғарып, малын бағып, маусымдық жұмысын атқарып, күнелтеді. Ауылдан шыққан көптеген адамдар үлкен қалаларға келіп, құрылысқа, көше тазалау жұмыстарына уақытша орналасып, ақша табады. Қалада олардың ешқандай құқы жоқ, пәтер немесе жатақхана жалдап тұрады. Сондықтан ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлік ұжымдарын ұйымдастыруға жоғарыдағыдай көмек көрсетуді атқарушы билік қолға алса ғана ел тіршілігі оңалады. Ауылды жерлердегі адамдар кәсіпкерлікке жұмылады.

Нұрсұлтан Әбішұлы сол жиналыста жер-жерде көзбояушылықтың етек алып бара жатқанын ымырасыз сынға алып, билік өкілдеріне қатаң ескерту жасады. Көзбояушылықты, ұялмастан, ешнәрседен именбестен, міз бақпай өтірік айта салуды «саясаткерлік», немесе «батырлық», «тапқырлық» деп түсінетін адамдар биліктің беделін аяқ асты ететіндерін түсінбейтіндеріне таңғалмасқа шара жоқ.

Қазір мына әлемде ешкім де қол қусырып, қазақтар керемет болып кетсін деп қарап отырған жоқ. Керісінше – алапат бәсекелестік ширығып келеді. Жемқорлықтың бір тамыры да осы көзбояушылық, жалған ақпарат берушілікте жатыр. Бұл ауру жемқорлықпен, сыбайластықпен тікелей байланысты.

Ауыл жұртының 60-70 пайызы маусымды жұмыспен күнелтеді. Алған зейнетақысын дәрі-дәрмекке, тұрғын үйінің жылу, су, электр қуаты ақыларын төлеуге жеткізе алмай жүрген әлеуметтік топтар саны кемімей тұрғанда, әрине, жетістіктерімізді айшықтап, кемшіліктерімізді азайту жолын іздеуге міндеттіміз. Бізден озық, өркениетті елдер, мемлекеттер қатарына жеткіміз келетінін, жете алатын мүмкіндігіміз бар екенін айту орынды. Әйткенмен де, өзімізді өзіміз, бір-бірімізді, Елбасын, бүкіл елді алдау, көзбояу дегенді қойып, шынайы, кәдімгі, лайықты өмір сүруді үйренетін кез жетті. Елбасының осы мәселеге байланысты сергек ой, қатаң талабы халықтың көңілінен шықты. Ел ризашылығын білдірді. Биліктегілер, құқық органдары, қоғамдық ұйымдар Президенттің ескертуінен тиісті қорытынды шығаруға міндетті.

Осылайша, басқару мазмұнын өзгертіп, елмен, халықпен ашық жұмыс істеудің жаңа сатысына көтеріліп, саяси мәдениетті игеруге ұмтылғанымыз жөн. Сөз жоқ, басқару аппараттарында, мемлекеттік қызметкерлердің бойында күрделі жұмыстарды жүзеге асыруға дайындық, оған деген құлшыныс, рухани батылдық, саяси ерік күші міндетті түрде болуы керек. Бұл талаптар

шынайылыққа, адалдыққа, ел, мемлекет алдындағы зор жауапкершілікке негізделсе, көпшіліктің қолдауына ие болары да сөзсіз.

Президенттің талап етіп отырғаны да, өз қызметі, мінезі, болмысымен көрсетіп жүрген үлгісі де, өнегесі де осы.

Президент Жолдауда айтылған міндеттерді мерзімінде орындауға екпін беріп, күш салуға, мемлекет әлеуетін, халық тұрмысын жаңа сапаға көтеретін инновациялық жобалардың өмірге қосылуына еңбек етіп, жұмылуға шақырды. Елдің тұрмысы жақсарып, құқық сақталып, мемлекетіміз сауаттылықпен нығайып жатса – Мемлекет басшысы үшін бұдан артық қандай сый, құрмет болуы мүмкін. Президент тағылымы да, талабы да осы. Сондықтан да Нұрсұлтан Әбішұлының сол жолғы әңгімесі мен талабы жалпы билік институтының беделін көтеріп, Президентке елдің сенімін арттырды. Әрине, Елбасы үшін қалың елдің сөзіне сенімінен жоғары құндылық жоқ екені де белгілі.

Тәуелсіз мемлекеттігіміздің өткен жылдардағы өсу жолына талдау жасау қажеттігі ең алдымен болашақ даму мақсатымен тығыз байланысты. Жоғарыда айтылған жайлардан басқа да толып жатқан сан-салалы өміріміздің күнгейі мен теріскейі де мемлекет бейнесінде қалыптасып, өсіп, жетіліп, тұрақтану, даму процестерін сараптап, талдап, оған әділ бағасын беру арқылы болашағымыздың жобасын жасай аламыз. Әрине, мемлекет құру ісі тек жеңістер мен жетістіктерден тұрмайтыны да анық. Ұтыс та бар, ұтылыс та бар. Бұл да табиғилық. Жаңа заман, жаңа тарихтағы мемлекеттігіміздің келбеті, мазмұны, сапасы бұрын-соңды тарихымызда болмаған оқиғалармен толығып, кескінделіп келеді. Бүгінгі мемлекетіміздің геосаяси кеңістіктегі орны мен атқарар қызметі де басқаша. Қазір дүниежүзілік, жаһандық процестер күн сайын мүлде күтпеген жаңа талаптар қояды. Соның үрдісіне, екпініне ілесіп алған ұлт, мемлекеттер қатаң бәсекелестікке төтеп бере алады.

Президенттің басшылығымен біз толыққанды мемлекет болып қалыптастық. Ізгілікті, зайырлы ел ретінде, озық өркениетке қабілетті мемлекет, ұлт болып, халықаралық, әлем дәрежесінде танылдық, қабылдандық. Еңсеміз көтеріңкі ел екенімізді сезініп, әлем елдерінің алдында да көрсете алдық.

Бұл – Президент қайраткерлігінің, Мемлекет басшысы ретінде тәжірибелі саясаткерлігінің еңбегі. Сол орасан елдік еңбектің жемісі, нәтижесі.

Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекетіміздің тәуелсіздігіне азамат ретінде де, басшы лауазымды қызметкер ретінде де мол дайындықпен келді. Бұрынғы Кеңес Одағының Орталық билігі жіберген қателіктерін жіті қадағалап, мұқият сараптап, олардың біздің республикамызда қайталанбауына дер кезінде білікті шара қолданып, көп жағдайдың алдын алып жүрді. Олай болуына Елбасының өткен адами өмір жолы, жастайынан қоғамның ең күрделі күретамырына батыл араласып, қандай да сыннан қорықпай, тайсалмай, от көсеп, су кешуден тайынбай, қиындықтардан жалтақтамай, желдің өтінен бұқпай еңбек етуі себеп болды. Шымыр, шыншыл, ашық ортада шыңдалды. Әділдік үшін ең қиын кезеңдерде айқаса білді.

...1979 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өнеркәсіп саласы бойынша хатшысы болып, осыған дейін Қарағанды металлургия комбинатында жұмысшы-металлургтен бастап сол облыстың партия комитетінің екінші хатшысына дейін қызмет атқарған 39 жасар Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бекітілуі сол кездегі республикада, тіпті Одақ көлемінде де елеулі оқиға болды. Олай болатыны – біріншіден, оған дейін өнеркәсіп саласындағы хатшылар әдетте Мәскеуден, орталықтан жіберілетін орыс ұлтының өкілдері еді. Екіншіден, өнеркәсіп сияқты ең ірі саланы жүргізетін қазақ басшылары мұндай жаста сирек кездесетін. Үшіншіден, сол тұста Қазақстанның барлық өңірлерінде одақтық маңызы бар өнеркәсіп кешендерін игеруге айрықша екіпін беріліп тұрған кезең еді. Төртіншіден, бұл жолғы хатшы жастайынан республика, одақтық комсомол трибуналарында көрнекті жас металлург, өнеркәсіп саласындағы жас жұмысшылардың белсенді жетекшісі ретінде танылып қалған есім еді.

Жас хатшы да «өстім, жеттім» деп ырғалып-жырғалып жүрмеді. Келе сала-ақ білек сыбанып, іске кірісті. Орталық Комитеттің бұрынғы жүрісіне жаңа дем, жаңа леп берілгендей әсер байқалды. Қысқа мерзімде-ақ бүкіл өнеркәсіп салаларын сараптап, олардың кемшіліктерін ашық айтып, өзінің ұсыныстарын ортаға салды. Оның тың көзқарастары мен көңілге қонымды ұсыныстарымен кәнігі, тәжірибесі мол, бұрыннан келе жатқан министрлер, облыс, кәсіпорын басшылары санасып, оларды жүзеге асыруға жауапкершілікпен қарап, жаңа басшы талабына сай болуға тырысып бақты. СОКП Орталық Комитетіндегі бөлімдер мен хатшылар, одақтық министрлік басшылары жас хатшының әрбір қадамын, сөйлеген сөзін қадағалап, айрықша назар аудара бастады. Ол сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы, СОКП Саяси Бюросының мүшесі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың толық қолдауы мен сеніміне ие болды.

Республиканы басқаратын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро құрамына алты хатшы, Министрлер Кеңесінің, Жоғарғы Кеңес Президиумының Төрағалары, Министрлер Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасары, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Орта Азия Әскери округінің Бас қолбасшысы сайланатын. Бұдан тыс үш адам қызметтеріне сәйкес Бюро мүшелігіне кандидат болатын. Әрине, жаңадан өңірден келген адам үшін осындай ортаның өз қыр-сыры болуы да әрі мүмкін, әрі заңды. Бірақ, олардың қай-қайсысы да осы жолдан өткен. Бір-біріне сыйласымдылықпен қарайтын. Бюро мүшелерінің әрқайсысының өз орны бар. Бірінші хатшыдан кейін, Министрлер Кеңесінің Төрағасы да ерекше билікке ие. Сол кездегі тәжірибелі Төраға соңғы жылға дейін еліміздің қадірменді ақсақалы болған Бәйкен Әшімов Нұрсұлтан Әбішұлының қабілетін өмір бақи сыйлап өтті. Сол Бюро мүшелерінің барлығы да жаңа сайланған хатшының сөйлеген сөздеріне зейін қойып, оның қимыл-әрекеттеріне мұқият көңіл бөле бастады. Өйткені, ол әрбір кеңес, мәжілістерге терең дайындықпен келіп, проблемалар тамырын дөп басып, тың ойлар, пікір,

ұсыныстар айтатын. Әрине, мұндай қимыл төңірегіндегілерді тек сүйсінтіп немесе таңқалдырып, тамсандырып қана қоймай, олардың да қызмет, мінезіне қозғалыс салатын. Кейбіреулері бойын жинап, өзінің де дайындық, мүмкіндігін ширататыны анық. Басқалар байқап, мән бере алмаған жәйт-жағдайларды бұрынырақ байқап, ұтымды шешім айта алған адамға қолдаушылықпен қатар, іштей қызғанышпен қараушылық болып жататыны да белгілі.

Н.Назарбаев өзі хатшы болған жылдары өнеркәсіп салаларының күнделікті жоспарлы дамуымен қатар республика үшін маңызы бар ірі-ірі жобалардың жүзеге асырылуына бастамашылық ете алды. Еліміздің батыс облыстарындағы мұнай, газ өнімдерін, Орталық Қазақстанда көмір, темір, электр қуатын, Шығыста түсті металдар, Оңтүстікте химия, минералдық тыңайтқыштар өндіруге байланысты одақтық министрліктердің қатынасуын қамтамасыз етіп, Орталық құзырлы орындардың республика мүддесіне сай келетін шешім қабылдауына ықпал етті.

Әсіресе, өнеркәсіп салаларын жабдықтау, олардың тек шикізаттың үлесімен шектеліп қалмай, әртарапты, халық тұтынатын тауарлар шығаратын мүмкіндігін кеңейту, әлеуметтік тұрмыс мұқтаждарын қамтамасыз ету, ауыр өнеркәсіп салаларында қазақ жастарының үлес салмағын көбейтіп, инженер-техник мамандар арасында қазақтардың санын арттыру сияқты толып жатқан ұлт мүддесін қорғайтын мәселелерді Орталық, Одақ дәрежесіне көтере алды. Оның мұндай өткірлігіне жұртшылық риза болып жүрді.

Коммунистік партияның дәуірінде бүгінгідей жариялылық пен басқару ісінде ашықтық шектеулі болатын. Бюро мәжілістерінің күн тәртібі ғана ақпараттанып, онда көтерілген мәселелер, пікіралысу мен талқылаулар, қабылданған шешімдер мазмұны баспасөзде сығымдап қана хабарланатын. Алайда, соның өзінде ел арасында нақты бір шешім, қаулы қабылданар алдында қандай сараптан өткені әңгіме болып жүретіні тағы бар. Бүгінгідей, басшы қызметкерлердің рейтингі жария етілмегенімен, олардың белсенділігі, қайраткерлігі, жұмысының нәтижелілігі өзінің лауазым дәрежесіне қарай ортасында да, қоғамда да, ел арасында да көрініп тұратын.

Нұрсұлтан Назарбаев Орталық комитеттің хатшысы кезінде қысқа мерзімде өзінің біліктілігімен қазақтың мүддесін қорғай алатын қуаты бар екендігін көрсетіп, қоғам назарына іліккен сирек тұлғаға айналды.

Оның негізгі ерекшелігі – Коммунистік партияның қатып-семіп қалған қасаң талаптарына көзқарасты өзгертуге қабілеттілігі болды. Хатшылық лауазымын тек Орталықтың нұсқауы мен тапсырмасын бас шұлғып орындауға бейімделе бермей, ең алдымен республиканың, ұлттың мүддесін қорғауға, сақтауға пайдалану қажеттілігіне қайраткерлік жасай алды.

Әсіресе, өзінің күнделікті жұмысында кеңсе бюрократиясына қарсылығын жасырмай, қызметкерлер арасында ең алдымен сенімділік, біліктілік, білімділік саналарын, қатынастарын қалыптастыруға ден қойды. Кіммен болса да «адам тілімен» сөйлесуге ұмтылды. «Өнеркәсіп хатшысы едім» деп, тек сол сала бойынша цифр сапырумен шектелмей, республиканың сан салалы өміріне қызығушылық танытып, қажет жерінде біліп араласып, өзі де өсті, өзі

араласқан кез келген шаруаның оңтайлы шешілуіне азаматтық, жанашырлық қолқабысын да тигізіп жүрді. Өнер, әдебиет, мәдениет, ғылым, идеология салаларының барлығына да зейін қойып, терең бойлап, өзінің дүниетаным кеңістігін мейлінше өсіруден жалықпады, керісінше, осы жағын жыл өткен сайын үдете түсті. Төңірегіне басшылық лауазымда жүрген көптеген азаматтарды, мәдениет, өнер, ғылым қайраткерлерін топтастырып, рухани үндестік, үйлесімділікке бейімдігін танытты. Қандай жұмысты бастаса да одан нәтиже шығара алатын тиянақтылығы мен білікті өтімділігі оның Мәскеудегі, орталық билік өкілдері арасындағы беделін де өсіріп, тұрақтандырды.

Алты жылға жуық хатшылық қызметінде Нұрсұлтан Назарбаев республиканың экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық әлеуетін толық зерттеп, оның өркендеуіне, болашағына шынайы болжам, нақты жоба жасай алатын дәрежеге жетті. Осы жылдардағы барлық саяси-экономикалық шараларды өткізуде бірде-бір сәтсіздікке ұшырамады. Ешқандай үлкенді-кішілі ресми, бейресми кездесу жиындарда, «дөңгелек үстел», конференцияларда, партия жиналыстары мен съездерінде сөйлеген сөздерінде қателікке ұрынбады, ешкімге есесін жібермеді, ұтымды сөйлеп, жеке дара озып, біркелкі өсу үстінде, екпінді толқын жалында жүрді.

Осындай табанды мінез, жасампаздық қуатын ескеріп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросы Нұрсұлтан Назарбаевқа 1984 жылы жаңа сенім көрсетіп, Қазақ ССР Министрлер Кеңесі Төрағасы қызметіне ұсынып, Жоғарғы Кеңес оны тағайындау туралы шешім қабылдады.

Қазақ үшін де, сол кездегі Кеңес Одағындағы ең жас Премьер үшін де келесі алты жыл – қайшылығы, сынағы көп, қауіп-қатері көп, түсініспеушілікке толы ауыр жылдар болды. Нұрсұлтан Әбішұлы соның бәрінен қапысыз, жеңіліссіз өтті. Ол кезең өзі бөлек тарауға лайық.

1989 жылғы маусым айында Н.Назарбаев Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы, 1990 жылы сәуірде Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып, ал 1991 жылдың 1 желтоқсанында бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде сайлаушылардың 90 пайызының қолдауына ие болуы да, сөз жоқ, еліміздің ең елеулі, тарихи оқиғалары екеніне сірә ешкімнің дауы бола қоймас.

Қазақ өзінің шынайы тәуелсіз еркін ел екенін сезініп, өзінің төл мемлекеті үшін сөз сөйлеп, дауыс беріп, еңбек етер құқығына ие болғанына ұзданы өскен жылдар осылай басталып еді.

* * *

...1991 жылдың тамыз айындағы Мәскеуде Кеңес Одағының вице-президенті Янаев бастаған топтың масқаралықпен құлауынан кейін саяси-қоғамдық оқиғалар ешкім болжай алмаған жылдамдықпен өрбіді.

Сол жылғы ең үлкен оқиға – құрамында 20 миллионнан астам мүшесі бар, 74 жыл алып мемлекет билігінде тұрған Кеңес Одағының Коммунистік партиясы ешқандай съезд немесе пленум шақырылмастан, ешкімнің бір әрекет, бір сөз қарсылығынсыз, Ресей Президенті Б.Ельциннің жарлығымен бірнеше

минөттің ішінде тақтан тайдырылды. Барлық коммунистердің жоғарғы басқарушы биліктің қандай да шешімін талқылаусыз орындайтын темірдей тәртібі осы жолы да мүлтіксіз «жұмыс істеп» ешкім «тұяқ серіппестен» жойылып кете барды.

Партиядағы осы тәртіпті пайдаланып, Н.Назарбаев та шұғыл түрде Қазақстан коммунистерінің кезектен тыс съезін шақырды да, Мәскеудегі шешім арнасында Қазақстанда да Компартияның таралғаны туралы шешім қабылдады.

Дәл осы оқиғаға дейін Нұрсұлтан Назарбаев бұрынғы Одақты реформалап, жаңа одақтық келісім қабылдау керектігіне мейлінше және білгірлікпен атсалысқан. Алайда, Мәскеудегі Орталық басшылары, әрине, бірінші кезекте М.Горбачев Н.Назарбаевтың көңілге қонымды ұсыныстарымен іштей келісіп тұрса да оны қабылдауға, саяси шешімге баруға тәуекел ете алмады.

1991 жылдың 19 тамызы күнгі Мәскеудегі билік өкілдерінің әрекетінің заңсыз екендігін айтып, ол «ұйымның» тапсырмаларын орындай алмайтындығын басқалардан бұрын жария еткен Нұрсұлтан Назарбаев болды. Осыдан кейін ақ бұрынғы Одақтың болашағы тұманданып, енді мүлде күтпеген жаңа саяси жағдай қалыптасатыны кімге болса да түсінікті болды.

Президент шұғыл түрде, қысқа мерзімде жаңа мемлекеттік құрылымдар жасақтап, мемлекеттік басқару органдарын қайта ұйымдастыру туралы Жарлығын жариялады. Республиканың Қауіпсіздік кеңесі құрылды. Одақтық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың Қазақстан Үкіметінің қарамағына көшуі туралы, Қазақстандағы СОКП мүлкі туралы, республиканың сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету туралы, мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы, Сыртқы істер министрлігін құру туралы, Қазақ ССР-інің атауын Қазақстан Республикасы деп өзгерту туралы, т.б. республика өміріне маңызды шешімдер қабылданып, өте ширақ жұмыс жүргізілді.

Бүкіл халықты дүр сілкіндіріп, рухты езген ауыр салмақтан, жанға батқан дерттен құтылғандай әсер етіп, елдің еңсесін көтерген Президенттің ең батыл қадамы 1991 жылдың 29 тамызында қабылданған «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлығы болды. Бұл Жарлық сол кезде тек Қазақстан жұртшылығын ғана емес, Кеңес Одағын түгел елең еткізіп, Орталық биліктің қатты ренішін туғызған еді. Әсіресе, әскери-өнеркәсіп кешенінің ықпалды басшылары Қазақстан Президентінің ешкімнің келісімінсіз өзіндік шешім қабылдауын қатты сынға алып, мемлекеттің қорғаныс қабілетін әлсіретті деген кінә тағуға да тырысып бақты. Семей ядролық полигонын жабу туралы хабар халықаралық дәрежеде үлкен назарға ілікті. Әлемдегі ядролық қаруға ие АҚШ, Англия, Франция сияқты мемлекеттер бұл полигонның болашағына алаңдаушылығын білдіріп, Қазақстан басшылығымен келіссөздер жүргізе бастады.

Сол кездегі қарама-қайшылықты процестерге сараптама жасай отырып, өзінің «Ғасырлар тоғысында» кітабында Н.Назарбаев былай деп еске алады: «... Тіпті Кеңес Одағы әлі бар кезден бастап «ақыл айту» көбейді. Сонау 1991 жылдың 16 наурызында Мемлекеттік хатшы Джеймс Бейкер мені АҚШ-тың Мәскеудегі елшілігіне шақырды. Түн ортасы ауа кездестік. Бейкер елдегі жағдайды білгісі келді. Бірақ сол кезде-ақ, Батыс ядролық қару мәселесін

шешуге жол іздей бастағаны аңғарылды. Бұл турасында сол жылғы 16 қыркүйектегі Алматы ұшырасуында ашықтан ашық сөз болды».

Осы кітапта Президент ядролық қаруға байланысты сол кездегі қиын келіссөздер туралы кеңінен, әрі егжей-тегжейлі әңгімелеп, сол келіссөздердің қандай нәтижеге қол жеткізгенін төмендегідей қорытындылайды: «...1994 жылғы 5 желтоқсанда, СБСЕ-нің (қазіргі ЕҚЫҰ – Қ.С.) Будапештегі мәслихаты кезінде шын мәніндегі тарихи оқиға болды. Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісім-шарттың депозитарийлері – Ресей Федерациясы, АҚШ, Ұлыбритания тарапынан Қазақстан қауіпсіздігіне берілетін кепілдіктер туралы Меморандумға қол қойылды. Онда аталмыш мемлекеттер СБСЕ қағидаларына сәйкес, Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне, аумақтық тұтастығына қарсы күш қолданбауға, экономикалық зорлық-зомбылық көрсетуден бас тартуға міндеттеме алынды. Біз бұл кепілдіктерді Қазақстанның қарусыздану жолындағы жауапкершіл саясатына берілген лайықты жауап деп санаймыз. Кейін мұндай кепілдіктер ҚХР мен Франция үкіметтері тарапынан да берілді...» (Н.Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. 1996, 72-73 беттер).

Алайда, сол кездегі ядролық полигонды жабу жайындағы шешім әлі де дүниежүзілік қоғамдастықта, халықаралық ұйымдарда өзінің лайықты бағасын ала қойған жоқ деп айтуға болады. Біріншіден, жалпы қарусыздандыру жолында да, ядролық қаруды таратпау бағдарында да Н.Назарбаевқа дейін де, одан кейін де осы адамзат тарихында еш мемлекет, еш мемлекет басшысы ондай тәуекелге, ондай шешімге барған жоқ. Екіншіден, адамзатқа, бүкіл әлемге ядролық, техногендік соғыс қаупі төмендеген жоқ. Үшіншіден, бұл қауіпті тежеуге мемлекет басшылары да, әлемнің ең озық технологиялық топтары да ортақ келісім жолдарын табуға ұмтылыс көрсете алмай келеді.

Жоғарыдағы проблемалар, жалпы әлем мемлекеттері басшыларының ядролық қаруды жою жолындағы жауапкершілігі, ЕҚЫҰ-ның тағдыры мен болашағы туралы Елбасы үстіміздегі жылы әлемдік дәрежеде жария болған екі әйгілі мақаласында сөз қозғап, жаңа заман талабында адамзаттың қауіпсіздігі туралы тың ойларын ортаға салды.

Оқтын-оқтын ел ішіндегі әр түрлі саяси топтар да бұқара арасында мемлекет басшысын сынағысы келгенде «ядролық қарудан бекер бас тартты» деп қалатындары да бар. Мұндай күмәнға да Президент өзі өте дәлелді, тиянақты уәж айтып, жауап берген екен: «... Ядролық қару ұстау үшін орасан зор қаражат пен жоғарғы дәрежелі мамандар керек. Бізде оның екеуі де жоқ. Оны былай қойғанда, ядролық қаруға ие болу деген сөз, қай кезде қопарылып кетері белгісіз қатер ошағының үстінде отыру және басқа біреудің дәл саған қарай нысаналап қойған ядролық жебесінің сұғында отыру деген сөз. Сондықтан да кейбір адамдар өз жеріміздегі ядролық қаруды ешкімге бермейміз деп даурыға бастағанда, мен қарадай күйзеліп біттім. Ондай даңғойлар әбден уланып біткен Семей жерін көрмейді, қарадай қыршынынан қиылып, қарадай мүгедектікке ұшырап жатқан жазықсыз жандардың тауқыметін түсінбейді. Ашық ауыздарды алдап, арзан бедел жинауға құнығып алған ондайлар, біздің әлгіндей шешімімізге әлі күнге дау айтады.

Қазақ жері бір кездегі қасіретінен енді арылып келеді... ..Сынақ алаңында 459 ядролық жарылыс болды. Оның жүз он үші әуеде жарылды. Олар енді ешқашан қайталанбақшы емес...» (Н.Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. 1996, 73-74 беттер). Елбасымыздың осы тақырыптағы тың толғаныстарын күні кеше ғана жарияланған «Алып ауқымды әлем және ядролық қауіпсіздік» атты мақаласынан да көріп, сүйсініп отырмыз. Бұл мақалада Нұрсұлтан Назарбаев өз елінің бейбіт атом жөніндегі қағидатты ұстанымын жер-жаһанға жария етті.

* * *

Кеңес Одағы Коммунистік партиясы құлағаннан кейінгі қоғамдағы көңіл күй, адамдардың сол оқиғаға көзқарасы да сан алуан болды. Экономикалық күйзеліс пен рухани күйреу қатар өрбіді. Ең бастысы – сенім кетті. Енді Одақтың да өмірі күмәнді болып қалды.

Осындай күйзеліс, дағдарыстан елді де, қоғамды да құтқарған еліміздің Президенті болды. Ол шұғыл түрде Жоғарғы Кеңеске «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң жобасын ұсынды.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Жоғарғы Кеңесте күні бойы үлкен пікірталас үстінде «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңының жобасы талқыланды. Сол күнгі XII шақырылған Жоғарғы Кеңестің мәжілісіне Президент Нұрсұлтан Назарбаев, 360 депутат, Үкіметтің толық құрамы түгел қатысты. Заңның әрбір бабы, қазақтың ұлттық мүдделері, әсіресе тілге, ұлтаралық қатынастарға, мемлекетаралық мәселелер, кереғар пікірлер мен ұсыныстарға толы болды. Талқылау барысында Президент әлденеше рет сөз алып, депутаттардың кейбір ұшқары ұсыныстарына байыптылықпен, дәйектілікпен дәлел келтіріп, ортақ пікірге шақырып, кейбір жағдайда өз ұсыныстарын да дауысқа салып, заңның сапалы қабылдануына өлшеусіз үлес қосты. Депутаттар арасында болған белгілі заңгерлер, көрнекті ғылым, мәдениет, әдебиет қайраткерлері де аянып қалған жоқ. Әсіресе зиялы қауым өкілдері Салық Зиманов, Жабайхан Әбділдин, Әнуар Әлімжанов, Өмірбек Жолдасбеков, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Зинаида Федотова, Сұлтан Сартаев, Мұрат Әуезов, Нұрлан Оразалин, Александр Княгинин, тағы басқа депутаттардың орынды сөз, ұтымды ұсыныстары заң жобасын ширықтырып, сапасын арттырды. Кешке қарай заң толық қабылданып, Президент мәжіліске қатысушыларды, депутаттар арқылы бүкіл Қазақстан халқын мемлекеттік тәуелсіздігімізбен құттықтады. Ескі гимн орындалды. Ғасырлар бойы бабалар армандаған дербес мемлекет болатынымызды сезінген кеудемізді қуаныш кернеп, тебірендік. Көзімізге жас келді. Бәркімізді аспанға аттық.

Президент тапсырмасы бойынша БҰҰ-ға, барлық халықаралық ұйымдарға, барлық мемлекеттерге жедел ақпарат тараттық (мен ол кезде Мәскеудегі бүліктен кейін, 31 тамызда тұңғыш құрылған Бұқаралық ақпарат құралдары және баспа министрі қызметінде едім). Түні бойы Президент Әкімшілігі мен Үкімет кеңсесінде жүрдік. Министрлік кеңселері де, бұқаралық ақпарат құралдары, редакторлар, редакциялар түгел жұмыста болды. Түнгі он бірден асқанда Президент телефон соғып, Түркия Үкіметінен біздің Тәуелсіздігімізді мойын-

дап, құттықтаған алғашқы телеграмма келгенін айтты. Келесі күні АҚШ-тан, тағы басқа елдерден хабар түсіп жатты....

Жаңа өмір басталды... Рухымыз көтеріліп, ойымызды ерекше қуат биледі. Алғашқы үкімет отырысын Президент өзі жүргізді. Министрлерге бұрын атқармаған жаңа тапсырмалар берілді. Әр күніміз бір ай, бір айымыз бір жылға татитындай қауырттықпен, айрықша серпіліспен, тәуелсіз ел, мемлекет болдық деген сезіммен жұмыс жасадық. Қоғамда қайшылық көп. Бұрынғы одақтық экономикалық жүйе мүлде күйреп, өнім өндіру доғарылып, ірі кәсіпорындар, зауыттар, фабрикалар тоқтап, жаппай жұмыссыздық дендей бастады. Қаржы жүйесі де тежеліп, әр деңгейдегі жергілікті, республикалық бюджет те сарқылып, инфляция күшейді. Дүкендер сөрелері қаңырап бос тұрды, халық тұтынатын тауарлар жоқ. Зейнеткерлер зейнетақысын, мұғалімдер, дәрігерлер жалақысын, студенттер стипендияларын уақытында ала алмай зарықты. Заңдар қабылданып үлгері алмай, үлгергеннің өзінде бұрынғы Одақ көлеміндегі қалыптасып қалған қатынастар жаңа талапқа сай үйлесіп, үйрене алмай, аласапыран болып жатты. Кез келген мекеме, кәсіпорындарда, тіпті жоғары оқу орындарында, көшелер, алаңдарда бастамашы топтар құрыла қалып, дуылдаған митингілер өтіп жатуы үйреншікті жағдайға айналды. Есігіміз, телефонымыз ашық, сол жиналыстарға үкімет мүшелерін, билік өкілдерін күн сайын шақыратын. Қордаланған экономикалық, саяси әлеуметтік проблемалар шаш етекпен. Күндіз есіл уақытымызды осындай жиналыс, митингілерде өткіземіз, елдің сұрақтарына жауап береміз, айтқандарын тыңдаймыз, жағдайды түсіндіреміз. Кешкі уақыттарда түн ортасына дейін отырып, заңдар жазамыз.

Президенттің қызметі дамылсыз, ұйымдастыруы да, тапсырма беруі де, бақылауы да жүйелі. Сол кезде Нұрсұлтан Әбішұлының төңірегінде жүрген лауазымды қызметкерлер негізінен ол кісіден жасырақ та, өзімізше ыстық-суықты көріп, шынығып өскен, әжептәуір дайындығымыз да баршылық азаматтар болсақ та бірінші басшының қуаты мен қарым-қабілетіне таң қалатын едік. Қысқасын айтқанда, жығылып-сүрініп, шаршап, шалдығып істеген жұмыстарымызды екі-үш орап, көп нәрсеге бізден бұрын үлгеріп жүретін.

Президент өзінің жанынан құқықтық, қаржы-экономикалық, саяси-әлеуметтік жүйелерді реформалау шараларын белгілейтін арнайы мемлекеттік комиссиялар құрып, олардың құрамында жұмыс істеуге тек үкімет немесе ресми билік өкілдерін ғана тартумен шектелмей, көптеген қоғамның әр саласынан ғалымдар, мамандар, сарапшыларды қосып, олардың мүмкіндіктерін ортаға салуға жағдай туғызды. Дүние жүзінің, әлемнің ең озық дамыған елдерінің мемлекеттік тәжірибесін зерттеп, біздің өмірімізге, мемлекетімізге сәйкес келетін жағымды жақтарын пайдалануға мән берді. Бізді көп нәрсеге жаңаша қарауға үйретті, өзі де үйренуден жалықпады. Шет ел мамандарының, белгілі қаржыгерлер, экономистер, саясаткерлердің біздің елге көптеп келіп-кетіп жүргендерімен кездесіп, мүмкіндіктерін байқап, олардың ұсыныс-кеңестерін мемлекет құру ісіне жаратты. Қазақстаннан тыс жерде, басқа елдерде, әсіресе Ресейде әр түрлі қызметтерде жүрген ұлты қазақ мамандарды елге шақыртып, олардың білімін тиімді пайдалану мақсатында қызмет беріп, тұрмыс

жағдайларын шешіп, өз Отанына қызмет етуге, ұлттық мемлекетінің шаңырағын көтерісуге жұмылдырды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қысқа мерзімде, бірнеше айдың көлемінде жүзден астам мемлекет Қазақстанмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға келісімге келді.

Президент шұғыл түрде Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасын, әскери доктринасын жария етті. Ел ішіндегі жаппай реформалар мен кезек күттірмес мемлекет құру жұмыстарын бір сәтке де кідіртпестен, дүниежүзілік қоғамдастықтың белсенді мүшесі болып, басқа елдермен тең терезелі, достық қарым-қатынас орнатуға екпін беріп, күш салды. Дүниені кезіп жүріп, дос іздеп, тілектес жинады. Бұрын «қазақ» деген сөзді естіп көрмеген президенттер, корольдер біздің Елбасының жарқыраған маңдайын, жарқылдаған көзін, өтімді сөзін, жасампаздық қайратын, қыран қанаты қалықтап, желбіреген көк туын көріп, қуатты әнұранына құлақ түріп, құшағын жайғанда қазақтың мәртебесі көкке көтерілді.

Президенттің басқа елдерге әрбір сапарының мазмұнының өзі бір емес, бірнеше мақалаға жүк. Қазақтың көк туын көтеріп жүріп, елін басқалармен тең етті. Бөтендердің қазаққа деген сенімін тұрақтандырып, соның арқасында ел экономикасына қысқа мерзімде миллиардтаған инвестиция ағылды.

Нұрсұлтан Әбішұлының сыртқы саясаттағы көрегендігінің әлденеше рет куәсі болдық. Соның бірі – 1992 жылғы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47 сессиясында сөйлеген сөзіндегі Азиядағы өзара ынтымақтастық және сенім шаралары Кеңесі (АӨСШК) туралы ұсынысы. Бастапқы кезде, әсіресе шетелдік әріптестер бұл ұсынысқа терең мән бере қоймағаны жасырын емес. Біздің Президент қажымастан, күмәнданбастан, қобалжымастан осы бағыттағы дипломатиялық ұстанымын он жыл үзбей жүргізуінің нәтижесінде 2002 жылы Алматыда Азиядағы 17 мемлекет басшылары негізгі мүше ретінде, ал 5 мемлекет басшылары бақылаушы дәрежесінде қатынасқан бірінші басқосуы болып, бұл Азия континентіндегі осындай өзара сенім сипатындағы тұңғыш халықаралық ұйым болып қалыптасты.

Қазір жүйелі жұмыс жасап, өз дәрежелерінде таным, сенімге ие болған ТМД, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Кедендік Одақ біздің Президентіміздің бастамашылдығымен құрылып, осы ұйымдарға кіретін барлық елдердің ынтымақтастығы мен бейбіт қарым-қатынасына, игілікті дамуына жұмыс істеп жүрген ұйымдар.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінің өзі – біздің еліміздегі экономикалық, саяси реформалардың тиімді жүргізілуі, жаңа Қазақстанның әлемде танылуы және Президентіміздің халықаралық беделінің көрнектілігінің нәтижесінде қол жетіп отырған тарихи жеңіс.

* * *

Президент те қаншама айрықша күш, қайрат, қуат иесі болса да, кәдімгі ет пен сүйектен жаралған адам, пенде. Бірақ, қанша пенде дегенмен де жәй адам да емес. Оның жүріс-тұрысы да, сезім түйсігі де бәрімізден өзгешелеу.

Ең негізгі қасиеттері – оның табанды, төзімді мінезі, қандай қиын жағдайда да саспайтын ұстамдылығы, қалғымас тапқырлығы мен сарқылмас ерік күші. Бойындағы осы қасиеттерін халық көріп келеді. Осындай билігінің арқасында талай түйін шешілді, көп қайшылық жойылып, тұйықтан жол табылды. Осының бір айғағы ретінде Елбасының дағдарыс өршіп тұрған 1997 жылғы Қазақстанның 2030 жылға стратегиялық даму жоспарын жария еткен халыққа Жолдауының маңызын айтсақ та жеткілікті. Әуел баста қоғамда да, кейбір сарапшылар да «елге жалақы, зейнетақы төлей алмай отырғанда қайдағы «гүлденген Қазақстан» туралы айтуға болады?!» деген сыңайда күдік болғаны да рас. Өмір Президенттің ұстанымының дұрыс екендігін дәлелдеді. Оған үстіміздегі жылдың 29 қаңтарындағы кезекті Жолдауында баға берілген алғашқы онжылдық нәтижелері арқау бола алады. Тұрмыс оңала бастады. Соңғы жылдардағы жаһандық дағдарыс жағдайының өзінде әуел баста қабылданған әлеуметтік бағдарламалар толық орындалып келеді.

Мемлекеттің әлеуеті қуаттанып, өмір сапасы өсіп келеді. Президенттің мемлекеттік еңбегінің бірден бір мақсаты да осы көрсеткіштер болса керек.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тек экономикалық құлдырау ғана емес, саяси-қоғамдық, рухани, гуманитарлық салалардағы дағдарыс та адам өміріне өзінің шарпуын тигізді. Қазақтар қанша экономикалық зардап шегіп жатса да, тәуелсіздік рухына жалғасып, болашақ үмітке ұмтылып өмір сүрді. Алайда, басқа ұлттар өкілдері әлі бұрынғы Одақтың құлағанына сене алмай, кейбіреуі өз елімізді табайық деп, көшіп кетіп жатты. Кейбір өңірлерде тіпті сепараттық әрекеттер де бой көрсетпей қалған жоқ.

Президент өзі бастап, қалың ел, барлық ұлттар өкілдерімен кездесіп, олармен ашық сөйлесіп, жаңа Қазақстанның ұлт саясатының мемлекетте тұратын барлық ұлт өкілдерінің тең құқықтығын сақтап, ұлтына қарай ешкімді ешқандай кемсіту болмайтындығын айтып, дамылсыз кездесулер өткізіп, мемлекеттің ұлтаралық келісімге негізделген салиқалы саясатын түсіндіруден жалықпады. Бұл ұстанымдар 1993, 1995 жылдары қабылданған Конституцияларда да бекітілді. Осы мақсаттардың жүзеге асырылуына оң ықпал ететін Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Оның құзыры арнайы заңмен бекітілді. Ел ішіндегі тыныштық, саяси тұрақтылық, қоғамдық келісім мәселелері Президент назарынан бір сәтке де қағыс қалған емес.

Президент сондай-ақ ел ішіндегі тыныштық пен түсіністік жағдайын, ең алдымен көршілес елдермен достық, бейбіт қарым-қатынасқа ұластыруға талпынады. Әсіресе, көршілес Ресей, Қытай, Өзбек, Қырғыз, Тәжік, Түркімен елдерімен үздіксіз қарым-қатынас жобасын жүзеге асыруға мүдделі. Президенттің интеграциялық саясаты да ел мүмкіндігін, қазақтың еркін өсіп-өнуінен туындайды.

* * *

Тәуелсіз мемлекетіміздің айқын көрсеткіші, рәмізі – мемлекеттік шекара. Бабаларымыз көзінің қарашығындай қорғап, қасық қанындай қасиеттеп өткен ең асыл мұрасы – қазақ елінің жері. Ежелден қазақ жерінің жобалы шекарасы болғанымен біздің бүгінгі заманымызға дейін ресми түрде заңмен бекітіліп,

көршілес, шекаралас мемлекеттермен арнайы келісіммен хатталып, мойында-лып, халықаралық ұйымдармен танылған мемлекеттік шекара белгіленген емес.

Нұрсұлтан Әбішұлы осы мәселені ең басымды міндеттердің қатарына қойып, жүзеге асыруды қолға алды.

1995 жылдың 11 мамыры. Кешкі сағат 17:00-ге Президенттің қабылдауына шақырылдым. Өте жылы қарсы алды. Жаңадан ұйымдастырылып жатқан Халық бірлігі партиясының жағдайын сұрады. Әр түрлі мәселелер жайын сөз еттік. Бір кезде:

– Мен саған мүлде сенің ойыңа келмеген ұсыныс айтқалы отырмын, – деп әдеттегісінше қадала қарады да сәл үнсіздіктен кейін әңгімесін жалғастырды.

– Өзің білесің, осы мемлекетімізді қайтсек күшейтеміз, қуаттандырамыз деп, бұрын-соңды болмаған қанша дүние жасап жатырмыз. Қасымда жүрсің, ыстық-суықты бірге көріп келеміз. Мына экономиканың қиындығы болып тұр. Бәрін қайта жасауға тура келіп тұр. Бұл тығырықтан да шығамыз.

Осы үш-төрт жылдың ішінде қаншама елмен тереземіз тең қатынас орна-тып келеміз. Бізді ешқашан білмеген, танымаған елдердің елшіліктері ашы-лып жатыр. Өзіміз қанша елшілік аштық. Өзің ойлашы, мынау Ресей, Қытай, Германия, Франция, Америка қашан бізбен тең сөйлесіп еді?!

– Оныңыз рас. Рас айтасыз, – дедім, сәл кідіргенін пайдаланып, – Сіз өзі-ңіз әлемді аралап, қазақты танытып жүрсіз ғой, – дедім.

Президент енді әңгімені тереңнен қозғады.

– Тарихтан білесің, аталарымыз ежелден Шығысымыз бен Солтүстігіміз-дегі екі алып елмен қатынасқа айрықша мән берген. Абылай бабамыз да еке-уімен бірдей қатынас жасап, қазақты сақтап қалған ғой. Қазір жаңа заман. Жаңа жағдай. Мына Қытай қатты дамып келеді. Төраға Цзян Цзэминьмен Мәскеуде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығында кездестім. Жақ-сы әңгімелестік. Елшілікке республикада көрнекті қызмет істеген, өзіңнің ең сенімді адамыңды жібер деп отыр.

Әңгіменің төркінін енді түсініп, селт ете қалдым. Бірақ сыр бермеуге тыры-сып, үндемедім.

Президент:

– Әрі ойлап, бері ойлап, соған сені лайық көріп отырмын, – деп маған «не дейсің?» дегендей сұрау мағынасымен қарады.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, шынында да мен мүлдем күтпеген, тіпті үш ұйықта-сам түсіме кіретін әңгіме емес екен. Оның үстіне қытай маманы емеспін, тілін оқымадым, білмеймін.

– Егер келіссең, мүлдем жаңа өмірің басталады. Ойлама, бұл қызмет сенің бұрынғы қызметтеріңнен төмен екен деп. Бұл – премьердің орынбасарынан кем емес. Бірақ айттым – бітті деп отырғаным жоқ. Ықыласыңмен бар. Тіл біл-мейтініңді білем. Әрине, білгенге не жетсін. Бірақ, біз қазір барлық жақты кө-сібі дипломаттармен қамтамасыз ете алмаймыз. Қытай сияқты ірі елдерге саяси, мемлекеттік қызметтерде өзін көрсеткен, сол елдің Үкіметімен тең дә-режеде сөйлесе алатын, тәжірибелі адамдар жіберуге мәжбүрміз. Мұндай тә-жірибе ежелден бар. Кезінде Полянский, Толстиков деген Политбюро мүше-лері – бірі Жапонияға, бірі Қытайға елші болған. Есіңде болсын, егер Қытайға

бара қалсаң, еліміздің, қазақтың мүддесіне үш ірі жұмыстың жасалуына тікелей өзің қатынасып, өзің мұрындық боласың. Бірінші міндетіміз – Қазақстан-Қытай арасындағы шекаралық толық келісімге қол жеткізу. Екіншісі – Қытайдағы қазақтардың сол елдегі құқы, сол елде өсуі, өркендеуі, Отанына келем дегеніне жағдай туғызу. Үшіншісі – шекаралық өзендерді тең пайдалану жөнінде екі ел арасында келісім қабылдау, – деп алды-артымды орап тастады. Сәлден соң сөзін жалғастырып:

– Сауда-экономикалық қатынастың көлемі өседі, болашақта мұнай туралы да Қытаймен қарым-қатынастың уақыты келеді, – деп қорытты.

Әрине, Президенттің қазақтың мүддесі деп атаған үш күрделі мәселесін естігеннен кейін қандай солқылдақтық болуы мүмкін?

Бұл кездесуді еске алудағы мақсат – Елбасының не мәселенің болса да терең тамырын ойлайтындығын, екіншіден, Мемлекет басшысының адаммен сөйлесу шеберлігін, жоғары мәдениетін, қамқорлығын көрсету, үшіншіден, әсіресе, Қазақ елінің шекарасының заң жүзінде тиянақталуындағы Елбасының тарихи еңбегін айту.

Тәуелсіз Қазақстанның жан-жақты көршілермен шекарасын анықтап, толық қамту Нұрсұлтан Назарбаевтың үлесіне тиді. «Тиді» дегенде, ол өздігінен келе қойған жоқ. Солай боларына салиқалы, дәйекті келіссөз жүргізіп, өз әріптестері – мемлекет басшыларының көзін жеткізіп, тілін тауып, мәмілеге келе алғандығын айту маңызды. Ол жұмыс бүгінгі Қытаймен қарым-қатынастан басталды. Жалпы Қытай мемлекеті, елі заңды, қол қойылған құжатты қатты сыйлайды. Дәстүрлі түрде заң тыңдағыш, заң сыйлағыш халық. Мәнісін қысқа қайырып айтар болсақ – Қытай ежелден өзімен шекаралас 15 мемлекеттің ешқайсысымен шекаралық келісімге қол жеткізуге мүдделі болмаған. Тіпті Кеңес Одағының дәуірлеп, күшейіп тұрған кезінде шекаралық келіссөздерді тығырыққа тіреп отырған. Ол үшін шартты «даулы учаскелер» болды.

Сол тоңды 1995 жылдың қыркүйегінде Нұрсұлтан Назарбаев Қытайға ресми сапары кезінде Қытай Төрағасы Цзян Цзэминьмен келіссөзінде жібітті. Келіссөздерге бөгет болып келген «даулы учаскелерді» екі жақтың мүддесін сақтай отырып, қарастыратын болдық. Осыдан кейін-ақ шекара келісімі туралы келіссөздер өз уақытында және нақты нәтижемен жүргізілді. Қытай Төрағасы 1996 жылдың 4 шілдесінде Қазақстанға тұңғыш сапары кезінде өткен кездесу кезіндегі қол жеткізген келісімдерді толық қолдап, Қазақстан-Қытай қатынасын тек қана достық бағытта дамытатынын айтты. Хаттамадан тыс кездесу кезінде: «Президент мырза, шекара мәселесі – ең сезімтал жер. Сіз мәселені дұрыс қойып жүрсіз. Мен Төраға кезімде осы тарихи мәселені бітіріп алайық», – деп ықылас білдірді.

Сонымен, 1997 жылдың қыркүйегінде Алматыда бірінші қосымша келісімге (келісім көлемі – 1300 бет), 1998 жылы қазанда Пекинде – екінші қосымша келісімге, ақыры 1999 жылы қарашада Қазақстан-Қытай шекара мәселелерінің толық реттелуі туралы Коммюникеге Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, КХР Төрағасы Цзян Цзэминь қол қойып, ғасырлар бойы шешілмей келген Қазақстан-Қытай арасындағы 1748 шақырым шекара заңдастырылды. Ол келісімдер екі жақтан да ратификацияланып, БҰҰ-да мақұлданды.

Қытай өзімен шекаралас 15 мемлекеттің ішінде Қазақстанмен бірінші болып, толық шекаралық келісімге қол қойды. Енді барлық карталар сол келісімге сәйкес жасалатын болды.

Осыдан кейін 2005, 2006 жылдары Қазақстан-Ресей арасындағы 7.500 шақырым шекара заңдастырылды. Бұл келісімге Ресей жағы да мүдделі емес еді. Оның үстіне кезінде шекараға байланысты Солженицын, Горбачев, тағы басқа саясаткерлер айтқан арандатқыш пікірлер де Ресей қоғамының кейбір орталарында тілге тиек болып жүргенін ескерсек, бұл келісімнің тарихи маңызы зор.

Сол сияқты басқа да көршілес елдер – Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан мемлекеттерімен құрлық шекара келісімдерінің тарихи маңыздылығын дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

Қазақтың мүддесін қорғайтын осындай тарихи маңызды нақты іс-әрекеттерді жүзеге асырып, шешім қабылдау бақыты тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың үлесіне тисе, өзінің еңбегіне қарай, тарихи жеңісі деп айту әділдік болар.

Ғасырлар бойы Еуразияның кең даласын кезіп, жан сақтап, ұрпақ сақтау арқылы жерін сақтау үшін жанын пайда еткен қазақтың әлемнің озық елдерімен, өркениетімен қатынасып, бойын теңестіріп, өркендеуге бет алған қозғалысы – осы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған қазақтың жаңа дәуірі.

Осы дәуірде қазақ не істей алады, сапасы, мүмкіндігі қандай болмақ, біз, ұлтымыз, кім, қандай боламыз, – әрине, мұның бәрі жалғыз ел бастаушы Президентке ғана емес, бүкіл ұлтқа, елге сын.

«Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 6 сәуір

Мұқтар ТІНӘСІЛІ,
экономика ғылымдарының докторы,
Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті
қаржы және маркетинг кафедрасының меңгерушісі

ҚАЗАҚТЫҢ ДАНА, КЕМЕҢГЕР ҰЛЫ

Басымызға бақ қонып, қазақ халқы бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткізгеніне он тоғыз жыл толғалы тұр. Осы жылдарға бүгінгі күн биігінен көз жүгіртетін болсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қыруар қиындығы мен шытырман шырғалаңы мол қысқа ғана уақыт ішінде ежелден ер боп туған қайсар қазақтың ұлына тән бар қасиеті мен күш-қайратын бір ғана мақсатқа – қазақ халқын және оның жерінде тұрып жатқан ұлт пен ұлыс өкілдерін бір кісінің баласындай бейбіт, тату өмір сүруге шақырып, әлемде өзгелермен терезе теңестіріп, басқалар пікірімен санасатын шын мәніндегі тәуелсіз де қуатты мемлекет құруға жұмсап келе жатқанын көреміз. Азаттықтың ақ таңы атқан алғашқы жылдарды еске алсақ, егемендік алған тұста ел экономикасының жағдайы қандай еді?! Ұзақ жылдар әлемнің алтыдан бір бөлігіне үстемдік еткен алып империя – КСРО-ның құрамында болған Қазақ елі жоспарлы экономиканың барлық көрсеткіштері құлдырап, құрып кетудің сәл-ақ алдында болатын. Сондай қиын тұста ел егемендігін жариялап, бүкіл қазақ даласының тәуелсіздігін төрткүл дүниеге паш еткен тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа жаңа мемлекеттің тізгінін берік ұстау оңай болған жоқ. Тіпті ел егемендігін айғақтайтын алғашқы құжат – Тәуелсіздік туралы Декларацияны жариялаудың өзі асықпай жүріп, анық басатын қайраткерден жеті емес, жетпіс мәрте өлшеп-пішуді қажет еткенін мойындауымыз керек. Республика халқының құрамында мемлекет құраушы халықтың пайыздық мөлшерінің жетімсіздігі, басқа ұлттардың айтарлықтай үлес салмағы, Кеңес тұсындағы қоғамдық меншік және «мемлекет бәрін қамтамасыз етеді» деген түсініктің жетегінде тәрбиеленген бұқараның саяси белсенділігінің төмендігі мәселені оңтайлы шешуге қаншалықты кедергі келтірді. Елбасының тікелей басшылығымен Қазақ елінің азаттығын айғақтайтын мемлекеттік нысандар – Әнұран, Елтаңба, Туымыз дүниеге келді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ төл теңгеміз, яғни ұлттық валютамыз айналымға қосылып, еліміздің дербес экономикасының қалыптасып, өркендеуіне үлкен үлес қосты. Елбасының аса мәмілегер, қандай жағдайда да ұлттың ұпайын жоғалтпауға тырысатын табандылығының арқасында тарихта тұңғыш рет көрші мемлекеттердің бәрімен шекарамыз шегеленіп, айқын анықталды.

Осының бәрінен дауды даурықтырмай ақылға салып, дәлелдеуді қажет етпейтін дәйектермен әділ шешетін дана қазақтың баласына сай шешендік, ақылдылық, табандылық, қайсарлықпен өте білген Нұрсұлтан Назарбаев – шын мәнінде, Тәуелсіз Қазақ мемлекетін құрған ұлтымыздың ұлы тұлғасы!

Оның басшылығында осы он тоғыз жыл бойы еліміз үлкен экономикалық даму бағытымен жүріп келеді. Өйткені кез келген дамушы елдің ең атаулы жұлыны – экономикалық саясат. Міне, сондықтан да «Алдымен экономика, сосын саясат» деген ұстанымды басшылыққа алған Елбасы егемендікті алған жылдардың алғашқы күндерінен-ақ жас мемлекеттің жаңа экономикасын қалыптастыруды қолға алды. Бұрынғы қатып қалған жоспарлы экономиканы түбегейлі реформалау арқылы еркін нарықтық экономикаға қарай бет түзедік. Алпауыт күштер сырттан андыздап тұрғанда, ел ішінде адам баласы түсініп болмайтын шытырман оқиғалар орын алып жатқанда, Назарбаев нағыз көшбасшыға тән көрегендік, көсемдікпен есеңгіреген елдің есін жиып, Ұлы далада өте қысқа мерзімде бұрын-соңды болмаған бүтіндей жаңа мемлекет орнатуға кірісті. Нәтижесінде, орнатып, қалыптастырып, дамытып, әлемге танытып, әлемдік қауымдастыққа мойындатып қана қойған жоқ, мемлекеттіліктің, ел басқарудың өзіндік жаңа қазақстандық мектебін қалыптастырды. Өзі де әлем қауымдастығы мойындаған кемеңгерге айналды. Ел алдындағы, өркениет алдындағы осындай аса жауапты міндетті Елбасы абыроймен орындады. Ішкі-сыртқы қиындықтармен арпалыса жүріп, аса маңызды жобаларды жүзеге асырды. Сөйтіп, Қазақстанды әлемдік қауымдастықтың бұрын еленбейтін тобынан бүгін ең алпауыт елдер үнемі назар аударып, пікірімен санасып отыратын қатарға қосты.

Ең әуелі жалпақ дүниеге ат ізін салып, барған жерінен бос қайтпай, еліміздің туын аспандатып, еңсесін биіктетті. Сөзін өткізді. Нешеме алпауыттың бүйрегін бүлк еткізіп, елдегі тұралап жатқан шикізат пен өндіріс көзіне шеттен инвестиция тарта білді. Соның арқасында жеті қат жер астындағы шикізат көзіне қол жеткізер технологиясы, бесаспап білгір маманы жоқ, қаржы көзі тапшы дамушы елден бұл күнде көмірсутегін өндіруден дүниежүзінде бесінші орынға, уран өндіруден екінші орынға көтерілдік. Еліміздің дарынды да алғыр жастарын «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде оқытып алуға жол ашты. Нәтижеде қазір менталитеттік технологияның құлағында ойнайтын ойы оралымды, ақылы зерек жастар елдің басқару жүйесінде, ғылыми-зерттеу институттарында, өндіріс ошақтарында білек түріп жұмыс жасауда. Ғарыштық зерттеу комитетінде, «Жол картасында», 30 корпоративті көшбасшы, инновациялық кешенді өндірісте топ-менеджерлік ел ертеңі – іс білетін жастардың қолына көшуде.

Адам өмір бойы үйренеді, ұдайы жетіледі. Әрдайым өзін-өзі қамшылау, білімдіден үйрену, білгенін үйрету, сол арқылы қоғамды алға сүйреу – Президентіміздің айрықша қасиеті. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» – ұлт болып, Елбасы болып өзін-өзі қамшылаудың айрықша көрінісі. Бәсекеге қабілетті болу үшін адам факторы алғашқы орынға шығарылды. Өйткені еліміз бәсекеге қабілетті болуы үшін алдымен адам, маман бәсекеге қабілетті, білімді болуы керек. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, ең бір қиын кезеңде, 1993 жылы бюджет саласының қызметкерлеріне жалақы төлеуге, зейнеткерлерге зейнетақы беруге қаржы табылмай жатқанда да Нұрсұлтан Назарбаев тек сол кезді емес,

мемлекеттің ертеңін ойлады. Сол тұрғыдан «Болашақ» стипендиясын тағайындады. Білім берудің қазақстандық моделі жасалды. Білім беру саласында өмір бойы білім алу, өмір бойы іздену, үзбей жетілу тұжырымдамасы алғы межеге шықты.

Өткен ғасырдың 90-жылдарындағы азиялық дағдарыстан Елбасының арқасында аман өттік. Соның себептері мен салдарларын терең зерттеп, талдаудың нәтижесінде әлемдік тәжірибелерді ескере отырып жасалған Қазақстан дамуының 2000-2030 жылдарға арналған даму стратегиясы елдің кемелденуін айқындайтын сараптама екенін келе-келе түсіндік. Сол стратегия елге толқын-толқын болып келетін жеті түрлі серпіліс әкелді: ұлттық қауіпсіздік жүйесін нығайту; елдің саяси құрылымын – Президенттік институт, қос палаталы парламент архитектурасын қолмен құру; 30 корпоративтік көшбасшы нысанды шегелей түсіп, елді ашық рынокқа көшіру; білім беруді, денсаулықты, әлеуметтік әл-ауқатты сатылап көтеру арқылы өмір сапасының ұлттық стандартын жасау; экономикадағы голланд ауруын еңсере отырып, көмірсутегі көздерін өндіруден Қазақстанды мұнайлы елдердің ондығына шығару; көлік және байланыс жүйесін жолға қою; кәсіби басқару жүйесін қалыптастыру. Бұл жеті асудан ат шалдырмай өту оңайға түспеді. Тау қопарғандай толағай төуекелді, жүрек жұтқан батылдықты қажет етті. Қазір қарасаң, бәрі өз-өзінен бола салғандай, ертегідегідей елестейді! Бұл жобаларды жүзеге асыруда Елбасы АҚШ-тың өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы Рузвельттің «Ұлы дағдарыстан» шығу жолын, Қытайдағы Дэн Сяопин «Драконының секірісін», Малайзияның «Перспектива-2020» жоспары секілді сол елдерді іркілістен жетелеп шығарған әлемдік тәжірибелерді де ескерді.

Уақыт – жинақтауға, көбейтуге, кері қайтаруға көнбейтін құдірет. Дүниеде уақытты жеңе білген адам жоқ. Уақытпен ұстаса білген адамдар ғана ұтады. Алмас тасындай жарқылдаған Президенттің уақытпен жарыса жүруі – мінезінің ең асыл қырларының бірі. Астана қаласында бой көтеріп жатқан халықаралық деңгейдегі жаңа университет білім-ғылымның сапасы бөлек жаңа ордасына айналғалы тұр. Базалық орталығы бар, әлемдік талаптарға жауап бере алатын, Массачусетс технология институты, Гарвард, Оксфорд, Колумбия университеттері секілді жоғары оқу орны болмақ. Бұл университет еліміздің ғылыми-техникалық элитасын құрамақ, өздеріне жауапкершілік ала алатын жас адамдардың жаңа буынын тәрбиелемек. Осы жаңа буын бүгінгі өзгерген экономикалық, технологиялық жағдайларға бейімді болатынына, сөйтіп, Қазақстанды жаңа биікке көтере алатындығына нық сенімдіміз.

Айтса айтқандай-ақ, Президентіміз ғаламдық құбылысты, кезеңдік сілкіністі елден бұрын, алыстан сезетін көріпкел иесіндей көрінеді көзіме. Өйткені әлем әлі күнге жалғасып келе жатқан дағдарыс туралы енді әңгіме қозғай бастаған кезде біздің Елбасымыз Үкіметке оған қарсы шаралар пакетін қабылдаттырып, Ұлттық қордан дереу 10 миллиард доллар қаржы бөлдіріп, «аурудың алдын алды». Соның арқасында өзге елдерде, әсіресе, Еуроаймақ секілді дамыған экономикасы бар қуатты мемлекеттерде дағдарыс тереңдеп

бара жатқан қазіргі жағдайдың өзінде біз одан шығып отырмыз. Әлемге таны- мал экономист-сарапшылар мен мемлекет басшылары, соның ішінде Қытай Халық Республикасының төрағасы Ху Цзиньтаоның Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстанның дағдарыстан шығуымен құттықтауы – бұл сөзі- міздің айқын дәлелі. Тағы бір мысал, еліміздің оңтүстігінде «Көксарай» су қоймасын салу жөнінде бастапқыда әр түрлі пікірлер болды. Біреу «керек» деді, біреу «керек емес» деді. Ақыр аяғында Елбасының тікелей шешімімен ол басталып, алғашқы кезегі пайдалануға да берілді. Бұл шешімнің де асқан көрегенділік екенін биылғы жыл көз алдымызда дәлелдеп отыр. Егер осы су қоймасы салынбағанда, жауын-шашынның молдығынан, еліміздің шығы- сындағы сияқты, оңтүстікте де қанша шығын болуы мүмкін еді! Тек Елбасы қабылдаған шешім, жедел әрекеттің арқасында ғана биыл оңтүстікте орын алуы мүмкін көп қиындықтардың алды алынды. Бұлар – ел өмірінен ғана алынған екі мысал. Сонымен бірге Нұрсұлтан Назарбаев – бүкіл адамзаттың келешегіне қатысты тың да тура бастамалармен көрініп жүрген әлемдік дең- гейдегі үлкен саясаткер. Оның жарқын бір мысалы – биылғы сәуір айында ғана Вашингтонда өткен ядролық қарусыздануға қатысты саммитте біздің Пре- зидентімізге көптеген елдердің басшылары мен саяси сарапшылар, әсіре- се, АҚШ президенті Барак Обама тарапынан берілген баға мен көрсетілген құрметтер.

Елбасы белгілеген экономикалық саясатты жүзеге асырып, реформалар жүргізудің арқасында Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері, міне, жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 8000 долларға жетті. Халқымыз бейбіт өмірдің ләззатын көріп, адамдар тыныш еңбек етіп, ұрпақтарын алаңсыз тәрбиелеу- де. Қазақстанның экономикалық даму үрдісін жұмыр жердің жұртшылығы тү- гел біліп, көріп отыр емес пе?

Айтпақшы, жұмыр жерде қауіпсіздік пен тұрақтылықты дәйекті ету мақса- тында Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына мүше елдердің лидерлері бас қосқанда, Екатеринбургте Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдер бас- шыларының саммитінде «Не мәселе қозғалар екен?» деп елендестік. Таң- ғалғаным: жұмыр жердің тең жарымын жайлаған, дүниені аузына қаратқан алып елдердің басшылары арасында Президентіміз айрықша нұсқаланып көрінді. Жарқылдап жүрді. Толағайлы ой толғады. «Енді не қыламыз?» деп дағдарыстан үркіп, дағдара бастаған жайсаңдар мен жақсыларға серпін берер тың сөз айтты, санасына сенім ұялатты. Үстіміздегі жылы үлкен сегіздік (G8) пен жиырма алпауыттың (G20) лидерлері бас қосқан жиынында Президентіміз жаңашылдығымен көзге түсті. Елден бұрын дағдарыстан шығу кілтін ұсын- ды. Валютаның «аспанға ұшып кетуінің» жеті түрлі себеп-салдарын жіліктеп шықты. Тұла бойында жеті түрлі генетикалық сырқаты бар валютаны, ақаулы капиталды Президентіміз «дефектал» деп атады. «Жаңа дамуға жаңа белгі, тың атау берілгені жөн. Ертедегі гректер дамудың жоғарғы кезеңін «акме» деп атаған. Бойында ауру-сырқауы жоқ таза капиталды жаңаша акметал деп бел- гілейік, ал жаңа әлемнің болашақ сатысын ендігі жерде акметализм деп ата- ған дұрыс болар» деп келешек жайлы тың тұжырым жасады. Ертеңгі күнге

қалай қадам басуды ойласуға шақырды. Әуелі ақаусыз, ауру-сырқаусыз өңірлік жаңа валютаға көшкен жөн деді. Баяғы жеті залалды, дімкесті валютаның шаңын қағып, сауықтырып, әлемдік акме-валютаның – жеті ақаусыз жаңа жүйесіне ертерек көшкеніміз дұрыс деп дабыл қақты. Валюталық-есептік бірліктерге арнап өңірлік және континенталдық эмиссиялық орталықтар жүйесін жасаған жөн деп нығыздады. Сөйтіп, Нұрсұлтан Әбішұлы жаңа жүйені – ақаусыз әлемдік валютаны – баяғы адамзатты топан судан құтқарған Нұх кемесіне теңеді.

«Адамзат әлі біліп болмаған дағдарысты, айрықша үрейлі құбылысты терең зерделеуіміз қажет. Ескі догмалар мен стереотиптерді сілкіп салып, экономикалық заңдарды қайта қарастыратын кезең келді. Жаңаша батыл көзқарас қажет», – дегенді алғаш айтқан да Қазақстан Президенті болды.

Көнерген дефекталдан шығып, жаңа әлемдік транзиталға көшу ұсынысы да – Президентіміздің жарқ еткен жаңашылдығының тағы бір көрінісі. Бұл ұсынысты Астана II экономикалық форумының мәртебелі мейманы, Нобель сыйлығының лауреаты Роберт Манделл мырза қуана құптады. Ризалық сезімін жасыра алмады. Президентіміздің осындай ойлы тұжырымдары мен пәрменді іс-қимылдарынан кейін-ақ жаһанды жайлаған қаржылық қиындықтардан аман-есен өтіп, дағдарыстан дамуға қадам басамыз деген сенім жүрегіміздің төріне шығып, көңілден үрей кетті.

Президент Назарбаев – мемлекеттігімізді орнатып, оны қалыптастырып, экономикасын реформалау арқылы өзін де, елін де әлемге мойындатқан қазіргі заманның аса дарынды тұлғасы! Елбасының аз ғана жылда адам айтса нанғысыз атқарған қыруар істері болашақ ұрпаққа аңыз болып жететіні сөзсіз. Аумалы-төкпелі алмағайып заманда мың өліп, мың тірілген қазақтың, үш ғасыр бодан болған елдің тізгінін Нұрекеңдей азаматтың ұстауы Алланың халыққа берген үлкен сыйы деп түсінемін. Қазақ халқы сан мың жылдар іздеген мұратына да, арманына да Нұрсұлтан Назарбаевтың тұсында жетті. Осы жылдарда біз Президентіміздің жарқылдаған кемеңгер келбетін, биік болмысын, кемел дарынын, ел басшысы ретіндегі көсем қасиеттерін айқын таныдық.

Н.Назарбаев – ұлттық дәстүрде тәрбиеленген, халқының бар қадір-қасиетін бойына жиған, тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жетік білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіріп келе жатқан, халқының үмітін, сенімін ақтап келе жатқан ұлтжанды Азаматы. Ол – қалың елдің жанашыры, мұңдасы, тағдырласы. Ол – қорыққанға – қорған, тарыққанға – пана, зарыққанға сана бола білген өз елінің шын перзенті. Ол – кешегі мен бүгінгі жетік білетін, ертеңгісін де оза ойлап, алдағыны болжай білетін көреген көсем. Ол – жиырма жылдан бері халқының жүгін қайыспай көтеріп келе жатқан қара нары. Ол – қазақ ұлтының халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылған, өркениетті елдердің басшыларымен терезесі тең, сөйлескенде сөзі асатын, егескенде еңсесін басатын, елдескенде мейірімін шашатын аузы уәлі, сөзі дуалы саясаткері.

Қазақтың құлан жортса тұяғы тозатын, қыран ұшса қанаты талатын ұлан-ғайыр даласы бар. Ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған соншама алып далада, сондай алып кеңістікте мемлекет құру қиынның қиыны еді. Бір кезде жығылған Орданы қайта тігу, құлаған туды қайта тіктеу, елдің елінің ғана, ердің ерінің ғана қолынан келетін іс еді. Бізде ондай елдің де барын, бізде ондай ердің де барын мақтаныш етеміз. Елдің аты – Қазақстан, ердің аты – Нұрсұлтан. Қазақстан, Астана, Назарбаев дейтін сөздер бір-бірінен бөлінбейтін ұғымға айналды.

Әрине, біз – бүгін ұлтымыздың абыройына, киесіне айналған Президентімізбен мақтана алатын халықпыз. Себебі ол кісі – Отанымыздың беделін биікке көтеріп келе жатқан алып тұлға. Оның дәлелі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халықаралық беделінің арқасында Қазақстан биылғы жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп отырса, келесі жылы еліміз Ислам конференциясына төрағалық етеді.

Аса құрметті Нұрағамыз барлық биігіне қажырлы еңбегі, асқан ақыл-парасаты, жоғары адамгершілігі, қарапайымдылығы, ұлтжандылығы, өз жерін, елін жан-тәнімен сүйгендігімен жетіп, қаншама сатылардан өткен ұлы қайраткер деп білемін. Оның бір дәлелі ретінде сіздерге мына бір кішкентай ғана оқиғаны айтқым келеді. 1995 жылы ақпан айының 25-і күні мен Президентіміздің қабылдау залында болдым. Күн тәртібіндегі мәселе Көкшетау және Қызылорда облыстарындағы экономикалық реформалардың іс жүзінде қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы Президентке есеп беру еді. Шынын айтсам, маған кезек келгенде мінбеге жеткенше қобалжып бардым. Қысылып-қымтырылып, қалай бастарымды білмедім. Алғашқы сөзден кейін-ақ Елбасының соншама қарапайым жүзін көріп, өзімді тіптен еркін сезіне бастадым. Сондағы менің көзімнің жеткені, ол кісі алдында жатқан қағаздарға қарамастан, экономикалық есеп-қисап, көрсеткіштер жайында еркін пікір алмасты. Және күн тәртібіндегі мәселелерден жан-жақты хабардар екендігіне анық көзім жетіп, ана тілімізде еркін сөйлеп, өзіне тарта білгеніне өте риза болдым. Президентімізбен сол жолғы көзбе-көз кездесуден кейін, ел экономикасы тұралап, қанша қиындықтар болып жатса да менде «осындай ұлы қайраткер еліміздің экономикасын бұл қиындықтардың бәрінен аман өткізіп, әрі қарай да дамытады» деген үлкен сенім пайда болды. Бүгін сол сенімнің дұрыс екеніне толық көзім жетіп отыр. Өйткені «Қазақстан-2030» стратегиясын жасап, оны жүйелі түрде жүзеге асыру арқылы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында айтарлықтай ілгерілеуге қол жетті. ІЖӨ-нің өсуі жыл сайын орташа 8,5 пайызды құрап, алғашқы мәнінен 2,3 есе асып түсті. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 2000 жылғы 31,8 пайыздан 12,7 пайызға дейін қысқарып, ел тұрғындарының тұрмысы анағұрлым жақсарды. Соның арқасында халқымыздың орташа өмір сүру ұзақтығы 65 жылдан 68 жылға дейін өсті. Бұл Стратегиялық даму жоспарының алғашқы онжылдығы үшін төмен көрсеткіш емес.

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының кезектен тыс XII съезінде партия төрағасы, Мемлекет басшысы тарапынан елімізді индустриялық-инновациялық дамыту жөнінде мәселе қойылды. Ең бастысы, экономиканы жедел әртараптандыру үшін берік негіз қаланды. Даму институттары құрылып, олар қазірдің өзінде жемісті жұмыс істей бастады. Қазақстанның қазіргі даму қарқыны мен алға қойған мақсаттарының нақтылығы және олардың қалайша іске асырылып жатқаны сол үмітімізді күн өткен сайын нығайтып, ай өткен сайын айшықтап келеді. Мұны айналамыздағы алыс-жақын көршілер ғана емес, бүкіл дүниежүзі біліп отыр. Өзінің күндіз-түні елім, жерім деп бір сәтке тыным таппай, толассыз еткен еңбегінің арқасында қоғамда ертеңгі күнге деген берік сенім қалыптастырып, Қазақ елін, қазақ халқын әлемге танытқан Нұрсұлтан Әбішұлына Алла зор денсаулық, ұзақ ғұмыр бергей деп тілеймін!

«Айқын», 2010 жылғы 29 маусым

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы
Төрағасының бірінші орынбасары

НАЗАРБАЕВ ФЕНОМЕНИ: ЕЛ МЕН ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ МИССИЯСЫ

«Назарбаев феномені» деген түсініктің өзі өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғы мен 90-жылдарының басында пайда болған. Міне, содан бері бұл түсінік сарапшылар мен саясаткерлердің аузынан түспей келеді. Оны айтпағанда, тіпті зерттеушілер мен публицистердің мұқият қарастыратын тақырыбына да айналып кеткелі қашан.

Кейбір сарапшылар, мәселен, британдық публицист Джонатан Айткен сияқтылар Нұрсұлтан Назарбаев жетістігінің сырын тұлғаның тарихтағы рөлі арқылы табуға тырысты. Енді біреулер, мысалы, Ресейдің танымал экономисі Дмитрий Валовой 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында-ақ Назарбаевты қарастырғанда оның Кеңес Одағының күйреуінен келетін ауыртпалықтарды жеңілдету жолындағы маңызды рөліне, посткеңестік кеңістікті ары қарай дамыту жолдарына қатысты сол замандағы пікір-таластарына баса назар аударуға тырысқан. Осылайша, Д.Валовой «Назарбаев феноменін» түсіндіруге тырысқан алғашқылардың бірі болды.

Белгілі зерттеуші Рой Медведев те Нұрсұлтан Назарбаевты посткеңестік өзге елдердің басшыларымен салыстыра отырып, оның саяси стиліндегі ерекшеліктердің қыр-сырын ашуға талпыныс жасаған. Ол Назарбаевтың зорлық-зомбылық пен репрессиясыз, толқыныстар мен ұлтаралық қақтығыстарға жол бермей, өз елін өзге мемлекеттердің еркіне бағындырмай, ешқандай елмен шиеленістерге келмей-ақ, қалайша жемісті реформалар жүргізе алғанын анықтауға тырысқан еді. Ол Назарбаевтың өзінің ой-қарымы, еркі мен сенімінің күшімен, мықты дипломатияның арқасында халықтың басым бөлігінің қолдауына ие болған тұлға екенін жеткізбек еді.

Бірақ көптеген зерттеушілердің осындай талпыныстарына қарамастан, «Назарбаев феноменінің» көптеген қыры әлі де толық ашылмаған сияқты. Өйткені, Назарбаевты зерттеген әрбір адам оның саяси образындағы белгілі бір тұстарын ғана көреді. Ал Қазақстанның Тұңғыш Президентінің феномені көпқырлы. Нұрсұлтан Назарбаевтың тұтас образын елестету үшін оның қызметін жалпылай, кешенді түрде қарастыру қажет.

Бірақ оның жалпы портретін құрастыруға тырысқандар аз, өйткені, бұл – шынында да, өте күрделі міндет. Өйтсе де, бұл сұрақтың шешімі Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміздің қарыштап дамуы жолында жасаған тарихи өзгерістерін, ел болудың логикасын түйсінуге көмектесер ме еді? Өйткені, «Назарбаев феномені» – ел мен тұлғаның күрделі қос өрім болып біте қайнасқан

тағдыры. Мұндай тағдырға саясаткерлер мен публицистердің ғана емес, шығармашылық жолындағы өнер адамдарының да асқан қызығушылық танытатыны тегін емес болар. Өнер адамдары Нұрсұлтан Әбішұлының образынан уақыттың рухын сезіндіретін бір тарихи драматургияны байқайды.

Посткеңестік кеңістікте жауапты міндет атқарған, атқарып отырған мемлекеттік қайраткерлер аз емес, әрине. Бірақ олардың арасында жұмысының ең маңызды нәтижесін – тәуелсіздік алғаннан кейінгі жиырма жылдың ішінде тұрақты да бәсекеге қабілетті мемлекет құрғанын паш ете алатындар саусақпен санарлық. Нұрсұлтан Назарбаев саяси ғылымдарда кездесетін көптеген саясаткер-лидер образының ең үздіктерін ғана, мемлекеттік қайраткер арсеналындағы ең жоғары қасиеттерді ғана бойына жиған.

Н.Назарбаевтың реформаторлық бағытының жемісті болғанына, оның халықаралық аренадағы абыройының асқақ болуына Қазақстанның ұлттық басшысының бойындағы жеке қасиеттер негіз болса керек. Мұндай қасиеттерінің ішінде өз көзқарасына түбіне дейін берік болу, өзіне деген сенім, кедергілер мен қиындықтарға қарамастан, бастаған істі сонына дейін жеткізу сияқты құнды қасиеттер де жетерлік. Нұрсұлтан Назарбаевқа тән келетін осы қасиеттердің барлығы да оның бойындағы ең жоғары халықаралық деңгейдегі мемлекеттік қайраткерлерде ғана кездесетін өте күшті лидерлік бастауының белгісі іспеттес.

Сондықтан да «Назарбаев феноменін» оның саяси стилі, қоғаммен байланысы мен болашаққа тігетін стратегиялық басымдықтары тұсынан қарастыру қажет.

Саясаткер-стратег. Саясаткер-философ

Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси стиліндегі басты ерекшелігі неде? Ең алдымен стратегиялық икемі мен қағылез мінезді саясаткер-тактик ретіндегі алғырлығында. Түрлі жолдардың арасынан ең оңтайлы шешімді таба білетін қасиетінде. Фундаменталды көзқарастардан алыстамай-ақ, қазіргі жылдам өзгеретін әлемдегі ауытқулардың қарқынына сәйкес болуында.

Нағыз саясаткердің бойындағы ең шешуші қабілеттердің бірі – ұрымтал уақытты терең түйсіну, белгілі бір саяси интуицияның болуы. Дәл осы қасиеттерді бойына жиған саясаткер ғана нағыз көшбасшыға айнала алады. Өйткені, мемлекет алдында өмірдің барлық салаларында – экономикалық өзгерістерден бастап жаңа әкімшілік жүйе құруға дейін, тұрақтылықты қамтамасыз етуден саяси реформаларға дейінгі түбегейлі өзгертулер жүргізу міндеті тұрған кезде – ұрымтал уақытты өткізіп алмау керек. Дер кезінде пәрменді қимыл керек.

Тәуелсіздік алғаннан кейін посткеңестік өзге елдер мен Қазақстанның алдында түрлі маңыздағы мақсаттар пайда болды. Мемлекеттілік құру, нарықтық экономикаға ауысу, демократияны дамыту мен ұлттық сана-сезімді ояту. Бұл жердегі мәселе – реформалар қандай ретпен, қандай тәртіппен жүргізілуі керек, мемлекет басшылығының қимылдары қаншалықты түбегейлі болуы керек? Кейбір елдер «шорт қимылдарға» көшсе, енді біреулер түпкілікті өзгерістерден

алысырақ болуға тырысып, ескі жүйені сол қалпында сақтап қалды. Бұл екі жолдың да өзіндік кемшіліктері мен артықшылықтары жетіп жатыр, оның салдары ең алдымен қарапайым азаматтардың өмір сүру деңгейінен көрініс тапты.

Сол кезеңде-ақ Қазақстан тұрақты дамудың эталонына айналды, ал Назарбаевтың «алдымен – экономика, содан кейін саясат» деген формуласы посткеңестік кеңістіктегі сәтті реформалардың классикалық әдістемесіне айналды. Қазір әлемде «дамудың қазақстандық моделі» деген түсініктің кеңінен қолданысқа еніп отырғаны тегін емес, бұл модельдің мәні жан-жақты, терең ойластырылған стратегияға негізделген нақты бағыт бойынша тек қана алға жылжу деген мағынаға саяды. Қазақстанның қысқа мерзім ішінде үлгі тұтарлықтай мемлекетке айналғаны – оның көшбасшысының өткенді түйсініп, болашақты болжайтын, заманның ерекшелігін сезінетін қабілетінің нәтижесі.

Бұл тұрғыда Нұрсұлтан Назарбаев ел құру ісіне қатысты толық аяқталған жобаның авторы ретінде танылып отыр. Оның жобасындағы әрбір элемент бір-бірін толықтырып, ұзақ мерзімді дамудың қазақстандық моделінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

«Назарбаев феноменінің» тағы бір маңызды тұсы – Қазақстан Президентінің барлық стратегиялық және бағдарламалық тапсырмаларында «даму» мен «тұрақтылық» деген түсініктердің біріктірілуі. Бұл факторлар біздің мемлекетіміздегі барлық батыл жобаларда кездеседі, сонымен қатар, модернизациялық стратегиялардың жүзеге сәтті асуына негіз болатын басты алғышарттардың бірі болып табылады. Біз белгілі бір қисынмен құрастырылған ұрандарды жаппай тастай беру туралы емес, қазақстандық реформалардың әлемдік дағдарыс кезеңінде анық байқалған басты принциптері туралы айтып отырмыз. Нұрсұлтан Назарбаевтың осындай қағидасы оны саясаткер-реформатор ретінде танытады.

Н.Назарбаевтың саяси стилінің тағы бір жарқын тұсы – аса күрделі жағдайларға қарамастан, алдағы ондаған жылдардың қамына қарап, мемлекеттің даму логикасын айқындайтын маңызды стратегиялық шешімдер қабылдайтын қабілеті. Мұның дәлелі – Семей полигонын жабу, ядролық қарудан бас тарту, аймақтық және жаһандық қауіпсіздік бастамалары – АӨСШК, ШЫҰ, ҰЖКҰ, нарықтық өзгерістердің оңтайлы моделін таңдау, астананы көшіру сияқты аса маңызды саяси шешімдер.

Қайта құрудың бағыттары мен қарқындарының өзгеріп отыратыны қазақстандық көшбасшының «саяси сезгіштігін», оның ел мен әлемдегі процестердің ішкі логикасын түсінетінін көрсетеді.

Соның нәтижесі ретінде, елдің қазіргі экономикалық жетістіктері, жаһандық деңгейде ядролық қарудан бас тарту жөніндегі ұсынысымыз, Еуразия кеңістігіндегі жаңа Астанамыз – осы және басқа да бастамалар қазақстандықтардың ұлттық мақтанышына айналды, елдің шетелдегі образының ажырамас бөлігіне айналды.

Осылайша ел мен әлемдегі процестерді философиялық тұрғыдан терең түйсініп, стратегиялық жоспарлар мен тиімді тактикалық шешімдердің үйлесімін таба білетін қасиеті Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси стилінің негізін құрайды. Бұл – оның бірегей саяси қолтаңбасы.

Қазақстан Президентінің саяси стиліндегі ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – практика мен теорияны ұштастыру. Бұған да Нұрсұлтан Назарбаевтың бір-қатар жаңа бастамалары дәлел бола алады, ең алдымен оның еуразияшылдық идеясының мәнін түсінуі, алғаш рет 1994 жылдың наурыз айында жария еткен посткеңестік кеңістікте Еуразиялық одақ құрудың толыққанды тұжырымы.

Нұрсұлтан Назарбаев – саяси философия мен саяси экономиканың көптеген жетістіктерін шығармашылық тұрғыдан терең меңгеріп, қайта қорытқан адам. Еуразияшылдық тақырыбындағы еңбектері арқылы ұлт көшбасшысы кеңестік-марксистік, XX ғасырдың саяси тәжірибесімен қалыптасқан ескі бағыттардың орнына жаңа бағыттар әкелді.

Қазақстан Президентінің философия мен реформалар тәжірибесін біріктірген бастамасын біз еуразияшылдық идеясының жүзеге асуынан-ақ байқап отырмыз. Қазір еуразиялық мемлекеттердің тығыз экономикалық интеграциясын қамтамасыз етіп, біртұтас экономикалық кеңістік құру жолындағы Кедендік одақтың тетіктері іске қосылды. Еуразиялық интеграция жобаларының жүзеге асырылуы Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси және экономикалық реформаларға деген жүйелі көзқарасының қаншалықты терең екенін толық байқатады.

Қазақстан Президентінің жаһандық қаржылық және экономикалық дағдарыстың себебін зерттеген терең ғылыми сараптамасы да оның стратегиялық көзқарастарының тағы бір жарқын мысалы болып отыр.

Әлемдегі жетекші деген елдер жаһандық қаржылық дағдарыспен бетпебет келгенде, болып жатқан үрдістердің себебіне терең үңіліп, дағдарыстың жасырын себептерін, даму жолындағы құндылықтарын ашқан басшылардың бірі де дәл осы Нұрсұлтан Назарбаев болды.

Көпшілік дағдарыстың себебі ретінде қор нарықтарының техникалық проблемаларын ғана көрген, ал Қазақстан Президенті болса, дағдарыстың жүйелік сипатын анықтады, оның негізін қарастырып, өзінің «Дағдарыстың кілті» және «Бесінші жол» атты мақалаларында жаһандық тұрақсыздықтарды жеңу жолдарына қатысты нақты ұсыныстарын жеткізді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси стиліндегі тағы бір қайталанбас ерекшелігі – оның әлемдегі ең үздік жетістіктерді қабылдап, оларды Қазақстанның ерекшеліктеріне бейімдеу, ұлттық мәдениеттің бірегей кеңістігін қалыптастыру қабілеті. Ол ел басшысы ретінде ең жоғары басқарушылық тәжірибе деңгейінде осындай ұстанымын жүзеге сәтті асырып келеді.

Реформалық үрдістегі осынау маңызды ерекшелікті Н.Назарбаевтың өзі де атап өткен: «Біз өзіміздің қазақстандық даму жолымен жүріп келеміз, бұл жолды өзіміз тандадық, содан бері одан таймай келеміз. Әлемдік тәжірибені зерттей, саралай келе, біз эволюциялық жолды тандадық. Біз жедел демократия енгізуге қарсымыз, оның үстіне сырттан енгізуге мүлдем қарсымыз. Біз ешкімге еліктемейміз, тек өз елімізге, өз халқымызға қажетті нәрселерді ғана жасаймыз. Бұл біздің қолымыздан келеді».

Қазақстандық жолдың логикасы Нұрсұлтан Назарбаев айқындаған жаһандық бағыттармен тығыз байланысты: демократиялық қоғам, нарықтық экономика, әлеуметтік бағыттағы мемлекет. Бұл элементтердің барлығында да біз біреудің тәжірибесін көзсіз көшіруді емес, оның қайта қорытылып, Қазақстанда жүзеге асырылғанын көріп отырмыз.

Осылайша ғылыми көзқарас пен саяси тәжірибенің, әлемдегі жетекші тәжірибе мен ұлттық ерекшеліктердің сәтті синтезі Нұрсұлтан Назарбаев әдістемесінің мәнін құрап отыр, әрі өз азаматтары үшін ұлттық көшбасшыға айналған Назарбаевтың, көрнекті саяси қайраткер ретіндегі негізгі сипаттамасы болып табылады.

Халық пен оның көшбасшысы

Қоғамдық пікір арасындағы сауалнамалар әрқашан да Қазақстан Президентінің танымалдылығына қатысты да, оған сенімге қатысты да жоғары рейтинг көрсетеді. Бұл халықтың Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бағытын толық қолдайтынын дәлелдейді. Бірақ мұндай қолдаудың сыртында қажыр-қайратты талап ететін күнделікті ауыр жұмыстар жатыр. Бұл жұмыстардың жемісі, әсіресе, 1998 жылғы дағдарыс пен 2007-2009 жылғы экономикалық дағдарыс кезінде байқалды, өйткені, ол кездері Қазақстанның әлеуметтік тұрақтылығы мен ішкі саяси тұрақтылығына қауіп төнген. Осынау ең қиын кезеңде, ауыр экономикалық жағдайда Қазақстан Президенті мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауы маңызды екенін атап отырды, әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыруды қысқартуға жол бермеді.

Қазір Қазақстан дағдарыстан кейінгі даму кезеңіне кіріп, экономикалық және ішкі саяси модернизацияның арқасында жаңа сапалы белестерге көтерілу мақсатын қойып отыр алдына. Президент Назарбаев қоғамдағы әлеуметтік сынақтарға түбегейлі қарсы, оның басты қағидасы ойлы қоғам құру. Қазақстандық реформалардың ортасында әрқашан да адам тұрады, оның зеруліктері мен тірлігі тұрады.

Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында дәл осы ойын жеткізді: «Алда тұрған онжылдықтың аса маңызды міндеті – Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сапасы мен деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалуды нығайту».

Қазақстан Президентінің қоғам алдындағы жеке жауапкершілігінің арқасында еліміз тәуелсіздік жылдары маңызды жетістіктерге – бірлікке, тұрақтылыққа, тұрақты дамуға жетті. Ал көршілес елдердегі оқиғалар саяси элитаның қоғамдық институттармен қалай болса солай қарым-қатынас орнатуға болмайтынын көрсетті, азаматтық қоғаммен арадағы байланысты үзіп, қарапайым азаматтардың мүддесін есепке алмайтын саясат жүргізуге болмайтынын байқатты. Ал Қазақстанда керісінше, тәуелсіздік құрудың барлық кезеңінде жоғары мемлекеттік биліктің қарапайым азаматтар алдындағы жауапкершілігі сезіледі, халықтың елді басқару ісіне қатысу мүмкіндіктері кеңейтіліп, демократиялық институттар мығым орнады.

Посткеңестік саяси элитаның көптеген өкілдері «демократия» терминін өз бетінше түсінеді, тіпті, демократиялық өзгерістерді жүзеге асыру үрдісіне деген көзқарастар әр түрлі. Алайда демократияның жаңа, тиімді саяси тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік беретін құралдар жиынтығы екенін түсіну керек. «Демократия» мен «Саяси мәдениет» түсініктері өзара байланыста болуы керек.

Н.Назарбаев атап өткендей: «Процедураларды орнату мен оларды қатаң сақтау демократияның негізгі қағидасы ретіндегі заңдылықтың күшеюіне көмектеседі».

Нұрсұлтан Назарбаев – қатардағы мемлекет қайраткері ғана емес, домна пешінен ұлттық көшбасшыға дейінгі ұзақ жолды жүріп өткен ысылған тұлға. Осындай өмірлік тәжірибесінің арқасында ол демократияны абстрактілік терминдер мен түсініктер жиынтығы ретінде емес, халықтың тілегі мен ұсынысын жүзеге асыратын нақты тетік ретінде түсінеді. Өзінің миссиясын, қазақстандықтардың мүдделері мен зәруліктерін түсінудің арқасында Нұрсұлтан Назарбаев миллиондаған азаматтарының қолдауын сезініп, өз шешімдерін сенімді түрде жүзеге асырып отыр.

Қазақстан халқы мен оның көшбасшысы арасында қалыптасқан қолдау мен сенімнің жоғары деңгейі өзара жауапкершілікті меңзейді. Сол себепті де тәуелсіз, дамыған, гүлденген Қазақстанды өзінің көшбасшысымен бірге құрғысы келетін қазақстандықтар «Нұр Отан» партиясына бірікті. Бұл партия – қазір Қазақстанның мүддесін өз мүддесінен жоғары қоятын, Президентпен бірге ойлайтын үлкен команданы Тұңғыш Президенттің жанына жинап отырған жалпыұлттық партия. Ұлт көшбасшысы партиясының қазір өз қатарына жүз мыңдаған нұротандықтарды біріктіріп, миллиондаған қазақстандықтардың сеніміне ие болып отырғаны да халықтың Нұрсұлтан Назарбаевқа, оның елді дамытудағы стратегиялық бағытына қолдау көрсететінін айғақтайды.

Бейбітшілік пен келісім – Назарбаев формуласының басты элементтері

Дамудың ұлттық ерекшеліктерін терең түйсінудің арқасында Н.Назарбаев қазақстандық мемлекеттіліктің тағы бір аса маңызды тұсын анықтады. Ол – ұлтаралық және дінаралық келісім. Қазақстан жерінде тұратын 140-тан астам этнос Қазақстанның біртұтас халқын құрайды. Сыйластық пен өзара төзімділіктің, әрбір ұлттық топтың мүддесін ойлайтын бұл модель қазақ мәдениетінің тарихи бастауымен, салты мен дәстүрімен толығы түскен.

Елбасының өзі айтқандай: «Ұлтаралық келісім – кез келген мемлекет пен халықтың жүйке жүйесі. Біздің барлық жетістіктеріміз – бейбітшілік пен келісімнің арқасы. Бейбітшілік пен келісім – өзінен-өзі туындай қалған нәрсе емес. Біздің тәуелсіздік жылдары құрғанымыз – мемлекет пен қоғамымыздың ұлы жұмысы. Бұл – біздің ортақ байлығымыз, біз оны сақтауымыз керек».

Нұрсұлтан Назарбаевтың елдегі ішкі саяси тұрақтылықты күшейтуге бағытталған маңызды бастамаларының бірі – ұлтаралық және дінаралық келісімді сақтауға бағытталған бірегей құрал – Қазақстан халқы ассамблеясының құрылуы.

Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық жоспары бойынша, ұлтаралық келісім тетігінің негізгі элементі болып табылатын ассамблея қазақстандық қоғамды мықты, бәсекеге қабілетті мемлекет құру жолында біріктіретін маңызды факторға айнала алды. Қазақстан Президентінің елдегі қоғамдық келісімнің моделін «Бірлік – көп ұлттылықта, көп дінділікте» деп бағалағаны да тегін емес.

Қалыптасқан тәжірибелерді бекітіп, саяси тұрақтылық пен Қазақстан халқының бірлігін ары қарай сақтап қалу мақсатында Қазақстан халқы ассамблеясының аясында Ұлт бірлігі доктринасы қабылданды. Онда қазақстандық мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жүйенің негізгі элементтері айқындалып, болашаққа қарай ілгері қадам басудың контуры анықталды.

Ұлтаралық және дінаралық келісім жүйесін тек сақтап қана емес, оны күшейту қажет – бұл міндет тәуелсіз Қазақстанның өмір сүріп келе жатқан жиырма жылының ішінде шешілді. Бұл мақсат қазақстандық қоғамды жүйелі түрде модернизациялау жөніндегі Н.Назарбаев жариялаған жаңа стратегиялық даму бағыты аясында да басым тақырып ретінде айшықталған.

Ұлт көшбасшысы – шабыт беруші және болашақтың сәулетшісі

Мемлекеттің даму үрдісі – саяси-экономикалық, мәдени салалардағы жаңа, бұрынғыдан да жетілген формалар мен стандарттарға қарай жүретін қозғалыс. Сол себепті де Қазақстанның қазірге дейін жүріп өткен жолы мен елдің алдында тұрған міндеттер – «перманенттік модернизация» жолы.

Тәуелсіздік алған жиырма жылдың ішінде Қазақстан тиімді нарықтық экономикасы мен тұрақты әлеуметтік саласы бар, халықаралық үрдістердің абыройлы қатысушысы, посткеңестік елдердің арасынан алғаш рет ЕҚЫҰ төрағасы атанған елге айналды. Бұл жолды ел мен Президент бірге жүріп өтті. Қазақстанның алдағы уақыттағы жаңа мақсаты – қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы жетістіктерді сақтау мен еселей түсу. Мұның барлығы да қазақстандық жолдың логикасын, Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың реформалар логикасын айқындады.

Қазір мемлекет пен қоғам алдында саяси және экономикалық институттарды жүйелі түрде модернизациялау арқылы дамудың жаңа сатысына көтерілу міндеті тұр. Тағы да күн тәртібін ұлттық көшбасшы қалыптастырады, ол соңғы уақыттары Қазақстанның қоғамдық өміріндегі барлық салаларды жүйелі түрде жаңарту қажеттігін жиі атап келеді. Қазақстан халқына Жолдауында Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз Қазақстанды бірге жетілдірдік, енді біз оны бірге гүлдендіре аламыз» деген болатын.

Президент айшықтаған міндеттер қарапайым ұран ретінде қабылданбауы тиіс, олар басшылыққа алынатын нақты нұсқау болуы керек. Өйткені, Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық жоспарлары «Қазақстан-2030» стратегиясы, 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспар, Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму жоспары, т.б. сияқты нақты бағдарламалардан көрініс

табады. Болашаққа көз салсақ, біз Қазақстанды әртараптанған «білімді экономикасы», мықты азаматтық қоғамы, билік пен халық арасындағы қарым-қатынастың тиімді моделі бар мемлекет ретінде көреміз. Қазақстан Президенті атап өткендей, бұл мақсатқа жету үшін адам капиталының сапасын арттыруымыз қажет, мемлекеттік саясаттағы алдағы жылдарға арналған басымдықтарды осы жайт қалыптастырады.

Еліміздің өткен, болашақ жетістіктері біздің ортақ жетістіктерімізге, әрбір азаматтың жеке үлесіне негізделген, алайда стратегиялардың реформаларға айналуына ұйытқы болған жалпыұлттық көшбасшымыз – Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі аса маңызды болып табылады.

Жалпыұлттық көшбасшының басты қасиеті – ол ең батыл мақсаттарды жүзеге асыру жолында азаматтарды жұмылдыра алады. Нұрсұлтан Назарбаев қойған міндеттер кейде бір қарағанда, тым батыл көрінеді, бірақ олар үнемі жүзеге асырылады, тіпті, кейде ойлағаннан әлдеқайда артық болып шығады. «Назарбаев феноменінің» қандай ауқымды екенін сол кезде мықтап түсіне бастайсың.

Межеленген мақсаттарға жетудің, жоспарлар мен міндеттерді тиімді түрде жүзеге асырудың арқасында өзінің тарихи таңдауының дұрыс болғанына көз жеткізген азаматтардың қатары барған сайын көбейіп келеді. Нұрсұлтан Назарбаевтың жалпыұлттық көшбасшылығы да осыған байланысты.

Осылайша қазақстандық мемлекеттілікті дамытудың барлық негізгі элементтері алдағы онжылдықта «Назарбаев феноменінің» ықпалында болады. Бұл жайт Қазақстан және Назарбаев – мемлекет пен оның лидері деген түсініктер арасындағы байланыстың үзілмейтінін одан сайын айғақтай түседі.

«Айқын», 2010 жылғы 9 шілде

Досалы САЛҚЫНБЕК,
тарих ғылымдарының кандидаты

ЕҚЫҰ-ға ТӨРАҒАЛЫҚ – ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЛІКKE ПАРА-ПАР ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ

– Еліміз әлемдегі беделді халықаралық ұйымдардың бірі – Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының төрағасы ретінде өз қызметін абыроймен атқарып, жаңа идеялар мен бастамалары арқылы реформашылдығымен де көзге түсті. Алайда жұрттың дені Қазақстан тізгінен ұстаған халықаралық құрылымның тарихын, негізгі атқарар қызметін жан-жақты біле бермейді. Сондықтан әңгімемізді осы төңіректен бастасақ...

– Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталып, соғыстан әбден зардап шеккен халықтар бейбіт өмірге бет түзегенімен, «қырғи-қабақ соғыс» күшейіп, елдері екі лагерьге бөлінген әлем жанталаса қарулануды қайта бастады. Жүздеген миллиард доллар соғыс техникасын шығаруға жұмсалды. Тіпті жер шарында соғыс ошақтары пайда болды.

Дүниежүзіне зор қайғы-қасірет әкелген әлемдік соғыстың екі рет тұтануына себепші болған Еуропа континентінде бейбітшілік пен ынтымақтастықты күшейту ниетінде бұрынғы Кеңестер Одағының бастамасымен еуропалық елдердің басын біріктіретін ұйымды құруға алғашқы қадам жасалды. Алғашында Еуропаның отыз үш елі және АҚШ, Канада елдері кірген ұйым «Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңес» деп аталды.

Ұйымның құрылуындағы басты мақсат Еуропадағы қауіпсіздікті нығайту, әскери тайталасты азайтудың жолдарын қарастыру болды. 1973 жылдан басталған бірнеше кездесулер мен кеңестерден кейін, ортақ келісімге 1975 жылы Финляндияның Хельсинки қаласында қол қойылған еді. Осылайша сол кезеңде 35 мемлекеттің басын біріктірген Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің қорытынды актісі дүниеге келген болатын. Аталған ұйым осыдан кейінгі жылдары өз қызметін сала-сала бойынша жетілдіре, дамыта отырып, Еуропа континентінде қауіпсіздікті нығайту жолында үлкен ауқымды шараларды атқарды. Қалыптасқан жағдайларға байланысты жоғары деңгейлердегі кездесулерде ұйым өз ішінде реформалық қайта құрылымдарды жүргізе отырып, ЕҚЫҰ-ның адам құқықтары мен демократиялық институттар жөніндегі бюросын, аз ұлттар ісі жөніндегі жоғарғы комиссар органын, ЕҚЫҰ-ның Парламенттік ассамблеясын және ЕҚЫҰ-ға мүше елдердегі ақпарат құралдарының жағдайын бақылайтын БАҚ-тың бостандығы мәселесі жөніндегі өкілдік органдарын құрды.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің 1991 жылғы Москва кеңесінде адамдық құндылықтар өлшемі сөз болып, алғаш рет адам құқықтарына қатысты негізгі бостандықтар туралы, демократия мен заңның жоғары тұратыны жөнінде құжат қабылданды.

Құжатта аталған адам құндылықтары халықаралық сипат алып, кеңеске мүше мемлекеттердің ішкі істеріне жатпайтын болды.

– **Еліміз беделді ұйымға мүше болу арқылы не ұтты?**

– Қазақстан Республикасы 1992 жылы осы ұйымға мүше болып кіру арқылы оның құжаттарында көрсетілген шарттармен адам құндылықтарын мойындайтынын білдіріп, өзінің алғашқы тәуелсіздік жылдарында-ақ осы бейбітшіл ұйымның сенімді серіктесіне айналды. Еліміз бұл ұйымға мүше болып кіргеннен кейінгі ұйым аясындағы елімізге қатысты негізгі құжаттардың бірі Будапешт саммитінде қабылданды. Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту жөніндегі ізгі қадамдарына жауап ретінде 1994 жылы 5 желтоқсанда Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің Будапештегі жоғары дәрежедегі кездесуінде үш ядролық мемлекеттің – Ресейдің, АҚШ-тың және Ұлыбританияның басшылары Қазақстан қауіпсіздігінің кепілдігі туралы меморандумға қол қойды.

Еліміздің Президенті Н.Назарбаев сол кезеңдегі жағдайды: «Барынша қауіпсіз және тұрақты дүниежүзілік тәртіпті орнату жөніндегі бірлескен күш-жігерді жүзеге асырудың жауапты кезеңінің бейнелі шебіне жеттік», – деп бағалаған еді. Осы Будапешт саммитінде ұйымның атауы өзгеріп, бұдан былай ЕҚЫҰ деп атала бастады. Ұйым бұдан кейінгі жылдардағы мемлекет басшыларының және сыртқы істер министрлерінің жоғарғы деңгейдегі кездесулерінде барынша қатерлі қақтығыстарға жол бермеу, оның алдын алу, қару-жарақтарды қысқарту, оған бақылау орнату, қақтығыстарды реттеу және тағы да басқа бейбітшілік шараларына қатысты ондаған келісімдерге қол қойып, арнайы бірлескен құжаттар қабылдады. Ал соңғы 1999 жылы қараша айында өткен ЕҚЫҰ-ның Стамбул саммитінде «Еуропаның қауіпсіздік хартиясы» қабылданды. Араға 11 жыл салып, ұйымның жоғары дәрежелі саммиті Алла қаласа, бас қаламызда желтоқсан айында өткелі отыр.

Қысқасы, Қазақстан әлемге танылды, қазақты әлем мойындады. Осының бәрі Елбасының жеңісі, ЕҚЫҰ-ға төрағалық – Елбасының ерлікке пара-пар еңбегінің жемісі.

– **Әлемнің 56 мемлекетінің басын біріктіріп отырған үлкен халықаралық ұйымның төрағалығы Қазақстанға сеніп тапсырылуы әлемдік бейбітшілікті нығайтуға үлес қосуымыздың жемісі емес пе?**

– Солай деуге де болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінде маңызды орын алды. Өйткені, Ресей мен Қытай секілді ядролық қаруы бар мемлекеттердің ортасында орналасуымыз және оңтүстігінде мұсылман мемлекеттерімен шектесуі қауіпсіздік шараларына ерекше назар аударуды міндеттеді. Кез келген мемлекеттің қауіпсіздігі оның қарулануымен өлшенбейді. Ұлттық қауіпсіздіктің ауқымы кең. Бұл салада қажырлы қыруар қызметтерді тер төгіп атқару керек болатын.

Біздің жаңадан құрылған республикамыздың алдында алғашқы жылдары сыртқы саясатта күрделі міндеттер тұрды. Бұл міндеттер туралы Президентіміз Н.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде былай деп жазды: «Біріншіден, біздің мемлекетіміздің шын сипатын танытуымыз керек болды.

Екіншіден, Қазақстанды халықаралық дәрежеде мойындатып, оның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуіміз керек болды. Үшіншіден, әлемдік шаруашылық жүргізу мен экономикалық байланыстарға белсене араласуымыз қажет болды. Біздің сыртқы саясатымыздың қалыптасу кезеңі осындай өрелі міндеттерді жүзеге асырудан басталды».

Еліміз өз алдына тәуелсіз ел болып, жеке шаңырақ көтергеннен кейін әлемдегі бейбітшілікті, қауіпсіздікті нығайту секілді ең жоғарғы, игі бастамаларды толықтай қолдай отырып, өзі де бейбітшілікті нығайту жолында сан алуан ізгі шаралардың бастамасышы және оны іс жүзінде көрсетуші де болды. Мәселен, 1992 жылы қазан айында болған БҰҰ-ның 47 сессиясында еліміздің Президенті алғаш рет тәуелсіз мемлекеттің басшысы ретінде сөз сөйлеп, әр жыл сайын әскери салаға кететін шығынды 1 пайызға қысқартып, оны әлемде бейбітшілікті нығайту үшін БҰҰ-ның қорына аударуды ұсынды. Сонымен қатар, Н.Назарбаев ЕҚЫҰ сияқты Азиядағы қауіпсіздік пен сенім шаралары жөніндегі кеңесті құруды ұсынды. Бұл Қазақстанның сыртқы саясат саласындағы алғашқы ұсыныс қадамдары болатын. Қажырлы жұмыстың нәтижесінде АӨСШК құрылып, оған қазіргі уақытта 22 мемлекет мүше болып табылады. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі Кеңес қазіргі таңда ауқымды шараларды іске асырып келеді. Атап айтқанда, Азия континентінде терроризмге қарсы бірлесіп күресу және есірткі бизнесіне қарсы бірлескен іс-қимыл шаралары. Және Азия құрлығында күшейіп келе жатқан соғыс қимылдарының алдын алу ұйымның күн тәртібіндегі негізгі мәселесі болып отыр.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, еліміз шын мәнісінде әлемдік қауіпсіздікті нығайтуды іс жүзінде көрсетуші бірден-бір ел болып отыр. Оның айқын үлгісі – қолында ядролық қаруы бола тұра, одан өз еркімен бас тартуы. Қазақстанды ядролық қарусыз ел ету ретінде іргелі жұмыс 1991 жылы 29 тамызда еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың Семей ядролық полигонын жабу жөніндегі жарлығынан бастау алды. Қазақстан Республикасы стратегиялық шабуыл қару-жарағын шектеу мен қысқарту туралы шартқа, орта және таяу қашықтықтағы ракеталарды жою туралы шартқа, Еуропалық кәдімгі қару-жарақ күштері туралы шартқа қол қойды. 1993 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі ядролық қаруды таратпау туралы шартты бекітті.

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін, сыртқы «сәуегейлер» ең алдымен Қазақстанда ұлтаралық қақтығыс өршиді деп өз болжамдарын айтқан болатын. Бірақ ұлтаралық қатынас сынды нәзік мәселеде кеңпейіл қазақ халқының дарқан көңілі мен Елбасымыздың бұл саладағы сарабдал саясаты ұлтаралық қатынастың қазақстандық жолын көрсетті.

Президентіміз Н.Назарбаев дүниежүзілік қауымдастықпен байланысымызды және сыртқы саяси қарым-қатынастарымызды баяндайтын «Ғасырлар тоғысында» деген еңбегінде біздің республикамыздың сыртқы саясатының табыстарын былайша тұжырымдайды: «Біз халықаралық жанжалдардан іргемізді аулақ салып келеміз. Ядролық қарулармен біржола қоштастық. Ядролық сынақты бірінші болып тоқтаттық. Барша мемлекеттердің бәрімен де тату-тәттілікке ұмтылудамыз. Бұл мәселеде сөзіміз бен ісімізде алшақтық болып көрген емес. Сенімге де солай ие болып отырмыз».

Қорыта айтқанда, еліміз сыртқы саясат саласында көп векторлы бағыт ұстана отырып, әлемнің барлық елдерімен тең дәрежедегі қарым-қатынас орнатып келеді.

– Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық қызметі қаншалықты сәтті өтіп жатыр, аз мерзім ішінде қандай ауқымды шараларды атқара алдық, ұйым аясындағы қауіпсіздік және басқа да істерге басшылық жасауда басқа елдерге үлгі боларлық іс-әрекеттеріміз жөнінде не айтар едіңіз?

– Солтүстік Америка, Еуропа елдері және Орталық Азияның 56 елі мүше болып табылатын мұндай ірі ұйымның саммитін өткізуге осыған дейін басқа елдер де әрекет жасаған еді. Тек ұйым аясында ғана емес, әлемдік көлемдегі еліміздің бейбітшіл мақсаттардағы нақты қадамдары және оны іске асыруы, ұйымның басқа мүшелерін қазақ еліне және оның басшысына көрсетілетін үлкен құрмет пен сенімге итермеледі.

2007 жылы қараша айында өткен ұйымның сыртқы істер министрлерінің Мадрид кездесуінде еліміздің 2010 жылы төрағалығы бір ауыздан мақұлданды. Еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық жұмысы бұрыннан қалыптасқан үш өлшемнің: әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық саладағы адам құқықтарын қорғау мен дамыту бойынша өрбуде.

Елбасымыз 2010 жылы қаңтар айында Қазақстанның ұйымға төраға қызметіндегі бағдарламалық сөзінде ұйым аясындағы басымдық бағыттарды айқындап берді. Ол Сенім, Дәстүр, Ашықтық, Төзімділік сынды адам құндылықтары аясында жүргізілетін болды. Қазақстанның төрағалығы барысында атқарылған үлкен шаралардың біріне әлемдік тұрақсыздықтың, есірткі тасқынының орталығына айналған Ауғанстанға қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды айтуымызға болады. Биылғы жылы ауған жастарын еліміздің жоғарғы оқу орындарында оқытуға 50 млн доллар көлемінде қаржы бөлінді. Қыркүйек айында ауған жастарының алдыңғы легі қазақ топырағына аяқ басып, оқуын бастап кетті.

Ұйымның төрағасы аясындағы Қазақ елінің нақты қадамдарын көрші Қырғызстан еліндегі жағдайды барынша бейбіт реттеу, азамат соғысының өрістеп кетуіне мүмкіндігінше жол бермеу, қираған тұрғын үйлер мен нысандарды қалпына келтіруге көмек қолын созу әрекеттерінен айқын көруге болады.

Қазақстанның көрші Қырғыз еліне көмегі, екінші жағынан алғанда, экономикалық тұрғыдан көрініс беруде. Қазақ елі қырғыз экономикасын қалпына келтіру үшін 10 миллион доллар көлемінде жәрдем берді. Жалпы алғанда, Қырғызстандағы тұралаған экономиканы, ұлтаралық жанжал барысындағы қираған елді мекендерді қалпына келтіру үшін 100 миллионға жуық қаржы қажет болса, еліміз осы мәселеге әлемнің назарын аударып, қаржылай көмек беруге шақыруда.

ЕҚЫҰ Қазақстанға ұйым төрағалығын сеніп тапсырғандағы атқарылатын негізгі жұмыстардың біріне Қазақстанның өзі мүше болып табылатын ТМД-ның аумағындағы кейбір мемлекеттер арасындағы жер мәселесіне байланысты туындап, оның артында қарулы қақтығыстарға ұласқан жанжалдарды бейбіт жолмен реттеу жатты.

Қазақ елі ұйым аясында бұл мәселелерге байланысты бұған дейін қабылданған бейбіт келісімдерді сақтай отырып, оны жандандыру, басталған келісімдерді одан әрі жалғастырып, келесі сатыға көтеру жұмыстарын жүргізді. Армения мен Өзiрбайжан, Молдова мен Приднестровье, Ресей-Грузин шиеленістерін шешуде кездесулер, семинар кеңестер, мәселелерді талқылаулар секілді жұмыстарды жүргізіп, жанжалдасушы тараптар жағынан қордаланған мәселелерді шешуге бағытталған оң қадамдарға мұрындық болды.

Жалпы алғанда, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық жұмысы барысында атқарылған шаралар, бастамалар, ұсыныстар ұйым аясынан шығып, жаһандық сипат алып келеді. Қазақстанның қай бастамалары болсын ортақ әлем, ортақ үйіміз тұрғысынан көтеріліп, сенім, дәстүр, ашықтық, төзімділік сынды төрт тұғыр ауқымында жүргізілуде.

– ЕҚЫҰ-ның саммиті соңғы рет 1999 жылы, бұдан 11 жыл бұрын өткізілген екен. Бұл ортақ мәселелердің түгесілуінен туындаған жоқ па, әлде...

– Әлемдегі болып жатқан саяси, экономикалық, экологиялық және гуманитарлық жағдайларға шолу жасап қарасақ, олай деп ешкім айта алмас. Қайта керісінше, Еуропа континентінде, сондай-ақ жалпы әлемде, қай тұрғыдан алып қарасақ та, шешімін таппаған, күрделенген өзекті мәселелер күннен-күнге көбеюде. Кезінде Қазақ елі бастама көтеріп, өз еркімен ядролық қарудан бас тартқанда, ядролық сынақ полигонын жапқанда, адамзат баласына қатер төндіретін зұлмат жойқын күштен әлемді сақтандыру, бейбітшіл бастамаларды күшейту мақсатын қойған болатын. Бірақ, өкінішке қарай, одан кейінгі жылдары әлемде ядролық қаруы бар елдердің саны көбеймесе, азайған жоқ. Әлемдік экологиялық жағдайдың нашарлауы, экономикалық дағдарыстың салдары, созылмалы қақтығыс ошақтарын жоюға қол жеткізе алмай отырғандығымыз мәселені одан әрі күрделендіріп жіберді.

Ал енді тікелей ұйымның жұмысына тоқталсақ, ұйымның өз ішінде де бір арнаға тоғыспаған, ортақ келісімге қол жеткізілмеген көзқарас алуандығы жеткілікті. Бұл әсіресе, ұйым ішіндегі ірі мемлекеттердің геосаяси мәселелерді шешерде өздеріне қарай бұра тартып, өз мүдделерін жалпыға ортақ мүдделерден жоғары қоюынан туындап отыр.

Елбасымыз Н.Назарбаев жылдың бас кезіндегі төрағалыққа кірісердегі бағдарламалық сөзінде ұйымның жұмысындағы олқылықтарға тоқталып, ЕҚЫҰ өзіне жүктелген міндеттерді нашар атқарып отырғандығын және ұйымға мүше мемлекеттердің аумағындағы жанжалдардың алдын алуда дәрменсіз болып отырғандығын атап көрсеткен болатын. Сонымен қатар ұйымға мүше мемлекеттер арасында қарулы қақтығыс тұтанғанда Ресей мен Еуропа елдерінің арасындағы келіспеушілік ұйымның жұмысына үлкен кедергісін тигізіп отырғандығын мойындауымыз керек. Әсіресе, бұл көзқарас алшақтығы бұрынғы Югославия федерациясы ыдырап, Еуропада жаңа мемлекеттер пайда болған тұста өршіп кетті. Қарулы қақтығыс барысында да ортақ келісімге қол жеткізілмей, бірін-бірі айыптаумен болды.

ЕҚЫҰ-ның екінші өлшемі – экономикалық-экологиялық саладағы өзара сенім мен қауіпсіздік жайы да мәз емес. Әлемді шарпыған экономикалық дағдарыс басталған тұста Ресей бұған тікелей кінәлі ел ретінде АҚШ-ты айыптағаны белгілі. Ал үшінші өлшем адам құқықтарын қорғау, демократиялық институттарды дамыту, сайлауға бақылау жүргізу саласында да қордаланған мәселелер жеткілікті болып отыр. Олай дейтініміз, Косоводағы сайлауды Еуропа елдері демократиялық сайлау деп таныса, оған Ресей басқаша баға берді. Өз кезегінде Еуропа елдері Приднестровьедегі, Оңтүстік Осетиядағы, Абхазиядағы сайлауларды әділ өтті деп танымаған болатын. Ресейдің Косовоның тәуелсіздігін мойындамағаны, Еуропа елдерінің Оңтүстік Осетия, Абхазия, Приднестровьеінің тәуелсіздігін мойындамағаны демократиялық құндылық өлшемдерінің қаншалықты деңгейге жеткендігін және бағаланатынын көрсетсе керек.

Сонымен қатар Еуропа бақылаушыларының ТМД елдерінде өткен сайлауларға кері баға беріп, саяси қысым көрсету әрекеттері де Еуропа елдерінде екіжақты қалыптың бар екенін көрсетті.

2003 жылдан бастап, Ресей мен ЕҚЫҰ-ның көптеген мүшелері арасындағы жанжалдарға байланысты ұйым аясында саяси қарарлар қабылданбады. Екі жақты саяси айыптаулар нәтижесінде ЕҚЫҰ 2007 жылы Ресейде болған парламент сайлауына да, президент сайлауына да өз бақылаушыларын жіберуден бас тартты. Қазіргі таңда Ресей ЕҚЫҰ-ны реформалауды табанды түрде ұсынып келеді.

Алдағы уақытта ұйымның жоғарғы деңгейдегі кездесулерінде қабылданған, осыған дейін қаншама қиындықтармен қол жеткізілген келісім-шарттарға адалдық қағидаларын қатаң сақтау аса маңызды шаралар қатарына жатады. Мәселен, 1999 жылы болған Стамбул саммитінде Ресейдің Приднестровьеден және Грузиядан өз әскерін алып кету жөнінде міндеттеме алып, оны орындамауы өзара сенім, адалдық міндеттемелерді орындау сынды аса жауапты істерге зиянын тигізіп, өзара сенімсіздікті күшейтуде.

Айта кететін тағы бір мәселе, тарихи қалыптасқан жағдайларға ортақ баға беру, бір-бірінің көзқарас өлшемдерін құрметтеу сынды рухани нәзік салалар да өз шешімін таппай келеді. Мәселен, ЕҚЫҰ жанындағы парламенттік ассамблея өткен жылы коммунизмді нацизммен теңеген қарар қабылдап, Молотов пен Риббентроп қол қойған 23 тамыз күнін коммунизм мен нацизм құрбандарын еске алу күні деп жариялады. Бұрынғы КСРО-ның құрамына кірген көптеген тәуелсіз елдер болса, 2010 жылы мамыр айында жеңістің 65 жылдық мерейтойын кеңінен атап өтті. Сондықтан да ұйым мүшелерінің басын қосып, жоғарғы деңгейде саммит өткізу – еріккеннің ермегі емес, халықаралық маңызы бар жиын. Мұны Қазақстанның өз жауапкершілігіне алып, әлемдік маңыз берілуі тарихта қалатын тағы бір ірі оқиға болары анық.

– Олай болса, желтоқсан айында Астана қаласында өтетін ЕҚЫҰ саммитінің күн тәртібінде қаралатын негізгі мәселелер жөнінде өз ойларыңызды ортаға салып кетсеңіз?

– Ұйым мүшелерінің биылғы Қазақ елінің төрағалығы жылында ұйымның жоғарғы деңгейдегі саммитін бірауыздан Астана қаласында өткізуге келісім беруі – Қазақстан басшысы Н.Назарбаевқа және оның халқына көрсетілген үлкен құрмет пен сенім. Қазақстанның басшысы және жер иесі қонақжай қазақ халқы әлемдегі бейбітшілік пен ынтымақтастықты, халықтар достығын нығайтуда басқаларға үлгі боларлық үлкен қажырлы еңбектің өнегесін нақты қадамдарымен көрсете білді.

ЕҚЫҰ өзара тең дәрежедегі қарым-қатынастарға негізделген саяси ұйым болғандықтан, оның саммитінің күн тәртібі де өзара келісім, ынтымақтастық шеңберінде түзілуі тиіс. Дегенмен, «Біздің еліміз қандай мәселелерді күн тәртібіне қояды?» деген сұрақтарға жауап беріп көрейік.

Елбасымыз Н.Назарбаев жоғарғы деңгейде кездесу өткізу жөніндегі Қазақстанның бастамасын қолдауға шақыра отырып: «Саммит ЕҚЫҰ-ның осы заманғы қауіп-қатерлердің алдын алуға бейімделуіне қуатты қарқын беріп қана қоймай, сонымен қатар біздің халықтарымыздың осы ұйымға деген сенімі мен құрметін де арттыра түседі. Түптеп келгенде, өздерін сайлаған халықтардың игілігі мен өркендеуі жолындағы ынтымақтастық пен қауіпсіздікті нығайтуға күш салу мемлекет және үкімет басшыларының тікелей міндеті.

Сонымен қатар, ЕҚЫҰ бүгінде ештеңемен алмастырылмайтын ұйым болып табылады. Оның тоқырауы немесе жойылып кетуі – атлантикалық кеңістіктегі өте қауіпті вакуумның пайда болуына әкеліп соққан болар еді. Осы ретте, Хельсинки қорытынды актісіне қол қойылған 1 тамызды – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы күні деп жариялау туралы ұсынысты қарауды ұсынамын», – деген болатын. Яғни қай жағынан алсақ та, саммитті өткізу мерзімінің келгені және әскери-саяси тұрақтылық, тағы да басқа өзекті мәселелерді талқылаудың да мерзімі жеткені айқын мәселе болып отыр. ЕҚЫҰ-ның төрағасы Қазақстанның бастамалары тек ұйымға мүше мемлекеттерге қатысты ғана емес, әлемдік сипат алып, әлемнің назарын аударып отырғанын білеміз. Сондықтан Қазақ елінің бір жылдың ішінде атқарған, басымдық берген жұмыстарының ішіндегі Ауғанстан мәселесі кең көлемде талқылануы тиіс. Көрші Қырғыз еліндегі саяси жағдайды реттеу, ондағы экономиканы қалпына келтіруге көмек көрсету жағдайы да шет қалмауы тиіс деп ойлаймыз. Ал ТМД елдерінің бас ауруына айналған созылмалы жанжалдар Өзірбайжан мен Армения, Молдова мен Приднестровье, Ресей мен Грузия мемлекеттері арасындағы даулы мәселелер де күн тәртібінде қаралуға сұранып тұр.

Қазақстан ЕҚЫҰ-ның аясында қабылданған келісімдерге беріктік қағидасын басты назарда ұстап, оны одан әрі дамыту тұрғысынан өз жұмысын жүргізіп отыр. Атап айтқанда, Еуропадағы кәдімгі қару-жараққа бақылау жасау, континенттегі өзара сенім мен ықпалдастық, Еуропа қауіпсіздігінің болашағы, адам құқығы секілді қағидаларды да күн тәртібінен түсірмек емес. Қазақстан ХХІ ғасырдағы қауіпсіздік аясын кеңейте, нығайта түсуге бағытталған Трансеуразиялық қауіпсіздік жүйесіндегі «ЕҚЫҰ: жаңа онжылдықта төзімділікке қарай» атты құжатты саммит қарауына ұсынбақшы. Сондай-ақ, ядро-

лық сынақтарға мүлде тыйым салу туралы әлемге ортақ келісімшарттың тезірек күшіне енуін қолдайтын да Қазақ елі. Осындай ауқымды басқосуда әлемді қамтыған экономикалық дағдарыс, одан шығудың жолдары сынды өзекті тақырыптың да шет қалуы мүмкін емес. Осы орайда Елбасымыз Н.Назарбаев ұсыныс жасаған әлемдік ортақ валютаны енгізу (сыртқы айырбасқа, сауда-саттыққа негізделген) жөніндегі келелі пікірлердің де қылаң беруі әбден мүмкін.

Қазіргі уақытта кейбір мемлекеттер ЕҚЫҰ-ны жаңа жағдайда реформалауды ұсынуда. Осыған орай бұл саладағы бастамаларға байланысты да қарарлар жобасына дайындық Астана саммитінен басталып қалар дейміз.

– Жасыратыны жоқ, «саммит Қазақ еліне не береді?» деушілер де табылып қалады...

– Әлем – біздің ортақ үйіміз. Алайда әр елдің ішкі өзіндік проблемалары бар. Бірақ сол проблемалар сол елдің өз ішінде ғана қалады деп ойласақ, қатты қателесеміз. Ол міндетті түрде өз аясынан шығып, басқаларға залалын тигізетіні тағы белгілі. Және адамзат баласына ортақ құндылықтар, олардың құқықтарының бұзылмауын сақтау, қадағалау, адамзат баласының қауіпсіздігін бірлесе отырып қамтамасыз ету барша елдердің айнымас мұраты болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда біздің елдің бастамасы, өзі төраға болған кезде жоғарғы деңгейде кездесу өткізуге мұрындық болуы әлем алдындағы Қазақ елінің қандай ел екенін көрсетеді. Бастамалар арқылы іс-әрекетке көшудің нақты үлгісін көрсетіп отырған еліміздің оң қадамдары қауіпсіздік, ынтымақтастық, бейбітшілік саласында алдағы онжылдықтарға тың күш және серпін береді деп ойлаймын. Егер кейбіреулер «бұл саммит менің қалтама қанша қаржы түсіреді?» деген сықылды қарын өлшемімен ойлайтын болса, онда оның қателескені.

Бұл саммиттің рухы биік, деңгейі жоғары. Бүкіл адамзат баласына ортақ мәселелерді шешуге, талқылауға арналған. Біздің елімізде, біздің үйімізде 55 мемлекеттің басшылары жиылып, өзекті мәселелерді талқылайтынын ойлағанымызда, кеудемізде қуаныш, зор мақтаныш сезімі ұялайды. Өйткені адамзат баласына қатысты ауқымды мәселелер біздің шаңырағымызда талқыланып жатыр. Әрдайым шаңырағын биік қойған Қазақ елінің игі бастамалары баянды болғай деп тілейік.

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ.
«Айқын», 2010 жылғы 22 қазан

МАЗМҰНЫ

Алғысөз орнына	3
Әбіш Кекілбаев. Үлкен тілек үстіндеміз	7
Журналист Абзал Бөкеннің жазушы Сафуан Шаймерденовпен сұхбаты. «Нұрсұлтанның нұрлы жолы дегенге жеткізгей».....	10
Қасым Қайсенов. Елбасы алдындағы ашық сөз	16
Мырзатай Жолдасбеков. Күнің барда күліп жүр	20
Әбіш Кекілбаев. Елбасы	24
Бексұлтан Нұржекеұлы. Президент	47
Талас Омарбеков. Олжа салған он жыл	62
Сергей Терещенко. Егемендіктің елең-алаңы: қиыннан да қиын күндер	68
Махмұт Қасымбеков. Елбасы	76
Рымғали Нұрғали. Жүректегі жүздесулер	86
Мүтәллап Қанғожин. Ел сыйлаған ер	94
Сәкен Жүнісов. Президентпен болған екі күн	97
Әзілхан Нұршайықов. Сайлау алдындағы сөз	108
Ғайрат Сапарғалиев. Тәуелсіздіктің түлеу тұғыры	118
Қасымжомарт Тоқаев. Феномен	127
Мархабат Байғұт. Тұңғыш	131
Алдан Смайыл. Елорда – Елбасының ерлігі	138
Болат Бодаубай. Нұрсұлтан	144
Дулат Исабеков. Сенім салтанаты	157
Қуаныш Омашев. Теміртау мектебі	162
Мұрат Жұрынов. Тұңғыш	167
Журналист Жақсыбай Самраттың Николай Литошкомен сұхбаты. Президенттің досы	175
Кәрім Мәсімов. Назарбаев моделі: жаһандық сынаққа төтеп беру	185
Сауытбек Абдрахманов. «Қайда жүрсем, туған елім, сен есімнен шығармысың»	194
Қанат Саудабаев. Елбасы	197
Бигелді Ғабдуллин. Халықтың бағына біткен Президент	209
Кәкімбек Салықов. Елорда – Елбасының еренғайып ерлігі	213
Өмірбек Байгелді. Мәртебе	223
Атамұрат Шәменов. Халық дегенде қалғымайтын	230
Сағындық Сатыбалдин. Назарбаев – «Экономикалық жеті ғаламаттың» авторы	238
Мұхтар Құл-Мұхаммед. Ер қазақтың нар заманы	244
Жарасбай Сүлейменов. Мақтан қазақ	262
Серік Қирабаев. Біртуар	269
Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі. Дінаралық келісім кепілі	282

Иманғали Тасмағамбетов. Ерке Есілдің бойына ел қондырған	292
Қабиболла Жақыпов. Жайықтағы жарқын жүздесулер	299
Уәлихан Қалижан. Замана сыны	304
Ғарифолла Есім. Қазақ елі және 2030 стратегиясы	314
Ақұштап Бақтыгереева. Тағдыр	325
Ерлан Сыдықов. Тажалды тұншықтырған тұлға	332
Ілия Жақанов. Теміртау түні	339
Айқын Несіпбай. Теміртау тұғыры	351
Шериаздан Елеуқенов. Туған жер туралы толғаныс	358
Тоқтарбай Қадамбаев. Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады	367
Тілекжан Рысқалиев. Ұлы жолдың бастауы	373
Әбдеш Қалмырзаев. Халықтың өз адамы	376
Фариза Оңғарсынова. Шыққан күндей жарқ етіп	386
Қуаныш Сұлтанов. Қазақтың жаңа дәуірі	395
Мұқтар Тінәсілі. Қазақтың дана, кемеңгер ұлы	414
Нұрлан Нығматулин. Назарбаев феномені: ел мен халыққа қызмет ету миссиясы	421
Журналист Жолдасбек Дуанабайдың ғалым Досалы Салқынбекпен сұхбаты. ЕҚЫҰ-ға төрағалық – Елбасының ерлікке пара-пар еңбегінің жемісі	429

«Қазақ энциклопедиясының» Бас директоры
Бауыржан ЖАҚЫП

ТҰЛҒА туралы толғамдар

Құрастырушылар:
Махмұт Базарқұлұлы ҚАСЫМБЕКОВ
Асқар Мәуленұлы МОЛДАҒАРИНОВ
Әбдімүтәл Садықұлы ӘЛІБЕКОВ

Редакторлары:
Нұрымжан МАУЫТОВ
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

Дизайнері
Рүстем АРСЛАНОВ

Тех. редакторы
Саят АҚЫЛОВ

ISBN 9965-893-67-5



Басуға 03.10.2011 қол қойылды.
Пішімі 70x100¹/₁₆. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 35,8. Тираж 2000.
Заказ №

Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігі

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС
050035, Алматы қ., 8-ықшамаудан, 19А-үй
www.kazenc.kz, E-mail: kazenc@mail.ru